


84 кыз 7.44
Н 88.

КӘМЕЛ ЖҮНИСТЕГІ

СОҢҒЫ

Абыз



84 каз 7-44
Н 88.

КӘМЕЛ ЖҮНІСТЕГІ



Роман



"АУДАРМА" баспасы
Астана-2006

ББК 84 Қаз 7-44
Ж 88

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Кәмел Жүністегі.
Ж88 Соңғы абыз. Роман.
Астана: Аударма, 2006. - 408 бет.

ISBN 9965-18-179-9

Қарымды қаламгер Кәмел Жүністегінің шығармашылығымен оқырмандар кеңінен таныс. Оның қаламынан шыққан "Дос көңілі", "Көне хикая", "Көксеу" атты кітаптарын, "Құба белдер" трилогиясын және "Көксеңгірдің тасында" повестер мен әңгімелер жинағын жұртшылық жылы қабылдаған болатын. Жазушының "Соңғы абыз" романы әдебитіміздегі зар заман деп аталған әйгілі кезеңнің ірі өкілдерінің бірі - Шортанбай ақын өмірі мен сол тұстағы қазақ елінің жай-күйін көрсетуге арналған. Жырау өмірін жан-жақты зерттеген жазушы өз романында сол кезеңдегі қазақ ауылдарының тұрмыс-тіршілігін, ел ішінің жай-жағдайын, заман тынысын айқын танытуға тырысады.

Роман тілі тартымды, шұрайлы.

Ж 4702250201-184
00 (05)-06

ББК 84 Қаз 7-44



ISBN 9965-18-179-9

© Жүністегі К., 2006.

© "Аударма" баспасы, 2006.

*Ұзын аққан Сарысуды,
Өзің жайлап, жағала.
Жүйрік пен жорғаңды,
Өзің мініп бағала.*

Шортанбай жырау.

ТЫМЫРСЫҚ ШАҚ

Сәскеге таянған шақ. Күн шыға төгіп өткен жаңбыр, іле басталған шілденің ыстығымен бірге бу болып көтеріліп, көз жетер жер мұнартып, алыстан қараңдағанды бірде өзіне сіңіріп, бірде айқындап, бұлдыратып тұр. Қозы көш жердегі тесік тас жаңа ғана жуғандай жалтырап, көздің жауын алған. Тесік тастан бері құлаған жігіттің әндеткен дауысы талып естіледі. Қармыс өзеніне жақынырақ қонған ауылға кешеден бері қонақ болып жатқандардың елу шақты атын жылқыға қостырып жіберіп, шашау шықпауын қатты тапсырған Көшкінбай бидің айтқанын екі етпей, түні бойы көз ілмей қадағалаған балаң жігіттің ауылға бет алғаны да осы еді. Қыр асып келе жатқан топ салт аттыны көріп, шоқыта желдіріп, ауылға таяй сумаң қаққан аяңға басып, ортадағы ақбоз үйге тіреп ат басын тартты.

- Келе жатыр, - деді аттан түсе бере.

Жігіттің хабары сол сәт Көшкінбайға жеткізілген. Топ аттының дүбірі таяй бере ол да шапанын желбегей жамылып сыртқа шықты. Қарасы төрт-бес адамның алдында ауыздығын сүзе тартқан көк шағыр жорғаға мінген Шортанбай жырау, оған ілесе Дүйсенбай мен Жанғұтты, шымқай қара аттың үстіндегі керней Қара билерді жазбай таныды. Кеше таңсәріде осы ауылға Сыздық төре жігіттермен келген соң бір кезде Кенесары ханмен дәмдес болған Бес атаның жақсыларына Көшкінбай хабар жеткізді. Алысырақта, Жәмшінің бойында жатқан Байсейіт биден басқасының бас қоса жеткені де осы екен.

Шортекеннің көзі ауылдан сәл бөлектеу тігілген бес үйге түсті. Шеткі үйлер қоңырқай көрінгенімен, ортадағы алты

қанат ақорда сәнімен екен. Аттан түсе төс қауыштырған бұлар Көшкінбайдың бастауымен ақ ордаға беттеген. Ордадан шыққан сұңғақ бойлы, жауырынды жігіт сәл күлімсірей қарсы алса да жүзінде ызғар да бар секілді көрінді.

- Ассалаумағалейкүм, - үлкендерге қол созған Сыздықтың алақаны да күректей екен. Бір адамның биігі де, денелісі де саналатын Дүйсенбай би қауышқан Сыздықтың қолтығына сыйып кетті. Қонақтарға айнала тігілген үйлерден шыққан Сыздықтың жігіттері де жүгіре басып, сәлем беріп жатқан. Осы жұрт бірін-бірі біле бермесе де арадағы бір жылы сезім, сағыныш бәрін баурап алған. Кеше Кене ханның көзін көрген кей үлкеннің көзіне жас іркілген.

Көшкінбай би қонағына тігілген ордасының ішін де жайнатып қойыпты. Келді-кетті бір қонақ дейтін емес, "жат бауырым, ел өзіндікі, ұзағынан бол" дегенді емеурінімен танытқандай. Келгендер жас та болса Сыздыққа бірден орын берісті. Төренің оң жағына Шортанбай жырау, онан соң Жанғұтты, Дүйсенбай, Қаралар жайғасқан. Екі жігіт қолдасып көтеріп кірген месті күмпілдете пісіп, көбігі атқылаған қымызды шараяқтарға толтыра құйып, қонақтарға ұсынған. Шараяқтағы қымыздан ауыз тиіп қана отырған Шортекеңнің көзі Сыздыққа еріксіз түсе берді. Төре де аяқ толы қымызды орталап қана, келгендерге оймен көз тастап отыр екен. Кең маңдайы, сұсты қабағымен от шашқан көзі Кенесары ханнан аумайды екен деп түйді Шортекең. Балуан денелі жігіттің ойлы шырайынан талай сырды ішке бүккен қалпында, кесіп айтар шешендігін де ұққандай болды. Әкесі Кене хан елі үшін арпаласып жүріп дүниеден өтсе де, оның ұлы Сыздықтың әке ісін жалғап, қол бастап, аузы түкті кәпірмен талмай шайқасқанын осы жұрт тегіс біледі. Шау тартып қалған шақтарында, кешегі Кене ханның тұсындағыдай атқа мінбесе де, осы отырған Бес атаның талай жасын Түркістан, Шымкент жақтағы шайқастарда Сыздыққа көмек ретінде жіберген. Мынадай батыр ұлы бар қазақта не арман? Әттең, жаңбырдай жауған мылтық оғына не шара? Әйтпесе, кешегі бір заманда өткен Баба түкті шашты Әзиздің ұрпағы Едіге батырдай орыстың орманын кешіп өтіп, Мәскеуіне тізе бүктірмес пе еді. Көк көз, сары ауыз

мұжыққа Сары-Арқаны бастырып, Алатау, Қаратауға астырар ма еді.

- Алыңыз, Шортеке, қымыз ішпей отырсыз ғой, - деп қалды ауыл иесі Көшкінбай.

Орталап қалған аяғын сәл шайқап, ойланып қалған жырау:

Қайран менің Сары-Арқам
Қымызын ішсем, бал дедім,
Бұлағын ішпей шөлдедім
Мынакәпіржеріңмен,
Балаң менен жылқыңды
Аузына бір алған соң,
Алмайды деген немене?
Ұзын аққан Сарысуды
Өзің жайлап жағала.
Жүйрігің мен жорғанды,
Өзің мініп бағала.
Баланды алар солдатқа
Міне алмасаң жалды атқа.
Қатын-бала қамы үшін,
Қарсы шап та, мылтық құш
Құр жабырқап жүдеме,
Ноқталы басқа бір өлім
Өлмей де пенде жүре ме, -

деп ұзақ сілтеп барып тоқтаған. Осы сәтте табалдырық аттаған Байсейіт би:

- Қайран менің Кене ағам... Кене ағамның көзі қайдасың? - деп дауыстай келіп Сыздықты құшақтаған. Жұрт іштей тынып отыр екен, бәрі де дауыс қойысқан. Ел ағаларының іштей егілуін таныған Сыздықтың да қақпақтай жауырыны да селк-селк етті. Әркім көзін сүрткен, үнсіз жауғандасқан тыныштықты Дүйсенбай бидің:

- Өтті ғой дәурен. Күндей күркіреп, найзағайдай жарқылдаған шақты Саржанмен де, Кене ханмен де бірге өткіздік. Ендігі отырысымыз мынау, - деп күрсінгені бұзды.

Жанғұтты шақшасын етігінің өкшесіне қағып, тығынын ашты да, сәл искеп, қолын созған Қара биге тастай салды.

- Амал нешік? Жазу осылай шығар. Келер ұрпақ елді қорғамады деп бізді сөкпес. Жан алдық, жан бердік. Орыс орман боп өсіпті. Қазақтың етек-жеңін біртіндеп қырқыпты. Соны да сезбепіз, - Жанғұтты осыны айтып, Сыздыққа тіке қарады.

- Болжамыңыз дұрыс-ау, - деп қалды төре.

- Дәл айтасыздар. Айналдырған жау алмай қоймастың кебін кидік қой. Кәпір қазақтың Сарытауын алғанда ойланбадық, Еділ бойындағы ноғайлы жұрты бір рулас тайпамыз еді, бір қыста оларды қырып салғанда қауіпті ескермедік, Бағдат пен Мысырдан сәні мен салтанаты кем емес Сарайшықты талқандап жатқанда өзара қырқысып жүрдік. Ақыры келер ұрпақтың көз жасына қалдық. - Шортекеннің қаздай қаңқылдаған ашық үні кімге де болса да құлақ түргізген. Сыздық жырауға бажайлай қарады. Жыраудың азаттықты аңсаған даусы Арқадан асып, Жетісу, Қаратау жағына еркін жетіп жатқан. "Жақынға жақын қас болып, шіл боғындай тозбайық" деген сөз Сыздықтың көңілінде жатталып қалған. Кешегі өткен дәуренде Кенесарыны орта жүздің ханы етіп көтергенде де, онан соң Ұлытауда оны бар қазақтың ұлы ханы деп танығанда да Шортанбай жырау ішінде болды деуші еді. Естуінше жырау жас шағында Қаратаудағы Қарнақ медресесін тәмамдап, онан Бұқарда білімін жалғастырған деуші еді. Жыраудың мына сөз саптасы терең білімнің, тарихтан мол хабары бар адамның қисыны ғой. Дауысы қандай ашық, саңқылдаған үні де тартымды.

- Несін айтасың, Шортеке, қараусыз қалған қой болдық. Бәріміз алыста емес мына Қарқаралыдағы көк мылтықтылар. Ойына не келсе соны істейді. Бір-бірімізге жау қылып салып отырғанда осылар, - деп Қара би күрсінді.

- Біреулер ұлыққа жаққысы келіп жалпаңдайды. Сонысымен елге тізесін батырғысы келеді. Сондайлардың сазайын тарттырғысы келгендерді ұлықтың қолымен жазалауды көкसेген де солар. Ана Бөденің Серігінің соңынан шам алып түсіп жүргендер елді оңдыра ма?! - Байсейіт бидің түкті қабағы осы сөзді айтқанда едірейе түскен.

- Оу, ағайын, елдің мұңын айта беріп мына Сыздықтың еңсесін баспайық. Халықтың басына түскен таршылық қой бұл да. Не көрмеген елміз, бұдан да шығармыз. Шығар жолды іздейтін де жас буын осылар болар, - деп Көшкінбай би өрбіп бара жатқан іштегі қыжылдың алдын тосқан.

- Ағыбай батыр келе алмады? - деп Қара би сөздің бетін аударды.

- Тым қашықта ғой, сонау Бетпақтың шетінде, - Дүйсенбай қолындағы шараяқты төңкерді. Тай атқан шұнақ деген де жердің шұрайлысы екен. Бергі жағы -

сылдырап аққан Сарыбұлақ, ар жағы - кумедиен дала. Тірліктің барын жортқан киік пен ұшқан құстан ғана білгендейсін.

- Батырдың келмегені де дұрыс, - деді Жанғұтты.

- Неге? - деп елең етті Қара.

- Осы жерге Сыздықтың келіп, біздің де табысып жатқанымызды оязға салпаңқұлақтар жеткізген де шығар. Енді Ағыбай батыр жетсе, хан Кененің жақтас-ізбасарлары топтасып жатыр, бүлік шығармақ екен деп бейбіт жатқан елге әскер шығармасына кім кепіл. Оның арты тағы қырғын ғой.

- Мылтығын шошандатып мұжық шықса бізде қарап қалмаспыз. Өздеріне оңай десе, әскер шығарып көрсін. Байсейіт шапшаң сөйлеп, бойын тіктеп алған. Дүйсенбай айтары бардай тамағын кенеді де, жырауға қарады. Шортекең сөзге жол берген сыңай танытып, басын изеді.

- Кел, ауылымызды шабағойлап отырмасымыз белгілі. Ноқталы басқа бір елім, еркек кіндікті біз не тауқыметті де көтереміз. Аяусыз кәпірдің көк мылтығының ұнғышына бала-шағаны байлап бергеніміз жөн болар ма екен. Қаруы жоқ, құр қол халықпыз. Бұл кәпір бекініс-бекініс салып ішімізге де бойлап кіріп кетті. Ең болмаса жау сыртта, ішіміз таза болса да әлі де алыса беруге болар еді.

- Сонда басымызды иіп, көтіне кіре береміз бе? - деп Байсейіт би Дүйсенбайға жалт қарады.

- Ежелгі дұшпан ел болмасы белгілі. Жаудың мақсаты - сенің байлығыңды алып, өзінді мәңгі құл ету. Анау жердің арғы бетіндегі жұртты мына ағылшын, франсоздан шыққандар қынадай қырып, жерін басып қалып жатыр. Бұлардың да мақсаты сол. Жаудың жақсы-жаманы жоқ, бәрі бірдей. - Шортекең замандастарының жүзіне айнала қарады.

- Енді сонда не істейміз? - Қара би түңіле тіл қатты.

- Ашық айқаста жеңіліс таптық. Жеңілген жоқпыз, мұсылман елі боп, қазақ, қырғыз, өз ағаң - өзбек болып біріге алмадық. Кенесары хан да қапыда кетті. Оңтүстікті беремін деген орыстың сөзіне сеніп, ханның қаның төккен қырғыз да бүгін өкінулі. Олар әлі бұл ісі үшін сан зар жылайды.

- Ә, солай-ау, ә, - десті отырғандар.

- Қапы кеткен екенбіз, ендігі жеңіс жолын басқаша іздеу керек. - Шортекең сөзін жалғай түсті, - жаумен жағаласудың тәсілін өзгерту керек.

- Жаңа ғана "ноқталы басқа бір өлім, өлмей де пенде жүре ме" дегеніңіз қайда, - деп Байсейіт бажырая қарады.

- Жок, ол тап қазір жаумен жағаласа түс деген емес, елдің, ұрпақтың намысын қайрау. Менің ендігі мақсатым - жырыммен жұрттың көнілін ояту, келер-келер ұлы істерге жұртты ұйыту, бүгінгі жауға мазак болған халімізден халықты серпілту.

Жыраудың соңғы уәжі осы отырғандардың көңіліне қонғандай, арқаларынан әлдебір жүк түскендей серпілісіп, ентелеген қалыптарын бұзып, шалқайыса қалған. Қара би шақшаның тығынын ағытып, бір атым насыбайды ерніне қыстырды да, иесіне қайтарды. Байсейіт би тақиясын шешіп, көлдей орамалымен мойны-басын сүртті. Азаттық шайқасы басылып, мұжықтың тізесі батқан қыр қазағы не халде екен, арман-мұңы немен астасып жатыр дегенді ойлаған Сыздық төре кеше Кенесарымен тізе қосқан мына төрт би мен жыраудың пікір қағысына еріксіз танданған. Ендігі күніміз не болады деген жасқаншақтықты күтсе де, жеңілмеген рухты, қолайы келсе алыса түсер көкжал мінезді күтпеген. Әсіресе, Шортекеңнің жаумен жағаласудың ендігі тәсілін өзінше бажайлағаны өзі үшін де тосын, соны пікір. Дәурені өткен Тәуке, Абылай хан заманында билер қиыннан осылай қиыстырып жол тапқан екен-ау деп түйді. Қазақ елінің бірлігін де, билік нұсқасын да бір ғана жырау мен осы билер алдына жазып салып отыр емес пе.

- Кеше түс ауа Саржан төбесіне барып қайттық, - деп Көшкінбай әңгімені жаңа арнаға бұрды. - Саржанның қол бастаған шағында Кенесарының өзі де жас, ал мына Сыздық әлі бұл жалғанға келмеген еді ғой.

Шортекең Қасым ханның батыр ұлы Саржанның ордасын тіккен төбені есіне алды. Аласарақ шоқының батысы мен терістігін Бұғылының таулары қоршап жатса, құбыласыментүстігін Тағылының биіктері мен Ұстаның жалдары көмкерген. Шығысында Тесіктас жатыр. Табиғаттың өзі арнаған бекіністі жер. Жау қай жағынан болса да ұрланып жете алмайды.

- Саржан төре ел ұстаған Есбай баймен дос еді-ау. Есекең өзі қайтыс боларда Саржан төбенің бергі алдындағы жотаға жерлеуін тапсырған екен, мазары да сол жерде тұр, - деп сөз жалғады Дүйсенбай би.

- Сол жерде Саржан батыр екі жылға жуық уақыт ордасын тігіп отырып, мына Қарқаралының бекініс салған орыс-казагына сан рет жортуыл-шайқас салды ғой. Осы

Бесатаның атқа мінуге жараған еркек кіндіктісінің соған қатыспағаны жоқ. - Жанғұтты би осыным рас па дегендей айналасына қарады.

- Болды, болды ғой.

- Талай қызықты да, шыжықты да көргенбіз.

- Мына, Бәжең, - деп Қара би төрт бидің жасы үлкені Байсейітке қарады, бір жылы қолында қылышы бар мұжықпен жекпе-жекке қалған. Бәжеңнің қолында қақ сойыл. Қарап тұрған біздің жанымыз мұрынымыздың ұшына келді. Орыс ұмтылғанша Бәжең о немені сойылмен тобықтан соғып, аттан ұшырып түсірді.

- Е, сондай да болған екен-ау.

- Қазақтың сойылына шыдар жау бар ма? - деп отырғандар дуылдасып, серпілісіп қалды. - Әлі де қақ сойылымыз қолымыздан түскен жоқ.

Шілденің аптабы үй ішіне енді енгендей қапырықтана бастаған. Үй иесінің иек қағуымен бозбала жігіт айнала іргені түріп еді, ауық-ауық соққан самал жел тынысты кеңейтіп сала берді. Арда емген тайды құлағынан басып сүйреп әкелген жігіттер бата тіледі. Билер өзара иек қағысты да, жырауға қарады.

Шортекең осы Бесата елінің пірі іспеттес. Аюлының сыртына Жанғұтты салған мешіттің алғаш имамы болып, осы елдің бүгінгі кәрі-жасының талайы тіл сындырып, сауатын ашқан. Ел жақсылары пайғамбар тұқымы деп сыйлап, жыраудың алдынаң өткен емес. Жырау да бас изеген сон:

- Шырағым, жас та болсаң жол сенікі. Сен кешегі Кене ағаның орнындасың. Бата беру - сенің жолың, - деп Сыздықтан бата тілескен.

Бұғылының биігіне бұлт ілініп қалыпты. Әзірше шайдай ашық аспаннан өзгешелік күтер жай жоқ сияқты. Тек үй маңындағы қарлығаш қана жиі шиқылдап, мазасыздана берген.

- Мына ыстықтың арты нөсер болады-ау, - деді Көшкінбай.

- Иә, оныңыз рас. Кеше де тап осындай аптап болып еді, таң ата нөсер құйып өтті ғой, - деп Сыздық шөкімдей

бұлтты иегімен меңзеді. - Ағаларым тіккен орданын орнын көріп жүргенде тап осындай ғана бұлт биікке қонып еді.

- А, барып қайттың ба?

- Иә, қалай екен? Түйгенің не? - деген сауалдар да беріліп қалған.

- Қабырға қалап, қамал салмапты. - Сыздық асықпай баппен сөз бастады. — Қамал салудың дәурені өткен тұс қой. Қай қабырғаны болса да зеңбіректің добы ойып түсіріп, талқан ететінін, бос әурешілік, текке төккен тер боларын түсінгендей екен.

- Ендеше орыс Қарқаралыға неге бекініс салды, - деп қалды Қара би.

- Орыстың амалы түгел. Қолында отты қаруы жоқ, сойыл-шоқпармен қазақ қолының қамалды сабап қирата алмайтынын біледі. Ал, мал-мүлкі мен қатын-қалашын сақтау үшін осындай бекініс те олар үшін жетеді.

- Солай екен-ау, - деді Байсейіт би.

- Қамал салмаса да орнықты орын тепкен екен. Орда мен оған жақын тіккен үйлердің айналасын тізеден ор қазып, қоршап тастапты. Орданың бір жерде ұзақ тұрғанының белгісі болар, орны күні-бүгін әлі тықырлау да, кереге ізімен үй орнын анық көрсетіп дөңгелене шөп шығыты.

- Қасиетті Ордам-ай, - деп қалды Қара би.

- Сан мәслихат құрған жер еді. - Жанғұтты бидің даусы тебірене шықты. - Тап кешегідей еді-ау бәрі, өмір өкінішпенөте береді де. Жалған деп бұрынғылар дұрыс айтқан.

Сол жерден мынаны тауып алдым. - Сыздық төре уысын жазып, жебенің ұшын керсетті. - Темірі асыл болар, тат баспапты.

- Бұл бір жақсы ырым екен. - Шортекең қозғалақтап үн қосты. - Шырағым, Сыздық, мына жебенің ұшын ырымдап сақтаған жөн екен. Орданың орнынан, жау алды деген мекеннен, жауға атар оғымыз табылып жатса, біздің жеңілмегеніміз. Аруақ шығар осыны тағы бізге ұсынып отырған. Ісіміздің түбі қайыр болар. Сақта мұны.

Естуімше анау алыс батыстың жұрты ата-бабасынан қалған не затты болса да қастерлеп, келесі буынға өткізіп отыратын көрінеді.

Төс қалтасына жебенің ұшын салып жатқан Сыздық жырауға бар денесімен бұрыла қараған. Сөзімен де, ісімен

де исі қазақтың жоғын жоқтаған жырау тағы бір қырымен көрінгендей. Бұл күнге дейінгі өмірі аттың жалы, найзаның ұшымен өлшеніп жүрген Сыздық Ауған асып, Қытай барса да күнбатыс жұртын көрмеген. Ол жұрттың өмірі мен өнері туралы естігенімен, там-тұмдап оқығаны аздық ететінін іштей мойындайтын.

- Жырау, сіз батыс деп қалдыңыз-ау - деп сұраулы жүзін бастады.

- Мен де ол жұртқа бойлап кіре алмағанның бірімін. Бұқар оқуын тәмамдап келген соң мына Жәкең, - деп Шортекең Жанғұтты биге мойын бұрды, - мешіт ашып, бірер жыл мешітте имамдық етуге тура келді.

- Солай ме еді? - деп қалды Сыздық төре.

- Шортекеңнің сөзі рас. Бірақ, білгенін қанағат тұтпады ма, ішкі Ресей жаққа кеткен. Ол жақтан бір қап қаріпі орыс кітап әкелгені де бар еді, - деп Жанғұтты сөзді қостады.

- Қай алысқа барды дейсің мені. Қаражат та, тіл білмеу де қолбайлау болып, әуелі Орынборда, сонан кейін Уфа, Қазан шаһарларында біраз уақыт өткіздім. Сол жақта әлемнен хабары бар жақсы-жайсаңмен дәм-тұз бөлісіп, қол жеткен кітапті оқып, жат жұрттың тілін де үйренуге тура келген. - Шортекең "барым осы-ақ" дегендей екі алақанын жайды.

- Ғасырдан аса қалмақпен жағаласып, енді тыныс ала бергенде орыспен сабаласып жүріп қазақ ордасы білім мен өнерден кемшін қалғанын енді мойындап отырмыз. Қара сөзге жүйрікпіз, бірақ мына Шортекең білген білімді осы отырған төртеуіміз де білмейміз. Енді талпынғандаймыз. - Жанғұтты жеткеніміз осы дегендей ол да алақанын жайды.

- Соған қол жетсе, - деп Қара би қаупін айтты. - Барымта, сырымта, ағайынның араздығы ұлғайып барады. Бас салып, біреудің малын қуып кету өнер боп тұрғандай.

- Е, мына тесік тастың алдындағы Майшораның мазары соның куәсі емес пе? - Бәжең Нұра өзені жағын қолымен нұсқады. - Тападай тал түсте біреудің ақ-адал малын жау тигендей қуған қалмақ емес, өз ағайының.

- Япыр-ай, десейші. - Қара би осындай да бар дегендей Сыздыққа қарап қойды.

- Керней атаның байы екен. Алашының соңына түсер ұлы болмай ұзатылайын деп отырған қызы ерекше киініп барымташының соңына жалғыз түсіп беріпті. Қару ұстап

көрмеген қыз бала емес пе, жолын тосқан қарақшының найзасына ілігіп, сол жерде қаза болған.

- Обал-ай десейші. Өлгенді тірілте алмай әке-шеше зар жылап қалды. Ел басына бұл айналада жоқ мазар ішіне отау салып, бейгін көтердік. Сорлы ата-анасы үміт еткен бесігін сол отаудың ішіне қойды. Осы ғой ендігінің өнері, - деп Қара би таусыла сөйледі.

- "У ішсең руыңмен" деген мәтел кейде озық, көбіне тозык, - деп қалды Дүйсенбай би. - Тозығы емей немене, кеше қазақтың намысын қорғап жүрген Саржанға да осы ел бір білместік жасаған. Әлде Саржанды мұқатқысы келген дұшпанның нұсқауы ма, әлде пасық кеуделік пе, Саржанның жылқысынан осы елдің бір әумесері жылқы алып қалмақ боп түнде келіп тиіпті. Батырдың "қой" дегенін құлағына да ілмепті. Сойыл сілтесіп қалғанда төренің ағашы басымдау тисе керек, әлгі неме сол жерде мерт болды.

- Ә, ондай оқиға болған. - Байсейіт би басын изеді.

- Кісі өлімі десіп шуылдасып қалды ғой. Түзу-қисығы тексерілмей "төрені шауып аламыз" десіп біразы қоқандасқан. - Қара би қостай сөйледі.

- Иә, мен онда Есбай ауылында едім. Соңғы сәтіне куә болдым, - деді Шортекең.

- Мен оқиғаның нағыз ішінде, Саржан ордасында едім, - деп Дүйсенбай би әңгімені жалғады. - Түнделетіп біреулер болмаған істі болды деп, намыс қуғансып Бодық батырға барыпты. Бодықтың аттан түсіп, еңкейіп қалған шағы. Мәселенің анығына жете алмаған қарт батыр да атқа қонып, елеңдеген жұртқа ілесіп, осылай қарай беттеді емес пе. Ертеңгілік шақ еді. "Ойбай, жау келіп қалды. Орыс отряды" десіп Саржанның жанындағылар дүрлігісіп, атқа қонысып, жылжи соғысуды ойлаған. Тысқа шыққан Саржан асықпады. Жорта шоқытып келе жатқандарға қарап:

- Бұл орыс қолы емес. Орыстар сап түзеп, лек-легімен шабады. Мынау өз ағайынымыз, неде болса тосып алайық, - деді.

Сайдың тасындай болып тұра қалған Саржан қолы, бір-бірінен оза шауып, батырсынып келе жатқандардың есін жиғызды. Тасқа соғылып, кері шапшыған ағын судай алды іркіліп, ат басын тартып, артын тосқан. Қарсы келіп, тұрыса қалған екі жақтың бірінің алдында Саржан, екіншісінде Бодық.

"Не үшін?" дескен ешкім жоқ. "Жекпе-жек", - десіп шушу етеді.

Бодық пен Саржан қолдан бөлініп, суырылып ілгері шыға берді. Ханның басын хан алар, қардың басын қар алар деген ұстаным қазақта атам заманнан келе жатқан бұзылмас ұстаным. Ханын сыйлаған қазақ әуелгі кезекті хан тұқымына береді. Жасы егде тартса да Бодық та осы жолды ұстаған. Саржанның от қаруы болса да, қазақ ғұрпынан аспай, садағын қолына алды. Мен көрген батыр өте мерген еді. Не боларын күтіп, бекер қан төгілмесе екен деп дегбірі кеткен. Саржан төре садақты көтере берді де тартып жіберді. Зулаған жебенің қайда кеткенін де білмейміз. Көргеніміз аман-есен тұрған Бодық қана.

- Ә, төрем, - деп күркіреді Бодық. Енді ажалыңды айта бер.

- Қорамсағыңда сау жебе қалса, ажалдың жеткені де, - деп Саржан төсін керіп тұра қалған.

Бодық батыр қираған жебелерінің санына жете алмай тұрғанда Есбай мырза шауып келіп бітістірген де, басалқы сөз айтқан. Сол сөзі көкейден кетер емес. "Бүркіт қартайса құзға құлап, аю алжыса тасқа шығып өледі деуші еді. Бодық батыр, сенің бұл ісінді қайсысына жатқызарымды білмей далмын. Жау жағадан алғанда бөрі етекпен тартады деген де сөз бар. Абылай қазақ ордасын көтерген еді, оның ұрпағы Саржан төре бар қазақтың намысына шауып жүр. Сонда біздікі не? Оның жылқысына тигеніміз қазақтың жауын қолдағанымыз ба? Жауға болысқандай болған бір әумесер өзіне ажал сұрап алған екен деп біздің осы дүрлігіп жүргеніміз қай дүрлігіс. Үлкен іске қолдау көрсетпей руру, онан қалды ауыл-ауыл боп өстіп малтамызды езіп жүрсек, біз бүтін ел боламыз ба, дегенді Есбай мырза.

- Сөз-ақ қой. Қатты тебіренген екен қария. - Қара би түрүлі керегеден сыртқа үңілді.

- Бір жолға түсінген сияқты болдык. Бірақ қайтесің, өмір әр сәт сайын жаңа бір оқиғаны алдымызға тартады. Сонда тағы сүрініп, жақсы азаматтың жағасына жармасып жатамыз. Әлдебір ділмарсыған көк тата ұстанымы жоқ біраз жұртты айдап салады да, пысықсып отырады, - деп Шортекең көлденең ұстаған домбыраның жалғыз шегін жай ғана шертті.

- Ұстанымы жоқ дейсіз бе? - деп Жанғұтты би сауалды жүзін бұрған.

- Солай демеске амал жоқ. Бұзып барады, мына орыс, қазақтың өзін-өзі басқарған көне жолын. Бұрын мынау дұрыс, мынау бұрыс деген ұғым әркімнің көңілінде сайрап тұратын. Ол ананың сүтімен, атаның тәрбиесімен бойға сіңіп, күнделікті өмірде қолданыс табатын. Ол жолды ел басы хандар, ел ағасы билер реттеп, бақылап отыратын. Онан қазір не қалды? Биге емес, орыстың зақүніне жүгінетін болдык. Басқа түгілі:

Қап, бәлем, - деп, - сені ме,
Зақүн айтып қатын тұр,
Қойнында жатқан еріне.
Зарланып тұрар енді әйел,
Қосылғам жоқ деп теңіме,

- демеске не лаж қалды.

- Япыр-ай десейші, Шортеке, бұдан шығар не амал бар?

- Байсейіт би денесі мұздағандай жауырынын қушитты.

- Амал қалмады ғой. - Жанғұтты күрсінді. Бұрын өмірдің өлшемі ар мен ұят болушы еді, енді ақша мен мал болыпты. Бұрын жаным арымның садағасы десең, енді арым ақшамның садағасы дейтін кезеңге келдік. Мұны енді кім тоқтатар.

- Ақыр заман деген осы шығар. Адамзат бүлінсе, ақыр заман емей немене? Ішкергі Ресейден келген оқтау жұтқандай қақиған, сары ала шекпен киген ұлықтар қазақтың бүлінген ісін түзейді дегенге итім сенбес, - деп Қара би қисая кетті.

- Сонда да осы жұрттың біразы соларға табынып, солардан әділдік іздесіп жүр ғой. Бүгін бір-сарандар солай етсе, бара-бара ауыл аймағыңмен сөйтерсің. Сондағы күнің не болады? Бір-бірімізді тындаудан, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруден біржолата қалармыз. - Байсейіт би көңіліндегі бар қаупін төге салды.

Сыздық төре ел болашағы үшін қам жеген төрт би мен жыраудың сөзін естіп, іштей қуанған. Мынадай абыздары бар елді Ресей түгілі жеті басты жылан да жұтып жібере алмас. Жаулаушы дала мектебін қанша жоям деп тырысса да, дала жұрты бөрі мінез танытып, қасарысып, шығар жол іздеп, жанталасатындай. Сыздықтың ойын Шортанбай жыраудың:

Жанадарал болды ұлығың,
Майыр болды сыйынғаның,
Айырылмайтын дерт болды,
Кедейге қылған қорлығың.
Көпірді көрдің піріндей,
Тілмашты көрдің жеңгендей,
Дуанды көрдің үйіндей,
Абакты тұр қасында,
Қазылған кара көріндей! -

дегені бөліп жіберді.

Сыздық төре жанды жерінен біреу сабаумен салып өткендей селк ете қалды. Не деп кетті жырау? Майыр болды сыйынғаныңдеді ме? Бір жаратушы күш, бір Алладан басқаға мойынсұнбайтын жұрт тез-ақ иленіп қалғаны ма? Көңілі сенгісі келмейді. Аттың жалында өсіп, желмен жарысып ғұмыр кешетін халықты айтқанына көніп, айдағанына жүретін ету үшін бейшара халге жеткізу керек қой. Әкесі Кенесары хан бірде:

- Мына дұшпанның таппайтын айласы жоқ. Зұлымдық жасау үшін зұлымдықты ойлап табатын кеңсе ұстап отыр. Онысын залым ғалымдармен толтырыпты деп естимін. Қазақ сияқты ержүрек, дүние жаралғаннан бері ешкімге бағынып көрмеген халықты басып ұстау үшін әуелі оны кедейлендіру керек дейтін көрінеді. Мыңғыраған мал айдаған қазақты кедей ету де оңай емес. Қазақтың мәңгі тұсыраған даласы аман болса, халқынан қайырым кетпесе оны қалай кедей етерсің. Бұл біздің ақылымызға сыймайды. Бірақ, мына дұшпан соның да айласын таппақ екен, - деген.

- Онысы несі? - деп түршіккен мұндай кесапатты естіген хан маңайындағылар.

- Бөтен елді жаулап алған біздің бабаларымыз сол елдің өмір сүру салтына, шаруашылығына тиіспеген. Алымын ғана алдық қой. Мына орыс жұрты бірімен-бірі атысып-шабысқан бөлшек-бөлшек ел екен. Солардың басын қосыппыз. Ел болсын деген тілек шығар. Күшік асырап ит еттім, ол балтырымды қанаттының керін бүгін көріп жүрміз.

- Апырай десейші, - дескен хан сөзіне ұйыған жұрт.

- Біз жақсылық жасасақ, бұлар бізді тақыр кедей студі ойластыратын көрінеді. Оның айласын өздерінше бар қазақты отырықшы ету деп есептеп отыр екен. Мына салып

жатқан бекіністері мал баққан қазақтың көшін өткізбеу. Сөйтіп шұрайлы жайылымсыз қалдырып, жұтка ұшыратып, елдің малын қыру. Міне, ұстанған тәсілі. Онысы біз тірі тұрсақ бола қоймас, - деп еді ғой әкесі.

- Қайда барсаң Қорқыттың көрі болып бара жатқандай. - Қара би бері қарай аунап түсіп, іргеден жұлып алған бір түп жусанды құшырлана иіскеді. - Қазақтың баласы саған да зар боп қалады ма деп қорқам.

Жыраудың жүрегі шым етті. Сонау бір кездегі оқиға көз алдынан көлбеңдеп өте берген. Кенесары хан бастаған алапат айқас жеңіліс тауып, жат жұрттықтардың халықты дірдек қақтырған шағы. Шортекең ел ішінде байыз тауып отыра алмады. Бір шеті бетпаққа ұласып жатқан, керек болса наразылығы бар бұл жақтың жұрты күмеден далаға сіңіп, таптырмай кетуге мүмкіншілігі мол, Қарқаралы ояздығының қазағына осынша зорлық жасап жатқанда Ресей жеріне бір табан жақын Көкше мен Қызылжар маңындағы елдің күні не болды деп іштей уайымдаған. Көңілге кірген бұл ой ақыры жол шектірді.

Жол жүрудің азабы да бастан асты. Исі қазаққа өз жерінде емін-еркін жүруге тыйым салып тастағандай. Қайда барсаң, алдыңнан шошаңдап шыға келген салтты казак-орыс.

- Кімсің? Неғып жүрсің? - деп дігірлеп, бастырап емес.

Шетінен едірейген мұрт қойып, "ә" дегеннен аузынан боқтығын бұрқыратқан немелердің бір қолы қылышында болса, екіншісі ішіне сым салып өрген қамшыда. Алдында маймаңдасан жоныңнан баспа тіліп алатындай төнген. Енді құл болдыңдар деп ұқтырғаны ғой. Жырау қайсымен кездессе де жасқанған емес. Башқұр, татар жерін аралап жүргенде үйренген осылардың тілі де кәдеге сан жараған. Өзі орысша сөйлеп әрі сауда мәселесімен жүрмін дегеннен кейін үстімізден арыз айдар дей ме, әуелдегі одыраңдағандары басылып қалатын. Мұжықтың жыны басылғандағы түрі қызық екен, таяқ жеген иттей жүндері жығылып, оралымға зорға келетін еңгезердей аттарын "но, но" десіп бұрып, көтеншектері үзілердей қоқаңдап, артымен ерді түйгіштеп желе жөнелетін.

- Мыналар қайтеді? - деп таңғалған атқосшы бозбала Әбеу.

- Біздің ауылға орыс келгенде Тағылының бытқылына сіңіп кетіп ем, тірі орысты көргенім осы. Епетейсіз бірдеме ғой өздері, "қалай жеңіліп" қалдық деп тұрған.

- Арғы жақтары мықты. Ресейдің қаласы көп. Онда шет елдің нұсқасымен зауыт салынған. Біз кенжелеп қалғанда, олар дамып өсіп кетті. Уақыттан ұтылды қой, - деді Шортекең Әбеудің сауалын айттырмай танып.

- Қазақ атпен желгенде де, шапқанда да шалқайыңқырап отырушы еді, өзіне де, атқа да жайлы. Көтеншектеріне шоқ басқандай шоқандап отыратыны, тіпті, ерсі, - деп Әбеу ішек-сілесі қата күлді.

Көкшенің көз жасындай мөлдіреген сексен көлінен өтіп бара жатып жырау сан толқыды. Әне, ана Бурабай көлі. Қасым ханның ақбурасы шөккен деген тамаша аңызды естімеген адам баласы жоқ. Аңыз осы көлдің киесі Ақбура екен дейтін. Бураны ел атам заманнан қасиеттеп келсе керек. Әлде азғыру, әлде тағдырдың жазуы ма, сол ақбураны Қасым хан атқан екен деседі. Көлдің киесі ақбура боздап барып, шөккен екен, сол жерде тас бейнесіне түсіп, қатып қалған деседі. Қасым хан да болған іске қатты өкінсе керек. Әттең, дүние...

- Иә, әттең, дүние... Осыны айтып өкінбеген қазақ жоқ шығар. Абылай ханның ер ұрпағы Қасымның осыдан кейін жолы болмапты дейді аңыз. Қазақ мемлекетінің шаңырағын құлатпай ұстап қалуға жанын салған Қасым хан осыдан кейін дұшпан қолынан қаза болған. Оның қазасын ел "ақбураның" киесі ұрды деп түсінетін. Ел "әттең, әттең" деседі. Елдің ұғымында Қасым хан тірі болса, киеге ұрынбаса, мына көзі көк былшық сары жерімізді баспас еді деген өкініш жатады.

- Жазмыш қой, - деседі үлкендер.

- Қолдан беріппіз, - дейді қыжылы басым жастар. Кегімді алар күн туар ма?!

Кеш батып бара жатқан. Үйірілген ымыртпен бірге Көкшенің қарағайлары да ұзарып, түннің түнегін тірей қалғандай. Алғаш жымың еткен жұлдыз серейген-серейген қарағайлардың басына қонып алып, ерке назбен ән шырқап жіберердей еді. Кешкі салқын бойын алған жырау ат үстінде шапанының етегін қымтана түсіп, бағдар осы болар деп аяң-бүлкілге алған. Кенет:

- Токта! Кімсің? - деген дауыстап ат тізгінінің алдынан шықты.

- Біз ғой, біз.

Жөнін білген сақшы жігіт жол нұсқады. Кенесары ханның бұл күнгі тұрағы кейін өзінің атымен аталған үнгірдің маңында екен. Үнгірге жақын жерге ордасын тігіп қойса да ханның өзі қараңғы түнде от жақтырып, далада тыныстап отыр. Жырау атының шылбырын бір жігітке ұстата салып, ханға сәлем берді. Кенесары ауыл-аймақ жайын сұрады да онан арыға бармай, отқа үңіліп, қалың ойға батқан. Сәлден соң мұздаған бойы жылынған жырау айналасына енді ғана байыппен қарады. От жаққан жігіттен басқа ханның жанында ешкім жоқ. От жалыны лап етіп көтерілгенде, үңірейген үнгірдің аузы арандай ашылып, жалт етіп тасқа түскен жарықты жұтып жібергендей көрінді. Құдды, қазақ ертегілерінде айтылатын жеті басты айдаһар. Лап етті жалын, үнгір жарықпен бірге түскен адам көлеңкесін қылғып салып, тағы аузын үңірейтті.

- Тақсыр, мына жерден былайырақ отырсаңыз қайтеді, - деді денесі тітіркенген Шортекен.

Хан артына бұрылып қарады, жалын мен үнгірдің ойынын бір сәт қарап отырды да, мырс етті.

- Өмір мен ажалдың елесіндей екен. Біздің бе, әлде тұтас халқымның ба, бүгінгі күндегі тағдырдың талайына түскен шағын көргендейсің. Ісіміз адал, бір Алла қолдар, жазмыштан озмыш жоқ деуші едіңдер ғой, пайғамбар ұрпағы Қожеке, - деп жыраудың түпкі ата-бабасын да еске алады.

Хан ас ішіп, асықпай қолын сүртіп, жырауға ерекше ілтипатпен қарап отырып:

- Дұшпанмен тіресіп жүргенде рухымызды көтеретін бір жырды күтуліміз, - деген.

Шортекен бүктеме домбырасын қабынан шығарып, аздап күйледі де "Заркұм" соғысын бастап кеткен. От басында екеуі ғана екен. Домбыраның үні шыға қараңғылықтан суырылып шығып, айналасы сыбдырсыз жайғасқандарға толды. Жүздері тотыққан сарбаздар жырды үнсіз тыңдаған. Тотыққан жүздерде не қиындыққа да тәуекел еткен қайсар мінез жатыр. Жасандау бір жігіт жасамыстау сарбазға арқасын сүйеп, сонау көктегі жұлдызға еміне үніле қалыпты. Сүйген жарын сағына ма, әлде ауылын ойрандап кеткен дұшпанға деген қайтпас кек жатыр ма? Анда-санда шайқалып қойып отырған жігіт жыр

үдей келе тіктеніп алған. Жырау енді ғана аңғарды, тотыққан жігіттердің жүздерінде ойнаған жалын көздерінен от боп көріне бастапты.

- Пәлі! пәлі!

- Е, осылай, осылай соқпас болар ма кәпірді, - деген дауыстар да шығып қалған.

Айналаға қозғалыс кірген. Көселген отпеп бірге аспанға көтерілген жалын жырдың рухына қосылып, сарбаздарды тіпті әруақтандырып жібергендей. Қаны қызбалау жастар жағы бір отырып, бір тұрып, кейде жырау дауысына қосылып қалып та жатыр. Үнсіз отырған Кенесары хан ғана. Қыбыр еткен жоқ. Сол малдасын құрып, бір қолына он сегіз өрім дырау қамшысын ұстаған қалпы. Сұсты жүзіне сәл күлкі ғана үйірілді.

Хан да, өзі де от басына жата кеткен. Ғаша арасынан сығалаған күн нұрымен оянды. Ханның қашан тұрып кеткенін байқамапты:

Түшіркенген ұйқы жоқ, қайғының асқан зорлығы, дегенінді естігем, - хан күлді. Сірә, қазақ қолының қалың ортасына келген соң мейіріңіз толып жатқаныңыз болар.

- Ханың қорғаның болса, ел азбайды, көшің көлікті болса, жер тозбайды деген бар ғой, соған саялық, - деген Шортекең.

Ертеңгілік асқа Кенесары хан әскерінің басшы-батырларынан он шақты адам жиналған. Әуелі Шортекең жырлаған "Зарқұм" соғысынан алған әсерлері сөз болып отырды да, оның соңы әскери кеңеске қарай ұласты. Ағыбай батыр әскердің бүгінгі жай-күйін, қай жақтан тағы қанша адамның қосылатынын, қару-жарақ жағдайын баяндап өтті.

- Әскердің тамақтан тарықпау жағдайы қатты ескерілсін, - деп түйді хан.

- Қару жағы аздау. Елден қосылғандарда сойылдан басқа қару жоқ.

- Қылыш соғуды қолдан келгенше ұлғайту қажет. Оған қажетті темірдің жоғын да білемін. Бірақ, бізге бәрібір ешкімәкеліп бермейді. Оны да өзіміз табуымыз қажет. Мынау башқұрт, татар ағайындармен жасырын байланысты әлі де осы мақсат үшін пайдалана береміз. Олар бізге тілеулес халық, бірақ ішінде орыс толып отырған соң тырп

ете алмайды. Ендігі бір бізге қажетті сала - зеңбіректерді көбейту. Бізге Бұхар әмірі беріп тұрған зеңбіректер өте аз, әрі қуаты да шамалы. Ал өзбек ағайындарының бары осы ғана, басқаға шамасы келмейді. Сонда да отты қару ретінде соның өзіне мұқтажбыз. Оның үстіне жау ойламаған жерден шыға келіп, ұрыс салатын біздің әскер үшін түйеге теңдей салып, жүріп кететін осындай зеңбіректер қажет-ақ, - деп түйіндеген хан.

- Ендігі бет алысымыз, - деп сұрады Иман батыр.

- Міне, бұл жөнінен ақыл қосайық. Сіздерді сол үшін жинап отырмын.

Батырлар бір-біріне қарады. "Осылай етейік" дей қоятындары болса да, әрқайсысын соным дұрыс бола қоярма екен деген күдік билегендей. Қашқынбай жөткірінді. Бәрі соған қараған.

- Енді не тоқтам? Мына Қызылжарды алмаймыз ба?

- Біздің қорғанысымыздың өзі шабуыл. Сел аққан сайын ғана жылғалар қосылып, күшейе түседі. Біз де сондаймыз, - деп Иман батыр ұсынысты қолдайтынын аңғартты.

- Ақмоланы өртке орап, дұшпанды ыстаған түлкідей қуып шықтық. Осы қарқынды жоғалтпасак, орысты түре айдап шығамыз, — Қашқынбайдың сөзін көпшілігі қолдайтындай гуілдесіп, қозғалақтасты. Ағыбай үнсіз, қоңқаштау мұрнын саумалай ұстап, төмен қараған қалпы.

- Ал, көсе, сен не дейсің? - Хан құрдасы Ағыбайды "көсе" деп атай беруші еді. Бұған өзінің де, жұрттың да құлағы үйренген. Ағыбай хан жүзіне ойлана қарап барып, ойын ортаға салды.

- Әрине, біз дұшпанмен шайқасу үшін, ұл-қызымызды қорлыққа салдырмау үшін атқа қондық. Талай шайқаста жігіттердің білегі де, жүрегі де сыннан өтті.

- Бірақ.., - батыр айнала жұртты шола қарады.

- Иә, бірақ, - деп дегбірсізденді Иман батыр.

- Бірақ, Қызылжар Ақмола емес. Ақмоланың бекінісі нашарлау қала болса, Қызылжар мұздай қару құрсанған қала. Оны аламыз деп жүрегіміз шайлығып қалуы мүмкін.

- Бұл қалай? - деп таңданды Иман батыр. - Біз қазір Қызылжардың түбінде тұрмыз. Сонда осы жерден қайтпақпыз ба? Онда неменесіне атқа қондық. Үйге барып, қатын-балаға не дейміз? Ал, арттарыңды түре беріңдер, ертең орыс келіп дүре соғады дейміз бе?

- Мен дәл осы шақта өзіміздің Қызылжарды алуға мүмкіндігіміздің жоғын айттым. Көзіміз тірі тұрғанда бір қазақтың басына дүре салдырмаспыз. Ағыбай айтқанынан қайтпастың реңін танытып, жүгініп отыра кетті.

- Сонда өзі қалай боп кетті? Өгіз өлмейтін, арба сынбайтын жол бар ма? - Қашқынбайдың жүзі күреңтіп, алақанын жайды. Хан Кене дауысын кенеді:

- Жырау, оқығаның да жеткілікті, ішкі Ресей, татар-башқұр жерін аралап, көргенің мен түйгенің де көп, сіз не дер едіңіз?

Кеңесіп отырғандардың бәрі жырауға аңтарыла қарасты. Көбінің жүзінде мысқыл бомаса да, өлең-жырды кәсіп еткен кісі не айта қояр дейсің деген пікір тұрған. Шортекең де мұны жазбай таныды.

- Қолдың жағдайын, соғыс мәселесін тер төгіп жүрген мына батырлардан артық білем деу өрескел. Шіркін, баяғы заман боп, қолдағы қарумен тырысатын болса, қазақтың тап осы қолы Ресей түгілі батысты басып өтіп, көк теңізден кесіп су ішер еді.

- Міне, теңеу.

- Айтсаң, осылай айт.

- Көпті көрген көсем болады деген осы, - десіп отырғандар риза боп қалды.

- Тоқтамай соғысу керек деген Иман батырдың ұсынысына да қосыламын. Бірақ.., Шортекең тыныстап, отырғандарға көз қырын салды. Бірақ, алынбасты алам деп таусылып қалмайық деген Ағыбай батырдың айтқаны да дұрыс.

- Сонда не айтпақсыз? - деп Қашқынбай қызуланды.

- Біздің мақсатымыз - мұжықтың шабата киген табанынан елімізді де, жерімізді де қорғап қалу. Осы үшін сіздер жан алып, жан беріп жүрсіздер. Бізбен соғысып жүрген орыс әскерінің оннан бір бөлігі ғана. Орыс - орман дегенді менен бұрын Бұқар жырау айтып кеткен, олардың санынан түнілген. Ресейдің ішкі жағы толған қала. Олардың көбі біз көрген Ташкент, Бұхардан әлдеқайда үлкен. Сол қалалардың бәрінде иін тірескен зауыт бар. Бірі оқ-дәрі жасаса, бірі мылтық, тағы-тағылары зенбірек, әскерге қажетті неше түрлі бұйым шығарады. Соның бәрін мына біздің сойыл ұстаған қазақ қолына қарсы төгіп жіберсе не болатынын шамалап көріңіздер. Шортекең кілт тоқтаған. Отырғандарды үнсіз тыныштық биледі.

- Иә, сұмдық екен. - деп Иман батыр алғаш тіл қатты.
- Шортеке, сізге сол еді аралатып көрсеткен де бір Алла шығар. Сол сапарыңыз да исі қазақ үшін болар. Соғыс ісін білмесеңіз де әлемнен хабардарсыз. Білім деген жол ашады. Ендігі тоқтамыңыз не?

- Шайқаспасақ тағы болмайды, - деп Шортеке көпшілікке қарады.

- Не боп кетті өзі? - Қашқынбай жалтақ-жалтақ қарады. Манадан үнсіз тындаған Ағыбай батыр да таңдана басын көтерді.

- Сонда қалай?

- Бұл қай бұлталақ, - деген дауыстар естіліп қалған.

- Өмір... Өмір сондай бұлталақ. Сөзін бөлмендер, - деп Кенесары қабағын түйді.

- Атылып жазым егер жолбарыстай шиыршық атып, дұшпанның әлсіз жерін соққылай бергенді жөн дер едім. Үзбей шайқаса жүріп, елге тиімді бітім мәселесін де қоса жүргізсе болар еді.

- Міне, сөз, - деп қалды Ағыбай.

- Егер шайқаса жүріп тіземізді батыра жүрмесек, дұшпан біржола басқа шығып алады. Бұл дұшпанды тап қазір осы күшімізбен қиратып тастаймын деуге болмайды.

Жұрт дуылдасып кетті. Дуылдасқан жұртты Ханның дауысын кенегені тоқтатты.

- Менің көңілімдегіні айттың, Шортеке. - Хан бір ауырлық иығынан түскендей тағы жөткірінді. - Білімнің аты - білім, оқығанның жөні бөлек. Сол мол білімді халқының бір пайдасы үшін жұмсай білгеннен ғанибет не бар дейсің. Ресей патшасына біз наразы боп жатқанда, сіз өз бетіңізбен Ресейдің ішін аралап, еліме не пайдам тиеді дегенді пайымдаған екенсіз. Пайғамбар ұрпағы, сізге, осыны бізге айттырып отырған да аруақ болар.

- Солай-ау, өзі.

- Қисыны келіп тұр ғой.

- Қисынға тоқтаған жөн. - Кенесары сөзін жалғады. - Мен осы жолға жарты әлемді алып жатқан Ресейді шалқасынан түсіріп, жүрегін суырып алам деп түскен жоқпын. Халқымды қорлықтан қалай сақтаймын, өз жерімізге өзіміз қалай ие боламыз, анау жердің арғы бетіндегі әмірқандарға ұқсап жергілікті халықты қырғынға қалай да ұшыратпас үшін арпалыс жолды қаладым. Кешегі

Алтын Орда Ресейді билеген, орыстың кінәздары Алтын Ордаға келіп кетуді мәртебе, бақыт санаған. Сол Алтын Орданы көтерген халықтың бүгінгі ұрпағын көріп, дұшпан мазақ етпесін дедім. Әрі-беріден соң келер ұрпақ "неге қан төгіспеді, неге бізді құлдыққа тастап кетті" деп налып, лағынет айтпасын дедім.

Хан Кене сөнуге айналған оттың жылт-жылт еткен шоғына қарап, бір сәт үнсіз қалған. Ханның тоқтамын күткен басқалары да төмен қарасты.

- Иман батыр, сенің ерлік жолды ұсынғаныңа да дән ризамын.

- Ләббай, таксыр, - Иман батыр басын изеді.

- Ағыбай батыр, сенің қауіп пен қатерді, өзіміздің күш-шамамызды саралаған, соны ескеріп отырып айтқан пікіріңе де тәнтімін.

- Өлсек біргеміз, хан ием.

- Әскери істен алыс жатса да, көрген-білгені- көп, өмірді саралап, дұрыс болжам-топшылау жасап, көрегендік көрсеткен Шортанбай жырауға баршамыздың атымыздан ризалық айтқанды жөн көрдім.

- Дұрыс, дұрыс-ақ, - десті басқалары.

- Шыныңызды айтыңызшы, әскери кеңесте пікір айтуға жүрексінген жоқсыз ба? - деді Хан күлімдеп.

- Қазақтың ханының алдында отырмын ғой, болса болар, - деген жырау да. Абылай хан кеткеннен бері осы жұрттың бір-біріне деген өштігі мен қастығын бір сабаға сыйғызып, басын қосып, жауға қарсы тік тұрғыза білген бұл адамға деген Шортекеннің сый-құрметі бөлек еді.

- Кенесары хан дүниеден өткеннен бергі уақытта Шортекеннің бұл маңға ат ізін салғаны да осы еді. Қалың елдің ішінде іздеп барып, жағдайын көрсем, сол арқылы дұшпанның тізесі қабырғасына батқан жұрттың қайғысын танысам деген ауыл да бар еді. Кенесары жорығынан да, түү сонау Саржанның ту көтерген тұсынан да көп бұрын осы жаққа Арқадан бір ауыл көшіп келіп орналасқан-тын. Түбі Тама Бурахан дегеннің ауылы Нұраның бастауы тұсындағы жерін тастап кеткенін жұрт күні бүгінге дейін аңыз қылады. Аңызға сенсең, Бураханның Шеруке деген көркіне ел сүйсінген, ақылына ауыл риза қызы болған екен. Сол ару қыз әлдебір жігітке ғашық екен деседі. Қазақтың ата жолымен Шерукені бала кезінен айттырып қойса керек.

Шерукеге деген жігіттің ынтасы да бөлек. Қызды айттырған жері алып кететін болған соң, жігіт қыстың қақаған боранына қарамай жолға шығып, түтеген түнекте адасып қазаға ұшырапты. Сүйгенінің қазасын естіп Шеруке де қайғы жұтып өлсе керек. Бурахан "бұл жер құт мекен болмады" деп үдере көшіп, Көкше асып барып, қоныс тапса керек.

Кенесары ханның жорықтары тұсында Шортекең бұл ауылды іздеп тауып, бауыр басып, қатты араласып кеткен. Енді, міне, тағы да іздеп келген жайы бартын. Таппады. Бурахан ауылы ірге тепкен жердің дәл желкесіне орыс кент салыпты. Қазақ ауылынан құлап жатқан ірге, әр жерде сорайған мұржа ғана тұр.

Жыраудың жаны шошыды. Қасқырдан үріккен қойдай бытырап, орыс кентінен жырағырақ-жырағырақ қоныстанған қазақ ауылдарына ат басын бұрған. Аттылыдан шошып қалған ба, аттан түскен Шортекең жылы кабак танымады.

- Кімсің? - десті. Үйіне келген қонақтың сусынын басып, бір түнетпей жай-жапсарын сұрамайтын қазақ жат мінез танытты.

- Бөтенің емес, бауырыңмын, исі қазақтың бірімін.

- Бауырым болғанда бізді іздейтіндей.., - деп тағы бірі тіксіне тіл қатқан еді, оның сөзін мұртына ақ кірген егделеу адам тоқтатты.

- Қоя тұр. Қазақ екенімізді ұмытпайық. Жөнін жолымен сұрайық.

Қазақтың құлдыққа қарсы соғысы аяқталған соң, бұл ауылдарды дұшпанның аямай-ақ тонап алғаны көрініп тұр. Ортадағы бір қоңыр үйден басқасының үзігі шұрық-шұрық, қырық жамау. Үстері де жүдеу. Сусыны шалап екен. Дастарханда сықпа құрт пен ірімшіктен басқа ештеңе көрінбеді. Қонып шықты. Ертеңіне Бурахан ауылының жобасын сұраған. Үй иесі Көбеген желкесін қасыды.

- Е, сол ауыл еді десейші, іздегенің.

- Кеше жұрттың ғана көріп қайттым. Білетін біреулер бар шығар деп осы ауылға ат басын бұрып едім.

- Біреуді біреу біліп болмайтындай уақыт болды ғой. Бұл маңның қазағының көрген теперішін айтып тауыса алмайсың. Үйрек екеш үйрек те жылына бір келетін жер-суын өзінікі деп танып, ұя басады. Біз ең болмаса жыл құсындай болмағанымыз ғой. Туған жер бізге жат.

- О не дегеніңіз?

- Ойбай-ау, білмеуші ме едің? Сары сақал патша бүкіл қазақ жерін өзінің бе, әлде бар орыстың ба жері деп жариялапты. Соны естімеп пе едің?

- Иә.., - деп сөз бастай берген Шортекең тілін тістей қалды. Не деп жұбатарсың жылаулы көңілді. Іс оңбасына кеткенін біледі. Енді қазаққа жер жоқ, ол даланың киігі сияқты. Қуа бер өкпесі өшіп құлағанша.

- Сонан соң келімсектер ат-арбасына мәтүшкелерін салып келді де, осы елді тегіс отырған жайлы қонысынан қуып шықты. Жер біздікі, біз егін саламыз. Сендердің малдарына тау-тас, қу дала да жетеді дейді.

Мына заман қай заман,

Азулыға бар заман, - деген осы да деп қалды Шортекең.

- Иә, иә. Тап осы сөзді естігем. - Көбеген енді ашыла сөйледі. - Жерісіз босыған ауыл өзі қамалып отырған ағайынға барып қонсы болғансыды. Қу тақырда отырған ол ауыл өзі қысылып, оны ауырсынды. Ілдебайласып өмір сүріп кете берер еді, бір ауылдан соң бір ауыл жерінен қуылып, енді ел-елге сыймас халге жетті. Ақыры кең қолтық қазақ біріне-бірі алакөз болды.

- Әбден жанды қысқан екен.

- Жан мұрынның ұшына келді. Бүтін бір ауылдар жеке-жеке үйлерден, тіпті қатыны мен байы бөлініп, әр ауылға сіңген болды. Қазақтан қазақтық кейіп кетті.

- Әй, соры қайнаған ел-ай, - деп Шортекең мұның жасыра алмады.

- Соры қайнағанның көкесі әлі алда, өстіп өздері жерсіз босып жүргенде "сенің малың жеріме түсті" деп мұжық біткен аяқты малды тағы тартып алады. Қазағың бұдан соң таза ас-сусыз қалды. Бұл талайдың басынан кешіп отырған құқайы. Мұныңды айтар жер жоқ, панасызбыз.

- Күн көріссіз қалған деген осы да.

- Күн көріссіз қалған талай қазақ мұжыққа жалданып, шошқасын бағып жүр. Доңызын бақтырғанның өзін бұл мұжық жарылқап тастағандай көреді. Шоқын, дініме кір деп зорлағанын қайтерсің. Онысына шыдамай басы ауған жаққа кетіп жатқандар да, қорлығына көніп, шоқынып "Иванушка" атанып жүргендер де баршылық.

Кетейін десе, алды бар,

Тұрайын десе, кәпір бар.

Қайсы бірін айтайын
Қазақтың ұлы қамалды.
Тұс-тұсынан жау шығып,
Дұшпанға жаман табынды,-

деп салған жырау.

- Әй, өзі осы... сен осы кімсің? - деп Көбеген кешеден бері қонағына алғаш рет бажайлай қарады. - Кімнің сөзі жаңағы айтқаның?

- Шортанбайдың айтқаны. Естіп пе едіңіз.

- Естідік қой. Апырай-ә, сен оны қайдан білесің?

- Енді жасырынып болмас. Жүздің түсін білгенше, біреуінің атын біл деген. Сол Шортанбай мен боламын, ақсақал. Ғұмыр болса, ақсақал, әлі сан жүздесерміз. Сіз енді маған Бурахан ауылының жай-жапсарын айтыңыз.

- Ойбой, інім-ай, ашық күнде жай түскендей болдык қой. Ол ауылдың да жерін тентіреген келімсектерге тартып әперген. Мына ауадан басқа қазаққа ештеңе қалған жоқ. Босытты ғой, босытты. - Көбегеннің иегі кемсеңдеп кетті. - Бураханның ауылы ысырылып барып қоныстанған. Мұжық ауылынан тым алыс кете алмады. Баратын жер жоқ. Тіпті, кейбіреулері жар жағалап, лашық тігіп, өлсек осы манда өлеміз десті. Жігіттері де намысшыл екен. Зорлықшылдарға әбден қаны қайнаған. Біз қан жылаймыз, тентіреп келген мұжық ере келген самогонын ішіп, әй-да ду-ду. Күнде той, күнде қыз ойнақ. Мұны көрген жігіттердің қаны басына шаппай ма. Мазақ қой мұнысы. - Көбеген үнсіз қалды.

- Сонымен, - деп сұрады Шортекен.

- Сонымен, - Көбеген басын кілт көтеріп алды. — Иә, сонымен мазаққа шыдамаған бір жігіт бір күні үш-төрт мысықтың құйрығына шам байлап, әр көшеге жібере салыпты. Әй-да, шу болды. Көбінің бықсыған орны ғана қалды. Әлгіні жасаған жігіт Жетісу, Қаратау өтіп кеткен бе, сол бетінде жоқ. Жалалы Бурахан ауылы болды да қалды.

- Сорлатқан екен ғой.

- Ең жақын ауыл сенің ауылың. Әдейі өртеген сендерсіңдер деп ауылды тас-талқан етті. Ауылды арашалап қаламын ба деп бір жігіт "осыны жасаған мен" деп өтірік те болса мойнына алғандың. Ол бейшараға көрсеткен азапты айтып тіл жеткізе алмайды. Талай күн

бір мұжықтың қорасына қамап қинады. Жігіттің өкірген үнін естіп, жұрт безіп кетті. Ақыры, көшеге сүйретіп шығарып, тұттай жалаңаштап, арбаға байлап қойып, шалажансар денесін мұжықтар кезек-кезек сабағанын көргенде жыламаған жан қалмады. Бізді айдап апарып соны көрсетті ғой.

- Қайран ел, қайран ел, - Шортанбай жырау іштей егілді.

- Сонымен де бітпеді ғой. Бураханның ауылының бар адамын қойша көгендеп, балаларын арқалатып, айдап әкетті. Балаларының көбі жолда өліпті деп естиміз. Өздерін ібір-сібірдің бір түкпіріне апарып тастапты дейді.

Аяқты қия бастырмас,
Орыстың салған жолы бар.
Емін-еркін заман жоқ,
Ендігі жүрген жігіттің
Мандайында соры бар, -

деп қалды жырау.

- Сордан арылмадық. Сен іздеген ауылдан осы маңда қалған жалғыз-ақ адам бар. Кәрі кемпір. Сол шақта немересін ертіп, ұзатылған қызының ауылында жаздай қонақтап қайтып, әлгі сүргін айдаудан аман қалды.

- Зар жылатқан заман-ай.

- Сол кейуананың ауылдың жұртын көріп аңырағаны құлағымнан кетпейді. Кейде түсіме кіргенде шошып оянып, ауылды кезіп кетемін. Жұртта қалған мысық тағыланып, ит сорлы иесін іздеп аспанға қарап ұлығанда... Әй, қойшы несін айта беремін, - деп Көбеген қолын сілтей салды.

- Кейуана қайда қазір, - деп сұрады Шортекен.

- Іздейсің бе? - Көбегеннің сұраулы жүзінен қажығандықтың табы есіп тұрған. - Ол бейшара қыс ағайыншылап кетіп, жаз шыға ауылдың ескі жұртының маңындағы терең өзекке лашық тігіп, бала-шағасының жолын күтіп, құмалақ ашып отырады.

Шортекен кәрі ананы іздеп тапқан. Терең өзектің ықтасындау бетіне итарқа қос тігіп, үстін шілікпен жауып тастапты. Қостың неше жыл тұрғанын кім білсін, жапқан шіліктердің алды қурап, қат-қабат боп, ұйысып қалған екен. Жаяулап келіп сәлем берген Шортекеннің жүзіне күн салып, ұзаққарады. Сонан соң жасаураған көзін сүртіп

- Тани алмадым ба? Көзі құрғыр жетпей, - деп ақталды.

- Алыс жақтанмын, апа. Жиі көрмеген соң тосырқайсыз ғой.
- Алыс жақ..., - кейуана қалтылдап кетті. Сірә, жер ауып кеткен ауылдастарынан ба деген үміт жанын билеп кетсе керек.
- Апа, мен сонау Бесата еліненмін. Шортанбай деген боламын.
- А.., - кейуананың қолы дәрменсіздікпен сылқ ете түскен.
- Сізді іздеп..., - кейуананың жер тіреп барып көтерілген халін көріп, айтарға сөз таппаған Шортекеңнің жаны қиналды. Іздеп келгені рас, ойран болған ауылға, жетім қалған көңілге не жұбаныш айтар.
- Мен де сол Бесата елінің қызы едім ғой, - деп қалды кейуана. Ендігі халім мынау дегенді білдіріп, қолын жайып, айналаға қарады. — Ел аман ба?
- Шүкіршілік, апа.
- Ей, әлгі қайда жүр? - деп кенет кейуана бәйек болып қалды.
- Қайда, әлгі?
- Кімді іздедіңіз, апа?
- Әлгі жалғызды.
- Бұл маңда ешкім жоқ сияқты көрінді маған.
- Менің жалғызым бар ғой. Жалғызым. Немерем.
- Ә, ол қайда?
- Ау құрып жүрген шығар. Мұжықтарға кездесіп қалмаса.
- Олардың несі бар сіздерде?
- Өзеннің балығы да біздікі деседі ғой. Жер құдайдікі деуші еді бұрынғылар. Енді ол кәпірдікі болыпты. Су да солардікі. Сонда басқаға не қалды? - Кейуана күрсінді.
- Қисайып кеткен орамалын түзеп, шашау шыққан шашын саусағының ұшымен жаулығының астына жасырды. Сонан соң нұры сөне бастаған жанарын Шортанбайдың жүзіне ұзақ қадады. Өзіне таныс бейненің бірінің нышанын таппаған соң жүзін тайдырып, күрсінді.
- Ескі жұртта мысық пен ит қана қалған екен. Енді олар да жоқ. Талай жыл өтті ғой. Бір ауылдың тірі бейнесі боп мен ғана қалдым. Сұлдемді сүйретіп жүрмін. Сірә, тірі адамның есебінде де жоқ шығармын. Несіне мені тіріге санайды. Тіпті, біздің ауылдың жұртына қоныстанып алған

ана мұжықтар да қапылыста кездесе қалсам, мыстан кемпір көргендей шошиды. Кейбір кәззарттарының ғана мені қамшымен тартып өтуге батылдары жетеді. Сонан соң "Бәшөл, бәшөл!" деп ақыратыны бар.

Қыста қызыма, жақын-жуыққа кетіп қаламын. Қарға тамырлы қазақ емеспіз бе, жегжат деген баршылық. Бір кемпір мен баладан оларға келер салмақ жоқ. Үстімізді де бүтіндеп жүрген солар. Бала-шағасы мен бар туысынан бір-ақ айырылған қамкөңіл бейшара дей ме, әйтеуір барымен бөліседі. Мені жұбатқан түрлері де. Қан жылаған көңіл оған жұбанар ма? Осы жерге сұлдемді сүйретіп жылда келетінім көңілдің алданышы да.

Терең өзектің қайырылысында қалған ат кісінеді. Кейуана тұрып, тарамыс-тарамыс сіңірі шыққан қолын маңдайына апарып, біраз үңілді де:

- Онысы несі екен, - деді.
- Бірдемеден үріккен шығар.
- Балам келіп қалмаса, өзі кешікті ғой.
- Қайда кетіп еді? - деп сұрады Шортекең.

- Бала неме ғой, зерігеді ғой. Балық аулап кетеді. Мына өзенде балық көп-ақ. Бір жағы өзімізге тамаққа да сеп. Көбімнен қалған жалғызым, құлыным. Өстіп де әжесінің көңілін аулайтын шығар. Алла, енді осы жалғызымның жолын бере көргей.

- Енді бүйтіп жалғыз жүре беру қиын ғой, апа?

Кейуана сабырмен бұрылып Шортанбайдың жүзіне қарады. Манағы сәттегі немересін есіне алып, нұрлана қалған әжім-әжім бетін мұң шалыпты. Екі жағына басын шайқап біраз отырды.

- Е, шырағым, сен де осыны айттың ба?

- Апа, сізді ренжітейін деген ниетім жоқ. Тек жалғыз отыра беру қауіптілеу ғой, - деп Шортекең сәл абыржып қалды.

- Несіне ренжиін. Мені ренжіткен сен емес, әне аналар ғой. Соларға зауал келсін деп тілеймін — Кейуана келімсектердің кенті жағына қолын сілтеген. - Солар! Солар ғой бізді тұқымымызбен құртқан.

- Қайтып ешкім келмеді ме? - деп Шортекең алыс жақты иегімен нұсқады.

- Келмеді ғой. - Кейуана Шортанбай нұсқаған алыс жақтың ауылы айдалып кеткен ібір-сібір екенін айтпай

ұққан. - Өлгені өлген шығар, кісендеулісінде не мұрша бар. Енді олар бізге жоқ қой.

Кейуана жаулығының ұшымен көзін сұртті. Кәрі кеуде селк етіп барып басылды. Шортекеңнің де денесін белгісіз ауыр салмақ басқандай бүгіліп, тершіген маңдайын алақанымен сұртті. Еңсесін зорға көтеріп:

- Қажымаңыз, апа. Оларды да іздейтін күн туады. Бір Алла - әділдіктің төрешісі. Алланы ұмытқан, құдайды білгісі келмеген пенденің бүгінгі жұмысы осы. Оның да қайтымы болады. Асқанға тосқын деген бар ғой. Соны да көрер күн болар.

- Жақсы лебізіңе рахмет, айналайын. Сол үміт шығар мені сүйреп жүрген. Мына жұртты біржола тастап кеткім келмейді. Кешегі көз көрген сан жақсының тірісінің де, өлгенінің де мекені ғой. Менің ақсақалымның да моласы осында. Жер болып барады. Күніне басына барып, тәуіп етемін. Үнсіз қабірмен сөйлесемін. Сол да маған жеңілдік. Қалай тастап кетемін оларды? Тіршілікте сыйласқан, қуаныш пен қайғыны бөліскен абысын-ажын да осында. Біреулер үшін бұл иесіз қалған мекен, ал мен үшін, - кейуана көкірегіне алақанын басып толқып кетті. - Мен үшін бәрі көз алдымда. Тек жанымды қинайтыны мына немерем ғана. Мен де кетермін дүниеден, кім оған қарайласады? Кім болып өседі?

- Осыны ойлағаныңыз жөн-ақ.

- Осы ғой, ендігі уайым. Осы жаққа беттесем соңымнан жылда қалмайды. Мен қызыммен табысып, бірге өссе деп тілеймін Жатсынбайды оларды. Олар да бауырына тартып бағады. Бірақ жылдағысы осы. Енді не етермін, соны білмей далмын.

- Оқыту керек. Оқыған адамға жол көп. Өз жолын тауып кетеді.

- Ә, не дейсің?

- Оқытқан жөн деп отырмын. Елдегі көп наданның бірі болғаннан не шығады.

- Қайда оқуы керек? Оған қаржы қайда?

- Оқу орны көп қой, апа.

- Әй, сен ана кәпірше оқып, шоқынып кетуді айтып отырған жоқсың ба? Құрып кетсін оның. Сондайлар да бар дейді ғой. Баланың миын улап, жүрегіне жат жұрттың тәлімін сіңіреді дейді ғой.

- Ондайдан аулақпын, апа. Маған сенсеніз, осы баланың оқып, адам болып шығуын мойныма алар едім. Мына қираған жұрттың алдында осыны міндетіме алмастан басқа колдан келер шара жоқ.

Ұзақойланып барып кейуана көнген. Тұқымынан қалған жалғыз тұяғы Даниярымен соңғы рет қоштасып, Шортанбайға ертіп жіберген. Шортекең Даниярды Қаратаудағы өзі оқыған Қарнақ медресесіне апарып, ұстазына тапсырып, бар жағдайын біржола шешіп кеткен еді.

Арқаның түні де ерекше. Сыздық төремен сұхбаттасқан төрт би мен Шортекең Көшкінбай би арнап тіктірген үйге қонып қалған. Билер ұйқыға кетсе де жырау көз іле алмады. Түрүлі қалған іргеден өн бойына жып-жылы дем болып енген түнгі самал ауық-ауық тербесе де кірпігі ілікпеді. Сонан соң түннің күзетшісіндей боп саршұнақ шақылдады да тына қалды. Түн тербеп жатыр. Даланы маужыраған алып ұйқы басқан. Арқа жазының осы шағында, күндізгі ыстық маза бермейтін масаның да қанатын күйдіріп, дәрменсіз етіп тастайды. Ең болмаса әуре салып қоятын шыбын да жоқ екен деді іштей жырау. Өң мен түстің арасында ұйқысырап түн өткізген Шортекең жұрт қатарлы орнынан тұрды.

Ертеңгілік астан соң қонақтар желпініп, ауыл сыртындағы тастың үстіне шығып, әңгіме-дүкен құрысқан. Сөз ретінде Шортекең;

-Қаратау жағындағы елдің жағдайы қалай? - деп сұраған.

Сыздық "нені білгіңіз келіп отыр" дегендей жыраудың жүзіне сауалмен қарады. Сонан соң:

- Ол жақтың халқы да бір қауызға сиып тұр ғой. Бірақ халықтың діні берік. Мен осы жақтан естігендей зорлап та, алдап та шоқындыруға жол жоқ. Мешіт, медреселердің бұрынғыдай қуаты болмаса да елге ие. Иә, Шортеке, сіздің Қарнақ медресесіне орналастырған балаңыз Даниярмен ойда жоқта кездестім. Жігіт болып қалыпты.

-Ә, солай ма? - деп Шортекең қуанышын жасырмады.
- Қалай таныдың?

-Қарнақтағы ағайындарда бір ісім болып барған едім, медресе шәкірттерінің ішінде ілтифатпен ерекше сәлем бергені сол бала болды. Көңілге ұнаған соң жекелеп

сөйлесіп барып білдім. Болатын жас сияқты, көмегімді де беріп кеттім.

- Япыр-ай, бұл орыстың алмаған жері қалмады. Бар қазақтың пірі жатқан Түркістанды да алып қойды. Қамалы да жоқ, амалы да таусылған дала қазағы жүйткіп жүріп шайқасса да жеңіліс таптық. Қамалды, шаһарды қалай алды, ә, - деп Байсейіт би сауал тастаған.

Мынау отырғаи төрт бидің өзінен жауап күтетінін Сыздық төре қас-қабақтан таныған. Иә, ол кез жас жігіт Сыздықтың елі үшін әкесіне ұқсап арпалысып өтсем деген жалындаған шағы еді. Қолтығынан демейтін күш жоқ, арқасын тірейтін қазағының елі жоқ. Жалғыз атты, сабау қамшылы шағы. Қолынан келері - кезі тірісінде әкесі Кенесары ханның үйретіп кеткен әскери өнері. Қылыш шабудан Наурызбай көкесінен ғана кем түскен.

- Мына Сәбіш қайтеді ей, менен кем емес, - деп Наурызбай тісін ақсита күліп, сан риза болған.

Найзаласудан Ағыбай батыр сан тәсілді меңгерткен. Ат үстінен алдырмасқа жеткізген қайран әкесі жаяу соғыс, белдескен күрес дегенді де меңгерткен. Сауатсыз қалмасын деп Бесата жұртының имамы Шынқожадан әптиек пен Құранды жаттатып, тіл сындырып қана қоймай, үзіп-жұлып медресе есігін де аштыртты. Әке арманы көп еді ғой, тағдыр мойын бұрғыздады.

Сыздық төре Түркістан маңындағы қиян-кескі ұрыстарды тас басында отырған Арқаның бес адамына баян етті.

...Дұшпанның шеңгеліне іліккен елін қорғау үшін кімге арқа сүйесе де, кімнен көмек алса да Сыздыққа бәрібір еді. Кек буған Сыздық Қоқан хандығына барды. Жас жігіттің қарулы денесіне көңілі толған Қоқан ханы әуелде оны көп сарбазының бірі етіп қабылдаса да, өнері мен ұстамдыақылына тәнті болып, ақыры оны бір қолының бастығы етіп қойған.

- Не үшін менің әскерімде жүрсің? - деп сұраған бірде Қоқан ханы.

- Дұшпанда кеткен халқымның кегі, сол үшін сізге келгенмін, - деген Сыздық та тайсалмай. Жас жігіттің сөзі ұнадыма, хан күлімсіреп басын изей берді. Бас изеген ханның өз мақсаты бар еді. Орыс қолының жыл сайын түстік жаққа жылжи беруінен ол да шошынған. Орыс қолы бірде шайқасып, бірде татуласып жататын Бұхар емес, өзін

тып-типылететін аждаһа көрінген. Сол аждаһаның бір басын шауып түсіріп, шошытып, кейін серпіп тастар амал енді табылғандай қуанды.

- Қарамағыңа көп әскер беремін. Діні бөлек мына жаумен айқасып, Қаратау маңын азат ет, - деген Қоқан ханы.

Уәде еткен көп әскері бірен-сараны ғана шиті мылтық асынған, әйтеуір қылышы бар жүз шамалы ғана сарбаздан тұратын жасақ болып шықты. Шағын қолды аттандырып тұрып, хан жер қайысқан қолды атқа қондырғандай желпінді. Мына желбуаз сөзден Сыздық Қоқан ханының қан төгіскен шайқасты көріп те, естіп те білмегенін танып, бармағын тістеген. Бала да болса әкесі Кенесары ханның табан тірескен сан соғысын, отты доп лақтырған зеңбіректің зіркілін, көк мылтық асынған орыс әскерінің жаңбырдай оқ төккенін сан көрген. Арқасын тіреймін бе деп келген Қоқан ханының мешел баладай дәрменсіздігі түңілдірді.

- Осымен де елін қорғап қалмақ па? - деді жақын жігіттеріне.

Алғаш жолы Қаратаудың теріскейіндегі Созақ пен Шолақ қорғанға түскен. Бір жылдан аса уақыт бойы дұшпанның тізесі батқан Созақ халқына Сыздық төре адамдарын жіберді. Бекер қан төккісі келмегені, қала халқының көңілінде өздеріне деген дақ қалмасыны еді. Созақтағы елу шамалы орыс әскері де хабардар екен, қамалдың есігін жауып, қарсылық көрсетуге бет алды.

Сыздық төренің аттылы қолы қала маңындағы жотадан түсе бастағанда-ақ қала халқы дәм-тұзын алып, алдарынан жүгіре шыққан. Іштегі дұшпан қамал есігін жапқансығанмен, ие бола алмады. Ызалы жұрт өздерін дүрелеп, байлап тастады. Ақыры тірі қалған орысты Бұхары ма, басқасы ма бір жаққа құлдыққа сатып жіберген. Созақтан асыға жүрген аттылыға күншілік жердегі Шолақ қорған халқы орысын байлап-матап, күні бұрын дайын отырған бетте Сыздықты ат үстінен төбесіне көтерген қалпы қарсы алды. Жайшылықта бет қаратпай, аузын ашқан дойыры мен қылышын ала ұмтылатын казак-орыстың етіне жұдырық тисе, сабаудан көз аспаған құлдай жасқанып, мойнын ішіне алып, бұғып, үсті-басының салтақ-салтағы шығып, ыңыршағы шыққан қой торыдай көзі іріңдеп шыға келетініне осы жолы Сыздықтың көзі әбден жеткен.

Иә, Созақ пен Шолақ қорғанның ашынған жұрты Сыздыққа қосымша қол жинап берді. Сол күшпен Қаратаудың қиын асуларынан асып Түркістанға жеткен. Түркістан әкімі Мырза Дәулет орыс бүгін-ертең келе ме деп, шықпа, жаным, шықпамен қалтырап отырған. Сыздықты көріп, ес жиып, етек жапқандай болды. Оның үстіне Шаяндағы көп, қожалардың ішінен Қосым ишанның баласы Құрбанхан Мағзұм да жетті. Талай жылдан жөндеу көрмей, әр жері қакыраған қала қорғанын қайта қалпына келтіруге осы Құрбанханның көмегі көп тиді.

- Оу, бауырлар, қорғанның есігі жабық демесек, торғай паналай алмайтын киіз үйдей қамалдың әр жері құлап қалыпты, осыны бітемесек, орыс оқ жаудырған бетте кіріп кетеді. Әуелі осыны іске асырайық, - деп өзінің қосынымен жұмысқа жегіліп кеткен.

Құрбанханның айтқаны шындық екеніне сол күні қорғанды аралаған Сыздықтың да көзі жетті. Қамсыз отырған Мырза Дәулет те ұялғанынан жерге қарап, қолына күрек ұстай алатын еркек кіндіктіні топыраққа салды. Дұшпан көп кешікпеді. Әуелі Қаратаудың теріскейі Ұйық - түгіскен манынан қос атпен күндіз-түні жүріп келген Асанқожа есімді еңгезердей қырықтың мұғдарындағы жігіт ұзынторы атынан түсе бере Сыздыққа сәлем берді де, орыстың Баба атаны алып қойғанын хабарлады.

Әңгімені тындап отырған Дүйсенбай:

- Ол осы біздің жақтың адамы. Тұрағы мына Тағылы тауының ішінде. Біздің біраз адамды бастап, Қаратау, Түркістанды қорғауға аттанған. Ұйық-түгескен жақта туыстары бар болатын. Соларды да өзіне қосқан ғой, - деп қалды.

- Бар ма ол кісі? - деп сұрады Сыздық төре.

- Батыр адам еді, сол соғыста көп жарақат алып келді ғой. Алпысқа жетпей дүние салды, - деп Жанғұтты шешен Шортанбайға қараған. Шортекең Асан қожаның қызына үйленген, сол елге күйеу еді. Өзіне үнемі атқосшы етіп ертіп жүретін балдызы Әбеу сол батыр атасына тартқан еңгезердей шойын қара жігіт.

- Сәл ертерек кетті ғой, дүниеден, - деп Шортекең де бас изеген.

- Осы жұрт Асан батыр мен Асан Бұғыны айыра алмай шатастырады. Бүгін біз адассак, келер ұрпақ кімнің кім

екенінбілмей кетеді ғой. Асан батыр Сейітқожа ұрпағы да, Асан Бұғы онан жасы көп кіші адам, әрі Әбубәкір Сыздықтан тарайтын тұқым, - деп Дүйсенбай сөзге жаңа леп берген.

- Е, ол мына Шортекеңнің замандасы әрі бір ауыз сөзге де шебер адам. Сонысы болар, Шортекеңмен үнемі сөз жарыстырып, қалжак айтысып, елендетіп жүретіні бар, - деп Жанғұттылекіте күліп алды.

- Иә, сонымен Түркістанды қорғау қалай болды, - деп Байсейіт би әңгімені ескі арнасына қайта бұрды.

... Асан батырдың хабарына Сыздық қатты өкінді. Түркістанға асыға бет алып, Ысқақ бап әулие жатқан Баба Атаның бекінісіне көңіл бөле алмағанына іштей күйзелген. Осы Баба Ата өзі дүниеден өткен соң мәңгілік тұрағы боларын сол сәтте ол біліп пе? Өкінді де қойды. Енді, біраз өткенде сол ісінің тура боларына тағы күмәнданды. Өмірдің жолы қилы-қилы. Енді, міне, баяғы, бұдан да жастау шағындағы, шоқ болып жау ортасына түсе кетер лапылдаған көңілді тартынған, алды-артын болжаған сезім билеген. Сонда да сол жалынды шақты көңіл көксейді. Жау қыспағы қанша таянса да Қаратауға, онан әрі биік аспанға қарап, көгілдір арманды аңсайды. Сөйткен арман да қатқабат тірліктің арасында, төккен тер мен төгілген қанның ішінде қалып, адастырып барады. Жетем деп сағым қуғаннан гөрі төрт аяғыңды тең басып, құдай берген бе, елде тауыққа жем шашқандай алдаған дұшпанның сепкені ме, әйтеуір ырзықты теріп жеп жүре берген артық деушілер де бар. Сыздық өйте алмады, көгілдір арманды әлі қуып келеді. Көгілдір арманы - қазағы, қазағының шаңырағы, керегесінен қараған қара баласы, сағым ойнап жатқан сайын даласы.

Түркістанның іргесіне жау да жетті. Қосындары, қостарын тігіп, зеңбіректерінің аузын үнірейтіп, қалаға бұрып, көк мылтық асынған әскері жосылып, бізді көрдің бе дегендей айбын танытты. Сонан соң зеңбіректен дүркін-дүркін доп атты да көк мылтықты кезеніп, қорған басындағыларға жүре оқ жаудырып, таяй берді.

- Мыналар қайтеді ей, - деп шошынды қала әкімі Мырза Дәулет.

- Қайткені несі? - Құрбанханның оны жақтырмаған үні естілді.

- Ойбай-ау, басып кетеді ғой, - әркімнің даусы ышқына шықты.

Гүрсілдетіп барабан соққан жау, егінді жайпап өтетін қалың қара шегірткедей қара жерді солқылдатып келіп-ақ қалды. Мына беті жан шошырлық. Құрбанхан Сыздыққа қарап еді, төре қанын ішіне тартып тістеніп алыпты. Ақырғы айқасқа шыққан жолбарыстай көрінді.

- Енді ше? - деп қалды Құрбанхан.

- Таяй түссін.

Қорған басындағы бір жігіт жауды жеті атасынан бері сілейтіп боқтап жатыр. Бәрі Сыздыққа қарағыштап, соның ғана бұйрығын күтіп тұр. Бұхар әмірінен қалған, бір кісі арқалап кететін кішкентай ғана зеңбірекке ірі бытыра толтырған жігіт, қолындағы оқ тұтатар шаласын әрлі-берлі шайқап, шыдамсызданған қалып танытқан.

- Жетер енді, - деді Құрбанхан.

- Ал болды, атыңдар, - деген Сыздықтың үні тым қаһарлы шықты

- Аяма жауды.

- Аруақ! Аруақ!

Жау садақ жебесі жетер жерге келген-тін. Мергендердің шірене тартқан оқтары алдыңғы шепті баудай түсірді. Өкіре құлағандарын аттап, тағы ілгері жылжымақ болған солдаттарды бірен-саран шиті мылтықтың оғы қарсы алып, араларындағы шені жоғарының біразы кескен теректей сұлап түскен соң, жалт беріп, кері қашқан. Осы тұста Бұхар зеңбірегіне де тіл бітіп, бытыраны үстеріне екі мәрте төгіп жіберді.

- Шыға қуайық осыларды. Түре қусақ, быт-шытын шығарамыз, - деп Құрбанхан шыдамсыздана тілек білдірген. - Қаратау асырып жібереміз, қайта келмейтін етеміз.

Сыздық шандатып келе жатқан тағы бір орыс қосынын нұсқап кетті.

- Мынасы кімдер?

- Дұшпанға келіп қосылған тың көмек. Солардың шамасын біліп алайық. Дайындық құра беріндер.

Сыздықтың үміті кесілді. Екі бүйірден барабанын соққылап тағы екі қосын казак-орыс әскерінің келіп қалғанын барлаушылары жеткізген. Өттең, дүние-ай, тап мыналарды дүрелей қуып, қару-жарағын олжалап,

шынында да дұшпанның жүрегін шошытып тастар сәтте жеңістің қолдан шығып бара жатқаны. Орыс әскеріне көмекке қосындар жіберіп жатқанда Қоқанның ханы үйдегі тышқанды аулауға ғана үйренген мысықтай қамалына тығылып жатқаны анау. Ең болмаса ханның бір қосыны мына орыстың көк желкесінде айбын болып тұрса, Сыздық мыналардан ата-бабадан қалған кегін қайтармас па еді.

- Қақпаны ашпасын. Тысқа әскер- шықпасын, - деп бұйырды.

- Неге, неге жеңісті пайдаланбаймыз? - деп Құрбанхан шапқылап жетті.

Сыздық жаңадан келіп жатқан дұшпан қолдарына иек қақты. Сиынғаны ма, патшасы ма, бір сақалдысының суретін ұстаған казак-орыстар қаланың екі бүйірінен қыспаққа ала орналасты.

- Қоқан қолы да келіп қалар? — Құрбанхан Сыздыққа үміттенеді.

- Дәмең көп екен. - Сыздық ызалана мырс етті. - Ол Шымкент пен Қоқанның қамалын алар жау жоқ деп бұйығып ұйықтап жатқан жоқ па. Қазіргі отты қарудың қала қорғанын быт-шыт қылатыны ойына кіріп те шықпайды. Дұшпанды да, қазіргі соғысты да танып болмаған сорлы кәнізактарының етегіне жармасудан артыла алмай жүр.

~ Енді не істедік? - деп Құрбанхан өкінді.

- Соғысамыз. Беріспейміз. Өлсек, шейітпіз.

Ертеңіне дұшпан үш жақтан бірдей тиіскен. Зеңбіректерімен қала қорғанын қанша атқылап, қираған тұсынан лап қоюға тырысса да, жауған сұр жебе, шиті мылтықпен мергендер көздеп атқан оқтан аса алмай кері шегінген. Қала шеберлері баяғы Шыңғыс хан заманынан қалған тас атқыш машиналардай құралдарды іске қосып, төбелерінен ауыр-ауыр тас жаудырып, беттетпей қойды. Дұшпанның әр шабуылын тойтарған сайын, жұрт та әруақтана түсіп, қамалдың қираған тұсын қалпына келтіріп жатты.

Арпалысымен күн артынан күн өте берді. Түнде қамалдың қираған тұсын жамап, күндіз дұшпанымен жан алып, жан беріп соғысқан жұрт, қажыса да қалжырағанын білдірмеді. Орыстың генералдары қазақтың жанды жеріне соққы беруді ойластырса керек, зеңбіректерін биіктеу жерге

қойып, Әзірет сұлтан мазарын көздеп ата бастады. Алғашқылары деп тимеген соң, тағы ілгері жылжып, қорған іргесіне таяп келіп дөп атқан. Зеңбіректің көк түтіні мен доптың ысқырығы бірге жетті. Домалақ көк темірдің асып барып құлағанын аруақтың ісі салап қуанысқан.

Орыс зеңбірегін басқарған шендінің айғайын естімесе де, тепсінгенін көрген қорған басындағылар құйрығына мүсәтір қыстырғандай болды ғой деп күліскен. Ұзаққа бармады, Ажал кезеген үңірейген ауыздан атылған шойын мазардың қабырғасын соқты. Көк тіреген көгілдір күмбезі, нелероюмен өрнектелген көздің жауын алатындай қабырғалары, құрылысының ерекше сәні кімді сүйсіндірмеген, кім табынбаған. Араб та, парсы да, үнді де, шүршүт те тамсанып өтетін асқақ ғимарат қозғалып, оқ тиген алып тіршілік иесі ыңырысғандай естілді. Әлде күңіренген іргесінде мәңгі орын тапқан Тұран елінің әулиелері, батыр, би-шешендері, хандарының әруағы ма? Оқтың ойып түскен кірпішін көріп, жұрт та лағынет айта шуласты. Екінші, үшінші доп та іргені ойды.

- Қап, бәлем, - деген үн естіді Сыздық.

- Арқадан келген Асан әлде бір шиті мылтықты оқтап жатыр.

~ Байқа, дәрісін тым көп салғандайсын. Мылтық ұнғысы жарылып кетпесін.

- Алла сақтар.

Әлем табынған асқақ ғимаратқа оқ атқан неткен меңіреу жұрт еді мына дұшпан деп түнілді Сыздық. Ұлы Шыңғыс хан Бұқарды алып, қалың мешітіннің мұнарасына таңданғанда бас киімі жерге түсіпті.

- Құлатайық мына мұнараны, - депті жағымпаз жандайшаптары.

- Не дейсіндер?

- Құлатайық...

- Әй, мен мына әсем мұнараның биігіне қарағанда тымағым ұшып түсті, ал сендер мұны қиратсаңдар, басым түсіп қалар, - деген екен ұлы қаһан. Мыналар да сол ортағасырлық билеуші, өздері жабайы адам санайтын дала патшасындай да өнерді құрметтей білетін қасиет болмағаны ғой.

Кенет шиті мылтық гүрс етті. Орыс зеңбірегінің жанында қолын әрі-бері сілтеп, шолтаңдап тұрған әскербасы қолымен

ауа қармап опырылып түсті. Оған көмекке ұмтылған солдат та етбетінен түсіп, аяғын сүйрете қашып, қайта құлап еңбектей жөнелді.

- Әй, жарайсың, Асақ жігіт екенсің, - деген мақтаулар жан-жақты жеткен.

Жанынан шошынған дұшпан солдаттары жер бауырлап жетіп, зеңбірегін кері сүйретіп әкеткен де, Әзірет сұлтан мазарын атқылауды тоқтатқан.

Әзірет сұлтанды көздеуін қойса да қамалды үсті-үстіне атқылап, қабырғасын ойып, маза бермеді. Зеңбіректерінің ортасындағы арбаның үсті оқ-дәрі болса керек, қапшықтап алып, ұнғысына тығады да, гүрсілдетіп атады да жатады.

- Тақсыр, айтарым бар еді, - деп сүлік қара атқа мінген жас жігіт қиылған. Тебіндеген мұрты жаңа шыққан жас жігіттің қызылшырайлы жүзі өте жылы, адамды өзіне тартқан леп есіп тұр. - Рұқсат етіңіз.

- Айта ғой. - Сыздық бар денесімен бұұрылып қарады.

- Аналарды.., - жігіт қаланы қоршап жатқан орыс қосынын нұсқады, - бір мол шығынға ұшыратудың реті келіп тұрған сияқты.

- А.., - деп Сыздық еріксіз танданды.

- Алла оң жолын берсе.

- Есімің кім, жігітім.

- Жетісу жеріненмін. Рахман деп атайды мені.

- Ал, енді ойлағаныңды айтшы.

- Мен колыма ақ ту ұстап, сіздерден қашып шыққан кейін танытамын. Біздің жігіттер артымнан оқ атса да, мергендік танытпаса болды. Анау тиелген оқ-дәріні жарып жіберуге болады.

~ Қауіп қой, өзің де тірі қалмауың мүмкін.

- Ажал Алладан. Тек рұқсат беріңіз.

Сыздық көп ойланды. Рахман тіке ажалға сұранып тұрғандай. Өмірдің мол қызығының дәмін татып үлгермеген жасты өлімге қалай қияды. Япыр-ау, өзінікі неткен тәуекел, неткен ерлік. Қазақтың әр баласы осындай ер, намысшыл болса, елімді жау алар ма еді.

- Аға, рұқсат етіңіз! Мен осы жерге мына жаумен шайқасуға келгенмін. Ажалдан қашсам, үйде отырмас па едім.

- Бауырым-ай, не айтарымды білмей тұрмын? — Сыздық Рахманды төсіне қысты. Төсіне қысып тұрып, арқасынан қақты.

Колына ақ ту ұстап, қамалдан тұра қашқан аттылыны орыс әскері де көрген. Жігіттің соңынан атылған мылтықтар гүрс-гүрс. Сүлік қара аттылы жалтара қашып келе жатқандай, әрі ат бауырына да түсіп алыпты. Зенбіректер жанына жеткен жігітті солдаттар да қоршап қалған. Сол сәтте Рахман тері қапшыққа салынған жанған шалаларды бірінен соң бірін оқ тиеген арбаларға лақтырып үлгерді. Аспанға атылған от-жалын түп-тұнық тыныштықты бұзып, орыс қосынының үстін көк түтін басты. Сыздық сүлік қара аттың ойнақтап шыққанын көзі шалды.

- Ат шықты, ат .., - деп дауыстасты жігіттер.

- Ойпырым-ай, иесі қайда?

- Көрінбейді ғой.

- Мерт болмаса...

- Бауырым-ай, - деп Сыздық көзіне жас алды. Іші-бауыры езіліп, қос қолымен өз төсін өзі құшып, бүгіліп қалған.

Оқ-дәрінің көбінен айырылған орыс қосындары бей-берекет атқылауды тоқтатып, басқа айлаға көшкені келесі күні белгілі болды. Түн баласы ирек-ирек ор қазып, қамал іргесіне жақындады.

- Қамал іргесіне дәрі қойып, бірақ қопарып тастамақ - кой, - деп түйіндеді Құрбанхан.

- Бұл айласы да түсінікті. Бірақ осыған қарсы шараны ойластырайық, - деген Сыздық.

Ақылдаса келіп, түн бола қазақ жігіттері осы тұстағы орыс қосынын шаппаққа келісті. Баяу жылжыған ай батқан шамада қол қамалдан сыбдырсыз шыққан. Жігіттер ирек-ирек қазып тастаған орларға үнсіз жақындай берді. Күнде түнде шапқан қайланың гүрсілі, бір-біріне тиіп шыңылдаған күрек үні естілуші еді, бүгін тым-тырыс. "Бұл қалай" деп Сыздық пен Құрбанхан сыбырласқан. Енді шегінуге жол жоқ, не болса да көріп алуға бекіністі. Орыс әскері түн жамылып, үнсіз таянған қазақ қолының тым жақындатып алғанын бағдарлай алмаған сияқты, орларға жиырма-отыз қадам қалғанда көк мылтықтары ажал шашып, сақылдап қоя берді.

- Аруақ! Аруақ! Ұмтыл! - деп Сыздық өзі бас болып ілгері жүгірген.

- Сок! Сок, иттерді, - деген Құрбанханның дауысы өктем шықты.

Дұшпанның табан асты төккен оғынан орға жетпей талай жігіт қапыда кетіп жатқанын көзі шалды. Ордан жүгіре шыққан солдаттар мен қазақтар қоян қолтық айқаса кеткен. Сойыл-шоқпарлы жігіттер мылтығының найзасын кезегенше талай солдатты тізеден соғып құлатып, басынан ұрып, казак-орысты сілейтіп-ақ тастап жатыр. Жасанған жау оғынан қаза тапқандар да жетерлік. Өзіне кезелген мылтықты найзасы қағып жіберген Сыздық, сілтенген қылыштан жалтарып үлгеріп, солдаттың екеуін де турап өтті. Екі қолына бірдей қылыш ұстаған Құрбанхан қарсы келгенді шыдатар емес, сілтегені құр кетпей, ойранды салып жүрген. Кенет мылтық гүрс етті. Енді ұмтыла берген Құрбанхан дүниені қимағандай шыр айналып, қылышына сүйеніп барып, сылқ ете түсті. Мылтық атқан солдат та өкіре құлаған. Асан қожа оның әлем-жәлем киінген денесінен қылышын суырып жатты.

Орыс қосыны жағынан айғайлап, бері жүгірген дауыстар естілді. Ендігі айқастың мақсатсыздығын көрген Сыздық Құрбанханның денесін көтеріп, кері шегінуге бұйырған. Солдаттардың бұларды бүгінгі дайындықпен қарсы алуы араларында жансыздың барына көз жеткізді. "Кім?" деген сұрақ әркімнің көңілінде еді.

Бірақ, оның шешімін табуға тағдыр жазбапты. Келер күні түн ішінде камалдың қақпасын біреудің ашып жіберіп, орыс әскерінің көшеде ұрыс салып жүргенін бір-ақ білді.

- Қапыда кеттік, - деп өкінді.

- Енді қайттық? - десті жігіттер.

Қаланы енді сақтап тұру мүмкін емес әрі қалған жігіттерін ажал оғына байлау болар еді. Маңайына топтасқан тірі қалған жігіттерін алып, Сыздық қаладан шығып үлгерді.

Сыздықтың әңгімесінен Шортекенді екіұдай сезім биледі. Сыздықтың басынан жастықтың қызықты жас дәурені аттың жалында өтіп кеткені өкінерлік. Ат жалында мезгілсіз кекселеніп, өмірдің қыр-сырын болжап қойған егде тартқан мінезіне, ендігі ісінің дәрменсіздігін мойындағанына айтар уәж жоқ. Сыздықты пұшайман етіп, қол-аяғына тұсау салған да өмірдің ащы шындығы. Шортекене дүние жалған тірлікті сан сапырған Сыздықтың біреудің кісәпірлығына өкінбей, өзін жайбарақат салқын

ұстауы ұнады. Неткен сабыр деді іштей. Үмітінен ерте айырылса да еліне деген сезімі суымапты.

Сыздық айтқан жерлер Шортекеңе ертеден таныс. Бергі шеті Шаяннан басталатын Қаратаудың қатпар-қатпар сілемі бірде әйдік шың, бірде асу бермес жота болып, сонау Өзгентке дейін жарысады да отырады. Қазақтың көне кенттері шоғырланған Қаратау далалық жұртты оны-мұны қажетті ұсақ-түйекпен, дүние-мүлікпен қамтамасыз етіп тұрған өндірісі де. Көне шаһар Өзгентті бір кезде Қокан билеп тұрғанын естіп те, Шаһабүзірік бабаның жазған дастанынан оқығаны да бар. Өзгентке Қокан қойған Сәдуақас деген әкімнің зорлығы өтсе керек. Елді "қан қақсатқан әңгіме Шәмші Бүзірік, Шаһабүзірік, Әл Әмин бап қарсы шығып, Шәмші Бүзірік Қоканға аттанып, оның ханынан қолдау таппай, Бұқар өтіп кеткенін, ал Шаһабүзірік пен Әл Әмин бапты әкімнің қапылыста өлтіргенін білетін. Көтерілген елден қорқып қашқан әкімді Сыр қамысынан шыққан жолбарыс жарып тастаған екен.

Қокан ханы қай заманнан көрші қалаға көз алартудан аспаған. Есегінің аяғы жеткен жерге қокандап, онан арғыны ұмытқанозбыр болушы еді. Әлемде өзінен басқа жұрт бар дегенді естіп-көрді ме екен. Естісе де, өзімен асқан жоқ дейтін шығар. Жок, ол таза ақымақ емес, өз қатарына, манайына қарағанда көп қараның ішіндегі қыран секілді. Әттең, сол қырансымақ бұл өмірді өзінен бұрынғы бір-екі ғасырдың өлшемімен өлшейді. Заман өзгергенін, анау күнбатыста бірінен-бірі өткен қаһарлы дұшпан шыққанын естіді ме екен. Естісе де, оны ертеке деп ұққан шығар. Әйтпесе, Түркістанда шайқас болып жатқанда не әскерін жібермей, не басқадай көмегін көрсетпей, омалып үйінде жатар ма?

- Иә, сонымен, - деген Шортекеңнің жүзі қапалы еді.

Жыраудың үнінен назалықты естіп, жүзінен уайымды таныған Сыздық ендігі әңгімені қалай айтарын білмей тартына берген. Арпалысса да аждаһаның аузына түсе бергенін есту жырауға ауыр екенін біліп отыр. Басталған әңгіменің арғы жағын айтпасқа тағы болмайды.

- Айта бер, Сыздық, не көрмеген пендеміз. Естиік бәрін де. - Жырау тізесіне қойған домбыраның шегін жайлап шертіп, шаңыраққа қарады. - Ертеде бір ақсақал шаңырақтың күлдіреушесі шығып кеткенін көріп, "жау

шапты, елбүлінді, осы жұмбағымды табындар" дегенекен.

Бізбәрінде бастан кешіп отырмызғой.

- Е, енді сол оқиғаларды тегіс тыңдайық. Кеткен қателік ендігіге сын, соны келер жасқа біз де айта жүрерміз, - деп Жанғұтты сабырмен шалқайып, керегеге аркасын тіреді. Сыздық ауырсынғандай қабағын шытып, кең дем алып барып, әңгімесін созды.

...Орыстың Шірнәйп деген генералы осы тұста Әулие-атаны алып қойғанын. Онысымен шектелмей, Шымкентке қарай бет алған. Сыздық төре, мырза Дәулет, Жақыпбай қосынын алып, Шымкентке келген. Жаңа тың күш алып тыңайған Түркістандағы орыс әскері де Шымкентке беттеген. Ендігі тағдырдың шешілер тұсы да осы жер. Қоқанның молда Әлімқұл бастаған қалың қолы да Шымкентке жетті. Бұл қол орыс әскерін Қатын көпірде қарсы алған. Екі қолдың арасы тым таяу, оқ жетердей шама. Орыс әскері шабуылға шыға қоймады. Қосымша күштің келуін күткен болар, ор қазып, алдына топырақ үйіп, сол жерге жасырынып, ашық тұрған Қоқан қолына оқ атты. Молда Әлімқұл да зеңбірегін құрып, жауап берген.

Өшіксе де бір-біріне батпайтын әтештерше қиқылдасқан бұл бет жыртысу қазақ қолын жалықтырды.

- Мынау не? Шайқас па, әлде қатын ұрыс па? - дегендер көбейді.

Молда Әлімқұлдың зеңбіректерінен орда жатқан орыс әскеріне қарап біраз от атқызып, дұшпанды бұқтырып, қазақ қолы жауға ат қойған. Сарбаздардың алды орға жетіп, ұрыс салып та үлгерді. Қарсыласқанның талайын баудай түсіріп жүрген жігіттердің ішінен қолына дұзақ ұстап жүрген Асан көзіне түсті. Мұнысы несі дегенше болған жоқ, сірә орыс солдатаның бір бастығы болар, сары ала киінген, мұрты едірейген біреуіне дұзақты салып жіберіп, домалатып әкетті де, жанына ерген бір жігітті екеуі атқа өңгеріп, кері шаба жөнелді. Сыздық төре аңдамапты, орыс әскерінің алғашқы орнынан орманда екінші шебі бар екен. Сол жерден зеңбірек үні естілді. Өздерінің адамдарын қаусатып алудан сескенді ме, шойын доп бастарынан аса ысқырып барып құлаған,

~ Қайтындар, - деп бұйырған Сыздық.

Зеңбірек екінші атылғанша жарау аттарға мінген сарбаздар бытырай шауып, алысқа кетіп үлгерді. Мұны көрген молда Әлімқұлдың көңіліне желік кірді ме:

- Бәрің бірдей ат қойып, орысты алыңдар, - деп бұйырды.

- Жаппай шабуыл, жаппай қарауылға ілігу. Сіз орыс әскерінің соғысу тәсілінен хабарсызсыз. Зеңбірек, мылтықтардан олар да жаппай атып, көп адамды опат қылады, - дегеніне молда Әлімқұл көнбеді.

Ұрандасып, бірін-бірі кимелей итерісіп, ат қойған қалың қол бытыра солып оқталған зеңбіректер мен орда жатып оқ жаудырған орыс әскеріне жақсы нысана боп шықты. Қолды жақын жіберіп алып, дүркін-дүркін атып, алдын жусатып салды. Қолдың арты күркіреген отты қару үнінен үріккен аттарын зорға бұрып, кері қашып үлгерді. Мұндайды күтпеген молда Әлімқұл қап-қара боп түтіккен.

- Босқа қырылды. - Сыздық тістеніп алған.

- Енді не істейміз? - деген молда Әлімқұлдың абыржыған үні зорға шықты.

Тірлік деген осы да. Жаңа ғана тепсініп тұрған молда Әлімқұл ақыл сұрады. Ақылдың да дұрыс-бұрысын сарапқа салуға Әлімқұлдың тап қазір шамасы жете ме. Сыздықтың да екіұдай халін сезгендей сұр тайлақ аты жанына жетіп келіп, бүйірінен түртті. Мәпе күткені.

- Қаладан үлкен зеңбіректі әкеліп, ордағы орыстарды атқылау керек. Олар сонда топыраққа көміліп, қырылады, - деді Сыздық.

Қаладан арнайы адам жіберіп, үлкен зеңбіректің бірін алдырған. Сонымен орыстар жатқан ордың әр жеріне қорғасын доп атты. Түскен жерін опырып тастаған доптан көтерілген шаң солдаттардың не амал жасап жатқанын көрсетпей жіберді. Дұшпанның зауал тиіп жатқандай болғанына бәрі сенген. Атты енді қоямыз деп тұрғанда солдаттың жаңа қосындары да жетті. Барлаушылар Шірнәйп әскері дейді. Шірнәйп Шымкентті қоршаңқырап, сап құрды. Молда Әлімқұл енді ғана орыс әскерінің соғыс тәсілін түсіне бастағандай екен, қорған басына айнала зеңбіректерді құрғызып, қақпаларды мықтап жаптырып, мықты күзетті жасақтар қойды. Әлімқұлдың талабымен Сыздық пен Мыңбай мың-мыңнан адам алып, қаладан шығып, жасырынды. Олар соғыстың қызған кезінде дұшпанды бас салуы керек болды.

Соғысқа сәл төселген молда Әлімқұл зеңбіректерді өзі тексеріп, ірі бытырамен оқтатты. Қаланы біраз атқылаған

генерал Шірнәйп қолы біраздан соң сап құрып, жүре оқ жаудырып, қамалға беттеген. Қамалға таяй бере ұранда-тып, барабан соғып, жүгіре ұмтылысты. Олар қорған сыртындағы орға іліге бере, қорған басынан бар зеңбірек ұн қатқан. Оқ тигені бар, бас сауғалағаны бар, солдаттар тегіс жата кеткен. Сол сәтте керней тартылды. Осыны күткен Сыздық төре жауға от қойды. Зеңбірегін бұрып үлгерген орыс әскері бірер рет атып, аздап шығын жасаса да қол іргеде жатқан солдаттармен мидай араласып кетті де, қим-қиғаш ұрыс басталды. Зеңбірек оғынан тірі қалғандар көп екен. Тізерлеп отыра қалып оқ жаудырды. Қазақ қолы арасына еніп, ат омырауымен соғып, қылыштың астына алғанда, орға секіріп түсіп, қатты қарсыласты. Сыздықтың атына оқ тиіп, жаяу ұрыс салып жүргенде Бердібек батыр мен Асан кер жорға атты алдына көлденең тосты. Мыңбай мың басы осы шайқаста қаза болды. Солдаттардың сытылып кеткені Шірнәйпке жетіп, паналады. Ұрыста сәтсіздікке ұшыраған Шірнәйп шегінуге мәжбүр болған. Шегінсе де сап түзеуден жазбаған солдат қолын молда Әлімқұл да қуған. Арбаға, атқа мінген қол шегініп бара жатқан солдаттармен қатарласа беріп, оқ атып, біраз шығынға ұшыратты. Солдаттар Қос диірменге аял қылғанда, молда Әлімқұл да қууды тоқтатты.

- Біз басым тұрмыз, қуа түсейік, - деген Сыздық.

- Орыс көп, қайсыбірін тауысамыз, - деп молда Әлімқұл Шымкентке қайтты.

Сыздық өзіне сенімді жүз қаралы жігітімен орыс әскерінің басқан қадамын андып, ізін өкшелеген. Ізіне түскен бұларды солдаттардың басшылары да байқады ма, әлде сақтығы ма, айнала күзет қойып, от жағып, түн жарымын өткізді:

- Тұрыңыз, - деген дыбыстан Сыздық оянды.

- Ау?

- Аналар қозғалайын деп жатыр.

Орыс әскерінің жүріп кетуге жасаған дайындығын көріп, молда Әлімқұлға кісі шаптырды.

- Атты әскерді алып, тезірек жетсін.

- Не себепті? - деп сұрапты Әлімқұл.

- Әулие-атаға дейін қуамыз деп тапсырды Сыздық.

~ Ал?

- Жолда орыс әскерін жойып, Шірнәйпті тұтқындап алмақ.

Өзі де енжарлау молда Әлімқұл сардарларымен ақылдасты. Сардар деген аты болмаса оқ-дәрінің иісін иіскеп көрмеген әскер басылар "күп" мінез танытпады.

- Ойбой, сонша жер қуып не керек?

- Ат арытып...

- Орыстың беті қайтты. Ендігі біздің жаққа қарай аяғын баспайды.

Әлімқұл жауды қумайтын болды. Әлімқұлдың хабарын естіп, Сыздық бармағын тістеді. Өзіне қарасты қолды алып қалмағанына өкінді. Оқ тиген қасқырдай артына жалтақтай қарап қашқан Шірнәйпті аттаған сайып тірсектен алып, жұлқылап, әбден қажытып та, шошындырып та саудасын бітіруге болатын еді. Жігіттер ақылдасты.

- Әлі де болса ізіне түсейік, - десті.

Келер күні кешке таман аттарына міне алмай саскалақтаған екі орысты көздері шалып, тура қосылған. Солдаттың бірі сол жерде мылтығын тастай қашты. Кілең жүйрік Теке-жәуміт мінген жігіттер қашқындардың алдын кес-кестеген. Мылтығы бары шапқан бойда оқ атқан. Қайта оқтағанша мылтығы қолынан түсіп кетіп, жан сауғалады. Қолға түскен екеуін де Сыздыққа алып келген.

~ Кімсіңдер?

- Шірнәйп қолының артқы барлаушыларымыз.

- Барлаушымыз дейді, ә, - десіп жігіттер күлісті.

- Ұйықтап қалыппыз, - деп ақталады екі солдат.

Осы жерден Сыздық та кері оралған. Орыс Әулие-атаны қыстаса, молда Әлімқұл Қоканды мекендейді. Өзімен бірге ала кеткен Сыздық біраз тұрып, Шымкентке келді. Келер жазда Шірнәйп Шымкентті тағы қоршады. Айдан аса уақыт қаланы ала алмады. Орыс әскерін әлсіз санаған қалалықтар қаладан шығып, ұрыс қылайық дегенді айта берсе де, Сыздық көнбеген. Түсіндіруден де жалыққан емес. Оңбайтын істің басында жүргендердің басына тесіп құйсаң да ақыл кірмейді екен. Ақыры олар Сыздықты болмашы бір іске жұмсап, ол кеткен соң камалдың қақпасын ашып, өстіп бір солдаттарды қойша айдайық дегенге келіскен.

Қаладан шыққан сарбаздарды орыс әскері әбден өздеріне таянтып, оқтың астына алған. Мұндайды күтпеген сарбаздар тұра қашқан. Қашқандардың соңынан қалмай

қуған орыс әскері дарбазаны жабуға үлгертпей қалаға басып кіріп, бір сағаттың ішінде қаланы алды. Орыс әскерінің қалаға жасаған қысымын, Шірнәйптің қала халқының біразын айдап шығып, қырып тастағанын Сыздық кейін білген.

- Шымкент қарсыласып бағыпты дегенді естідік. - Байсейіт би шақшасына қол созды. - Жаудан жеңілгеннен емес, ақымақтықтан қаладан айырылған екен ғой,

- "Өзің білме, білгеннің тілін алма" деген қарғыс осы да. - Қара би ыза боп, мәсісінің қонышын тартқылап, жүзін теріс бұрып алды.

- Ойбой, дүние-ай. Заманның желі қай жақтан есіп тұрғанын біле алмай халық дал. Халықты билеймін деп өзінің бейшаралығының бетін ашқан талай мұндар өмірден өтер. Тек солардың есерсоқтықтан жасаған қиянатының ауыртпалығын көтеретін тағы да халық қой. - Жанғұтты би айналасына көз тастай қарады.

Үндемей қалған жырау ғана. Малдасын құрған қалпы ашық тұрған есіктен сағымданып жатқан далаға тесірейе қарап қалған. Ат жақтыдан дөңгелекке келетін қызылшырайлы жүзі сәл қуқыл тартып, жұқалау қыр мұрыны қусырыла түсіпті. Ақ жағалы көйлегінің жағасын ағытып тастапты. Әлденеге шамданғаннан ба, ұзын әрі жуан мойны қызара бөріпті. Алдында жатқан домбыраның шегіне сұқ саусағы ілінген қалпы бетін де бұрмастан тіл қатты.

- Қайран мешеулік. Өлерін білмеген жұрт өлімге өзі ұмтылғанына не дерсің? - Шортекеңнің сәл жирендеу шоқша сақалы іштен тепкен реніштен қызарып кеткендей көрінді. Сыздық жырауды жасында жеңгелері, кейінде құрдастары осы қызылшырайлы жүзі мен жирен сақалына бола қызылбас атап кеткенін білетін. Назаланғанда жыраудың жүзі тіпті қызыл шоқтанып кетеді екен. - Енді не қалды? Білсін мына жұрт, айта бер.

- Бұхар тиіп тұр ғой, ең болмаса сонан ешкім көмек сұрамады ма? - деп Байсейіт тағы сөз бастады.

- Иә, бәсе. - Жанғұтты да қостаған ниет танытты.

Езу тартқандай күлкінің ниеті Сыздықтың жүзінен жылт етіп көрінді де, сол сәтте сөнді. Ұсынылған аяқтағы қымызды бөліп-бөліп асықпай ұрттаған Сыздықтың әңгіме айтуға ерекше құштарлығы жоғы да көрінген.

- Сұралды ғой.

- Енді соны айтсайшы? - деп өгінді Қара би.
- Не үшін көмек сұрадыңдар? - Байсейіт би тіктеліп отырды.
- Ташкент үшін.
- Орыс Ташкентті онда алған жоқ па еді? - Байсейіт бұл қалауды өнінен танытты.
- Ташкент Шымкенттен әріде жатыр ғой, - деп Сыздық билердің жер ыңғайын білмейтініне таңданды.
- Сонда Шымкенттесн соң өздерің Ташкенді қорғауға бардыңдар ма? - Қара би ежіктей түсті.
- Әр қала үшін жан берістік.
- Иә, сол әңгіме бізге де жеткен. Соны естиік енді, - деп Байсейіт ұйыды.

Шымкенттен айырылып қалғанына молда Әлімқұл қатты қапа болды. Иегіне ғана қойған ұзын сақалын саумалдай ұстап, басын шайқап:

~ Әттеген-ай, қаланы билеген өңшең ақымақтың тілін бекер алғансың, - деп өкінішін жасырмаған. Сыздықты бас етіп, орыс Шымкентте жатқанда Түркістанды азат еткісі келіп, Иқанның түбінде біраз ұрыс қылды. Казак-орысты біраз шығындап еді, Шірнәйп қолы бері шықты деген соң, Ташкентке қайтқан. Дәніккен дұшпан Ташкен түбіне де жетті. Молда Әлімқұл қаланың бар дарбазасын бекітіріп, ешкім шықпауға бұйырған.

- Тағы бір ақымақтық жасап, енді Ташкенттен айырылып қалмауды жиі айтушы еді.

Қорғанның үстіне шығып, сарбаздардың дайындығын байқап жүргенде молда Әлімқұлға оқ тиіп, мерт болды. Өлер алдында Әлімқұл "халықты Сыздықтан басқа ешкім басқара алмайды" деп, өзінің орнына соны қоюды тапсырған. Қаланың билеуші тобы Әлімқұлдың айтқанын екі етпеді. Жат жұртты билеуге Сыздықтың да құлқы жоқтын. Қала ақсақалдары еріксіз апарып, Әлімқұлдың орнына отырғызды.

Сыздық қаланы қорғауды қайта қолына алып, күндіз-түні ұйқы көрмей, қаланың он екі дарбазасын аралап, жау шабуылын қатардағы сарбаздармен бірге тұрып тойтарысты. Ташкенді қорғау ұзаққа созылды. Жаз ортасынан басталған ұрыс күзге дейін созылды. Орыс әскеріне тың күш қосылып жатты. Қала халқы тапшылықтан азап шекті.

- Халық қаншаға шыдайды, қамалып отырып болмас, ретін тауып, Бұхар әмірімен сөз жүргізейік, - десті қаланың біліктілері.

Бұхар әмірінің көкейін Сыздық та білгісі келген. Қалай болғанда да Ташкенді жауға бермесек болды деген іштей.

- Бұхар әміріне бағынайық. Солай етсек ғана ол бізге көмек етеді, - деп шешілді.

Бұхар әміріне қолдан келгенше тарту-таралғы жіберіліп, Ташкентті өзінің қарамағына алуын өтінген бір топадам да аттанған. Елшілікке жіберілгендермен бірге Бұхар әмірі тағайындаған әкім де келді. Соңынан ерген жасағы жоқ, салт бас, сұр бойдақ әкімді қала халқы жақтырмады.

- Біз соңынан еріп мың-сан қол келер деп күткенбіз, мынадай әкімнің керегі жоқ, біз оған бағынбаймыз, - десті.

- Бағындық деп уәде берген соң, ол сөзден енді қайтуға болмайды, - деп Сыздық халықты үгіттеді.

Бұхарлық әкім нығыз. Біреу ұрлап кететіндей қарнын құшақтап, билікке мастанаған біреу. Қала қақпаларын аралап, болып жатқан ұрыстарды көрмеді. Тақтан тапжылмай, өзі сенген адамдарды ғана жіберіп, солардың айтқанына сеніп күн өткізді. Қаланы қорғау бірізділіктен айырылып, тәртіп босансыды. Қателікті айтқан Сыздық әкімге жақпай, оған қайта кірер есік біржола жабылған. Дарбазасының күзеті нашарлаған тұстан ақыры шу шыққан. Сыздық өзіне сенімді жігіттерімен жеткенде шалқасынан түскен қақпадан оқты боратқан орыс әскері лек-легімен кіріп, қала көшелерін бойлай шапқанын көрді. Қала үшін енді шайқасу бос әрекет екеніне көзі жетіп, жау қоршауын бұзып еткен.

Бұғылының басын бұлт шалыпты. Бұлтқа оранған Бұғылының биігі емес, төрдегі төртеу сияқты, Сыздықтың әңгімесінестіген сайын түнеріп, жарқ еткен найзағаймен бірге жарылып кететіндей көрінген.

- Тағдыр-ай, басыңды тау-тасқа ұрып, елің үшін арпалыссаң да танауының астынан арғыны көрмеген тоғышар басшы, соларға сенген қара халық болған соң ісің оңға басар ма?! Батыр да, дархан ел едік, енді сорлы, бейшараға айналдық. Келер күннің не әкелеріне тағы көз жетпейді. - Шортанбай жырау алдында жатқан домбыраны керегеге сүйеп, ауырлаудем алды.

- Тағдырдың жазғанын көреді де? - деп Байсейіт би қозғалақтап қойды.

Иә, тағдырдың онан кейін де жазғаны аз емес екен. Жазмыш деген солай ма, көргені қу бейнет, аңсағаны елінің азаттығы. Арманды қуған сайын төккен тері зая кетіп, бұлдыр сағым алыстай бергеніне налыса да, тағы өзін-өзі қайрап, қайта ұмтыла берген.

Ташкент шаһары орыстың қолына өткен соң, босыған жұртпен бірге Сыздық та Бұхар еткен. Ташкенді босатамын деген әмір қосынына қосылмады. Қаншама ержүрек болса да осы заманғы соғыс өнерінен алыс қалған әмір сарбаздарына сенбеді. Алғашқы зеңбіректің күркүрінен-ақ сарбаздардың жүрегі шайлығып, берекесі кетіп, ақыры қашып тынғанын кейін естіген. Әмірдің қолынан бөлініп қалса да орағытып бара жатқан тағы бір топ солдаттарға кездесіп, көбін жусатып салған. Орыстан алғаш ұрыста жеңіліп отырған әмір бұған риза боп қалды. Орыстың ұйытқытуымен Бұхар әміріне қарсы шыққан қаланы қайта бағындырып берсе де Сыздыққа деген сенім шектеулі екенін көңілі ұққан.

Бұхар әмірінің сарбаздарының аты "әскер" дегені болмаса, қарасымен халықты үркіткен тобыр екеніне де көзі жетті. Ходжентті қорға деп жіберген әмір әскері оны жау алып қойыпты дегенді естіген бетте шошынып, кері қайтты.

- Біз сол жаумен соғысу үшін шықтық қой, - деген уәж өтпеді. Үріккен қойдай естері қалмай, оны-мұны керегін де жинап алмай, Бұхар қайдасын деп бірақ тартты.

- Мыналар серуенге барамыз деп ұққан ба? - деп Сыздықтың жігіттері мазақ еткен.

Ходжент түбінде аз ғана қолмен біраз дұшпанға ойран салды. Ташкенге бет алған орыс әскерінің бір тобына бөрідей тиген. Мұны көріп, көмекке ұмтылған тағы бір тобымен қайта айқасқан. Тегеурінге шыдамаған солдаттың біразы батпаққа қашып тығылып, сол жерде ажал тапқан-тын.

Қатты Қорған маңындағы шайқаста әмір әскері жеңіліп қашып, соңына түскен солдаттар жеткенін жер жастандырып жатқан шақта азғантай ғана жігіттерімен жаудың желкесінен шығып, қырғын таптырып, арт жақтан сарбаздар келеді деп күтпеген орыс әскерінің зеңбіректерін

қолға түсіріп, әмірге сыйға тартқан. Иә, бұдан кейін де сан жорық жасап, дұшпанды қиратып тастамаса да, қатты мұқатты. Мұның бәрі ол уақытта тірлік екен. Бұхарда Сыздықтың бір жанашыры:

- Әмір орыстың жандаралымен келісіп жүрген сияқты. Жандарал сені ұстап берсе, әскерім Бұхарға кірмейді деп уәде етіпті, - дегенді жеткізген.

Рас екен. Әмірдің қолы Сыздықпен жігіттерін Дарияның жағасында қоршады. Сыздық:

- Ал жігіттер, мен ризамын баршана. Босқа қырылмандар, тарап кетіндер. Не көрсем де өзім көрейін. Дәм жазса, аман шығармын, болмаса ажалдан құтылмаспын, - деген.

Жігіттер "не көрсең де бірге көреміз" деп көнбеді. Сыздық өзін қоршаған сарбаздардың қалың ортасына келіп, мен Сыздықпын. Ұрыспай беріспеймін, - деп қақ жарып өтешықты. Сыздық батыр туралы сан әңгімені естіген де, қуә да болған сарбаздардың ешқайсысы жолын бөгемеді. Қорыққандары да, сыйлағандары да бар шығар.

Түрікпен асты. Ол жұртта мұсылманшылдық танытып, қарсы алды. Не ішем, не кием дегізбеді. Ұрыс салып, Сыздықтың қатын-баласын Бұхар әмірінен алып бермек те болды. Бауырлас екі жұрттың өзі үшін қан төгісуін өзі қаламады. Жылдан аса уақыт Түрікпен елінде болып, рұқсат сұрап, Ауған асты.

Ендігі бөленгені Ауған жұртының ықыласы. Ол жердің билеушісі де Сыздықтың батыстан келген жаулаушымен аянбай соғысқан сан ерлігінен хабардар-тын.

- Бала-шағаңызды босаттырып берейік, - дегенді олар да айтқан.

Мұнан соң Сыздық төре Қашқар жеріне өтті. Ол жердің билеушісі Жақыпбекпен сонау Түркістанды бірге қорғасқан. Құшақ жая қарсы алды, алдына қызметші қойды. Сыздықтың жат жерге бойы сыйса да, көңілі сыймады. Елді сағынған. Сол сағыныш болашақты айтады деген бір диуананың алдынан шығарды. "Еліңе жаралы боп қайтасың, отбасыңмен сені орыс табыстырады" деген еді диуана.

- Қалайша? Мен орыспен үзбей соғысып келемін. Олар мені қолына түссем, қуырып жер, - деген Сыздық.

- Ол - Алланың ісі, - деп диуана жүре берген.

Қытаймен соғыспақ болған Жақыпбек жолда өліп, болған оқиғадан хабарсыз отырған қаланы Қытай басып

қалған. Қаладан шығып бара жатқан Сыздықты Қытайдың бір мергені атып, жаралаған еді. Жакыпбектің орнын басқан баласы орыстың билігін мойындапты. Барар жері қалмаған әрі жаралы Сыздық орыс қолына түскен. Кауфман деген жандаралы ерлігіне риза болды ма, өткен істі кешіріп, қатын-баласын Бұхар әмірінен алдырып, өзіне қосқан.

- Ойпырым-ай, ана диуананың көріпкелін қарашы, - деп таңданды Қара би.

~ Жазмыш қой, жазмыш, - деп қостады Байсейіт би.

~ Жазмыштан озмыш жоқ деген Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді деген бұрыңғының сөзі бар емес пе.

~ Кебенегі не осы? ~ деп сұрады Қара би.

~ Ол, әлгі, сауыттың ішінен киетін киім-дағы, - Байсейіт би осым дұрыс па дегендей жырауға қарады.

Күтушінің бірі семіз дуадақтай мойнын созған торсықты пісті. Күтімі бөлек қымыздың қышқылтым иісі мұрын жарып, сілекей шұбыртқан. Піспек суырылған сайын аспанға атқан көпіршік шеңбірек атып, торсық аузына келіп-қайтып тұр.

- Осы торсыққа арнайы бөлек ашытам, - деп үстеді күні бойы әңгіме тындауға тым мұршасы келмей кіріп-шығып, Сыздыққа ерген басқа жігіттердің де қамын жеп жүрген Көшкінбай. ~ Жарықтық, Кенесары хан да мейірленіп отырып, қанғанынша ішіп еді.

~ Ол кісінің жөні бөлек қой, жорықта жүргенде дәм талғамайтын, қатардағы сарбаздарының шала піскен қуырдағын, қойыртпақты ас етіп жүре беруші еді. Ұлылықтың өзі кішілікте сияқты. Ақылы дария, шешімі бөлек, жауға шапқанда жауынгерлерімен үзеңгі қағысыш, арыстандай жалданып кетуші еді. Қазақтың бағына енді ондай ер туар ма, туса біз көрерміз бе?- деген жырау үнінде аңсау да, болашаққа деген үміт те жатқан.

~ Иә, мына Аққошқармен арасындағы оқиғаның өзі бір қызық жағдай еді ғой, ~ деп Байсейіт жаңа бір әңгімені қозғады.

- Қай Аққошқар? ~ Қымыз ұсынып отырған Көшкінбай әңгіменің желісін аңдай алмай қалып, қайыра сұрады.

~ Керней ше? Мазары Қайрақтының жағасында, Тезекбай шоқысына жақын тұр ғой. Сондай мазарға талай еңбек, мал кетеді. Ана түстік жақтағыдай кірпіш күйдіріп

салсақ, талай ғасырға жетіп, талай ұрпақ өткенге сусындап өсер еді, - деп Дүйсенбай би сөз қосты.

- Тап сол оқиғаның ішінде мен болдым ғой, - Қара би ендігі әңгімені өзі айтатынын сездіріп, малдасын ықшамдай құрып, даусын кенеді.

Кенесары соғысының орта тұсы. Қазақтың билік ұстағанын, мал біткенінің бірі қолдап, бірі аңысын аңдып тұрған шақ. Бой тасалағанның көбі орыстың қылшының астында қаламыз ба деп қорыққандар. Кенесарыға деген ниетін анық білдірмей жүргеннің бірі осы Аққошқар. Аққошқарға тура мың шұбар жылқы біткен. Бірінен бірі өткенқұлан жал, шолақ құйрық шұбар жылқы даланың теңбіл елігіндей әдемі еді.

- Малың айдап әкеліңдер, - деп бұйырған хан.

Шөмішбай бастаған елу шақты жігіт жылқының бір шетінен тиіп, дүркіретіп айдай бастады.

- Қайт! Қайт! - деп төрт-бес жылқышы сойылын сілтеп қарсы шықты.

- Қайтсаң қайт! - Шөмішбай да оң жақ жеңін шешіп, сойылдасуға ыңғайланды. Шартпа-шұрт басталып кетті. Жылқышының төртеуінің аты ойнақтап шықты да, балаңдау біреуі ауылға қарай құйғытты.

- Әй, анау кетіп қалды ғой.

- Барсын. Білсін Аққошқар.

Малды қуа айдаған жігіттер жылқы ішінде көкбесті атқа мінген сегіз-тоғыз жастағы баланы көзі шалды.

- Ана баланы қараңдар. Ұстап алайық, - десіп қаумаласа ұмтылды. Бала да өзіне төнген қауіпті сезсе керек, жылқы арасынан сытылып шыға берді.

- Мына қу бала қайтеді-ей. - Жігіттер алғашқыда мән бере қоймай, шоқыта шауып көріп еді, маңайлатар емес. Енді жүйрік атанғанға мінгендері тоспа-тоспаны алғансып, ұтылапқуған. Біріне сипатпады. Көкбесті қуғын көрген сайын құлағын жымқырып, шабысып үдете түскен. Созыла шапқан көкбестінің үстіндегі бала да ат жалына жабысып, қамшы сілтемесе де "айт, шу" деп қалып отырғанын, тоспадан қосылса да ілесе алмағандар естіді. Ауыл-ауылға беттей алмаған бала ақыры қу медиен даланы бетке алып, қырқа асып, көзден таса.

- Тұлпар шығар, - деп қалды Шөмішбай.

Ертеңіне Селтей аса көшкен Кенесары хан көші ку далада жүрген жалғыз салт аттыны көзі шалды. Аттылы да көшіне қарай беттеген. Таяна түскен аттылының көкбестіні міне қашқан кешегі бала екенін танығандар:

- Сол, сол, - десті.

Әңгімеге қанған Наурызбай:

- Өзі келсін. Адасып жүр ғой бала. Сілесі қатқан шығар, қуып шошытпандар, - деді.

Көшке ілескен баланың атын алып, өзін тынықтырып отырғанда кеш соңынан тағы бір салт атты жетті. Аппак сақалы желбіреген ақсақал:

- Хан қайда? - деген.

Есіктен аттағанның Аққошқар екенін біліп, Кенесары өзі тұрып, сәлемдесіп, оң жақ тізесінен орын берді. Сусын ішіп жайласқан соң ақсақал:

- Хан ием, өкпеңе айтарым жоқ. Мына кәпірмен саған қосылып соғысатын жастан асып кетіп, үй күшік болған жайым бар. Соны бір есіңе салғалы келдім. Сонан соң мына малды қуа келді деме, иесі мен демесең, айналадағы жұрттың осы мал ырысы, ішері де, киері де осыдан. Осыны айтпаққа келдім.

- Жігіттер, - деп дауыстады хан. - Ақсақалдың жылқысын түп-түгел алдына салып беріндер.

Аққошқар хан қолына көмекке жүз атты санап беріп, баланы да алып ауылға қайтқан. Атақты көкбесті хан қолында жауға мінер тұлпары боп қалды.

- Япыр-ай, атақты көкбесті осы ма еді, - деп таңырқады Жанғұтты.

- Осы ғой, осы өзіміздің Бесата жылқысынан, - Қара би әңгімесін тауысып шалқая отырды.

Жырау әңгімені ести отырып, көңілі жайлана түсіп, домбыраны аздап шертіп те отыр еді.

~ Айтарыңыз бар сияқты ғой, - деп сауал тастады Көшкінбай.

- Мына Сыздық та естісін, көңілінде жүрер. Ендігінің ханды көргеннен көрмегені көп, соларға да айтқанымыз жетер. - Байсейіт би жырау кеңірек отырсын дегендей сел сырғыды.

Бұрын естімеген бір жырды толғап кеткен жырауға Сыздық төре ықыластана қарады. Ауызекі сөйлегенде қазша қанқылдап, саңқылдай естілетін жыраудың зор даусы, жыр төккенде ерекше жылы, қоңыр үнге бөленеді екен.

Көз көрген қазақ батыры,
Алысқа кеткен дағбыры.
Хан Кенедей ер қайда,
Шейіт боп кеткен тағдыры.
Өлшеулі күні біткен соң,
Алладан ажал жеткен соң,
Кәпір салған дұзаққа,
Ілініп бір кеткен соң,
Қош-қош айтып еліне,
Самалды шалқар көліне,
Құбақан сағым беліне,
Иманын тілеп Алладан,
Көзден таса ақыры.

Сыздықтың көзіне жас келді. Осыншама жоқтаушысы бар Кенесары ханды өлді деуге бола ма? Ол тірі, рухы тірі.

Наурызбай төре ер еді,
Өн бойы өнер, сері еді,
Кәпірмен сансыз шайқас сап,
Дәл ортада айқасып,
Бекерге өлем демеді.
Күркіреп солар тұрғанда
Қазақты жау жеңбеді.
Хан Кене кетті арадан,
Орысқа қазақ қараған.
Шұбыртпалы Ағыбай,
Тобықтыдан Құнанбай,
Дүйсенбай мен Қара би
Тоқа ішінде Қоңыр жүр,
Тілеп жәрдем Алладан.
Басқа амалы қалмаған,
Нысапсыз екен бұл кәпір,
Жерінді алды, малды алды,
Пәлесі жоқ салмаған.
Қайысады қабырғаң,
Көтере алмай салмағын,

Сыздық төре жыраудың кешегі өткен ерлерді жоқтай жырлап, халқының бүгінгі сорлы халін жеріне жеткізе айтқанын езіле отырып тыңдады. Бұрын да жырау туралы естуші еді, бүгін ол кісі тіпті аспандап, тым биіктен қырандай саңқылдап, елінің жоғын жоқтаған көк үніндей естілді. Ұлы екен ғой, ұлы ғой Шортекең. Мына кәпір сізді де қуғындап бағар деген іштей.

Сыздық төре Көшкінбай ауылында біраз тынығып аялдады. Беті Көкше жері, атасы Абылайдың орда тіккен жеріне бару, әкесі Кенесары ханның үңгіріне тәуеп ету екен.

- Сен осыншама адамды соңыңа ертіп барма. Орыс сескеніп, өзінді жазым етер. Күш солардың қолында, - деп жырау ақыл қосқан.

Қасындағы жігіттері кері қайтты. Жанына бір ғана жігіті мен Әбеу баланы атқосшылыққа алған Сыздық елеусіз ғана Көкше жеріне аттанды. Бесатаның атақты төрт биі мен Шортекең Көшкінбайды ертіп, Қарамұрын жотасынан асырып салған.

КЕЗ

Қарқаралының басын бұлт торлап тұр. Кешеден бері толастамай жауған жанбыр көк иық еткен. Қаланың тауға қарайғы алаңқайына тігілген шымқай аккорда үйлердің үзік-туырлығы қаншама жаңа болса да су өтпегені жоқ. Кигіз үйдің тап ортасына жаққан от ішін қолма-қол жылытқанымен сырттағы жауынның салқыны жылы киінген жұрттың өзін мұздатқандай.

Шортанбай жыраудың бүгін аяқ-қолы сырқырап бүкіл денесі ауыр тартқан. Қабырғалары қақыраған тәрізденіп, қос өкпесінің қысуын жауынның әсеріне балаған. Басы шытынай сынғандай, көз түбі суырылып, оты жарқырағандай. Ауырған адамға айналаны қара түнек басқандай болатыны осы. Тап қазір ештеменің керегі жоқ сияқты. Іргеден бастап керегенің биіктігіне дейін тірей жинаған әсем бұйымдар, түгі құлпырған түлкі мен қанша биік ілсе де жерге түсіп шұбатылған қасқыр терісі, бәрі-бәрі керексіз бола қалған.

Бас ауырып, балтыр сыздамаған сәтте осының бәрі қажеттей еді, енді түгел түкке қажетсіздей көрінді. Кеше ғана сау еді. Иә, алдыңғы күні Жанғұтты мен Дүйсенбайды ертіп Шайтанкөлге барған. Шайтанкөл сонау Кенесары көтерілісі кезінде осы Қарқаралыда тұрған шағында сан барған, бұл қалай деп сырына сан шомылған жері. Жанына ерген екі бидің тау басындағы көлді көргені де осы екен.

- Тау басында осындай ғаламаткөл бар деп кім ойлапты. Ғажап екен, - деп таңданды Дүйсенбай. - Айдын ғой, айдын.

- Біздің Тағылы-Бұғылы, Қотыр, Қызылтаулардағы жартас басындағы қазан шұңқырларда да су жиналып қалады ғой. Шайтанкөл дегенге сондай сулардан аз-ақ үлкен бірдеме ғой деп жүрсем, мынасы керемет екен. — Жанғұтты би де өзінің алған әсерін жасырмады.

- Мынаның түбі бар ма екен? Осынша су қайдан келеді. - Тас басына шығып малдасын құрған Дүйсенбай би өзімен өзі болып отыр. — Әй, оның сырын ешкім айта алмас, ол тек Аллаға ғана аян болар.

- Солайы солай ғой. - Жанғұтты би құптады. - Неге Шайтанкөл атады десейші. Айдыны мөлдір, суын ішсең болады. Айнала көмкерген тасының өзі қандай тамаша. Көрлен кесеге құйған сусындай. Маған салса, күміс көл дер едім.

Жырау ертеректе естіген бір аңыздың жобасын айтты. Осы маңға қазақ атаның алғаш келген тұсы ма, кім білсін, әйтеуір ертеректе осы көлдің сырына құмартқан екі жігіт көл басына түнеп жүріпті. Сондай бір күні түн жарым шамасында көл бетіне түскен ап-ашық жарықтан оянып кеткен. Күндіз екенін, не түн екенін білмей біраз абдырап, мең-зең қалыпта отырған. Күндіз деуге көтерілген күн жоқ, түн дейін десе, көл үсті жап-жарық. Осы біз өліп қалған жоқпыз ба деп бірін-бірі сипалайды. Қолмен ұстасып көрген соң, тіл қатысып, тірліктеріне сенеді. Тірі екеуі ғана емес екен. Жақын тұрған жартастың айналымынан тағы екеу шыққан. Екеуінің үстіндегі аппақ киімдері жалтырауық қоңыздың сыртындай жалт-жұлт. Ілгері созған қолдарының ұшынан қара түнді қақ жарған жарық шығып, көл бетін айнадай етіп тұр. Сонан соң біреуі суға сүңгіп кетті де, жоқ болды. Сүт пісірімдей уақыт өтті, әлі жоқ. Өліп қалған шығар деп сыбырласты мұны көріп отырған екеуі. Не ғажап, бір кезде суға кеткені көлдің бетіне шығып, әлденені былдырлап сөйлегендей болды да, көлдің бетімен мұздың үстінде жүргендей аттап кете берді.

Мұны көрген екі қазақ тілі байланып қапты. Тұруға да мұрша жоқ. Есеңгіреп отырғанда күн шығып, шекесінен күн өте ес жиып, ауылға келген. Көрген-білгендерін бірімен-бірі жарыса шатты-бұтты қылып зорға жеткізсе керек. Сонан айнала ел хабарланып, екеуінің ертектей әңгімесі жұртқа жайылған.

- Шайтан ғой, шайтан ол. Екеуін жын ұрып кетпеген қайта, ~ дегендер де көп.

- Пері болар. Елсіз мекенге солар келеді дейтін, - дегендер де жеткілікті.

Ақыры шайтан мен періден қорыққан жұрт түн баласы көл басына бармайтын болыпты. Сол заманнан бері Шайтанкөл атанса керек.

- Осы көл кейде бұлқынады дегенді естідім, - деп қалды Дүйсенбай.

- Ол да рас. - Шортанбай тас басына жайғасқан екеуінің бетіне қарады. - Сонау бір жылы таң сәріде тап осы жартас түбіне келіп отырғаным бар. Көл біртүрлі қарауытып жатты. Жалғыз едім, жүрегім сескенді. Бір мезгілде көлдің орта тұсы түбінен көтеріліп келе жатқандай бұлқынып қалды. Біртүрлі мылқау гүрс еткен дыбысты су жұтып, тұншықтырып жібергендей көрінді маған.

- Астағыпыралла, бір пәле бар шығар түбінде. - Жанғұтты тастан әрірек сырғып отырды.

- Болса болар, оны да бір Алладан басқа кім білер. Жәке, сіз тастан қанша сырғып қашқаныңызбен бұйрық болса, онан қашып құтылмайсыз, - деп Дүйсенбай қағытып күлді.

- Оныңыз дұрыс қой, Дүйсеке, жүректің сескенісі де. Белгісіз мақұлыққа жем болғаннан, ел ортасында ақ ажалдан өлгенге не жетсін.

Өлшеулі күнің жеткен соң,
Бұйрықты дәмің біткен соң,
Тәстіктей қазған бір жерге
Қырыннан кіріп сыйғаның,

- деп қалды жырау.

Шортекең Шайтан көлдің суына сүйсініп, аяғын суға малып көп отырып қалған. Көл суы суықтау еді. Суықтау болса да көз жасындай мөлдір көлді қиып кете алмай бөгеле берген. Бұл да болса пенде шіркіннің әлемнің әдемілігіне тоймағанының бір белгісі шығар. Әр жақсының шегі бар, шектен асса, ол шіркіннің де кегі бар. Белінің құяны ұстап, құрысып отырғаны соның нышаны да.

Құрыстырып отырған суықтың өтуі десе де іштей онан да зор, көңілді қида-қида еткен, еңсені тұралатып баса беретін күйіну екенін Шортекең жақсы түсінген. Суықтың бірінші тиуі ме, киімнің шаңын қаққандай сілкіп тастаса, аурудың қалмайтыны жоқ. Ішінді жегідей жеген мұңды айтсайшы. Сілкіп тастар шаң емес, жуып кетіретін кір емес,

оның емін қалай табарсың. "Қайда барсаң Қорқыттың көрі" дегендей, қай жаққа бет бұрсақ көретінің - қазағынның біртіндеп оппаға батып бара жатқаны.

Сонау бір жылы Ертіс бойын аралаған. Толқынында қазы қаңқылдап, үйрегі үйір-үйірімен сүнгіген Ертістен көз ала алмай сан тұрды. Кеш болса балығы судың бетін сабап, қиу-қиу ойнап, небір әсем күйге бөленеді екен. Шымырлап аққан арнасы кең өзеннің екі жағы шалғыны белуардан келген кең жайлау. Сөйтіп, мейірі қанып тұрғанда аузы-басын түк басқан біреу келген. Шикіл сары жүзін қырқылмаған сары ешкінің жүніндей ұйысқан жүн қаптап, ар жақтан өңмеңінен өткен көздің үстіне ұйлығып қапты. Сап-сары ұйқы-тұйқысы шыққан қылшық салбырап құлағын көмген. Сары қылшық қырқып-күзеуді көрмеген бе, аузының ішіне де кіріп, тұлкінің інін жапқан көдені еске түсірген.

- Не тұрыс? - деп сұрады.

Мынаны кім шақырды? Тұрсам қазағымның ен даласында, соның ауасын жұтып, әсемдігіне сүйсініп тұрмын. Мынаның менде несі бар деген Шортекен.

- Мен сенен не қып тұрсың деп сұрадым, - деген дауыс кіжіне жетті.

- Тұрмын.

- Неге тұрасың?

- Онда сенің не шаруаң бар?

- Көр, мынаны. Менімен сөз жарыстырғысы келеді. Ух! Сен .., - былшық сары аузына келген боқтығын ағытып жіберді.

- Сен, азамат, байқа. Осының үшін губернатор алдында жауап беріп жүр ме?

- Тапқан екенсің қорқатынды. Бұл менің жерім. Міне, былай.., - орыс қолымен нұсқап, көз жетер жердің бәрін көрсетіп шықты. - Маған берілген жер. Сен қайдағыны айтасың. Дегенмен дала қазағындай емес, орыс тілін біршама тәуір сөйлеп, мұның қокан-лоқысынан сескене қоймаған адамнан былшық сары тайсақтағандай. Шортекен енді өзі таң қалды. Мынаның айтып тұрғаны рас болса, рулы елдің малын жайып, мекен ететін аймағын бір өзі иелік еткен. Орыс алғаш келгенде "қанша жер жүгіріп өтсең, сонша жер сенікі" деп, бізді қуып тастап мұжыққа алып берді деп башқұрттардың айтқан мұң-сырын жырау сан

естіген. Сонда, бұл қалай? Қазаққа да сол қорлықты керсеткені ме?

- Бұл жердің бұрынғы иелері - қазақтар қайда? - деуге жырау тілі әрең келді.

- Хе! Сұрайсың. Мен оны қайдан білемін. Жерді маған берді, мен оларға кет дедім. Көңгілері келмеді.

- Иә, сонан соң.

- Не сонан соң? Біздің ояз отряд жіберді. Шетінен сабап, тас-талқан еттік. Әлгі бір зачинщик дегендерінің қол-аяғын кісендеп, айдап әкетті. Міне, солай. Күш бізде, - деп масайрады мұжық.

Жыраудың іші қан жылады. Басына осыншама ауырлық түскенде елінің сөзін сөйлер біреудің болмағанына налыды. Торғай екеш торғай басына күн туса бұтаны барып паналайды. Бұл халықтың торғай құрлы болмағаны да.

- Бала-шағалары қайда кетті? - деп еріксіз сұрады.

Мұжық әуелі иығын қиқаң еткізді де темекісін өзегіне аштық түскен қозыдай құмарлана сорды. Көп нәрсені сұрағыш қазаққа сығырая қарады.

- Дала кең ғой, кеткен шығар қаңғып. Бірен-сараны осындағы мұжықтарға жалданды. Күн көру үшін. Нан керек қой, нан. Хе, бірақ бұлар нан дегенді білмейді ғой. Қасқырша ет жеп, биенің сүтін ішіп жүргендер ғой. Қырғыздар. Өздерін қайсақ дейтін көрінеді.

Тападай тал түсте мынадай ен жайлауды тартып алып жатса, мал баққан қазақтың күні не болмақ. Мындаған малын қыста түстікке, жазда сонау Құлындының даласына дейін айдаған қазақтың көш жолының табанына ор қазылып, бекітіп тастағалы қай заман. Онысына да көніп, тау-таудың қойнауын, ойпаттың ен жайлауына орныға бастап еді, ендігі көрген күні тағы зобалаң. Келімсектер алып жатыр. Алған сайын ішкі Ресейден үсті-үстіне келіп жатыр. Бұл неткен тойымсыз жұрт, Жалғыз тойымсыздық па екен? Жоқ, мұнда тереңге кеткен арам саясат жатыр. Қазақ ел болсын деген пиғыл жоқ.

Ертістің бойы ен жайлау,
Көшіне түсті бір байлау.
Алғанын мұжық аз дейді
Жер қосып тағы жаз дейді.
Келіп те қапты төресі,
Жоқ шығар бізге бересі.

Шортекеңнің төгіп жіберген бір шумақ өленін түсінбеген мұжық аузындағы темекісін алды.

- Не? Не? Не айттың сен?

- Оның саған керегі жоқ. Керегінді алып болғандайсың ғой.

- Неге өз тілінде сөйлейсің.

- Мен орысша да, татарша да, өзбекше де білемін.

- Қара өзін, - деп танданды мұжық.

- Қазақ жеріне келген екенсің, сен біздің тілді үйрен.

- Керек еді ол маған. Әлі бәрің бізге құл боласындар, орысша сөйлейтін етеміз.

Аузына түскен мұртын, мұртына ана сәңкиген мұрнынан аққанды қоса сорған, оқуы да жоқ, тоқуы да жоқ мұжықтың айтып тұрғаны мынау. Өзінің миы жеткен сөз емес, солай дегізіп, сендер мықтысындар, олар құл болуға тиіс, болмаса жер бетінен өшіп кетсе мейліні үйретіп тұрған әрісі Мәскеудің, берісі ояздың ықпал-құдіреті. Шортекеңнің жанына батқан, жүрегіне шаншудай қадалған осы арам ниет.

Мұжық мардамсып, кісі болғансып шырт түкірді де, мұртына жұққанын алақанымен сыпырды. Жөткірініп, тағы қақырды. Қақыреаны бүкіл даланың бетіне, онда өмір сүріп жатқан еліне жынын құсқандай Шортекеңнің көкірегі удай ашыды. Дойыр қамшымен салып өтіп, соның көк-жоса ізіне құрт құйғандай денесі құрысты да, көзіне мөлт етіп жас келді. Әйтеуір бұл осалдығын теріс айналып кеткен мұжық көрмеді.

Ертістің бойында бағы заманнан исі қазақтың түйесімен келіп, тұз артып әкететін жер болушы еді. Оған да ие табыла кетіпті. Ие болғанда да жеті атасы ма, жетпіс жеті атасы ма, осы жерге терленіп, соларға тәуіп етіп, жылына құранын оқытып, масайрап тарасатын қазақ емес, ол да түксиген біреу. Е, Алла, бұл ішкі Ресейдегілердің бәрі түксиген бе, әлде кісі шошырын осы жаққа айдай ма екен. Мұнысы да аспанды өзі тіреп тұрғандай өзінше құдіретсінген.

Баяғы қазақы әдетпен тұз алуға келген қазақты ат бауырына алып қарсы алыпты. Түйеге артқан теңін тіліп жіберген. Әдейі ме, әлде оқыстан ба, орыс пышағының ұшы теңнен өтіп, түйенің қабырғасын да ырситып өтіпті. Бақырған түйе, төгілген тұз. Шортекең осының үстінен түсті.

Жыламсыраған қазақ қан-жоса түйесін шөктіре алмай әлек. Өзін Метреймін дегеннің тұздай көзі аязды күнгі жұлдыздай шақырайып, қарып өтетіндей.

- Бізге пана бар ма?- Мыж-мыжы шыққан, сатал-сатал қазақ бетін сүртті. - Мен ... мен болысына, оязға барамын.

- Анаған бар. - Метрей таяғымен аспанды нұсқады. - Саған ол да менмін. Ояз дейді ғой, бейшаралар. Ояздың кім екенін түсіне алмай жүр екенсің. Ояз деген де менмін Қайда барасың? Бір-ақ жол қалды саған, ол мынаның асты, мына қара жер.

- Сен байқап сөйле. Заң-закон бар. Кімде-кім заң алдында жауап береді, - деген Шортекеннің дауысы қаттырақ шығып кетті.

- Байқауымша оқығаның бар адам сияқтысың. Киім киісің, өзінді ұстауың басқадан бөлек. Бірақ сен араласпа. Сол сен айтқан закон менің жағымда. Қазақ жері - патша ағзамның меншігі. Ол ұлы мәртебелім бұл жерді кімге береді, соның билігінде. Тек сол ғана шешеді. Туземецтерге деген жер жоқ. Енді жер біздікі. Патша ағзам шығарған хукіммен бұл жерді мен алғанмын. Ешкімнің енді оған аттап басуға хақысы жоқ.

Иен даланың тұзының табан астынан табыла кеткен иесінің сөзі осы. Жер құдайдікі, оның байлығы құдай жаратқан бар пенденің ортақ дүниесі деп таныған қазаққа бұдан бөтен сөз көңіліне кіріп көріп пе. Үйір-үйір жылқысын, отар-отар қойын бағып, не ішіп, не киерінің қамын жемеген қазақ тұз сатып көріп пе. Бар байлығы - масайраған тірлігі. Кең даланың төсінде еркін жортып күнін өткізгенелге тұзды меншігіне алу қажеттілігі болып көрмеген. Қажетің болды, бардың-алдың. Кім қолынан қағып, жолына тұрыпты. Заман, заман. Қазақ жайылып, жадырап, кім көрінгенге аңқылдап құшағын жайып күн кешкен халық болса, мына күнбатыстан келген жұрттың өмір сүру тәсілі өзгеше. Бұлар да бәрі меншік, бәрі сатулы. Аңқылдамайды, не ойы болса да ішіне бүгеді Жатқа қол ұшын бергеннен гөрі, оны суға итере салуға бар. Шықса шығар, шықпаса тұңғыыққа кетер дегендей.

- Ай, дүние-ай, түлкідей құбылдың-ау, - деп күрсінген жырау. Не тосып тұр халқын енді. Мыңдаған жыл өз қалпымен, өзінің өмір сүру жобасымен ғұмыр кешкен қазақ пен күнбатыстың өмір сүру тәсілі қабыса ма. Екеуі екі

жаққа тартқан кереғар. Екеуін бір жетекке салып, мойынағаштың екі басына жегіп, көшті сүйреуге бола ма. Болмаса қазір ұтылып тұрған қазағының күні не болады? Мал өсіру үшін ғасырлар бойы қалыптастырған көш жолына келімсектер бекіністер салып, шекара түзеп өткізбейтін етіп тастады. Енді қазақтың малы өшпесе, өспейді. Малдан сытылған қазақтың қолында басқа қаруы жоқ. Қайда барып күн көреді. Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрердің кебі осы болмаса еді.

Қарқаралы сірескен казак-орыс. Орманына да, басқасына да ие солар. Жұлқысып та, әдісін тауып аз-мұз күн көріске ие боп қалған татар-туысқандар бар. Олар бұл казак-орыстан тепершіті талай-талай уақыт бұрын көріп, өмір сүрудің жана тәсіліне біраз икемделіп қалғандай. Сонда да оларға билік тимейді.

Ботақара, Шешенқараның бар шұрайлы жерін ондағы қазақтарды ығыстырып тастап, казак-орыстар басып қалған. Кешегі мал жатқан аймақ бүгін аркасынан таспа тілгендей тілім-тілім. Оны көрген казак жылаулы.

Ата-бабамның жері еді. Бұлағында мен тудым, енді оған аяқ бастырмайды.

- Қайран, Ботақара.

- Шешенқараның басына бір шықсам, - деген сол манның қазағына тізесі батып отыр. Бермеймін деп қарсы шыққан жалғыз казак Сапы екен. Қақ сойылды көлденең ұстап, сабымен келе жатқандардың ортасын жарып өткен. Бір өткенінде екі-үшеуін аттан түсіріп-ақ кетіп еді. Онан не пайда, гүрс еткен мылтықтың үнін ғана естіді. Жалғыз оқ ұртынан кіріп, шығып кетті. Жалғыз қазақтың ортасына еніп, біразын жайпап өткенінен де, оның саудырап түскен тістерін алақанына түкіріп сала салып, қайта ұмтылған ерлігінен де сол жолы казак-орыс шошыды.

- Қанды ауыз казак, қайт! Қайт! - десті. Мына жалғыз аттының көзсіз ерлігін көріп сай-сайдан намысқа тырысқан казак ұрандап шыға келер деп қорыққан.

Сойыл ұстаған бір қазақты алдап-сулап, өйтіп-бүйтіп тыйды. Келіскен болды. Атқа мінгеннің ашуы басылған соң, көзін алартын отырып, казак-орыс өзінің дегенін жасады. Көзі жыпылықтап, тағы аузын ашып қалған дала жұрты. Осы жерді алдым, тойдым деп отырған тағы келімсектер жоқ. Алған сайын араны ашылып, түйе түгілі түкті даланы жұтып жатыр.

Жаудан қорықпағанның талайының жүрегі шайқалысты. "Ойбай, жерім" деп от басының күлін сабағаннан басқа амалдары қалмаған Мықтының бірі Бөде еді. Батыр Бөде, сері Бөде, пірөдар Бөде атанаған ер тұлғалы азаматтың Шортекең ауылына шауып келіп, мұңын төккеніне де көп болған жоқ.

- Жерден айырылатын болдык, Шортеке, - деген Бөде төр алдына бір жамбастай қисая бере.

- Солай де. - Шортекең ызасын төге келген Бөденің бетіне қарап, әңгіменің ар жағын күткен.

- Тағылы, Бұғылының арасына көздерін қадапты мына келімсектер. Бұл жұрт енді қайда қаңғиды. Өз жерімізден өзімізге топырақ бұйыртпайтын боп бара жатыр.

- Сазенбай, Кешубай, Тастемір, Өмірбай, - деп жырау ойланып қалған.

- Дұрыс айтасыз. Бір жағы Үңірек, онан әрі Сарысудың бастауынан анау өкіргенге дейінгі дала деп естідім картаға түсіргендері. Мына жаңағы өзіңіз атаған төрт рулы елден басқа Токадан кіретін де біраз ауыл бар.

- Рас болса, халыққа бұдан артық зорлық бар дейсің бе?!

- Рас боп тұр ғой. Шұрайлы жер - мұжыққа егін салуға таптырмайтын аймақ. Мұжықтың іздегені де сол ғой. Біз сол жерді игерер едік, қолда не соқа, не басқа құрал-жабдық жоқ. Оларға өкіметі көмектесіп, соның бәрін несиеге беріп жатыр. Біз қайдан аламыз. Оларда бар дүние-мүлікке көзімізді сатып қала береміз. - Бөде қамшысына сүйеніп қайта бас көтеріп отырған.

Көпір бүркіт, біз түлкі

Аламын деп талпынды, -

деп қалды жырау.

- Иә, иә! Дәл айтасыз. Біз түздің тағысы болдық. Бірақ түз тағысын да "әй, осы таудың аңына тиіспендер" деп қорғаушы еді. Біз одан да жаманбыз. Жалғыз адамның емес, рулы ел, онан да әрі тұтас тайпаны босытуды мақсат тұтқаннан басқаны көрмей отырмыз.

- Енді барар жер қайда? - Шортекең төмен қарап, түңілгендей қос алақанын жайды.

- Байтақ даланың шеті Тайатқан-Шұнақты Ағыбай бастаған шуыртпалылар отыр. Онан әрі ұшқан құс ұя салмайтын шөл. Не өзені, не бұлағы жоқ қу медиен. Онда осы жұрт қырылам деп бармаса, басқа күтіп тұрған ештеңе

жоқ. Мына өкіметтің ниетінің өзі бізді сол Бетпақтың шөліне айдап тастау ма, кім білсін. Беттерінен түңілдім.

- Ағекене менен сәлем дерсің, Бөдеке. Бірақ ондай күн халықтың басына түссе, босыған жұрттың көшінің ішінде болармыз. Табан тірер жерді бірге іздерміз. Ағыбай батыр елді еңіретіп қоймас, ол да сол өзі мекен еткен маңнан сырылып орын берер. Оны кезінде көрерміз. - Жырау болар істі қарсы алуға белін бекем буған ниет танытты.

- Өз жұрты зорға сыйып отырған маңнан батыр жер берер-ау. Қаңғытып қоймас бізді. Бірақ жер тарылған соң, ниет те тарылады ғой. Елдің ырысы - мал. Малдың ырысы - өріс. Өріс жоқ болса, мал да жоқ. Мал қырылса, қазақ қырылады дей бер, Шортеке.

- Мен өзінді тек батыр Бөде деп түсінуші ем, ар жағын терең, сұңғыла екенсің, Бөдеке, - деп жырау Бөденің болашақтың қамын ойлағанына риза боп қалды. - Мына өкіметтің ойлағаны тым әріде жатыр.

- Е, - деді Бөде еңсесін бұра.

- Қазақтың басы бірігіп кетпесін дейді.

- Сондағы амалы не?

- Жерінен айырылған рулы ел еріксіз басқа ағайынды сағалайды. Өзі де жетісіп отырмаған ағайын алғашқыда ниетін танытқанымен, келе-келе жер үшін, мал үшін араздасады. Араздық бір кірген соң оның өртін өшіруге ғасыр уақыт керек. Мына өкіметке қажеті де сол. Уақыттан ұтқаны - бізді мәңгі кіріптар еткені. Жай кіріптар болып қойсақ, ол да жақсы. Әуелі дінінді жойып, артынан тіліңді тоздырып, ақыры ұлтыңның біржолата атын өшіреді.

- Астағыпыралла, - деп Бөде- шегіншектеп қалды.

- Көздегені осы ғой.

Сусын ішіп Бөде жүруге жиналды. Күмістелген ұзын кісесін беліне тағып жатып:

- Шортеке, мына жағдай ішіме сыймаған соң сізге келдім. Айтқаным көптің мұны, соның сөзі. Сіз бір шара табар дегендіктен емес, сөзімді ұғар, көңілімді түсініп дем берер деген оймен жеткен едім, - деген. Бөде ұзай бере Шортекең:

Кәпір бүркіт, біз түлкі,
Аламын деп талпынды.
Жаудан зорлық көп көрген,
Өлісіп, ерлер алқынды.

Мың-мың жылқы айдаған,
Сары қазы шайнаған,
Қымызын судай сапырған
Оны ішкен соң мас болып,
Аюдайын ақырған,
Қимасақ та алдырдық,
Адыра қалған Арқадан, -

деп, жолаушының сонынан ұзақ қарап тұрды.

Бөденің соңынан қадалған көзі Қарқаралының тар көшелерін қуалап кеткен. Тар көшенің өң бойы ығы-жығы халық. Қазағынан орысы көп қаланың өмірін түсініп болмайсың. Әріден туыспаса да тағдыр шіркіннің әмірімен бір-біріне таып қойған екі жұрттың тілеуі екібасқа. Біреуі үстем болсам дейді, оған жол тимегені нөқтадан қайтсем құтылам деген тілектен. Аңдыттырып қойған тағдыр төсекте де, төскейде де табыстыра қоймас.

- Ассалаумағалейкум.

Шортекен атын кермеге байлап, бері беттеген адамды байқамапты. Қара санына жетерлік саптама етік киген кісі қорбаңдай басып, алыстан қолын созған. Тосырқанқырап барып:

- Ей, сен Көбентайсың ба? - деген.
- Мен ғой, мен, Шортеке.
- Ел аман ба?
- Аман, аман.

Сары қымызды сапыра құйған. Көбентайдың қымызшыл екенін ертеден біледі. Сапырған сайын бабына келе берген балдай сусынды Көбентай да асықпай ішіп, ел арасының ұсақ-түйекәңгімесін қозғаған. Сырт көзге ел арасы бүтін. Құда түсіп, келін түсіріп, ас пен той жасап жатқан тірліктей. Анда-санда жастардың бата аттап, айттырып қойған қызды алып қашуы ғана бір сыдырғы тірлікті бұзып, азды-көпті дүрліктіру туғызғандай. Ана, Керней ішінде Бейсеннің Көзбала есімді қызын алып қашып, ағайын арасы біраз араздасқандай болып, арты татулыққа ұласқан екен. Бас жарылса, бөрік ішінде деген баяғы тірлік. Сонда да жыраудың жүрегі елегізиді. Осы тыныштық бір күні шарт етіп сынып кетер шөлмектей көрінеді де тұрады. Неге деп іштей сан ойланған. Енді, міне, соның бір жауабын Көбентай аузынан естіп отыр.

...Кәдір Көбентай ауылы атақты бай болмаса да өзіне жетерлік ырысы бар ел қатарында. Жылқыны іңірттеп

келген Көбентай кештете оралып, қисайған. Ертемен өрістегі жылқыны айдап келуге кеткен жігіт бөлектеу жайылатын алты атты таппай айнала сай-сала, өзен ішін кезіп түске дейін іздеді. Сонан көңіліне күдік кірген. Алты аттың жоғын Көбентай талтүсте естіді. Солардың ішінде атақты жүйрік Түйтенің Көкшағырының тұқымы шағыр құнан бар еді. Судай жорға құнанды күнде көз алдынан өткізіп, мүшесіне сүйсініп, келер жылы байтал үйіріне салсам деп жүрген.

- Япыр-ай, ә, - деп Көбентай желкесін қасыды.

Ұрлапкетті деуге ауыз бармайды. Қазақта барымта болса да ұрлық жоқ. Барымта жасайтындай бұл ауылдың ешкіммен егесі жоқ. Біреудің жесірін алып қашып, теңдік бермей отырса, не басқадай ел арасын бұзар қылық істесе ғана қазақ әділет іздеп барымтаға барады. Айдап алған мал араға ағайын билік айтқан соң шып-шырғасы шықпай қайтарылады. Көбентай ұзақ ойланды. Ұрлық болғаны ма деді іштей. Соңғы кезде қазақ арасында осындай өрескелдік бар дегенді құлағы шалған.

Із кесті. Із Алмалыдан өтіпті де Қатпар ішіне кіріпті. Қалың шулы Қатпар ішінде біраз бой тасалап, Жалпақ саздағы Қожа ауылының сыртымен өтіп, Қаракемерге еніпті. Ұрының саны екеу екенін де іздерінен болжады. Біреуі тағалы ат мініпті. Қазақтың атты тағалап мінуі сирек жағдай. Сонда бұл кім? Орыс деуге келмейді. Орыстың ілік тауып, бас салып шауып алуы болса да, жасырынып келіп ұрлықты істеуге жүрегі дауаламайды.

Қаракемерден өте ұры адастырмақ болған із тастауын доғарып, бетті Қарқаралы жаққа бұрған. Тағалы ат мінгені ендітүсінікті. Қаланың казак-орысымен араласы бар біреу екені анық. Көбентай ақыры қалаға жақын шек-шек ауылына алты аттың ізін кіргізген. Аттың бірі сойылыпты. Ит жұлмалап жүрген бас терісінен өзінің шұбар атын таныған. Ұры дес бермеді. Орыс әділдік айтар деген үмітпен қаланың шенеунігіне барған. Ол ұры деген жігітті алдырып, тексерген болды. Ақыры дәлелің жоқ-қа ойысты.

- Ізбен қуып келдім. - Қазаққа басты дәлел сол.

- Дала толған мал. Кімнің ізі екенін айырып болмайды.

- Атымды бас терісінен танып та тұрмын.

- Ит жұлмалаған теріні иемденіп, - деп орыс тісін ақситып, қаркылдап күлді.

Ақ-адал малына дәлелі болса да қолы жетпей, көшенің шаңын жұтып жүргенде, осында бір топ би-болыс арасында Шортанбай жырау жатыр дегенді естіп, ақыл сұрай келген беті екен.

- Ым, - деді жырау түйіліп, - орыстан енді әділдік таппайсың.

- Неге? - деп Көбентай шара толы қымызды қоя салды.

- Олардың көздегені де сол.

- Неге өйтеді?

Қазақтың басы бірікпей, бір-бірімен дауласып, жауласып жүрсе, оларға үстемдік етуге жеңіл. Сол үшін де әдейі араздастырып, әділіне бармай, бұзақыны қолдап отырады. Бұзатарлар шеттен шығып, ел іші бұзыла түседі. Елден бірлік кетсе, өзінше ара түскен болып, қаланың казак-орысы дегеніне жетіп жатады.

- Онысы да бар екен ғой. - Көбентай Шортекеңді жаңа көргендей аңырая қарап, таңдана басын шайқады. - Енді не істеймін?

- Әділ биге төрелікке барғаннан басқа жол жоқ.

- Әділ би дейсіз бе? - Көбентай орамалын алып, тершіген бетін сұрткен. Дауысында сол айтқаныңыз таптыра ма деген сауал жатқандай.

~ Мына заманда би атаулының да азып бара жатқаны бар. Үмітсіз ел емеспіз ғой, қазақы жолдан адаспағандар әлі табылады. Зорлық пен зомбылыққа әзірше біздің қарсы қоярымыз да - ата-бабаның көне жолы.

Қарқаралының биігіне ілінген бұлт бауырынан жыртылып, еңіске қарай жөңкіле көшіп барады. Өмір де осы кешкен бұлттай жақсылық-жамандық кезек алмасып жатқан уақыт. Үміт-түңілу, сәтсіздік - бір сәттік қуаныш, қайсы алдыңнан тосып тұрғанына көз жетіп бола ма. Рахметін айтып Көбентай кетті, орыс-шенеуніктен түңілді, қазақы би төрелігін айтқанымен, соны орындата қоюға енді мүмкін бола берер ме.

Мына қиындық жалғыз Бесатаның басында емес. Анау Қызылжар, Көкшетау, мына Кереку, Зайсанда өзі білетін қазақтың басына төнген құқай. Ішкері жақтан арбасын сүйреп келіп жатқан мұжықтарға қазақтың шұрайлы қонысын тартып әперу үйреншікті етене шаруа тәрізді. Орыс ұлығы күледі, мұжық мұртын сипайды, жылайтын қара қазақтың баласы.

Жауыртаудың, Нұраның біраз саласына мұжықтар кент салған. Жерінен айырылған сол тұстың Қуандығы мен Сүйіндігі арысы әрі, берісі бері қарай жылжыды. Бір атаның баласы Қаракесек-Қуандық арасында бұрын да өріс пен жесір үшін дұрдараздық туып қалатын. Енді ол да өршіп тұр. Екі елдің арасына жер дауы деген отты жағып, енді соның шоғына қыздырынған. Ақмола, Қарқаралы дуандарының ояздары дауды бітістірмек екен деген сөз шықты. Алакөздіктен шаршаған Қаракесек те, Қуандық та көне кеткен.

- Өздері де бітімге келсін, - дегенді ұстанған екі ояздың да ішінде "жұлыса берсін" жатқан. - Төбе би сайландар.

Төбе биге Көбей ұсынылды. Екі елдің дауын шешкендей атақты билігі болмаса да, ояздарға Көбейдің табанының бүрі жоктығы, ыңғайға иіле кететіні ұнаған. Ақмола оязы Қуандық жағының сөзұстарларын шақырып:

- Билікті өздеріне бердік, - дей отырып, "Асатып жіберіңдерді" емеурінмен танытты. Қарқаралы жағының оязы мұны көрмегенсіді. Төбе би жатқан үйге түн баласы дамыл болмай кетті. Ыбыр-сыбыр көп.

- Ояз андып отыр, басым кетеді. - Көбей көнбегенсіді.

- Ол жағын бізге бер. Ол орысыңның да көмейі тесік қой. Алдарынан сан өткенбіз, жең ұшынан орыс та жалғаса беретінін көргенбіз

- Өзіне үш жүз қой.

- Тәйт!— деп ыршып түсті Көбей. Бұғылының бүкіл сыртын, анау Кәрсөн, Керней, Қояншытағайдың анасы саналатын сұлу Бике мазары жатқан жерді осынша арзанға бере саларына өзі де шошынған сияқты.

- Мынау қайдағыны айтады, - деп Қуандықтың сөз ұстағаны әуелгіге жекірді. - Бес жүз саулық. Астына күміс ертоқымыменат. Басына ақ орда тігеміз.

- Қойынына тап бүгін келіншек, - деп қалды әуелгі.

- Е, солай деп сөз түзесейші.

Төбе бидің билігі айтылды. Жұрттың бетіне қарай алмай жасқаншақтаған Көбейдің үні шықпай, жөткіріне берді.

- Ау, билігіңді айт. - Жұрт у-шу. Бәрінің көңілі күпті. Аларын алып, алдап соғып кетті ме деп Қуандық жағы әсіресе қобалжулы.

- Мен айтсам... Мен.., - Көбей күмілжіді. - Шекара Атамсайынан болсын.

- Уай, бәрекелді, - десіп Қуандық жағы мәз.

- Не дейді? Не деп тұр, мынау? - Қаракесектер қағыс естідік пе дегендей бірінен бірі сұрап әлек. Атамсайы дегені Бұғылыны қақ бөліп беру ғой. Сонда анау Батық, Ақой, Дарияны беріп қойғаны ма. Бұл деген жалпақ жатқан Қояншытағай рулы елі жерінің үштен бірі қас пен көздің арасында басқаға кеткенін мойындау.

- Қарқабат! Қарқабат! - Сүйегі онтүстіктің бір жерінде деп еститін ғасырлар қойнауында қалған ананың атымен ұрандап Қаракесек шыға келді. Ел дүрлікті. Лезде "атқа қонып шыға келген жұртта сан жоқ. Осындайға күні бұрын дайындап қойған екі ояздың да казак-орыстары мылтықтарын сарт-сұрт оқтап, кезене қалған. Сонда да ұрандасып жатқандардың басынан асыра жүз қаралы мылтықтан екі дүркін оқ атылды. Күркіреген мылтық ес жиғызды. Әлдебір ашушаң шалдың ащы дауысы қиқылдап барып сөнді. Енді не деген тыныштық орнады.

- Жетер, - деп ақырды Қарқаралы оязы. - Атамсай, Атамсай. Ендеше жерді онан да бері бөлемін. Құсмұрыннан кетеді бөлік.

Қарқаралы оязы ашуланғансыды. Оған қолын ұсынған Ақмола оязының езуінде мысқыл жатыр. Мыналарды "қатырдың" дегендей көзін қысты. Сақал сұраймын деп мүйізден айырылыптының керіндей, тағы бір алқапты қарсы жаққа ояз ұстата салғанына өкініп, көк мылтықтан сескеніп, Қаракесек жағы аттарының басын кері бұрып, келген-келген жағына тарасты.

Сол жылдың күзінде Көбей мінген ат жоғалды. Қыс қатты болды ма, әлде күтуі кем бе, төбе би болып тапқан отарлы қой олжасы бір қыста қырылып, көгені бос қалды.

- Елдің қарғысы тиді, - десті ырымшыл казак.

Туған жердің топырағы кімге де болса қымбат-ау. Мекен еткен сай-саласын, суын ішкен бұлағын кім қиып біреуге бере қояр дейсің. Мына Қарқаралыға ел жақсылары дегеннің жиналып келіп, апталап сіресіп те, тіресіп те жатқаны соның кепіеті, сол жерге шолақтау болса да ие табамыз ба дегендік. Ел мен жердің түп-түбін ойлаған да, билікке бір мініп қалсам деген құр кеуде де осы жерден табылған.

Қазақ елбасысыз кеткен лақпа асау халық емес еді. Елін билеген де, үмітті жолға сүйреген де ханы болған. Ру-ру

боп таласып, қалың елден береке кетпес үшін хандарын тек Шыңғыстан тараған төре тұқымынан сайлаған. Ғасырлар осылай болған, осылай бола да бермек еді. Бұл орысқа ұнамапты. Ұнатпапты қазақтың хандарын. Ханы бар ел-көсемі бар жұрт. Ханы бар ел - өзі жеке мемлекет деген сөз. Орыс осыны әуелден ұққан тәрізді.

Әуелде кіші жүздің хандары өздерін орыс патшасы бекітетін жаман әдетке мойынсұнып қалды. Дәніккен қарсақ құлағымен ін қазады дегендей, онан соң орыс билеушілері кіші жүз хандарын қалпақша айырбастады. Орта жүздің көргені өгізге туған күн бұзауға туадының кері. Бар қазақ ұлы хан деп таныған Абылай қайтыс болғаннан кейін оның тағына отырған Уәли әкесінің ісін әрі қарай өрістетіп кете алмады. Тізгінге ие бола алмаған осы ханның тұсында орыс емін-еркін ене бастап, ел ішінде ырың-жырың көбейді. Уәлидің орнына отырмақ болған, әрі батыл да іскер Ғұбайдулланың орыс қол-аяғын кісендеп, Сібірге айдады. Осы тұста орыс патшасы хандықтың нығайып кетуінен сескенгенін. Мұның ақыры Қасымхан бастаған наразылыққа әкеліп, соңы Кенесары ханның ұзаққа созылған соғысымен аяқталғанын Шортанбай жырау әлдебір мұңды күйді шертіп отырып есіне алды.

Жыраудың бабымен шерткен күйін тыста тындап тұрып, еппен төрге озған Дүйсенбай би бұзбады. Заманында "Жиырма бес" деген ән шығарып, өнер танытқан жыраудың күй де шертіп жіберетін қасиеті барын білетін. Тіпті, осы маңның жігіттерінің "Шортанбай" күйі деп шертіп жүргенін де естіген. Талғамы көп, ойлы күй біте Шортекең домбырасын керегеге сүйеді.

- Ел аман ба, Дүйсеке?

- Аман аман-ау. Тек осы орыстың бізді тықсыруы ұлғайып бара жатыр ма, қалай?

Көппен көрген селебе,

Селебені елеме,-

деп қалды жырау.

- Естігеніңіз де, оқығаныңыз да көп қой, Шортеке. Осы жұрт Абылайдан соң не істеген осы? - деп сұрады Дүйсенбай би. Жырау сәл ойланып барып жаңа бір әңгімені бастаған. Ол заманды біз көрмедік, бірақ үлкендер айтушы еді...

...Абылай ханның заманы қалмақпен қырғын соғыс болса да енді бір оңалған іс - сауда ісі өрістеген. Дала қазағы

өндіріс бұйымдарына зәру. Сол зәрулікті түстік жақтағы қалалармен, әрісі өзбек ағайындармен сауданы өрістетіп, саудагерге қауіпсіз жағдай жасап, іске асырған. Әлгі Бекболат батырдың Алшағырға өкпелеп, екі адамын итке айырбастап жібергені де осы Абылай хан дүниеден өткеннен кейін болған. Қазаққа ғылым-білімнің аса қажеттілігін білген Абылай хан батырларына оқу ісін де тапсырған екен. Түйте Жарылғап батыр Түркістаннан екі баланы алып келген. Бірі Хазірет Әліден тараған Сейд қожалары, екіншісі Хазірет Әбу Бәкірден тараған ұрпақ екен. Осы Бесата ішіндегі Айтбай-Ораздар солар. Көбі Керней ішінде. Қарасуда алғаш мешіт көтерген -де осы Айтбай-Ораз.

Уәлінің тұсында орыс казак жеріне дендеп еніп, отысуы мол Көкше, Қызылжар, Төмен жакка жібермеуге айналды. Орыс патшасына Уәлінің "мұның не" деуге шамасы келмеді. Иі жұмсақ Уәлі хан үндемегенімен, казак қарап қалмады. Осы Бесатаның Түйтесінің Баубек батыр бастаған қолы сонау Қызылжарға дейін барып, жортуыл жасап тұрды. Бір жолы Баубек батыр күз айында аттанған екен. Қайтқанша қыс түсіпті. Жанына ергендер санаулы ғана болса да, сайдың тасындай бекем жігіттер. Айдап келе жатқаны казактан тартып алған мұжықтың малы. Бекболаттың жортуылынан запы болған жандарал жүріс жолының бәріне бақылау қойыпты. Қыстың алғашқы қыраулы боранында Есілдің жағасында дем алып жатқан жерінде казак-орыстар қапылысын тапты. Боран казак-орысқа байқатпай келуге мүмкіндік жасаса, ұйытқыған ақ түтек енді кімнің-кім екенін де білдірмей жіберді. Шабылған қылыш, ыңырсыған үн ұлыған боранмен ұласты. Гүрс-гүрс атылған мылтық оғының кімге тиіп жатқаны белгісіз. Мұндай аласапыранды күтпеген казак-орыс енді казактарды сескенту үшін гүрсілдетіп жатқанға ұқсайды. Баубек батыр мойындарына сарыала шүберек байлаған ежірейген екі казак-орыстың қылышын қағып тастап, арасынан өте бере ту сырттарынан турап өткен. Сол бетте ақ түтекті пана етіп, соңынан ергендерімен жау қоршауынан шығып кетті. Біраз жігіттері шығын, өзіне қаңғып келген оқ тиіп, сол қолы топшы тұсынан сынғанын ертесіне ғана білген.

Бұл Баубектің соңғы жорығы болса керек. Дүниеден өтуін де ел аңыздай жеткізген Батыр таң алдында қиналып

жатса, өрістегі жылқы жақтан бір қарайған ауылға қарай шауыпты.

- Бұл кім екен? Баласына хабар беріп үлгерген жоқпыз, - депті туыскандары.

- Е, ол менің кер атым болар, - деген екен батыр.

Өмір серігі кер ат Баубек жатқан үйді үш айналып, батырдың тұсына келіп, шөкесінен жата кеткен екен. Сол мезетте батыр да жан тапсырған. Ел қаралы боп жатқанда осы жұртты бір сынауға келген Қуандық Алшағыр қаралы туды көріп, бауырымдап шауыпты.

- Қатарым едің, сынасарым едің, сыңарым едің, енді маған сендей замандас қайда? ~ деп дауыстаған Алшағыр жұрттың бәрін жылатыпты. Сөйтсе осы ауылға тағы бір аламан келіп қапты. Алшағыр батыр қолын атқа қондырып, осы ауылды қорғап, аламанмен айқасып кетсе керек.

- Шіркін, бұрынғының адамдары-ай, - деп тамсанды Дүйсенбай би. - Ал, әлгі Нұрбай мен Ес батырдың кездесіп қалуы осы шама ма?

- Ол оқиға сәл ертерек, Абылай қайтыс болғаннан сәл кейіндеу өткен. Қазақ-қалмақ соғысы кезінде бірлік танытқан елдің Абылай қайтыс болған соң қожырай бастауының басы тәрізді.

...Алсай-Нұрбайдың Нұрбайы да Абылай ханның жасағының қатарында біраз ерлік көрсеткен. Нұрбайда асып бара жатқан дәулет жоқ. Соғыс кезінде малға қарауға да мүмкіндік шамалы. Мал - көңілдің құрты, көздің жауы. Нұрбай мал алу үшін сонау Қытай өтіп кетпесе де, сонан бергі жерді шарлап, ата жау қалмақты іздеп біраз жортқан. Қытай әскері қалмақтың бесіктегі баласына шейін найзасына іліп құртып жіберді деуші еді, осы жолы оған әбден көзі жетті. Кешегі қалмақ елі мекендеген жерде қаңыраған жұрт жатыр. Қаңыраған жұртта әлде адамның, әлде өлексенің сүйегін кемірген қаңғыған ит қана. Олжа іздеген Нұрбай сол маңның қолына іліккен малын алдыға салып, елге бет алған.

- Олжалы бола алмадық, - деп соңына ергендер ішінде қыңқыл көбейді. Бір қушықеш "Мына қаракесектің екі жігіті ұрлыққа барып, қолға түсіпті. Екеуін сабап-сабап, тұттай жалаңаш шешіндіріп қоя беріпті. Абыройын алақанымен жапқан екеу түнде жүріп, күндіз жасырынып жол шегіп, өз ауылының маңына жетіп, тағы-тағылап

отырса керек. Сонда біреуі: "осы біздің ауылда құмалақшы, балшы көп еді, екеуі құр қол келе жатыр демесін, менің анауымды ұстай отыршы деген екен" деп күлдіріп алса да, олжашылдардың қабағы ашылмады.

- Орташоқы, Шетшоқы аралығында жатқан осы Бесатаның бөлек Кернейінің жылқысына тап болған Нұрбай айдап келе жатқанына оны да қосып, сол жерде ереуіл жасаған. Нұрбайдан малды алып қалудың ебін таппаған бөлек Керней Ес батырды іздеткен. Ес батырды ат көтере алмапты. Өзіне үйренген түйесіне мініп, сонау Тайатқан-Шұнақ маңында киік аулап, көңіл көтеріп жүрсе керек. Түнделетіп қос атпен шапқан хабаршы нән текені бауыздап жатқан жерінде үстінен түскен. Пышағын көк шөпке сұрткен Ес батырдың алара қараған жүзі аса суық екен. Хабаршының бойы мұздап сала беріпті.

- Ал жөніңді айт, - деп Ес гүр ете қалған.

- Сізді іздеп... Ауылға жау тиіп..., - деп хабаршы екі сөзінің басын құрап айта алмай әуре.

- Е, жау емес, аламан болған адасқан ағайын десейші. Қайта бер. Ертең сәске көтерілгенше жетемін

Нұрбай ертеңіне айдаған малын Қайрақты өзеніне суға құлатты. Қойтастың желкесіндегі төбеге шығып, шөлдеген малдың тұнық сулы Қайрақтыға бас қойғанын, тай-құлынның бірін-бірі итермелеп өзеннің тереңдеу тұсына еріксіз бойлатқанын көріп тұрған. Итазу жақтан анда-санда түйесін боздатып, ентелеп келе жатқан кісінің жүрісіне назары ауды. Шұғыл ісі бардай-ақ қатты келеді. Бұл кім деп біраз таңырқады. Сонан соң осы Ес емес пе екен деген көңіліне күдік кірді. Ес батыр түйеге ғана мінеді деуші еді, өзінің түйе үстіндегі үйіндісі де мол екен. Қайдан келе қалды деп денесі мұздады. Ес батырдың көрінуі мұң екен, ана Тезекбай, Қарақырқа, Шетшоқы жақтан да осылай беттеген аттылар көзге түсті.

Нұрбай Ес батырды төбенің басында қарсы алды.

- Алашы болған екенсің ғой, таста малды, - деп ақыра келді Ес батыр. Естің қаһарлы дауысы сан ұрысты басынан кешкен Нұрбайдың делебесін қоздырып, қаны басына шапты.

- Тапқан екенсің су жүректі. Қайт! Қайт!- екі көзі қанталаған Нұрбай да найзасын оңтайлаған

- Қайтсаң қайт! Тарт тіліңді!

- Тартсаң тарт!

~ Жекпе-жек!- десіп екі жақта ұрандасып шыға келген. Бір ауыз тілге келмегеніне Ес те өкінді. Енді болмады деп түйесінің бар жүрісіне салып, қарсы ұмтылды. Сан шайқасты көрген түйе Нұрбайға жете бере қарсы келген атты тарпып жіберетіндей аспанға секірді. Шошынған ат жалт бергенде Нұрбайдың ұмсынған найзасын қаққан бойы Ес батырдың сүнгісі денесіне бойлап кетті.

- Қап!- деді Ес батыр.

- Бекер... бекер... - Нұрбайдың соңғы демі осы сөзбен үзілді.

Жаңа ғана жауласқан екі жақ та аттан түсіп, "ой, бауырымға" кіріскен. Қанның бекер төгілгеніне екі жақ та өкінген. Қолма-қол Нұрбайдың басына үй тігілді. Өзі қарауылда тұрған төбенің басынан қабірі де қазылып жатты. Бір қауымның ел бастаған азаматын ақ жуып, арулап жерлесті. Шолақ ашудың соңы тілге келтірмей өкінішке ұласты.

Келер жылы Нұрбай жатқан төбенің етегіне ақшаңқан үйлер тігіліп, ас берілді. Асты Ес батыр өзі басқарып, қазақ жолымен Нұрбайдың ағайындарына құн төлеп, астарына ат, үстеріне шапан кигізіп, бітімге келген. Сол астың соңын ала Нұрбайға ерекше үлгімен мазар да тұрғызылды.

- Қайрақты бойында екі Нұрбайдың мазары бар, соның қайсысы? - деп сұрады Дүйсекең.

- Қойтастың желкесіндегі кішірек төбенің басындағы мазар.

- Ашу дұшпан, ақыл дос деген екен. Бекер-ақ болған іс екен ғой.

- Абылай ханнан соң елге ие болып, тізгінді бекем ұстайтын ханның болмағанынан халық сан зардап шекті ғой, - деп Шортекең күрсінді.

- Иә.

Бір жарым ғасыр өткенде осы әңгімені тоқсанға келген Жаманқұл қарияның бізге жеткізерін кім білген. Біз оны келер ұрпаққа тапсырдық.

Хандықты жою қазақты ел санатынан шығарудың басы ғой. Басшысыз қалған халық - бағусыз кеткен қой. Үркітіп орға да жығып, шошытып шошалаға да қамап тастауға болады.

- Бізді, тіпті, тұяқ серіппейтіндей етіпті ғой, - деп налыды Дүйсенбай би. - Енді не қалды?

- Енді не қалды... - Шортекең Дүйсенбай бидің сөзін қайталады да:

Көшіп кетер жерің жоқ,
Жау айбынар ерің жоқ,
Жолықтың енді, неғылдың,
Біздің қазақ бөлеге.
Қапа болып тұрарсың,
Түсерсің күнде жалаға,
Еділді алды, елді алды,
Енді алмаған нең қалды?
Қораны санап, малды алды,
Кетейін десең, жерің бар,
Кетпейін десең, кәпір бар,
Сандалғанның белгісі,
Берекет кетті ісіңнен.
Ұлдан қызық көрмессің,
Қорлықпен өскен жасынан
Ұлым, қызым деп кеттің
Елді ойламай ес кетті.
Айырылдың құда, досыңнан
Тілеуінді енді бермейді,
Көзіңнің жасын имейді.
Азаматтар, жігіттер,
Айғыр айтып сойсаң да,
Әуелгі заман келмейді, -

деп тоқтады.

- Айғыр айтып сойсаң да, бұрынғы заман келмейді дегенді естігеннен ауыр не бар дейсің, - деп Дүйсенбай би етігінің қонышын тартқылай берді.

- Сізді Құсбектің жігіті келіп, кешкі асқа шақырып кетті. - Атқосшы ретінде жүрген балдызы бозбала Әбеу Дүйсенбай биге сусын ұсынған.

Құсбек несіне шақырды екен? Бір рет аға сұлтандыққа өткенде Шортекеңнің де көппен бірге "құтты болсын" айтқаны бар. Оның алдындағы Тұрсын да, Жамантай да өздерін "хан" дегенді ұнатушы еді. Әлде, қазақтың әлі де болса өзінің ханын көргісі келді ме, әйтеуір Жәбекенді "Жамантай хан" атандырып жіберген. Хан дейтіндей қайсы елге пана болып көріпті. Хан дейтіндей қайсының астында арғысы Абылай, бергісі Кенесарыдан қалған ата мұра тақ болыпты. Қазақ атадан қалған он екі қанат ордаға ие шығар. Соның төрінде қабат-қабат сырмақ салып, биіктеу жерге

малдас құрғанына риза шығар. Не бітіріпті? Басына әлде қырғыз, әлде қазақы айыр қалпақ кигенін көңіліне тоқ санар. Сонан соң әлде өзбек, әлде татар саудагерінен сатып алған шокпар бас күміс таяқ ұстағанына мәз. Көрдің бе, биліктің белгісін. Иә, айтпақшы, ояз мөр берген екен ғой. Билігі жоқ мөрді қағазға басты не, көгіне басты не? Ойыншықпен баланы алдаушы еді, орыстың өстіп малдандырып қойғандарына көңілдері пәс. Сол орыстың әлекей-шүлекейге ырзашылықпен бас ұрып жүрген қазақты мазақ етіп, шылымын сорып, мырс-мырс күліп жүргенін білер де деймісін.

Құсбектің кешкі асқа шақыру себебін танып отыр. Тағы да "хан" тағынан дәмелі. Елге сөзі өтеді-ау дегенді біртіндеп те, біразының басын қосып та шақырып жатыр дегенді естіген.

Құсбектің бүгінгі дастарханына келгендер ала-құлалау екен. Бесатаның ел жақсысына Алшынбайды қосқаны түбі бір Қаракесексің дегені болар. Құнанбаймен іргесі бөлінбей жүрген Күдері қожаны осы дәмге шақырғанын түсіне алмады. Әлде, мені ел сыйлайды, сен де аулақ кетпе дегісі келгені ме. Жарайды, онысы тұрып тұр. Бесатадан Байсейіт би, Қадыр, Көпбай бар екен. Байсейіттің тілі ашылау еді, аузын күні бұрын алайын дегені шығар.

Табак та келді. Құсбек сыйлы қонағына құлын сойып шақырыпты дескен. Бүгінгісі еті семіз демесең, кәдімгі тоқты. Табақты айналдыра қыстан қалған сүрдің сыңар қазысын салыпты.

- Шіркіннің құлағының едіреюін-ай, - деп мандайынан қақ тілінген басқа қарап Көпбай мырс етті. Осы сөзді қостағандай Байсейіт би:

- Бәсе, бұған неғып мал біте қалған десем-ау, - деп шенеді.

Сыйқы бұзылған әңгімені пайымдап Құсбектің де түсі бұзылып кетті. Байсейітке жалтақтай қарап, басты кішірек табаққа салып ұсынды.

- Бәже, алыңыз. Жол сіздікі.

- Уай, сыйлағаныңа болайын, - десе де Байсейіт би дәмнен аса алмай, құйкасынан бір тіліп аузына салды да, Күдері жожаға қарай жылжытты. Күдері алдына келген басты көрмегенсіді.

- Осы Құсекең де кеше өкірген өкімет еді, жұртты қарық қылмаса да, Бәже, сізді далаға тастамағанын көріп отырмын. Кеше біреулерге қырма еті жоқ құлынның шекесін тартыпты деп естіп едім, бүгін, міне, сізге құйка бұйырды, - деп Күдері қожа қағытып өтті.

- Қарық қылса, тағы сайлау келе жатыр ғой. Қыз кезімде қарамап еді, қатын болғанда керек боп қалыппын депті бір сорлы. Ел ағалары дегеннің көбі елді енді ойлағандай. - Кәдір сөзді ұштай түскен. Алшынбай сөз қоспай, алдындағы асын асықпай жеп, аңысын аңдыған.

- "Ел ерге қарайды, ер жерге қарайды" деген мәтел бар. Хан тағына көтің байлап қойсан да орыстың жегулі есегіндей торсандап жүре беретіндерден құдайым сақтасың, - деп Күдері қожа астан шегіншектеген.

- Әй, мына тақ дей ме, бақ дей ме, қу талақты тағы бір сұрамшақ шалға беріп құтылмасақ болмас, - деп Көпбай күлкіге айналдырмақ болса да, езу тартқан ешкім жоқ. Құсбек дәм бергеніне екінін, дәм татқандар Құсбектің кейпін көріп, неге шақырғанын да айта алмаған жолсыздығынан түнілген.

- Ендігі кезек Жамантай хандікі шығар, - деді Байсейіт би шыға бере.

Шортекеңнің Жамантай ханмен арасы бірде алыс, бірде жақын. "Хан" атанып тұрғанда әлденеше рет табақтас та болып, қызметінің жөнін байқағаны да бар. Қолының ашықтығы, кең пейілдеулігін айтпасаң, дүйім елді билеп-төстеп кететіндей ауқым жоқ. "Хан" деген атқа ие, жұртқа пана боларлықтай, тар жерден қисынын тауып кететіндей мінезін де, ісін де көрмеген.

Е, ана бір жылы қыс қатты болды. Қаңтардың басында Қарқаралыға келген жырау қардың аса қалыңдығынан Жалпақсаздағы ауылына қайта алмай, қалада қалған. Қаладағы Шортекеңді Жамантай хан арнайы алдырып, көненің сөзін тыңдап, апта бойы жібермей қонақ еткені бар. Оның үстіне- арабшадан нонды шұқыр аяқ ден зорға таныған Жамантайдың орысшаға келгенде жазу-сызудан хабары жоқ. Әйтеуір орыс көрген қазақтың бірі демесең, "здрәсти" дегеннен әріге тілі жүрмейді. Жамантайға нәсір боп жүрген татары да сол қыс бойы аурудан бір шыкпады. Осы да себеп болып, хан Жамантай Шортекеңе зәрулігін айтқан. Қағазын ретке келтіріп жүрген Шортекеңе бірде:

- Шортеке, орысшаға жүйріксің. Не жазылып жатқанынан хабарым да шамалы. Дегенмен, ана Бесатаның ішіндегі Есекеңе Көбекеңнің жасағанындай болып жүрмесін, - деп қаупін де білдірді. Есекең болыстың да, орыстың әліппесінен хабары шамалы екен. Песірлікті атқарған Көбекең әлденеше рет Есекеңнің қолын қойдырып, "менің сауатсыздығым себепті босатып, орныма песірімді қойыңыз" деген өтініш түсіріпті. Оязға да керегі сол шығар, Көбекең болыстыққа өтті деген бұйрығын қолына беріп жіберген деседі.

- Оу, Жәбеке, орыс асыраған бала қанден тәрізді иесін қабады, қазақы бала қыран сияқты алысты ғана аңсауы бар, жақынға түспейді, - деген жырау.

- Өзіме де сол керек, - деп хан әзілге шаптырып құтылған.

Сол қыста Жамантай ханның ел аралап, ағайын арасындағы дау-шарға араласу мүмкіндігі де болмай жатты. Осындайда қолын ұзартатын да, ағайынға сөзі өтетін де, сөзге де тапқыр Сағындық та келмей қойды. Түбі тама Сағындық Бесатаның ішіне сіңген кірме болса да Нұра бойынан жер алып, еті тірілігімен беделге ие адамының бірі. Қыс өтті. Сағындықтан әлі хабар жоқ.

- Сағындықтан не білдіңдер? - деп Жамантай ханның да мазасы кеткен.

Жері де азайып, мал басы да кеміген ел арасындағы араздықты шешуге Жамантай хан жалғыз аттанғысы жоқ. Қазылықтың бір басын басқаға беріп қойса, риза емес жұрттың өкпесінен де аулақ болғысы келгені шығар. Отамалыңы суығы өте Сағындық та жетті. Өңі сынықтау көрінді.

- Иә, ел арасында не хабар бар? - деп амандықтан соң Жамантай хан әңгімеге тартты.

- Хан ием, естігенім көп қой.

- Ә, солай ма?

- Тау бөрісіз, ел ұрысыз заман ба. Дау-шарсыз бүгін де ел жоқ. Соның қисынын тауып билік айтудан ауыр істі де көрмедім.

- Е, атаң қазақ сөзге тоқтамаушы ме еді? О не дегенің? — деп Жамантай ұстаған жерім осы болар деп, шақшасын өкшесіне қақты. - Әй, мынаның ішіндегісі бітін қапты ғой, - деп онысын есіктен қарағанға тастай салды.

- Күлін жағып жатырмық қазір болады. - Шақшаны лып еткізіп қағып алған жігіт қалай сып етіп кірсе, солай зыпылдап шықты. Ұқсаса осы жері ғана хан ісіне ұқсайды-ау деп ойлады жырау. Есігіндегісі жылпос екен. Астында тағы, хан сияқты қаһары болмаса да есігіндегісі тәуір. Хан билігінің ендігі өлшемі осы-ақ болғанына деп іштей тағы күйзелді.

- Орыс билеген заманда Есімханның ескі жолына да, Қасымханның қасқа жолына да орыстың зәкөнін қарсы қойған жоқсыздар ма. Риза болмағаны, зәкөнге барамызды шығарды, - деп Сағындық ауыртпалықтың бір басын орыс өкіметінің адамы ретінде Жамантайдың өзіне салды.

- Не дейді, мынау? - деп Жамантай хан онан аулақпынды сездіріп, шапанының етегін сілкіп, сырғып отырды. - Ал, енді көргеніңді айтшы.

- Көргенім онан да жаман.

- Тағынесін шығарды.

- Ертерек тұрып тысқа шықсам, есік алдында екі қасқыр тұр. - Сағындық насыбай атқан болып, әңгімесін соза түсті.

- Қораға түсіп шыққан шығар. - Жамантай хан шыдамсызданған.

- Сонан "кет" дегеніме пысқырып та қарамады.

- Ит қоспадың ба?

- Сонан, - деп Жамантайдың сөзін естімегендей Сағындық әңгімесін жалғады. - Қасқырлар кезек-кезек бір түп шиге сарыды да, ауаны иіскелеп, мені менсінбей кетті де қалды.

- Қап! - деді әңгіме тыңдағанның бірі.

- Әй! - деген Жамантай ханның дауысы бұл жолы өктемірек шықты. - Мына Сағындық жұтқа ұшырап қалған екен ғой.

- Ә, не дейді? - деді тағы бірі.

- Бұл, малы қырылған адамның сөзі. Қасқыр оның несін менсінеді. Болмас! Болмас! Мына Сағындықтың алдына үш жүз аналық салып беріндер, - деген Жамантай ханның үні басымырақ естілді.

Сөйткен Жамантай хан да бір сайлауға жетті ме, жетпеді ме, орнын босатып, қарқарадай қалпағын бөрікке айырбастап шыға келді. "Таққа" Құсбек отырыпты деп жұрт қарадай шулап, құтты болсын айтқансып, шұбырып жүрген. Орыстың кәрінен жасқанды ма, Құсбек әйтеуір

өзін хан атамапты. Хандықты жойса да емексіген хан атауы бар еді, ол да Жамантаймен бірге өкси-өкси кетті.

Құсбектің аға сұлтан сайлануы кезінде Шортекеннің Қарқаралыға келуі дәл шықты. Бесатаның біраз адамымеу құтты болсын айтуға барған. Хан ордасы атанған он екі канат киіз үйдің есігін ертерек ашты ма, әлде иелері манаурап кеш тұрған ба, қипақтап жүріп сықырлауықты қайырған жігіт ағасынан басқа ордада ешкім болмады. Бір-бір жастықты алып, бір жамбастап қисайғанымен, иесіз қалған молаға кіргендей байыз тауып отыра алмады. Әлдене уақытта кимешегінің сыртынан күндік байлаған жасамыс қатын жақтырмағанын қабағымен сездіріп, дастархан жайды.

- Әй, бұл қайсың барсың? - деп қышқыра отырып, бауырсақ салды. Дастарханға дәм салған сайын теріс мінез таныта жүріп, міндетін атқарды да, бар байлыққа өзі ие екенін көрсеткісі келді ме, омырауынан топ кілтті алып, үніле түсті де қайта тықты.

- Құсекең бар ма еді? - деді шыдамы кеткен Қара би.

Жасамыс қатын иегін көтеріп, кимешегінің алқымынан тамағын көрсетті. Қатынның қылығына езу тартып, іштей күлкіге булығып отырған Дүйсекеңді Шортанбай жырау жұртқа білдірмей санынан қаттырақ басып тыйды. Меңіреу шығар деп отырған қатын шайды да сұйылта құйған. Тыстан қақырынған дыбыс жетті. Оқалы шапанды иығына жауып, ояз берген қарғыбауға ілген дөңгелек темірді салақтатып Құсбек те кірді. Жапыр-жұпыр амандасқандарға кіржие қарап, аузын қисайтып сәлемдескен болып, күректтей қолын ұсынған Дүйсекеңе саусағынын ұшын ғана ұстатты. "Қап! Мына кісімсіген неменің қорлығын-ай". Дүйсенбай бидің қаны қарайды.

- Қоянның түрін көр де, қалжасынан түңіл деген. - Шортекең құтты болсын айта келіп, жер болып шыққан қатарластарына басу айтқан. - Біраз күн гүрілдер-дүрілдер, орысқа сенін айбат шегер, арты шикі ғой.

Қаладағы шаруасын бітіріп, елге қайтқан Шортекең Қарқаралы тауының күнбатыс жағындағы өзен жағасында ат шалдырған. Алдағы сонау бір қыраттардан бері беттеген қалың жылқыны көріп, қарсы жүрді. Жылқы ішіндегі жалғыз аттының атқа отырысы таныс болса да, мол шапан киіп,

тымағын көзіне түсіре төндіре түскен адамды жақындағанша жыға танымады.

- Оу, жырау, - деді тамағымен қоса бетін орап алған бейтаныс.

Мынау... иә, мынау Жамантай ханның дауысы ғой. Шортекең аттылыға шұғыл бет бұрып, қаттырақ жортаққа салған.

- Ассалаумағалейкум.

- Уағалайкумассалам. - Енді еш күдік қалмады. Жамантай ханның нақ өзі. - Жәке, тұмшаланып алғаныңызға жол болсын. Танымай қалғандай...

- Тісім қақсап, соны жылылап ұстаған жайым бар. Е, бізді кезінде танығандардың бүгін танымай қалғаны жеткілікті, - деп Жамантай ішкі өкпесін де жасырмады.

- Желпілдетіп те, желкілдетіп те қойған жандарал емес пе, елге не өкпе.

- Солай дейсің бе?

~ Хандық қай заманда төренің иелігі. Бірақ хандықты ат құрғатпай біреуден алып басқаға беру орыстың салған жолы боп тұр. Ел қай жаққа бет бұрарын білмей, жалтақтаған уақыт бұл

- Дерсің, дерсің. Сен айтпасаң мұны кім айтады.

- Менен де басқа айтатын ұл қазақтан табылар.

- Ал, енді өзің қайдан келесің? - деп Жамантай әңгімені басқа арнаға бұрды.

- Ренжісеңіз де айтайын. Көппен бірге мен де Құсбекке құтты болсын айтып келемін.

Жамантай хан тосылып қалды. Он екі өрім күмістелген тобылғы сапты қамшысымен күміс ерінің қасын қаққыштан біраз тұрды да

- Иә, мені түсіруге асығып, Құсбекті хан қоя алмай жүр екенсіңдер-ау, - деп қалды.

Енді Шортекең қарадай қысылды. Бармадым, көрмедім Құсбекті деп өтірік айтуға имандай таза жаны жол бермеді. Шындық кімге жаққан. Құтты болсын айтқандағы мақсаты, Құсбекті танып білсем дегені. Жағынсам деген ниет жоқ, қолынан келері қандай екен деген ниет болған Шортекең үнсіз қала алмады:

Ежелден шындықты айтқан мен Шортанбай,

Тұсында әрбір ханның бір сұрқылтай.

Құсбек хан дуан басы болып еді,

Мен түгіл өзің қаттың, хан Жамантай, -

деп салды.

- Иә, иә, - деді сөзге тоқтаған Жамантай.
- Жәке, бұл елдің нағыз әміршісі анау алыста жатыр. - Шортекең батыс жақты қамшысымен нұсқаған. - Біздегі Құсбектер хан емес. Сол алыстағының әмірін іске асырушы.
- Мен де, Құсбек те сұрқылтай десейші, - деп Жамантай кеңкілдеп күлді. - Мен сұрқылтай бола қойған жоқ едім.
- Сіз болмасаңыз басқалар бар емес пе. Солар-ақ әміршінің әмірін екі есе артығымен орындап береді. Сонан мына қазақтың қара домалақ баласына келер пайда не?
- Жырауым, тым алысқа сілтеп кеттің. Біздің миымыз жетпейтін әңгімені айтасың. Біздің қолдан енді не келеді!? Жатқанымыз да жантайып. - Жамантай күрсініп, әлденеге өтініш білдіргендей қабағы жыпықтап кетті.
- Ал, Жәке, жолаушының жолы жүрсе бітеді.
- Тұра тұр, жырау. Мына Жамантай хандықтан түсіп, жүнжіп кетіпті дерсін. Ақын-жыршы мал бақпайды, сөз бағады. Біз білмейтін заманнан бері олардың сыбағасы ел үстінде. Ата жолын мен де ұмытқам жоқ. Сіздерге сөз бітсе, бізге мал біткен. Сөз елді жақсылыққа бастайды. Мал ысқырған жел мен жаудыкі, сөз - мәңгілік елдікі. Алдыңа мына бір үйір жылқыны салдым, - деп Жамантай шеткері жатқан үйірді бөліп тастаған еді.
Енді, міне, тағы да талас. Құсбектің кейпі анау. Қырқысуға бар, қайтып елді сақтаймыз, не істегенде қазақ баласы қор болмайды деген ниетті ешкімнен көрмепті:

Жақынға жақын қас болып,
Шіл боғындай тозбайық-
Саналы адам түсінер,
Осы пәни дүниені,
Осы арадан болжайық.
Момын болып кей адам
Өз малын өзі бағып тұр.
Біреулердің дәулеті,
Тасқын судай ағып тұр.
Сайлауға салып ынтасың,
Байлар қалта қағып тұр.
Түзу тартып кей жақсы,
Өз жұртына жағып тұр.
Бекері бар ма сөзімнің,
Осылай емей не ғып тұр.
Болыснай, би, ауылнай,

Сырттан карап, шолып тұр.
Бір ауыз үгіт сөйлесен,
Алдыннан тұзақ құрып тұр,

- деп ұзақ сілтеп барып тоқтады.

Жыраудың осы айтқаны ертеңіне көшедегі Қарқаралы қазағының аузында болып, тағы да "хан" сайлауы тігілген ақ ордаларды аралап кеткен.

- Ойбой, Шортанбай жырау мына жақсы-жаманды оңдырмапты. "Шіл боғындай тозбайық" дегеннен артық не сөз бар, - деген үй-үйді аралаған қара халық.

- Орысқа жаққан болыс-билер "басқа не дейді" деп аңдып жүреді екен ғой. Оны біз байқамаппыз. Көтіне шыжылдатып таңба басқандай беттеріне айтыпты.

Жыраудың айтқанын біреу жақтырса, жақтамағандар да жеткілікті. Қаланың тар көшесінде жолығып қалған Тұрсын жасының үлкендігіне бәлсігенсіп, қазандай қарны қашып кететіндей қос қолдап құшақтаған қалпы Шортекең берген сәлемге ернін зорға жыбырлатты. Бесатаға төрелік еткен Саңқай дегенмен бірге бір елдің адамы екенін танытып, жылы сәлемдесе тұрып:

- Бәрімізді бір көгенге байлап, оңдырмай сабапсыз, - деп күлген.

Пенде шіркін ойламаған жерден кезіккен тағдырдың соқпағына түсіп кете беретіні бар. Адамды алған бетінен аудартпай, тағдыры боп кезіккен дүлей боранда да адастырмай алып жүретін күш-үміт. Үміт сөнген жерде өмір өшеді. Тірі есебінде жүріп, тезек жинауың да, тезек тастауың да мүмкін, бірақ оның несі сән. Қанша адассаң да, тағдырдың тәлкегіне түсіп қанша тозсаң да, үміттің буалдыр сәулесі санаңда өшпесін десейші. Өзі пір тұтқан Кенесары хан дүниеден көшсе де, енді хандық емес-ау, орыс патшасының сұрқылтайы болуға тырысып, жағадан алысып жатқандардың ортасында жүрсе де, жырауға халқының ашы зарын айтқызып жатқан сол үміт.

Киіз үйдің төрінде жападан жалғыз қалған жырау Қазан шәһәріне барғанда алған былғары сөмкесінен қаламын алып, жазып отырып:

- Қайран үміт, - деп қалған.

Есіктен аттай берген адамның Күдері жожа екенін танып, сәлем берді. Күдері жожаға ере келген Ниханбайды да жете

таниды. Түбі Жарас Ниханбайдың өкіметке жаға қоймайтын біраз ісін де естіп жүрген. Күдері қожа мен Шортекеңнің жас шамасы да қарайлас әрі туыстықтары да өте жақсы. Күдері қожа Көшектен туса, Шортекең Көшектің ағасы Смайылдан тарайды. Смайылдан Қанай, Қанайдан Шортанбай. Екеуі де бала кезінде ауыл молдасынан хат таныған. Ал, жақын туыс болса да, танысуы Қаратаудағы Қарнақ медресесіне оқуға түсуінен басталды. Арқа жерінен ат арытып жеткен Шортанбайды медресе қақпасында қарсы алған көзі оттай жанған бозбала осы Күдері еді. Біреуі Қаратау өңірінде, екіншісі Арқада туып өсседе ата-аналарының айтуынан сырттай таныс еді, тез бауыр басып кетіскен.

Қарқаралыға келгеннен бері көптің арасында сәлемдесе де, бауыр болып жолығысып отырғаны да осы. Әңгімені Күдері қожа Шортекеңнің жұрт арасына тарап кеткен кешегі өлеңінен бастап:

- Мына сайлау дегені ел арасын араздырмаса қостырмайтын жандарал-ояздардың іздеп тапқаны. Билеушімізді өзімізге таңдатып, қолымызды әділдікке жеткізді деп қара халық мәз. Ар жақта жатқан сұм ойларынан хабарсыз. Мұның арты не болар екен, - деп бір тоқтады.

- Ендігі билеуші - патша. Оның айласының тамырын дәл тауып отырсыз, Күдеке, жат жұрт жақсылық ойлайды дегеннен аулақпыз. Атам заманнан қазақ елінің қисығын ақсақалдар түзеп, ру-ру арасының даушарын әділ билер шешуші еді. Біз сайлаймыз деп қазақ таласып көрмеген. Қазақ даласының жазылмаған заңын жатқа білетін, сөзге шешен, ең бастысы әділ адамды халық би деп танып, соған жүгінген.

- Дәл айтасыз, - деп Күдері қожа Шортекеңнің сөзін жалғады. - Ана Түркістан, Бұхардағы медреселерде оқып жүріп, қазақ елінің тарихынан жазылған сан кітаптарды аударып шыққаным бар. Біздің ел тек ханды ғана сайлаған. Ол сайлауға тек халыққа жақсылығымен танылған билер, ерен батырлығымен де, ақылдылығымен де көзге түскен батырлар ғана қатынасқан.

- Батырдың ұрда-жығы емес, ел сөзін ұстай білген ақылдысы ғана, - деп Шортекең Күдерінің сөзін нақтылай түсті.

- Ел сынынан өткен, дана да батыр төре тұқымынан шыққан азамат қана хан болып, өмірінің соңғы сәтіне дейін сайланған. Мынадай ел бұзар алыпқашпа жоқ еді.

- Дұшпанның айласына құрық байламайды. Жақсылыққа жамандық істеп жатыр ғой. Сонау Алтын Орда заманында бұлар бізге бағынған. Бірімен бірі қырық пышақ боп қырқысқан кінәз дегендерін тиып, біреуін үлкені етіп, бастарын қосқанымыз туралы сан дастанды естіп өстік қой. Енді бізге қылып жатқаны тек қаскөйлік.

- Осыны да жазу керек шығар, Шортеке, сіздің мына қалың Қаракесек туралы жазған дастаныңызды естідім. Сөз түсінер жұрттың санасында жатталып қалыпты. Сіздің Кенесары ханмен де араласыңыз көп болғанын білеміз. Осы оқиғалар жөнінде елге айтып кетеріңіз бар ма? - деп Күдері қожа сауал тастады.

Шортекең Күдерінің жүзіне барлай көз тастады. Күдерінің де ақындығы ешкімнен кем емес. Ұтымды сөзіне де ел тоқтаған. Оның үстіне Күдері Арқаға кейіндеу келді. Кенесары ханның ажалы туралы Күдерінің айтары да мол. Бұл оқиға Тараз, Шымкент, Қаратау қазақтарының өксіп отырып еске алатын әңгіме екенін де біледі. Реті келіп тұрғанда осы жәйтті Күдерінің өз аузынан естігісі келді.

- Кенесары ұлы адам еді ғой. Мезгілсіз ажалы бар қазақтың қабырғасын қаусатып кетті. Дұшпан тым басынып алды. Күдеке, ұлы ханның Алатауда жеңіліс табуы неден болды? - деп сұрады.

- Е, несін айтайын. - Күдері қожа мұн торлай қалған жүзін сонау шаңырақтан көрінген аспанның биігіне қадай қалған. - Сатқындық қой.

- Кімді кім сатқан? - деп күні бойы екі ақынның сөзін бөлмей тындаған Ниқанбай шыдамсыздана сауал тастады. - Осыны нақтылай айтыңызшы?

Күдері де, Шортанбай да Ниханбайға бұрыла қараған. Мына жігіттің сауалы бар шындықты білгісі келген исі қазақтың көңілін тырнаған түйткіл екенін таныған.

- Бірімізді біріміз саттық қой. Жаудың ниетін танымадық. Сорлы қырғызды да айыптайтын дәнеңе жоқ. Қырғызды қазақтан бөліп алу үшін орыс патшасы манаптарға қазақ жерінің оңтүстігінің біразын беруге уәде еткен. Бұл хатқа түспеген құрғақ уәде ғой. Жел сөз соққан желдей ауа салады. Қырғыз манаптары да осыған алданған.

- Емексітіп, қолдағы сүйекке секірген күшіктей етіп қойған екен ғой. - Ниханбайдың қабағы түйіліп кетіпті.

- Олар алданды. Сатқындық өзімізден болды. Сыпатай дегенді естуің бар ма еді?, - деп Күдері қожа Ниханбайға бұрылды.

- Ұры ма, батыр ма, сондай біреу бар деседі.

- Не қылған батырлық. - Күдері түйіліп қалғандай төмен қарап, тамағын алақанымен қаттырақ ысып жіберді. - Не қылған батырлық, сатқын... Сатқындық десейші.

- Айта түс, Күдеке. Бұл Арқа да естіп-білсін сұмдықты.

- Шортөкен суық әңгімеден денесі мұздағандай шапанының етегін қымтай түсті.

- Орыс қырғызды қалай алдаса, манаптар да Сыпатайды да сөйтіп тотитқан. Кенесарыны жеңуге көмектессең, саған сый-сыбаға ретінде өзімізден жер береміз деген.

- Сонан...

- Сонан Сыпатай қазақ қолы, оның қимыл-жоспары туралы қырғыздарға жасырын жеткізіп тұрған.

- Өз халқына жаулық еткен не деген сұмдық. - Ниханбай тоқпақтай жұдырығымен тізесін қойып қалды.

- Ол осымен де тоқталмады ғой. - Күдері қожа ауыр дем алды. - Ұрыс болатын түні өзінің он мындай жасағын алып, қолдың ту сыртын жалаңаштап, тайып отырды. Онын үстіне қалған қолды дүрліктірмек болып, жүрек шайлықтыратын әңгіме таратты.

- Өзі тірі ме, сатқынның. Тура..., - деген Ниханбайдың тісі шақыр-шұқыр етті.

- Қырғыз оған жер беруші ме еді. Соғыс бітті, сауда да бітті. Қайта Сыпатайға тән бір шұрайлы жерге қырғыз қоныстанып қалып, соны сұрай барған қазақ елшілерін Орман манап үйтіп жібере жаздап, олар зорға қашып құтылған.

- Кенесары хан оңайшылықпен қолға түспес. Намысы бар жігіттер қалды ғой жанында, - деп Ниханбай тағы сөз қосты.

- Иә, арпалыс оңай болмаған. Ханның жанында үш мыңға жетер-жетпес қана жасақ қалған. Орыстан қару алған жау жағы сан жағынан да он есе басым деседі. Қырғын ұрыста Ағыбай батыр ғана жау шебін бұзып шыға алған. Бір адамға ондап жабылған қырғын шайқаста екі мыңнан аса адамымыз қазаға ұшырап, мыңға жетпейтіндей жаралысы

қолға түскен. Оларға көрсеткен жазаны естісең, төбе шашын тік тұрады.

- Бауыр халық емес пе едік, - Ниханбай жалтақ-жалтақ қарады.

- Жау аяушы ма еді. Баяғыда Абылай хан орыс жеріне барғанда, наразы болған башқұрттарды жандаралдың бұйрығымен казак-орыстар үшкір қазыққа жалаңаш құйрығымен ұрып отырғызып жатқанын көріп, "неткен жауыздық" деп түңілген екен.

- Иә, ондай да болған. Башқұрттардың жылап отырып айтқандарын естігенмін, - деп Шортанбай жырау әңгімені растады.

- Манаптар да казак-орыстан кем қалмады дегенді халық айтады. Тараз, Қаратау жағында ондай әңгіме өте көп. Мұрынын, құлағын кесіп, тірідей ішегін суырды дегенді естігенім жеткілікті.

- Сонда әлгі Сыпатай деген соған да қатынасқан ба? - деген Ниханбайдың жүзі сұп-сұр.

- Ондай сөз жоқ. Бірақ Кенесарының етінен ажыратылған басын орыс жандаралдарына жеткізіп беруге онын қатынасы болғанын айтады ел.

- Сорлаған екенбіз ғой. - Ниханбай жеңінің ұшымен жасағарын сұртті. - Осының бәрін жасаған Орман манап тірі ме?

- Кенесары ханды өлтіріскені үшін орыс патшасы оған дәреже берген. Орман сонан кейін тіпті құтырып кетіпті: Енді өзінің сарыбағыш руынан басқаға күн бермеген. Әсіресе қатты тигені саяқ пен бұғылар. Саны аз саяқты бастап Әлібек деген қашып, бұғының басшысы Боранбайға тығылады.

- Енді өзді-өзі қырылысты десейші. Мына жақта орыс тұр, қыр астында қытай бар, біріне жем боларымызды ойламаған неткен кешелік, - деп Шортекең сөз қосты.

- Иығына орыстың сарыала шекпенін жапқан Орман енді бұғылар мекен еткен ыстық келді тартып алмаққа бекінген. Бұғы мен сарыбағыштың соғысы басталған да кеткен. Күші басым болса да бір жолы Орман бұғылардың қолына түседі. Оны сол қалпында бұғының басшысы Боранбайға алып келген.

- Не істейміз мұны? - депті Боранбай. Боранбайдың қызын Орманның баласы алған екен. Орманды аман-есен жіберу ойында болса керек.

Бұғы мен саяқтың тәуірлері өзара кеңесіп, толғана берсе керек. Орманды өлтіріп, орыстың пәлесіне қаламыз ба деп қорыққандар да болған.

- Бұған жақсылық жүрмейді, - дейді саяқ Әлібек.

- Неге дейді? - Орманды жақтағандар түршікті.

- Орманның жауыздығын жұрт біледі. Айыр тілді жылан сияқты. Көзің тайса, шығып алады. Мені де өлтірмек болған, - дейді Әлібек.

- Бұған не қылса да болады. Менің құлағымды кестірген де осы, - деп бұғылардың қолын бастап жүрген Балабай дегені Орманның ту сыртынан келіп, ұзын қанжарын қабырға арасынан бойлата салған деседі.

- Өзіне де ит өлімі келген екен. - Ниханбай шері тарқағандай болды.

- Қуанатын не бар дейсің. - Шортанбай жырау басын шайқады.

- Иә, қуанатын іс емес. Бауырлас екі халық едік, айтаққа ерген иттей бірімізді бірімізге талатып қойғанына ішін ашиды. Әлемде не боп жатыр дегенге ой жүгіртпегендік бөтеннің жемі етті бізді. - Ұзақ әңгімеде тіп-тік отырған қалпын бұзбаған Күдері кожа іргеге қарай сырылып, арқасын керегеге тіреді. - Жер бетіндегі мұсылман баласының басына қиын шақ туған тұс қой бұл. Еділ бойы мен Қырым, Кавказдағы мұсылманды орыс алады. Шығыста Қытай. Өңмендеп жүрген ағылшын деген жұрт та сан мұсылман еліне өктемдігін өткізді. Амань түріктер. Жанталасып, басына нокта кигізбей келеді.

- Қолдан келсе, есемізді жібермеуіміз керек қой, - деп қалды Ниханбай.

- Қолдан келсе, - деп қостады Күдері кожа.

- Қолдан келген, - деп Ниханбай бір әңгіменің шетін шығарды.

...Семейдің көпесінде осы маңдағы ас пен тойда бәйгенің алдын бермеген қос жүйрік бар деп естіген. Меңсіз шаңқан боз айғырды осы Арқаның бір адамынан оязды салып қорқытып жүріп тартып алды дегенді ел айтады. Ақ шеке торы айғырды сол Аягөз жағынан алса керек. Екеуін де өзініңана қорада ұстаған биелеріне салып, ұрпағы кетіп қалады деп табынға қоспайды екен. Екеуінің де бағуы мен күзеті мықты. Ниханбайдың да жастау кезі.

- Қап, сені тотытып кетпесем бе, - деп өзіне серт байлап, Семейге келген. Айналасын биік ағаш дуалмен қоршап тастаған көпестің үйі де бөлек, бөлектеу салған ат қорасының қоршауы да ерен.

- Қиын екен, енді не істейміз? - деген атқосшы жігіті.

- Саспа.

Көпестің үй-қорасын апталап алма-кезек торуылдады. Үйге де, қораға да кіретін жалғыз ауыз - қаңылтырмен қаптаған емен қақпа. Қақпаның екі жағына кісі алатын екі ит байланған. Атқорадағы қос жүйрікке деп күн-мен жауыннан қорғап жаппанын астына көк шөп үйген. Ішетін су ғана тасымал. Қос жүйрік күндіз көз алдарында. Түн баласы күзетшінің қарауында. Күзетші аптаның бір күнінде жатарда шөлмек құшақтай жетеді.

Күзетші шөлмектен сусындардан бір күн бұрын қораны қоршаған дуалдың осал жерін тапты. Түбі шірігендеу қалың қарағайды сәл босатып, көзге түсіп қалмауы үшін қайтадан түбіне топырақ үйе салған. Қас қарая келіп, екінші тақтайды да босатты. Ішіне тас атып көріп еді, екі жүйрік оқыранды. Сәл байқастаған. Күзетшінің қорылынан басқа бөтен дыбыс жоқ.

- Ал, жүр, іске сәт тілейік. - Ниханбай атқосшыны жеңінен тартып, қараңғы түнде қораға енген де, қос жүйріктің жалын қасып, бойларын үйретті. Тасқа тиіп, дыбыс шығып қалмасынның қамымен тұяқтарын қалың шүберекпен орап, жетелей жөнелген. Сол түні арғы бетке өтіп, тоғай ішінде әлдекімнен қалған жер үйге екеуін де енгізіп, боз айғырға қара бояу жағып, шұбар жасап, ақ шекені ала түске енгізген.

Ертемен шыққан іздеушілерді өзендегі қайыққа мініп бақылады. Тоғайды сүзіп өткен іздеушілер көл жағасына жақын аландағы жеркепеге жақындаса да, олай-бұлай мойын созып қарап, кері шауып кеткен.

Қарқаралыға бет алған екеу талай жолаушыға кезікті.

- Не деген сұлу жылқы? Семейдегі көпестің екі атынан аумайды. Тек меңсіз боз еді, шіркіндердің ұқсауын қарашы, - дескен мал танитын сан қазақ.

Абыралыдан өте бере жол тосқан топ аттыға ұшырасты. Араларынан өткізер еместей. Биік қара мінген атақты баукеспе Бұжық екенін Ниханбай танып келеді. Осы неме

орыстармен байланысты деуші еді, тұрысы жаман екен деп іші қылып етті.

- Әзірше аяңмен жүр. Таяна бере атқа қамшы бас. Естерін жиғанша араларынан өте шықпасақ, тұтылдык, - деді атқосшыға.

Аттары болдырған сынай танытып, шу-шулеп келе жатқан екеу тас лақтырым қалғанда ұшырта жөнелгенде Бұжырдың қылар айласы қалмады. Сондарынан жаппай қуған. Бірер ұшқыр аттар болмаса, басқасы біртіндеп қала берді. Елге жете Ниханбай екі жүйрікке екі жігітті мінгізіп, бірін Ұлытау, екіншісін Қаратау жаққа жіберіп, өзі ауылдан ұзапшықпаған жан есебінде үйінен табан аумады.

Ниханбай жырау мен Күдері қожаға тағы бір басынан кешкенін айтқысы келді. Иә, онда...

* * *

... Иә, онда тағы бір қатерлі іске бел буған. Әкесі Құлжанбайдан қалған малды бес баласы бөліскен. Мал бағудың қыр-сырын білмеді ме, әлде қалай, Ниханбайдың малы күнделікті ішіп-жерлік қана. Үлкен ағасы Тайжанға сегіз жүз қоңыр қой бітті деседі. Ниханбайдың тәкаппар көңілі бірге туса да Тайжанға тәуелді еткісі келмеді. Ниханбайға жақын жүрген Жантас қана. Бір атадан туды демесең, екеуінің мінезі екі бөлек. Ниханбай өр, Жантас қой аузынан шөп алмас момын.

- Әй, сен мені тындап отырсың ба?

Ниханбайдың қарсы алдында екі бүгіліп отырған Жантас ұйқыдан ояңандай бажырая қалды.

- Иә, - деп басын изеді.

Қарқаралының қалың орманының "ішіне кіріп, өңкіген тастардың бір қуысына от жаққан екеу азын-аулық асын пісірген. Құрғақ қарағай сытырлай жанып, бет қаратпай шарпиды. Дүлей жалын тілі айналаны шарпи билеп, атылатын жыландай серпиді. Сатыр-сұтыр жанған оттан атылған ұшқын жарқ-жүрк ауаны тіліп, сөніп түсіп жатыр. Көденің бықсыған жерін Жантас шоңқайма етігімен ерінбей мыжғылаған.

- Бізге мал бітпеді. Әкеден қалғаны өспеді. Аға да болса Тайжанға мал үшін барғым келмейді. Онан да мал табуды ойлайық.

- Енді не қыламыз?- Жантас тағы бажырая қарады.

Отқа оранған жартастың қуысы мың-сан пері аласұра билегендей сатыр-сұтыр бір тірлік.

- Жалданайық. Керекуден Қарқаралыға жылда бір келіп кететін орыс осы маңның қазағының тайынша-торпағын су тегінге алып бақтыратын көрінеді.

- Иә, - деді тағы Жантас.

- Түү, сен де... - деп ренжіді Ниханбай. - Соны аламыз. Келер жылы өзіне қайтаратын болып, шарт жасаймыз.

- Ақысын ше?

- Ақысын малды өзіне өткізгенде береді екен.

- Бермей кетсе ше?

- Үндеме, есебі қалтада.

Бұл өзі Қарқаралыдан аса жырақ жатқан Кестелітас маңындағы қоныс еді. Ел азын-аулақ малын бағып, жаз қымыз-айранын ішіп, қысқа деп құрт-майын жинап күнін көретін. Осы тірлікке көнген жұртқа бұдан артық өмір керегі жоқтай асықпаған бір қалып. Ауыл ортасындағы жапырайған үйді өздері мешіт деп, мінәжатқа барғаны болмаса, бала кезінен кейін көбі кітап ұстап көрмеген. Жаратушы жалғыз хақ та жұрт тілегін орындағандай, ел аман, жұрт тыныш.

Осы тыныштықты бұзған тағы Ниханбай. Арзанға алған малын Керекулік орыс Коля бақтыруға беріпті. Бақандай қырық бес тайынша. Бұрын басы қосылмаған малды аттың бауырына алып, табынға үйретіп, бұрын көрінбеген пысықтық танытты. Ниханбайдың шаруасы мұнымен тынбады. Әлгі орыс осы маңның сан қазағының үйіне бірді-екілі тайыншаны тастап кетсе керек. Әлгі танысы Колядан алған кәкір-шүкіріне риза болған қазақ ақысыз-пұлсыз сол малды бағып беруге келіскенін де естіді.

- Әу, Жантас, осыны да біз алайық.

- Қайтеміз. Мыналарды бағудың өзі бір әлек, - деп Жантас пейіл бермеді.

- Бұдан қырғын пайда түседі. Соны біл

Ниханбай оқ жетер жердегі Коляның малын баққан жоқ-жітіктерді асықпай аралады.

- Сен көпестін пәленше малын бағып отыр екенсің. Енді оны маған өткіз, мен бағамын оны.

- Неге? Өзім бағып беретін боп келіскенбіз, - дейді таңданғандар.

- Міне, сол орыстың қағазы. Мына жерінде кырық бас деп ашық жазылған. - Ниханбай қолхаттың кырық деген санын шұқып көрсетеді. - Ал, онан әріде сол Коля осы малды тегіс жинап, бір жерде бағуды маған тапсырған. Оның жазуы міне.

- А, солай ма? - Қағазды оқуға халі келмеген, өзі жоқ-жітік желкесін қасиды.

- Солай.

Ендеше ал енді. - Орыстың малынан осылай құтылғанына олар да риза.

Айна-тарақ, сабын, кездеме үшін мал бергендер көп екен. Басын күзде бастап, аяғын қыс өте жинағанда төрт жүз басқа жетіп жығылды. Коля күзде келмекші. Жаздай судың тұнығын беріп, шөптің жұғымдысына жайып, әбден семіртті. Кешегі тайыншалар мүйіздері қарағайдай егізше боп шыға келді.

Жаз ортасында Ниханбай жең ұшынан жалғаса жүріп өгізшелерді тегіс сатып тынды. Ендігі күніміз не болады деп сасқалақтаған Жантас:

- Орыс енді бізді үйтіп жейді ғой, - деп екі санын сабалаған.

- Еш саспа. Оның да есебі бар.

Күз түсе Керекуден мал иесі келеді-ау деген шамада, Ниханбай Қарқаралыда болды. Көшеге тым шықпай, мал иесінің келген-келмегенің сырттай бақылаған. Ақыры сол күн де туды. Керекулік орыс Ниханбай көрсеткен жолмен Кестелі тас жаққа тартқан. Жеккені - пәуеске. Ең болмаса көшірі де жоқ. Сақал-мұрт жіберіп, көзінен басқа жерін тұмшалаған Ниханбай пәуескені Сырашының кезеңінде күтті. Алдынан қапылыста шыға келіп, мылтық атқан екеуден үріккен ат пәуескені аударып тастады.

- Боже мой, - деп тұрған Коляда ес жоқ. Кеудесіне тірелген мылтықтан қорқып, жатып-тұрып, білетін қазақшасымен, - мен саған... саған мен кеп ақша ... ақша, - дей береді.

Ниханбай Коляның сандықшасын ақтарып, өзі мал алған бар қазақтың шарт қағазын тапты. Әр қағазды жеке-жеке керсетіп:

- Мына қазақтан малымды алдым деп дәкімент жаз, - деген. Коляның көзі жыпылықтап, басын шайқағаны сол еді, Жантастың жуан жұдырығы жерге жалп еткізді.

Атылған мылтық оғы күйдіріп өткендей Коляның жамбасын сипай жерге қадалған.

- Не надо, - деп қолын сермеп безектеген орыс әр қағазға қол қойып жатып Ниханбайдың бетіне қанша жымысқылап қараса да кім екенін тани алмады.

- Бұл маң біз жайлаған жер. Мына таудың тасы мен қарағай арасы толған біздің адамдар. Егер жандаралға арыз айтсаң, бәрібір сені құртамыз. Тіліңді тісте, - деп бұйырды Ниханбай.

- Жақсы, жақсы. Мені тонадым... жо-жоқ, менен докімент алдым деп сіздер де ешкімге айтпаңыздар. Менің әлі осында жұмысым бар ғой, - деп Коля да жалынды. Ел біліп қалып, ендігі алашағын бермей кетеді-ау деп Коляның қорыққанын таныса да, Ниханбайдың басқа істер шарасы да жоқ еді.

Сол күні күн де батпай қойды. Күнді біреу серейген-серейген қарағайға байлап кеткендей Қарқаралының биігіне ілінді де тұрды. Ауылға қарай тартып кетуге және болмайды. Аударылған пәуескенің шабағы шыққан доңғалағын шиқылдатып Керекулік досы мына таудың енді қай жерінен қарақшы шыға келеді деп, жалтақтай-жалтақтай қалаға қайтып барады. Қарағайдың арасы толған тонаушы дегенге сеніп қалған ба, екі көзі атыздай. Түбі бұл орыстың тоналғанын ел білмей қоймайды. Кім екен деген сөз тарайды. Кім екеннің арты сол күнгі жолаушы кімге апарарды. Осы әңгімеден қашқан Ниханбай күн батуын күтіп, қаңсып жатты. Шөл де қысқан. Жанторсықтағы қымыздан ішіп көріп еді, күн ыстықта ішкен қымыз шөл баспады.

Әкесі есіне түсті. Құлжанбай марқұм еркелеу боп өскен осы баланың шаруаға икемсіздігін кеш байқады ма, андасанда ұрсып-ұрсып алатын. Сонда "әй, сенде ми жоқ" деуші еді. Миының бар-жоғын әлі білмейді, бірақ басқа жұрттан "сен серісің" дегенді жиі естіп, соған снетін. Шешесі марқұм ауыл-ауылды айлап кезіп келгенде, "балам-ай, тентектікті қойсайшы" деп қайғыратын. Ағайынның "бұзатар, тентек" дегені де көңілдің бір бұрышында.

Енді, міне, сол "мисыз" да, "сері-пері" де, "бұзатар-тентек" те атанған өзінің жұмысы мынау - кісі тонау. Кісі тонаған жоқпын дейді аржақтағы біреу. Тонаушыдан аларымды алдым. Баяғы бір үлкендер тамсана еске алатын

дәуренінен, ұлы даланы кезіп ән салып, күй төгіп көшкен еркін өмірінен айырылып, сай-сайға тығылып, үйкүшіктей өмірге үйреніп, қой аузынан шөп алмасқа жеткен момын қазағын кәкір-шүкірмен алдап, малын алған орыстан алып жүр. Тонаған емес, кек алып жүр.

Әлі де болса "мисыз" деп сыртынан сөгер бұзатар енді бұзылып біті дер, бірақ бары осы. Бүйтіп байып кетейін деген де ниет жоқ. Тап бүгін бұғып жатысы Құлжанбайдың басқа балаларына зияным тимесін дегендік.

- Уһ, - деп Жантас аунап түсті. Ұйықтап жатса да актер, көк тер. Шіркіннің жұдырығы неткен мықты. Бұрын байқамапты-ау, тура қолағаштай екен.

- Әй, көлеңкеге қарай жат.

- Ә? Не? - деп көзін бағжаңдатқан Жантас қайта қор етті. Күні бойы мазалап жүрген көк шыбын жемтігін жаңа тапқандай ұйқышының танауына басын сұққан еді, Жантастың түшкірген басы кегжең етті де, қайта құлады.

~ Мына шіркін жылан шакса да оянбас.

Қарағайдың басына байлап қойғандай болған күн жылжыған екен. Қарқаралының биігіндегі жартастың артына жасырынған күн көлеңкесін төге салды. Көлеңкемен бірге ымырт та кеп қалды. Ымырт күндізгі аптапты басқан желді жетелей жетіпті. Күні бойы қарағайдың көлеңкесін паналаған аттарды ұзын арқан, кең тұсауға салып босатты. Әлде не жүріс, не қуғын барын кім білсін, әлденсін дегені.

Күн ұзын Жантас тоқымды жамбасына баса ұйықтаған. Тәтті ұйқыға не жетсін. Шортанбай жырау "түшіркенген ұйқы жоқ, қайғының асқан зорлығы" деуші еді. Сілейіп тұрып ұйықтасам деп қиялдап, кешкі салқынмен дамылдап жатып көзі ілініп кетіпті. Көзін ашса қас маңдайына қадалып бір жұлдыз тұр. Басын бұрып таныс жұлдызды іздеді. Е, мынау өрмекші ғой. Сонда қай мезгіл болғаны. Аспандағы шөміштен су төгілетіндей болып қапты.

- Тұр енді!

Бұйырып тұрған Жантас. О, құдірет, бұл момын да ширап қапты. Ар жағы текті қазақтың баласы емес пе, бірер жортуыл көрсс, батыр боп шығуы да кәдік.

- Аттар дайын. Енді кешігеміз.

Жолдағы ауыл-ауылды айналып, сол түні мекендеріне жеткен де, аттардың терін шала кептіріп, жылқыға қосып

жіберген. Жүрек күпті. Қала жақтан қандай хабар естіледі деп, өткен-кеткеннің әңгімесіне құлақ түрген. Жантасқа таң. Дым болмағандай томсырайған қалпы. Осы ел шыдамдыны "кесіп алса, қан шықпас" деуші еді, тап соның өзі. Томсырайған сыртының ішінде мықтылық жатыр екен-ау деп Жантасқа алғаш рет риза болды.

Жыл өтті. Ниханбай қалаға барғыштауын көбейткен.

- Ойбой, Ниханбай қарағай кестіріп жатыр екен, - деген сөз шықты.

Сөздің арты қырнаған қарағайлардың арба-арбаға тиеліп, ауылға әкелінуіне ұласты. Үйіп-үйіп тастаған бөренелердің үстіне шығып еріккендер:

- Мұны қайтеді? - десті.

- Отын қылар.

Ой, сен де... оны ақша төлеп, сонау ит өлген жерден тасымаса қайтеді.

Жаз ортасында Ниханбай жұмысының бетін ашқан. Қаладан ағаш шеберін жалдап, ауылдастарын асарға шақырып жүріп, жаңа мешіттің қабырғасын көтерді. Берекелі іске айнала тегіс жұмылып, күзге қарай мешіттің есігі де ашылды. Аяқ жетер жердің баласы оқуға тартылып, мешіт іші күмбірлеген құран үніне толған.

* * *

Қалашылап келген бір топ жас тауға өрмелеп бара жатыр екен. Бір кезде тау десе, өзінің де делебесі қозатын. Анау тағылының Ақ биігіне, Бұғылының Құсмырынына, Бесшоқының Байназарына, Қотырдың шыңына шығамын деп талай кебісті тоздырған. Әлі де қызығады. Бірақ мына жұрт не дейді деп тартыншақтайды. Әсіресе қарны жуан мен ауыл арасында пысықсынғанның "еріккеннің ермегін жасап, мына жырауға не көрінді" деп, ағаш атқа мінгізген өсегінен жаман не бар.

Өлінің жаманы жоқ, тірінің өсектен аман жок демеі ме, дуалы ауыз қарияның айтарын баққан қазақтың иба сақтаған заманы өткен тұста жел сөзге іліге салу оп-оңай. Өткенде Жанғұтты екеуінің сондай бір қисынсыздыққа ұрынғандары да бар. Тал түс еді. Жеке ауыл болып бөлектеу қонған Байғұттының үйінде түстеніп отырған. Байғұтты Жанғұттыдан мүшел жас кіші інісі. Бір шаңырақ, бір ауылда бола бермей, өсіп-өркендеуді Алладан тілеп,

жеке қонғаны биыл. Жаңа ауылдың жай-күйін білгісі келді ме, Жанғұтты қатар өскен досы Шортанбайға қолқа салып, екеулеп келгеніне көп болған жоқ. Шілденің шыжғырған күні де бас көтертпей, кім де болса сая іздеген шақ. Ел арасының ірілі-ұсақ әңгімесін қозғап, ашық есіктен сағымданған далаға анда-санда көз тастап отырған Шортекең бірде әрі серпіліп, бірде бері қарай толқыған мұнарлы әлемнен бір қараны көзі шалған. Жанарына іліккен сол қарауытқан бейне дала теңізінің толқынына шым батып жоғалады да, бір сәт асау йірім сыртқа тепкендей қайта көзге ілігеді.

- Қайда тесіліп қарап отырсыз? - деген досының мазасызданған жүзін байқаған Жанғұтты шешен.

- Анау бір қарауытқан не екен?

- Кәне? - Жанғұтты ұзағырақ үңіліп барып көрді. - Адам ба? Мал ма?

- Мал шығар. Адам болса таяйтын уақыт болды ғой. Ол маңнан бұрын мұндай ештеңе көрінбеп еді, - деп Байғұтты тысқа шықты.

Сағым ішінде қарауытқан дененің енді қимылы да жиілегендей. Мал болса, мына ми қайнар ыстықта бір жанына сая таппас па. Сонда, адам болғаны ғой. Жүрісі тым баяу. Аяқ артар көлігі қайда. Қарға адым жерге атпен баратын қазақтың соншама жерден жаяу келе жатқанына көңіл сенбесе де көз көріп отыр. Сырттағы Байғұттының

- Әй, анау не қылған адам, біліндерші, - дегені естілді.

Біреу дүрсілдетіп шаба жөнелді.

- Кімде болса бір бейшара ғой, - деп қамыға үн қатты Жанғұтты шешен.

- Басына іс түскен пенде болды ғой. Есекке пысқырмайтын, өгізді мал демейтін қазағым енді сүлдесін сүйретіп келеді. Енді бұған не шара. - Шортекең тақиясын алып, тершіген маңдайын сүртті. Қызыл шырайлы жүзіне екі самайы қасқалана біткен кең маңдайы тақиясын шешкенде анықтала түсіп, жарасым тапқандай екен деді іштей Жанғұтты шешен.

Шауып кеткен дүрсілдетіп қайта жетті. Кім екенін анық естімесе де:

- Не қылып жүр? - деген Байғұттының сөзі жеткен.

- Жұмысым бар дейді.

- Жібермеңдер бері. Қараша үйден сусын ішсін.

Байғұттының тіктеу мінезін Шортекең бұрыннан белетін. Інісінің орынсыздау сөзін естіп Жанғұтты да қарадай қысылды. Ыңғайсызданғаны болар, мәсісінің қонышын тартқылап, уқалай берді.

- Кім екен? - деп сұрады үйге енген інісінен.

- Әлгі Құрманбай...

- Иә, бұл ауылда не жұмысы бар екен?

- Жұмысы бізде емес, сіз екеуіңізде екен.

- Қап, - деп ренжіді Жанғұтты. - Екеуімізді бірдей шымалдықтың артына отырғызған жас келіндей жасырып қойғаның қалай?

- Мазаны алар деп... Жолыға жатар.

- Оу, ол соншама жерден жаяулатып, жанын жалдап келеді.

- Жаны киналмаса, жаяулатпас еді-ау, - деп Шортекең де сөз қатты.

- Шақыр осында. Қазақтың дастарханы ортақ, бұйырған дәм бәрімізге де жетеді, - деп Жанғұтты інісіне кесімді сөзін айтты.

Құрманбай сәлемге ұсынылған қолдың ұшын ұстауға ғана шамасы жетіп, дастарханға жетпей отыра кетті.

- Беу, Құрманбай-ау, дәмнен үлкен ештеңе жоқ, тойып отырсаң да кейін ысырылма, қолыңды сала отыр, - деген Шортекеңнің сөзінен кейін ғана бері жылжыған. Құрманбай бұл елге кірме есепті. Белгілі жерінің болмауынан әркімге бір қонсы қонып, азығантай болса да малы сыймай, жылда өстіп тарығып қалатынын жырау да, би де білетін. Жоқ-жітіктеу Құрманбайдың Жанғұттыдан көмек тілейтін ниеті барын да естіген. Әйтеуір бір сайға ие болса, соны балаларына тастап кетсемнің бүгін тағы куәсі болды.

Ертеңіне осы Байғұттыдан Құрманбайға бір тай мінгізіп, үшеуі кәріліктен атқа мінуге жарамаса да, елге ие боп отырған Бөрінің ауылына жетті. Бөрі жылы қарсы алды. Мәселенің мәнісін түсініп:

- Им, - деп біраз отырды. - Бірің жырау, бірің би ағайынның мұңын айтып келіп қалған екенсің. Би-інім. Інімнің меселі қайтпасын. Жырау ата, пірімсің, айтқаныңды батаңмен бекітерсің, мына Құрманбайға Тайлақсойғанды бердім.

Тайлақсойғанды Құрманбай алыпты деген ел ішінде біраз әңгіме туғызды. Дұрысына барғандар да, қисық

сөйлеп, қыңырайған да бар. Желсөзділер "уай, би мен жырау Құрманбайдан осы үшін ат мініпті" деп шығарды.

- Қой! Былшылдама! Қай атын береді! Құрманбайдың атқа мінгенін бұл маңда көрген ешкім жоқ, - деп тыйғандар да бар.

- Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді деген бар. Ерлігі мол, серпіні асқан ел болсақ та өсегі, ғайбаты жоқ ел едік. Ауызға қақпақ қоюдан кетіп бара жатқандай ғой, - деп ренжіген Шортөкен.

- Жетім қозы түңілер, түңілер де отығар деген де бар. Жамандықтан түңілер, түңілер де қайтар. Қайтаратын ер де тура, - деп Жанғұтты тоқтам айтты.

"Елге ел қосылса құт, елден ел кетсе жұт" деген қазақ бөтен де болса қонсының қонғанына қуанатын. Түстіктен терістікке малын жая кешетін елге кірме боп енгендер аз уақытта сол атаның бір баласы боп, сіңіп кеткен. Сол румен тірлігі бірге, не қиындық кезіксе де бөлісе көріп, не дауды бірге көтеретін. Иә, қазақта рулардың көш жолы үшін жер дауы боп жатса, оны ара ағайындасып шешуші еді. Енді, міне, орыс бекініс салып, көш жолын байлап тастаған соң, ру түгілі ата-ананың арасы жер үшін ушығып тұр. Әр ата емес-ау, жеке-жеке үйлердің де сай-сайға еніп, өз боғына өзі көмілген жайы дау-дамайды ұлғайтып барады. Мұның арты не болады деп уайым шекті Шортанбай жырау. Әр үйіндісі үшін таласқан тышқанға ұқсаған тірлік елдің санасын есік алдындағы күресінге байлап, ел бірлігі, бөтенге жем болмау дегеннен біржолата әкетпес пе?! Онда мына халқы жат жұртқа, анау мұрты едірейген көк көз сарыға мәңгі бодан боп қалмай ма?!

Ағашты тауға үй салып,
Алды кәпір алқымдап,
Елді еркіне қоймайды,
Буыршындай тақымдап.
Дуан басы, болыс тұр
Кәпірдің сөзін мақұлдап.
Бейшараның пұлы жоқ,
Қорыққан соң тұр қақылдап.
Жарысқа кірген жақсылар,
Аша алмасын көзін деп,
Сол себепті қорқамын!

Ертеңгі сайлау есіне түсіп жыраудың жүрегі тұрды. Иә, қолындағы билігі орыстың сөзін мақұлдаудан аспас орынға

таласып қырылып жатыр. Елінің қамын ойлаған хан сайлауы тап мынадай айтыс-тартысқа барған емес. Кенесарыны орта жүздің ханы сайлағанда да өз ішінде болған. Кенесарының ауылы оның алдында Айыртаудың бергі етегінде отыр еді. Айыртау - аса бір келісті жер. Жер астынан үркіп шыға келгендей едірейген тастары бірінен-бірі өтіп, әсем сурет беріп, сондайдан көз тартатын. Әсіресе, шың басындағы жеке тұрған тасты біреу қыранға, біреу аюға ұқсатып, дауласып жататын.

Хан сайлауына аптадай уақыт қалғанда Кенесары ауылы Ортауға қоныстанды.

- Арғы бабасынан медет сұрағаны болар, - десті біраз жұрт.

Шыңғыс ханның үлкен ұлы, атақты жорықшы Жошы хан өзінің ордасын осы Ортауға тіккен екен. Саятшылықты аса ұнатқан жошы Ортаудың ғана бүркітін құс атаулының қыраны санап, өмір бойы соны ұстаған. Бұл жөнінде көне заманнан бері айтылып келе жатқан дастанды Шортөкен де сан естіген. Мына аумалы-төкпелі заманда ел жадынан шығып кетпесін деп, хатқа түсіргені былғары сөмкесінің ішінде. Жошы Ортауды өзінің мәңгілік Орда тіккен қонысы санаған екен.

- Хан ием, - депті бірде атақты Сүбітай баһадүр.

- Иә, айта бер.

- Сіздің назарыңыз күннің батысында ғой. Еділден арғы қыпшақтың даласын алсам деген ниетіңізді танығам.

- Дұрыс айтып отырсың, баһадүрім.

- Қыпшақтың кең даласы бар, онан әрі қалың орман ішіне жасырынған, өздері тоз-тоз орыс дегендер бар. Сол алысқа жортуыл жасауға Ортау қашықтау болады,

- Сондағы айтпағың не?

- Орданы Ұлытауға апарып тіккен жөн.

Жошы хан ұзақ ойланыпты. Ақыры Сүбітайдың айтқаны жөн екеніне көзі жетіп, өзі құрған қазақ мемлекетінің ордасын Ұлытауға қоныс тептірген.

Кенесарыны Орта жүздің руы етіп сайлауға арғын, найманның, қыпшақ, керей, уақтың, қоңыраттың игі жақсылары, дуалы ауыз билері, жырау-шешендері, елінің бостандығы үшін жан алып, жан беріскен батырлары жан-жақтан ағылған. Орысқа қараған терістік жақтың адамдары кәбірден бой жасырғандай боп жетсе, түстік жақтың игі

жақсылары жер шалғайлығына қарамай түгел келген. Тіпті, сонау Кіші жүз, Жетісуда жатқан Ұлы жүздің де жан ашырлары бой көрсеткен.

Хан сайлауында Бесата жұртынан өзінен басқа Байсейіт би, Жанғұтты шешен, Қара би, Дүйсенбай би қатынасқан. Сонда Қара би:

- Осыншама халық жиналған екен. Хан сайлауына кімдер түсетінін білгендерің бар ма? - деп сұрады.

Жанғұтты Қара биге таңырқай қарады. Байсейіт Қараның сөзін жақтырмағандай кіржің етті де:

- Қазақ қай заманнан ханды төре тұқымынан, оның ішінде елін қорғай білетін жүректі, қиын-қыстау заман болса, жолын тауып алып шығар ақылды азаматынан сайлаған.

- Е, бәсе, - деп қалды Дүйсенбай.

- Осы жиылған топтың ішінде Кенесарыдан асатыны бар ма? Айтшы, кәне?

- Оған дау жоқ қой, - деп Қара би ағасынан сөз естіп қаламын ба дегендей жалтақтай берді. - Кенесарыға адам жете ме.

Хан сайлауына Кенесарымен таласа түскен ешкім болмады.

- Уа, ағайын, орта жүздің хандығына кім лайық? Атаңдар, - деген аппақ қудай сақалы беліне түскен қарияның сөзі.

Кенесары... Кенесары.., - деген дауыстар Ортауды жаңғыртқан ұлы айқайға ұласып кеткен.

Кенесарыны қолтықтай жөнелген жұрт ақ киізге отырғызып, аспанға атып, сол манды шыр айнала жүгірген. Ерін сыйлаған елінің көрегендігіне риза болып, көзінен қуанышты жас аққан қария батасын берген еді.

Қайда сол күн? Енді мынау, сұрқылтайлыққа таласып-кеңірдектесіп жатқандар.

- Бармаймыз ба? - деген дауыстан Шортекең басын көтерді.

- Неден қалып барамыз? - Шортекең енжар.

- Солайы солай. Бұлар сайлау жәшіктің маңына үйірілсе, егістікке түсіп кеткен сиырдай бәрін жайпамай, бірін-бірі мүйіздеп бітпей бір кетпейді, - деп Байсейіт би сайлаудан гөрі сайланудан үміті барларды қыжыратып өтті. - Алды, арты осы емес, шетінен өлермен. Өлерменге майын тамызған өсектен басқаның қажеті шамалы.

Күні бойы оязға баратын есікті аңдыған казак-орысқа тіл қатысып, барлы-жоқ документін қайтып алып, молладан науқасына ішірткі алғандай қуанған би-болыс, төре дегендердің соңынан бұлар да ішке өткен. Осы іске жауапты ояз дегені кепкен көндей кекірейген сары екен. Мына қазақтардан мәртебесінің жоғары екенін көрсеткісі келе ме, бұйрығын тісінің арасынан сыздықтатып, түсін жібітпей-ақ отыр.

Үміті бар жуандар ала көзденіп, өзара күнкілдескені болмаса, басқаға тіл қататын мінез танытар түрі жоқ. Бұрынырақ келіп төрден орын алған Тұрсын армансыз қанып ішкен шайын енді орамалымен сүртіп басып, мына жұртта қыртып қырық жыл өкпесі кеткендей, жанындағысына танауының астынан ғана міңгірлейді.

- Осы мен сендерге кіммін? - деген дауыс шықты. Дауыс иесі Құсбек екен. Нығыртуына қарағанда, өзінің бұрын да "таққа" отырғанын көлденең тартып, мына жұрттың пейілін білгісі келетін сияқты.

- Кімі несі? Құсбексің. Қышымаң ұстап кетті ме? Әлде менен артық бірденең бар ма, - деп Жамантай хан дүрсе қоя берді.

- Бұл да кісімсі қалыпты. О, тоба. Жамантай хан ... хан дегенге. - Бұл Тұрсын екен. Осы сәт өзін көрсетіп қалатын кезең деп ұқса керек.

- Мына Бесата жұрты өзінің кәнделетін ұсынған жоқ деп отыр оязеке, - деп тілмашы дауыстады.

- Е, ұсына бере ме бізден асып. Кім олар? - Дауыс иесі Сұлтан қазы іркілдей күліп, мол денесімен ырғалып, керіліп те, кергіп те отыр.

- Не айтып отыр мыналар? - Намыстана қалған Қара бидің дауысы ашы шықты, - бізде ұсынамыз Саңқай төрені.

Аты аталғанға Саңқай төре ризалық танытып, күлімсіреген еді, келесі дауыс оны да қарпып түсті.

- Әлгі шабындыққа дүзге отырды деп жүргіншіге айып салатын төре ме, Тапқан екенсіңдер ел билейтін тұлғаны. Жұрттың көтін аңдып...

Сүзгілеуге қосылмай отырған Құнанбай жағы. Атжақты жүзін төмен салып, ащылау шыққан сөздің иесіне жалғыз көзін жалт еткізе бір қараған қалпын бұзбаған. Тек сол бір қарасының өзі сөз иесінің өңменінен өткендей өткір.

Шарпысып-шарпысып алған жұрт сәл аялдайық десіп сыртқа беттеген. Құнанбайдың жанына Алшынбай еріпті. Бесатадан келген Кәдір, Дүүйсенбайдың маңында Жанғұтты, Көпбай, Қара, Есберген. Көргені мен естігенін көніліне сыйғыза алмаған Шортекеңнің жанына Күдері қожа келе қалған. Осы елдің біразының аға сұлтандыққа Құнанбайды ұсынғанын, оған қарсы топтың кешеден бері аға сұлтандыққа қимай тартысып жатқанын Күдері қожа бүгешүгесін қалдырмай айтып шықты.

Түс ауды. Түстіктерін ішіп, жіпсіп-жайланған жақсылар тағы жиналды. Манағы бір кергіштеу тағы басталатын түрі бар еді.

- Оу, Қожеке, сіз не дейсіз? - деп қалды Алшынбай. Төре, би-болыстар Күдеріні жаңа кергендей үрпіісе қарасты.

- Айтсын, айтары болса, - деп қостады Жамантай.

- Е, десін.

- Десін.

Күдері сәл тосылып барып, сәл аттап ортаға шығып, бір тізерлеп:

Атаннан артық тусаң, ту ұстарсың,
Ез болсаң, тезегінді уыстарсың.
Бірінді бірін түртіп не қыласың,
Түбің бір кісі, қазақ, туысқансың.
Құнанбай орта жүздің тұзы емес пе,
Көнеден арнасы бар із емес пе.
Қарадан хан болса да реті бар,
Салмаңдар қу кеңірдек, қыл өңешке.
Су екеш су да ағар жүйесімен,
Жарасар көштің сәні түйесімен.
Кімің бар Құнанбайдан озып туған,
Айырма елді нағыз иесінен.
Арғымақ қанша шапса арымаған,
Қиыннан жол табады дарын адам.
Сыртынан алтын сары, мыс та сары,
Жақсыны жарымжандық танымаған, ~

дей келіп, әр жағын тақпақтатып:

Тұз болмаса - ет бұзылады,
Дін болмаса - ниет бұзылады,
Ел - ерімен көркем,
Жер - көгімен көркем,
Ақылы асқанды хан тұт,

Білімі асқанды пір тұт.
Жақсынды қадірле,
Жаманынды тәрбиеле.
Арбағатокпақ көргенді жекпе,
Сокпақ көргенді жек, -

деп бітірді.

Су сепкендей тыныштық орнаған. Тақтан үміткерлер бір-біріне көз астымен ғана қарасады. Кімнің бастағаны белгісіз "Қожеке, аруағыңнан айналайын, кешіріңіз" деп орындарынан тұрған ел жақсылары Күдерінің қолын" алды.

- Алла тағала пайғамбарлықты сіздерге берген. Сіз пайғамбар ұрпағысыз. Енді біз тоқтадық, батаңызды беріңіз, - деп, жаппай қол жайып Құнанбайға бата бергізген. Құнанбай толқып тұрып, жасы өзінен кіші болса да Күдері қожаға қарап "мандайымнан бір сипаңызшы" деген

Құнанбайдың аға сұлтан сайланғанына Шортанбай жырау да қуанды. Құнанбай өзі сияқты кеше дәурені өткен Кенесары ханға тілеулес еді. Кенесарының қолына қосылып, орыспен соғыспаса да іштей қолынан келген жәрдемін жасаған. Ендеше оны Кенесарының ізбасары деп неге түсінбеске деп іштей түйіндеген.

ТАЛАС

Шортекең таңмен таласа тұрып еді. Шығыс жақтағы көз жасындай мөлдіреген жұлдыз мөлт-мөлт етіп, еріксіз назарына түсе берді. Өмірінде қаншама рет осы жұлдызға сүйсінгенінің есебін кім шығарыпты. Сібірлеген таңның рауаны ұлғайған сайын жұлдыз да сан құбыла түскен. Кенет сол таң жұлдызының маңынан тайтұяқ жамбыдай тағы бір жұлдыз шыға келген. Жырау өз көзіне өзі сенбегендей таңырқап, е, Алла, сенің әлеміңнің сырына кім түсініп болған деп, дұғамен бетін сипады.

Түшіркенген ұйқыдан қашырған да, таң сәріден орнынан тұрғызған да Бөрібайдың кешегі сөзі. Астындағы аты қалжыраса да тақымы қажалмайтын, Бесата түгілі, Қарқаралы, Ақмола жағын аралап, аттан түспейтін Бөрібай Ниханбай ауылына соққан екен. Өздерінен гөрі қалаға бір табан болса да жақындау Ниханбай әңгімеге байытып жіберсе керек. Соның ішінде көңілді нілдей бұзғаны орыс әр жерде мектеп салады екен, сол мектепке қазақтың

баласын жинап оқытып, онда міндетті түрде шоқынды діннің сабағын жүргізеді екен деген әңгіме.

- Солай де.., - Шортекең артық сөзге бармай осымен тоқтаған еді. Бөрібай әңгімесін одан арыға созды.

- Бұл орыс құтыратын шығар. Ауыл-ауылдағы өзіміздің киіз үйлі мектебімізге, ондағы молламызға да көз алартыпты. Ауыл мектебінің молласы ендігі жерде ояздан рұқсат алады дейді. Молла орыстың ақ патшасының сөзін сөйлейтін адам болсын деген де жасырын бұйрық бар көрінеді. Сонда Ниханбай өзі салдырған мешітке енді өзі иелік етпесе, оған не шара, Ниханбай осыны айтып, сірә, ендігінің молласы да орыстың дінін уағыздайтын адам болса керек деп шошынып отыр.

Жырау үшін Ниханбайдың әңгімесі тосын емес. Ақ патшаны маңайлап жүргендер өзі асау, өзі сері қазақ халқын қалай біржола табанға саламыздың сан жоспарын жасағанын біледі. Соның бірінде қазақтың баласын, әсіресе қыздарына еуропаша білім беру қажеттілігі айтылыпты. Қыздар - болашақ ана. Болашақ ана орыс рухымен ауызданса, ол өзінің байын да, баласын да орыс жолына икемдейді. Халықтың бір бөлігі осылай икемделсе, оны шоқындыру бір сәттік жұмыс. Шоқынған қазақты орыс деп жаза беруге болады дегендерін естіген.

Енді мына хабар... Бөрібай сияқты даланың қара қазағы шошынса, онда орыс өкіметінің бір қауырт іске барар ойы қашық емес дегендік. Басынан бақыт құсы ұшса да қазақ мұндай жамандықтың алдын алуға тырысқан. Түу, сонау қалмақ шапқан заманның соңғы кезінде ұзаққа созылған зардабынан оқу-тоқусыз бара жатқан халқының қамын Абылай хан ойласа, Жидебай батыр жер үйінің жанынан мешіт салдырып, Жарылғап батыр Түркістаннан Қожаның екібаласын алып келген. Пайғамбардың тікелей ұрпағынан Сейіттер тараса, екі баланың бірі сол тұқым, кейін Айтбай аталып кетті. Екінші бала Әбубәкір Сыздық тұқымы екен, Ораз атанып жүр. Кернейдің Қара суындағы мешіт сол Қожаның екі ұрпағының елге тигізген шарапаты.

Әу, онан бері де ел қарап жатқан жоқ. Кенесары ханның қазасынан кейін ресейліктердің ішкі ниетін айттырмай таныған Құнанбай Қарқаралыда мешіт тұрғызса, Жанғұтты шешен өзіне қазылық берілмей тұрып Қойкел өзенінің жағасына мешіт салды. Анау тағылыдағы Жәнібек

қожа, оның шәкірті Ақбас қалпе де мешіт үйін көтерді. Өзі оқыған қатпардағы Ыбырайым қожаның мешіті де осы шамада бой көрсетті.

- Е, бұл мұжықтар дінге таласты. Күш бұлар жағында болғанымен, қазақтың әзір ділі де, тілі де бұзылған жоқ. Әзірге іргеміз берік. Тас іргені соққылай берсе, ол да шытынайды. Бірде тіліне, бірде дініне тиісіп, әдісін тауып малын алып, ырысын ортайта түссе, шытынаған жер жарылады, не қазақ қайта атқа қонады. "Бостандық" деп атқа қона қояр қазақта бүгін не қауқар бар.

Шортекең ауылдан төменгі бұлаққа барып, ұзақ дәрет алып, Аллаға сиынды. Іштей ширыққан халін баса алмаған.

Әлсіз айбар не керек,
Ендігі жанның ақылы,
Отқа түскен көбелек.
Көбелектен несі артық,
Өлгенінді қазақ көрмедің,
Жалға жүрген жалшыдай
Жан қадірін білмедің.
Білмегеннің белгісі,
Балаңды бер деп орыс тұр,
Қайтемін деп болыс тұр.
Қой десен орыс қорықпайды,
Қазақты қамай түсіп тұр.
Басыңнан билік кеткен соң,
Малыңнан асып, балаңды,
Бер деп ақыл тапқан соң. -

деп іштегі құсасын төкті.

Іштегі құсасын төгіп тастаған соң Шортекеңнің құрысы жазылмаса да, сәл босаңсыған. Өз басы насыбай атып көрмеген. Насыбайшылардың осындай да сол шіркіннің құрыс-құрысты жазады дегеніне өмірінде бірінші рет сенгендей болды. Көңіл жұбаттары да, әйтпесе аузы-басты сасытқан сол неменің қай қасиеті болушы еді деп тағы да тоқтам айтты.

- Иә, Алла, мына сұмдығыңнан да халқымды сақтай гөр.

Жаратушыны жеті қат көктен іздейтін көңіл аспанды сүзген. Түн шымылдығын асықпай жыртқан ай ауылдың батыс жағындағы биік секі тастың үстіне қоныпты. Шығыс тұстан шарпыған күн шапағы мөлдіреген таң жұлдызының

құбылған реңкін басып-ақ тастапты. Тағы бір күн шықты. Біреуге үміт жетелеген, біреуге қасірет арқалаған күндер алмасып өте береді де.

Қасірет... ол шіркіннің де таусылар шағы болмас. Қазақтың басына тағы бір ауыртпалық келе жатқандай. Оның басы тап бүгіннен басталмаған. Куәгері тағы өзі. Сонау Едірей тауының ар жағына қоныс тепкен бір ауыл қожа болушы еді. Күдері қожаның бір тапсырмасымен барып танысқан. Басына сәлде ораған ауыл ақсақалы Нияз жылы қабақ танытса да, кімге болса да терең бойлай қарайтын адам екен.

- Е, Күдері қожамен жақсы туысады екенсің. Білдім тегінді, - деп Шортекеңнің жеті атасына дейін санап берді. Нияз ақсақалдың бабасы Қаратау жақтан келіп, осы маңның жасын мұсылман жолына салып, тәлім бергеніне де талай заман өтсе керек. Енді мына орыстың қазақ даласына ендеп еніп бара жатқанын, оның қазақ үшін қатерлігін екі сөзінің біріне қосып айтқан. Ауылдың кішірек мешітіне жұма сайын жиналған жұртқа да пікірін ашық білдіріп жүрсе керек.

- Апыр-ай, Нияз қожаның ауылын солдат басып алыпты, - дегенді бір-ақ естіді.

- Не? Неге?

- Қарсысың дейтін көрінеді. Ноғай Сібір жаққа жер аудармақ екен.

Осы әңгіме Жамантай ханға да жетсе керек. Шортекеңді ерткен Жамантай хан қос атпен түнімен жүріп, ертеңіне күн көтеріле қожа ауылына жетті. Жолын кес-кестеген солдатқа Жамантайдың аға сұлтан деген дәкіменті патшаның бұйрығындай тиді. Тағзым етіп, шегіншектеп жол босатты.

Нияз ауылының малын тартып алыпты. Оған ие әнебір малақайын көзіне түсіре киген мұжық сияқты. Шен таққан жасақ бастығы кәмпескемін деді. Мұның не сөз екенін ажырая қараған Жамантайға Шортекең түсіндірді. Мәнісі, тартып алынған мал иесіне енді қайтпайды. Себебін сұраған аға сұлтанға тағы сол шенді орыс:

- Өкіметке қарсы жаман сөз айтады. Зиянды кісі. Елге жолатпау керек, - деп түсіндірді.

Зиянды кісілермен қаттырақ сөйлесуге рұқсат алған Жамантай тағдырдың тауқыметі басына түссе де өрлігін

сақаған Ниязбен орысқа көз қылып жекіре амандасқан болды. Бала-шаға бүрісіп, бір-біріне үйме-жүйме тығылып, жасып қапты. Үлкендерінің қолында бірер түйіршек. Баска ештеме алдырмаған. Жамантай хан сәлемдескен болып жүріп, Нияз бен басқа еркек кіндіктілерге қаражат ұстатып үлгерді.

- Сөге жамандамандар. Қолдан келгені осы. Мұны орысқа кеткен малдың аз-мұз төлеуі деп білңдер. Мына кәпірдің беті жаман екен, түбі бәрімізді тұзақтар.

Иә, сол Нияз ауылынан сол кеткеннен хабар жоқ. Орыстың қай орманының қай түкпіріне тығып жібергенін кім біледі. Онан бері де қаншама уақыт өтті. Нияз кожа дүниеден өткен шығар, жігіт ағалары, тірі болса, ақсақалдыққа жетіп, жастар өскен шығар. Әлде...әлде қысықаксаған Сібірдің бір жерінде әрбір төмпешіктің астында қалды ма.

Жыраудың іштей түйгені, жандарал, ояз атаулының қазақтың түстігі, Қартау жақтан келген оқымыстыларына сенімі жоқ. Қолдан келсе ауыл, молласының өзін Мәскеу жақтан оқығандармен толтырғысы келеді. Өкімет қос тізгін ұстапотыр. Шоқындыру - негізгі мақсаты, ал уақытша қазақ арасында өзінің айтқанын орындайтын молласы болуын да қалайды.

Ел жақсыларының ұстанымы да басқа. Халықты өз дінінің негізімен суаруды ойлағандар Түркістан, Қарнақтан оқыған, діні таза, пайғамбар ұрпақтарын шақыруда. Құнанбай Бердіқожаны алдыртса, Шейкұл сайд Мирхалидұлы Аяғөз маңына орнығып, Кәдір мен Көпбай Шәһібүзірік тұқымы Ақылбек, Асан, Темірбек, Өтегендерді қалап алды. Көпбай болыс Арқаға көшін түзеген осы төртеуінің жолына әдейі ауылын қондырып, ағайынды төрт қожаның жүгін түсіріп, әлденеше күн еру еткізіп, енді жүруге рұқсат сұрағанда:

- Кәрсөн Бесатаның бірі. Сонда төрт ата мұсылмандығын сақтағанда, біз не, кәпір боп кетуге тиіспіз бе? Ағайынды төртеуіңнің бірін қалыңдар біздің елге, - деп жармасқан.

Төрт ағайынды өзара сырласты, кеңесті. Ешқайсысының да ағайыннан бөлініп қалғысы жоқ. Көпбай болыстың да айтқаны дұрыс, сөзі түгел

- Кім қалса да өз ауылымен бірге болады. Тағдырдың бар жақсы-жамандығын бірге көреміз. Мен не ішсем, соны

ішіп, не кисем соны киеді, - деген Көпбайдың соңғы сөзі бәрін шешті.

- Үлкенімін ғой, мен қалайын, - деді Аққылбек.

Сөйтіп, Арқа мен Шудың жағасын алып жатқан Кәрсөн елінің пірі болып, жастарға мұсылман ілімі мен білімін танытып, Ақылбек ұрпағы күні бүгін есен-сау жүріп жатыр. Көптен дінге мойынсұнбай кеткен бұл өңірдің жұртына Көпбайдың қамшысы да тиген. Намаз уақытында Көпбай әдейі қоңсы ауылдың біріне барып, сәждеге бас ұрмағанды дүрелетіп те алады екен. Сонан Көпбай келе жатыр десе, намаз уақытында кім қай жер болса да тоңқандай беріпті. "Көпбайдан қорқамыз деп көзіміз шығатын болды-ау" деген мәтел түкті қараған, селеулі шөпке бас ұрған біреудің аузынан шығып, елге тараған.

Жұртын жаттың әсіреқызыл әсерінен сақтап, ата жолынан тайдырмау ниетімен көне көз қария Ыбырайым қожа Қатпар тауындағы Сары оба қыстағына мешіт салған. Мешір деген дағарадай аты, отыз-қырық адам зорға сыятын алақандай екі бөлме. Ауылдағы тайпақ тамдардан өзгешелігі - үстін қоян жондап жапқандығы. Соның ортан беліне тақтадай қиып, күмбез салып, сыртқы қақпаға жақын бұрышты милықтата кісі бойы минарет көтерген.

Осы мешіт Шортанбай ес білгелі бар. Ауыл арасы жақын ағайын қыс соғымына шақырып, жаз сүндет тойдан басталатын неше қилы қуанышты бөлісіп жататын да, соның бәріне тай-жабағыға мінген балалармен бірге өзі де баратын. Ол кезде мешіт зәулім ғимарат боп көрінген. Бала біткен ата-ананың "мешіт қасиетті орын, маңынан өткенде Аллаға сиынып етіндер" деген үгітімен, қанға сінген әдетпен көз тастауға да жүрексініп, қысылып өтетін. Кейін ғой... Кейін Қарнақ пен Түркістандағы, Созақтағы Шахи Ахмет мешіттерін көріп, ауыл мешітінің рәсім үшін ғана салынғанын түсінген.

Бірақ сол ауыл мешітіне деген ілтипаты ерекше. Жеті жасқа келгенде әкесі Қанайдың шапанының етегіне жармасып келіп есік ашқаны, жүрегі дүрс-дүрс соғып малдас құрған балалардың арасынан орын алып, ұстазына телміре қарағаны естен кетпейді.

Бақса, молла-екең өзін өзі қатарлы балалардың қатарына отырғызыпты. Дәріс алған жиырма шақты баланың ең алдында өздері, онан кейінгі қатарда өздерінен үлкендеу

балалар, ал ең соңғы қатарда ересектер отыр. Әр қатардағы балалардың әрекеті де әртүрлі. Кішкенелердің алдына сүргіленген тақтай мен бор берсе, оның артындағылар жұқа кітап, ең соңғылар қалың-қалың кітап ұстап отыр.

- Ал, балалар, әуелі тіл сындырып алайық, - деген ұстаз әлдебір қаріпті тақтаға жазып, оның айтылуын әлденеше рет қайталады. Ең алдағы бес бала ұстазға ілесе қайталады. Санаға сінді-ау деген сәтте Ыбырайым қожа әркімнің алдындағы тақтайға сол қаріпті жаздыртты. Қолы икемге келмей, мұрыны тершіген Шортанбайдың жанына келіп, қайта-қайта көмектесіп, қаріптің сұлбасын жаздырған. Сонан соң қаріпті бәріне өшіртіп тастап, енді өздерінің қайта жазуын сұраған. Ағаш тақтай бетін қанша сүрткенімен жазудың ізі қалады. Шортанбай соның жобасымен қаріпті салып шыққандай еді, онысы бәрібір қисық кетіпті.

- Балалар, асықпаңдар. Мына тақтадағы қаріпке қарап салындар. - Ыбырайым қожаның байыпты қоңыр дауысы жанға жайлы жұмсақ еді. Сол жұмсақ үн жебеп-жетелегендей қолы да еркін қимылдай бастады. Әліппені алғаш бастағандарды сабаққа осылайша айналдырып қойған ұстаз кейінгі қатардағылармен шұғылданып кетті.

- Ал, сен оқышы, көне.

Арттағы бала әпитөктен жаттағанын заулата жөнелді. Енді бәрінің ынтасы соған ауған

- Дұрыс, дұрыс, - деді ұстаз. - Бірақ сен асықпа, қырағатына келтіріп оқымасаң, мәні кетеді.

- Есек жеккен арбадай салдыр-гүлдір, - деп қалды бір қалжақбас.

- Олай деме. Жолдасты олай тым сөуге болмайды. -
Ұстазескерту жасап, әрі қарай сабағын жалғады.

Балалар шаршай бастағанда моллаекен:

- Ал енді біраз сергіп қайтындар, - деп үзіліс жасаған.

Тысқа шыққан балалардың арасында алғаш кикілжің басталды. Өтіп бара жатқан Шортанбайды өзі қатарлас сары бала тобықтан қағып қалды.

- О, не, ей?— деген Шортанбай да.

- Сен менің жазу тақтайымды шынтағыңмен қаққансың.

Ұрыстыңаты боқ-жемеден басталып, екеуі әрі-бері итерісіп тұрғанда араға жалпақ бет, таңқы танау қара бала түсті.

- Не боп қалды, сонша? Жаман әтештерше дүрдиісіп. Мешіттің жанында ауыр сөзді кім айтады, - деген.

Мешіттің жанында деген сөз екеуін де сап тыйды.

- Кәне, қол алысындар!

Сары бала құлықсыздау қолын созды. Екеуіне қол алыстырған қара баланың есімі Жанғұтты екенін сонда ғана білген. Екеуі де бір жылдың төлі екен. Екеуінің де мешіт есігін ашып отырғаны осы. Жанғұттының ауылы Нұраның жағасында. Шортанбайдың үйі Жалпақсазда. Екеуі де қыс бойы осы Сарыобадағы ағайын, жегжаттардың үйінде. Сабактан босап кетсе Нұраға, не Жалпақсызға тартып отырады. Әуелде, "қайда кетті" деп іздеушілер болған, кейін егіз қозыдай өскен екеуін "е, анау ауылға кеткен шығар" дейтін де қоятын.

Ыбырайым қожадан төрт жылдан аса дәріс алды. Онан кейін Шортанбай Қарнақтан оқып, Бұхар өтіп, Упе, Қазан қалаларын ақтап қайтқан да, Жанғұтты ел ішінде қала берген еді.

Ұстазы Ыбырайым қожа нағашысы, шешесі Шүкіманның ағасы болатын. Ұстаздық еткен адамға ауылдастарының көмегі малын бағып, отын-суына қолғабыс еткені. Кей-кейде бір оқушының әкесі тоқты-торым әкелсе:

- Мұның не? - деп ренжитін ұстазы.

- Сіздің еңбегіңіз ғой. Көз майын тауысып... осы боқмұрынды адам ету оңай ма, үйдегі үш-төртеуінің өзіне ие бола алмаймыз. Сол үшін жасаған сыйым.

- Бекершілік. Жасты Алланың түзу жолына салу - біздің міндетіміз. Енді бұлай етпеңіз.

- Хақ пайғамбар тұқымысыз, қожаеке.

Кейін осы сөзді ержеткен, есейген, елге жөн айтқан шақтарында жан досы Жанғұттыдан да естіген.

- Шортеке, хақ пайғамбар ұрпағысыз. Ұлы пайғамбар "менің ұрпағымды сыйлағандарың, мені сыйлағандарың" деген. Сіздерді сыйлау - бізге парыз, - деген еді досы.

Секі тастың төбесіне қонған ай жылжып кетті. Манақа өзенінің сағасын қуалап, ауылға беттеген топ салт аттыға көзі түскен Шортекең келе жатқандарды есік алдында күтіп алуға ыңғайсызданып, үйге кірген. Бәйбішесі Мәликеге шай қамын жасауды ескертіп үлгерді. Сәлем беріп, төрге озғандардың алдында Есберген, Ораз Ботпай қалпе, Бөрібай

ку, балдызы Зейне мен Текмұхаммед екен. Шай үстіндегі қысыр әңгіме ел арасының ұсақ-түйегінен озбай отырған. Шортекеннің байқауынша бұл келгендер сокпа қонақтардай емес, жатып жайласатын түрі бар. Сөз арасында:

- Шортеке, көрмегелі біраз уақыт болды, әңгіме, жырыңызды сағынып қалдық, - деген Есберген мән-жайды да аңғартқандай,

- Кеше Жанғұтты ауылында болдық. Енді сізге арнайы сәлем беріп, іштегіні бір ағытайық деп келдік. - Ботпай қалпе жайласа отырып, бөркін шешіп, тақиясын түзеп киді.

Қаратөбел қойдың есіктен басын көрсеткен жігіт бата тіледі. Есберген Ботпайға қарап еді, ол өзінің бата беріңіздің ыңғайын танытты.

- Аллау әкбар.

Бетін сыйпай берген Ботпайдың қолы кесесін қағып кетіп, ыстық шай тізесіне құйылған жігіт ыршып түсті.

- Ойбай.

- Алла де, жігітім. Бәрі Алланың әмірімен.

- Мына тіземе құйылған шай да құдайдың ісі ме? - Бөрібай ежіктей қалды.

- Жаратушы Бөрібайдың тізесіне ыстық су құй демеген шығар, бірақ сені жаратқан құдай іс-қимылыңды да беріп, оны тәртіптеуді өзіңе тапсырған.

- Онда ол тәртібін көре алмай тұрмын-ау, - деп Бөрібай шүбә келтірді.

- Шүбәнің түбі күнә боп жүрмесін, - деп бастап Шортекен

Алақандай ай мен күн,
Ғаламның ортақ жарығы.
Жаббардың екі болмайды,
Әмір қылған жарлығы.
Құбылаға бас қоймақ,
Мұсылманның парызы, -

деп тақпақтатып кетті.

- Иә, - деп басын шұлғыды Есберген. - Түнеріп тұрған түн Алланың жарығы күн шыққанда жадырап шыға келеді. Алмасып жатқан қайғы мен қуаныш тәрізді. Жаратушының ісіне адамның миы жетпейді-ау.

- Қайдан келдік, қайда барамыз, - деп Ботпай үстеді.

- Өлі мен тірінің арасы. Ол да жұмбақ. - Есберген осы арасында не жұмбақ бар дегендей Шортекенге қарады.

- Бәрі де бір Алланың әмірі деп тоқтағаннан басқа жоқ,
- деп Текмұхаммед су болған тізесін қайта-қайта уқалап
отырған Бәрібайға қарады.

- Шортеке, - деп бастады Ботпай қалпе. - Сіздің бізден
оқуыңыз да, тоқуыңыз да көп. Бұхар Шәріпті де
тәмамдадыңыз.

- Е, - деді Есберген жаңа бір әңгіменің ретін байқап.

- Осы дүниенің түбін білу күнәлі іс пе?

- Олай демегін. - Шортекеңнің ашық үні күмбірлеп
шыққандай естілді. - Олай демегін. Алла өзінің пендесіне
білу үшін ақыл берді. Малда ес, адамда ақыл Алла "білме"
десе ақыл бере ме? Біл, таны, өс деді.

- Сонда деймін-ау, Шортеке, осы әлемнің түбі не? Кейде
ойланамын да таба алмай дал боламын. Осы жұрт "қалпе,
қалпе" десіп, мені ғұлама санайды. Менің түрім мынау, әлі
әліппені танымаған баладаймын.

Ботпайдың білімінің төмен екеніне налығаны жалғыз
оның басындағы тауқымет емес, талайдың көңілін тырнаған
мазасыз ой екенін Шортекең жақсы біледі. Не демек керек?
Әлемнің құпиясын бір Алладан басқа кім білер. Олай деп
шорт кесіп, тоқтала салса, білсем деп отырған Ботпайдың
үмітін үзгендей екен. Тап мынау деп ұсына қояры тағы
жоқ.

- Сауалың сенің түңғиыққа сүйрейді, Ботпай. Талай
ғалым, ғұлама басын шатып, шеше алмай кеткен жұмбақ
қой, бұл. Сол ғалымдардан ұғып, өзімнің топшылауымды
айтайын.

- Иә, сөйтіп бір сейілтші көңілді, Шортеке.

- Әлемдегі әр затқа бар мен жоқтық тән. Мысалы
алақанға құйғап су сол сәтте бар, бірақ ол жоқ та болады.
Ескен жел бетті ұрады, бірақ ол жоқ.

- Ол енді көшпелі заттар ғой, - деп қалды Бәрібай.

- Көшпейтін, өшпейтін зат жоқ. Сен көріп жүрген
таудың тасы сенің ғұмырыңда ғана бар, ал келер... келер
ұрпақтың тұсында ол құм ғой. Сөйтіп, бар зат, қолмен
ұстағандүние ертең ізсіз жоғалады. Есіп өткен жел,
айтылған сөз сияқты.

- Жоғаларын түсіндік, енді арғы жағы, - деп сұрады
Ботпай.

- Арғы жағы сөз сияқты. Сөз бар ғой, бірақ оны ұстап
көре алмайсың. Сөзден мына затты жасасам деген қимыл

туады. Қимыл сол заттың қалпын беріп, дүниеге әкеледі. Сонда сөз затты жасаушы болып шықпай ма?

- Миым шатысып кетті-ау, - деп Бөрібай басын ұстады.

- Сонда осы біз сөзден тудық па?

- Заттың арғы жағы жоқ дедік. Жоқтан Алланың әмірімен зат шығады. Жоқ, сөз сияқты, қолмен ұстап көретін дүние емес. Жоқ - бар болатын заттың алғашқы бейнесі, сол бейне жаратушының еркімен қалыпқа, қалып затқа айналады.

- Сонда әлгі жоқ деген не өзі? Өлі ме, тірі ме? - деп сұрады әңгімеге енді араласқан Зейне.

- Жоқ - болған, бар заттың өшкен бейнесі. Жоқ - елес, бейне. Менің көне кітаптардан ұққаным, сол елес-бейне тірі. Бірақ онда ес те, ақыл да жоқ.

- Алла, - деп тәубасына келгендей Бөрібай қос алақанын төсіне қойды. - Құдайдың жолының өзі қилы-килы екен ғой. Енді болмағанда сізден құдай қай жерде деп сұрамақ едім. Мынаған ми шатылды, ендігісін тіпті ұқпаспыз. Біз бейшараға бір Аллаға сиынып жүре бергеннен басқаның қажеті шамалы екен.

- Ә, - деп басын шайқады Есберген. - Ұққанымыздан ұқпағанымыз жетерлік. Жылқының ішіне барып, мінірге ат таппай, жүген ұстап қайтқандай тірлікте отырмыз. Неміз бар, неміз жоқ, оны түгендеуге тағы шама шамалы. Қолымызға ұстап, үстімізге кигенге ғана мәзбіз.

- Біздің тірлік бақай есептен аспаған ғой, - деп қалды Зейне балдызы.

Шортекеңе осы Зейненің мінезі басқадан бөлектеу боп көрінетін. Асан қожадан тараған бүгінгі ұрпақтары әр жерде әр тірлікте. Құрман қожа Кешубайлармен бірге, сол елдің күйеу баласы, көші-қон, мал-мүлкі солармен аралас. Айна тағылының ішінде өз ағайындарынан ұзай қоймаған, қара күшке мығым адам. Әбеу жас та болса көбіне өзіне атқосшы боп жүр. Ал, Зейне Балқашты жағалай кетсе де, балықшының күйбең тірлігіне сіңіспей, көбіне ағайын арасынан табылады. Осы жолы Текмұхаммедпен тізе қосыпты. Екеуінің арасы әлі немере-шөбереліктен аса қойған жоқ. Текмұхаммедтің тәуіптік ететінін де білетін. Елдің айтуынша көріпкелдігі де бар. Өткенде үйіне қонып жатқанда Зейнені де, балалары Мұқай мен Ыбырайды да күн шықпай ерте оятып, бәйбішесі Сәлиманға қазанға ас салдырыпты.

- Оу, не боп қалды? Неге бізді үркітіп жүрсің? - деп сұраған Зейне күліп.

- Ат терлетіп алыстан біреу келеді. Әй, балалар, соның атын суарып, тез отқа қоюдың қамын істендер.

- Түү, сен де.., - деп Зейне қалжындай бастаған еді

- Сол кісінің үйінде қатты жатқан науқас бар. Түү, Қарқаралымен шекаралас Дайрабай-Жайықбай жұрты. Өзінің мінгені ақ шеке торы айғыр. Жетегіндегі боз жылқы, - деп Текмұхамед өзінің шөп дәрілерін реттеп, қоржынына сала бастаған.

Шай қайнатып уақыттан аса жүргінші де есік алдына түсіп жатты. Зейне Текмұхаммед айтқандай "жолаушының ақ шекк айғырға мініп келгенін көріп, таң қалып, оның қай жерден, не себептен келгенін тіпті сұрамаған. Көріпкел тәуіптің жылдар өте Қуандық ішінен де бір науқасқа барардан бұрын "ертең тағы бір аурағы мені шақыра келеді. Бармасам, науқастың наласына қаламын, бала-шағама қарғысы тиеді, барсам, өзім тірі қайтпаймын" дей тұра аттанып кетіп, сол жерде дүниеден өткен мүрдесін қос жорғаның үстіне салған ағаш төсекпен әкелетінін кім біліпті. Баласының үйленіп жеке отау құрғаны Мұкай еді, Ыбырай сол тұста он бес-он алты жастағы бозбала келер жылы ғана ата-енесіз шаңыраққа Ғазизаны келін етіп түсірген.

- Шортеке, - деп қалды Есберген. - Мына біздің Кәрсөн ішіндегі Әжі қожа туралы естуіңіз бар шығар.

- Ол кісінің жүзін көруге бізге Алла жазбаған, бірақ естуім бар. Ертеректе дүниеден өтіп кеткен адам ғой.

- Иә, иә, тап солай.

- Мазары әлі тұр ғой. Киіктің жанындағы жонның үстінде, - деп Зейне ел арасын көбірек аралап, талай оқиғаны ішіне бүге жүретінін танытып қалды.

- Әжі кожаның арғы жағын жалаңаяқ әулие деседі ғой, - деп Есберген әңгімесін созды. - Әнебір жылы біздің елдің Ыбырай деген азаматы ағайындас байға жалға жүрген-тін. Кей байдың аса берсем дейтін жаман ниеті де болады ғой. Тәңірі жаман ниетке жамандық беретінін көз көрді.

- Иә, ондай жағдай болады, - деп Ботпай қалпе Есбергеннің сөзін қостады.

- Сол байдың малы қырылып берсін. Ақысын ала алмай жүрген малшылары таяғын тастап безіп кетті.

- Әне, әне айттым ғой, кісі ақысын жегеннің арты оңбайды. - Ботпай "көрдіндер ме" дегендей айналаға оқшырая қарады.

- Малы қырылған, топалаң тиген жалғыз сол бай. Айнала тегіс аман. Малшыдан малдың обалына қараған Ыбырай ғана қалған. Сасқан үйрек артымен сүңгиді дегендей амалын таппаған бай Ыбырайды Ағыбай батырдың баласы Аманбайға ақыл сұрата жұмсайды. Аманбай:

- "Әй, ауылының іргесінде жалаңаяқ Әжі қожа жатыр ғой. Қойды соның жанына түнетсін, аруаққа арнап мауал шалсын, - дейді.

Сол күні кешке қалған малды айдап Ыбырай Әжі қожаның басына жеткен - Енді, кәпті, қараңыз, әлгі бай тағы таршылық жасаған.

- Әй, Ыбырай, мынау өзі жалаңаяқ қожа болса, жалаңаяққа ешкі де жарайды, - деп ешкі сойдырыпты.

- Неткен көз алды тар адам еді, ~ деп қалды Текмұхаммед.

Сонан асқан етті жеп, малды бір құдайға тапсырып, Ыбырай түнімен ұйқысын қандырып тұрса, қойдың тағы біразы өліп жатыр. "Байеке, байеке", деп барса байдың бет-аузы бір жағына қисайып, өзі аяғынан тұра алмайды. Амалы құрыған Ыбырай байекесін сүйреткіге салып, тағы Аманбайға барған.

- Оу, не жағдай? Бір күпірлік жасағансындар ғой, ~ дейді мән-жайды айтпай ұққан ол.

- Мына кісі "жалаңаяқ адамға ешкі де жетеді" деп.

- О, құдай ұрғандар. Барындар, бар! ~ Аманбай ашулана қолын сілтеген.

~ Енді не стейміз? - депті сасқан Ыбырай.

- Барындар! Қайта түнеңдер. Ретті малды сойындар. Түнімен ұйықтамай Аллаға жалбарыныңдар. Анау, енді, малын емес жанын сұрасын әулиеден.

Байекесін сүйретіп Ыбырай тағы Әжі қожаның басына жеткен. Тілден қалса да есі тұзу байдың бетіне қарап, "қай қойды шаламыз" деген. Бай көзі бағжаңдап, бас бармағын шошайтып, ең таңдаулысын дегенді ыммен білдіріпті. Бай айтты, болды, Ыбырай тайдай біреуін алып соғып, айналаны шақырып, дәм-тұз татырып, тағы ұйықтап қалыпты.

Ертеңінде қараса қойдан шығын жоқ, байеке таяққа сүйеніп әжетке жарап қапты. Сол күнәкар әлі тірі, шолжындаған тілі шықты, сол аяғын сылтып басады.

- Енді құдайға сенген шығар.

- Құдайды таныды ғой, бірақ кеуде қуысына әзәзіл кірген адамның онан құтыла қоюы оңай емес шығар. Билеп алды ғой, билеп. Көз алды әлі тар, алақанының ашылуы әлі жоқ, - деп Есберген түңілгендей ниет танытты.

- Әжі әулиенің түбі дуана қожаларына жатады ғой, ~ деп сөз қыстырды Зейне. - Оны ана жылы Бұхар мүфтиінен шежіре жаздырып әкелген Жәнібек ағамның өз аузынан естігенмін.

- Пәлі, Әжі әулиенің Бегалыға айтқаны да бар емес пе?

- Ботпай жөткірінді.

- А? Қайсын айтасыз? - деп сұрады әңгімеге әуес Зейне.

- Естімеген екенсің ғой. Бегалының бес-алты жастағы бала кезі болса керек. Әкесі марқұм әулиеден бата тілеп, баласын әдейі алып барыпты. Сонда Әжі әулиеге малдасын құрып, монтиып отырған Бегалы балаға қарап:

- Көк ала жылқы біткен бай болады мына бала, - депті.

- Әжіеке, балама батанызды беріңіз, - деген әкесіне Әжі әулие

- Арғы бабаларыңда бақсылық қонған қасиетті адам бар екен, соның да шарапаты жанап жүр баланды. Бақсы бола қоймас, бірақ жаны қысылғанға көмек етер қасиетке ие етсе, тәңірім, - деген екен.

- Әрірек... әрірек айт, - деп қалды Есберген.

- Әрірек айтса, Әжі әулие сол жолы Бегалының әкесіне "баланды өмір бойы сыртынан қорып жүрер бура болады. Ол адам баласын маңына жолатпас. Бегалының жылқысын ұры мен бөріден қорғайтын да сол бура. Бегалы дүниеден өткенде қабірі қазылатын орынды да бура сайлар" депті.

- Япыр-ай, не деген көріпкелдік, - деп Бөрібай қозғалақтай берді.

- Әулиенің айтқаны дәл келгенін көзіміз көрді. — Есберген жаңа бір әңгіменің шетін шығарды. - Соның Көпбайға да қатынасы бар.

... Қазақтың арғы замандағы жігіт болып, өз күнін өзі көретін, жолын табатынын дәлелдеу үшін алыстан барып бір жылқыны жетектеп келуі, кейінде, мына орыс араласа бастағаннан бері ұрлыққа ауысты. Ендігінің пысықойы - тоқымы кеппес ұры. Сол ұрлық Бесатаны да жайлай бастаған. Оның үстіне, сырттағы жаудың арандатуы болар, Қаракесек-Қуандықтың арасы бітпейтін сырымта. Жау

кайда десе бірге шабатын Мейрам сопының осы екі баласынан тараған екі ұрпақтың арасы осыдан біржола араз.

Көпбайдың да жас шағы. Аба-Ор тауларын жайлаған енең тоқасының бір ауылын сырттай бағып отырғанына да бір шама уақыт. Жанына ерген талай мұндайды басынан өткерген жырынды жігіттер аттарын тастың арасына жасырып тастап, кезек ұйықтап, дем алған. Күн бата өріске шыққан жылқыны іңірттеп қайтқан жылқышылар ауылға кіргенде бұлар да атқа қонған. Жылқы ішінде қалған жалғыз бозбала:

- Өй! Өй! Қайсың? - деп қарсы ұмтылған болып еді, оны біреу аттан аударып кетті.

Үйірлеп айдаған жоқ. Таңдап-таңдап алты ат алған. Оны талай қырдан асырып ізін жасырып та жіберді. Сонан кейін де екі-үш жортуылға қатынасып, дәндеген Көпбайға Бегалы түсіне еніп, "Көпбай, ұрлықтан тыйыл, енді барсаң, атың бос келеді" деп өте шықты. Бегалының Әжі әулиеден бата алғанын естіген Көпбай сол жолы ұрлыққа бармай қалды. Аттанып кеткен кешегі үзеңгілестерінің үшеуі қолға түсіп, біреуі ғана зорға қашып құтылған. Сол күні Көпбай Бегалыға қол тапсырды.

- Ұрлықты қойдың ба, Көпбайым?

- Қойдым. Енді қолыма сойыл ұстамасқа серт беремін

- Ә, жарар. Бірақ алдында біраз қиыншылық тұр-ау, - деген Бегалы да.

"Тез келсін" деп жатыр деген ояздың пәрменімен Қарқаралыға жетті. Оязға Көпбайдан бұрын оның үстінен жазған арыз кепті. Қолға түскендердің мойындау қағазы да алдынан шықты.

- Ну, - деген мұрты едірейген ояз көзін шегірейтіп.

- Жоқ, болғам жоқ.

- Оны енді анықтайды.

Сол "анықтайдымен" Көпбай көзі жылтырап түрмеде үш ай жатты. Көпбайды қамап қойыптыны естіп ат арытып, малын сойып келіп жатқандарда шек жоқ. Іздеп Байсейіт те келді, алқынып Есберген жетті, мұның қалай, сенен үмітім бар еді деп Жанғұтты бой көрсетті, "ай-хай, дүние-ай, жігіттің желі-ай, енді бүйтпе" деп Дүйсенбай көрінді. Олар келген сайын Көпбай кірерге тесік таппайды. "Өлімнен ұят күшті" дегенге көзі әбден жетті.

Сонда да көңілінің іздегені бір-ақ адам. Бегалы қайда? Қазақтың қара баласы қазақ ел болғалы көрмеген қапасақа түсіп жатқанда іздеп бір келмегені ме? Інісі емес пе еді, ең болмаса ұрсып-ұрсып кетпегені несі? Сол түні сарыала атын мінген Бегалы түсіне енді де, бір ауыз сөз айтып жоқ болды. Көпбай тіпті оның не дегенін аңғара алмай қалған.

Үш ай өтті. Берген парасы бар, қуашылардың сөзінің шикі аласы бар, әйтеуір түрмеден босап елге келген. Бегалыға өкпелі еді. Көпбайдың өкпесі барын естіп, Бегалының өзі келді. Астындағысы сарыала аты.

- Қалайсың?

- Келдік қой әйтеуір, - деп Көпбай тоң-теріс мінез көрсетті.

- Өкпелімін де? Е, солай де. Сарыала атқа мініп, түсіңе кірген, ертең босайсың деген мен емес пе едім. Ә? Осым қате болды ма?

Көпбайдың "жаңылдым, көке" деуге дауысы зорға келді.

Бегалының дүниеден өтуі де ел аузындағы сарқылмас әңгіме. Үт айының мол іші. Қыс боранды болып, сай-саланы қар жып-жылмағай етіп басып қалған. Қыстай ауырған Бегалының беті әрі қарағанын ағайын-туған біліп отыр. Оның үстіне ауылға жоламайтын қара бура үш күннен бері науқастың тұсына келіп шөккен. Жынын құсып, көзін алартқан бураны тұрғызып жіберуге ешкім батпады. Түйені тұрғызып жіберуге иесі де қарсы.

- Мен қайтыс болармын. Бураға тимендер! Жатар жерімді өзі көрсетер, ~ деген.

Бегалы дүниеден озып, хабарланған ел жиналып, алғашқы абыр-сабырда "мәйітті қайда қоямыз" деген сөз де шықты.

- Бабаларының қорымына апарармыз.

- Әй, қоя тұрындар, - деген ауыл ақсақалы. - Мәңгілік орнымды қара бура көрсетер дегенін ұмыттындар ма?!

Маңына кісі жуытпайтын қара бура басына нөкта салғанда да көзін жұмып жатты. Мәйітті теңдеп "шу" дегенде орнынан тұрып кете берді. Соңынан ерген салт аттылар бураның ізіне салса да қардың қалыңдығынан зорға ілесіп келеді. Боздап қойып, анда-санда жан-жағына қарап, теңселе басқан түйе Сарыбұлақты бойлап ұзақ жүрді. Айғырұшқан тауына жеткенде ойланғандай жалтақтауы

жиілеген. Өзеннің оң жақ бетіне өтіп, тағы да ұзақ-ұзақ боздап, қар түспеген үй орнындай жерге шөкті.

- Топырақ осы жерден бұйырған екен, - десіп Бегалының кабірін қазған жұрт жерлеп қайтты. Сол күннен бастап көзге түспеген кара бура күні бүгінге ұшты-күйлі жоқ.

Әңгіменің арты тым-тырыс. Жантая тындаған үлкендер көзімен жер тесіп, ойға шомған. Малдасын құрған Бөрібай оң қолымен жағын сүйеп, құлағы тың тындағандай қалқып, екі көзі ежірейген де қалған.

- Иә, - деп тыныштықты бұзған Шортекең шоқша сақалын сипап, отырғандарды көзбен шолып өтті. - Дүние тылсым күшке толы ғой.

- Қайсын біліп жатырмыз. Бір мұсылман дінінің қасиетін осыдан-ақ ұқсак еді. - Есберген аяғын бауырына тартып жинала отырды.

- Ондай мысал ел арасында баршылық. Халқымыздың дінге сенімі, ата-баба аруағына тәу етуі осындайда тілге оралады. - Зейне айтары бардың ниетін танытты. - Мына Қарасаз-Қойтастағы Әбжал қожаның қасиеті де елге аңыз.

Бөгілі Тонбай орыс келе бастаған заманның талас шағында елді жат жұрттың жат пиғылынан сақтасанның ниетімен дін оқуын тәмамдаған Әбжал қожаны қалап жүріп, Керней ішіне әкелген екен. Ол ниетін кейінде де жасырмай үнемі айта да жүрген.

. - Мына көпір ішке еніп, керіп барады. Біз мұсылман елі едік, хақ жолдан таймаспыз. Мынау орыс жеріне ғана емес, ата-салтыма, дініме таласа ма деп жүрек шошиды. Сол қиын шақта хақ пайғамбар тұқымы елге шапағаты тиер, дінді нығайтар, елдің бірер бейбастағын түзер, - дегенін ел біледі.

Тонбай аласапыран заманда қол бастап, ел қорғасынның ниетімен Уақ Қоңыратбайды, түбі кіші жүздік Сарыдәуді де алдырған. Әбжал Қожаның Қоңыратбайды көріп, көңілі толып:

- Уақ... Уағым, ел ұйытқан ұйығың да болар, ал Сарыдәуің жанарын жасырған, қулығын асырған қу болмаса игі еді, — депті.

Сол жылы Арқаның осы жағына қыс та ерте түсіп, арты жылымыққа айналып, көк тайғақ мұздан жылқы жапа шеккен. Бағымындағы жылқыға ие Сарыдәу жылқыны әуелі

Болат тауына қарай жылжытып, онан апта сайын жұрт жанартамын деген желеумен бірте-бірте Ұлытаудан да әрі өтіп кетіпті. Жол бастаушы да, бас жылқышы да Сарыдәу. Басқалары соның ыңғайында, осы қайда беттеп бара жатырмыз деген ой ешқайсына келмеген. Түн ортасында жылқыны иіріп, қосқа дем алуға келген Қоңыратбай таң сәріде шошып оянды. - "Әбжеке... Әбжекелеп", тұра беріп, аласа қосқа төбесі тиіп, отырып қалған.

- Оу, не? Не болды?- десті басқа жылқышылар.

- Шайтан шошытты ма?- Сарыдәу мырс етті. - Әбжекелеп...

Қоңыратбай түсінің бас-аяғын есіне түсіре алмай, түске дейін ат үстінде жүрген. Әбжал қожаның түсіне енгені рас. Шым-шытырық уақиға. Боран ба, әйтеуір адасуда екен. Жылқышы жігіттерді біреу дұзақтап жатқандай. Бақса, дұзақтың ұшы Сарыдәуде. Жалдас құла айғыр күншығысқа қарап арқырайды екен. Иә, сонда Әбжекең "әй, Қоңыратбай, қайт. Қайтар, қайтар!" деп шықты. Бұл не?

Сарыдәуге бұрыннан сенімі аз Қоңыратбай ауыл жігіттерімен көңіліндегін бөлісті.

- Осы біз адасып бара жатқан жоқпыз ба?

- Атам менің де түсіме жиі-жиі кіріп жүр, - деді Әбжекеңнің немересі бозбала жігіт Қосай.

- Біздің ел шығыс жақта, ал Сарыдәу жылқыны үнемі батысқа айдатады. Елден таза жырақ кеттік әрі қыс бойы-теуіп шығар талай қорыққа тоқтамай өтеміз. Мұнда не сыр? - деп Қоңыратбай іштегі ойын сыртқа шығарды.

- Осының өзін байқайық.

- Енді жылқы қосын жылжытарда, батысқа емес, қайтар жаққа бет бұрып көрейік.

Апта соңында Сарыдәу жердің оты азайды деген сылтаумен қосты әрірек қондыруға бұйырды. Қоңыратбай бастаған ел жігіттері сүйреткіге салған қосты қайтар жолдағы күншілін жерге апарып тіккен.

- Бұл не? Неге айтқанды орындамайсыңдар? Кім? Кім маған қарсы?

- Елге қайтатын уақыт болды. Біз солай шештік. - Қоңыратбай ат үстінен құрығының бауын шешіп, қайта байлағансып, көз қиығын Сарыдәуге тіккен.

- Ә, сен екенсің ғой. Ал ендеше сыбағанды. - Сойылын оңтайлап, Қоңыратбайға тап берген. Қағынсып өтті. Қайта ұмтылған Сарыдәудің белуарына оралған бұғалықтың ұшын тақымына басқан Қосай қара қасқа аттың басын кері бұрып, қамшы сілтеп қалған. Аспанға атылған қара қасқа Сарыдәуді аттан жұлып әкетті.

Кешегі Кенесарының соңына еріп, орыстың бекіністерін талқан қылып, ұлы даланы дүбірлете атой салған жұрт пен бүгінгі жансебіл жұрттың арасында үзілмеген дәнекер бар-ау деп ойлады Шортекен. Кеше ғана ауыздықпен су ішкізіп, ат үстінен күн көріп, терлікті майдай еріткен жұрт соққы тиіп талмаусырап құлағандай болып, енді есін жиып, қайтсем ел боламды тағы еске алғандай. Кеше ғана төсеніші тоқым боп, қара суды сусын етіп, таң бозынан жортып Кенесарыға тілеулестік танытқан Есберген, ауылы жырақтағы Бетпаққа жақын, от ошағы мен отбасының қамы бөлек болса да, ел мұны дегенді әр сөз саптауынан сездіріп отыр.

Мына жандарал, майыр дегендері қысып барады. Малды санап алды. Тасқа тықтық, шөлге айдадық бұл малды. Азын-аулақ жасырғанымыз көпке бара ма, бір күні ол да әйгіленіп, тізімге түседі. Тізімге түсті дегенше, "маған пәленшесін бер" деп орыс аузын ашады. Шортеке өзіңіз

Кетейін десе, алды тар,

"Тұрайын десе, кәпір бар" деп қазақтың бүгінгі күйін дәл айтыпсыз. Осының арты не болды? - деп Есберген уайым төкті.

- Кетейін десе, қара басының ғана қамын ойласа, Кенесары хан қазақ жерінен басқа жер таппады дейсің бе?! Әлем жаралғаннан бері қазақ осы жерде екен, осы жерде бола да береді. Түріктің қондыгері орыспен қайта-қайта айқасып жатыр. Басымызға бұдан да ауыр күн туса онымен де ел хабарласар. Уайым жетеді. Әр заманның уайымын уақыттың ырқына қарай арпалысып жүріп шешкеннен басқа жол жоқ қой.

Есберген басын изеп мақұлдағандық пиғыл танытса да ауыр күрсінді. Күрсінді де:

- Осы елдің ендігі пейілінен сескенемін. Қазақы мінез кеткен күні ата-бабасы түгілі бірін-бірі танымайтын мұжыққа ұқсап шыға келер.

- Тым әсірелеп жіберген жоқсыз ба? - деп қалды Текмұхаммед.

- Кем айтып отырмын ба деп қорқамын. - Есберген Текмұхаммедке бұрыла қарады. - Кәрсөн Аталық қалпені естулеріңіз бар шығар. Сол кісі Кәрсөннің бір атасы

Құлназар Құнанбай дегенге қарсы кездесіп қалыпты. Құнанбай түйесінің үстінде тұрып:

- Ассалаумағалейкум, - деп сәлем беріпті. Бұл не? Аталық қалпеге Құнанбай түгілі мен аттан түсіп сәлем беретін қасиетті адам. Оу, ол кісі бүкіл Кәрсөн жұртына ілім таратып, жақсы мен жаманды айыртып, адал мен арамды білдіріп, мұсылман діні үшін жанын салып жүрген тұлға емес пе?!

- Сонан..., ~ деп сұрады Зейне.

- Сонан әлгі Құнанбай "түсуге аяғым ауырады" деп сылтауратыпты. Аталық қалпе:

- Дәретің қысса, не істейсің? Балағыңнан ағызып..., - депті. Сонда ғана әлгі мисыз түйеден секіріп түсіпті ғой. Осындай оспадарлық па, әлде кешелік пе етек алып кете ме деп те уайымдайсын.

Бір қонып аттанып кетпек болғандарды Шортекең Мәлікенің қазанына тағы қаратқан. Жай отырмады, балдызы Зейнеге шашымды ұстарамен сыпыршы деген өтінішінде білдірді. Шашын сулап болып Зейнеден:

- Пышағың өтуші ме еді? - деп сұраған.

- Қылпылдап тұр.

Зейненің ұстарасы өтпей ме, әлде бұрын шаш алып көрмеген бе, жол тартқан сайын Шортекеңнің жанын қинады. Тырмалаған ұстараның жүзі жанын ауыртса да балдызына сездірмей шыдап бақты. Тартқан сайын ұстара тіпті өтпеуге айналған.

- Зейне, бұрын шаш алып көріп пе едің? - деп сұрады.

- Ол жағы баршылық, - деп Зейне ауылындағы біраз адамның атын атады.

Енді көнбеске шара жоқтай еді. Сонадайдан түйесін желдіртіп біреу келе жатқан. Бақырауық түйесінің даусы жер жарады.

- Мына түйенің де шашын біреу алып жатыр ма екен? - деп мысқылдады Шортекең.

- Уай, патшағар, Шортекеңнің жанын қинапсың ғой, - деді сөздің мәнісін түсініп, сілейіп тұрып қалған Зейнеге Есберген.

- Жігітті қартайтатын үшеу бар-ау, - деген.

- О не? - деп ежіктеді Бөрібай.
 - Жүрмейтін ат, шайпау қатын, өтпес пышақ.
 - Иә, бұл үшеуіне де дауа жоқ. - деп Бөрібай мәз болды.
 - Дұрысы, дұрыс-ау. Бірақ бұл үшеуі жігіттің басындағы бір сәттік қиындық қана ғой. Үшеуінің де емі бар, емсіз үшеуді айтсайшы. - Шортекең сәл жымиды.
 - Емсіз үшеу? - Бөрібай жырауға таңдана қарады.
 - Иә, емсіз.
 - Біле жүрейік те, соны атаңызшы?
 - Шабан аттың құйрық жалын күзесе, соғым болмас па, шайпау қатынмен ғұмырынды өксітпей тәрбиелі қыз алмас па, өтпес пышақ қол кесер, қайраққа апарып салмас па.
 - Ол үшеуінің емін айттыңыз. Емсізді атаңыз?
 - Жігітті нағыз қартайтатын жұртыңның мешеулігі мен надандығы, туысқаныңның жамандығы, өзіңнен туған балаңның кешелігі. Жұртың надан болса, туысқаның жаман болса, балаң кеше болса, оларға ақыл қонбайды. Олар біреуге өткізіп жіберер мүлік емес, өле-өлгеніңше сазайынды солардан тартасың.

Есбергеннің уайымы уайым. Ет жеп, тамақ асырайын деп келген жоқ, ішіне сыймаған ел мұңын бөлісердей, іштегі дертіне медеу беретіндей адам іздеген жайы барын Шортекең түсінді. Түсінсе де енді жол мынау деп басып көрсетер жөн қайда. Бақса, елдің қамы деп зар илеп жүрген бірен-сараң. Талайы марғау ұйқыға кеткендей. Е, әлгі...

...Өткенде жол түсіп, Кенжебай Сүлейменнің үйіне соққан. Сүлеймен малда екен. Төрге де шықпай, босағаға да жетпей кеспектей боп біреу жатыр. Бетін осы үйдегі кішкентайдың жаялығымен бе, әлде өзінің орамалымен бе, алақандай кір шүберекпен бүркеп алыпты. Қай заманның түлкісінен, қай шешесінің тығындысынан жымқырып алғаны белгісіз, түте-түтесі шыққан, тысы мен ішін айырып болғысыз тымақты жастанып, етегіне қозының кәкәсі жабысқан шикі тонын жамбасына басыпты. Шіркін, бас көтермейді. Гүр-гүр. Қорылдаған сайын бет бүркеніші желп-желп.

Сүлеймен де жетті. Төрдегіге қарап мырс етіп:

- Е, Түменбай ғой. Жетіпті ғой, - деп күлді.

- Жетпегенде мұны қасқыр жейді деп пе ең, - деген бәйбішесінің үнінде кейіс те, әжуа да жатқан. — Тірі дейін десем, тұяқ серіпкен жоқ, өліге тағы келмейді.

Сүлеймен шуашы аңқыған етікті босағадан әрі сырғытып қойды. Жөн сұрасты, елдің амандығын түгесті. Үй ішіндегі қоңыр әңгімеге бас көтеретін Түменбай жоқ. Қорылы қорыл.

- Мұныкі осы ғой. Әй, бір нәрсеге селт етіп не ренжігенін, не қуанғанын көрмедім. Дүние төңкеріліп түссе де Түменбай орнында, - деп Сүлеймен тағы жымыды.

- Несіне күлесің? Сол да жақсылық па? - деп әйелі осы жолы шын ренжіді.

- Жақсылық-жамандығын бір құдай айырар. Әйтеуір өзіңнен алуы да қызық, сұрағанға беруі де бір пошым.

- Ендігінің ісіне таңданбайтын да болдық, - деп Шортекең әңгіменің жалғасын күткен ниет танытты.

- Өткен жылы болса керек. Осы елден ұзатылғанына пәленбай жыл боп кеткен қыз төркіндеп келіпті. Осы, мына жатқан Түменбайларға жаңа ағайынның қызы. - Иә, әлгі тәуір тымақ қайнағаның қызы ғой.

- Сен, қыстырылмай қоя тұршы. Сөзге ерік бермейсін, - деп ренжіді Сүлеймен. - Сонан сол төркіндеген қыз Түменбайдың үйіне сыбаға деп бір табақ ет әкеліпті. Ондай табақты бос қайтармайтын әдеп бар. Асса тай, құнан атайды. Түменбай:

- Не қалауы бар екен? - деп сұрапты әйелінен.

- Үш жүз тоқты бағатын жер сұрайды.

- Бердім ендеше, - деген Түменбайыңыз осы. Қисайған түрі мынау, ел көшіп кетсе, не болды демес ұйқысы анау.

- Мәрттігі ме, кешелігі ме? — деп Шортекең таң қалды.

- Мынау тұрмай ма? Тамақ та пісіп қалды, - деп Сүлейменнің бәйбішесі шыр-пыр боп жүрген. Түменбайдың ашылып қалған танауының үстіне көк бас шыбын жармаса қонды.

- Енді қайтер екен? Көк бастың шаққанына түйе де шыдамайды, - деп Сүлеймен шегіне отырды. Әуелгі құнжыңдауы басылған көк бас енді кенеше жабысып, емген бұзаудай сорған. Танауын шапалақпен құлаштай тартып қалған Түменбай шошып оялды. Мұрынының үстінің қанын сипап тастап:

- Асс., - деп қолын ұсынған. - Сіз екенсіз ғой, Шортеке.

- Әй, ол кісіде нең бар? Көк шыбын сені оятқан. Әйтпесе, тамақтан құр қалатын түрің бар. Көк басқа айт рахметінді.

- Әй, сен де.., - Түменбайдың реніші ме, басқасы ма Сүлейменге назы сол болды.

Дәм келді. Сүлеймен өткір бәкісімен жапырақтап турай бастаған. Пышағын алған Түменбай бір омыртқаны алып, шала шайнап, апыл-ғұпыл мүжуге кіріскен. Шортекең мына Түменбайдың, не ісі болса да көніп, қисынын көрейін деп шешкен.

- Әй, Сүлеймен, ана бір етті бері тасташы, үлкен ұлым жесін, ~ деп қайдан суырғаны белгісіз дорбасына тықты.

- Мынау енді естиді, — деп күнк етті отбасындағы әйел.

- Сүлеймен, жауырынды бері жылжытшы, ана сары ұл алдыңнан шығады.

Сұрағанын Сүлеймен қолын қақпай беріп жатыр. Үйме табақ еттің жартысын дорбасына тыққан Түменбай күрт қосқансорпадан екі аяқты тастап алып, жүріп кеткен. Сәлден кейін Шортекең де атқа қонды.

- Е, қайда ұзады дейсің, кездесерсіз, - деген қуланған Сүлеймен.

- Малсыз емес, ырысы өзіне жетерлік, осынысы қалай, - деп әйелі тағы күнкілдеді.

Сөздің түбін тексермесе де әйтеуір бір шикілік барын Шортекең де түсінді. Ауылдан аса ұзаған жоқ еді. Сайдан ат кісінеді. Бұл не қылған жылқы, көре кетейін деп бұрылған. Әуелі көзге түскені Түменбайдың торы аты. Жалпақтастың алдына малдасын құрып, ет тураған Түменбай үстіне келіп қалған Шортекеңнен именген де жоқ. Бір кесекті аузына тастап жіберіп:

~ Келіңіз, келіңіз. Даланың дәмі тәтті болады, - деп жатыр.

~ Жана жей алмай, іше алмай шықтық емес пе.

Түменбай сөз қайырудың орнына салалы саусақтарын қолтығына тығып, осып-осып жіберді де шайнаңдай жөнелді.

~ Е, ол кетті ғой. Мына тамақтан алыңыз.

- Ей, сен балаларыма деп атап-атап алғаның қайда?

~ Бала аш дейсіз бе, үйде ғой.

~ Түу, сайтан. - Шортекең бұрылып жүре берген.

~ Біздің үйге соға кетіңіз. Бір малдың басын жеп, ~ деген дауыс соңынан жетті.

~ Мынаған дауа жоқ екен.

Алдындағы асынан басқаны ойламаған, сол ырысының өзі ертең кімге бұйырына бас қатырмаған қамсыз,

далбассыз әлдекімді көріп жүрегі тұрды. Ресей жұрты қазаққа аз күн тыншу беріп, ұйықтатын баладай алдандырғанына мәз. Түменбайлардың саны көбейе берсе, арты не болады. Ұйқысыраған камсыз елді біртіндеп пе, бір мезгілде ме айдап тастамай ма. Бүгінгі халі талмаусырағандай шак. Кеше ше?

Кеше ентелеп келген мұжықты ел арасына кіргізбейміз деп жанталасқан. Жанталасқанның бірі Дайрабай Бұлғак батыр. Саржанмен тізе қосып, онан қалды Кенесары ханмен табысып, сан жорықта жауды бірге шабысқан.

Дайрабай Бұлғактың інісі Аралбайдың өзі бірі төбе. Оның да ауылына келіп қалған топты жауға жалғыз шауып, еті түгілі ұртын оқ тескен жағдайы бар. Ал, Аралбайдың ұлы Байғара ше? Иә, ана Дәрі өзенінің тұсындағы шоқыны Байғара атап кетіпті-ау. Ол да тегін емес. Қазақ қай жерді қалай атаса да, кімге атаса да қасиетін танып атаған. Анау Дәрі өзені Сазанбай келінінің есімімен байланысты. Дәрі ақыл-парасаты кемел, ырысы да мол бәйбіше дегенді ел айтады. Сол тұстағы шоқыны Қарамұрын атап кетіпті. Қарамұрын, шежіреге қараса, Жайықбайдың бәйбішесі. Мәдине Дайрабайдың әйелінің есімі екен.

Осыны тегін деуге бола ма? Көнеден келе жатқан сұлу Бикенің мазары да осы тұста. Ұзыны мен көлденеңі бірдей ат шаптырым жерде Бесатаның пәленше аналарының есімімен жер-су аталған. Ананы қадірлесе, осылай-ақ қадірлеуге болар.

Осы жерді кімге қиып, кімге бергендей. Ресейдің патшасы алдап Қызылжарды алды, тіміскілеп жүріп Көкшетауға тұяқ іліктірді, онан соң Ақмолаға бекініс орнаттырды. Келімсектер жалғыз емес, солардың ыркына кеткен өз қазағынан шыққандардың тізесі жаудан бетер батты. Қоңыр төре Ақмоланың орнығуына жанын салды. Өзім билеп қалам осы өңірді деген есек дәмесі де болған шығар. Оның үміті мен орыстың мақсаты қабыса ма. Ұлан-байтақ өңірге бір қазақты бас қылып қойып, жандарал есектің миын жеген жоқ. Жандаралдың ойлағаны есектің күші адал, сүті арам дегенге келеді.

Оны түсінген Қоңыр төре болмады. Жандаралдың әмірін екі етпей, ішкері жақтан арбасын сүйреп келген мұжыққа шұрайлы жер іздеп, Арқаның осы тұсына көз алартты. Тағылы, Бұғылыны мекендеген Бесатаның Қояншытағай,

Сарымдарының жаны қысылды. Әсіресе Бұғылының шеткері тұсын қоныстанған Сарым ауылдарының жері келімсектердің көзіне оттай басылды. Бесатадан суырылып қарсы шыққан Бұлғақ қана. Азғантай ғана жігіттермен жер шола келсе де жасаулы орыс отрядын жанынан тастамаған Қоңыр төремен шайқасты.

Қоңыр төре бастап келе жатқан отрядтың Қарамұрынның желкесіндегі асудан өтер бағытын байқаған Бұлғақ:

- Осы асуды алайық. Бұдан қолайлы жер жоқ, - деген.

Қолдарында аңшының екі шиті мылтығы мен көненің садағы ғана бар елу шақты жігіт екіге бөлініп, асудың екі қапталына жасырынды. Сан жағынан Қоңыр төреге ілескен казак-орыспен тең. Қолма-қолға келсе, қылышы аз болғанмен, сойыл-шоқпарға мықты казак жағы түре қуар еді. Көк мылтыққа не істерсің.

Асуға жақындаған отряд тұра қалып, дүрбі салып, үріккен Киіктей оқшырайысып, ақыры ілгері жылжыған. Жүз, жүз елу қадам қалғанда шиті мылтық кезек-кезек атылып, садағын кезеген жігіттер табан астынан өре түрегелген. Ысылдаған жебенің нысанаға тигенінен жетпей құлағаны көп. Бір-екі солдаттың жаралы үні шығып, табан асты абыржыған отряд кейін шегініп, мылтықтан біраз оқ жаудырды. Кезек атысып күн де, түн де өтті.

Ертеңіне екіге бөлінген орыс қолы маңдай мен бүйірден бірдей оқ жаудырып, ортада қалған жігіттерді қысып берген. Қоршаудан сытылып кетуге әрекет етіп қаша соғыскандардың ең соңында Бұлғақ еді. Оқ тиіп құлаған атының астынан зорға шықты. Қаша ұрысып бара жатқан жігіттердің қарайлауға мұршасы жоқ. "Қап" дегенінше болған жоқ, өзіне қарай ағызып келе жатқан салт аттыға көзі түсті. Басын қызыл шүберекпен орап алған аттылы Бұлғаққа жете бере тізгінін бір-ақ тартты.

- Мініңіз атқа! - Бұлғақ еркекше киініп алған тоқалын таныды. ~ Мініңіз! Сіз құтылыңыз.

Атқа қарғып мінген Бұлғақ өңгеріп әкету үшін әйеліне қол созған. Ышқынып қалған әйелі көкірегін кере шалқайып, қан жоса боп құлай берді. Бұлғақты көк түтін қапты. Көк түтіннің иесі мылтығын тағы оқтап жатыр екен.

- А, сені..., - деп ұмтылған Бұлғақ ауыр сокқыдан ұшып түсті. Әлдене уақытта есін жинаған. Кейін де Байғара

аталған жерде жер кепе болушы еді, сонда жатқанын білді. Есік күзетте. Су сұраған. Қылшақпен су әкелген қазақ босағаға сүйенеді. Танып та тұр.

- Қарқарал жаққа ... жігіттерге хабар.., - деді үзіп-үзіп. Қылшағын алған қазақ саусағын ерніне көлденең басып, "үндеме" дегенді білдірді. Сенгені Қарқарал жаққа жортуылға кеткен, жаудан есемізді аламыз дескен осы ел жігіттері. Әйтпесе, ендігі көрер күні ноғай Сібірден арғы ит жеккен болар. Тағдыр соған жазса, не шара.

Таңның бір уағы еді. Сырттағы тарсыл-гүрсіл құлақ жарып барады. Құлақ жарған айғай-шу құлаққа да жаққан.

- Иә, сәт. Иә, Алла.

- Қайда? Оу, қайдасың?

- Мұндамын. - Жер астынан шыққан дауысының естілеріне өзі де сенімсіз. - Мұнда.

Айқара ашылған есіктен әлемнің жарық сәулесі енді. Арқаның дәруі мол жұпар иісті ауасы көкірегін ашқан Бұлғақтан бақытты адам сол сәтте болды ма екен.

Иә, осы бір аласапыранның артынан арғы жақтағы жерінен айырылған Қареке-мұрттың біраз ауылдары Қарамұрынға сырғып кеп қоныстанған. Елдің тыныштығын ойлаған Сарым жағы Деріпсалы, Кенжебай сайды тастап, Бесшоқыға қарай ығысты.

Өзі ғана жіліктеп түсініп, басқаның да құлағына құйған елдің ертеңі деген қайғысын кім түсініп, кім біліп жатыр. Айта берсең, бірлігі тозып, іргесі сөгіліп, қан жылап тұрған қазақтың баласы. Кей-кейде сақалының тал-талын қуалап аққан жылы су, сол кара баланың көз жасы.

Қазақ ер еді, енді қамсыздыққа бет алды. Ендігі ерлігі бөрі соққандығы ғана ма дейсің. Е, бірен-сараны кешегі ерліктің сарқынындай жолбарыспен де айкасып қалған. Ол әлгі Қозыбақ Айдос қой.

Қозыбақ Бөлегеннің әйелі тарақты Жеке батырдың қызы екен. Осы тұқымнан тараған ержүрек жігіттер нағашысы Жеке батырға тартқандық деседі. Бөлегеннің атығайынан туған Садырбай мен Айдостың жолбарыс соққанының куәгері де өзі. Кәрсеннің осы атасы Балқаш бойының қамысын паналап, қыстап қалған. Ну тоғай боп өскен қамыс ішінен кісі адасады. Қамыс арасында жолбарыс бар екен, ізін көріпті дегенді естіп, жұрт шошыды. Қауесет расқа да шықты. Әуелі жегені тай еді.

Енді күн аралатып осы жұртқа салық салғандай бір малды шығын етіп, елдің есін тандырды.

Дүрлігіп отырған ауылға Шортанбай жырау келе қалған. Ауа көшуге қарлы қыс жол бермей, отыра беруге жыртқыштан сескеніп, жұрт ебін таппаған.

~ Айдос пен Садырбай сол пәленің көзін құртпақ екен.

- Өздері жазым боп жүрмесе, - деген сөз де естіліп қалды.

Садырбай мен Айдос ауылдан озып көрмеген шарғы жігіттерден, момын елдің құбақан Қаратөбел азаматынан көмек күтпеген. Жаз жайлауда жүріп, тас арасынан ай балтаның басын тауып алып, тас қайраққа салып жалтыратып, тығып қойғанын. Айбалтаның сәті енді келгендей, қайыңмен саптап, киізге орап, уақытын күтті. Күткен уақыт қансонар. Із болмаса жолбарысты аулау, ажал тілегенмен бірдей.

Қар үстіне қар жауып, жаңа із түсетін шақ та туды. Отызға іліге қоймаған Садырбай әуелі қыл арқанмен інісі Айдостың денесінің тіске ілігер-ау деген тұсын, білегін қыл арқанмен орап тастаған. Өзі де қапысыз қамданды. Қамыс ішіне кірген екеу көп ұзамай-ақ жемтіктен кеткен жолбарыс ізіне түсті. Біраз жүрген соң жолбарыс ізі жоғалды.

- Мына жыртқыш бір бүйірге секірген екен. Енді ол осы маңда, сақтанайық, - деді Садырбай. - Жолбарысқа қарсы мен барайын, сен айбалтамен дайын тұр.

- Жок, менің барғаным жөн. Мені жолбарыс басып қалса сенің мені айыруға күшің де, жүректілігің де жетеді, - деген Айдостың үніне тоқтаған.

Жыртқыш алыс емес, жиырма қадамдай жерде жатыр. Селебе ұстап, арқан оралған сол қолын тосқан Айдосқа құрығымен жер сабаған жолбарыс қаһарын төге атылды. Шалқалай құлаған Айдостың иығына аузы тиген жыртқыштың алдыңғы екі аяғы аса түсті де, денесі жігіттің тегеурінді құшағына түсті. Жыртқыш тісі қыл шылбырдан өтіп, сүйегіне қадала бастады. Ажалдың жеткені ме деген ой санасын тілгілеп жіберді. Садырбай қайда? Садырбай асықпайтын секілді. Әлдебір кезде сарт еткен дыбыс құлағына жетті де жолбарыстың иығына батқан тісі де босап сала берді. Әлі де бола тыпырлап жатқан денені аударып тастап, атып тұрды. Сабы сынған айбалта басқа бойлай кіріп, жыртқыш миы шашылып жатыр.

- Неге тезірек шаппадың?- деген Айдос.
- Арпалысып жатқанда сені жазым етіп аламын ба деп сескендім.

Екеуінің бүгін ізге түсіп кеткенін естіген ағайындарының да іздеп келіп жеткен тұсы осы шақтың Сүйреткіге салып әкелген жолбарыстың өлі денесіне де жолауға талайдың жүрегі дауаламады.

Алысқа ұзап кеткен жолаушылардың соңына телміре қарады. Тамағы да құрғап қалған ба, жұтынды. Сонан соң әлгі Аязбай қайда жүр деп баласын іздеді. Айналасы күнде көріп жүрген сурет, баяу жылжыған Манақаның өзені, жыландай ирендеген жалғыз аяқ сокпақ, онан әрі сыбдыр қаққан құрақ.

- Әлгі Аязбай қайда екен? - деп тағы да ауыл маңын көзбен шалды.

Қанаты сусылдап ұшқан бір топ дарқоңыр үйрек дәл төбесінен өтіп, қатердің жоқтығына көз жеткізу үшін үш айналып барып, тұнық суға қонды. Сонан соң бар ауырды өзі ғана көтергендей жар-қабактың астынан әуілдектің ышқынған үні жетті. Үріккен бақа жалп-жалп секіріп барып суға түсті де, қайта басын шығарып енді құтылдым ба дегендей құрылдады.

Шортекенді әлдененің тері басты. Суық тер көк желкесін бойлап, жон арқаға жетті. Құлағына өзі мәпелеп өсірген құла айғырдың кісінеген үні шалынды. Кенет көгілдір аспан асты, қатпар тауының қатпар-қатпар тастары жаңғырығып, осы айғырдың өр де сес үнін қағып әкетіп жатқандай естілді.

Міне, митың тірлік деген осы. Осыдан аспасаң қора-қопсының қақпанына қамалып, ұйқысырап өмір кеше бересің. Оған көнбесең ...

Көнбесең тағдыр сені қайда лақтырмайды. Арпалысып жүріп өтесің де.

ЖЕР ЕМГЕН

Нұраның бойы белуардан көк шалғын. Жуырда ғана келіп қонған ауыл биіктеп ескен шалғынды жапырып үлгермеген. Дәруі мол шалғынның саумалдай ауасын көбірек жұтайық дегендей үлкендер жағы малды да ауылға таятпай, шеткерірек қондырған. Сонда да мына күннің

ыстығында пана іздеген тай-құнан шапқылап келіп, өзен ішіндегі тал-шілікке бой тасалаған. Әне, әнебір шолтаң-шолтаң еткен шыбын қаққан асау көк тайдың құйрығы.

Шортекеннің назары өзен жиегіндегі қарбалас жұмысқа түсті. Судың ағысына қойылған үлкен доңғалаққа отырғызылған ағаш шелектердің бірі босап кеткен бе, екі жігіт белшесінен суға түсіп, бірі үлкен сырықпен доңғалақтың айналымын тоқтатып, екіншісі ағаш шелекке жармасып, құнжын-құнжын етеді.

- Енді не істемек керек? - деді өзіне-өзі жырау. - Амал қалды ма?

Амал қалмағандай да еді. Қазақ даласының бәрі енді қазақтыкі емес, Ресей патшасының меншігі боп жарияланды. Нокта біреудікі болған соң, тізгін де соныкі, қайда бұрам десе, еркі. Өзім дегенде өгіз қара күші бар деуші еді ел, егіз қара күшті енді өзімдікі дегеннің пайдасына жұмсар. Жұмсап жатқанын көріп те отыр. Қазақ та патшаның боданы болғанымен, сол патшаның көңіл сүйер жұрты емес. Қазақты да өзімнің адамым десе, сонау Ресейден мұжықтарын шұбатып осында әкеліп, қазақты шұрайлы жерінен қуар ма еді. Босыған осы елге бұйырғаны осы жайылымға, не егістікке келмейтін таудың тастағы, құйын ойнаған қу тақыр, Бетпақтың шөлі болғандай. Сонда бұл қазақ таудың тағысы, шөлдің киігі болғаны ма?

- Осы тірлігіңіздің жөнін айтыңызшы?- деген өткенде Дүйсенбай би салып жатқан су диірменге қарап.

- Енді бізге не қалды? - деп жырау қарсы сұрақ берді. Дүйсенбай би үндей алмай тұрыңқырап қалған. - Енді бізге қалғаны жер емген.

- Оған халқыңыздың ыңғайы келсе.

- Мұжықтың құлы болып шоқынып кетпейік десек, ертең қайта ел болайық десек, енді жер тырмалау ғана қалды.

Дүйсенбай бидің ішінде бір түйткіл кеткенін біледі. Оның да ішін өртеген жағдай - халықтың бүгінгі күйі. Сонда да ол мұжыққа ұқсап жер тырмалауды жақтырмайды. Басқа барар жол жоқ болса да қазақы тірлікті, мыңдаған мал айдаған көшпелі өмірді, ән салып дырдулдатып, көкпар алып, бәйгеге ат қосқан шат-шадыман шақты аңсайды. Қайғысыз-мұңсыз ол тірлікті кім аңсамайды? Сол тірлікті жүрегі қақ айырыла көксеуші мына өзі. Ол бір көзден ғайып

болған көрген түстей тамсандырған өмір ғой. Ақсарыбас айтып сойсаң да енді қайтып келер ме?

Келмейтіні бар екен, мына жұрттың бетін ғұмыр кешудің басқа әдісіне үгіттеу керек. Бұдан кешіксе, таза кеш қалғаны. Исі қазақтың баласы мұжықтармен таласатармаса "мына жер менікі" демесе болмас. Патша қазақты ойлап отырған жоқ. Сонау жылдары Бұхара оқып жүргенде ұстазы "анау жердің арғы бетіндегі өзіміз сияқты халықтың мына ағылшындар қынадай қырып, жерін тартып алып жатыр. Кәпірден әділдік іздеу қиын. Әділдік Құранда, исламның жолында ғана" деуші еді. Сол ұстазының айтқаны қазаққа да таяп келгендей.

- Мына кәпір бізді бір күнде қырып тастар ма еді, қайтер еді, ана түріктер болмаса. Қаны бір біз үшін бе, әлде иісі мұсылман үшін бе, түріктер Ресейдің жағасынан алуда. Соның да септігі бар сияқты, - деген Жанғұтты би.

- Жер өңдеуге бізде құрал-сайман жоқ, - деген Шортанбай жыраудың жана тірлігін көріп, Қара би өткенде арнайы келіп.

- Құрал-сайманды орыс қайдан алады?

- Ойбай-ау, оларға орыс өкіметі беріп отыр ғой.

- Сен де ебін тап. Болмаса, орыстың ескісін ал. Ол бермесе, баяғыдан жер емген өзбектен сұра, малыңды бер. Ендігі өлместің жолы осы ғана.

- Сонда енді орыс боламыз ба? - деп қыңыр кеткен Қара би.

- Неге орыс болуға тиіспіз?

- Жапырайтып малақай киіп, соқа тартқан өгіздің көтіне үңіліп...

- Міне, міне...

- Ендігі қалғаны аузымызға сорайтып темекі салғаны еді.

- Е, әлі көзің ұйқыда екен, Қареке.

- Басымызға шаш, аузымызға орысқа ұксап сабалақ-сабалақ мұрт қойсақ, сол мұжықтан неміз кем болып шығады, - деп тулаған Қара би, біреумен алысқандай екі иығынан дем алған.

- Қареке, назың мен өкпеңді айтуға келіп пе ең? Өкпе айтатын жер осы ма еді. Дұшпанның табанына түскен мешеулігіңнен көрмесең кімнен көресің. Осыны болдырмаймын деп жолбарысша жұлқынған Кенесарыны

сатып кеткен де өз қазағың, өзіңнің бауырың. Кімнен көресің бұл халді? Енді өкпеле не, ашулан не? Не пайда онан. Бесатаның баласы жол табар деп әлі осы үш-төрт би сіздерге қарайды. Ал, біз өкпелесіп жерге қараймыз. - Шортекеннің назалы да, налыған үнінен Қара би өзінің артық кеткенін ұқты.

- Ана жолы Сібірден қашып келген біреуден Сібірдің бір халқы бұғысын өсіріп, аман-есен жүріп жатыр. Мына жақұттар аңын аулап, өз бетінше жүр дегенді естіп ем. Сонда бұл қазаққа келіп қалған не ала бөтен жағдай деп, түсіне алмағандық бар еді, деп ақталды.

- Олардың басына да бұл күн туады. Әзірше ғана бұрынғы тірлігімен жүр.

Үзеңгілес достары Байсейіт, Дүйсенбай, Жанғұтты, Қара билер халықтың бір тығырыққа тірелгенін іштей түсініп, жүректері қан жылағанын Шортанбай жырау таныса да, өзегін өртеген күйікті өзі баса алмаса да, айтқан ақылы, көрсеткен жолы осы. Шалғайлау жатқан Есберген мен Көпбай "осыныңыз дұрыс" дегенді емеурінмен танытқан. Кәрсөн-Кернейге әлі орыстың қысымы тап басқалардай жеткен жоқ. Жартылай шөл, Бетпақпен шектесіп жатқан өңірге келімсектер әлі қызыға қоймаған. Бірақ бәрі өткінші, сол даладан кеннің иісі білінсе, ертең-ақ "жер менікі" деп сары сақал патшасы, байлық біздікі деп қазақ-орысы шыға келмесіне кім кепіл

Әнебір жылы Керней ішіне әлде орыс, әлде ағылшын кен іздеуші келген-тін. Таудың тасын төңкеріп әр жерден шұқып жыра қазғанынан Бесата баласы шошынған. Сол патшағарлардың ебін тапқан Байсейіт би болды. Көмейлері тесік екен, олар да пендешілікті түсінетін екі аяқты адам екен. Байсейіт би сол кен іздеушіге жұдырықтай алтын беріп:

- Іздегенің осы ғой. Ғұмырыңа жетеді. Енді асыл тас іздеме. Жерімді бүлдірме. Жерімді бүлдіргенің, елімді бүлдіргенің, - деп қиыннан қиыстырып, шығарып салыпты. Сол екі кен іздеушіні қайтып бұл маң көрмеген. Өмір белгісіз, ертең селтендеп, күрегі мен қайласын арқалап тағы біреулер келсе, оларға бере беретін алтын-күміс қайда.

Жыраудың Балааюлыдан бері құлаған екі аттылығы көзі түсті. Қазақ ат қойғыш-ау деді өзіне-өзі. Аюлы бар, енді Балааюлы дейді. Толағайдың жанында Балатолағай тұр.

Сонау Сарыбұлақта Үлкенайғырұшқан, Балаайғырұшқан таулары бар. Кішінің үлкенге деген құрметік тіпті өзі өмір сүрген ортамен, тау-таспен ұштастырып ұрпақты тәрбиелеу деген неткен керемет үлгі. Қазақты момын дейді, ол қате. Қазақ дүниенің өткіншілігіне, сый мен құрмет жүрген жерде бақыт тұратынын тәрбиемен санасына сіңіріп өскен халық. Сол бір шектен асып кетсең, ерге қонады. Қолына найза ұстап, ерге қонған қазақтың алапат күшіне заманында ешкім де шыдамаған.

- Иә, солай еді-ау, — деп басын изеді жырау.

Өзеннен өткен қос салт атты кермеге аттарын байлап тастай салып, сонадайдан сәлемге қос қолын ұсына ұмтылған. Екеуін де танып тұр. Шешуі бітпеген даумен жеткенін де біледі. Даудың басы Есбайдың асында басталған еді. Болжап отырса онан да әріде сияқты.

- Уа, төрлетіндер, азаматтар.

- Төрде болыңыз.

Сусын ішілді. Есіктен марқаның басы көрінді. Бата жасалған соң жыраудың бәйбішесі дастарханды қайта жайып, қаймаққа қуырылған қуырдақты алдарына тартқан. Уытты қымыз ішін жалаған қонақтар қуырдақты қарбытып барып бас көтерген. Мына келген екеудің бірі Олжа деген жігіт, Дәуленнің інісі, екіншісін жыға тани алмай отыр.

- Қымыз жақсы екен, нағыз бабында, - деген жігіттің сөзін сәлем бере кірген Бөрібай бөлді. Бір тізерлеп отыра қалып, аяқтағы қымызды тауыса ішкен Бөрібай рахаттана дем алып, кеудесін сипады.

- Бабында екен, - деді ол да.

- Пәлі, біздің ауылда бесті қымыз да бар, - деді жігіт.

- Апырай-ә. Біздің ауылда бие байлағаннан кейін қолы бостың бәрі бас қосып, қымыз ішеді. Сараңның асы таусылмас деген мәтел бар еді, - деп езу тартты жырау.

- Қыдырмадан қымыз қалмас, бермейтін иттің үйінде бесті қымыз сарқылмас деген, - деп Бөрібай іліп түсті.

Олжа жанындағы жігіттің санын батыра шымшып, ала көзімен ата қараған.

- Алдың сыбағанды, - деді бұрыла беріп сыбырлап.

- Бесатаның бір баласы боп кірген алшынның Бапақ деген жігіті бөлесін іздеп, Кәрсөн ішіне барыпты деген әңгімені Шортекеннің құлағы шалған. Қайтар жолында Мәті-Дәуленнің қалың жылқысының ішінен өтіп бара жатып,

енесінің мойнынан аса секіріп жүрген жирен құлынды көріп, көңілі кеткен. Тападай тал түс. Жылқышылар қоста дем алып жатқан шақ. Құлынды енесімен бірге ұстап алып, өзінің биесінің құлынын соның мойнына байлап, жирен құлынды жетелеп алып кеткен. Өгей құлынды сүйретіп, өз құлынының соңынан қалмаған биені де ақыры талға байлап тастады.

Жылдар өте жирен құлын жез күрен ат болып шыға келген. Бестісінде жез күрен ауыл арасының жарысында алдына жылқы салмады. Бапақтың аты шықты. Бапақ жез күренді үш жүздің баласы жиналған Есбайдың асында бәйгеге қосқан. Үш жүздің баласының таңдап әкелген жүздеген жүйрігін көріп, Шортекең де сол аста таңданған еді. Мәті-Дәулен де сол асқа қыл жирен айғырын қосты. Сол атақты астың бәйгесінде орта жүздің қосқан аты алдыңғы үш орынды бермей келсе де, "өз асымызда өз бәйгемізді өзіміз алмаймыз" деп бас табақшы Байсейіт би ұйғарым етіп, алдыңғы үш орынды ұлы жүз, кіші жүз, қырғыздың Шәбденінің атына берген-тін. Бәйге бітті. Бәйгеде қыл жирен мен жез күрен үзенгі қағыса келген. Қыл жиреннің иесі Дәулен:

- Аста бәйгені алмадық, оған дау жоқ. Мына Бапаққа аты келді деген аты да жетеді. Жез күрен менікі, енді өзіме берсін, - деп дау көтерген.

- Жала жаппа. Өз биеннен туған. Бүкіл ел біледі, ел куә, - деп Бапақ бет бақтырмаған. - Куәге алшын түгілі Дайрабай-Жайықбайды тартамын.

Бесатаның баласы "астың берекесін кетірмейік, үш жүздің қай баласы болса да сын айтады. Қырғыздан келгендер де бар. Орта жүздің ауыз бірлігіне ризалықпен аттансын" десіп, даулы мәселені кейін шешпекке келіскен.

Дау иесі Дәулен жыл өткізіп барып Жанғұттыға әділдік іздеп жеткен еді. — Көзім жетпеген іске билік айтып, халықтың наласына қаларым жоқ. Осы істі еліне іргелес жатқан Дүйсенбай жақсы білуі тиіс, - деп нұсқап жіберіпті.

Дүйсенбай бидің де қысылған тұсы осы болса керек. Арасына талай жыл өтіп кеткен дау оңай емес. Оның үстіне алшындармен құдандалық жағдайы бар. Қате шешіп, Алланың алдында кінә арқалауға, дұрысын айтып құдалардан кетуге де жол жоқ.

- Бүгінгі жүйрік демесеңдер, көрген түстей өткен уақыттың тасасында қалған көп жылқының ішіндегі бір тірі құмалақ екен. Дуалы ауыз Дүйсенбай дұрыс айтпады деп, ағайын, сендер өкпе аркалап кететіндеріңді білемін. Осының шешуін кітаптан бас алмайтын Шортекең айтсын деп сырғытып жіберген.

- Енді барар жеріміз жоқ, билік өзіңізден, - деді Олжа.

- Қалай шешсеңіз де көндік, - деді кешеден бері осы ауылда жатқан Бапак.

- Сырты түкті, іші боқты бір мал үшін ағайын арасы араз болғаннан мына өткінші жалғанда жаман не бар дейсің, - Шортанбай жырау даулы жақтарға барлай қарады.

- Біз де дау іздеуден аулақпыз, — деді Олжа. — Ағайыннан өтіп, Құнанбайға жүгініп жатсақ, Бесатаның баласы көзі тірі бір мал үшін шығанданып жатқанын-ай дейді ғой басқалар.

Шортекең ұзақ ойланды. Әрісі Едіге батырдың, Мөңке бидің, берісі Бұқар жыраудың айтқан сөздерін есіне түсірген. Әділін шешіп берсе, араздасса орыстың зәкөніне тұра шабуды әдетке айналдырып бара жатқандарға тыйым болар еді. Кателессе, "осыған келістік" деп кеткен екі жақтың бірінің көңілінде кірбің қалады. Ендігінің биінің аузынан да дуа кеткен, онанда орыстың зәкөніне барайық дегендерге ол да желеу. Ал, зәкөн не дер еді? Зәкөн күнә іздейді. Ондайда екі жақтың сөзін растайтын талай адам табылар. Зәкөннің құлағын ұстаған орыс мұндайда қай жағынан пара көбірек түссе, соның сөзін сөйлеп шығары мәлім. Оған тоқтаған қазақтың ендігі жолы - сырымта. Сырымтаның соңы екі рулы елдің барымтасына ұласып, дала қоңыраулатып шыға келеді. Қоңыраулатқан далаға қоңыраулы ат жеккен жандарал жетеді.

- Конокрад-ұры бұл қазақ, - деп ол да көзін ақшитпақ.

- Әрі беріден соң сол жандаралға қазақтың шабысып жатқаны пайдалы емес пе. Елден бірлік қашса, "қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді" дегендей жандаралың ұят-муятты жиып қойып, парасын тағы кесіп алуға жол ашық. Енді "әділдік" деп мәселенің түйінін екінші жаққа шешіп берсе, тіпті рахат. Мына қазақтың бірлігін естіп тоз-тоз жасаса, анау Мәскеудегі патшасы да риза.

- Уай, дүние-ай, - деп қалды өз ойының ұшағын қуалаған жырау.

- О не? - деп елең етті Олжа.

- Жаңа туған құлынды бесті шыққанда тануының нанымы қиындау екен.

- Иә, иә. Соны айтам, - деп Бапактың жаны кіре түсті.

" Жарар, - деді Шортекең Бапактың қуанышты жүзіне ойлана қарап. - Мен қазір ана көгендегі қозыға сенің көзіңше ен саламын.

- Иә, иә, - деп Бапак тағы қостай түсті.

- Енді мәселені сен шешесің, - деді жырау Олжаға қарап. - Сен қойлардың ішінен сол қозының енесін тауып, өзеніңдісал.

- Қызық енді болды, - деп Бөрібай алақанын шарт еткізді.

- Әй, Аязбай, - деді Шортекең. - Балам, ана диірмен жақта жүргендерді шақыр. Осы ісімізге куә болсын. Бұрып кетті деген сөз шықпасын.

Даулы мәселені шешуге Шортекеңнің тыңнан жол тауып жатқанын естіп, ауылдың бала-шағасына дейін жиналған.

- Е, Алла, әділіне жүгіндір, - десті үлкендер.

Шымқай ақ қозыға ен түсті. Меңсіз ақ қозының енесін іздеп Олжа қотанға қамалған қой ішіне кірді. Аралап та жүр, саралап та жүр.

- Таба алмайды, - деген Бапактың сыбырын Шортекеңнің құлағы шалып, тіксінді.

Олжа құйрығының ұшында алақандай қара жүні бар ақ қойды екі рет ұстап, екі рет босатты. Тағы айналып айналып келіп сол қойды ұстады да, өзінің белгісін салды.

- Мен болдым. - Олжа бір жағына сырылып тұрған.

Жаппай жамыраған қозылар асыққа таласқан балалардай у-шу боп жүгірісіп, ежелерін тауып жатыр. Елдің көзі ен салынған меңсіз ақ қозыда. Шымқай ақ қозы қотан ішін бір сүзіп өтіп барып, қара құйрық ақ қойдың емшегіне жармасты.

- Міне, көрдіңіз ғой.

- Уа, бәрекелді, - деп Шортекең де ризалығын жасырмады.

Бұғып та, тұншығып та қалған Бапак қана. Жәрдем іздеуге жарамаған көзі жер тескен. Орамалын алып, бетін сүрте берді.

- Бапак!- деді Шортекең.

Жыраудың не айтарын айттырмай түсінген Бапақ жез күрен жүйріктің үстіндегі ер тоқымын сыпырып, ноқтасын Олжаға ұстатты.

- Қайран ата жолы-ай, әділіне апарарсың-ау. - Жез күреннің мойнынан құшақтаған Олжаның дауысы қаттырақ естілді.

- Жақсыға қызықпайтын адам болмайды. Жүйрікті құлынынан тануың сенің де тануың. Жастықтың бір қателігі болар, жау желкемізге мініп тұрғанда ағайынның арасын бір мал үшін араздастырмас болар, - деп жырау кірерге жер таппаған Бапаққа да басу айтты.

Түскі астан кейін жырау былғары сөмкесін аласа үстелдің бір шетіне қойып, қағазына үңілді. Әлде не әңгіме айтқысы келсе де Шортекеңе бата алмаған Бөрібай сол жақ қолына жақын жерге қисайған. Қалғып кеткенін танауынан шуылы мен анда-санда қор еткені ғана сездіргендей. Әкесінің нұсқауымен екінші ұлы Алдаберген түбі сөгілген кітапты түптеп, желімдеп әуре. Есіктен басын сұққан орта жастың мөлшеріндегі әйел саусағының ұшымен шашын жасырған болып, үстел шетіне отыра кетті де, манағы билікті ауызға ала отырып, әңгімесін сықпыртты. Жыраудың жалғыз қызы Бәтіштің барған жері Бөрібай ауылының адамы, әрі Бәтішке абысындау есепті болған соң Шортекең еріксіз тыңдаған.

- Иә, иә, - дейді жырау амалсыздан.

Әкесінің қағазына қайта-қайта үңіліп, қаламын сия сауытқа малып алса да, қағаз бетіне ештеңе жаза алмай отырғанын Алдаберген де көріп, мылжың сөзбен уақытын алған әйелге тандана қарады.

Шортекеңнің тыңдамасқа да шарасы жоқтай. Кездескен сайын осы, қай-қайдағыны айтып, босатпайды. Әкең менің сөзімді тыңдамады, бізді менсінбейдіні айтып, қызы Бәтіштің де жер-жебіріне жете ме деп еріксіз отыр. Көрші ауылдан қашан келіп қалды екен деп іштей күйзелген. Ақыры шыдамады.

- Әй, сен өзің қай-қайдағыны танып, миымды ағыздың ғой, - деп ұйықтап жатқан Бөрібайды бүйірден қаттырақ нұқып қалды.

- Қа... Қашан? Мен ұйықтап жаттым ғой, - деп Бөрібай шала бүлінді.

- Шырағым, айта бер, айта бер. Әңгімен дәмді екен, айта түс. Мына неме танып, басымды ауыртты. - Шортекен басын сәл изеп, қаламын тағы сия сауытқа салды. Алдаберген тұншығып, аузын баса күліп, ақыры үйден атып шықты. Мәселенің мәнісі енді ғана санасына жеткен Бөрібай:

- Апырым-ай, тым ашы, ашы, - деп қалды.
- Не ашы? - Әңгімешіл әйел көзін ақитты.
- Сіздің... ә... ә, әлгі Алдабергеннің насыбайы.
- Қайдағы насыбай? Осы не танып отыр, - деп -әйел ұрыса жөнелді.

- Сіз екеуміз қоса танып... Шортеке кітабыңызды жаздыңыз ба?

- Қазір, қазір жаза бастаймын.
- Жүр жеңеше. Не танығанымызды тыста айтайын, - деп Бөрібай зорлағандай етіп, сөзуар әйелді жетектей кетті.

Шортекең Ақжолтай Ағыбай батырдың ерлігін жырлаған дастанды бастағанына да біраз уақыт. Ағыбайдың Бостан байдың қызын жазым етуі аңыздай оқиға.

...Кенесары ханның күші басым дұшпанымен жұлқысып, бірде жеңіліп, бірде итжығыс түсіп жатқан шағы-тын. Хан ордасын Тайатқанға қондырғанына да біршама мезгіл өткен. Ханға ықылас білдіргендер ағылып келіп, пейілін көрсетіп те жатыр. Өлі-тірісін сездірмей жатқан Бостан бай.

- Барып, байкастап келерсің, - деп Ағыбайға тапсырды.

Мұңлы-Құлыдан әрі жатқан Бостан ауылының желкесіндегі тау ішіне жігіттеріне бой тасалаттырып, ары қарай жалғыз тартты. Кештеу айдап келген жылқыны реттеп, жігіт-желең құлын байлап жатыр. Шаңқан боз аттың шылбырын беліне қыстыра салған жап-жас жігіт желінің қазығына қолағаш сілтемей, тізерлей бере басып қалып, қадай салған. Жігіттің мүсініне Ағыбай қатты қызықты. Шіркін, бізбен қатар жүретін-ақ азамат екен деді іштей.

- Жігітім, бай ауылы қайда?

- Мына белдің астында. Байекең ауылға малды апартпайды.

Бостан байдың ауылының қайсы екенін ажыратып алған Ағыбай ұзай бере кілт бұрылып, жігіттеріне қосылып, күннің батуын күткен.

Биелерді байлатып болған жігіт Бостан байдың жалғыз қызы Зұбан еді. Үйге келіп, әкесінен манағы жөн сұраған жолаушының жайын сұрады. Жолаушының ауылға соқпағанына танданысқан да қойған.

- Жолына қиыстау болған шығар, - деді Бостан бай.
- Ауылды сұрағандай еді.

Түнде айсыз қараңғы. Жылқы ішіне кірген Ағыбай жігіттері мал күзетінде қалған үшеудің дыбысын шығармай аттан аударып тастап, алдыға түскен малды айдай жөнелген. Түнімен жортты. Түн ортасы ауа Ағыбай:

- Соңымыздан қуғыншы болса, мен ана Қызылсүйірден күтейін. Сендер енді малды тым қуаламай, тыныс бере айдандар, - деген.

Ағыбай Қызылсүйірдің басында таңды атырды. Мұндайда байлап қойған аттай уақыт та жылжымайтын: Зарықтырып күн де шықты. Қуғыншының қарасы көрінбейді. Күн найза бойы көтерілген шақта "қой бүйтіп отырып болмас" деп жігіттердің соңынан тартқан. Сәскеге таяу Шажағай өзенінің бойында кері шапқан жылқыға кезікті. Жылқыны үркіте айдаған ер тоқымын бауырына алған аттар. Бұнысы несі деп таң қалды. Таңдану әлі алда екен. Боз атты жетелеген кешегі жігіт Наурызбай батырды алдына салып қуып келеді. Беті жаудан қайтпаған Наурызбайда ес те жоқ, қарсылық етер дәрмен де шамалы сияқты. Қаны басына шапқан Ағыбай ақырып, көлденеңнен қосылған. Жігіттің қаруын қағып тастап, найзамен лақтырған.

- Ағаеке, бекер тиістіңіз. Ағаеке... - деген Наурызбай аттан секіріп түсті де, жігіттің бас киімін шешті.

- Қап! Әттеген-ай, - деп Ағыбай бармағын шайнады.

Қапы кеткен ісіне енді не шара. Жан тапсырған жеріне тәні де тапсырылып, ел болып басына мазар тұрғызған. Бір жарым ғасыр еткен соң сол қу медиен даладағы Шажағайдың жағасына жақын тұрған қыз мазарына елінің талай тарихын іздеген жігіт ағасына Дулат Қожамбердітегі ертіп апарған. Иә, бір кездегідей аяушылық білдіріп, Алладан жәрдем сұрап, бет сипасты.

Сөзуар қатынды далаға ала кеткен Бөрібайға пәледен құтқарғаны үшін риза. Өзі де қызық жігіт. Жүрген жері думан, отырған жері күлкі. Бөрібайдың үйіне бақалшы келіпті деген сайқымазақ әңгімені жыраудың да құлағы

шалған. Дүниеге жақын әйел шіркіннің бірі - сол үйдегі келін. Төрге озған бақалшыға қайта-қайта жалтақтап, шай жасап бипаздап жүр. Осы жеңгемнің асы дәмді деп келген-кеткеннің осы үйге соғатын әдеті де бар. Бақалшының не әкелгенін білгісі келсе де сұрауға күйеуінен батпай біраз шыдады. Ақыры жай әшейінгі сөз сияқты қылып:

- Құда бала, не әкелдің? - деп майдалай созып сұрақ қойған.

- Әй, қоя тұр. Мына шыжыған ыстықта жол жүріп келген ол да, бұзау қайырып келген мен де қаталап өліп барамыз. Әлдебір көргенсіздерге ұқсамай, әуелі қонақтың жайын ойласайшы, шайыңды әкел әуелі, - деп ақыл айтқансыды.

Ерінің сөзін екі еткен әйел бар ма, жортып шығып кетіп, тыста сыбыр-гүбірді көбейтіп, асығып-ақ жүр.

- Әйел ғой, шыдамай жүр, - деп Бөрібай бақалшыға көзін қысты.

Аяғының ұшынан басып жүріп, дастарханын жайды. Жылдамдатып дастарханға бауырсағын төкті. Қайнап тұрған балқаймақты да бақырмен ортаға қоя салды. Бізылдаған самаурынды шетке орнатып, аққұманын қайта демдеуге тұрған тұста тағы да әндете созған дауыспен:

- Құда бала, не әкелдің? - деді.

- Әй, өліп кетсе де айтпа. - Бөрібай ашуланғансыды. - Онысы несі? Әуелі шайға қандырып алмас па, әлдекімге ұқсап... Шай. Шайыңды әкел.

Шыны қайсы, ойыны қайсы екенін айырып болмайтын күйеуінің мінезі өзіне белгілі әйелі Бөрібайдың ондай-ондайын елең қылмайтын. Осы жолы да мырс етіп күлді де:

- Ал ендеше, іш, ішші енді, - деп ыстық кесені қолына ұстата қойған.

"Ойбай күйдімге" басып, екі қолына кесені қақпақыл ойнатса да Бөрібай бір тамшы тамызбай кесені дастарханға қойды. - Өзіңе керекті жидіте жаздадың ғой.

- Түу, саған дауа жоқ. - Әйелі күлімсіреді де қойды.

Шай ішіліп жатыр. Балқаймақ та орталанған. Енді жөн-ау деген тұста әйелі тағы да:

- Құда бала, не әкелдің? - деп қалды.

- Құда бала бір қап қ., - деп Бөрібай рабайсыз сөзді былш еткізді.

Жұта берген шайын шашалған бақалшы жігіт демала алмай қикылдады да қалды. Көзі аларып, үзіліп барып есін жиған бақалшы:

- Отағасы, отағасы, енді айтайын, енді. - дегенге зорға тілі келген.

Шай да ішіліп, әйелдің де бақалшының әкелгеніне деген құмарлығын басып, Бөрібай Қожақпен дойбы ойнаған. Бірі жеңіп, бірі жеңіліп талайға созылған ойынның соңында Бөрібай қалғып кеткен. Жатар уақыт та болды. Әйелі;

- Әй, - деп түртті.

- Айбатын-қайбатын, мені оятқан қай қатын, - деп шалықтаған адамға ұксап, көзін алақтатып атып тұрған. Кешке ұйықтауға болмайды, пері соғады дегенді жастайынан естіп өскен әйелі, шынында да, пәлеге ұрынып қалды ма, деп шошынып сүріне құлады.

Мұны естіген Шортекең "өстіп те ойнауға болады ма" деп Бөрібайға ұрысқаны бар. Сонда Бөрібай;

- Оныңыз дұрыс қой, Шортеке. Мен сөйтіп анда-санда қалжақтамасам, мына менің мәмбеткүл туысқандарым ұйықтап қалады, - деп елді күлдірген.

Бөрібайдың қай ісін еске ала бергендейсің. Кей ісіне күлмеске шара жоқ. Жаңа ерге шыққан әйелді осы ауылға күлкі қылмай босатпайды. Сөзінен де, қолынан да іс келетін епті, жымын білдірмес жымысқы да өзі. Ана бір жолы қыс қатты болды. Қыс қатты жылы қасқырдың да аузына ештеңе түспей, ауылды маңайлайды. Ауылды аңдыған қасқырлар қора-қораның ық жағынан жүріп, арасындағы иттен қорыққансып қашып, тоспадағы бөрілерге апарып, ауыл итін тауысуға айналған. Ауылдағы жалғыз шиті мылтыққа оқ-дәрі жоқ, басынған қасқырды қууға ат аяғын қардан суыра алмайды. Үй-үйді іргелете жүрген қасқыр әбден иықтап кеткен. Тысқа шыққан Бөрібайдың әйелі екі көзі жанып тұрған бөрімен бетпе-бет кездесіп:

- Аттан, аттан, — деп үйіне зорға кірген.

Түн түгілі күндіздің өзінде бала-шағаның тысқа шығуы қауіпке айналды. Үт айындағы қасқырлар ұйығатын Бөрісырғақ атты боранның кезінде бөрілер тіпті құтырып кетті. "Пәлен ауылдың маңында жалғыз жолаушыны ит-құс жеп кетіпті" деген әңгіме де естіліп қалды.

Бөрінің жолын тағы Бөрібай аңдыды. Тұлыпқа оранып, үйтөбесіне жатып, ауыл аралағыш арлан қасқырдың түннің

қай мезетінде, қай жермен өтетініне әбден қанды. Малы көптеу Байпақтың үйі мен қорасының арасын көп тіміскілеп айналады екен. Сол тұсқа аққала соғып қойды. Алғашқы күні аққаладан сескеніп, біраз айналсоқтаған көкжал бір иіскелеп тұрды-тұрды да аққала іргесіндегі майлы жілікті тарпа бас салып, сілекейі шұбыра мүжіді. Тісі батқан тұсын тегіс тамағынан өткізіп, аққаланы иіскелеп ұзақ жүріп барып кетті.

Келер күні аққаланың басына Бөрібай да жасырынған, майлы жілік те іргеде. Түн ортасы ауа жеткен көкжал көп аялдамай жілікке ауыз салып, етпеттей жатқан қалпы мүжіген. Андаусыз жатқан қасқырдың үстіне Бөрібай міне түсті, қос құлағынан тастай қатып ұстап, жанын қоймай бұрмалап та, тепкілеп те сүйреп, "аш есікті," деп айғайға басқан.

Мінген қасқырмен есіктен енген Бөрібай мәсісін тартқылап отырған Байпақтың үстіне кіріп барады. Екі бұттың арасынан шығып кетуге шамасы жоқ қасқырдың екі көзі қанталап, тұншыға арылдаған. Шошынып, аяғын жинап алған Байпақ:

- Астағыпыралла, енді сен қасқырды да ұрладың ба? - деді сасқалақтап.

Бөрібайдың аңшылығы болса да, суық жүрісі жоқ. Өткен жылы қоярда қоймай жүріп, қансонардың бірінде Шортекенді де аңға алып шыққан.

- Бір керемет қара түлкі бар. Алдырмайды. Тоспаны қалай қойсаң да айналып еткенін бір-ақ көресің, - деп жүрген де осы Бөрібай.

Аюлының Қоза деп аталатын жықпыл-жықпыл тастарының арасынан жортқан түлкінің ізін кезіктірген.

- Ал, кетеді. Ал бекем болайық, - десіп, етек жақтағы індерді алуға екі-үш жігіт шауып кетті. Жықпыл тастардың арасынан із шығарамыз деп біраз уақыт өткізіп алған екен

- Кетті, кетті, - деген Жанғұттының Қасенінің дауысы ащылау шықты.

Қара түлкі Аюлының Қойкелге қараған салбырауынан асып барады екен. Сонау қараған ішіндегі, не сол маңдағы терең сайдағы індердің біріне соқпай, өзен өзенге бой жасыра қашып, ұзап кетіпті.

Жаппай ат қойған жігіттердің соңында кержорға аттың бар жорғасына салып Шортекен де келе жатыр.

Шортекеннің жанына ерген Қасен құдасы. Қасеннің қызын Шортекең үлкені Аязбайға қосқан. Жыраудың Жанғұтты бимен достығы енді құйрық-бауыр жескен құдалыққа ұласып, көңіл жарастығы ұлғая түскен. Қасен де Шортекенді құдасындай емес, әкесінің досы, өзінің ағасындай сыйлайтын.

- Шортеке, жүріске жүріс қоссақ қайтеді, - деді Қасен. Бұл кезде аттың басын жіберген аңшылар Қойкел өзенінің жар қабағынан асып, әккі тазылар Көкбөрі тауына жақындап қалған. Қалың итпен жарыса шауып бара жатқан жалғыз атты Бөрібай:

- Ал кеттік!

Кержорға иесінің тілегін сипай қамшылағанынан түсініп, зыта жөнелген. Қасеннің астындағы қарасұр ат та ауыздығымен алысып, сілтеп келеді екен. Өзеннің арғы жағасына жақын жарлауыттардан қарғып өтіп, алдағы аңшыларға таяп та қалды.

Айғай-сүреңге тау ішін толтырғандар жатаған жартастың етегінде атын бос қоя беріп тұрған Бөрібайға жете бере тізгін тартқан.

- Уай, түлкі қайда?

- Из осында келді.

- Ә, онда, - десіп жаппай аттан түсіп, бірінен соң бірі жақпар тастың астындағы қуысқа үңіліп, түлкіні қанжығаға байлап алғандай желпіністі.

Құрықшасын алып, жақпар тастың астына кірген жас жігіт күйбең-күйбең. Анда-санда тастан тасқа соғылған құрықтың дыбысы шығады.

- Барма-ей, өзі?

- Бұрасайшы, бұра.

Сырттағылардың әмірі құлағына жете ме, жетпей ме, кім білсін, тас қуысындағы жігіт ыр-ыр етеді. Қара түлкіні қуа келген тазылар тұмсығын тығар қуыстың бәрін иіскелеп, қыңсыласқан. Қорабек-Жолданның қасқыр алатын алпауыт көкқасқа тазысының баласы Қасеннің тұйғыны екінші жақтағы ауыз бітеген тастарды өзі қопарып тастап, жартылай ішіне кіріп жатыр.

- Әй, мынау болмады, ~ деп тас қуысқа кірген жігіт қайта шықты. - Түбі терең, бұрма-бұрма. Құрығым жетпеді.

- Былай тұршы, өзің былжырамай, - деп сырт киімін шешіп тастаған Бөрібай тас апанның ішіне кіріп кетті. Тағы

да тас ішін аралаған құрықтың үні, тағы да Бөрібайдың ыр-ыр еткені. Сонан соң ол сөйлегендей болды.

- Не дейді? - десіп құлақ түріскен. Жата қалып тыңдаған жігіт шам болса дейдіні жеткізді.

- Мүмкін жайлы жатуы үшін ет асын апарармыз, - деп қалжақтасты сырттағылар.

- Қаланың "капайгородына" кіргендей, енді өзіне жағдай жаса деп жатыр, ә!

- Капайгородтан осы тас апан артық шығар, өзіне ұнаса.

Көп қалжақты "ассалаудың" айтып, келе қалған отағасы бөлген. Ала атты жолаушыны араларына келгенде бір-ақ байқап, әзілдерін сап тыйған.

- Қанжығаларың майлансын, азаматтар.

Бірге болсындары сәлемдей шықты. Алынбаған қара түлкіні бейтанис адамға қимай тұрғандары айтпай-ақ белгілі. Кетіп қал деуге болмайды, кетпесе, жолаушыға байлау ырымы тағы бар. Тас апаннан басын қылтитқан Бөрібай:

~ О не? Біреу келді ме? - деген.

Жолаушыны көріп, қайта сүнгіді. Тарсыл-гүрсілді тіпті көбейтіп жіберді. Іште жатқан Бөрібайдың да жолаушыны көріп, ішіне қызғаныш енді. Жаңа ғана тастың қиын түбінен бұрап алған қара түлкіні жон арқасынан сипады. Құбылып тұр-ау, құбылып. Не болса да деп түлкіні кең шалбардың ішіне тықты да, мылтықты гүрс еткізді.

~ Жазым болмаса игі еді. А, құдай, сақта.

- Осы құрғырдың соңына бекер түстік-ау.

Түсі бұзылған Бөрібай да тас апанның ішінен басын шығарып, ернеуіне отыра кеткен.

- Оу, амансың ба? Жаңағы мылтық не? - деді Қасен шыдамсыздана.

- Ол мынау ... мынау атты, - деп Бөрібай ентелеп тұрған бейтанисы нұсқады.

- Не дейді? - Бейтанис "бұл қалай" дегендей айнала қарады. - Не пәленді жауып тұрсың? Пәледен машайық кашыпты деген.

Бейтанис атына қарғып мініп, қамшылай жөнелді. Осыны күткендей-ақ Бөрібай шалбарының ішінен жүні құбылған қара түлкіні суырып, орталарына тастады.

- Қимадым ғой, мынаны.

Киіз үйдің жаз бойы бір жабылмайтын есігінен тағы Бөрібайды көрді. Бөрібай манағы сөзуар әйелді ертіп жүр ме, әлде жетелеп алған ба, ол арасын құдайым білсін, әйтеуір араларынан қыл өтпейтіндей көрінді. Соңдарына ерген біраз сайқымазақ, бала-шаға да бар сияқты. Не болса соған мәз болатын тойшыл қауым. Мына заманның қыспағы бақайларынан келмейтіндей. Жандаралдың жерін тартып алып жатқаны, жайылымнан айырылған малының жазда жұтап, қыста қырылғаны кәперіне кіретін емес. Құдды уайым-қайғысыз халық. Жеңіл әжуаға мәз, сақ-сақ күлкі. Көшпенді елдің ғасырлар бойы қалыптасқан шатшадыман өмірінің жұқанасы әлі осы жұрттың бойында. Ата-бабаның кеңпейіл мінезі қанындағы тегінен сыртқа теуіп шығып жатыр.

Бір қалтарыста Бөрібай үйге басын сұқты. Өзіне де, ісіне де риза.

- Алдап жібердім әлгі көксоққан мылжыңды, - деді.

- Жақсылық-жамандықты әркім мінезінен табады, — деді де қойды Шортекең.

- Тап ана жеңемде не жақсылық тұр дейсіз?

- Енді оны қоя тұр. Осы саған бір міндет артқым келіп отыр. Бірен-саранымыздың жер жыртып, нан жеп қалғанымызда қарап тұрғанымыз бойға да, ойға да сыймайды. Түбі осы ел отырықшы болады. Түбі ел егін егеді. Міне, осы істі ел арасында үгіттей жүрсең деп едім.

Бөрібай әуелде жырау не айтар дегендей құлағын түрген, сонан соң осы мен қағыс естіп отырған жоқпын ба деп аңырды. Сонда, мұнын айтқанын ел тыңдай қояды ма? Әй, осының қисыны келмес.

- Аузымды аяймын ба? Айт десеніз айтармын. Бірақ осы мен беліме байлаған шоқпарды көтере алмай жүрмесем. Біздікі бейпіл ауызға қақпақ қоймағандық қой.

Шортекең жігіттің айта жүрейін дегеніне емес, шоқпарды көтере алмай жүрмесем деп, өз жағдайын мөлшерлей білгеніне іштей жығылды. Әркімменен ыржаңдасып, езуі жиылмаған соң да ауыздан дуа кететіні тағы рас. Дегенмен де, жырау өзінің айтқан ұсынысын жөн тапты. Шортекең Бөрібайға солай депті деген сөз талай жұртқа тарар, біреу дауласар, біреу ойланар, тасталған ой, айтылған сөз керексіз боп жерде қалмас.

Жыраудың қабағының ашылғанын күтіп отырған Бөрібай тағы өзгеріп шыға келді. Айтары барын сездіріп, тамағын кеней қалған. Шортекең ал не айтасыңды сездіріп, қабағын көтерді.

- Естіп пе едіңіз, өткен жолы нағашыларыма барғанда қызық оқиға болды ғой.

- Оларың кім еді?

- Мына Кешубай Кәсенбектер ғой.

- Солай де.

- Сол кісілердің ауылына барғам. Биыл соғымды да ерте жығып алдық қой. Жолға шыққанша күн ашық еді. Әйелдер қоржынды толтырғанша, оны қанжығаға байлағанша кіші сәске болды. Атқа мініп, былай шықсам, күн бұзыла қапты. Жер таныс. Манатайды бөктерлеп келемін. Қыстың көзі қыраулы, жалғыз-жарым жолға шықпа деуші еді әкем марқұм. Үлкендер сөзі рас қой. Айнала ұйтқып жөнелгенде қорқайын дедім. Күн бата боран ызылдап берсін. Маңайдың бәрі бұлдыр, адасатынымды білдім де, аттың басын қоя бергем. Жануар бір үйге алып келіпті.

- Оу, кім барсыңдар? - деп жүріп ішке енгенмін. Сөйтсем, сан барған ауыл, құрдасым Мешелдің үйі. Олар да мәз. Үсті-басымды шешіп алып, кептіріп жатыр.

- Ий, бейшара, енді болмағанда мүнкір-нәңкірдің алдында күнәна жауап беріп тұратын едің. Тәуба де, - деп құрдасымның әйелі тілін безеген.

Сол үйде бораннан аман қалғаныма іштей тәуба деп, бел шешіп жайғастым. Қоржында нағашыма деп салған сыбаға бар, оны ит іскеп кетпесіннің амалымен шошалаға кіргіздім. Ертеңіне күн шайдай ашылды. Қуыраққа тойып алып аттандым. Ауыл арасының соқпағын кешегі боран басып қалыпты. Атым әлді, бұзып өтіп, кейде орғытып, нағашы ауылына да жеттім-ау.

- Айтпағың осы ма? - деп Шортекең бұл жолы наразылау қарады.

- Жоқ-ә. Қызығы алда.

- Енді не қызық қалды?

- Нағашымның бәйбішесіне "мына сыбағаны келіндеріңіз беріп жіберді" деп ұстата салдым. Алла риза болсын айтып жатыр.

- Көргенді жердің баласы ғой, - деп нағашым да риза.

Сонан шай ішіп болған соң қоржынды ортаға алмай ма. Аттың беліне арта салатын екі басты қоржын. Бірін ашты да:

- Мынасы несі? - деді нағашымның бәйбішесі тыжырынып.

Ұмтылып қарасам, ки. Кәдімгі қойдың қиы. Қоржынның екінші басын шыдай алмай өзім аштым. Онда да қи. Нағашымның әйелі ернін сылп еткізді.

- Мұнысы несі? Біздің үйде ки жоқ деп пе едіңдер? ~ Әйелдің ашулы дауысы миымды тілгілеп түсті. Не сұмдық деп, өзім де есімді жия алмай тұрмын.

- Қоя тұр зарламай, - деп нағашым бәйбішесіне ұрсып тастады. - Әй, сен жолда қайда қонып едің?

- Мешелдікіне, құрдасым ғой.

- Е, ендеше белгілі болды. Қалжақтарың жарасқан екен.

Мән-жайды сонда ғана түсіндім. Түсіндім де нағашы үйіне қонбай, атты тынықтырып алып, түн жарымда Мешелдің үйіне жеттім. Өзім көрген шошаласы езіме белгілі. Төбесіндегі тесікті бума шөппен жауып қойған. Еппен аштым да, соғымның ең таңдаулы мүшелерін қапқа сықита салып, төбені мықтап қайта жауып кеттім. Мені олар сол түні қайта соғады деп ойламайды. Жақсылап жауған қар ізді жасырған. Шатысып біраз әуреге түскенін кейін естідім, - деп Бөрібай мырс-мырс.

Құрдастарға түйе сойып, биенің етін алса да жарасатын шығар. Бірақ мына заманда кім жетісіп отыр. Қалжың да заманына қарай. Арзан қалжыңның да күні өткенін түсінетін шама жеткен сияқты еді деген ой Шортекеңді іштей жеген.

Нұраның жағасындағы диірмен орнатқан жер қара шаңырақ сияқты. Ерігіп келсе де, бірдеме үйренейік деп емініп келсе де ат құрғатпай ағылып жатқан жұрт. Бұл өңірді жайлаған Бесатаның баласының көрмеген жаңалығы - осы су диірмен. Әуелде диірменнің тасын сонау Қарқаралы-Баянауыл жақтан алдырмақ та болған. Көнбеген Ырысбай мен Жәнпейіс. Бөрлібайдың осы екі ұрпағы мына Аюлы қасиетті тау, біз жүрмеген асуы, біз баспаған тасы жок. Іздегеніңіз диірмен тас қой, ол мына таудан табылады десіп, ақыры шай үстелдей екі тасты тауып әкелген.

- Енді бұған қашаушы шебер керек болды-ау, - деп Шортекең баласы Лязбайға қарады. - Осының бар

ауыртпалығын енді сен тартасың. Диірмен де, тоған да сенікі.

- Қашаушы үшін қиналмаңыз. - Жиырмадан жаңа асқан Жанпейіс сөзімді қоста дегендей Ырысбайға қарады. - Мен өткен жылы Керекудің мұжықтарына барғанда қалай қашап, тесіп жатқандарын көргенмін.

- Мұжықтың қолынан келген біздің де қолдан келеді. Ол үшін абыржымаңыз, - деп Ырысбай да сөзге араласқан

Осы екеуі жаз бойы жалпақ тасты қашады, диірменді орнатты, қырқаяқ салды, ақыры іске қосты. Екеуіне көмекші Аязбай мен Алдаберген. Өзеннің бойына талдан шетен тоқып, судың да бетін бері бұрып, ағысын қалыптастырды да, жар жиегіне жақындау тұсқа үлкен доңғалақ орнатып, оған соншалықты шелек бекіткен. Өзен суы доңғалақты айналдырса, ондағы шелектер алма-кезек суды көтеріп, арыққа құйған.

Шортекең бастаған бұл істен дос-жаран құр қалған жоқ. Әуелі жеткен Жанғұтты би

- Менің қосқаным болсын, - деп дөнежін бие әкеліп тастады. Жақсы істің шеті көрінсе, жапырыла кететін қазақ емес пе, Есбайдың Бөдесі жұмыс істегендердің жазғы асуына деп жиырма-отыз қой, "берері жоқ, жаны ашығаны болмаса" деп жұрт өкпелей беретін Қара би жылқысы мен сөлкебай ақшасын ала келген. Дайрабай жағынан Күржібай қазы, Керней Байсейіт, Қояншытағай Кәдір, Дүйсенбайлар жаз бойы неше келсе де құр қол емес.

- Шортеке, мұныңыз бір көрім іс болды. Елге құт-береке әкелсін деп тілейік, - деген Байсейіттің баталы тілеуі осы маңайдың іштегі үміті тәрізді. Арықпен аққан су да жүйесін тауып, азғантай болса да егіні бітік шығыпты. Осы маңайдың қазағының баласы наннан ауыз тисе, тоя тамақ ішсе, Нұраның бойына сан арық түспес пе, егістікке ел бет бұрмас па. Ысқырса желдікі, айдаса жаудыкі дейтін малдың есебін орыс алған. Ояздың есебіне түскен мал қазақтың қазанына түседі деу де қиындап бара жатқан шаруа.

Елге жер емізуді өзінен бұрын әкесі Қанай бастаған екен. Ұлы бабасы Смайыл Қаратауды жағалап Шұбыртпалыларға қосылып біраз тірлік еткен. Баласы Қанай Нақып Қожаның қызы Шүкіманға үйленген соң Шалтас маңын мекендеп қалған. Әкесінің жұртын Шортекең әдейілеп барып, әлденеше рет көрді. Әкесі үлкен бұлақтың

суын бұрып, арық казып, егін салған екен. Арықтың ізі әлі сайрап жатыр. Сол маңды жайлаған Кәрсөн елі бұлақты Қанай есімімен атап жіберіпті. Сірә, ілгеріні ойлаған есті үлкендер сол маңға түскен алғашқы соқа ізін ендігі жасқа үлгі болсын, ұмытылмасын деген шығар.

Сол Қанай бұлағында анасы Шүкіман екі перзентті болыпты. Екеуі де қыз бала екен, өмірлері тым ұзаққа бармаса керек. Бабасы Смайыл дүниеден озған соң, әкесі Қанай қайынжұртын сағалап, Қатпар ішіне келген. Анау Жалпақсаз - Шортөкеннің туған жері. Жалғыз қарындасы Қалаулыны осы жерден Кәрсөн - Қозыбақ Бейсенге ұзатқан. Онан туған жиені Кәрібек домбыра ұстап. Қыздарбек күйшінің тәуір шәкірттерінің бірі болып жүр.

- Иә, - деп қалды жырау. - Ол да елге керек, халықтың көкірегін ашып, арманға жетелейтін өнер. Бірақ... бірақ ырыс болмаса, өнер сөнеді ғой. Ырыс болмаса...

Ана Шойбектің баласы сол ырыстың аздығынан ұрлыққа барып жүр. Ет жесең тісіңе, жемесең түсіңе кіреді деген тойынғандықтан шыққан сөз емес, Шойбектің баласын түнде жылқы ұстап жатқан жерінен Дінәсіл сойылмен салып қалыпты.

- Өлтірдің-ау, аға, - депті ол

Осыны жөндеп беріңіз, ақыл айтыңыз, елге қарайтын бет қалмадыны алдыға тартып, жігітті әкесі Шортөкене әкеліп тастаған. Жырау жігітпен ертеңінде көп сөйлесті. Байқауынша, беті кәззаптыққа бұрылып кеткен жан емес.

- Шырағым, бұл ісіңмен елден шығасың.

- Шортеке, қате екенін өзім де білемін, - деді басы салбырап, екі тізесінің арасына түскен жігіт.

- Онда ұрлықты қою керек қой.

- Бұл ақылды сан естідім. Мал бітті, істер басқа кәсіп жоқ. Не ішерге, не киерге жарымай отырған балаларым анау. Енді қайтіп отбасын асыраймын?

- Жұмыс істе.

- Мұжыққа жалданып кәпір болып кетейін бе? Мен кәпір болмаспын, орыспен араласып, иісі сіңген балаларым солардың ырқында кетеді ғой.

Шойбек ұлы диірменге жұмысқа біржола тұрып қалғанын. Енбегі адал Тапқаны байлыққа жеткізбесе де, отбасын асырауға жарап тұр. Нан табатын кәсіп барын естіп, сойылын тастап, Бапақ та осында келген.

- Бұлар ұры емес, тағдырдың қыспағына түскен жандар. Адалдығын көріп жүрсін, адал еңбегінің де жемісін көрсете жүр, - деп жырау баласы Аязбайға тапсырған.

АСТА

Мұса әкесі Шорманға ас береді екен деген хабар дүңк ете қалған. Ұзынқұлақтың ақыры расқа айналып, шақыру да жетті. Шорманның асына Бесатаның баласы іргелес жатқан Қуандық ауылдарымен бірге баруға шешкен. Ас берілетін жерге екі жүзден аса үй тігіліп қапты. Арнаулы үйлерге бөліп-бөліп түсірген бұларға әуелі көпіршік атқан қымыз ұсынылды. Бір-бір аяқты сіміріп жіберген жігіттер бастарын шайқасып:

- Тұу, бабына келтірген екен.

- Дөнен қымыз, әйтпесе бестінің нағыз өзі. Көкірегімізді ашып жіберді, - дескен.

Он екі қанат кең үйдің жиһазы да көздің жауын алған. Осында орналасқан жиырма шақты адамның назары сәнді шаңырақ, алуан түске боялған уық-кереге, басқұр-танғыштарды аралап, көздері сүрінді. Қаракесек-Қуандық жағынан келгендердің үлкені Дүйсенбай би мен Шортекен. Қыстай сүзек болып шыққан Байсейіт пен Қара келе алмады. Жанғұтты биді әлдебір дауға төрелік етуге алып кеткен-тін.

Төрдегі Дүйсенбай би мен Шортекеңге жақын орын алған Қияштың Нұрланы, Тоқа Тойымбек сері, Бесата ішінде енді көріне бастаған Тарпаң. Мырзалығын көрсеткісі келді ме, әлде "берген асымызды жей алмай қайтардыңдар" деп мұқатқысы келді ме, осынша ғана адамға төрт табақ дәм тартылды. Сойғандары да семіз екен, табан боп шыққан қазы қатпаған уыздай дірілдеп, ұстарадайбәкінің жүзінен аунап түсіп, табақтың бетін уылжыған маймен жапты.

- Жей алмаспыз, - деді Қияштың Нұрланы. - Сынау ғой, мынау бізді.

- Ендеше ет жей алмайтын сен тура. Басқалардың жүрегі күні бұрын кілкімесін. Кәне, пышағыңды суыр, - деген әуелден-ақ Дүйсенбай би.

Табакқа сарыала тұздық құйылды. Майлы ас Шортекеңнің де жүрегіне шық етіп тие қалды да, табакқа

кол салуын сиретті. Атқосшылықпен келген жастар жағы ғана жиірек қол созысқан.

- Мен тойып болдым деп, қол сүртіп табақтан шығып кеткендер. Бір жапырақ етті үзіп-жұлып, тамсанып жесендер де отырындар. Табақпен бірге ет қайтпасын, - деп тапсырды Тарпаң.

- Жарылып өлерміз, - деп қалжақтады Қияштың Нұрланы.

- Әзірге аштан өлген де, астан жарылып өлген де қазақтың моласы жоқ. Ал, пәленше елден келгендер асын іше алмапты деген сөз ертең-ақ тарайды. "Мә, саған, Самырза, бас басыңа, қол қолыңа" деген атаққа қалғанымызда жетеді, - деп түйді Дүйсенбай би.

- О не? О не сөз?- десіп елегізіп қалды жастар жағы.

- Ол мына Самырза ағайындардың ісі. Еспайдың асында өздеріне бекітілген үйде отырып табақтың тартылуын күтпей, елмен амандасамыз деп жан-жаққа безіп кеткен ғой, - деп жиендігі бар Нұрлан күліп алды.

- Е, сосын?

- Сонан соң табакшы жігіттер өздерін әр жерден тауып алып, "бас-басыңа, қол-қолыңа" деп үлестіріп берген. Әрқайсысы бір-бір жіліктен ұстап жүр дейді әр үйдің жанында.

- Қап!- деп өкінді Дүйсенбай би.

- Не? Не, нағашы? Жанды жеріңізге тиіп кеттім бе? - деп Нұрлан тағы күлді.

Үлкендер жағы табақты еңсерсе де тауыса алмай, шайлығып отырған. Жастар өздеріне арналған бір-бір табақты тауысып, үлкендерге көмекке келді. Осымен олар да тойған сияқты, сорпадан ұрттап кейін шегіністі. Туралса да әлі ешкімнің қолы тимеген бір табақ ет тұр.

- Сендер, жігіттер, осыны тауысып тастаңдар, - деп Дүйсенбай би балуандарға қарады.

- Көптеу екен, - деп қынжылды Түнғатар Алқабек.

- Қайтпаңдар. Басып отырып жесендер сіңіп кетеді, - деп бұл жолы Қияштың Нұрланы жөн сөзін айтты

- Қойдың етін жейтін қазақ емес пе едік.

- Қой дейді ғой. Тайдың етін тауысқан біздің ерлер. - Тарпаң "міне, көрдіндер ме" дегенді ыммен білдіріп, қос қолдап алған майлы етті тандайына бір толғап, жұтып-жұтып жіберді.

Шортекең сөзге араласпай, жайбарақат қана бақылап отыр. Қазақтың белгілі деген бабасына берген асына баруы бірінші емес. Сонын бәрінде де осы намыс. Ас жеп аяқ босату намысына келгенде жарылып өлуге бар, намысты қолдан бермейді. Басқа істің бәріне осындай тік тұрып, тер төксе, осы ел дұшпанның табанына түспес еді-ау. Осы намыс әр ісінде қуаласа, өнері бар елдердің алдында жүрмес пе. Әй, ондайда тындата қояр азамат та аз, тындай қояр бұқара да шамалы. "Әрине, сіздікі дұрыс" деп құптағансып, теріс қарап жүре береді де, көлденең кездескенге жырдай қылып айтып, мырс-мырс күліскеннен аса алмай жүр-ау.

- Шортеке, сіз неге үндемейсіз? - деп қалды Нұрлан.

- Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді деген. - Шортекең қалтасынан орамалын алып, қолын ыждаһатпен сүртті. Ана жастар жағының Шортекеңнің қай намысты айтқанына көңілдері жетпегеніне іштей өкінген. Жалғыз-ақ Дүйсенбай би:

- Намыстың да намысы бар-ау, - деп қалды.

Әжібек, Жаңабай, Ақ Қабен балуандар жаңа табақты қолға алған. Өздеріне жеңіл болсын дегені шығар, өздері құралпы жігіттерге де бір-бір жілік ұстатып

- Тарап жеп қойыңдар, - деген.

Сүт пісірімге жетпейтін уақыт ішінде үйме табак еттен жұғыны ғана қалып, оны Әжібек балуан сыпырып-сыырып аузына салды.

- Оу, табактарыңды алыңдар.

- Жарытып әкелмейсіңдер ме? - деген сөз шықты.

Аста ішкен мас, жеген тоқ. Біреу байлығын көрсетіп, әруағын асырғысы келсе, басқа жиналған жұрттың ойында ойын-күлкі, реті келсе, келемеждеп мазақ ету. Сол келемежден қашып, намыс жыртысады. Бүгінгі намысты жыртып, мазақтан қорғап қалған Тарпаң боп көрінді. Тарпаңның жұрт арасына кіруі де, әр жағдайда көрінуі де соңғы кез.

Сонау жылы Шортекең жылда өтетін Қоянды жәрмеңкесіне барған. Қарасордың айналасы толған үй, ығы-жығы халық. Ұлы даланың түкпір-түкпірінен, әр болыс дуаннан жиналған халық қара-құрым, көз жетер жер төрт аяқты малға толған. Айтуларына қарағанда, түү, Қытай

жерінен де сауда істеп келгендер бар. Сол нөпір жұрттың қақ ортасында, сәл биіктеу жерге, тақтайдан биік сәкі жасап, жәрменке өткізуге жауапты адамдар жайғасқан. Сары ала шенділердің ішінде жандаралы да, Қарқаралы округінің оязы да бар. Аузымен құс тістеген осы комиссия келген-кеткендерді, әсіресе дуанбасы, аға сұлтан, би-болыс, бай дегендерді қағазға тіркеп, әмпей-жәмпей. Аты аталғанға ырғалып, құйрығын қозғаса, жер қозғалып кететіндей болған талай.

Здәрәстидің сонын қол берумен ұластырып, ұзын жеңнің ішіндегісін өткізіп, жалғастырып, мәз. Енді қайтсін, дүйім жұрттың алдында аты аталу оңай ма.

Тіркелгендердің сонын ала Тарпаң да жетті. Аяғында тәп-тәуір саптама етік, басында пұшпақ бөрік болса да, үстіндегісіәр жеріне жамау түскен шапан.

- Мына егіздей немеге не керек? - деп пысқырына орысшалады жандарал

- Әй, өңмендеп қайда барасың? Бұл жыртық шапан жамылғандар келетін орын емес. Әрі жүр, әрі жүр, - деп тілмаш жекірген болды.

- Тәйт, әрі, - деп ұрсып тастады Тарпаң. - Мына тізіміңе мені жаз.

- Қойыңыз, ақсақал

- Әй, мен жаз дедім ғой. Тарпаң бай деп жаз! Бүгіннен бастап Кәрсөн ішінде Тарпаң бай бар деп жаз.

Тілмаш дағдарды. Комиссия боп отырғандар жырқ-жырқ күлген. "Е, құдайым, - деді ояз. - Даланың аңымен аң боп кеткен немелер де өстиді. Қайран цивилизация осыларға қор боп жүр. Аяғына етік кигеніне, бейшара, өзін бай деп ойлап қалған ғой."

Ояздың мысқылдағанына бәрі ду күлген. Күлмеген Тарпаң ғана. Пұшпақ бөркін маңдайынан көтере кейін сырғытып, тілмашқа тағы шүйлікті.

- Мыналар не дейді?

- Сіз бай емессіз. Байлықты дәлелдеу керек.

- А, солай ма? - Тарпаң қалтасына қол салып, үш саусақтың ұшымен шымшып алған алтынды ояздың, онан соң жандаралдың алдына қойды.

- Как так? - деп көзі ежірейді ояз.

- Не... неужели золото, - деп түкірігіне шашалды жандарал.

Құм алтын қолдан қолға өтті. Таңданысты, өзара күнкілдесті. Сүзеген тоқал ешкідей бастарын шайқап-шайқап барып!

- Әй, сен бұл алтынды қайдан ұрлап алдың?- деген.

Не айтып тұрсын? Ұрың кім сенің?- Тарпанның ашудан жүзі күреңітіп кетті. - Менің ата-бабам ұрлық етпеген, мен де істемеймін. Оны осы жәрмеңкеге жиналған Қаракесек-Қуандық растай алады.

- Енді қайдан алдың? - деп ежіктей түсті жандарал. Мына аңнан бетер дұз тағысы шынын айта қалса, сол маңды басып қалу ойы арғы жағынан қылтың-қылтың еткен.

- Мен отыз жыл түлкі ауладым.

- Е, аулай бер.

- Онан да басқа бағалы аңның терісін өткізіп, соны алтынға айналдырып отырдым. Бұл менің адал еңбегім. Қазір малым да жеткілікті.

Комиссия болып отырғандар тағы күбірлесті. Бастары түйісіп, айырылып жатса да манағы мазақ-күлкі езулерінен жоғалған. Жыртақайлықты құштарлық басқан тәрізді. Алтыны бар адамды не қылса да жақын тарту әрқайсының көкейін тескені сыбыр-күбірлерінен байқалып тұр.

- Вот что, сен байсың... сен тіркейміз, - деп орысша бастап, басы-көзін шығарған қазақшасымен ояз. — Сен бай кел.. нам кел.

- Нан әкел дей ме? - деп сұрады Тарпаң ояздың "нам келін" түсінбей.

- Жоғ-ә, бізге кел, келіп тұр дейді, - деп тілмаш тіл сындырды.

Жәрмеңкеде Тарпанның мерейі асты. Оязбен кешегі тілдескенінің өзі былайғы жұртқа бір оқиға боп жеткен. Жұрттың түсінігінде батыр да, шешен де өзі.

- Не деген батыр десейші, оязбен тіресіпті.

- Жандаралды сөзбен сүріндіріп кетіпті.

Алтынын жұмсай жүріп, қалаған малын алып, көзі түскен дүниені арбаға арттырып, кісі жалдап, елге жібергенін Шортекеңнің көзі көрген.

Тарпаңның жәрмеңкедегі шаруасы мұнымен бітпеді. "Нам кел" деген оязға барып, қалтасындағысынан шымшып беріп, оның да аузын алған. Ендігі арманы - жер алу. Бала-шаға тұрғылықты ғұмыр кешіп, сол жерге ұрпақ таратсам дейді. Көмейінен өтіп кеткен ояз:

- Саған оты-суы мол шұрайлы жер берейік. Шалтас пен Ешкіөлместің таңдағанын ал. Біздің карта жасаған мамандар өте мақтайды, - деген.

- Ол жер маған қолайсыз. Тау-тас, ұңғыл-шұңғылы көп. Ондай жер ұрылардың мекені. Бірін тапсаң, бірі таптырмайды. Жо-жок, алмаймын.

- Енді қандай жер керек. - Таңданған ояз көзілдірігінің үстінен сүзе қарады.

- Сол маңда Доңғал деген жеке тұрған биік бар. Айналасы жазық. Малыңды өргіз де, биіктен бақыла да отыр. Ұры да жоқ, бөрі де тие алмайды. Таксыр, берсең сол жерді бер. Мында бір рахметімді айтамын.

Ояз адамдарын шақырып, дүкімент жасатып, баттитып мөрін басып, Доңғалды Тарпаң байдың иелігі дегенді орысша заңдастырып берген. Міне, сонан бері Тарпаң бай атанып, исі Кәрсөннің шаруасына араласа бастаған.

Табақты алуға келгендерге "аз әкелдіңдер" деп өкпе айтқанысып, көзбен ұзатып салып, аяқ созған жұрттың дем алғаны да, үй-үйді аралап қызық іздеп кеткені де бар. Жаңа әңгіменің шетін Қияштың Нұрланы шығарды.

- Шортеке, жүрер жолымыздан қиыстау болса да Кестелі тасқа бұрып апардыңыз. Сол көргеніміз естен кетер емес, соны айтыңызшы?

Шортекең әңгіме тыңдағысы келер ме екен мына тойшыл жұртың дегендей айналаға барлай қарады. Әр нәрсенің басын шалып отырғандар құлақ түріп, сілтідей тына қалыпты.

- Таудың қара тасын көрдіңдер. Байқасандар, тау тасы шөп сияқты жерден өсіп шыққан тәрізді. Ал, біз көрген тастардың қалпы да, түрі де бөлек. Түрі Қазанның түп күйесіндей меңсіз қара. Тағы бір айырмашылығы жып-жылтыр, қап-қара, айна десе болады.

- Рас, рас, - десіп бас изесті қозғалақтаған үйдегілер.

- Сол жылтыр қара тас шөккен түйедей болып бір-ақ жалдың үстінде әр жерде төңкерілген. Тап сол жалдың үстінен басқа жерде жоқ екенін көрдіңдер.

- Иә, иә. Өздері бөлек-бөлек жатыр. Тіпті, жанына баруға сескенеді екенсің, - деп сөз жалғады Нұрлан. - Қолыңмен сипасаң жып-жылтыр мұз ұстағандайсың.

- Қостың үлкендігіндей қара тасты қамшының сабымен сәл ұрсаң қоңыраудай дыңылдайды. Ғажап емес пе? - деп Шортекең тыңдаушыларға ой тастаған.

- Рас. Бір ғажабы беті толған сурет. Тастың қаттылығы керемет, ана суреттерді қалай салды екен. - Тоқа Тойымбек сері таңдана басын шайқады. - Бұл не тас өзі?

Бәрінің жүзі жырауға бұрылыпты. Шортекең Татар, Башқұрт еліне барып, талай кітапты аударғанын есіне алды. Мына тыңдаушы жұртқа қарапайымдылау айтпаса, түсінбестері тағы белгілі.

- Күнбатысты мекендеген франсоз, неміс халықтарынан оқымыстылар көп шыққан. Сол ғалымдар осындай ғажайып затты да көп зерттеген екен. Орысша жазғандарының біразын оқығаным да бар еді. Солардың айтуына қарағанда, қара аспанның ар жағында бірі таудай, бірі үйдей неше түрлі тас ұшып жүреді. Соның кейбіреуі жерге ағып түседі екен.

- Ағып түскені қалай? Түнде жұлдыз аққанды көрдік, тас аққанын көрмедік, - деп қалды тағы Нұрлан. - О не керемет сонда?

- Дұрыс айтасың. Сол түнде құйрығы шұбатылып аққан жұлдыз жерге шала жанып түскен осы тастар.

- Шортеке, тас жанды деген миыма сыймай тұр? - Тойымбек сері күлімсіреді.

- Оның несі таң? Көрікке салған темір қызуы асқанда шыжылдап от шашып жанбай ма, тас та сонау биіктен, қара аспанның ар жағынан құлағанда сондай қызуға ұшырайтыны дәлелденген. Менің ойымша, мына өңкиген-өңкиген жылтыр қара тастар сол аспаннан түскенде жарылып-жарылып құлаған тастар. Сырты да сонда күйіп, қап-қара, жып-жылтыр қалыпқа енген.

- Тастағы суреттер қилы-қилы ғой. Оның мәнісі не? - деп сұрады Тарпаң.

- Ғалымдардың айтуынша, адам баласы бірден бүгінгідей өмір сүрмеген. Жаланап жалпы ғұмыр кешкен дәуір де болған. Жер бетінде адамнан аң көп екен деседі.

Өмір сүру де қиын. Қарудың түрі тас пен сүйек, онан кейін қола, ал темір дегенді кейін игеріпті. Осы Арканы тым ертеректе мекен еткен халық ес біліп, етек жапқан заманда мал өсірген сияқты. Бажайлап қарасақ, әуелде аңшылықтың да неше алуан суреті бар, онан кейін малды баққан адамның бейнесі көрінеді. Қара тастың біріне биені жетектеген де сурет салыныпты. Сірә, әр қауым өзінің өмір сүру тәсілін тасқа жазып кеткен сияқты.

- Апыр-ай, өнер-білімнен кенже қалған екенбіз-ау. - Қияштың Нұрланы өкінгендей басын шайқады. - Бірде ұрысы, бірде орысы қуып кетіп жатқан алдымыздағы бесон караға мәз екенбіз. Адамзат қалай өмір сүрді деп ойлауға шама жоқ. Талай-талай тастағы суреттерді көрдік қой, соған мән бергеніміз қане. Сіздің жолдан бұрыс болса да мына Кестелі тасқа неге әкелгеніңіз санама енді ғана жетті. Әуелде Шортекеңнің мұнысы несі? Тас көрмеп пе едікті айтып, күнкілдескенбіз. Пендеміз ғой.

Дастарханның соңын ала айтылған әңгімені қозғаған Нұрланға жырау назар сала қарады. Қызыр жанаған тұқым деуші еді, ел аңызы теріс те болмас.

...Иә, аңызда... Қияштың әкесі бір жұтта дымы қалмаған орташа шаруа екен. Басындағы үйіне дейін ел ақтаған саудагерге сатып, әйелі екеуі ел кезіп кетсе керек. Жұрттың бергені тамағына жетпей, тамаққа жетсе, киерге жарымай жалғыз баласы Қияшты жетелеп келе жатып, барар ауылды таба алмай далаға түнепті. Бала екеуінің орталарында. Таң жаңа білініп келе жатқан мезгіл. Әкесінің құлағына бір адамның даусы естілді. Кім екен деп жайлап қараса тілі әлі толық шыға қоймаған баласы аппақ сақалы кеудесін жапқан нұрлы жүзді қартпен сөйлесіп тұр екен.

- Айтпайсың ба? Опа қыласың ба?- дейді қарт.

— Айтпай... Опан, - дейді бала.

Осы сөз әлденеше рет қайталанған. Қияштың әкесі ақ сақалды қарттың тегін адам емес екенін іштей болжамдап, қайта көзін жұмған. Ұйқы да қашты. Сүт пісірім уақыт өтебасын көтерсе бала жоқ. Бала сонау еңісте бір үйір байталды қайырмалап жүр екен деседі. Жылқы бала барса қашпайды, әкесі барса сырғақтап, мінез танытады. Сол ақсақал Қызыр екен, мал Қияшқа солай біткен екен дейді аңыз. Қияш баланың "айтпаймын, опа қыламын" деген жері күні бүгін Айтпай-Опан аталатынын иісі Қаракесек-Қуандық біледі.

— Шортеке, - деді тағы Нұрлан. - Осы далада біз көрмеген, көрейік деп ниет танытпаған талай кереметке толы ғой. Талай-талай үңгірлерді жұрт айтады. Онда да түлкі қуып барып Көрген аңшылар болмаса, басқамыздікі тек соның сөзіне сөз қосып қайталау ғой. Осы маңайда Кестелі тастан басқа тағы көргеніңіз бар ма?

Иә, көргені неге болмасын. Шортекеңнің есіне Тоқырауын өзенінің бас жағында жатқан Егіз Қойтас түсті. Сөз көңілді түртеді-ау. Мынау Кестелі тас пен Егіз Қойтастың арасы алпыс-жетпіс шақырым екені енді есіне түсіп, жырау іштей таң қалды.

- Қайсыбірін айтасың, солардың ішінде Егіз Қойтастағы суретке күнібүгін өзім де таңмын. Егіз Қойтас дегені жеке тас шоқы. Соның бір биігінің басына өзіміз көріп жүрген дойбының тақтасын тасқа ойып салыпты.

- Құдайдың құдіреті, Нұраның бойының Бесшоқысының бір жерінде тасқа ойылған тоғыз құмалақтың тақтасы бар деп естуші ем, бұл да бір қызық жағдай болды, - деген Тарпаңның дауысына бәрі бұрыла қарасқан.

- Өзің барып көрдің бе? - деп қалды Нұрлан

- Жұрттан естігенім ғой. Баруды енді осыдан кейін ойламасақ.

- Бәсе, бұл нағашыларымның бұтының арасынан таяғын жіберіп, індегі түлкіні аңдудан неғып қолы босай қалды десем, - деп қағытты Нұрлан.

- Әп, бәрекелді, ойнасаң осылай сөз ретін тауып ойна. Бай Тарпаңның аңшы Тарпаңнан аса алмай жатқанын айтып іліп түсті. ~ Тойымбек сері рахаттана күлді.

- Бәріміз де сондаймыз ғой. - Нұрлан әңгімені өз саласына бұрды. - Шортеке, сол көргеніңізді айтыңызшы?

Шортекең бір аяқ қымыз алдырып, баптап бөліп-бөліп ішті де, бос аяқты күтуші жігітке қайтарды.

- Алла разы болсын шырағым.

- Егіз Қойтаспен бізді ынтықтырып қойдыңыз ғой, - деп Тойымбек сері жырауға қарады.

- Ең бір тамашасы осы біз көріп жүрген дойбы тақтасынан бөлек. Дойбыда алпыс төрт ұя болса, онда жетпіс екі ұя. Сонда оның ойнау тәсілінің бөлек болғаны ма, осы арасына ой жетпеді.

- Шынында да қызық екен. - Тарпаң басын қасыды. - Әлде ойын тақтасы емес шығар.

- Ойын тақтасы болмаса, тасқа қашап әуресі не? - деп Нұрлан таласа түсті.

- Осы Тарпаңның сөзінде де шындық бар ма деймін. - Шортекең қолына шыбық алып, кілемнің шетін түріп, дойбы тақтасын сызды. - Міне, мынау ортадағы белбеу сегіз ұяның ені басқалардан кең. Осыны түсінбейсің. Ал,

сол кең ұя-белдеудің бір шетінен мылтық көздегендей сығаласаң, қарауылға еңісте жатқан тас көр оба ілігеді. Енді желкесіндегі биікке шығып қарасаң, сонау етектен биікке дейін бір сызықтың бойымен тағы үлкенді-кішілі бес-алты көроба тұр. Ең таң қаларлығы, сол сызық бойы тақтасының дәл кіндігінен өтетіні.

- Барып көрер ме еді, - деді Кенжебай Әжібек балуан.

- Расында да, сіз бізді Егіз Қойтасқа ынталы етіп қойдыңыз. Әлгі франсоз ба еді, неміс пе еді оқымысты келе қалса, соңына еріп кететіндейміз. - Нұрлан жырауға тағы бір аяқ қымыз ұсынды. - Алыңыз, Шортеке. Мұндай сөзді сізден басқа кім айтады бізге.

- Сол маңның жұрты не дейді? - деп ынтықты Тарпан бай.

- Ол бір бөлек әңгіме. Айтқандарына сенер-сенбесінді білмейсің. Анда-санда бір жарық жұлдыз ұшып келеді де, көзді ашып-жұмғанша ізім-ғайым жоғалады деседі. Бұл арасы тіпті қияли әңгіме сияқты. Бірақ, оны көрген жұртта есеп жоқ.

Ендігі әңгіме өз бетінше өрістеп, әркім көргені мен естігенін айтып, бірде дау, бірде келіскенсіп, өліп бара жатса өзінікін жөн деген қисық мінез де танытты.

- Перілер шығар келіп жүрген. Солар жұлдызша заулайды деген. Әкем айтушы еді, жас кезі болса керек, ауылдың үстіне тападай тал түсте киіз үйдің үлкендігіндей доп-домалақ бірдеме ұшып келіп, айналып жүріпті. Сонан ел қорқып, бала-шаға тығылып, үлкендер дұға оқып, елде ес қалмапты. Жанағы домалақ пәле ауылды үш айналып, бір сәтте жоқ боп кетіпті, - деп Тарпан естігенін айтқан.

- А, о не екен-ай?

- Көрші ауылда Бұхар тауысқан үлкен молла бар екен, сол кісі ауыл үстіне ұшып келген перілер. Перінің мұсылманы мен кәпірі болады. Мұсылман пері адамға тиіспейді. Сендердің көргендерің сол депті.

Осы күнгі жұрттың тағдырға өкпесі бар-жоғын кім білсін деп ойлады Шортекең. Біреуден ақыл да сұрамайды, ақы да сұрамайды, оны намыс көреді. Сол намыс қой ит өлген жерден осы жұртты осы асқа қуып келген. Әлгінде дауласып отырған Қияштың Нұрланы "Қой, Мұсаға көрініп, әкесіне көңіл, асына құтты болсын айтып келейін" деп шығып кеткен. Кім өтпейді, бұл жалғаннан. Осы жолға

шығардың алдында Ақылбайдың артында қалғандарға көңіл айта барған. Хабар беруші жақсы Айтжанмен де, қайтыс болған Ақылбаймен де Шортекең сыйлас еді. Айтжан "Шортекең біздің ауылға келсін, көңіл айтуға бірге барайық" депті. Қасына балдызы Әбеуді ерткен жырау Айтжанның үйіне кештете жетіп, сол үйге қонған да, ертеңіне Айыртауда отырған Ақылбай ауылына аттанған. Балта ішінде Ақылбай айналасындағыларға жөн сөз айтқан есті адам еді. Орта дәулетті Ақылбайдың үйінен қонақ артылған емес. Естүінше жаназасына жиналған жұрт та нөпір. Қарашаның соңғы қара суығы ауыл иесі азамат қайтыс болған соң қоныр үйді тіпті қонырайтып жібергендей көрінді.

Жырау келе жатыр, жақсы Айтжан бар екен деген сөз өздерінен бұрын жеткен тәрізді. Аттан түсіріп, аңырап отырған бала-шағасына не деп көңіл айтар екенін естігісі келгендер топырлап қоса кірген. Бала-шағадан басқа Ақылбайға жақын туыс, Өтен, Әлікейлерді бір-бір құшаққа алып жайғасқан соң Шортекең:

— Берік болыңдар. Бізге де оңай емес, сырлас-сыйлас едік. Ешнәрсе еткен емес, ешнәрсе ете қоймас" - деп қысқа қайырды.

Дүйім жұрт үнсіз қалды. Жыраудың айтқан көңілі осы-ақ па деген күңкіл де шықты. Жақсы Айтжан естіп отыр екен:

- Оу, жарандар, сөз мәнісін ұғайық. "Ешнәрсе еткен емес" дегені өлмектің артынан өлмек жоқ, тірі тірлігін істейді, ол өмір заңы. Ешнәрсе ете қоймас деген сөз Ақылбайдың артында үміт етер жақсы балалары, іні-туысқандары барлығын айтқаны. Осыдан артық не айтамыз, - деген тоқтамына жұрт ұйыды.

Ас иелеріне сәлем беріп, жұрт аралап келген Қияштың Нұрланының көңілі көтеріңкі екен. Иығына іле салған желбегей шапанының етегі далпылдап, иесінің жүрісіне сай шайқалып жалп-жалп етеді. Бөркін қисайта киген Нұрланның жүзінен тағы бір әжуаны таныған Дүйсенбай би:

-Ал, сақтаныңдар, мынау жиендігін танытқалы келе жатыр, - деген.

Дүйсекеңнің болжамы расқа шықты. Желбегей шапанын іле салған Нұрлан төрдегі орнына отырар-отырмастан мырс етті.

- Осы нағашыларым да ат қойғыш-ау, осы.

- Менің атам Кенжебай, мынаның атасы Баймұрат, - деп Әжібек балуан Жаңабайды нұсқады. - Осы есімдердің кемдігі бар ма?

- Жұрт аралап жүрсем Бесатаның Көтібоғы боламыз деп екеу жүр.

- Көтібок, Көтібок, - деп біреулер келемеждеп еді.

- Соны енді Басыбок, - деп өзгертеміз деді жаңағы екеу.

- Сөйтіп, Бесатаның Басыбок дегені де шықты.

- Ей, жиенмін деп қырасың ба? Жаныңнан шығармай қоя тұр ондай әңгіменді. Ондай әумесер өз бетімен бізден жырылып, бұл асқа келген жоқ шығар. Келсе де бокқа бар мүшеміз былғанбай, көтен жағын берген дұрыс, - Дүйсенбай би ара түссе де сөзім кеттіні білдіріп:

- Қап! - деді.

- Менің естуімше, Бесатаның бұл руының аты Көтібок емес, Көтібақ еді ғой, - деп сөзге Тойымбек сері араласты.

- Қазақта "бақ қонбайтын жігіт болмайды, басып отыратын көт болса" деген мәтел бар, Көтібақ атауы тап осыдан шыққан.

- Е, солай деңізші, әйтпесе мына жиен ауыздыға сөз берер емес. - Баймұрат Жаңабай балуан иығынан жүк түскендей серпіліп қалды.

- Жиен мен нағашының арасында не болмайды. - Дүйсенбай би Нұрланға қарап иек қақты. - Мына жігіттің бір атасы Алтай ішіне барыпты. Ауылдың ақсақалы сексеннен асқан қария төбенің басында дәретте отырса керек. Қонақ келе жатыр деп шалбарын жинапты. Сонда қонаға келген жігіт:

- Дауға түсіп болмаушы ең. Әй, сені тышқак жеңер деп қарғаған ғой. Тышқак, міне, жеңіпті, - деп атын бұра жөнелгенде, қария да шалбарын көтере салып:

- Менің атам Алтай еді, алтайлығы қандай еді. Сенің атың дауды дұрыс шешпегені үшін үйіңнен үркіп шық деген қарғыс алған. Әй, сен жаман неме, көптен ат ізін салмап едің, үйіңнен үркіп шықтың ба, әлде қатының қуып жіберді ме? - деген екен. Жиен боп келген қонақ жігіт айтарға сөз таппай, жер шұқыпты. Біздің жиеннің жер шұқитын түрі көрінбейді, дегенмен осы сөзге тоқтайтын шығар. -

Кеш те батты. Асқа тігілген үйлерден ұзап барып, дөң басына тыныстаған Шортекең желсіз, әдемі кештің суретіне қызығып ұзақ тұрды. Манағы жөнкілген бұлттардың бірі

жок, ашық аспанның шығыс тұсын ғана шарбы бұлттар торлапты. Шарбы бұлттың тесік-тесігінен жұлдыздар сығалап, үстінен ай сырғып барады. Ауылдың күндізгі әбігері, шаң-шұны да естілмейді. Тұп-тұнық ауа, құлаққа ұрғаныныштықты жақын маңға жіберілген аттардың пысқырыңғаны ғана бұзған.

Осындай бір сәтті қашан басынан өткізіп еді. Алыс-алыста еді ғой ол өткен шақ. Тап осындай ұйқысыраған дала, қалғыған тауды Өскенбайға берген аста басынан өткерген. Онда отыз жасқа шығып тұрған кезі-тін. Өскенбай асы Акқойтаста өтеді дегенге Бесатаның адамын бәрінен жасы үлкен Байсейіт би бастап барған.

Арнайы келгендерді Құнанбай әдейілеп бөлген жігіттер алыстан қарсы алады екен. Бесатадан барған топты да ыңғай жорға мінген үш жігіт тосып алды. Қай ауылдан, қанша адам екенімізді, бастаушының кім екенін біліп, біреуі кейін қарай жосылта жөнелген. Ат шалдырып, жай-жапсар сұрасып біраз отырдық.

- Ас үш күн бойы беріледі, - деді жол тосқан жігіттің біреуі. - Бүгін алғашқы күні, ертең негізгі ас, қонақтардың білісіп-танысуы. Бәйгеге қосар аттар да анықталды. Үшінші күні ойын-сауықтың неше түрі өтіп, соның соңы бәйгемен аяқталады. Ас сонымен сол күні тарқамақ.

Сүт пісірімге жетпейтін уақытта ас берушілерге хабарға кеткен жігіт те оралды. Ас иесі Құнанбай біздер түсетін үйді белгілеген екен. Дәм ішіп, тысқа шыққан. Асқа жан-жақтан келгендер тасқын судай ағылып жатыр. Қарсы алған жігіттер биіктеу жерге тігілген ақ ордаға қарқындата жетіп, сол орданың сыртындағы биік тастың үстіне малдасын құрып отырған Құнанбайдан тапсырысын алып, лезде кетіп жатыр. Кеткен мен келгеннің арасында жік жоқ десе болады.

Сөз арасында Байсейіт би:

- Өскенбайдың бір баласының келіні асқа сараң адам деп естуші ем, мұндай асқа Құнанбай оны жолата қоймас, - деп қалды.

- Ол қалай? Бай келіні сараң дегенді естуім осы, - деп ежіктеді Ботпай қалпе.

- Естуіміз ғой, әйтеуір. Қонаққа асқан еттің шимандысын түсіріп алып қалады деседі. Көзбен көрмегенді айтудың өзі ғайбатқа жатады. Ғайбатқа жаза көрмесін.

Тақау үйлердің бірінен ұзақ жыр айтқан адамның дауысы естіліп жатты. Бұл кім деп құлағын түрген. Күтуші жігіттер:

- Жанақ ақын десті, - десті.

Ертеңіне Шортекең Жанақ ақынға сәлем бере барды. Сыртынан естігені болмаса, көргені осы. Жанақ біраз жасқа келсе де әлі тың, дилы екен. Мәтел-мақалдап бастап, арғы жағын өлеңге ұластырып, жиналған жұртты аузына қаратқан. Шортанбайдың жөнін естіп, қаға берісте біраз әңгімелесті.

- Шырағым, атыңды естіп жүрмін. Орынбай ақынмен айтысың да маған жеткен. Арқадағы қожа ұрпағының ішінен есімің ерекше аталады. Әй, өмірің қиын болар.

- Неге? - деп қалған Шортанбай.

- Ашы айтасың. Жандарал, ояз, болыс дегендер ойынды ұната ма. Уақыт солардың жағында. Сол уақыт өзгергенше қай заман, қай заман, - деп тебіренген еді Жанақ ақын. Онан бері де қаншама дәурен өтті. Өткен күнде белгі жоқ. Ашы өмірдің дәмін татып-ақ бақты. Өмірдің қамшысы жанына батқан сайын қайрала берді, таяқ жедім деп тәтті етуге тырысқан жоқ. Әуелдегі Алланың жазуы осы болар, не көрсе де халқымен бірге болып, соның тәніне тиген таяқты ашы тілмен айтсын деген болар, жазмыштан қашып қайда барады.

Шортекең ұйқысы қашып, түнімен дөңбекшіп шықты. Таң біліне мызғып кеткен екен, Тойымбек серінің тұрып жатқан қимылын естіп, жамылғысын серпіді. Таңғы астан кейін Нұрланнан басқасы Мұсамен жүздесіп, әкесіне көңіл айтуға барған. Қысқа бешпет, жеңіл етік киген Мұса төрден өзі тұрып қарсы алды. Екі жаққа жарыла отырған Бесатаның баласы бір-біріне қарасқан. Салт бойынша әруаққа дұға бағыштау бар. Осы отырғандардың ішінде Бұхар оқуын тауысқан Шортекеңнен діни білімі жоғары да ешкім жоқ. Жұрт соны тосқан. Шортекең жайшылықта саңқылдап естілетін дауысына ерекше майда қоңыр үн беріп, Иасин сүресін жеріне жеткізе оқыды. Дұғадан соңғы тыныштықты да Мұса бұзып:

- Қап! Білмеген екенбіз. Осы астағы бас дұғаны Шортекеңе оқыту керек еді. Бізден бір білместік өтіпті, - деп жыраудың иығына шапан жапты.

- Ә, Мұса, дұғаны кім оқыса да қабыл боларын тіле. Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ. уәссаламның тұсында бір

бейшара Хазірет Әлі бабамызға келіпті. Сорлы, тақыр кедей екен. Бала-шағасын қалай асыраудың ебін таппай, көмек сұраған екен. Сонда Хазірет әлі бабамыз:

- Даладан мынадай тас әкелші, - деп бас бармағының тырнағын көрсетіпті.

Әлгі бейшара "мұнысы несі, мен көмек сұрай келіп едім, бұл маған тас тергізіп, өзімді жұмсады" деп күпіршілік жасаса да, Хазірет Әліге кішкене ғана тасты әкеп беріпті. Бабамыз тасты алақанына салып, дұға оқытыпты да алақанын жазса тас алтынға айналып тұр екен.

- Осы дұғаңызды маған үйретіңіз, - деп кедей сорлы жатып-жабысады.

Дұғаны жаттап алған кедей енді мырзасынып, колдағы алтынды үнемдемей, шаша жұмсап бітіреді де, тағы сондай тас алып, күні-түні дұға оқиды. Тас-тас қалпынан аумайды. Сонан пайғамбарға барып, Хазірет Әлі маған дұғаны дұрыс үйретпеді деп арыз айтқан екен. Сонда Мұхаммед с.ғ. уәссалам:

- Әй, бейшара, дұға біреу ғой. Ол өзгермейді. Мәселе ауызда. Сол дұғаны оқитын ауыз екі түрлі. Дуалы ауыз, аузынан береке кеткен ауыз бар. Соны ұққан жөн, - деген екен. Міне, біз де дұға қайырдық. Алла соны қабыл қылғай.

- Өзім ғұмыр кешіп жатқан заман тұсында елге ерекше танымал болған, айтқанын жұрт жаттап, баласына үйреткен, Шортеке, сізден басқа ешкімді білмедім. Мынау ел білсін, сіздің осы аста күтіміңіз ерекше болады, - деп Мұса жігіттерін шақырып жырау түскен үйді арнайы тапсырды.

- Ауылыма қадірім аз бетімді көреді, әйеліме қадірім аз етімді көреді деген екен бір дана. Шортекеңнің қасиетін бізден бұрын алыстағы ел біледі, - деп Қияштың Нұрланы өкінгендей болды. - Ол кісі дуалы ауыз ғой.

- Аузынан былапыт пен өзек кетпегеннің дуасы болмайды, ұлынан ұрлық, келінінен қарлық кетпейді. Оны да көріп жүрміз. - Дүйсенбай би күрсініп, басын шайқады, - шариғат қанша үйретсе қисайып біз де болмаймыз. Оның үстіне орыстың салған жолы да бірінді-бірін ғайбатта деген секілді.

- Мұсажан, Шокең менің жақсы ағам еді. Ағадан айырылып, жағасыз қалғандай екенімді енді білдім. Келгенімді біліп отырсаң да ағамды жоқтатпай сәлем

бермедің, - деп Тойымбек сері дау айта келіп, әңгіменің бетін бұрды.

- Мұршам болмай жатыр, Тойке. Ағылған жұрт, асығыс шаруадан бас көтере алмаған ініңізге кешірім етерсіз, - Мұса күлімсіреп, сәл иілді. - Серінің жөні бір басқа ғой. Мына қазақ даласы ән шырқап, күй төккен, серілік дәурен сүргендерге толы сияқты еді, олар да азайып барады. Серінің соңы сіз боп жүрмесеніз.

- Ол да рас, ол да рас, - деп қалды Тарпан.

- Әй, жігіттер, Тойымбек серінің жолын әкеліндер, - деп дауыстаған Мұса.

Қазақы қолмен әдіптеліп, оқаланған шапанды Тойымбек сері де жамылды. Серінің иығына шапан жауып жатып Мұса тағы күлімсіреп:

- Бір шаруа сұрасам көңіліңізге алмайсыз ба? - деді.

- Е, сұра. Білсем айтайын. Көңілге алып, мені бала дейсің бе?

- Серілік дәурені өтіңкіреген өзіңіз сияқты бір кісі байдың үйіне қонып жатса керек. Отбасында бай мен бәйбішесі, бойжеткен қызы ғана. Тамақ ішілді, төсек салынды. Тәрде сері, шымылдық ішінде қыз. Жұрт ұйықтады-аудеген шамада серіағаң қыз оятады білем. Сырылып серіге орын берген қыз:

- Әуелі арқаңызды сипап берейін, - депті.

Қыз сипаған жұмсақ алақан денесіне тиген сайын маужырап, серіағамыз ұйықтап кетіпті. Таң білінген шамада әлгі қу қыз:

- Енді орныңызға барып жатыңыз, ұят болады, - десе керек. Сол қыз ертерек тұрып малшыға бір кәрі текені белбеуге байлатып қойыпты. Шәй үстінде табыннан қалған теке бақылдап, маза бермеген соң:

- Мұны кім байлатып қойған, - деп ренжісе керек бай.

Осыны күткен қыз:

- Аға, мен байлатып қойдым. Өзі қартайса да, мұрыны қартаймайды екен. Бақылдап шыбыштарға маза бермейді, - депті.

- Тойке, естуіңіз бар шығар, сол сері кім екен? - деп Мұса алақанын жайды.

Тойымбек сері жауап қатпады. Қол орамалмен тершіген маңдайы мен мойынын сүртті. Сендер не дейсіңдер дегендей бірге келгендерге қарады.

- Біз естімеген әңгіме екен, - деді Тарпан.

- Болса болған шығар, болмаса болмай да жатады. Қызу шақта кімнің басынан не өтпеген. Тізе берсек, осы жұрттың бәрі болмаса да біразы мұндайға шатылған. Әкенің құнын өлгенде сұрайды, қыздың құнын бергенде сұрайды, өткен қызықты дәуреннің құнын кім сұрайды. Мұса мырза, сенің сауалыңның жауабы осы болар, - деді Дүйсенбай би.

Мұсаның табалдырығынан сыртқа аттай бере Тойымбек сері иығына жапқан шапанды Тұнқатар Алқабек балуанның қолына ұстата салды.

- Мұны қайтем? - деді абыржыған Алқабек балуан.

- Саған бердім, сен ки.

Сенер-сенбесін білмей Алқабек қолдан-қолға ауыстырып біраз әуреленді. Сонан кейін бірдеме айтқысы келіп, Тойымбек серіге қарап аузын ашты да, сол аңқиған аузын жаппастан қолын бір сілтеп, шапанды иығына асыра салды.

- Өмір қызық-ау. - Сері басын шайқады. - Әлде талай қызық-шыжығы алда болар. Пендеміз ғой. Шортеке, сіздің де ат құмарлығыңыз бар еді. Астағы бәйгеге әкелген аттың өзі бір табын десіп жүр ғой. Бір шетінен байқап шықсақ кайтеді?

Жыраудың үнсіз бас изеген келісімін алып, Тойымбек сері жан-жақтан келгендерге оқшау-оқшау тігілген үйлерді аралап кетті. Сол жеке-жеке ауыл боп отырғандардың бәйге аттары да жеке әр үйдің тасасында. Тіл-көзден, бөтеннің жасап кетер зиянынан сақтау үшін жабулы, күзетте.

Тойымбек серінің көңілі алай-дүлей. Манағы Мұса айтқан қалжас әңгіме ойынан кетер емес. Көңіліне алмайын десе де, көкейіне оралып соға береді. Мұсаның айтпағын танып тұр. Ас иесінің ретін тауып келтірген сөзіне не дерін білмей қалғанын мойындамасқа шара жоқ. Ана, Дүйсенбай биге рахмет. Сөз ұстаған, ел бастаған адам ғой, өткен қызықты дәуреннің құнын кім сұрайды деп бір-ақ қайырды ғой. Есті кісі тоқтайтын сөз.

- Е, анау.., - деп қалды өз ойымен болып келе жатқан Тойкең.

... Е, анабір жылы жанында өзіне ұқсаймыз деп әлем-жәлем киінген жігіттермен Тама ауылына бара қалған. Серілер келіп қалыптыны естіп, ән сағынып отырған көрші

ауылдың да кәрі-жасы ағылды. Сонда көрші ауылдан шешесіне ере келген бойжеткен қатты ұнады. Дауысы да сынғырлап тұр екен. Әуелде жастарға қосылып, артынан өзі жеке ән айтып, риза еткені бар. Кешінде шешесіне еріп қайтып кетті. Тұнып тұрған өнер-ау мына қыздың тұла бойы деп қалды. Ертеңіне арамызда тағы бір күн болып кетсін деп жігітін жіберіп, арнайы шақыртты. Кедейлеу үйден шыққан бала екен. Әкесі де ел аралап көрмеген, жөн-жосықтан ада, үйкүшіктеу кісі болса керек.

- Біздің Күнімжанды қайтеді екен? - деп сұрапты. Қыз шешесі байына алара қараған.

- Ойынға шақырады.

- Күнімжанды қайтеді екен? - Әйелінің алара қарағанында шаруасы болмаған қыз әкесі қайталап сұрап қоймаған соң, шақыра барған жігіт теріс айнала беріп, - мен білсем, нетеді екен, - депті.

Осы сөзді айнытпай айтып, қарқылдап күліп отырған жігітін "О, найсап", - деп қамшымен тартып қалғаны бар. Бірақ ел құлағы елу, әркім өзінше сөзге сөз қосып әкетті. Оны тыюға кімнің шамасы жетеді.

Бәйге атын көрушілер ең шеткі үйге келген. Үй сыртын айнала бергендердің алдынан жуан қамшысын білемдей ұстаған, жауырыны қақпақтай жігіт шығып,

- Бұл жаққа келуге болмайды, - деп тоқтатты.

- Әуелі сәлем алыспаушы ма едік? - деді Тойымбек сері қамшысын білемдей ұстаған жігітке. Ар жақтан бері беттеген ақсақал:

- Ай, балам, сәлемдес. Оспадарлық жасама, - деп өзі қолын соза таянған.

Сәлемдесе де шүйіркелесіп кете алмай ошарылып қалды. Басын қара шүберекпен таңып, иығына дейін ашық жеңсіз киген атжақты жігіт саптама етігімен алшаңдай басып, сөз осымен бітті дегендей әрі қарай сырғыған.

- Ақсақал, - деді Алқабек балуан қарияға. - Мына кісі Тойымбек сері болады. Естуіңіз бар шығар. Бөтен ниеті жоқ, ат көрсек.

- А?- деген ақсақал серіге үңіле қалды. - Неге? Неге естуіміз болмасын. Бұрын көрмегендіктен.. әй, балам!

- О не, әке?

- Бері, бері кел. Мұнда кім келіп тұрғанын білесің бе?

- Ат көрушілер де.

- Әй, сен өйтіп қисайма. Бұл кісі атақты Тойымбек сері. Ас дайындат қазір.

- Ақсақал ниетіңізге рахмет. Мұнда менен де үлкен адам тұр. Мына кісі қазақтың жоғын жоқтаған Шортанбай жырау. Естуіңіз бар ма еді.

Бұл жолы аңыру кезегі жас жігітке тигендей. Сарт етіп жерге түскен қамшысына да қараған жоқ. Судан шыққан балыққа ұксап, аузын ашып-жауып, сілейген де қалған. Әлдене уақыттан кейін:

- Сізді көруге де болады екен ғой, - деуге тілі келді.

Ат көру елмен де танысумен ұштасып жатты. Бәйгесін тіл мен көзден сақтаймыз деп жабулап тастаған иелері бұлардың кім екенін білгеннен кейін құрақ ұшып, алдарына дәмдерін де тосып, атқа шабар балаларын да жетелеп келіп:

- Ақ бата беріңіздер, - деп тілек еткен.

Өздеріне арналған үйге кештете бір-ақ оралды. Тойымбек сері мәре-сәре. Желпініп отыр. Манағы көңілдегі кірбінді жел қағып кеткендей.

- Шортеке, байқадыңыз ба, анабір ақжамбас ат ерекше екен. Сол, сол. Онан басқа біз әкелген Торы мен Тайкөктен басқа аттың ертоқымы артына кетіп тұр екен. Міне, дәмелісі осы үш ат қана.

Астың үшінші күні көкпар тартудан басталды. Шағырмақ бұлт күн көзін көлегейлеп, аптап ыстықтың бетін қайтарып, малға да, жанға да сая мамыражай мезгіл орнай қалған. Көкпар тартуға шығамыз деген жұртта шек жоқ. Осыншама адам көкпар тартса ат жығылмасына, адамның ат тұяғының астында қалмасына кепіл қане. Ас иелері осыны ойласа керек:

- Әр тараптан келген жұрт екі-екіден ғана көкпаршы шығарсын, - деді.

- О, қалай?

- Біз ше?- десіп делебесі қозғандар біраз шуылдасты да, ұйғарымға еріксіз көнді.

Қаракесек-Қуандық жағынан көкпардың додасына Түнғатар Алқабек пен Баймұрат Жаңабайды қосуға келісті. Алқабектің атақты көкпаршы екеніне ол әбден мойын-сұнған. Тақымына басқанын екеу-үшеулеп жабыла тартып ала алмай, серкенің сирағын жұлып әкеткендерін жұрт аңыздай етіп айтып жүретін. Оның уысының қаттылығын

де ертектей. Уысына қысып, бармағымен сығымдап жуан тобылғының суын шығарды десетін.

- Пәлі, оны айтасындар-ау, ол керегінің көзінен өтіп бара жатқан жыланды шап беріп, оң қолымен сыққанда, жылан бүйендегі майдай езіліп кетті, - дегенді көрдік дейтіндер де жетіп жатыр.

- Жаңабайдың көкпардағы өнері қандай еді?- деген Қияштың Нұрланы.

- Ойбой, ана шойындай денесі илікпес.

- Құласа, мертігіп тынар. Иә.

- Күні-бұрын жаназа оқығандай болмаңдар. - Дүйсенбай бидің ренішті үні жеткен. - Сол Жаңабайдай икемді жанды көрмедім. Сол сом денесімен аттың астынан өтіп кеткенін де байқамай қаласың.

Көкпарға сойылған серкенің өзі де кішігірім тайыншадай. Жерден алуды қиындатайық, көкпарға түсетіндер әлі де сұрыпталсын деген ұйғарыммен серкенің өңешінен су құйып бекітті де, жерошақты да тереңдеу қазып, соған тастады.

- Кім де кім үш ұмтылыс жасап, серкені ала алмаса әрі қарай додаға қатысуға хақысы жоқ, - деген жар айтылды.

- Е, бір серкелік әліміз бар шығар, - десіп алғашқыда бір топ жігіт қолдарына түкіре ұмтылған. Тапалтақ торы атқа мінген көкпаршы қолы жетсе де жерошақтан суырып ала алмайды. Ізінше желітіп кеп, көкшолақ атының басын тежей бере ұмтылған жігіт сирақтан мықтап-ақ ұстаған. Атын тебінді. Ытқи жөнелген. Аттан аударылған қалпы шанды бұрқ еткізді.

- Әй, анау қапы кетті.

- Әдісті екен, түбі сол алады.

Шуылдасқан жұрт кезек-кезек ұмтылып, бірі құлап, бірі серкенің сирағын ұстап өткендерді санап, күлкіге қарық. Той иелеріне керегі де осы. Ас дәміне тойған жұрт шатшадымен болса, астың тәуір өткені.

Серке алуға Алқабек те бір барып өткен. Биік қаракер аттан еңкейгенімен, серкенің сирағын қайта тепкілеп, әрірек таптап тастаған соң қолына іліктіре алмады. Жаңабай жұрттың ентелеуі басылуын күтіп, әлі орнынан қозғала қойған жоқ еді. Алқабекке мойнын бұрды.

- Мен қазір алып шығамын. Ілесе жетерсің.

Сар желіспен таяп келген аттың тізерлей қалғанын көрген де бар, көрмеген де жеткілікті. Екі қолымен бірдей көтерген Жаңабай серкені алдына зорға салып үлгерді де ағызып келіп, жанай берген Алқабекке:

- Ал мынаны. Сенің тақымың да, атың да мықты, - деген.

Іші суға толған серке тақымға да сыяр емес. Бір мытып, кеңірдегін езіп жіберіп, суын ақтарған бетте артқы екі сирағын тақым астына қысып үлгерді.

~ Әй, мыналар кім?

- Қалай алып кетті серкені. Тартып алындар енді.

- Бас. Басындар енді.

Серкеге жармасқан жұртта шек жоқ. Жеке-жеке келіп ала алмаған соң, қос-қосымен тартысқа түскен. Ішіндегі су босаған серкені Алқабек те манағыдай емес тақымына молырақ тартып, сирағынан қата ұстаған. Доданың ішіне адам кіруі мүмкін емес, Жаңабай жалтақтады. Әттең, шіркін, өз ауылдары емес, әйтпесе Алқабек екеуі жеткізбей-ақ кетер еді.

- Мынау адам ба, пері ме? Не аты, не өзі қозғалмайды.

- Бәрің жабылып... Ергежейлінің елуі жабылып, бір тышқанға әлі келмепті дегендей.

- Тышқаныңызды қайдам. - Жаңабай күліп жіберді. - Ергежейлі деген жөн-ақ-

Жаңабай ашулы жігітке қарап, тісін ақситты. Ала көз, қарасұр жігіт қанын ішіне тартып, ысқырынып, тісінің арасынан әлдебір сөзді төгіп жіберген.

- Енеңді... Сонда біз бе ергежейлі?

- Оу, жігіт. - Жаңабай сасар емес. - Оны өзің айтқансың. Мәтелшіл екенсің.

- Мойнынды үзіп жібергенімді байқамай қалма. - Сілтеп қалған қамшының өрімін Жаңабай қолына ораған қалпы жұлқа тартып, жұлып алды.

- Токтатыңдар төбелесті. - Төреші жігіт араға килікті. - Аруақты сыйласаңдаршы.

Қамшыдан айырылған ала көз қараның жүні жығылып қапты. Жаңабайдың бетіне тіке қарай алмай қолын созып:

- Қамшым... қамшым, - дей береді.

- Сен екенсің ғой тағы бастаған. Бүлік шығармасаң жүре алмайсың. Кетші! Кетші осы жерден көзіме көрінбей. -

Төреші жігіт аттың алқымына алып, ала көз қараны айдап шықты.

Мына жақтағы оқиғаны көзі шалған Алқабек серкені тақымынан суырып, бере салып, жеткені де сол еді.

- Не? Не боп қалды?

- Әнебір ақымақ... - Жаңабай қолын сілтей салды.

Серке колына тиген көкпаршылар даланы шаңға бөлеп, жосыла шауып, жеткені серкені қайта өңгертіп, басқа жаққа бұра тартып, жазықты дүбірге толтырып жіберді. Бір-бірінен оза жарысқан аттылар, қуғыншы жете бергенде түлкідей жалт берген көкпаршы, тау қойнауындағы жалғыз үйге қарай андыздай ағызған жігіттердің ат басын қоя беріп, серкеге жармасқан сәттері, көлден үрке ұшқан қаз-үйректің сұңқылы ғажайып сурет болып, Шортекеңнің жүрегін тербеген.

Осылайша өмір сүрген еді-ау осы халық. Мұңсыз ел ертеңім не болады деп ойламаған. Алланың жаратқан аспанының астында құдайдың өзі берген ырзығын теріп жеп жүре бердік. Жүре де беремізден басқа ойына келмепті. Осылай даланы дүбірлетіп енді қанша жүреді. Бала мінез халықтың аңқаулығы әлі қалмағандай. Шүршіт пен Ресей екі жақтан құрсаулап күн өткен сайын қысып келеді.

Кенет Шортекеңнің көзіне үй-үйді аралап, қайыр сұраған тіленші түсті. Аяғын сылтып басқан тіленшінің бойы тіп-тік, көкірегі көтеріңкі. Үсті-басының аса тозғандығы мен мойнындағы дорбасы ғана кәсібін әйгілеп тұрғандай. Жыраудың көңілі тағы суып сала берді. Жетімін жебеген халық едік. Жесірін жатқа бермеген жұрт едік. Жұтқа ұшырағанды тентіретпей, алдына бабаларымыз мал салып бергенін мақтан тұтатын едік. Ендігі жеткен жеріміз осы болғаны да. Ендігінің байынан қайыр кетсе, елден бірліктің ұйытқысы жоғалмай ма. Ертең анау батыстың франсозы, немісі, орысы сияқты байлары асқақтап, кедейі оның жағасына жармасып, бір ұлт екіге айырылып, атысып-шабысып шыға келетініне шек жоқ.

Иә, қалалы жерді аралағанда, аштан бұратылып, қайыр сұраған балаға дым бермей, өзі кертгіп жеп, мәре-сәре боп отырғандарды сан көрген. Көрген де түңілген.

Шортекеңкөкпарлыдуды тастай беріп, үйге кірген. Былғары сөмкесін тағы қолына алды.

Бай кедейді көрмейді,
Кедей де байға ермейді.
Қызметін бір күн қылмаса,
Майлы сорпа бермейді,
Әне байдың қайыры.
Бұрынғы өткен адамның,
Міне, келді тайыры.
Жалғанда қылған ісіннің,
Алдыңнан шығар ғайыбы.
Әзелде жазған пәрмені-ай!
Байды құдай атқаны,
Жабағы жүнді сатқаны.
Кедейің кайтіп күн көрер,
Жаз жатақта жатқаны.
Жаздай арық қазады,
Күздей пішен шабады.
Оны-пұны жиғанын
Шығын деп тілмаш алады.
Жалғыз сиыры бар болса,
Соғымына сояды.
Қағаздатып бұзауын,
Ноғайына қояды.
Кедейге салып шығынды,
Негізі байдың тоймайды.

Асқа жиналған жұрттың "күрес, күрес" деген дауысы естіліп жатты. Астың неше күнінде мал түгілі адам аяғын тигізбеген, шалғыны тізе қаққан шымдауыт жерді жиектей аттан түскен ақсақал, қарасақалдар алқа-қотан тізіле отырған. Түрегеліп тұрған халық бірін-бірі басып кететіндей итерісе, онан әрі ат үстіндегілер аруақ шақырысып, азаматтарын қолпаштаған.

Ортадағы алаңға Көкшетау жағының балуаны дескен денесі құйған шойындай жігіт шығып отырып алды. Қарынын, екі саны мен иықтарының бұлшық еттерін ойнатқанда "мына пәтшағардың" ішіне бірдеме кіріп кеткен жоқ па деген де естіліп қалады. Шойындай дене бітімінен бе, әлде ойын салған бұлшық еттерінен бе, әйтеуір сескенгендік болар, балуан атанғанның біреуі қарсышығар емес.

- Бер! Беріндер бәйгемді, - деп гүр-гүр етеді.

- Біздің ауылдың қатындары да ұл туғанда қалжа жеген шығар, шығындар, түге, біреуің, - деп ақсақалдар намысқа тырысып жатыр.

- Міне, - десіп ортаға Қарқаралы жағы Шәкенбай деген жас жігітті шығарған. Дене бітіміне тағар кінәсі болмаса да, қимылы орашалақтау көрінген. Тағы да көпті көріп, талайды сынаған ақсақалдар:

- Қолапайсыздау екен. Қара күштің керегі не, айла болмаған соң, - десті.

Шәкенбай біраз алысқан, тәжірибенің жоқтығы көзге ұрған. Әйтеуір жағасынан алып жүр демесең, айла-тәсілі балалардың ауыл арасындағы күресінің о жақ, бұ жағы. Оны түсінген Шәкенбай қолға түспеуге тырысып, күресуінен айнала қашқаны көп.

- Мына ынжық итті-ай.

- Шал, шалсайшы, - дейді ауылдастары.

Айнала қашып өте бергенде Шәкенбайдың шапанының шалғайы қарсы балуанның қолына түсіп қалды. Дар еткізіп жыртып алып кейін лақтырған. Шәкенбайды да ыза бұған сияқты.

- Асс.., - деп тісінің арасынан шығарып, қарсыласын әлділеу қармақ болып, ұмсына берген қолы бөтен балуанның тегеурінді уысына түсіп кеткенін андаса да, Шәкенбайдың жерге қалай топ ете қалғанын қауымның көзі шалмаған. Шәкенбай балуан осы тойдағы ойынын осымен тоқтатты.

Бір жеңіліс тапқан балуан күрестен шығып кетіп жатыр. Күреске түскен отыз шақты балуанның екі-үш айналымында қалғаны шамалы. Соңғы сәтке дейін дес бермей келе жатқан Жаңабай балуан аяғы тайып сүріне құлады да, қарсыласы тұрғызбай басып қалды.

- Әй, оның болмайды, - деп Жаңабайды жақтайтындар біраз қызды да, ~ мына күресте әділдік жоқ, - десіп кетіп қалды.

Арқаның осы өңірінен келген Түнғатар Алқабек пен Кенжебай Әжібек қана қалды. Күресетіндер де екшеліп төрт-бес қана адам әлі бой көрсетуде. Әжібек Алқабектің уысына түскеннің талайының торғайдай шырылдағанын көзі көріп риза еді. Бәйгені осы алар деп те топшылаған.

- Кімсіңдер?- деген әуелгіде талайлар, енді таңдай қағысты.

- Мықты! Мықты болғанда да керемет.

Соңғы сәтте Ақылбектің оң жақ тізесі жерге қас-қағымдай жанап өткеніне төрешінің назары түскен.

- Болды! Қалды! - дескен бөтеннің дауысы басым.
- Негс болады?
- Тізесі жерге тиді.

Бас бәйгеге таласқан екеу ғана қалды. Мойыны мен иығы тұтасып кеткен мұртты қараға қарап Тойымбек серінің жүрегі қобалжыды. Мана, алғаш күрес басталар тұста, басқаның мысын басқысы келді ме, екі жігіт екі жағынан шынжыр тағып алып шыққан. Бар денесі селкілдеп, құтырынған аюдай көрінген. Күресіне де манадан назар салып отыр. Қарсыласын бауырына тартып алып, бөренедей білекпен құшағына алып сыққанда онан құтылған жан болмады.

Енді, міне, сонымен белдесудің сәті Әжібек балуанға келіпті. Әжібек денесі мұртты қарадай болмағанымен, кеуделі, иықты да көрінді. Еңкейгенде жон арқасынан жоталай жарысқан қос сіңір де аса жуан. Осы күресте Алқабектің сығымдап жіберер уысынан үміт күткен еді, енді, міне, Әжібектің де тарамыстай сіңірлі алқам-салқам, бұлшық еті ойнаған мүшесін көріп, тілеуін тіледі.

Естуінше, Әжібек балуан елде талай рет күш-қайратын көрсетіпті. Шілденің аптабында шөлге шыдамаған атан түйе апанға құлап, үйелеп жатса керек. Әлдеқалай жұмыспен көрші ауылға келе қалған Әжібек ауылдың төрт-бес жігіті жұлқылап, сүйрелеп шығара алмай жатқанының үстінен түскен. Жігіттер сүйреген сайын бақырған түйенің ащы дауысы жер жарғандай.

- Ал! Ал, тартындар.

Бала-шағаға дейін түйенің әр жерінен өткізген арқанды тартса да, орнынан сол сырғыған түйе бұлқынғанда, қайта апанға түседі.

- Қоя тұрындар, - депті Әжібек. Түйенің бойындағы арқанды әр жерінен қайта салып, бәрінің ұшын тоғыстырып әкеліп иығына ілген де, еңкейе сүйрей жөнелген. Апанның шетіне іліккенде ғана "осы біз не істеп тұрмыз" дегендей басқалары да жабылып, сыртқа шығарғанын ел жырдай қылып айтады.

Ортаға шыққан Әжібек артына қарайлай бергені сол еді,

- Сақтан! Келіп қалды, - деген Тойымбек серінің ащы дауысын естіп, жалт бұрылып үлгерді. Ту сыртынан қаусырып алмаққа ұмтылған мұртты қара өз екпінімен етпеттей құлады.

- Жығылды, жығылды.

- Болды. Осымен болды, - деген шудан құлақ тұнған, Әжібектің осымен күш сынасып көруге пейілі кеткен. Төрешіге "тұрсын, қайта күресейік" деген ниетін айтты. Бөрене қолдың құшағына өзі кіргендей болды. Тегеурінді екен, қыл мойынға түскен бұғалықтай сығып әкетіп барады. Енді... енді... деген шақта Әжібек күш-қуатын жиып, жауырынын күдірейте шегінген еді, бөрене құрсау жазыла берді. Бұл не болды дегендей мұртты қара білегіне қарады. Қайта қарсы ұмтылған Әжібек мұртты қараны иығына сала көтеріп лақтырған.

Кеше кешқұрым айдауға кеткен бәйге аттарының да келуін жұрт елегізіп күткен. Шортекең мен Тойымбек сері қаракшының маңында тоқайласты.

- Аттарды тым алысқа әкетіпті деп естідім.

- Кемі алпыс шақырым деседі. - Тойкең сері жыраудың мазасыздау жүзіне қарады.

- Осындағы біреулер жетпіс дегенді де айтып қалды.

Шабандоз балаларды біраз демалдырып алған айдаушы күн көтеріле орындарынан тұрғызып, азын-аулақ алып шыққандарымен жүрек жалғатып, Алладан ақ жол тілеп, атқа қондырған. Ақжамбас ат алғашқы беттен алға шығып, қара үздіріп алды да, көзден таса болды. Мана, айдаушы бәйгеге үш жүз бес ат қосылды деген. Үдере шапқан аттарда жік жоқ еді, біраздан кейін топ-топ болып бөліне бастады. Бірге келген Торы мен Тайкөк үзеңгі қағысып, әлі бірге шауып келеді. Бәйгенің қарқынына шыдамаған талай аттар біртіндеп қалып жатыр. Қаракшының да көрініп қалуы алыс емес еді.

- Ақжамбас қайда?

- Бәрінен озып кеткен, ендігі барған да шығар, - деді торы аттағы бала.

Келесі белге шыққанда алдарынан Ақжамбас та көзге шалынды. Торы мен Тайкөктің көзін сүртіп, екеуі де қарқын қосқан. Қоянша ырғыған Ақжамбас ақ көбікке малыныпты.

- Бір тері алынбай қалған ба? - деді тағы Торыға мінген шабандоз.

Қаракшыға жақындағанда сәл ілгерлеген Торыны Тайкөк басып озып, қаракшыдан өтіп кетті.

- Япыр-ай, - дей берді Тоқа Тойымбек сері. - Ақжамбас озуы керек еді ғой. Сынымның дәл келмегені, бағымның қайтқаны ма.

Қазақтың соңғы серісі болмасаңыз игі еді деп еді Мұса. Тойымбек серінің жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылына ілікпей, тоқсан бес жасында дүниеден озарын кім біліпті. Жиырмасыншы жылы серіге ас бермек түгілі бар қазақбасымен қайғы боп кеткен-ді.

ЖӘҢГІР АУЫЛЫНДА

Нұраның Қарамұрынға жеткен тұсында өзеннің арнасы да кеңейіп, суы да молыға түседі. Бұғылыдан бастау алған Дәрі өзенінің қосылатын тұсы да осы тұс. Өзеннің тал-шілігі осы маңда тіпті қоюланған. Қорықшысы да мықты. Жәңгір төре ауылының о жақ, бұ жағындағы үш-төрт шақырым жерден тал кесуге тыйым салғаннан бері, өзен іші ну орманға айналған. Шаңырағына біткен он жеті мың жылқы мен отарлы қойын да ауыл маңына жақындатқан емес. Көкорай шалғыны тізені қаққан осы тұсқа ордасын тіккізген Жәңгір төре тысқа ұзаққырай шығып, төбенің басынан айналаға ұзақ көз тастады.

Сағым ойнап жатқан дала қиялға еріксіз сүйрелейді. Арқаның осы тұсындағы биік тау жотасы Бұғылы көгілдір түске еніп, күн ысыған сайын молырақ көтерілген бумен перде тұтқандай бола берген. Бұғылының биігі Құсмұрын ғана шалқақтап, өрлік танытқандай.

- Па, шіркін! - деп тамсанды Жәңгір төре.

"Па, шіркін" деп іштей тағы қайталады. Сонау бір алыс қалған жастық шағында осы Құсмұрынға шығамыз деп үш ниеттес етегіне барған. Тіп-тік екен. Аттарды тұсап жіберіп, жеңіл киініп, биіктің басына қарай өрмелеген. Сан тыныстап, ұшар шыңына зорға жетті. Биік басы үнемі желтең екен. Айналып келіп, аймалай соққан тау самалы ентіккен тынысынды ашып, дененің шаршауын суырып әкетіп жатқан еді. Иә, бұрынғы үлкендер Құсмұрынның дәл басындағы үй орнындай жерге қар жатпайды, қыстың қақаған кезінің өзінде еріп кетеді деуші еді, сол рас та шығар. Сол жолы биіктің басына таспен өріп біреулер әлдебір сөзді жазып кетіпті. Өрген тастың әр тұсы құлап, оқи алмады. Сонан бері не заман өтсе де сол биікке қайта шығуға тірліктің күйбең-күйбеңі мүрсат бермепті.

- Көрінбейді ғой? - деді тағы өзіне-өзі.

Шақырған адамдарының жетеді-ау деген мезгілі осы тұс болатын. Сағым ойнап жатқан дала мұндайда жүргіншіні көзден таса етіп тұратыны бар. Жәңгір төре Қарамұрынның шеткі биігінің Нұраға төне түскен тұсына жақын орналасқан ауылына бажайлай қарады. Сол қыстақты салдырғаны көңіліне медеу екен. Әнебір орта тұстағы мешіт үйі. Мешітке жақын медресе тұр. Медресенің іргесін жақын осы маңның оқуға қолы жетпейтін кедейінің балалары жатсын деп тоқал там салдырған. Шәкірт балалардың киім-кешегі әкесінің мойнында болғанымен, ішіп-жерлігін өзі көтерген.

- Бұл қалай?- дескен мұндайды көрмеген осы маңның шал-шауқандары.

Иә, қалай демеске не шара. Алысқа мойын созып, ой жүгіртіп көрмеген жұрттан басқа сөзді күтуге бола ма. Қазақтың баласы басқа жұрттан кем болмасыншы деп тілейді іштей. Тым алысқа бармаса да қазақтың қара шаңырағы іспетті Түркістан мен Қарнақта нешеме мешіт, нешеме медресе бар. Сонда, тіпті, осы Арқа өңірінің балаларының медресенің құжырасында жатып, дәріс алғанын көзі көрген. Байқап отырса, сонау көне заманнан бері осылайша білім алу үзілмей келе жатқан үрдіс екен.

Жол түсіп, Қызылжар, онан әрі Омбыға да ат ізін салды, Омбыда да орыстың балаларын жинап алып, оқыту үлгісі бар екен. Орысша танысын, орыстың саясатын жүргізісін дегені болар, бірен-саран қазақтың да баласын оқытатынын көзі көрді. Сонан, елге келген соң, әуелде тұрғызылған мешіттің жанынан Қаратау мешіттеріндегідей құжыра салдырмаса да, орыстың еңтірнатына ұқсас жатақхананың іргесін көтертті.

Ендігі арман не? Арман көп қой. Осы медреседе оқып жатқан Қареке-Мұраттың, Бесатаның балаларының білімі кем болмаса игі еді дейді көңіл. Көңіл деген көк дөнен сүйрей береді. Көк дөненнің сүйрегені жұртына деген жақсылық болса, үміт артынан үміт туындап, жетсем, жеткізсем деген де көбейе береді екен. Ішу мен жеуден озбайтын өмірге жаңа мақсат туындап, тірлігің жаңа мәнге ие болады екен. Мына он жеті мың жылқыны өсіре бергенде осындай тірлік болмаса, тұяғын санғанда не мән бар. Осы мешіт-медресені ұстап, кедейдің жиырма шақты баласын оқытқанда кететін шығыны алпыс-жетпіс қой, жиырмаға

жуық жылқы екен. Иә, жатақхана тамағына қыста тағы қосымша ретінде екі-үш ірі қараны соғымдарың деп сойып беретіні бар. Сонда да осы малдың мұрты қисайған жоқ. Балалардың киім-кешегін де алып берер еді-ау, ата-анасы да әртүрлі. Біреуін құдай құратпай отыр, біреуінде береке жоқ. Береке жоқ емес-ау, сол берекені ұйытайық деген ниеттен хабарсыз. Соларға ең болмаса баласының киімін мойнына артып қойып, "ойлан, ойлан" дегізгісі келген. Молланың алдын көрмеген, әліпті таяқ деп білмеген талтанбайлардың мойнына надандық деген пәлекет аша мініп алған. Ең болмаса балалары түзу жолға түссе, надандықтың түнлігін түріп тастар деген ниетте.

Осы медресенің қалай істемек керек дейтін шаруасы әлі бастан асатын сияқты. Қалай істемектің басы медресенің ұстаздарына, шәкірттер оқитын діни дәріс, дүниәуи сабақтарға тіреле береді. Осы мәселені бір жағына шығару үшін Бұхарды тәмамдап, Ресейді аралап, ілім жинаған Шортанбай жыраумен ақылдасқанды жөн көрген. Соңғы кезде денсаулығының да онша болмай жүргенін айтып, өзінің бара алмағанына кешірім сұрай отырып, жыраудың келіп кетуін өтінген. Ауылдан жырағырақ төбеге шығып, сайын далаға көз тастап, жүргіншінің жолын күтуінің мәнісі де осы.

Жәңгір төренің көзі Байғарадан бері қарай құлаған үш салт аттыға түсті. Мүмкін солар болар. Кім де болса далада қарсы алмай үйден тосқанды жөн санаған. Нұраның суы таяздау өткелінен өткен салт аттылар кермеге аттарын байлай салып, кіруге рұқсат сұраған.

- Кірсін.

Сәлем бере келген үшеуді де танымады. Бірі елуге енді-енді келердей қаба сақал кісі. Жанындағысы баласы болар. Баланың оттай жанған көзі тесіле қадалады екен. Үшіншісі, жасжігіт, атқосшы шығар деп топшылады.

- Сусын әкеліңдер, қонақтарға!

Аяқтағы қымызды аузына тосқан қаба сақалдың еріні жыбыр етті. Сірә, жаратушыға сиынғаны да. Атқосшы жігіт аяқты басына төңкере салғандай болды. Сусындап, ес жиған соң ғана жөн сұрасқан.

- Керней боламыз. Жарылғап батырдан тараймыз. Қырбастың немересі Қоржынбаймын. Мынау баламның есімі Түсетай.

Арғы жағын Жәңгір төре қазбалап сұрамады. Қырбастың бейіті Нұраға Қармыс өзенінің құйылар жеріне жақын тұр. Қырбас бай Текебұрқыл айының бас кезінде арда емген тайды күздікке сойдырады екен. Табан шыққан тайдың семіз етін тоя жеп, құрт қосқан майлы сорпа ішкен Қырбас жылқыны інірттеп келемін деп, желбегей шапанды жамыла салып, атқа мінген екен.

- Күн ызғарлы сияқты. Күпі киіңіз, - деседі басқалары.

- Осы сендердікі не? Күн маужырап тұрғанда, - деп ұрсады Қырбас.

Жәңгір ұзын өмірінде Текебұрқылдың алғашқы аптасында күн райының күрт өзгергенін сан көрді. Кейде қар, кейде мажыраған шыбынсыз жаз. Ал, сол жылы табан астынан қақаған аяз көтерілген. Ет пен сорпаның буы денесін қыздырған Қырбас жылқы шетіне іліккенде күн де батып, аяз сақылдап қоя берген. Сақылдаған сары аяз аузын ашқан ажал. Желбегей шапанды Қырбасты бүріп берді. Аттан түсе қалып, қолын жалдың астына жылытты. Жаяу жүріп, денесін қыздырмақ болды, ақыры Айтқантаудың бергі жағындағы жазықтағы төбешіктің үстінде қалған. Сол аяз ел аузында Қырбас өлген қызыл аталып кетті.

Мына Қоржынбай тоқалдан тараған ұрпақтан екенін де естіген.

- Осы сендерді Қаратамақ деп те атайды-ау, - деді Жәңгір төре.

- Иә, иә. - Қоржынбай мұрты сирек болса да, иек астындағы қаба сақалын сипады.

- Мына Түсетай балаңның не өнері бар?

- Бала ғой. Кейде бір-екі ауыз өлеңмен қағысып қалатыны бар.

Иә, заманды кім болжаған. Сол бала Түсетайдың "Сарыарқа" деп ғажап толғау жазарын, дүние төңкерілген заманда түрмеге түсерін, белуардан ғана қазылған қабірге жерленіп, оны көмген адамдардың өзі алпыс жеті жыл ішінде басына баруға өкімет пен оның итаршы белсендісі партком, директор дегендерден қорқып, аяқ басуға жарамағанын кім болжапты. Үстінен машина жүріп кетуге айналып, бет тасы ғана жатқан қабірді осы жолдардың иесі Қаппар деген көзі көрмейтін шалды ертіп жүріп зорға тапқан. О, болжаусыз жалған.

Қырбастың бәйбішесі Бөгенбай батырдың қызы Қырғи есімін денесінің молдығы мен мінезінің кендігіне орай Борсылдақ атап кеткен. Онан туған Байсейіт би Арқаның қазағына танымал адам.

- Е, Нұрлан Жомарт аман ба? - деді Жәңгір төре Кернейдің бұл атасын кеңінен танитынын білдіріп. - Орыс соңына түсіп жүр дегенді естіп едік.

Қоржынбайдың бұл жүрісі жолдағы Жәңгір төреге сәлем бере кету, баласы Түсетайға ел мен жерді таныстыра жүр екен. Барар жері Қияштың Нұрланының ауылы, әкесі Байсейіт бидің тапсырысы. Жәңгір төре талай табақтас болған Байсейіт бидің баласы сусын ішіп қана аттанамыз десе де дастархан жасатқан. Дөңгелете төгілген бауырсақтың ортасында балқаймақ та, ащы қуырдақ та тұр. Бабымен ашыған қымыз өзегіне түсіп кетті ме атқосшы жігіт қуырдақ ортаға қойылар-қойылмастан қасығын ала ұмтылған. Қуырдақтың түйірі аузына барып үлгермегенде шығар, Жәңгір төре;

- Тоқтаңдар. Бұл дастархан сіздерге бұйырмады. Жинаңдар! - деп әмір етті.

Не боп қалды деп Қоржынбай жалтақ-жалтақ. Жәңгір төренің қабағы сәл түйіле қапты.

- Мұсылман баласы дәмнің алдында бисмиллаһ деп, Аллаға сиынуы керек еді. Аллаға сиынбай ішкен дәм харам.

- Әй, Босқабай, сенің ісің осы ғой, - деп Қоржынбай атқосшыға кейіді.

- Дәм мен оны татуға ниет еткен адамның арасында көрінбес жіппен байланыс болады. Дәмге Алланың атын айтып ниет ету, дәмнің қасиетін құрметтеу. Дәмнің сонда берекесі артады. Оны Алланың атымен татқан адамның ниеті тазарады, береке орнайды. - Жәңгір төре ешкімнің бетіне қарамай, көзін сәл жұмып, әңгіме желісін соза түсті. - Жер де, күн де, өсімдік те, адам да бір жаратушының билігінде. Өзіңді сыйласаң, жанды-жансыздың бәрін сыйла дейді шариғат.

Қайта жасалған дастарханға дұға оқып барып, дәм ішкен Қоржынбайлар күнә жасап қойғандай жерге кіріп, асығыс аттанған.

Шортанбай жырау Жәңгір төре ауылына түс ауа жетті. Жанына ергеннің үлкені Ораз Ботпай қалпе мен Темірбектің Жәнібегі, атқосшысы Әбу. Жәңгір төренің

медресе ашып, осы маңайдың жоқ-жітігінің балаларын жинап, оқытып жатқанынан Шортекең де хабардар. Осы ауылға ат басын тірейтін болғандықтан, діннен біраз сауаты бар Ботпай қалпеге де бірге жүріп, медресені көріп қайтуын ұсынған. Жәнібек өзі сияқты Бұхар оқуын тәмамдаған, мұсылман дінінің қағидаларына өте жетік адам.

- Денсаулық та болыңқырамай жүр. Оның үстіне мына медресені көре отырып, ақылдасқанды дұрыс деп есептедім. - Жәңгір қонақтарды ақ орданың төріне өрлеткен.

Шортекең өзі дәріс алған Қарнақтағы, онан кейінгі Бұхар медреселерін есіне алды. Қарнақта алған білімі де жеткілікті тәрізді еді, оның баспалдақтың бір сатысы екенін Бұхарға барғанда түсінген. Көкалдаш, Мир-Арабтай талай медресесі бар Бұхар білімнің шын ордасы екен. Осы жерде алғаш рет дін мен ғылымды ұштастыра оқытты. Дүниәуи ғылымының сала-сала боп, әрқайсысы өзінің пайымымен дамып жатқанын көрді.

- Бәрінің жиынтығы, тоғысар түйіні - бір Алланы тану, - дейтін еді ұстазы.

Алла жалғыз, Алланың адам санасына көрінер қырына, ақылмен ұғып болмас сырына көз жетпейді. Ол шексіз. Пенде шіркін соның бір қырының, сырының шетін ұға қалса өзін әлем құпиясын білетін ғұлама көреді. Оқу мәңгі болса, Алланы тану онан да мәңгі іс.

- Медресенің қалай дамуы оның алдына қойған мақсатына байланысты ғой. Сонан біраз мәселе туындайды, - деп Шортекең өз ұстанымын айтты.

- Дінге талас заман болды ғой біз ғұмыр кешкен уақыт. Халқымыз бөтен діннің үгітінде кетпесін, мұсылман дінінің артықшылығын білсін, орыстың попының не айтарын емеурінімен танысын деген оймен медресе аштық. Қолымыздан келгені сол болды.

- Бұдан артық не істемек едіңіз? - Ботпай алақанын жайды.

- Әр азамат елі үшін осылайша қолынан келгенін істей берсе, кем-кетігіміз жамалып, Ресей түгілі күнбатыстың ағылшын, немісінен кем болмас едік, - деп Жәнібек Жәңгір төренің ісінің мақсатты екеніне көз жеткізе пікірін білдірді.

- Осы мешіт пен медресені ашуын ашып, соған ие болатын өз ортамыздан адам таба алмаған күндер есте.

Жан мұрынның ұшына келген, - деп Жәңгір төре езу тартты.

- Бұл маңнан оқыған адам табу, құмнан алтын іздегенмен бірдей болған уақыт та.

Абылай хан заманында Жидебай батыр жер үйінің маңында кішігірім мешіт салдырыпты. Онан кейінгі аласапыран заман оқуды таза тоқтатып, халыққа әптиек оқытпайтындай болды ғой. - Жырау күрсінді.

Мешітке ие молланы Жәңгір төре түбі Қазан татарынан тауыпты. Ғабдолла молланың діни білімін тексеруді Шортекең мақсат тұтпады. Дұға оқуы бір сыдырғы тәуір, қирағатына келтіруі де көңілге қонымдылығымен ұнады. Өзі ынталы болса, шарифат жолын өз бетімен оқып, тани берер деген іштей. Ғабдолланы халық Аққажы деп атап кетіпті. Сірә, бұл да ісінің ұнамдылығы болар. Ғабдолла-Аққажының Баки, Уахит есімді ұлдары да осы медресенің алғашқы шәкірттері.

Мешіт үйі Қарамұрынның оңтүстік тұмсығындағы етекке жақын биікшенің үстіне салыныпты. Мешіттен сәл төмендеу тұста Жәңгір төренің өзінің үйі. Төренің үйінен сәл бөлектеу үлкен сарай терістік-шығыс бетті алыпты. Онан әрі медресенің жатақханасы тұр. Аққажы иманның үйі де осы тұста. Жәңгір төре осылардың оң жұмысын бақылайын дегендей ортаға еміне кіріпті.

Медресе жатақханасында шәкірттерге арнап жиырма шақты төсек-орын дайындалыпты. Төсек-орын аса жарқырап тұрмаса да біркелкі таза.

- Сіздің жатақхана медресенің құжырасынан гөрі Ресейдің обшжітіәсіне көбірек ұқсайды екен, - деп қуланды Ботпай қалпе.

- Оныңыз айтарлық. - Жәңгір төре сүйемел күткендей жан-жағына жалтандаған. — Көсеу көргенін істейді деген бар. Біз де сол сияқты. Әуелде сырттан келгендер менсініңкіремеп еді, кейін тіпті қолдан келген ісімізді көріп, риза болғаны көп. Екі шәкіртке бір бөлме берген Қаратаудағы Ысқақ баптың медресесіндей жағдайға да тірлік болса жете жатармыз.

- Балақай, қай жақтансың? - деп сұрады Шортекең жырау әптиегін жаттап отырған баладан.

- Ауылым алыс емес. Сазанбай руынанмын.

- Атың кім?

- Әлібек. Әлібек Туғанбек ұлы.
- Өзіңнен басқа жақын туыстың балалары бар ма?
- Тастемірден Есентай, Исабек деген балалар бар.
- Оқуларың қалай?

Әлібек бала Аққажыға жалт бұрылды. Имам "айта бер" дегенді ыммен білдіріп, бала қысылмасын деп әрі қарай жылжыған.

- Жақсы. Жақсы оқимыз.

- Дұрыс. Міне, азамат. Өздеріңнен басқа қай балалар оқиды?

- Көп қой, ата. Иса ұлы Оспан, Ниханбай ұлы Рақым, Нұралы ұлы Имаш, Күлбай ұлы Айтбай.

Әлібек шәкірт шәкірттердің аты-жөнін жаңылмай айтып шықты.

Арнаулы астан кейін дем алған жырау ертеңіне ерте оянса да ауыл иелерін мазаламайын деп орнынан тұра қоймады. Өзенге жақын тігілген киіз үйдің ауасы да бөлек. Айнала үнсіз. Тырс еткен дыбыс жоқ осы маң таң шапағын мүлги қарсы алып, өзіндік сезімге бөленгісі келетін сияқты. Кенет таңмен бірге тұрған бозторғай шыр етті де қуанышқа да, үмітке де толы әнін сонау биіктен төгіп тұрып алды.

Әуелі Жәнібек басын көтерген. Іле Ботпай мен Әбеу де тұрып, бәрі сыртқа беттеді. Қайтып оралғанда үй іші жинаулы, дастархан жасаулы еді. Сәлем бере кірген Жәңгір төре шай үстінде де кешегі өзін мазалаған ойды жалғады.

- Алған біліміміз де шамалы. Оқудың түбін тесіп дәріс алатын уақыт та бола қоймаған шығар. Ауыл молласының алдын көріп, тіл сындырғанымыз бар. Мұсылман дінінің қағидалары ата-анамыздың тәрбиесімен қанымызға сіңді.

- Иә, әуелі қалмақпен қағысып, сонынан орыспен ұрысқаналасапыран заман еді ғой. Түйенің комында туып, ат үстінде ас ішкен тұста туып-ескен осы жұртты оқуың аз деп қалай сөгерсің. Сөйтіп жүріп, ауыл-ауылдың балалары үшін молла ұстағанының өзі ұрпақтың қамын жегені, - деп Шортөкең Жәңгір сөзінің астарын аша түсті.

- Енді мешіт-медресе ашқанымен, сонда не оқытатынның жөнін білмей өзіңді шақыруға тура келді. Ауыл молласының оқытатыны әпитөк пен Құран. Асқаны мұхтасарды оқытады. Олардың өзінің тауысқан оқуы сол-

ақ. Әлемде ғылым көп, білім теңіз деседі. Осының жөні қайсы?

- Соның жөнін бізден гөрі тереңірек оқыған мына Жәнібек білмесе, - деп Ботпай қалпе сауалды өзінен әрірек аударып тастады.

Жәнібек жасы да, білімі де үлкен Шортекеңнің алдында көсіле сілтеудің ретін таппай, ерінін жымқырды. Жәнібектің сыңайын байқаған жырау:

~ Оқымасан да бір ғылымды білетін тәріздісің, ғылымның шетін көтерсең, өзіңнің дым білмейтініне көзің жетеді. Бұхар медреселерінде жылына он мыңнан аса адам оқитынын көрдім. Ондай оқу орнын бір жылда осы жерге әкеліп орната қою қиял болып шығар еді. Дегенмен...

~ Иә, сол дегенменді айтыңызшы, - деп Жәңгір төре үміттеніп күлді.

~ Біздің де, сіздің де мақсат ~ әйтеуір қара қазақ баласы бөтен жұрттан кем болмасын дегендік қой. Құран бар ғылымның төрі. Оны жаттап алудың жөні басқа да, оны ғылым ретінде түсіну, игеру басқа. Ол үшін дүниеауы ғылымдарды білу қажет.

~ Сол ғылымдардың медреседе оқытылуы ыңғайы қалай?

~ Медресенің шәкіртіне әпитөкті игерген соң есепті оқыту керек. Есеп деген көз алдындағыны санап қана қою емес, ол шексіз ғылым. Абжад деген есепті игерудің өзі талай адамды шатастырады. Оны мына орыс-немісің де білмейді.

- А, ондайда бар екен ғой. ~ Жәңгір төре таң қалды. ~ Ол жағынан орыстан озық екенбіз ғой.

- Мына өзіміз басып жүрген қара жердің бар сырын ұқтырар Жағырапия деген ғылым жердің жұп-жұмыр екенін ағылшын-франсоздан жүздеген жыл бұрын дәлелдеп кеткен.

~ Жарықтық-ай, ә? - Ботпай қалпе ризашылықпен басын шұлғи берді.

~ Біз шежіре дейміз, ғылым тарих атаған ілім саласы бар. Бір ғана ұлттың емес, бүкіл адамзаттың мыңдаған жылдан бері басынан кешкені, қалай ел болғанымыз, кіммен-кімнің не үшін жауласқаны, бітімі бәрі-бәрі баяндалған қалың-қалың кітаптар. Оның бәрін болмаса да өзімізге қатыстысын шәкірттер білсе, жалпы қазақтың айналаны тануы өзгерер еді.

- Лұқпан әкім ше? Лұқпан әкім кітабын оқыса ше? - деп сөз қосты Ботпай.

- Мынадай кішкене медреседе адамды түрлі аурудан емдеудің жолын оқытып-таныту мүмкін емес қой. Ол медресені бітіргеннен кейін ізденетін жеке оқу, - деп Жәнібек Ботпай қалпенің сөзін түзетті.

- Ботпайдың естуі бар екен. - Шортекең құптаған ниет танытып, жымыды. - Ол Әбу Әли ибн Сина салған ғылым негізі ғой.

- Ақындық өнер де жатқан ғылымның бір саласы ғой, - деп қалды Жәнібек.

- Дұрыс айтасын. Өнер алды қызыл тіл дейді қазақ. Қызыл тіл дегені ақындық, шешендік өнерге байланысты айтылған. Медреседе осы жағын да қарастырса болар еді. Низами, Фирдоуси, Науаи деген шығыстың әлемді таңғалдырған ақындары бар. Оларды оқып, сусындаған жастың көкірегі ашылады. Қазақтың Иасауи, Асанқайғы, Бұхар жырауын біліп өспесе, жас жетіле ме.

- Бұл айтқандарымыздың бәрі біз көтере алатын жүк пе? - деп Жәңгір төре қапалығын да жасырмады. - Өзімізге таныс Асанқайғы, Бұхар болмаса, Иасауидің атын ғана естіген елміз. Мал бағып, жұлдыз санап дегендей.

- Сол жұлдыздар да жеке жатқан ғылым.

~ Айтқаныңыздың бәрі шындық. Енді осыны оқытатын ұстаз қайда? Бір молланың өзін зорға тауып отырмыз, - деп Жәңгір төре уайымын да жасырмады.

- Есеп жағын оқыту Түркістанда жақсы жолға қойылған. Сол жақтан ұстаз табуға болар еді. Ал, ақындық өнерді талпынса, Құранды оқытқан молла да игеріп кетер.

- Тарих ше, тарих?

- Тарихты оқыту әдісі күнбатыстың елінде тәуір дамыған. Орыстар солардың ізімен келеді. Қазақ Уфадағы татар-башқұрт ағайындар бұл жағынан табыссыз емес. Аралас жұртпыз, ұстазды сол жақтан ескеруді Ғабдолла имамға жүктесек, ретін өзі табар. Жағрапия деген сабақтың да кітабын сол жақтан табуға болатынын көзім көрді.

Жәңгір төре медресені ашса да оның ендігі ыңғайын таппай таусылып отырғандай еді. Күлуге де, жылауға да зауқы соқпаған баладай кіржиіп, ақыл беретін адам таппай сенделген. Оның үстіне соңғы кезде білінген науқасы да мазаны алып жүр.

- Айтқан ақылыңыздың бәрі орынды, Шортеке. Қолдан келгеннің бәрін жасап көреміз. Алла мен ұрпақтың алдында ұятқа қалар жағдайымыз жоқ. Жас та еңкейді, науқас та қосылды. Тек сол ойлағанды көруге күніміз жетсе дегеннен басқа басқа тілек жоқ.

- Ауру қонақ деуші еді ғой, халқымыз. Бір күн де болса жақсы үмітке семірген жақсы. Сіздің ісіңізге біз қосқан ақыл менің айтқаным емес, халықтың өткен тарихының бүгінгі тұжырымы. - Шортекеңнің ойлы жүзінде нұр тұрғандай еді. Қызыл шырайлы өңіне жирендеу шоқша сақалы мен мұрты үйлесе қалыпты.

- Шортеке, осы айтқан ақылыңыз жалғыз маған емес, мына халыққа керек. Мен айтсам күнде көріп жүрген өз ауылымның күнара ұрсатын ақсақалының дауасыз сөзі болып қалады. Сіз елдің адамысыз. Бір он шақты күнсіз сізге қайтуға рұхсатымыз жоқ. Бір жағы дем алғаныңыз болсын, әрі халыққа насихат айтыңыз, біз танымаған Низами, Иассауи жырларын оқыңыз, - деген Жәңгір төре.

Сөйлеген сайын тық-тық жөтеліп, терлеген мандайын ақанымен сипап тастап отырған Жәңгір төренің дертті екеніне жыраудың көзі жетті. Жәңгір төре де рұхсат сұрап шығып кеткен.

- Қатты науқас тәрізді ғой, - деп қалды Ботпай қалпе.

- Естуімше ас өтуі қиындау деседі. - Әбеу ағасы Жәнібеке орынсыз айтып қалдым ба дегендей жалтақтады.

- Мұсылмандықтың жолын мықтап ұстаған адам. Жылына бір рет зекет береді екен. Зекеттің малын кедей-кепшік, жоқ-жітікке арнайы шақырып үйлестіретінін ел айтады. Жүз жылқыдан біреуін өзі тұрып санатып, кезек қай малға түссе де бетіне қарамай құрық салдырғанын көзім көрді, - деді Жәнібек. - Өткен жылы жүзінші жылқы өзінің бас аты болып шықты. Кезек ел кезген диуананыкі еді. Жылқышы да төренің бас атын бергісі келмей құрықпен қақпалай берген.

- Әй, сал құрықты сол атқа. Алланың бұйыртуы солай болса, оған біз неге қарсы келуге тиіспіз, - деп бас атын ұстатып, диуанаға бергізді.

Төренің бас аты иесінен басқаны жолатпайды екен. Диуана әлденені аттың құлағына сыбырлап, ноқтасыз мініп жүре береді. Келесі ауылға барған диуана:

- Жәңгір нағыз құдай берген адам екен. Мен сынау үшін ғана алып едім, - деп атты тастап кетіпті.

- Көп адамның қолынан келмейтін шаруа ғой. Ондайда байлар жақсысын алып қалуға тырысатынының куәсіміз, - деп Ботпай қалпе қозғалақтады.

- Өткенде осы кісіге Бөкес бақсы келіп, бал ашып, "аштан өлесіз" депті. Сонысы шындық болмағай, - деп Әбеу тағы бір әңгіменің шетін шығарды.

Шортанбай жыраудың есіне жұрттың аузында жүрген бір әңгіме түсті. Ел аузындағы әңгімеде дала жұртының өмір танымы, өзіндік шындық жатады.

... Қазақ пен қалмақтың қырқысып жатқан заманы. Қоңырбай Қойайдар да қолына шошайтып найза ұстап, Кәдірге еріп жортуылдарға қатынасып жүрген. Ұлан даланың халқы да кезек шабуылдан қалжырап, алыс-алыс жаққа көшкен. Мидай дала елден бос қалғандай тірі жанды кездестіру де қиын.

Шолғынға шыққан Қойайдар елсіз-күнсіз далада жалғыз - келе жатқан жаяуды "көріп, таң қалған. Жалғыз жаяудың арқасында қабы да бар екен. Сабап кететіндей шапқылап жеткендердің алдында Қойайдар:

- Қабындағы не? Төк кәне! - деп бұйырған.

- Төкпеймін. Ұлым да осы, қызым да осы. - Қаптың аузын жаяу шал қымтай ұстаған.

~ Ендеше ішіндегісіне найза шаншамыз, - деген соң шал қабын төңкерді. Қаптың ішінен шашы тобығына түскен көрікті қыз шықты. Қызды тартып әкететініне көзі жеткен шал Қойайдарды бұрын көрмесе де атын атап:

- Әй, Қойайдар, сен қызыма тиме, өзіме бер. Бізді әурелетіп қайтесің. Бәрібір бұл балам саған жоқ, сен оны көккөз Қаламбайға қор қыласың. Сенің жөніңді танып тұрмын, сен Кеспес қарасың, денеңнен қан шыкса өлесің, - деген.

Қойайдар қызды "олжа" санап, жұрттан жасырып өзі алған. Туғаныңды жасырасың, өлгеніңді қайда қоярсың деген бар емес пе, Қойайдардың бұл ісін де жұрт естіп, ел арасында біраз өкпе де туған. Әңгіменің шеті Кәдірге де жетіп:

- Түскен олжаны жасыру деген сорақылық жоқ еді, Қойайдардың мұнысы не? - деп ренжіген екен. Көп кешікпей бір жортуылдағы ұрыста Қойайдардың бармағына

жебенің оғы тиіп, қан тоқтамай қаза болған. Қанша ренжісе де Кәдір Қойайдардың сүйегін жауға тастамай зорға алып шығып, атасалтымен жерлеген.

Бұлар жортуылда жүргенде Қойайдардың өлгенін жұрт бұрын естіді ме, кім білсін, жаяу шалдың қызын Қаламбайға қосып қойған екен. Келер жылы сол келіншектен Бөкес бақсы туыпты. Бөкестің көріпкелдігі де ертеден білінсе керек. Жеті жасқа келгенде қозы бағып, ауыл сыртында жүрген балаға ойда жоқта ақсақал адам кездескен.

- Шырағым, жеті жылдық әулиелік берейін бе, әлде жетпіс жылдық айтқаны келетін етейін бе? - деп сұрапты ақсақал.

- Оныңыз қалай, ақсақал, жеті жылдан соң өлгенше, жетпіс жылдық қасиет бер, - деп Бөкес қалауын айтыпты. Сол уақыттан бері Бөкес жауырын ашқан, құмалақ тартқан, Қобыз ойнап, бақсылық қонған.

Бөкестің Жәңгір төреге "аштан өлесің" дегенін де естіген. Сонда Жәңгір төренің:

- Мен қалай аштан өлем? Он жеті мың жылқым, отарлы қойым бір жылда қырылып қалса да жинаған алтын-күмісім өзім түгілі ұрпағымды өмір бойы асырауға жетеді, - деп күпірлік айтқанын да Шортекең естіген.

Өмір алдамшы, тағдыр белгісіз. Ас тамағынан бірде өтіп, бірде өтпей жүрген Жәңгір төренің тән қиналысын да, мына мешіт-медресенің ендігі беті не болады деген жан қиналысын да түсінген. Аз күн болса да бірге болып, азабын жеңілдеткенді дұрыс көрді.

Жылқысы шұрқырап, қозысы жамырап, ботасы боздаған ауыл тіршілігі тып-тыныш, селт етер жаңалығы жоқ, мамыражай өмір көрінеді. Сол момақан өмірдің іші қайнаған тіршіліктің неше алуан дауы екенін сырт көз көре де алмас еді. Аз күн дем алайын деген ниеті болса да сол шындықтың бір шеті Шортекеңе де келіп жатқан.

- Таңшолақ би үйленеді екен, - деген хабар дүнк ете түсті.

Кім үйленбейді? Оқыс естілгені Таңшолақ би жас та емес, орта жаста да емес, пайғамбар жасынан асып тұрғандығы. Бәйбішесінің қайтыс болғанына да жылдан асқан. Шортекеңнің естуінше, балаларының да қолына бармай, өзінің ордасында жалғыз. Жалғыздық Аллаға ғана

жарасады, бидің мұнысы несі дескен де жұрт жетерлік. Енді Таңшолақ би үйленеді дегенді үлкен "қайтсін енді" деген жанашырлықпен, сабырлы айтса, бозбала, жігіт жағы өздерінше ермек етіп, ағаш атқа мінгізіп әкетіпті.

Шортанбай жырау Таңшолақ бимен ертеден таныс. Бәйбішесінің қазасына арнайы келіп, көңіл де айтқан. Сонда бидің ордасына кенже баласы иелік етіп жүрген тәрізді-тін. Бидің ендігі өмірі сол баласының күтімінде болар дескен.

- Ғұмыр өлшеулі. Жер бетіне келген қонақпыз. Қатын өлді, қамшының сабы сынды дейтін жастан кетіп қалғанда сізге аса қиын екенін түсінеміз. Ендігі тілек, сізге ендігі шақта құрмет көрсетер бала-шағаның тілеуін тілейік, - деп жырау көңіл айта отырып, бидің аужайын барлаған.

- Өмірдің қызығына тойып болдық қой. - Таңшолақ қызықтан қайтқан адамның сынайын танытып, артық сөзге бармады.

- Би тоқтаған екен. Енді үйленбейді екен, - десті жыраудың айтқан көңіліне Таңшолақ бидің қатқан жауабын естіген алыс-жақын туысқан.

- Ал, әкенді күт. Жаман атаққа қалып жүрме, - дескен кенже баласына.

- Сен күтерсің-ау, ана келінді соған икемде.

- Дәрет суын жылытып беруді ұмытпандар.

- Үлкен адам ғой, түн баласы далаға жалғыз шығып, құлап қалып, мертігіп жүрсе елге ұят.

Ел ақылын аясын ба, "солай ет" деген жұртта жік жоқ. Бір өлік, бір тірлікте басын қосып, ақ тілекті ағытатын қазақ емес пе. Өкпе де, дау да, бәрі ұмыт мұндайда. Дегенмен...

Дегенмен Таңшолақ бидің шалт мінезі жырауға таңсық емес. Кейде жұрт ойламаған оқыс іске де ойланбастан бара салып, сол ісі өзінің пайдасына шешіліп жататынын қайтесің.

Осыдан төрт-бес жыл бұрын болса керек, Ақмола-Қарқаралы ояздықтарының арасындағы дау-шар өршіп кетіп, анау жоғарыдағы жандарал осы мәселені шешуге жұртқа сөзі өтеді-ау деген ел жақсыларын сияз өткізуге жинаған. Ақмола жағын бастап Ыбырай, Қарқаралы жағының қазағына ие боп Құнанбай келген. Бесатаның баласынан Байсейіт, Жанғұтты, Адамбай, Тұрсын, Шортанбай, Есбергендер барған.

Екі жақ боп тіресті дегені болмаса, бұрыннан таныс-біліс, құда-жегжат. Қарға тамырлы қазақ іздеп келіп амандасып, шұрқырасып жатыр. Ыбырай сұлтан мен Жанғұтты алғаш кездесулерін еске алып, Ыбырай сұлтан Жанғұттыны беті жалпақ, танауы талпақ, бұты талтақ қалмақ, - дегенін, Жанғұттының Ыбырай сұлтанның арғы жағын қазғылап:

- Осы жұрттың аузына қақпақ қойып бола ма, бір тәуір жігітті көрсен, естек деп шыға келеді деп Ыбырайдың алдын орағанын айтып, жұртты да күлдіріп, өздері де мәз болған

Ертеңіне бір оқыс әңгіме гу ете түсті. Әңгімеге таң қалмаған, "бұл қалай болған, не қылса да ойсыратып жіберген екен" демеген адам жоқ.

- Ыбырай сұлтанның күмістелген кебісі жоғалыпты.

- Пәле, сен де айтасың-ау. Ұлтарағының астына бар ауруға шипа болсын деп жұқа алтын салған кебіс көрінеді.

Ыбырайдың кебісін іздеуге жандарал да өз адамдарын шығарған сияқты. Мұндайда қаға берісте қалмайтын қолының жымысқысы бар дейтіндер бір-бір тінтіліп өтті. Ыбырай сұлтанның айналасындағылар, жанашырлары бұл ұрлықты өздеріне мін санап, намысқа тырысты.

Таңшолақ би бүгін әдеттегісінен де кеш тұрып, болған әңгімені естіп, теріс қарап мырс еткенде жап-жаңа кебісті аяғына тартып киіп отырған. Өстіп отырғанына да біршама уақыт өтті. Кебіс іздеген талай келін, талайы кетті. Би сасар емес, "менде де бар, көрдіндер ме" дегендей аяғын созып-созып қояды. Әйбат кебісті көргендердің талайының көзі қызыққаны, таңданғаны белгілі. Сөзден сөз шығып, осыны көруге Ыбырайдың күтушілері де келді. Келді де таныды.

- Әй, мынау біздің сұлтанның кебісі ғой.

- Ойбай-ау, тап өзі. Танимын ғой оны. Күнде өзім сүртемін.

- Мұныыз қалай, ақсақал? Кәне, шешініз!

- Тәйт әрі! Ыбырай кебіс алған жерден басқалар кебіс алмасын деген жарлық жариялап па еді. Ыбырай емес сұмырай екен ғой өзі. Жоғалт көздеріңді, есігімді ашушы болмаңдар! - Таңшолақ би ақырып қалған.

Шортанбай жырау даулы кебісті көруге бармады. Түбі шикі іс екенін түсінген. Таңшолақтың осы жиында осындай да бір іс істеп, басқаның мысын басқысы келгенін де білген. Білген де, "құдай алдында күнәға батпасын, қалай алды,

солай апартып тастасын" деп сәлем айтқан. Арада бірер күн өткенде Ыбырайдың кебісі кебежеден табылыпты деген сөз тағы шықты.

- Шалыңыз мықты. Әлі де болса бір жас иісті қартайтқысы келе ме, қалай? - деп Ботпай қалпе Таңшалақты әңгіме етуге ниет танытты.

- Қайдам? - Жәнібек сөз желісін теріске бұрды. - Күрек тістен шошайып жалғыз белгі қалыпты, азудың тұқылы бар-жоғын өзінен басқа кім білер дейсің?

Шортекең сөз қоспады. Таңшалақ биді мықты екен деп қалай айтсын. Пайғамбар жасынан асса да тағы бір тоқал алуға пейіл танытуы осал да адамның ісі емес. Заманы өтіп, тозғаны тағы бар. Мынау екеуінің сөз саптауынан сауалдың лебі еседі. Сол сауалға жауап беруге өзінің даяр емес екенін және сезеді. Екеуінің жылы сөйлесе де сыр тартқан жүзінен жасқанып, сыр шашпай құтылғысы келген. Тірліктің бірде жөн, бірде қисық, ауған түйенің жүгі тәрізді екі жаққа кезек сусып түскен шындығынан пәлсәпа туғызбай-ақ жүрсе осы жұрт қайтер еді. Қатыны өлген біреудің ендігі ғұмырының өзіне қатынасы жоқ екенін анық біледі, ал мына екеуінің көрері әлі алда. Қылт етіп көрінген жақсылықты да, жамандықты да өз ойлары мен бойларына шақтай жөнелетіні де содан.

Мезі қылған талай іс өтті көз алдынан. Есбайдың немересі Күнбөпені Араб алып қашқанда да осы Таңшалақтың қатысы болған. Айттырып, қалың малын алып қойған қыздың біреумен кете беруі екі рулы елдің арасын бүлдірмесе қоспайды. Жігіттің Таңшалақпен арасы жиенді-нағашыдан да алыс жатыр. Санай берсе, жиеншардың да жиеншары болып кетуі ғажап емес. Қуғыннан бой тасалаған Араб Күнбөпені ертіп, осы Таңшалақ ауылына жасырынған. Есбайдың Бөдесі, Бөденің Серігінің аты шығып, дүрілдеп тұрған кез. Серікке азуын білеген не малсыз, не жансыз қалады. Күнбөпені қуып Серіктің өзі келмесе де, серіктері жетті.

- Ұстап, байлап берсін! - депті қуғыншылар.

- Торғай да бұтаны паналайды, оларың қалай? - деп жақауратқан ауыл ақсақалы.

- Саған қалған сөз жоқ. Іздесек, өз адамымызды іздеп отырмыз. Осы араға киліге кететін бөтен адам артын қысып

отырса жөн болар еді, - деген қуғыншы. - Болмаса, айтар жауаптарыңды естірт.

- О деген-ай. - Таңшолақ мінез танытты. - Атаң қазақ ұл-қызын қашан қорлатып қойып еді. Тілеулес екі жас бір-біріне ыстық екен, қосылсын. Онда тұрған не бар?

- Осы ма айтпағың?

- Мына орыстың заңы еріксіз қосуға, тоқал алуға қарсы. Жастарды сол заң да қорғайды.

Орыстың заңын алдына тосып, мықтысынса да Таңшолақ аты мәлім Серіктің тентек мінезінен жүрегі шошып, екеуін Көкшетау асырып жіберген.

- Әлгі екеуі қашып кетіпті, - деген сөзді де таратып жіберді.

Көкшетауға барған екеудің сүйіспеншілігі шайқалып жүре бергенге ұқсайды. Әлде мықты, әлде сері біреудің Күнбөпеге көзі түскен тәрізді. Дыз етпе махаббат, теңіме қосыла алмай кетіп бара жатырмын деген қыздың қызбалығының ақыры осы жерде бітіпті. Әлгі "Сұрша қыз" әні осында туындапты.

Әндір-ай,
Ішімді оттай жандырды-ай,
Ғашық болған сұрша қыз
Көкшетауда қалдырды-ай,

- боп жүре берген.

Ата жолын да, бата жолын да аттап, кім көрінгеннің етегін ұстап, беті жылтырдың, тәуір-ау дегеннің көрпесінің ішінен табыла салуға бар қарындасын әуелде ет қызулықпен іздеген Серік, кейін қолын бір-ақ сілтеп, "көзіме көрінсе, көзін жойғаннан басқам жоқ" деген де қойған.

Таңшولاқтың тағы біреуге құрық тастағысы келетінін анық білген ағайындары оған енді кімді ұйғарарын білмей дал

- Өзінен сұрайық. Кімде ойы бар екен.

- Кімді? - деген Таңшолақ қикарлығы ұстап.

Ағайын абыржыды. Осы маңдағы байы өлген қатындарды тегіс санап шыққан. Байға өтпеген кәрі қыздарды тізбелесті.

- Қой, оларыңды. Қыз... Қыз... деп. Қызыл ит мініп кететін пәлені.

- Жәңгір төренің алыстау бір келінінің байы өлгелі талай жыл, соны көрсек қайтеді? Жесір ғой, - деді Таңшолақтың бір жанашыры.

Жәңгірдің аты осы жерде талайдың мысын буды. "Ә, қалай" десіп, бас сипасты.

- Оу, оның әйтеуір төре ауылының келіні демесеңдер, Жәңгірге әлде жеті, әлде тоғыз атадан қосылатыны бар. Жәңгір оған қарсы болмас.

Сол күндердің бірінде Шортекең мен Жәңгір төренің үстіне Таңшолақ бидің жіберген адамы келіп кірді. Сәлемнен соң бөркін шешіп, күннің ыстығынан ба, әлде көтеріп келген ісінің ауырлығынан ба, тершіп кеткен бет-аузын қайта-қайта сүрткілеп, сөз бастай алмай әуреленді.

- Тәкең... биді айтам, сізге сәлемге жіберіп еді.

- Е, сау-сәламат болсын өзі де. - Жәңгір төре әңгіменің шетін бұрын естісе де дым білмеген адамдай жайбарақат.

- Тәкең... әлгі нетіп. Әлгі... келінді нетіп...

- Әй, не боғынды езіп отырсың. Таңшолақ қай келінді нетіп қойды?

- Ойбай. — Сәлемші шал абдырап екі қолын көтеріп, өз құлағын ұстады. - Неткен жоқ. Соны алам деп сізге айт деп.

- Е, солай десейші.

- Сол келінді... әлгі Тәкең алуға сіз риза ма деп еді.

- Әй, қай қатынның көңілін кім табады? Байы өлген қатынды алуға Таңшолақ ниет етсе, алсын.

Осы елге ие деген Жәңгір төренің ризалығын алған соң Таңшолақ ағайындарын байы елген қатынға жіберген. Таңшолақтың сөзін ұстай барған ақсақал бұл жолы көшелі сөз айтты.

- Келінжан, шырағым, өзіңнің қосағың болған ініміз осы елдің тірегі еді. - Уһілеп орамалымен көзінің маңайын сүртті. - Тағдыр біреуге ұзын, біреуге қысқа. Аллаға да жақсы жан керек. Өзіңе де рахмет, ініміздің артын күтіп отырғаныңа да талай жыл болды. Балаларды жеткіздің.

- Білгендеріңізге рахмет. - Әйел де жаулығының ұшын көзіне апарды.

- Білеміз ғой, білеміз. Сол себепті сені құрметтейміз. Сені мына Тәкең, Таңшолақ биді айтам, сол себепті өте қадірлейтін көрінеді. Ол кісі де бәйбішесінен айырылып, жалғыз қалды ғой. Қадірлес болған соң өзіңмен бас

қосқанды жөн көреді екен. Менің осы сөзімді өзіңе жеткіз деп бізді жұмсады.

- А? - Әйел де бұл сөзді жаңа естігендей болып тамсанды.
- Ол кісінің көңілін қалдыру да дұрыс емес. Ата жолымен ерге ерте шықтым ғой, балаларымның алды да үйленді, жеке шаңырақ. Дегенмен балалармен ақылдасып шешейін

Жесірдің балалары да өзара ұзақ кеңескен сияқты. Шешелерін қимаған да мінез танытқан болыпты. Оларға да ағайын ақыл айтса керек.

- Тәкең ел билеген, жұрт сыйлаған адам ғой. Алдын бөгегеніміз дұрыс бола қоймас. Ол кісі де бізді жел жағымыздан қорғай жүрер. Шешеміз өзі қарсы болмаса, барса барсын Тәкене.

Біре күннен кейін Шортекең Жәңгір төремен бірге Таңшолақ бидің қартайғанда қатын алған тойына барып, "құтты болсынның" рәсімін атқарып қайтты.

Бұл қазақтың үйленуі де алуан-алуан. Шортекең өз көргендерін іштей саралады. Бесатаның қадірлі билерінің бірі Байсейіттің де жар таңдауы өз алдына оқиға. Әйелі Зылиқаға да бірден көзі түспеген. Зылиқа Шәндігендердің қызы. Оның апасы Жәмила ұзатылған жерінен қайтып келген қыз. Зылиқа мен Жәмиланың арасы екі жастың ғана шамасы. Жәмиланың барған жерінен айға толмай қайтып келуі де - өр адамның қолынан келер іс. Келін боп түсіп, желегі желкілдеп отырған жасқа ат үстінен еңкейіп, есіктен қараған күйеуінің есерлеу құрдасы, әрі жақын туысқаны:

- Әй, қатын, байыңның қамшысы менікінен артық емес. Менікін ал да, байыңдыкін таста, - дейді. Мына есерсоқтың қай қамшыны меңзеп тұрғанын Жәмила андай алмады. Қамшы деп сойған малдың бұтындағысын да айтушы еді. Қалжыны ма, қорлауы ма?

- Мен ешкімнің қамшысына зәру емеспін. Қамшы керек болса, иесінен сұрап ал. Бұл қай қылығың?

- Әй, қатын, атана нәлет.., - біраз боктықты бұрқыратып ол кетті.

Мына есер иттің қылығын бойына сыйғыза алмай отырғанда күйеуі келген. Болған оқиғаның шет жағасын естіп, ішіне қызғаныш та енген ол:

- Құрдасымның алдында жығып бердің, - деп сылтау етіп, қамшымен Жәмиланы тартып өтті. Көзі ежірейіп кеткен екен, аузында боктық. Арқасы удай ашыған Жәмила күйеуінің

бетіне қарады. Ашу ғана бар, ақыл жоқ. Қушық баста ақыл тұратын жер де жоқ көрінді. Тұрды да байлаулы тұрған аттың шылбыр тізгінін жиып алып, туған ауылына бір-ақ тартқан. Қанша жалынып келсе де ұзатылған жеріне қайтып бармады.

Бұл оқиғаны естіген Байсейіт сол ауылға да барды. Барды да Жәмиланың сіндісі Зылиқаға көзі түсті. Көркіне ақылы сай Зылиқа бірден ұнады. Қызда апасы Жәмиланың өрлігі де бардай көрінді. Осы Зылиқа Нұрланның, атағы шыққан Нұрлан жомарттың анасы. Нұрланның жарқын мінезі, ашық алақаны анасының қасиеті дейтіндер көп. Текебұрқылдан бұрын Нұрлан жомарт жылқысын иіртіп, әуелі мал баққан, тер төккен адамдарды жиып, қыс соғымын тандап алуына бас-көз болатын. Кедей-кепшік, бақташы, асыраушысы жоқ қазан маңындағы әйел табан шыққан, екі елі түсер деген семізді ұстап, бала-шағаның аузы майға тиіп қалады. Онан да басқа көрші ауылдардың да жоқ-жітігінің соғым сұрайтыны бар. Нұрланнан олардың да бос қайтпайтыны белгілі. Солардың жолын тосқан әкесі Байсейіттің:

- Сендерге Нұрлан береді, маған кім береді, - деп жетегін алып қалатыны да бар.

Ондайда әкесінің ісіне ренжіген Нұрлан жомарт:

- Осы әкемнің ісі қызық. Іші боқты, сырты түкті мал адамнан артық па? Алла берерін тауыспасын. Жетім-жесірдің көз жасынан, берген батасы артық. Биыл сұраған жұрт, келер жылы сұрамас, оның да ісін құдай оңдар, - дейтін.

Жалған бір күншілік. Елге ұнаған Зылиқа да дүниеден ерте етті. Жазғытұрым өткен Зылиқаның артын күтіп Байсейіт бидің ауылы отырып қалды. Жердің оты азайды. Мал да, мал баққан малшы да тықыршыды. Байсейіт би баласы Нұрланның бетін білейік деп келген. Жайлауға көшу жөнін сөз еткен.

- Әке, - Нұрлан тұңғыш рет әкесіне ренішін бетіне айтып қалды. - Мен сіз дейсіз бе, шешесінің мазарын көтермей көше жөнелетін.

Байсейіт те сөзге тоқтап, малды жайлауға айдаса да өзі қалып, Зылиқаның мазарын кетерткен. Зылиқаның бейіті Жәмшінің бойында, дөңнің үстінде алыстан көзге түсетінін Шортекең де сан байқаған.

Кешкіғұрым Жәңгір ауылының жаңа мешітінің желкесіндегі биікке шыққан Шортанбай жыраудың көңілі мазасыздау күй кешкен. Таңшолақтың орта жасқа келіп қалған тоқалына құтты-қайыр тілеп келсе де сол тірліктің баяндылығына сенбейді. Қатқан шал, орта жасқа жете қоймаған әйел Көңілдің, арман мүдденің бірлігі болса, жас пенкәрі үйлесер. Ұмыт болған қызуды еске алған тоқал мен тозығы жетуге жақын тәннің бірлігінің қисыны келе ме?

Қазақы заманның қисынының кеткені шығар, кейінгі кезде малының барлығына мастанған, жетпіске жетіп жер тістесе де уыздай жас қыздың қызығын көрсем дейтіндер молайып бара жатқандай. Шортекең оның себебін халықтың көбінің малының азайып бара жатқанынан, болыс-би болғандардың орыс ұлығына арқа сүйеп байыған үстіне байығанынан көреді. Қазақ жұрты өстіп қақ жарылып, шайқалып тұрғандай елес береді.

Жырау соңынан сонау биікке Жәңгір төре мен Жәнібек, Ботпай қалпе, Әбеу де көтерілді. Төбенің бетіне өскен, айдар етіп қойған баланың шашындай желбіреген көдені жырау алақанымен аялай сипады. Еңістен ескен самал да көкіректі ашып, әңгімеге бой ұрғыза берген-тін. Кенет өзеннің арғы бетінен дүрсілдете шапқан қалың ат тұяғының дыбысы жетті де, іле жүз қаралы жылқының көтерген шаны ауылды басты.

- Ойбай! Жау! Жау!

- Қапылыста басып қалды-ау, - деген шу шықты.

Абыржыған жұрт әрлі-берлі сабылып жүгіріп, байлаулы тай-құнанға мініп, сойылдарын көлденең ұстап шыға келгендер де көрініп қалды. Әлдебір жас әйел жерошақ басына апыл-тапыл басып жүрген баласын тастай қашып, үйге бой тасалаған еді, көнін сүйреткен кемпір:

- Әй, жүзікара, ал баланы. Жанының тәттісін, - деп айқайлады.

Биіктегі тасқа арқасын тірей отырған Жәңгір төре міз бақпады. Алғашқыда бұл шабыстың жөнін түсіне алмай жүрегі сескенгендей еді, кейін ол да басылды. Бұл ауылды шаба қоятындай ешкімге қиянаты жоқ. Барымта жасайтындай, не ұрлық істетіп жұртқа қарабет болған емес, не біреудің жесірін алып қашқан жағдайда ешқашан жол бермеген. Енді не?

Шапқан жау емес, үріккен жылқы екен. Таптап кететіндей ауыл үстінен шапқылап, тыста қалған шәугім-шәйнекті, қазан-ошақты быт-шыт қылып өте шықты, Өте шыққан жылқының соңында ерін бауырына алған ала ат. Ала аттың соңында сүйреткі кетіп барады. Мұндайды көрмеген жылқы қасқыр шапқаннан бетер есі кеткен. Жылқы қайта өткенде ала аттың шылбыры қазыққа оратылды. Сүйреткі саптама етік екен. Биікке, Жәңгірдің алдына, етік те, иесі де қоса көтерілді.

- Ал, - деді Жәңгір төре, мыж-мыжы шыққан етікті колына ұстап отырып.

- Ұйқы басып, - деп мінгірледі малшы.

- Сонан...

- Шылбырды аяқтағы етігіме мықтап байлай салып едім.

- Онан жоғары жердегі қазыққа байламай, - деп біреу мырс етті. Жырқ-жырқ күлгендер көп. Жәңгір төре алара қарады.

~ Етігім кең еді, сонан сыпырып әкетіпті.

~ Сен қайдасын?

- Ұйықтап қаппын.

- Жалаң аяқ қалғанда да оянбадың ба? Маубас екенсің ғой өзің.

- Жаңа өзіміз оятып алдық. - деп күлді малшының бірі.

Ауылға келіп, атын байлай салған, жүргінші де биікке беттеген. Жүзі де, жүрісі де, таныс. "Бұл кім" деп іштей ойлағанша, Жәнібек:

- Мынау Бөрібай ғой, - деп қалды.

Ауылында болғанынан тыста жүргені көп Бөрібай бұл жолы Қияштың Нұрланына барып қайтқан жолы екен. Шаруасы... Шаруасы елдің амандығы да. Қияш ауылындағы бір кемпір апалау болып келеді екен. Соның көңілін сұрап...

- Не жаңалық? - деп қалды Ботпай қалпе.

- Жаңалық... Нұрлан Таңшолақтың тоқал алғанын аузының суы құрып айтып отыр.

- Тәкең нағыз азамат қой, ~ деп Бөрібай бас бармағын шошайтты.

- Осы сіздің елдегі Ыбырайым Көшкіннің қызын үйленіпті дей ме? - деп Жәңгір әңгіменің сиқын өзгертті.

- Дұрыс айтасыз. Ыбырайым да жас желең кезінде болашақ жарын ұзақ таңдапты. Сонан Сарым Көшкін

Түлкібайдың үйінде сұлу қыз бар деген соң сонда келіп, жігіттері алтыбақан ұйымдастырыпты. Түлкібайдың қызы жөнсіз ойын-сауыққа да бара бермейді екен.

- Әкесінің тәрбиесі ғой, - деп Жәңгір сөз қыстырды. - Түкенді шарпатты адам деп еститінбіз. Тіпті, ел арасында "қазанына көктен сүт құйылған" деген аңызды да айтады ғой.

- Өте ырысты адам. Жетім-жесірге қайырымы да мол кісі. Көрдік қой Түкенді. - Ботпай қалпе төренің сөзін растай түсіп, бас изеді.

- Қызының аты Айдай екен. Өзі де, расында, айдай сұлу жан көрінеді. Атын да тауып қойған, Айдай. Кейін көзі көрмей қалып, Ыбырайым Шойбектің апасын алды. Ол кісі күйеуі қаза болып, жесір қалған екен. Баласы Әлқожаны Ыбырайым тәрбиелеп өсірді.

- Шортеке, бұлардың арғы тегі кімнен?

- Бабалары Шахназар деген кісі Бөкейхан төрелердің ауылымен бірге болған. Төре ауылының жігіттерінің арабша сауатын ашып, ілім-білімге құштарлығын арттыруға себепші болған да осы Шахназар баба екен.

- Ол кісінің мазары Қарақозы, Байғозы деген жерде деседі, - деп сауал тастады Жәнібек.

- Ол да рас. Қарқаралы, Семей жаққа жүргенімде Бөкейхан ауылдарының үстімен өтуге тура келді. Сол елдің көне көз қариялары осы әңгіменің бүге-шігесіне дейін айтады. Шортанбай жырау әрнені сұрай беретін Жәнібекке үміттеніп қарады.

Арқа жерін аралап, жылына кем-кетігін түгендеп кеткендей боп жүретін саудагердің де Жәңгір ауылына келіп жатқанына апта болып қалған. Аяқ жетер жерге арбасын сүйреп барып-келіп, пайдасын қамтыған алып-сатардың түпкі орны осы жер. Жәңгір төре ауылы ұры-қарыдан да, айдап алар зорлықшыдан да қорған.

- Келіп, дос-жарандарыңызбен қонақ боп кетіңіз, - деп Жәңгір төрені саудагердің шырқ айналғанына да біраз күн.

Саудагер атаулыны төренің жақтыруы да шамалы. Сауда істеген боп ағылып келетін алаяқтардың момын елді бітеуден соратыны жанына батады. Қыстың бораны мен аязында, жаздың ми қайнар ыстығында тыным таппай мал өсірген қазақтың өзін алдап, малын су тегінге алып кететініне көзі жетіп болған. Саудагердің санымен ұятын

бетіне басып, сан рет сөйлесіп те көрді. Иманы ақша болған алаяқ міз бақпады. Оларды да мазақ етудің ретін тағдыр өзі келтірді. Күз еді. Үйге келген саудагер төрге озған. Ортадағы ошаққа от жағып, шай демдеді. Отыншының бүгінгі орып әкелгені - жас қараған. Салған қараған оттың қызуымен пыс-пыс етіп, от шаша жанған. Сондағы саудагер тап бүгінгі саудагерлердің әкесі.

- Мынау не отын? Ғажап жанады екен, пысылдап, - деп сұрады. Жәңгір төре жауап беріп үлгерген жоқ, жанына ерген жігіті:

- Оу, Әбзи, мұны бұрын көрмеген екенсіз ғой. Бәсе, бізде солай ойлап, осыны сіз көрсін деп әдейі алдырдық. Бұл өзі құрметті қонақтар келгенде ғана көрсететін отын.

Өзін-өзі үрлеп жанатын отын. Әне, пыс-пыс етіп үрлеп жатыр, - деп саусағын шошайтты.

Жәңгір төре жігітінің қулығына езу тартты. Неге алдап отырсың деп сұрамады. Тісі сан батқан саудагерде өзінің есебі бар шығар деген де қойған.

- Жәке, ақсақал, мына керемет отыннан алуға бола ма?

Жігіт тағы да Жәңгір төренің алдын орап кетті

- Сізге Жәкең емес, біз орып, теңдеп салып береміз. Жақсыны көрмек үшін деген, бұл отынның кереметін сіздер көрдіңіздер, енді оны өз ауылдарыңызға апарып көрсетіңіздер.

Отын тиеп қайтқан саудагер Арқадан Ташкен-Бұхар барғанша су қарағанның өзі он рет кеуіп үлгерді. Өзін-өзі үрлеп жанатын отын әкелдім деп жар салып, бар туысын жинаған шығар, пысыл да, ысыл да болмағанын іш сезеді. Тек бір естігендері "ғұмырым жетсе, өзімді өстіп өтірік алдаған сол ауылды масқара етіп, өшімді алам" дегені.

Сол саудагер онан кейін бір-екі жыл тоғанағын сүйретіп келді де, қайтып көрінбеді. Оның орнына мына баласы Екрам келіп жүр. Алғашқыда Жәңгір төре сыпайыгершілік жасап біраз үндемей жүрді де, соңынан:

- Әкеңіз қайда? - деген.

- Ол кісі науқас. - Екрам науқас адамның бейнесін көрсетіп, ыңқылдап алған.

Уәделі күні Жәңгір төре Шортекең бастаған біраз адамды ертіп, Екрамның ауылына беттеген. Саудагер ауылы өзеннің бір қайырылысын таңдап алған екен. Қонысының өзен жағын талға тіреп, шіліктеп шарбақ жасап

бекітіп қойыпты. Бергі жаққа арбаларын тіркестіріпті де, кірер-шығар жалғыз жол қалдырған. Жау шапса да, ұры түссе де, ит үрсе де күзетілер бір-ақ ауыз, жалкы соқпақ.

- Осылардың қайда жүрсе дуал соқпай жүрмейтіні-ай, - деп ренжіді Ботпай. Ботпайдың бүгінгі киімі де ерен. Жәңгір төре жырауға:

- Ботпайды осы жолы маған бересіз. Өзім киіндірем, өзімнің жігітім деп таныстырам, - деген

Бұл қонақта бәрі ұйымдастырылғаны көрініп тұр. Үлкен тай қазанға қанша су сыятынын кім білсін, ошаққа таң азаннан қойғаны көрініп тұр.

- Ішіндегі ет жидіп кетпесе, көптен тұр екен, - деді Жәңгір төре.

- Оны қайдан білдіңіз? - деп сұрады Әбеу.

- Сырты майланып, көпіршіп кетіпті.

Қазанның екі басындағы екі жігіт ақ тер, көк тер. Дәл қазанға түсіп кетердей кезек-кезек үніліседі-ей кеп. Сонан қолдарындағы ұзын сапты ожауды кезек-кезек қазанға бойлатып, малып-суырып тоңқаң-тоңқаң. Ақ тер-көк тер екі жігіт те казак. Сонадай жерде тышқанға ұксап аузына көлденең шөп тістеп, екі көзін екі жігіттен алмай сулап жатқанның жүзі нарттай. Мұндайда қазақ ауылында қайнаған қазанның жанында сорпа ішеміз деп қатындар отырушы еді, бұл жерден ит қуғандай бір әйел көрінсейші.

Екрам қазақша киіз үй тіктіріпті. Есігінің алдына келген жұртты құшақ жая қарсы алды. Бәрімен төс түйістіріп, сәлемнің рәсімін жасағанша талай уақыт өтті. Қонақтарды төрге оздырып, түстік жақтың талай дәмін алға тартқан. Әңгіме арасында келгендердің де жөнін сұрап, танысты. Сылқым жігітше киінген Ботпайға келгенде:

- Жігітіңіз осы кісі ме? - деп ерекше ежіктеді.

Әңгіме қыза түсті. Екрамның жігіттері ту сырттарынан айналып келіп, ас әперіп, қымыз құйып, қызмет еткен.

- Мыналар тым айналшықтап кетті-ау, - деді Жәңгір төре естілер-естілмес етіп.

Жұрттың бар назары тамаққа ауды-ау деген сәтте Екрамның иек қағуымен оның жігіті қос битті Ботпайдың арқасына салып жіберді. Саудагер шошынған болып, шегіншектеп:

- Жігітім, арқанда қос арғымақ бәйгеден келеді, - деді Ботпайға қарап. Ботпайдың жүзі сәл күреңітіп, тұтығынқырап барып:

- Тұу, арқама батқан тұяқ не десем, саудагердің есегі екен ғой. Алаяқ пен биттің жүрмейтін жері жоқ, екеуінің де іздегені боқ қой, - деді.

Жәңгір төренің Ботпайды осынша неге киіндіргенін отырғандар енді түсінген. Қапысын табам ба деген саудагер боқ іздеген есек пен битке теңеліп, ұяттан өртенді.

- Ғафу! Ғафу!' - деп жүріп баршасының иығына шапан жауып аттандырды.

Шортанбай жыраудың Жәңгір төре ауылынан қайтар уақыты да тақап қалды. Алыс-жақын талай жерді аралай жүріп осы жолы тұңғыш рет отбасын сағынды. Аязбай тоғаны мен диірменге ие шығар, оқысам-білсем дейтін Алдабергеннің жайын көп ойлады. Сонан соң Ұлытау жағынан әкеліп, үйірге салған қара жон құла айғыр есіне түсті. Шоктығы биік, сауырынды құла айғырдың тұрпаты бөлек, жалы жер сүзеді, еңкендеп басқан жүрісі де ерекше. Қазақы жүйрік, қазақы тұлпар осындай малдан шығар-ау деп іштей дәмеленді. Сол үшін де мама биелерді таңдап, жеке үйір салған.

- Сізге Бақи ақсақалдың жіберген адамы келіп тұр, - деді Әбеу.

Бақи ақсақалмен көптен таныс. Осы маңдағы Қареке-Мұраттың жұрт сыйлаған қариясы. Малды болмаса да туралығымен, өзімде бар жақсылық басқада да болса екен дейтін пейілімен жұртқа ұнаған адам. Жырау Жәңгір төре ауылына келген күннің ертеңіне арнайы сәлем бере келіп, қонаққа шақырған. Соның реті енді түскендей.

Бақи ақсақалдың ауылына өзімен бірге келгендермен қоса Бөрібай да ілесе барды. Қайда қонақ, қайда той десе ат терлете жөнелетін жігітке жырау ере жүр демесе де, қой деген жоқ. Осы жігіттің кей тапқырлығы өзіне де ұнайды.

Бақи ақсақал қонағына арнайы тай сойған екен. Жырау сөзінен ғибрат аламыз деген ауылдастары да осында. Ақсақалдың жалғыз ұлы Алқабай жалпылдап қарсы алса да, әлденеге жалтақтағандай көрінді. Түн ауғанша әңгіме тыңдаған жұрт кеш тарап, жырау да таң намазын оқыған соң қайта дамылдап, асықпай тұрған. Кешегідей емес, жұрт

аяғы да сирепті. Таңғы астан кейін қонақ үйде Шортекен Бақи ақсақалмен оңаша қалған.

- Шортеке, бір жағы сізді құрметтеп жіберсем әрі ел сөзіңізді естісін деген ниетте едім. Оның үстіне сізден көмек сұрауға да мәжбүрмін.

- Қолдан келер көмегім сізге дайын.

- Қыздарым баршылық, бәрі ұзатылған. Ұл жалғыз. Сол жалғыз ұл қинап тұр. - Бәкең күрсінді. Осым ретті ме дегендей жыраудың жүзіне көз тастай береді. - Маржан есімді үріп ауызға салғандай тамаша келінім бар. Шайтан аздырса, амал не, әлгі Алқабайым кім көрінгеннен қалған Дүрия деген жесір қатынмен әуей. Үйге де сирек келеді. Кешеден бері өзіңіз келген соң, үйге жіпсіз байланып отыр. Оған салсаң, Маржан келінді тастамақ та ойы бар.

- Есік көргенді алма деуші еді ғой осы ел

- Иә, иә. Соны ұқпайды ғой қу жалғыз. Шортеке, оқығаныңыз көп, хақ пайғамбардың ұрпағысыз, ұлыма ақыл айтып, суық ісінен тыйып берсеңіз деген де тілегім бар.

Шортекең үйдің көлеңкесінде, керегеге арқа сүйеген. Жәнібек, Бөрібайлардың бұл әңгімеге құлақ түріп отырғанын да біледі. Шаңырағы шайқалуға шақ қалған Бақи ақсақалдың соңғы үміті де өзі екенін іштей ұқты. Не істемек керек? Іс насырға шауып та кеткен сияқты. Алқабайда сөз ұғатын бас болса, дұрысына барайын деген ниет болса жақсы.

- Жақсы, - деді жырау. - Алқабай маған өз қолымен қымыз құйып берсін.

- Шырағым, балам, Шортекеңе ұнап қалғандайсың, - деп жақауратты Бақи баласына. - Өзіңе қымыз құйып берсін деп қалап отыр.

Шортекеңе қымыз ұсынған Алқабайдың қолы дірілдеді. Мысы басты-ау оқымысты адамның, әйтпесе Алқабай ештеңеден тайынатын кісі емес деп күбір етті ашық іргеден сығалаған Бөрібай.

- А, шырағым, рақмет. Әкең Бақимен сыйлас едік. Бәкеңнің шаңырақ ұстар, адал ұрпақ таратар жалғызы болған соң өзіңмен де пікірлесем деп едім. Ұрпақтың, мына сенің, сенің дос-жарандарыңның баласының ұлы адам, айтулы азамат болуы әйелге байланысты. Қазақ "долы қатынның екеуінің бірінен ұрдажық батыр туады,

ел ұстаған, елге құт-береке ұйытқан би мен шешенді туған ана бәрінен артық" дейді. Осы сөзді естіген шығарсың?

- Естідік, Шортеке. Ол рас сөз.

- Бақи ақсақал мұндай ел даналығын айтпай қоймас, әрине. Оны ұққаның да дұрыс. Ал, енді "құтырған көттен қағынған бала туады" деген сөзді естідің бе?

Тыста отырған Бөрібай өзара сөйлескен болып, Әбеуге бір әңгіме бастап берген. Әлгі Кейкінің асында Байдәулет Айқожа ақын біреумен айтысқанын естіп пе ең? Сұмдық оқиға. Дүрия, Апат деген екі қыз болған екен.

- Дүрия деген осы жақта бір жүргіш қатын бар дейді ғой, - деп Әбек анқаусыды.

- Жоқ-ә! Ол емес. Сонан Апатты Дайырға ұзатпақ екен. Апаттың да қыз кезінде әркіммен көңілдес болғаны бар. Алғашқы төсек адал болу керек. Адал болмаса, ұрпақ ылғи арам ниетті болады дейді халық. Апатта қыз белгісі қайдан болсын. Сонан жеңгелері, шешелері сасқалақтап астын шудамен тігіп, Дайырды алдапты дейді. Соны естіген ақын:

Қызылда Қырбас өліпті,
Апат деген апасын
Басына көнек көтеріп,
Астын қылмен тігіпті,

- деп салған ғой.

Қарсы жақ ашуға ерік беріп, Айқожаны өлтіреміз деп тұра ұмтылыпты. Ақынға да жан керек, ол Ниязбектің түйесінің астына тығылған. Ниязбектің де ел арасында беделі бар адам, арашашы болып, Айқожаны алып қалыпты. Ой, сен осыны естімеген екенсің ғой. Өзің әлі үйленген жоқсың, сондай бір пәлелі қатынға ұрынып жүрме. Жігіттің басын ондай өткелектен өткен, зымиян қатын айналдырып ала қояды.

Тыстағы әңгіме ішке де жетті. Алқабайдың жүзі өрттей қызарып, маңдайынан сұп-суық тер шыққан. Әңгіме тура озі туралы болмаса да жасалған істің мәнісі біреу. Одан шығатын қортындыны халық баяғыда айтып қойыпты.

Бөрібайдың ретін тауып отырып жеткізгеніне жырау іштей риза. Жыраудың есіне жұрт арасына тараған әңгіме түсті. Сол ауылдың сегіз жігіті еріксіз келін боп түскен жас келіншекті суға барған жерінде алып қашып, бұрыннан көңілдес жігітіне қосқан. Ел бүлініп, айдалған арыз

ұлықтарға жетсе керек. Ояз аға сұлтанға жүктеп, ол билікті қазақ жолымен шешпек болып, Қазы атағы бар біреуін жіберіпті. Қазы қаһарлы, бүріп барады. Мына бетінде итжеккенге бәрін айдайтын шығар. Куәнің ішінде Бөрібай да бар. Бөрібай Қазыдан сескенген жандай теріс қарап отыр. Теріс қарап отырып Қазының қып-қызыл етжеңді мұрынына түкірігін былш еткізді. Өзімнің түкірігім бе деп Қазы аң-таң. Сүртініп тынды. Енді сөлей бергенде түкірік иегіне былш етті.

- Қайсың бұл? Тұқымыңмен құртамын, - деп ақырса да Қазының кімнің түкіріп отырғанына көзі жетпеді. Куәлар да, жазалылар да моп-момақан. Қағазын қайта қотарып, істі енді қарай бергенде маңдайына қақырық қонды.

- Не сұмдық? Шетінен бұзылған қылмыскер екенсіңдер. Бұл жерде сот ашуға болмайды, - деп мансап иесі тұра жөнелген.

- Иә, шырағым, өмір деген, өмірлік жарың деген, онан өрбитін ұрпақ деген толғанып барып шешетін қиын түйін. Кім көрінгенмен жүрген әйелдің көңілі көрінгенге алаң. Оның енді бір-ақ адамға деген сезімі оянбайды. Жуылмаған ыдысқа таза су құйсаң суда қасиет қала ма? Ондай суды ішкен адам не ауырады, не өледі. Ұрпақ жататын жер де таза болмаса, анасының көңіліндегі арам ниет іштегі ұрпаққа сіңіп, ақыры арам ниетті, бұзық дүниеге келеді.

Үйге жайлап кіріп, жүгініп отыра кетіп, жыраудың уәжін үнсіз тыңдаған Ботпай қалпе осы жерде айтары бардай тамағын кенеді.

- Өзім қолым жетіп оқыған діни кітаптарда да ең бастысы адалдық дейді. Әсіресе әйелдің адалдығын қатты ескертеді ғой. Хақ пайғамбар әуелі ананды сыйла деп үш рет айтқанда, оны құрметте, абыройын төкпе, арын сақта деген мағынада айтқан ғой деп шамалаймын. Сіздің:

Ғашықтық қылсаң жарасар,
Сексен сынды хор қызға.
Шынарға біткен мақтадай,
Шырайлы болса алғаның,
Халал сүт емген жолықса,
Болар ма еді арманың, -

дегеніңізді халіміз келгенше, тіліміз жеткенше елге айтып жүрміз.

Осы әңгіменің бәрінің не себепті айтылып жатқаны Алкабайдың санасына енді ғана жеткен сияқты.

Шортекеңнің бетіне тікке қарауға жүзі шыдамай Ботпайға қайта-қайта мойнын бұрып, жалтақ-жалтақ. Манадан өзін Шортекеңмен тең санағандай малдас құрып, жайланып отыр еді, енді ұстазының сөзін қапы жібермей тыңдар шәкірттей жүгіне қалыпты.

САЯТШЫЛЫҚТА

Қарашаның қары ерте түсті. Қарашаның қазы қайтып үлгермей жатып, ат тұсарлығынан асқан қар ойпаң жерде тізеге жеткен. Қара күз жауынды болып, түні аяздатып, жерді доңғалақ етін тастаған. Ат тұяғына да ауыр, мұздықтау жерде шабуға да қатер көптіктен аңшы атаулы ерге қона алмаған. Күздей қуғын көрмеген итқұс та басынып алды. Токты-торым түгілі қара күзде ірі малға ауыз салған. Ашынған жұрт "әп, бәлем, қар түссе" деп кіжінуші еді.

Басынған қасқыр Шортанбай ауылының малына жиі шауып, жыраудың да бірер жабағысы мен биесін тартып кетті. Жабағылар пышаққа түсті де, жаралы бие байлауда. Естуінше итқұс Тағылы-Бұғылы жағында тіпті басым. Қыс басталмай жатып ауыл арасында жалғыз-жарым жүруге ел қорқатын сияқты. Шортекеңе Кәдір мен Қорабек жігітін жіберіп, қыс тым қатайып кетпей тұрғанда саятшылыққа келуін өтініпті.

- Итқұс басынып болды, - депті Кәдір болыс. - Жылда саятшылықты Текебұрқылды өткізіп барып жасаушы едік. Биыл оның қисыны келмейтін сияқты. Қардың түсуі тым мол, желтоқсанда ат тұяғын суыра алмас, қар бекіп қалар. Сондықтан қасқыр қууды осы қарашада жасайық.

Бұл ұсынысқа жер ыңғайы жақын Дүйсенбай да қосылып, Жанғұтты да қалыс қалмайтынын білдірген.

Шортекең кеше Сәйгелдідегі қайынжұртына қонып шыққан. Мәлікенің ағасы Айнақожа күздікке семіз тай сойған екен. Бір үйге өздері сыйса да иттерінің таласуынан сақтанып, екі жарылып қонды. Қарабек пен Дүйсенбай Шортекеңмен бірге қалып, Тәмамбай екі аңшы жігіт Темеш пен Кесекті алып, ауыл шетіндегі Есеннің үйіне қонған. Мұндайда жандарынан табылатын Жәнібек мешітіне қажет кітаптар іздеп Қаратау жаққа кеткеніне айдан асыпты.

- Келіп қалар. Қайтатын уақыты болды, - дейді Айнақожа.

Ертеңгі асын таң қараңғысымен ішіп, аңға шыққан бұлар Қарағаш, Итжонды сүзіп, ештеңе іліктіре алмады. Бұл заманның түлкісі әккі ме, әлде біреуінің жолы қатты ма, аң болады-ау деген тұстан аңның бой көрсетуі шамалы. Қашқан түлкінің бірі түбіне құрық жетпес тас қуысқа кіріп кетті. Шығарып алуға ғана шыққан Баймұхаммед алты-жеті қадам ішіне кірді де, сойылымен тас қуыстың қабырғасын қаққыштады.

Мұнда түп жоқ. Құрық жетпейді. Ары қарай кіруге қорқасын. Сан түлкі осында кіріп, айласын асырған. Енді әуре болмағанымыз жөн шығар, - деп құрығын сүйретіп қайта шықты.

Тікжалды қаққан аңшылар күні бұрын бой тасалаған түлкінің ізін ғана көріп, қашқан қоянды да ала алмай, жақындаса ренжісетіндей көрініп, аулақ-аулақ жортқан.

- Мына қырсықты қара, - деп Тәмамбай қашқан аңның ізін сойылмен түртті.

- Қырсық қой бұл. Біреуіміздің жолымыз аса қатты боп тұр. - Қарабекке ере келген Кесек атты жігіт жауыға қарады.

- Қасқыр түгілі қарсақ ілінсе жақсы ғой, - Темеш те Кесектің сөзіне қосылғандай ниет танытты. - Осы біздің үлкендер де қызық, қоянның ізіне түспендер, алдырмай кетсе, жолды байлайды дейді. Сол жырықтың оны кездесе де қанжығама байлар едім.

Оңашалау шыға берген Тәмамбайдың қасына Кесек атын бастырмалата жетті. Айтары бардай алабұртып алған екен.

- Тәмеке.

- Осы біздің жолымыздың болмай жүрген себебін мына жаман ініңіз тапты.

- А? - деп Тәмамбай Кесекке аударыла қарады.

- Айтқаныма наныңыз. Ылғи осылай болатын.

- Айтсайшы енді, еміндірмей.

- Мына Темештің қанжығасы қырсыққан. Бұған ең болмаса торғай байлап беру керек еді, не тышқан.

- Оны қайдан аламыз мына ақ қар-көк мұзда. - Тәмамбай Кесекті біраз әурелеп, мазақ еткісі келген. - Сен жөнін келтірмесен.

- Айттыңыз, болды.
Қой, ей! Мына жұрт екеуі тышқаншылап кетті деп күліп жүрер.
- Оның да әдісі бар. Тура халық рәсімі.
- Е, - деді Тәмамбай, мына жігіт нес бүлдірейін деп тұрдың сауалы көңіліне келді.
- Аңшылардан естігем. Кәнігі, кәрі аңшылар. Солар айтады, қырсық шалған қанжығаны ұрлап кесіп алса, жол болады деп.
- Әй, сен де қайдағыны айтасың. - Есерсоқтау немеге Темеш қанжығасын кестірте ме? Тапқан екен ойнайтын адамды деді іштей Тәмамбай.
Кесек жортып аулақ кетті. Астындағы атын қан сорпа етіп сабылтып жүр. Тас-тастың айналымы, жырақтау жатқан қараған-тобылғыны шолу сонын ғана міндетіндей. Бір-екі рет Темешті маңайлағанын көзі шалды. Енді, міне, екеуі де осылай қарай беттепті. Кесек Тәмамбайға жақындай бере көзін қысып, иегімен Темешті нұсқады. Сонан соң бірдемені иышақпен кескеннің жобасын көрсетті де сыбырлап:
- Кесіп алдым, - деді.
- Нені?
- Қанжығасын. Таяй бере зып еткіздім.
Кесек аса жауапты, құпия істі зорға тындырғандай, көзі ежірейіп, басын изеп-изеп қояды. Мынау екеуімен жүріп әбүйіртаппасын деп Тәмамбай Алтайдың қырқасындағы Шортөкендерге қосылған.
- Иә, не көрдің, - деді Қарабек.,
- Олжасыз емеспіз. Кесектің қалтасында екі бірдей қанжыға бар.
Әңгімені естіп Жанғұтты мен Дүйсенбай көздерінен жас аққанша күлді. Жырау мырс етті де, басын шайқады. Аңшының әңгімесіне адам сеніп болмайды деген осы-ау. Жанынан осындай дүмбілез ырым шығармаса жүре алмайтын әулекіде кейде әулиелік қоса жүреді. Артынан жолы бола қалса, "мен сөйтіп едімнен" кейінгі іс боп, біреу сеніп, біреу сенбейтін жағдай туады.
Қарабек үлкендігі кішігірім тайыншадай көк қасқа тазысынертіп балаққа беттеді. Айтуларына қарағанда, көк қасқа Тұйғынның арғы тегі Қарабектің бабаларынан келе жатса керек. Тұмсығы жуан, жалбыр құлақ тазы жоталы, аяқтары сіңірлі.

- Тазы үшкір тұмсықты болушы еді, - деп Тәмебай түйғынды айналдыра қараған. Үнінде сенбестік бар. - Дүрегей емес пе?

- Сені де аңшы дейді-ау. - Қорабек ренжіді. - Арканың тазысы жүнді балақты, өзі де жүндестеу келеді. Сонан соң түлкі мен қояндық жеңіл тазылар бар. Ал, мыналар қазақтың сұрыптауынан шыққан қасқыр алатын тазының тұқымы. Бұған қояның не, түлкінің не, бәрібір. Жүйріктігінен де бар иттен озады.

- Тұмсығы жуан екен дегенім ғой. - Тәмебай беріспей жатыр.

- Тұмсықтың жуандығы азулығына байланысты. Жуан тұмсықтың сығым күші де мықты. Басқа ит мүжіп тауыса алмайтын жілікті аузына салған бетте опырып тастайды. Сондай күш болмаса қасқырға маңайлай ала ма?

Шортекеңнің естуінше, түйғынның тұқымы осы көк қасқа, қарғы бау салар тұсы ақ мойын боп туады. Ақсары боп дүниеге келгенінің өзінде осы ақ мойын белгі ерекше көзге түседі екен. Ұрпағы да аса көп емес.

- Тұқымын таратпадың ба? - деп сұраған.

- Әй, - деп Қорабек ренішті қолын сілтеді. - Күшігінде жармасып, таласып-тармасып алуын алады-ау. Ешкімнің қолын қаққан емеспін. Ит асырайтын адам да қасиетін біліп, онан әрі өрбітсем деген тілек болса жақсы. Күшігінде аш құрсақ болса, ол өспей қатып қалады. Онан енді жақсы ит тумайды. Ал, кейбіреу итін баптап-ақ ұстайды. Жақсы итін көжектей қаншыққа ұйықтырған соң онан да ірі, бетті ит тумай тұқымы азады. Міне, осы ғой көріп жүргеніміз.

Қорабектің соңынан Дүйсенбай келесі сайды қуалап кеткен. Қашқан түлкіге бой көрсетпейтіндей тасаланып Шортекең, Жанғұтты жотада қалды, Тәмебай "бір жағымыздан аң өтіп кетпесін" деп жиірек тасадан шығып бақылап жүр. Жанғұтты ерткен сары тазы да ірі.

- Ірі екен. Қасқырға қалай? - деп сұрады жырау.

- Онысын қайдам. Күш болса да жүрек керек қой.

- Түйғын ерен тазы екен. - Шортекеңнің сонан тұқым алмайсың ба деген емеурінін Жанғұтты айтпай түсінді.

- Балаларға алып берсем деп жүрмін. Енді бізге...

Жанғұттының "енді бізге..." дегенінің ар жағында жастың келгені жатқан. Шортанбай жырау биіктен өркеш-

өркешбоп жатқан Тағылының тауларына қимастықпен қарады. Иә, жылына бір мезгіл, бірер ай өстіп саятшылыққа шығатындары болатын. Анау Бесшоқы, Қызылтау, Қатпар, Селтей, Толағайда бұлар шықпаған асу бар дейсің бе?

Бәрі-бәрі кешегідей көз алдында. Көрген қызық тәтті түс сникты. Қашанғы бүйтіп саятшылыққа шыға берер дейсің. Қанжығасы құр қайтқан шақтар бола қоймаған сияқты. Қанжығаға байланғанын үйіне апарғаны есінде жоқ. Сауға сұраған қартқа, жол сұраған жасқа шешіп бере беріпті. Сонан иығына ішік іліп, басына тымақ кимепті. Мына басына кигені Аязбайдың тіктіріп бергені. Өзіндей емес, Аязбайдың аңшылығы тәуір. Жолды деп жұрт айтады. Қатарынан қалмай жүргеніне жыраудың жүрегі қуанады. Бұл дүниені кім алып кеткен. Қалады ғой, бәрі қалады.

Енді бізге... деп өкініш білдірген Жанғұтты қарады. Жанғұтты етекте түлкі қуған екеуге қарап тамсанып тұр екен. Етектегі екеуазан-қазан. Қашқан түлкіні өздері көрсе де иттері кезіге алмай аттарын борбайлап, қырдан қыр асып, әбден қалжыраған түрлері бар. Ат бойы биік ойдым-ойдым қараған мен тас-тасты сағалаған түлкі бірінен-екіншісіне өтіп, адастырып кетті. Биіктегі Тәмамбай аңның қайда жасырынғанын көрсетпек болып, бас киімін бір-екі сілтеді де тұрды.

Етектегі екеудің дауласып жатқаны естілді. Сонан Кесектің атқылау дауысы шықты:

- Әй, анау тау басында қоқиып қ... қа ұқсап не ғып тұр, ә?

- Қашқан түлкінің алдынан шықпай ма? - деп оған Темеш қосылды.

- Өй, әкеңнің...

Қап, мыналарды-ай, деп Тәмамбай күмілжіді. Мына кісілер естіп қала ма деп әрірек тұрған екі ақсақалға көз қиығын тастай берді.

- Әй, берекесіз ит-ай, - деп Кесекті есіне алды да күлді. Тісіне осы Кесектің өзін де душар еткен қақпаншылығы түскен.

- Үйдің жанындағы түлкіні ала алмаймыз, осы бізді де аңшы дейді-ау, - деп көңірсітіп бастаған.

- Байлап қойғаның бар ма еді?

- Аңның жүрер жерін байқамайсыздар. Әне, - деп ауылдың сыртындағы шиді көрсеткен. - Әне, сол жерде

күнде түлкі жортады. Иттің де керегі жоқ, қақпан құрып тастасақ жетіп жатыр.

- Қой-ей, анауың малдың өрісі ғой. Қой мен сиырдың біреуі түсіп жатса, елден ұят.

- Тұу, қайдағыны айтып, - деп Кесек әжептәуір реніш білдірді.

Ертеңіне сол тұсқа қос серіппелі қасқыр қақпан құрылды. Мынауымыз ерсі болар, кішірек қақпан құрсақ та жарайды ғой дегеніне Кесек тулады. Түлкі дегеннің қырық айласы бар, шығып кетеді деп соқты. Түске дейін аман еді. Кесек мал қайырған болып, олай-бұлай өтіп жүрген. Түсте шай-пай ішпекке ол да үйге кірсе керек. Өкірген дауыстан Тәмебай шошынып,

- Қап, бүлдірді-ау мына ит, - деп санын соқты.

Кесек атына міне салып шапқан. Қақпанға түскен сиыр маңайлатар емес. Қос серіппелі қақпан жоғары секіріп, тізенің тұсынан бірақ қауыпты. Айнала өкірген сиырға амалы болмай, Кесек ауыл жаққа тымағын бұлғады. Ел біліп қалмасын деп Тәмебайда емпеңдей ұмтылған. Екеулеп, әукім-ай, әукім деп жүріп сиырды зорға босатқан. Қақпанның тісі сиырдың етіне кіріп, терісін ит талағандай жырымдап тастапты.

Ендігісі анау, әне. Етектегі, көз алдарындағы түлкіден айырылып қалып, сілтеп тұрғаны. Кесекпен арасының жас айырмашылықтары да шамалы. Жасқа жетер-жетпес. Көзінше Тәбеке деп, сыртынан Тәмебайлай беретіні де сол. Тәмебай ақырындап түлкі жатқан жерге жақындап келді де, анды еркіне жібермей екеуінің үстіне қарай тура қуған. Екеуі сай-сайды қуалап етекке түскен Тәмебайды да, қашқан түлкіні де көрмепті. Алдарынан "Айт! Айт!" деп шыға келгенде ойбой, кеп қалды-ласып аттарына қамшы басқан.

Түлкіні "аманат" деп шеттікке байлады. Сонан соң Кесекке қарап:

- Осы сен не дедің? - деді.

- А? - Кесек басын шайқай берді.

- Әй, әкеден әкенің артықшылығы жоқ. Байқа. - Тәмебай он алты өрім қамшысын білемдеді. - Біз боктауға емес, аң аулауға келдік.

- Тәбеке, байқамай... сізді емес, Темешті...

Ошарылып, бұларға карап қысыр әңгіме айтып тұрған үлкендерге келіп, шеттік тегі түлкіні алдарына тастады.

Жанғұтты тымағының құлағын түре киді де:

- Байлаңыз, Шортеке, - деді.

- Жәке, Дүйсекең бізден бірер жас үлкен ғой. Жол Дүйсекеңдікі.

Түлкіні Дүйсенбайдың қанжығасына байлап жатып, Кесек жымың-жымың етіп, Тәмамбайға қарады да, сыбыр етті.

- О не? - деді Дүйсенбай.

- Жәй. Манағы істеген жұмысынан соң жол ашылады дейді.

- Әй, сендер де ... ~ Дүйсенбай тағы күліп алды,

Шортекең түлкіні Дүйсенбайға байлауын оның серілігін сыйлағаны шығар деп түйді Жанғұтты. Өткен қыста

Аюлынықаққан аңшылардың соңынан ат терлетіп келген жігіт Жанғұттыға Дүйсенбайдың тете інісінің кенеттен қайтыс болғанын жеке шығарып айтып, кері қайтып кеткен. Қазаны Дүйсекеңе естіртудің амалын қарастырып, ат басын осы топ азалы ауылға қарай бұра берген-тін. Ауылға таянғандажана жортқан түлкінің соны ізі кетті. Ауыл да көрініп тұр. Ауыл үсті қарақұрым халық. Тегін жиын емес екенінкім де болса сезгендей.

- Әй, анау не? Не жиын?- десті ат үстіндегілер Дүйсекеңнің назарын аудару үшін.

- Атан өлсе, сойылар, атаң өлсе қойылар, қансонар қайдан табылар. Тартыңдар мына соны ізбен, - деп Дүйсенбай ізге түсе жөнелгенде, атының тізгініне жармасқан Кәдір еді. Сол жерде қазаны да естірткен.

Қыстың қысқа күні еңкейіп бара жатыр еді. Әзірше алғандары бір түлкі. Осыған қанағат десіп Кәдір ауылына қарай бет алысты. Еңіске түсе бере алдарынан жаңа жүріп өткеніз кездесе кетті.

- Жаңа өтіпті. Кешкі жортуылға шыққан ғой. Ал, мен ізге түстім, Сіздер де тезірек жүріп, қанат жая сүзіңіздер, - деп Қарабек арықтау келген қаракерін тебіне жөнелді. Жаңа иісті алған иттер де Қарабектің соңында. Аңшының көбі тау жақты алмақ болып, Қарабектің арғы жағына ойысқан. Бергі, жазықтау бетте Шортанбай мен Дүйсенбай қалыпты. Бұл екеуінің соңынан ерген жеті айлық көк қасқа күшік Шортекеңдікі.

- Таймас, Таймас, - деп жырау тым ұзатпай шақырып алып, желдіртіп келеді. Кенет Дүйсенбай жақ шеттегі қарағанарасынан сумаң етіп бойын жарыса сырғыған түлкі қалың шидің бойымен кері қашты. Дүйсекең жермен жексен боп қашқан анды көрер емес.

- Айт! Айт! - деп Шортекең қосылып берді. Дауысты естіп бұрылғанымен, бәрі анды көрмей анырысып қалғандай. Жеті айлық Таймас түлкіге жетіп-ақ барған. Әккі түлкі құйрығын бұрып тастап, алданған күшікті өткізіп жіберіп, ұзап барады. Сонау шеттегі Темеш қана аттың басын еркін жіберіп, көсіліп келеді екен. Әлдене уақытта Лашын атты сарықаншық қосылды. Жүйрік екен, алдағы шілікке жақындағанда ілігіп-ақ қалғандай көрінді. Шіліктің арғы тұсын айнала шапқан Темеш жотаны бойлай атына қамшы басқан.

- Түлкі өтіп кеткен-ау, - деп Шортекең де соңынан салған. Таудың биігінде анырып тұрған Темештен:

- Аң қайда? - деп сұрады.

- Көргенім жоқ.

- Ендеше неге шаптың?

- Сіз шапқан соң.

- Қап! Ендеше түлкі шіліктің ішінде қалды.

Кері бұрылған екеуін Таймас пен Лашын шіліктен еркелей шығып қарсы алды.

- Байлаңыз, Жәке.

- Жол сіздікі ғой, Шортеке.

- Құдасын қатты сыйлаған халықпыз, жол сіздікі.

Алтайы қызыл түлкіні Жанғұттының қанжығасына байлап, Кәдір ауылына жеткенде, айналаны қыстың қою кеші тұмшалаған еді. Малды ауылдың іркес-тіркес қораларынан етіп, ауыл итін абалатып, ықтасындау жерге ат байласты. Жүгіре шыққан жігіт те жедел сәлемдесіп, есік ашып үйге беттескен. Кешкі дәмін енді ғана алдына алған Кәдір баршасымен төс түйістіріп амандасты.

- Бұйырған дәм. Арнаулы асты ертең ішерміз, бүгін дем алғанымыз дұрыс, - деп қонақтар қайыра ас қамдауға ыңғай бермеді.

Ертеңгі тірлік Темештің "ойбайынан" басталды.

- Не? Не жоғалды? - деп әңгімеден хабарсыз Кәдір бәйек боп жүр.

- Қанжығам... қанжығам жоқ.

- Қанжыға қайда кетеді?- Кәдір аң-таң. - Мүмкін тақпағаншығарсың?

- Кеше ғана бар-тын.

- Бұзау жеп кеткен шығар, - деп Тәмебай күңк етті.

~ Қайдағы бұзау, - деп бұрылған Кәдірге Тәмебай көзін қысты да оңашалау шығарып, қанжығаның оқиғасын айтқан. Кәдір күлмеді, қабағы түсіп ренжіп, Кесекті шақырған.

- Жоқ ырымды қайдан шығарып жүрсің. Қанжыға ырыс оралатын жер. Қанжығаны кесіп алу, ырысын төккенмен бірдей. Доссың ба, қассың ба ана Темешке.

- Байқамай... ойын үшін.

- Үйден қайыс ал дағы қазір өз қолыңмен қанжығасын тағып бер.

Кәдірдің бәйбішесі де ертерек қамданып, ас әзірлеп қойған екен. Жылдағы әдетімен арнайы сойған жабағының қазысы бармақтан артық. Екі жігіт қолдасып көтерген астауға әркімге арналған мүшенің, қазы-қартаның үстіне бас салыныпты. Шортекең бата жасады. Жабағының басын жыраудың алдына қойған үй иесі:

- Қожеке, сіз тұрғанда бас ұстауға ешкімнің хақысы жоқ, - деп дін мұсылман баласының пайғамбар ұрпағына деген сый-құрметін білдірген.

Дәм үстінде бүгінгі жүрістің де беті ашылып қалды. Кәдір осы маңға биыл итқұстың ерекше маза бермей тұрғанын, көрші ауылдарда шығын барын біраз әңгімеледі.

- Екі топ бар. Бірінші тобында сегіз қасқыр болуы керек. Ізін санағанда солай шықты. Олардың жүрісі Қонысбайдан басталады да Селтей-Толағай өтіп, Тезекбайлатып оралады. Түн баласы жылқыға шауып, қуып әкетуге машықтанған. Екіншісінде екі-ақ қасқыр. Екеу болса да ісі аналардан қауіпті. Арланның үлкендігі мына Қарабектің көк қасқасынан үлкен. Басы аттың басындай. Көргенде тура жүрегін тітіркенеді.

Ыңғай жарау аттарға мінгендер Қонысбайдың аң жатады-ау деген қуыс-қуысын аралап, тобын аса жазбай, көбіне ізге үңіліп, асықпағандық танытқан. Осы топтың ішінде Қарабектің қара кері ғана жүдеулеу сияқты. Осыны байқаған Темеш:

- Қареке, мынаны жолда қалайын деп міндіңіз бе? - деп тиісті.

- Е, оны әлі жүріс көрсетеді. Сен ат танушы ма ең? - деп Қарабек те қағытты.

Көп жылқыдан бір тәуірін мінбеген бе деген оймен Шортекең Қарабектің қаракеріне көз жүгіртті. Қысқа бел, сауырынды, қысқа бақай жылқы екен. Бәрінен де көңілге қонымдысы тұяғы. Күнұзын шапсаң, шеті шетінемейтін нағыз құйма тұяқ. Қарабектің есебі түгел екен деп түйді іштей.

- Әй, Темеш пен Кесек, сендер бүгін қашқан түлкі мен қоянға ит қоспаңдар. Иттер босқа болдырмасын, - деп тапсырды Кәдір.

Сарыөзектен қасқырдың ізі кезікті. Қасқыр жүрген маңда басқа аң да кезігеді. Соны ойлаған аңшылар үріккен арқар, қоян-түлкіге қосылып кетпесін деп иттерді ұзын шылбырға алған.

- Осы уақта, - деп бастады Кәдір. - Қасқыр түнгі жортыстан шаршап, қатты ұйықтап кетеді. Үстінен түскеніңді сезбей қалатыны бар. Ана жылы мешіттегі ауылға барайын деп жоталап келе жатсам, Сарыобаның алдында ерттеулі ат тұр. Бұл кім деп жақындап келем, иесі көрінбейді. Сонан аттың дәл жанында бүггендеп біреу отыр. Байқасам Дүрмұхаммед сияқты.

- Ой, неғып отырсыз?

- Бері, бері кел

Енді ғана байқадым, өзі де еңгезердей денелі кісі еді ғой, жарықтық, қасқырдың үстіне атша мініп алып, екі құлағынан қатып ұстап, итқұстың басын алдындағы жалпақ тасқа соққылап отыр. Әлуетті адамды көтеріп кете алмаған қасқыр астында тыпырлап аласұрған.

- Көмектес, - деді. Ішін жарып жібердім. Аттан түсіп, дәл жанына келгенін ұйқыдағы қасқыр сезбепті. Өлген қасқыр екен десем, дем алатын сияқты. Сонан құлағына жармастым дейді Дүржекең. Енді біз де сақ болайық.

Деней Қызылшоқысының маңында екі қасқырдың айналсоқтауы жиіледі. Аттылар да шоғырлана түсіп, байкастауы көбейген.

- Жатын орын іздеп жүр, - дегенді айтып Қарабек "енді дыбыс шығармандар" дегендей белгі берген.

Деней қызылдың бұлаққа қараған бетіндегі қараған ішінен арлан атып тұрды. Жоталы, басы кішігірім қазандай арланның кеудесі де алқам-салқам. Көк желкесі мен арқасындағы жүні күдірейіп, үнсіз айбат шеккен.

- Мынау аю шығар, - деген Кесек кейін сырғи жөнелді.

Қысыр емген тайдай торсыып, жотасының қылы тікірейіп, төрт аяғымен бірдей қар аралас топырақ күреген арланның айбыны сескентерлік. Мынаның түрін көрген Кесектің аза бойы қаза. Жаны шырқырайтын жөні де бар еді. Осы күнге дейін түлкі, қоян олжаласа да, тірі қасқырмен бетпе-бет келгені де бүгін. Аю ма деп шегіншектегенінің де жөні сол. Бұл Кесектің осы жасқа жеткенше көрмеген пәлекеті. Оның үстіне Кәдір болыс та осы арланды қайта-қайта сипаттап, құмарлығынан бұрын қорқынышын қоздырған. Тап қазір Кесекке салса, аюдай пәлені аламын деп ұмтылғаннан гөрі, Кәдірдің ауылына қайтып, жабағының жылы-жұмсағын аузына салып, тегін асқа тік қасық болып отырғаннан олжалы іс жоқ.

Абдырап қалған жалғыз Кесек емес-тін. Бір топ аттыдан сескенбей айбат шеккен көкжал бәрінің үнін бітеп тастағандай. Әуелі ес жидырған Тұйғын еді. "Жібер" деп жұлқынып, арс-арс еткен. Сол-ақ екен байлаулы иттерді босатып

- Айтақ, айтаққа, - басысты.

Тұра ұмтылысқан топ аттыға алара қарап, қаншығын ерткен арлан Шайтан тасқа қарай қашты. Былай шыға арланнан бөлінген қаншық Қосылбекке қарай сілтеп жөнелген. Көкжалдың соңынан Тұйғын ғана жалғыз кетіп барады. Бөліне қашқан қаншықтың соңынан ұмтылған боп, жүргіргенінен арсылдағаны көбейген басқа иттер "қуып тастадық, осыған риза болыңдар" дегендей көз жетер жерден қайта оралған. Әлі де болса жұлқынып жүрген күшік итін Шортекең шылбырдан босатпады. Әккіленбеген күшікті аюдай арлан шайнап тастар деп қауіп ойлаған.

Тағылының бұл маңайына қар аралас жаңбыр жауып, көк мұз етіп тастапты. Мұздың беті кейін жауған қармен бүркеліп жатыр. Арланның соңына жаппай түсіп еді, әуелі Кәдірдің аты құлады. Бұлақтың төменгі жағындағы қар басқан көк айдынға сүрінбеген, жығылып тұрмағаны шамалы. Күшігін босатпай, байқастап келе жатқан Шортекең ат басын тартып, тұра қалды. Көк айдыннан сүрінсе де жығылмай, тәлтіректеп өткен Қарабек қана Тұйғынға дем беріп, айғай үстіне айғай қосып, үдетіп барады.

Шайтан тастан бергі өзекте көкжолға жеткен Тұйғын тірсектен алып, бір аударып тастаған.

- Бұл қалай? - деді өзіне-өзі Қарабек. - Жеткен бетте мойнынан алушы еді. Мына пәленің күші басымдығын сезіп, Тұйғынның да сескенгені ме?

Бұрылып тұра қалған қасқыр да есесін жібергісі келмей қарсы ұмтылды. Көкке шапшыған тағы мен тазы бірін-бірі ала алмай қатарынан құлап түсті.

- Тұйғын ала алмады-ау, - деді Темеш.

Әй, сен де.., - Дүйсенбайдың ренішті үні естілді. - Ол түгілі ана досыңа қарашы, - деп Кесекті меңзеді.

Кесек төсектен жаңа шошып тұрғандай үн-түнсіз бедірейіп, тіршіліктен хабарсыз көзі мұз боп қатқандай ұясында ұйыпты да қалыпты.

- Әй, сенің денің сау ма? - деп Кәдір қамшымен түрткен.

- Мынаған не болған? Мә, тізгінің. Шылбырыңды жиып ал, - деп Темеш Кесектің қолына шылбыр-тізгінді ұстатты.

- Әлгі қайда?

- Нені сұрап тұрсың?

- Қа... Қасқырды айтам.

Қайта тұрған көкжал үстіне келіп қалған аттыдан сескеніп, тауға қарай қайта салды. Деней қызылды бөктерлей, итқұстың жолын кес-кестей Жанғұтты мен Шортанбай ұмтылған. Сондарынан шұбаған иттің арсылынан сескенген арлан Шөладырды бетке ала қашты. Арланның соңында Тұйғын Мұздақты даламен атын еркіне жібере алмай Қарабек келеді. Топ аттыдан Қарабектің соңынан Темеш қана ілескен.

Қара үзіп кеткен тазы мен тағыдан Қарабекті адастырмаған екеуінің баттиған ізі. Қайрақты өзенінің бойында екеуі біраз алысыпты. Қар үсті үйірлі жылқы аунағандай әлем-тапырық. Сонан соң, шаршағандары болар, бір-біріне қарсы жатып, қар асапты. Жатқан жерінен арланның асығыс атып тұрып, қашқаны да сайрап жатыр. Сірә, Қарабектің таяп қалғанын білген болар. Жар жағасына шыққан Қарабек әлденені айғайлап келе жатқан аттылығы Темеш екенін таныды. Оны күтіп тұруға да мұршасы келмей қаракерге қамшы салды.

Қайрақты бойындағы көкжал мен иттің арасындағы арпалысты көріп, кейінгі топ біраз бөгелген.

- Не деген пәлекей мына қасқыр. Осыншама дәудің кездесуін қарашы, - деп Дүйсенбай сөз күткендей Жанғұттыға қарады.

- Бәрі Алланың ісі. - Жанғұтты орын тұрған атының тізгінінжиды.

- Тұйғынның өзі жазым болмаса?

- Жазмышсолай болса, қолдан келері не?

- Осыншамыз жүріп бір қасқырды ала алмасақ, - деп Дүйсенбай барлық істі бір жаратушының бұйрығына сыйдыра сөйлейтін Жанғұттыны үлкендігін пайдаланып, қажай түсті.

- Құдайсыз қурай да сынбайды.

- Ат та болдырды, кеш те таяу.

- Алланың бізге де бұйырғаны бар шығар.

Екеуінің қалжаққа бергісіз қаржасуына Кәдір мырс етіп, Шортанбайға қараған. Шортекең қойнынан бір тілім қағазын алып, ердің қасына сүйеп, жазып жатыр екен.

- Әлгі Темеші бар болғыр қайда? - деді Кәдір.

- Жүрейік. Шынында да күн еңкейіп барады. Дүйсенбай алға түсіп жорта жөнелген.

Өзеннен өткен соң қар да жұқарып, мұздақ та бітті. Ат тұяғы қар астындағы қара жерге іліккен соң Қарабек еркін сілтеді. Тізгіні босаған қаракер де иесінің емеурінін сезіп, қарыштап берген. Тағы мен тазы да сілкісе-сілкісе әбден сілесі қатқан ба, Доңғалдың бергі жағындағы қарағанның арасындағы алаңқайда қарсы қарап жатыр екен.

Иесінің қаһарлы үні дем берген Тұйғын тұра ұмтылған еді, көкжал қарсы шапшыды. Қасқырдың аузына дәл келген Тұйғынның жалпақ қарғысы быт-шыт. Тұйғын көкжалдың құлағын жұлып әкетті. Кезек жұлысып, өмір үшін айқасқан екеуінің арпалысы Қарабектің көз алдында өтіп жатыр. Қаракер атпен қанша жақындаса да тағы да маңайлатпай қойған. Көкжал мен Тұйғын тағы қарсы секіріп, арылдасып, бірін-бірі күшпен итеріскен сәтте Қарабек қолындағы басы жұмыр қысқалау сойылмен көкжалды беломыртқадан сілейте соқты. Қиралаң етіп құлаған арланның тамағына Тұйғын тастай қатқан.

Арланның жаны шықты-ау деген уақытта Қарабек тастай қатқан итінің жағын зорға жазып алды да, тер басып, кешкі суықтан қалтырай бастаған Тұйғынды шеттіктен шешіп алған шидем шекпеніне орады. Ізбен ілескен кейінгі

үлкендер өтіп кетпесін деп қарағанның шетіне шығыш отырды.

Арттағылар ұмар-жұмар жеткен.

~ Әй, ит қайда? - деп Темеш соқтыға келді. - Қасқыр не болды?

Үндей қоймаған Қарабекті тастай беріп, қараған ортасына беттеген оның:

- Ойбай, қасқыр жатыр. Тірі ме деймін? - деген дауысы жетті.

~ Жолы болмас жігітті түйенің үстінен ит қабады деген, байқа шабыннан ала түспесін, - деп Дүйсекең Темешті қағытты.

- Өліп қапты.

- Өлген қасқырды көру қай заманнан аңшы атаулыға таңсық.

- Үлкен-ақ екен, - деді Жанғұтты.

- Мынаның басы күздігүнгі бұзаудың басындай екен. Түү, пәлекет, жүрегім жаңа орнына түсті, - деп Кесек түкірінген.

Күні бойғы қатты жүрістен домжарау аттар да қалжыратты. Солардың ішінде ішін тартып, анда-санда оскырынып тұрған Қаракер ғана.

- Мынау кер ат өзгеше мал екен. Текті жылқы болар, - деген Шортекен.

- Бізден бұрынғылар Жарылғап батыр жауға мінген торыайғырдың тұқымынан десетін. Жарықтық, кейде торы, кейде кері боп туады. - Қарабек қаракер аттың омырауын мәпелеп қақты.

- Мен қаракерді менсінбеп едім. Аттың тұлпары, жігіттің сұлтаны, иттің сыртанын бүгін көрдім десем болады. Міне, шыным, - деп Темеш шидем шекпеннен шыққан Тұйғынды сипады.

- Байлаңыз, Шортеке. Бұл сіздің олжаныз, - десіп аттың белінен асыра байлаған арланның тұмсығы жер сүзсе, екінші жақта бөксесі салақтап жатты.

- Кеш батып барады. Осы маңдағы Тарпаң ауылына түскеніміз жөн, - деді кешкі шапақ сөніп бар жатқан күнбатысқа қарап, әлденені қимағандай ұзақ үнілген Кәдір.

Тарпаң күтпеген еді. Сау етіп кіріп келген қонақтар есіктен сүйретіп кіргізген көкжалды да тастай салды.

- Ойпырым-ай, мынау не ғажап, - деп таңданды амандыктан соң Тарпаң қонақтарды төрге оздырып жатып.

Бір тайды екі қасқыр тік көтере жеп кетіпті деп келіп еді.

Сенбегенмін. Мынау соның тапөзі ғой.

- Болса болар. - Кәдір әлі де болса қасқырды шыр айналып жүрген Тарпаңға күле қарады. - Шортекеңе байлап едік, ол кісі ырым болсын деп осы босағаға тастады.

- Ә, Шортекең біледі ғой, біледі. Ырым деген дұрыс.

Шай қайнағанша бір әңгіме айтайын.

... Інінен тап осы жолы құрық салып, суырып алып жатқан аны бұрын-соңды көрмеген аң. Жылт-жылт етіп, көз алдында құбылған түгі сипаған сайын шытыр-шытыр етеді. Түлкі қызыл болушы еді, мынау меңсіз қара. Құйрығы да аса түкті емес. Қараған сайын көзі сүйсінген.

- А, шырағым, майлансын, - деген дауысқа жалт қараған Тарпақ ақ боз ат мінген қарияға көзі түсті. Ат үстіндегі қария пан. Сақалын баппен синап, Тарпаңның қолындағы аңға көз қиығын ғана тастаған.

- Ақсақал, көлденең кек атты болдыңыз, жол сіздікі, - деп көз қимас аңды қанжығасына байлап берді. - Ауылға осы жасыңызда көркейіп барыңыз.

- Қарағым, қазақтың салт-дәстүрін, ата-бабадан қалған жолды білгеніңе рахмет. Мына бағалы аңды өзім тауып алдым демейін. Үйге жүр, дәм татып, таныса жатайық.

Ақбоз атты қарияға ерген Тарпаң биік таудың қиын асуынан асып барып, кең жайлауда отырған шымқай ақ боз үй тігілген ауылға келіп түскен. Ортадағы он екі қанат ақ орда ақсақалдың шаңырағы екен. Осы үйде сусындап қымыз ішіп, арнаулы дәм ішкен соң жөн сұрасты. Қоңырат елінің ішіндегі Құлсарысы екен. Мал ырыс біткен шаңырақ жанды-жақты. Үш ұлы үш ауыл боп, осы елге жөн айтқан білікті жандар.

Көңіліне ұнаған азаматты ақсақал да жібермей айға жуық уақыт қонақ етеді. Сол күндерде ауыл жастары құрған алтыбақанға шығып, ойын-сауық үстінде үш ұлдың ортасында өскен ақсақалдың Маңқан есімді жалғыз қызымен танысқан. Жасы отыздан асып, қырыққа келін қалған, өмір жолын таныған, әрі көрікті жігітті Маңқан да теріс көрмесе керек. Ақсүйек ойыны екеуін оңаша табыстырып, інкәр де еткен.

Елге қайтқан Тарпаң Арқадағы ағайын-туғанын ертіп, ақыры Маңқан қызға құда түсуге қайта келді. Атағы да белгісіз, аса байлығы да жоқ Тарпаңға қыз беруге үш ағасы да қарсы.

- Қаңғып жүрген біреуге беретін қыз жоқ, - дейді үлкен ағасы.

- Келген жағына жаяу қуу керек, - дейді кенжесі.

Әкесінің теріс қабағын танып, бауырларының пиғылы мен сөзін естіген Маңқан қыз орталарына келген. Қыңыр әңгіменің үстінен түскен қызына не айтарын білмей, әке төмен қарады.

- Әке, - деген Маңқан. - Жат жұрттық боп өмірге келдім. Тарпаңға көңілдеріңіз толмай отырғанын да білемін. Бірақ түсіме кірген ақсақалды адам "осы Тарпаңның етегінен ұста, байлық та, бала да, бақыт та осы жолыңда" деп еді. Маған енді қиянат жасамай, баталарыңды беріндер.

- Міне, ырым деген осы. Бір құнды аң бәйбішеммен кездесуге, өмірлік жолдас болуға әкеліп еді. Шортөкеннің ырым деп босағаға тастаған бөрісіне бала-шағамызбен іштей қуандық, - деп Тарпаң әңгімесін қайырған.

Тысқа шығып кеткен Тарпаң біраз бөгелді. Жақсы әңгіменің желісін үзгісі келмеді ме, Дүйсенбай Тарпаң балаларына қатысты әңгімені ортаға салды. Тарпаңнан тараған бес ұл да ержетіп, жеке шаңырақ иелері болған. Осы бесеуінің қадір-қасиетін әке ретінде байқасам деген Тарпаң әуелі үлкен ұлына:

- Сыңсып жатқан малдан керегіңді ал, қасыңа ерер жігіттерді де дайындап, жәрменкеге бар, сауда жаса. Осы өзауылымызға бір жылға жететіндей шай-пұл, киім-кешек, ұсақ-түйек әкел, - дейді.

- Жарайды, - дейді үлкен ұлы Құрманбай сабыр сақтап сөйлеп.

Жол жабдығын қамдап алған Құрманбай жәрменкеге кетеді. Жол да қашық, ай жарым уақытта ма, ауылға қайта оралады. Тапқан олжасы да жаман емес. Баласы әкесіне сәлем бере келгенде:

- Балам, ат-көлігің аман ба? Олжалы деп естідім. Енді өзін жәрменкеде көрген-білгеніңді, естігеніңді айт, - дейді Тарпаң.

Жәрменкеде адамның көптігінен аяқ алып жүргісіз. Халық ығы-жығы. Өзім апарғанымнан екі есе пайда таптым.

- Басқа айтарың бар ма? - деген әкесіне Құрманбай басын шайқаған. - Жарайды, онда әкелгенінді барлық үйге қылдай бөліп бер.

Келер жылы Тарпан екінші баласы Иманбайды шақырып, оған да жеткілікті мал алып, жәрмеңкеге баруын тапсырған. Жарты айдан кейін Иманбай екі-үш жігітін жіберіп, жұмсауға қосымша мал сұратқан. Тарпан тарлық көрсетпей:

- Мына жігіттерге қалағандарын беріңдер, қолдарынан қақпандар, - депті. Тағы бір оншақты күннен кейін сол жігіттер қосымша мал сұраған Иманбайдың сәлемін жеткізді. Тарпаң бұл жолы да сұрағанын бергізген. Енді бір жарты айда мал сұраған Иманбайдан сәлемші тағы жеткен.

- Дәндеген қарсақ құлағымен ін қазады деген. Мына Иманбай дәндеді, бүйте берсе, бәрімізді қайыршы етеді, ~ деп басқа аға-інілері наразылық білдірген.

- Мандай тер төгіп, адал жинаған мал Алланың берген ырзығы. Өлген таусылады, өлмегені өседі. Беріңдер сұрағанын, - депті Тарпан.

Жәрмеңке тарап барып Иманбай да қайтқан. Әкесі баласынан бұл жолы да әңгімесін сұрады. Иманбай сонда әкемеселімді қайтармағаныңызға рахмет. Дүние қолдың кірі, жуса кетеді. Жәрмеңкеде өмірімді ұмытпастай өткіздім. Басқа алыстан келгендерге Арқада да бай барын, байлықтың орны барын, ел ұстаған үлкендердің үлгісі өлмегенін көрсеттім, - депті. Сонда ғана Тарпаң қуанып;

- Жердің, малдың иесі бар екен, - деп құдайы дәм берген.

Кешігінкіреп барып оралған Тарпаң тізе бүгіп жатып:

- Шортеке және Дүйсеке, мені айыпқа бұйырмаңыздар. Құдам келіп жатыр еді. Балам Құрманбайдың атасы Тоқа Құтжан деген кісі. Сіздерді құдамның тамағына араластырмай, арнайы күткенді жөн көрдім. Құдам да болса елінің жақсы-жайсаңын жеке күте алмағаны несі деп кетпегені жөн ғой, - деп кешігу себебін жеткізді.

Арда емген тайдың еті қалай тез піссе, жолдан шаршаңқырап келгендердің ас ішуі де тез. Екі жақты болып жүрген Тарпаңды құдасына қарай жіберіп, төр алдына қатар-қатар салған төсекке қисайған. Төрге сиыңқырамаған Кесек қана есікке жақын орналасыпты.

Оған ренжіп жатқан Кесек жоқ, жақсы түстен дәмесі барын айтып есінеген.

- Осы ауыл ырымшыл еке, сен түсінде бір жақсы тоқал алуды жаратқаннан сұрадың, - деп қажады оны Темеш.

- Әй, қойшы, менен гөрі ширақ көрінесің, соны өзіне байладым.

- Әрине, солай дейсің, Тарпаңның қызы ұзатылып кеткен соң.

- Қайда кетіпті.

- Білмейді екенсіздер ғой. Тарпаң бай кей-кейде мал бағуға өзі барады ғой. Сондай бір күні жұпыны киініп, қой бағып жүрсе, қасына келген аттылы жігіт сәлем береді.

- Сәлеміңе рахмет, балам. Шандатып, бұрқыратып қайда асығып барасың?

Қой баққан шалды менсіндіксіздей, бір киерін үстіне жапсырған жігіт Тарпаңға "осы сен бірдене білесің бе" дегендей тұжырына қарап:

- Тарпаң байдьң? ауылы осы белдің астында емес пе? - деп сұрайды.

- Иә, тап солай.

- Соның бір сұлу қызы бар дейді, соны оятқалы барамын.

- Е, қарағым, ақылың жетіп, ебін тапсаң, бара ғой.

Түс кезінде қойды айдап, Тарпаң ауылға келді. Ақ ордасының төрінде манағы жігіт шалқайып шай ішіп отыр. Тарпаңның қызы шай құюын қоя салып, "әке, әке" деп құман ұстап, қолына су құйып жатыр. Ағат кеткенін енді білген жігіт ақ тер-көк тер.

- Қазір, - деп далаға атқып шыққан жігіт сол бетінде аттанып кетіпті.

- Өй, суайт, қызы кетпепті ғой, - деп Кесек басын көтерді.

- Не, енді сен барайын деп пе ең?

- Жоғә. Тарпаңның шыдамдылығына таңмын. Біз болсақ сол жерде ол жігіттің басына әңгіртаяқ ойнатар едік, - деп құтылды Кесек.

Қыстың ерте түсетін түнінің қойдың ащы ішегіндей шұбатылған бітпей қоятын ғұмыры бар. Қабат-қабат төсеніш салған төсектің өзі мұндайда жамбасқа бататынын қайтерсің. Оның үстіне бүгінгі жүріс, он шақты иттің

біреуі ермесе де көкжалмен жеке айқастан танбаған Тұйғынның өжеттігі ойынан кетер емес. Мана көкжалдың аузын жалаған қаншық бөліне қашып кеткен сияқты еді, олай емес екен. Бөріні қанжығаға байлап жатқанда жоқтауын айтып ұлыған. Сыңсып, бауырын жерден баяу көтерген қаншық үні арман мен өкінішке толы. Бірте-бірте өксігенбетте биікке көтерілді де, мұңын шағып, үзіліп-үзіліп сыңсып тұрып алатынына жыраудың жүрегі шаншыған. Бір жаратушы күш бөрінің тірлігін осылай жыртқыш етіп қойды, адаммен арасын жау етті. Оған амал не? Бір-бірімен сиыспайтын екі түрлі тірлік, бітіспес жаулық. Сыңсыған сиқыр үні өкініш-өксігімен адамды да алыс қиялға сүйреп, таусылмайтын арман барын алдына тосады. Енді қайта оралмас, енді қайтып ұлан далада бірге жортпас көкжалмен қимас қиналыспен өксіп ұлып қоштасуы жан дүниені толқытқан. Неткен әуен? Тіршілік иесінің бәрінде де ұлы сезім бар. Сол ұлы сезімді түйсінуі аң түгілі адамның да бәріне жазбапты. Тіршілік иесі қайғыға шыдамай зарлайды, зар үнінің шырқау көгінен көңіліне пана іздейді. Жалғыздығын түсінеді. Қайырым күтеді. Мұсылмандықтың белгісі - қайырым мен ізгілік.

Мына Кесек Тарпаңның шыдамдылығына таңмын деді-ау. Тарпаңның шыдамын Байсейітпен арақатынасынан көрген. Әріректе, Тарпаңның бай атағына іліге қоймаған заманында Байсейіт пен екеуі тағдыр түзде, ін аузында кездестіргенін Шортекең де естіген. Тарпаң қырыққа келгенше аң аулап, аң терісін бағалы өткізе біліп, мал да, алтын да жинаған. Сол Тарпаң інге кіріп кеткен тұлкіге құрық салып, іліктіре алмай отырған үстіне Байсейіт келе қалған. Аңырайын ін жатыр, оның алдында екі бұтын екі жаққа жіберіп, талтайған Тарпаң. Бұтының арасынан қос қолдапұстаған құрығын бір итеріп, бір суырып, еңтіге дем алған түрі құдды қатынға барған әлдекімге ұқсаған.

- Әй, неғып отырсың? - деген шыдамай кеткен Байсейіт.
- Көріп тұрсың ғой.
- Осыны қоймайсың ба?
- Әзірге тірлік осы.

Сонда Байсейіт қос бас бармақ пен екі сұқ қолдың арасын түйістіре ұстап, арасындағы тесікті көрсетіп:

- Мынадай жырықтан ырзық күткен күнің құрысын сенің, - деп біраз сөз айтып тілдеп кеткен

Байсейіт не десе де Тарпаң үндемеді. Басынан сөз асырды, шыдады. Сол шыдамның түбі қайыр боп, малы есті, бақ қонды, Тарпаң бай атанды. Байсейіт те қазағым, елім деген азаматтың бірі еді, қателескен жері де осы шығар. Кенесары ханды жақтағансың деп, ханның адамдарын ұстап бермей ауылына жасырасың деп орыс ұлығысан лаң шығарған "Бәже, Бәже" деп ел сыйлайтын Байсейіт бидің де соңғы уақытта көрген теперіші жетеді. Өзін қоя тұрып ұлы Нұрланды да абақтыға салып қойған. Ел болып жабылса да Нұрланды қамаудан шығара алмады. Орыстың ұлығына мал емес, алтын ғана керек екен. Ол сұраған алтын қайдан табылсын?

Шортанбай жырау Ағыбай батыр ауылдарынан қайтар жолда Тарпаң бай ауылына соққан. Тарпаң жырауды құшақ жая қарсы алды.

- Шортеке, тым болмаса үш-төрт күн жатып кетіңіз. Сағындық қой, - деген Тарпаң жыраудың ілімін сыйлап, атын атамай. Шортекең осы ауылда қонып жатқанының екінші күні тағы екі қонақ келген. Келгендердің бірі Байсейіт би, жанындағысы Көпбай. Баяғы бір түлкі інінің басындағы кикілжіңнен кейін екеуі табақтас болып көрмеген. Байсейітті Тарпаң ауылына қуып әкелген тағдыр. Тағдыр абақтыда жатқан баласы Нұрлан болып, алдын ораған. Алтын... Орыстың көмейін бітейтін алтын. Ол Бесатаның бар байының ішінде осы Тарпаңда ғана бар. Байсейіт Тарпаң ауылына баруға жүзі шыдамады. Сонан Бесатаның сөз ұстаған жақсылары Жанғұтты, Дүйсенбай, Қара, Есбергендер ақыл қосып, оның жанына еріп, тіл көмегін етуге Көпбайды қосқан-тын.

Тарпаң осының алдында ғана күздікке деп жабағы сойған-тын. Кеше Шортекеңе арнап қой сойған. Қонақтарға шәй беріп отырып баласы Иманбайға:

- Балам, ауылға елдің пірі Шортекең келіп еді, соның ырымы шығар, бүгін Бәжең мен Көбекең кеп қапты, ала биенін жабағысына бата жасаттыр, - деді.

- Бар дәм жетеді ғой, ысырап жасаманыз, - деген Көпбай сөзіне көнбеді.

Шортекең мен Байсейіт бірін-бірі қатты сыйлайтын. Байсейіт жасы кіші болса да жырауды Шортеке десе, жырау да оны Бәже деп құрметтейтін. Байсейіттің бүгінгі сынықтау жүзі көңілінің күптілігінен, әрі өткендегі ісінің өкінішіненекенін Шортекең танып отыр.

- Бәже, Нұрланның жағдайы қалай? - деді ақырын ғана.
- Мәз емес-ау. Орыстың сұрағанын табу қолдан келсе.
- Нұрлан - Нұрлан жомарт атанған Бесатаның ұлы емес пе? Кім тартынып қалар дейсің оның жолынан. Кәпірдің дұзағына азаматты іліктіріп қоя берсек, елдің арты не болады. Елім деп бас көтерер ешкімді қалдырмас онда мына орыс. Жо-жоқ. - Шортекең екі қолын бірдей көтерген.
- Оған жол беруге болмайды. Бүгін Нұрланды құтқарып, үлгі көрсетсек, келер ұрпақ бірін-бірі сүйрейтін болады. Ұрпақ, ұрпақ үшін қимылдауымыз керек.

- Бесатаның ел жақсысы сол үшін бізді жұмсаған еді, сіз де орайына келдіңіз, - деді Көпбай қуанып. - Ісіміз оңалар.

Шортекең айтарың бар ма дегендей Тарпаңға көз тастады. Даланың аңынан басқа қызық көрмеген, жақсы аттың жалында жүргендердің соңына ермеген үйкүшіктей еді, қайтер екен деген сауал жатқан. Ретін тауып анда-санда сөз қосқаны болмаса, Тарпаңның сөзге сараңдау екенін бұрыннан байқаған.

- Сонда, керегі алтын ба? - деп қалды Тарпаң.

- Е, орыстың көмейін тескен сол жылтыр тас. Сенде бар деп келдік, қазақтың бір азаматын абақтыға қор қылмас деп келдік. - Денелі Көпбай кеудесін түзеп, үлкендеу қой көзімен айнала сүзе қарады.

Әй, - Тарпаң бәйбішесіне дауыстады. - Ботамойынды алып келші, кәне.

Орнынан созалаңдай тұрған бәйбішесі табалдырықтың алдында жатқан ескі тайтеріні көтеріп, астынан ботамойынды суырған. Иін қандыра илеген ботаның мойнынан істелген қапшық Тарпаңның қолына тиді.

Кел, Бәжекем, кел! Сал қолыңды.

Шортекең Тарпаңның Байсейітке есесін жібермейтінін көріп отыр. Бұл заманның қысасы о дүниеге кетпейді деген осыда. Тағдыр шіркіннің шыр айналдырып әкеліп, кеше табалаған Байсейітті Тарпаңға кіріптар етіп қойғанына не шара. Тарпаңның ботамойынның аузын қалай ашып отырғанына көзі түскен Байсейіттің жүзін тер жуды.

Жөндеп аш аузын, жөндеп, - деп Көпбай да қозғалақтаған.

Жөні осы.

Тарпаң қос бармақ пен екі сұқ саусақтың ұштарын түйістіріп, ортасынан тесік жасап, ботамойынның аузын

соған келтірген. Үңірейген тесік әлдененің арт жағы сияқты. Байсейіт сол тесікке қол жүгіртіп, әрлі-берлі өткізуі керек.

- Бәже, жөндеп сал қолыңды.

Ұяттан өлердей қызарған, самайынан аққан тер мойнының жуған Байсейіт би Нұрланы үшін үңірейген тесікке еңкейіп, қолын салды. Аққан терден киімі денесіне жабысып қалған.

- Уыста, уыстап ал, Бәже. - Тарпаң сол ботамойынды ұстаған қалпынан өзгермеген. Табалағаны не жаны ашығаны белгісіз бір сыдырғы. Жүзінде не күлкі, не реніш жоқ. Шортекең Байсейіттің киімінің сыртына шыққан буды байқаған.

- Тарпаң!- деген жыраудың даусы саңқ етті. - Алдыңа келсе, атаңның құны болса да кеш деген. Жетер анауың, тарт қолыңды. Біле білсең, Бесата бір-біріңнен қашық емессің. Жас та болса жомарт атанған Нұрлан сенің де балаң.

- Өз арамыз ғой, Шортеке, өз арамыз ғой, - деп Тарпаң ботамойынның аузын бәйбішесіне ұстата салды.

- Ағайынның сыйы да, қалжағы да осы, - деп Көпбай мырс етті.

- Мынау қысқа ғұмырда сыйласқанға не жетсін. - Шортекеңнің дауысы лезде жұмсарған - Тек:

Заман ақыр боларда
Алуан-алуан жан шығар,
Қайыры жоқ бай шығар,
Ерегісіп жақсылар
Ел ішінде лаң шығар,

- деген болмаса деп тілейміз.

Ұйқысықашқан Шортекең тысқа шықты. Қысқы дала, аппақ көрпесін жамылған өңір маңып жатыр. Ай туа қоймаса да айнала жарық. Аспандағы Үшарқар Сүмбілесін сүйретіп асығар емес. Үркер әлі сол жақ иықта. Ендеше сары аязға да біраз уақыт бар. Кешқұрым қарауытып көрінген Айыртау енді айқындала түскен тәрізді. Таудың найзадай өркеш-өркеш шыңдары көкті тіреп тұрған сияқты. Айыртаудың биігіндегі Әтештастың төбесіне бір жұлдыз ілініп қапты. Өркеш-өркеш шыңдардың бәрі Әтештастың осы көрінісін тамашалап, үнсіз мүлгігендей, айнала аяғына жығылғандай. Арқаның түні тым-тырыс.

Арқаның қысқы түні аппақ ару. Қысқы түн, ертеңін ойлаған ақсақал.

Таң алдында ғана көзі ілінген Шортекең кештеу оянды. Үй іші де тым-тырыс екен. Өзінен бұрын тұрып кеткендер мазасын алмайық, дем алсын деген бе, қайтып үйге бастарын сұқпапты.

- Құрдасымның ұйқысы қалай екен, - деп есік ашқан Жанғұтты екен.

- Құрдасыңыз ба? Құданыз ба? - деп Көпбай әзіл айтқысы келген ниет танытты.

~ Құрдасым да, құдам да
Түшіркенген ұйқы жоқ,
Қайғының асқан зорлығы,

деген де осы Шортекең.

Таңғы аста басын көрсеткен. Тарпаң қонақтарын бүгін жібермейтінін айта келіп:

Құтжан құдам бүгін қайтпақ. Соған арнайы дәм дайындатып жатырмын. Елінің жақсыларымен таныстырмады, бұнысы несі деп жүрер, солдәмде баршамыз бірге болайық, - деп қолқа салды. Ешкім үндей қойған жоқ еді. Ретті сөзге бәрі іштей тоқтаған.

Сыйласа білсе құда-жекжат туысқаның, жасыңнан құлын тайдай тебіскен, егіздің сыңарындай сеніскен құрбы құрдас, дос-жаран өмілдірік-құйысқаның. Ел жақсылары - елдің есі. Құдаңның түрін біз де көрейік, - деп Жанғұтты мәтелдеп, майда тілмен жорғалата жөнелді.

Тарпаңның құдасы етженді, орта бойлы, дөңгелек жүзді кісі екен. Орнынан тұрып, сәлем берді. Сәлемінің ыңғайына қарағанда, қолын тесіне басуына орай аз ба, көп пе діннен де сауатың бар-ау деген. Келгендерге төрдің төбесін босатып еді.

- Қонақ сіз. Біз осы елдің адамымыз, - деп Шортекең орнына жайғастырды.

Құтжан құда Шортанбай жырау туралы естуі мол болса, іргелес ел болған соң Кәдір, Жанғұтты, Дүйсенбайларды да сырттай білетін болып шықты. Әңгіме қисынын аншылыққа қарай ығыстырып:

Біздің жақын ағайынның жалғыз ат, жалғыз иттен басқа ештемесі болмаса да қанжығасы бос қайтпаушы еді, - деп қойды.

- Аңшы бұйырғанын алады да, - деп Жанғұтты қысқа ғана қайырған.

Кеше ел жата келіп, құдамен бірге болған Қозыбақ Айтжан әңгімені ел жағдайына қарай бұра берген-тін. Құтжан құда құдалық артықшылығын пайдаланғысы келді ме, әлде мысқыл қажетсінді ме, кешеден бері Тарпаннан жөнді әңгіме естімегенін айта келіп:

- Құдам кешкі малға шыққанда жалшыға бұйрығын көбейтіп, үні шығып, саңқылдап, бабы келген қырандай шаңқылдап кетті, - деп кекеткендей болды. Айтжан жұлып алғандай:

- Құдаңыз қыран болмаса, баласы сіздің балапанды бауырына басып жаншар ма еді, - деп іліп түсті.

Әңгіме өрісі өрбімей, тоңтерістеу болған құда ас іше сала аттанған. Саятшыл топ аттардың бабын, иттердің асын байқап, ертеңгі жортуылды сөз еткен ұзын арқаумен күн өткізіп, тағы бір күн дем алды.

Ертеңгі аңшылықтың тізгіні Тарпанның қолына тиді. Ақсарлының Шомақ, Қанай бұлағына қараған жағында аң жыртылып айырылады деген. Аяқ Босағаға іліге бере табан астынан тұра қашқан қоянды адымын жаздырмай Жанғұттының Сарықасқасы іліп әкетті.

- Қоянның жолы қатты болушы еді, қанжығаға байлағаны дұрыс болды, - деді Тарпаң кәнілігін білдіре.

- Алдырмай кетсе ше? - деп қазбалады Темеш.

- Ойбой, онда айтпа. Онда күні бойы жүрсең де ештеңе ілікпейді.

Арғы беттен қылаң етіп бой көрсетіп, алыстан қашқан түлкіні қуып бар ит кетті. Шалтастың бұл жағына қар тәуір түсіпті. Ойға түссе ажалын сезген түлкі қыр жотадағы тастың үстімен безіп, бар итті ертіп көзден таса.

- Қап!

Өкінгенше болмады, шіліктің арасынан тұрған бөрі қайырылып қарады да Қанай бұлағына қарай тартты.

- Айтақ-ақ!

- Айт, айт.

Кенет Ақсарлының биігіне қарай ұмтылған бөріні Кәдір аттың баурына алып, еңіске қарай түсірген. Жазықта жағдайының ауырлығын білді ме, қасқыр Шомаққа қарай жанын сала қашты. Дүйсенбай мен Жанғұтты Шомақтың

биігіне жібермей алдын орап, алқапақ қайта тықты. Бір ит жоқ. Дала далбақтаған шабыс.

Қасқырды Шалтастың қиынына жібермес үшін Қанай бұлағы жағын Шортанбай жырау мен Тарпаң алған.

Шортанбай жырау мен Тарпаң бұлақтың аяқ жағындағы шигекеліп тоқтады.

- Сіздің әкеңіз Қанайдың жұрты ғой, - деді Тарпаң айналаға ұзағырақ қараған Шортекене.

- Иә, бұл әкесінің ғұмырының талай жылы өткен ескі мекен. Ана бұлақтың ағысын бөгеп, егістікке су айдаған арықтары әлі жатыр, Ол да бір өткен уақыт, өлшеулі ғұмырдаырыс іздеген шақ.

Шортекең енді жазықтан бері қарай беттеген екеуге көз салды. Ізбен келе жатқан Қарабек пен Кесек. Шоқ қарағанның ішіне кірген қасқырдың қайтып шыққанын көрген жан жоқ. Ат тізесінен зорға асатын қарағанға кірген ізбар, шыққан із жоқ, не өзі көрінбейді. Жетпіс-сексен қадам жерге таяп келіп, қоршай тұрған.

- Қайда? Қайда кетті? - деседі.

Иелеріне қайта оралған иттер де самарқау. Батаоқырға жиналғандай көздерін жалқау ашып, монтансынып, қаздай тізіліп отыр. Әлдене уақытта жеткен Тұйғын ырылдап секіріп түсті де, айнала айбат шеге қарады. Сонан соң үй орнындай алаңқайдың ортасындағы қалың қарды қапты. Басын бойлата сұққан ит ұстағанын сілке суырып лақтырған. Тұмсығының ұшын ғана шығарып жасырынып жатқан бөрі енді құтылмасын біліп, қарсы секірген еді, Тұйғын тамақтан алып бұрап соққан.

Өмір арпалыс. Тіршілік үшін айқас көз алдында өтті. Халық та монтансыған, момын. Момын айдауына жүреді, таптауына көнеді. Момынның жүрегін оятар, санасын сілкіндірер ақынның сөзі. Момынды бастар жігіттің сұлтаны керек. Үміт алда. Кенесарыдай айбынды азамат керек.

- Керек... керек... деп Шортанбай жыраудың жүрегі дүрс-дүрс соғады.

ӨНЕР ОРДАСЫНДА

Етекті тұман басып жатыр екен. Кәрі Аюлы қымтана оранған қариядай бөксесін тұманға малып, мүлгіп отыр. Аюлының Аршалысының Құсмұрыны көзге түспесе де, етегінен біреу от жағып жатқандай, тас төбесі будақ-будақ.

Соны қонысқа кеше қонған ауыл шалғынды жапырып үлгермеген. Жинастырып, орны орнына қойылмаған теңдер теңкиген-теңкиген қалпы. Ерте тұрған кәрі әжелер безілдеген баланы ұстап, әйел біткен мүлкін тасыған.

Күн көтеріле тайпалған жорға мінген кісі жыраудың үйінеат басын тіреді. Жанындағы жігіті лып етіп, секіріп түсіп, жорғаның тізгінін алған

- Оу. Үйде ешкім бар ма?

Шөжені дауысынан таныған Шортекең мәсісінің сыртынан киетін кәлөшіне аяғын асығыс сұғып, асыға шықты. Ішінен "бұл ауылға соғамын деген сөзі жоқ еді" дегенді де ойлап үлгерді.

- Ассалаумағалейкүм, Шөке.

- Құдайға шүкір.

- Үйге... үйге төрлетіңіз.

Шортекең қай қонысқа қонса да "отырған орын сыз болады, ауру-сырқау жөнсіз ұстаған суықтан" деп, үй ішіндегі шалғынның үстіне тайтері төсетіп, оның бетіне өгіздің иленген тұтас қайысын жаздырып барып сырмақ, алаша салдыратын. Сырмақ үстінде қалың көрпе. Малдас құрған Шөже ақын таянған болып, астының қалыңдығын байқап көрді.

- Жарайды, - деді.

- Не дейсіз? - деп жігіті құлақ түре қалған.

- Жай, әншейін

Шөже ақын үй ішіне қадала көз жүгірткен. Сүйегі түзу үйдің сәні де бөлек. Шортекең сегіз қанат үйінің шаңырағын сонау Көкшетау жағынан алдырған. Емен шаңырақтың күтімі де ерекше, жылына бір рет қыстауға қонарда жылқының майымен сылап қоятыны бар. Емен шаңыраққа сызат түспеген, жаңа көтерілгендей жылт-жылт. Кереге-уықтар осы Бесатаның үйшілерінің қолынан шыққан. Тезге салынған уықтар саусақтың саласындай түп-түзу. Уықтардың қаламға жақын жағы қынамен қызыл түске боялса, ортаңғы тұсы көгілдір, кереге қадалар төменгі маңы жасыл түспен сырланған.

- Жарайды, - деді тағы да Шөже ақын.

- Сонан соң Шөженің көзі тағы да үй ішін аралап кетті. Есіктің де бітімі бөлек-тін. Шортекең қос жаппалы сықырлауықты Түркістан маңындағы туысқандарына тапсырып жүріп жасатқан еді. Есіктің ішкі, сыртқы оюларының өзі бөлек-бөлек. Қатты ағаштан жасалған мандайшаға әдемі ойылған араб әріпімен дұға жазылған. Шөже оған қадала қарап, ежіктеп оқып шықты.

Тор көз керегелердің бергі жағына тұтылған кілем мен түскиіз қатар жарысып барып, есікке құлаш-құлаш қалғанда тоқтапты. Осы жерге құрылған құлаш-құлаш шымшидің қапталы есіктің екі босағасына жете тірелген.

Шымшидің беті кілемнен бетер әдемі. Көздің жауын алғандай сұлу оюларға қарап жанарың жасқанғандай.

- Өзім де осыны күтіп едім, - деп Шөже ақын Шортанбайға қарады.

- Нені айтасыз? - деп ақынның нені меңзегенін Шортекең анықтай түсті.

- Өнер алды қызыл тіл дейді ғой қазақ. Сенің үйің өнердің ордасы емес пе. Келген де, кеткен де өнердің жақсылығын көріп сусындап, кембағыл көңілді жан жарасына дау тапқандай болып, "әйтеуір бір көрейінші" дей бас сұққанына өнер жұғысты болуы қажет қой.

Шортекең құптағанын танытып, бас изеді.

Шаңырағымыз кейде төңкерілген аспан, төсенішіміз тоқым болып жүре береміз. Сөйтіп жүріп халықтың көңілін оятсақ деген ниеттеміз. Ал, сенің жөнің басқа. Шығыстың тәлімін алдың, батыстың жұртын көріп, салт-санасымен таныстың.

Көздеген мақсат біреу ғана ғой, - деді Шортекең Шөженің сөзін бөліп.

Әрине, әрине. Дегенмен біздің атүсті айтқанымыз біреуге жетсе, басқаға жетпей бүгін бар, ертең жоқ өмірде ұмытбоп қала береді. Сенің өмірде түйгенің көп, мақсат-арманың да айқын. Сол себептен жасқанбай ашы да айтасың. Ашы айтқаның халықтың көңілінен шығып жатыр. Осы күнгінің сауаттылыққа бет бұрған бірен-саранының қолынан Шортанбай айтты деген жазбаларды да көрдім. Көрдім де қуандым. Мынадай сөзді жинаған халқым өлмейді екен деп қуандым.

Шөженің көзі ортадағы ошаққа түсті. Шығырлап, оюлап келтірген ошақтың бұтын түтін шалмаған еді. Шөже ыс шалынған жоқ па екен дегендей уық пен шаңырақты тағы

шолып өтті. Шортекең бұл үйіне ас пісіртіп, лаулатып от жақтырмайтын. Тек күздің қара суығында ғана қи қалатып алатыны бар. Сонан соң ошақты құрым киізбен өз қолымен тазалайтын еді. Оюлы ошақ та осы үйдің сәні. Осыны сөзсіз ұққанақын Шөже:

- Бұл да дұрыс екен, - деді.

- Тамаша ошақ қой, - деп жігіті де қостады.

Арқаның осы өңірін аралап жүрген Шөжемен Шортанбай кеше ғана Жанғұттының үйінде кездесіп қалды. Бұдан да бұрын ақын Шөжемен жәрмеңкеде, Құнанбай ауылында жүздескені бар. Кіммен орайласа қалса да уытты тілін қадап алмай жібермейтін Шөже күні бүгінге Шортекеңе қарап сөз қатып көрген емес еді. Осы жолғысы басқа. Танымағандай сығырая қарағанын-ақ тиісуге қара таппай отырғаны сезілген. Сонан аяқтағы қымызын шайқап ішіп біраз отырды.

- Ақын деген қасиетті атты жамылып жүргеннің бәрі ақын ба екен?

Сауалдың кімге айтылғанын біле алмай Жанғұтты мен Шортанбай бір-біріне қарады. Жанғұтты жөткірінді. Шортекеңді Шөженің мірдің оғындай қадалатын тілінен сақтаудың амалын таппаған. Шортанбай мына Шөже сияқты күнде әркіммен қақтығысып, сөз жарыстырып, айтысқа түсіп жүрген ақын емес. Ендеше екеуін айтыстырып, қызықтап отыру не ләзім.

- Ақынның да ақыны бар. Әр ақынның өзінің сүрлеу-соқпағы, мақсат-мүддесі бар емес пе. Дала жұртының тәлімімен өскен ақын мен шәйірлік екі басқа, - деп Жанғұтты алысқа сілтей бастаған еді, Шөже:

- Е, сүйретіп қосқан тазы түлкі алмайды, - деп салды.

Енді үндемей қалудың реті жоқ еді. Енді үндемесен мына Шөже міне түсіп, қарайған халықтың алдында қарақшы қылып кетеді. Өйтпесе Шөже бола ма.

- Ол әркімнің кісілігіне, кісілікке сүйреген дәстүріне байланысты болар. Бұхар жырауды кемсіткен ешкім болмаған. Бұхар айтты деген сөз бізге жетті. Бірақ Бұхар жырау пәленшемен айтысып жеңіпті-жеңіліпті дегенді естімедік.

- Бұхарекеннің айтысқа түспегенінен біз де хабардармыз. Науан шәйірді өзін сияқты түбін тесе оқымасақ та білеміз.

- Ата, шәйір деген не? - деп Жанғұттының немересі сөзді бөлді. — Судағы шәйір ме? Мына кісі оны қайтеді?

- О, бар болғыр, - деп Шөже күліп жіберді. - Ол патшаның тағындай баласына мирас боп қалатын лауазым емес, Алланың пендесіне бергені.

- Ата, патша орыс па? - деп бала тағы кірісті.

- Бұл заманның баласына дейін кәпірдің атын таныған. Қырық серкешін сұраған жиендей тақымдап қоймауын карашы. Жерінен бір, малынан екі айырылған ана Омбы, Томбы, Қызылшардың қазағы орысқа жалданып шошқасын бағып, баласының аты Имань - Иван-боп жүр. Содан сақтасын, құдайым, - деп Шөже уайым төкті.

- Алла сақтасын, ол пәлкеттен. Дін мұсылманның әдет-ғұрпынан аумасақ, бала-шаға адаспас жолын табар, Шөке, - деп Жанғұтты сөз арнасының ауысқанына іштей риза боп отырған.

- Естіп жүрмін, Шортанбайды. Ұлық пен орысқа айтқаны ащы. Шындықтың тәтгісі шамалы. Әр жерде кей ақынмен, осы Бесатаның Елемес ақынымен айтысын естіп, айызым қанды. Ақындық ел бастаған өнер.

Шөже домбырасын қолына алып, аз-кем шертіп отырды да өлендетіп қоя берді.

Сөз бастайын әуелі, Шортанбайым,
Көргеннен сөз сұраған тіл-тандайым.
Арқада атың шықты ақын деген,
Қожаеке қалай болар бұл таңдауың.

Шөже мен Шортанбай кезек-кезек әлденеше рет қағысып өтті. Екеуінің де сөз саптау сынайы әзірге сыйласудан аспай жатыр. Досы үшін жаны күйген Жанғұтты шешен де іштей "уһ"деп дем алғандай. Өз кезегінде Шортанбай;

Әй, Шөже, ғибрат қып сөз айтайық,
Бос мактан, пәни сөзін аз айтайық,
"Сен жеңдің, мен жеңдімнің" пайдасы жоқ,
Тілейік мұсылманның амандығын,
Халыққа ой түсетін наз айтайық, -

деген.

Шөже ақын сарқырап ағып келе жатқан судың алдын бөгегендей кілт тосылып, домбырасын шертіп, "о-үй-ии"-деп толғанып біраз отырды. Сонан соң дауысын шырқау биікке көтеріп, "ау-ей-и" деп алды да, қалықтаған құстай төмендетіп:

Шортеке, ел сыйлаған пірім еді,
Сенімен айтысуға тұрып едім,
Басқадай қу соқыр деп кемсітпедім,
Басқа ақын тап өзіндей ірі ме еді.
Осымен мен сөзімді тоқтатайын,
Алланың сөзін айтып, ғаділет жол,
Алды-артты бірдей орап жібермедім.

- деп бітімшілікпен айтысты аяқтаған.

Азырақ шарпысқан екі ақын құшақ жайып, төс қағысты.
Шөже;

- Жасым үлкен ғой, ағат сөз айтсам кешірерсің, - деген.
- Ағадан сөз есту, жол көру - інінің парызы. Сіз де артық кеткен сөзім болса айыпқа бұйырмаңыз. Өнер жалғасты, сіз аға, мен іні.
- Осыны білгеніңе рахмет, інім.
- Мен сізден тағы бір тәлім алдым деп есептеймін. Өнер ғой, ағасының жағасынан алды деп ешкім сөкпесе болды.
- Айтыс үлкен-кіші демейді, ол бабалардан келе жатқан үлгі ғой, - деген Шөже ақын.

Ол кешегі күн еді. Табан астынан Шөженің жетіп келгеніне Шортанбай аз-мұз абыржыды. Шөжемен сәлемдесеміз деп ауыл адамдарынан соң осы ауылдың жиі қонағы Бозбай мен Бөрібай келді. Бозбай Кәрсөн Базарға тұрмысқа шыққан. Шортанбайдың анасының әпкесі Гүлімжаннан туады. Шортанбаймен бәле болған соң да, әрі ақындықты қуған, сөз іздеген азамат бұл ауылды жиі іздеушінің бірі. Әкесі Базардың да сөз өнеріне жақындығы бар. Әйелі Гүлімжан адуындау болып, кейде Базарға да соқтығысып қалып жүрсе керек, сонда Базар:

Хан алдына барғанда,
Хан таппаған мінімді.
Би алдына барғанда,
Би таппаған мінімді.
Гүлімжанның алдында,
Көрмей-ақ қой күнімді, -

деген.

Гүлімжан адуын болса да ақылды әйел екен, сол күннен бастап ерінің бетіне қарап қатты сөз айтуды қойып кеткен. Нағашы апасының үйінде болып жүріп Шортекең Гүлімжанның артық мінезін көрмеді. Бірақ қайындары да,

басқа да бетіне келмей ығып отыратын. Не айтса да кесіп айтатынын, сөз түбінде ақыл жататынын байқаған да, Гүлімжан апасына деген құрметі бөлек еді.

Базармен бірге кешегі күні Арқаның осы өңіріне белгілі бола бастаған Қыздарбек те келуге тиіс-тін. Қыздарбектің домбырасы, жас күйшінің шертісі деген ел тамсанған аңыз бола бастаған. Өткенде бір қонақ болып отырып Қыздарбек:

- Шіркін, домбыраның әр шегін жеке-жеке жеріне жеткізе шертіп, әр пернеден сиқырлы үн шығарғанға не жетсін. Шертпе күй қос шекті бірдей дарылдататын төкпе күй емес қой, - дегені Шортекене қатты ұнаған.

Жұрт жиналған сайын арқасы қозып, ашыла түскен Шөже ақын әңгімеге мольнан кірісті. Алдындағы шайды асықпай ішіп, көрген-білгені мен көңілге түйгенін емен-жарқын мінезбен жұртқа төгіп отыр.

- Мына Шортанбаймен кеше ғана кездесем де осы ауылға баратынымды айтпадым. Кәдуілгі тірлігін көргім келген. Сонан соң, мына менен кіші болған соң атын айта беремін ғой, бұл кісі ақын да, ғалым да. Оның үстіне ән шығарып, күй күйлегенін де ел біледі. Өнер ғой. Үйі өнердің ордасы. Күні бүгінге дейін бұл жаққа жол түспеді. Жол түскен екен өнердің ордасын көру парыз, оны аттап кете алмайсың.

Шөже, жол қисыны келмеді ме, біздің ауыл жаққа соқпадыңыз ғой, - деді Бозбай.

О, білемін, Бидайдың тұқымы сенің еліңді. Айтып отырғаның Ақтас-Шалтас қой. Араб деген де тауың бар.

Сол тауды дін-мұсылманды елгетаратқан пайғамбар ұрпағы мекен еткен жер екенін де естігенмін. Бұл жолы болмаса, келер күндерден үмітім бар.

- Кеше жақсы Жәкең ауылында деп естіп едік.

Шөже Базарға қабағының астымен сүзіле қарады. Қарасында сен де сөз өнерін ұстасам ба деген жігітсің-аудың сынайы жатқан. Сонан соң барып тіл қатты.

- Жанғұтты да жайсаң жан екен. Сыртынан көргенім болмаса, дәм-тұз татысып, дастархандас болғаным осы еді. Айтары қандай ащы болса да мақтамен бауыздағандай етіп, сипап отырып жеткізуі қандай өнер. Тілі майда, жорға жанның да соншама діншіл болғанын көргенім осы.

- Аюлының сыртында салған мешіті де бар ғой.

- Жалғыз мешіт пе? - Күлімсіреген Шортанбайдың жүзінен жып-жылы леп ескендей нұрланған. - Жанғұттының екі сөзінің бірі діни тәлімде жатыр. Дұшпанды да ақылмен алып отыр. Анау жылы ұлықтар Ағыбай мен екеуінің арасына шоқ тастамақ болғанда да қабақпен табысып, тіл асты келісіп кеткен осы екеуі ғой.

- Ол оқиғаны естуіміз бар. Ағыбай сонан кейін ғой Тайатқан-Шұнаққа шығып кеткені. Ағекемнің де ақылы жетерлік жан ғой, - деп Базар сөз қосты.

- Ал, Жанғұттының Құнанбайдың қырына іліккен Мәнжолды қалай құтқарып жібергенін естіп пе ең?- Шортанбай бөлесіне бұрыла көз салды.

- Сол әңгіме шолақтау боп тұр.

- Кенесары хан жеңілгенімен оның ізбасар-жақтастары орыспен ұрысты жалғастыра берді ғой. Соның бірі Құдайменде кейде қол жиып, кейде жалғыз өзі жеке-жарым шыққан орысты қия бастырмай, қала мен қала арасындағы ұлықтыңпоштасын тартып әкетіп, ояздың есін тандырды емес пе. Сонан жандарал атаулы Құнанбайға Қарамендені ұстадеп тапсырыс берген. Құнанбай Қарамендені өлімге қимай, Мәнжолға айтқан. Мәнжол Қарамендені ұстап тұрып қоя берген ғой. Енді осы шарудан Мәнжол құтылу үшін Жанғұттыдан ақыл сұрай келген.

- Құнанбай діншіл еді, не сұраса да, не айтса да " бұл іс құдайдан ғой"дей бер деп ақыл үйретіпті.

- Жанғұттының солай ақыл үйретуі де құдайдан ғой, - деп қалды Бозбай.

- Тауып кеттің. Бірақ сол ақылды жаратушы тәңірім екінің бірінің есіне сала бермейтіні де бар. Өйтсе бәріміз дана болмас па едік, - деп Шөже де шалқая күлді.

- Шөке, - деп сөзге Бөрібай араласты. - Сағал-сапақ ауылына сізден кейін мен де барып едім, өзі біраз оқиға болғандай екен.

- Ә, ол жақта...

...Қуандық ішін молынан аралаған Шөже ақын соңғы үш күнін Тоқа Тойымбек серінің ауылында өткізген. Тойымбектің жастық шақтағы талай қитұрқы шексіз әңгімелерін естіп бір жасады. Өзі де қарыздар қалмады. Шөже ақынды бір көреміз деп келгендерге жырдан шашу шашып, кейбір оқыс істеріне қолма-қол өлең шығарып,

елдімәз еткен. Талай қызыққұмар жұрт ауылына шақырса да енді біртіндеп елге қарай бет түзегенді жөн санады.

Қонысы да тозып отырған Тойымбек сері жұрт ауыстыратын күні Шөже де таң азаннан ерте тұрып, қымыздың тұнығын ішіп, екі құртты қалтасына салып, атқа қонды. Тойымбек сері қасына жолбасшы жігіт қосып берген. Жолшыбай Тойымбек сілтеген жақты бетке алып, өзімен өзі болып, ұйқыдан енді оянатандай манаурап жатқан далаға сүйсініп тарта берді. Таңмен бусанып жатқан дала қиялға жетеледі. Есіне өткен күннің қотырланып кеткен сан оқиғасы түсті. Ащы тілін талайға қадапты. Соның біразы бүгін дос, талайы әлі қас. Қасының айтатыны:

- Соқыр ит.

- Қырғыз, - деп арғы түбін қазбалайды.

Бұл өмірде байысам деп мал іздеген жоқ. Еңсесі түскен елдіңкөкірегін көтерсем деді, езілген жүрекке демеу болсам деді. Іздеген малы осы. Енді еңкейген шақта түсінгені "мал"да керек екен. Мына орыстың орнатқан заманында бәрі сауда, бәрі тиын-тебенге бағынған. Малың болмаса, сені керек қылар жан жоқ. Енді байқаса, сыйлас ағайын-туыс дегеннің бергі жағы ғана күлетіндей, арғы жағы құйқылжың. Заман осылай бола берсе, ендігі азаматты қойнында жатқан қатыны да сыйламас.

Азан-қазан қасқыр шапқан табынның үстінен шықты. Бір көк ит шабан торысын тепеңдеп жеткенше қойдың ол шетінен кіріп, бұл шетінен шығып жүр. Жолбасшы жігіт екеуі де аттың басын жіберген. Ағызып келе жатқан қос аттыны көріп, қасқыр да безді. Жалт етіп өзен арнасына түскен қасқыр қайта тапқызбады. Мүйізі құлағын ораған қошқардың құйрығының жарымы қасқырдың аузында кетіпті.

- Тура пышақпен ойып алғандай, - деп қойшы таң.

- Кімнің малы? - деп сұрады Шөже.

- Сапақ байдың малы, Соған жалданып жүр едім.

- Сорлататын болды ғой сені, - деп жолбасшы жігіт жанашырлық білдірді.

- Байкеңнің ондай пиғылы жоқ. Ол кең адам, - деп қойшы мал иесін ақтаған.

Қойшының қойыртпағы тәтті болды. Бұрын қымыз құйған жанторсыққа сүт сауып, ішіне қыздырған тасты

тастап жіберген. Бұрқ-сарқ қайнады. Жанторсықтағы қойыртпақ үшеуіне де жеткен. Шөже ақын қойшының Сапақ байды мақтағанына көңілі толып, "елге ырыс қазақ байлары әлі бар екен" деп, іштей қатты қуанды. Естуінше Сағал-Сапақ байлар бірге туады. Бақ қонған ел деседі. Ырғай деген атақты жүйріктер де осы байлардың көз алдынан өткізіп, есірген жылқысы.

Кеш те түсті. Сапақтың ауылына ел орнына отырғаннан кейін ғана жеткен. Шылбырды кермеге іле салып, адам келгенін білдіріп, жөткірінді. Жатып қалған ба, қайырадыбыс болмаған соң, есікті айқара ашып.

- Ассалаумағалейкум, құдайы қонақпыз, - деп кіріп барған.

Өлеусіреген білте шамның жарығының ар жағынан жаңа жатқан төсегінен Сапақ бай басын көтеріп

- Кеш келген қайсың? - деп көзін көлегейлеп.

- Біз ғой. - Жолбасшы жігіт еңкейіп қолын ұсынған. Сыбырлап үй иесіне тағы бірдеме деді. Сапақ бай жалмажан қайта киініп:

- Иә, қамданындар, қонақ келді, - деп дауыстады.

Төр алды тез босады. Көрпелер ағаш төсектен орнын тапты.

- Төрлетіңіз, Шөке. Нағыз құдай айдап келген адамсыз.

- Рахмет, Сапақ бай, көңіліне рахмет.

- Қысқа ғұмырда сіз сияқты адамды бір көруде ғанибет қой.

Есіктен бата сұрап марқаның басын көрсетті.

- Демалсақ деп едік. - Шөже дәмнің пісуін қашанғы күтемізді сездірген.

- Марқа ғой, бие сауында дайын болады.

Лезде дастархан жазылып, қымыз сапырылды. Қымызға малған арқар мүйізінен жасалған ожау да, бабымен құлаштай сапырған Сапақ байдың бәйбішесінің қимылы да келісті екен.

- Пай-пай!- деді сүйсінгенін жасыра алмаған Шөже.

- Біздің бәйбішенің қимылы паң, - деп Сапақ та мақтанып қалды.

Бір-екі тостағанды басына төңкерген жолбасшы жігіт жолда көрген-білгенін айтты.

- Қап! - деді Сапақ бай.

- Қой шығыны.., - деп Шөже сөз түрткен.

- Мал бар ғой, шығынсыз болмайды. Қой баққанның астына тәуір ат беріңдер деп едім, - Сапақ ренжіп басын шайқады.

- Енді оған өкініп болмас.

- Сол малға итқұс жиі араласып жүр. Қап деп өкінгенім, соның алдырмай кеткені да. Төбеттің қасқырға күші жеткенімен, қуып жете алмайды. Мына Тағылыдағы Қояншы Қарабек-Жолданның бөрібасар тазыларының тұқымына көз салып жүрмін. Ит асырасаң, солардай асыра. Ата-бабасынан бері сол тазының ұрпағы өздерінен үзілмей келе жатыр.

Марқаның дәмді етін тоя жеп, жатып қалған. Кеш жатса да ерте оянды. Қонағы тықыршыған соң Сапақ бай да жатпады. Таңғы астан кейін Шөже рұқсат сұрады. Бірер күн дем алыңыз дегеніне жауабы әзір-тін. Сапақ бай Шөже ақынның ерін судай қара жорғаға ауыстырып ерттетіп:

- Менің сізге мінгізгенім. Өз атыңызды жеткізіп беру де міндетімде, - деп қоштасқан.

Қара жорға аттың жүрісі жақты. Үстіндегі адамды жай ғана тербеп отыратын жорға тоқымды қажатар емес, көз көрім жерге жетуі де ұтымды. Күн найза бойы көтеріле түнгі шық та кеуіп үлгеріп, жазық дала сағымданып сала берді. Әлден-ақ бұйрат-белдер мұнартып, биіктеп, асу берместей көрінсе, өзек біткен жайқалған дария дерсің.

Шөже ақын бір мезет аттан түсе салып, біраз жер жаяу аяндаған. Ұзақ жолда өстіп тізесінің құрысын жаздырып алатын бар еді, енді онысы қажеттілікке де айналған.

Ұшы-қиырсыз далиып жатқан даланың сонау шетінен Көктің көлі жарқырап ерекше көзге түсті. Көлге қарай беттеген табын-табын киік даланы жөңкілген қызыл-шұбар түске бөлеп, түрлендіріп жіберген. Киігі осынша көп даланың шөбі де шүйгін. Тап осы жерге отарлы қой әкелсе тып-типылетереді, бұлқалай деп Шөже ақын таң қалды.

Әлдк киік деген жануар таңдағанын ғана жеп, басқасына тұяғын да тигізбей өте ме екен.

Күн тал түстен ауып барады. Жолбасшы жігіт Шөжеге қарады. Онысы ауылдың біріне соқпаймыз ба дегені.

- Көктіңкөлінің балықшыларына соға кетейік. - Шөже Көктіңкөлі деген атауға әлі таңырқауда. Не деген тамаша атау. Мына күн күйдірген далада не ағып келіп, құйылып жатқан Сырдария түгілі Нұра сияқты өзені жоқ жер ортасы

көк төбеде жарқыраған айдын жатыр. Тура көктен түскендей. Көктің көлі, Алланың рахманы. Жер атауын қазақтай тауып қоятын халық жоқ шығар.

Көктіңкөлінің жағасына да мұжықтар иелік ете бастапты. Ақыра сөйлеген мұжығы мен бақыра сөйлеген мәтүшкелерінен олардың мекендерін танып, айнала өте жүріп, қазақтың да қонысын тапқан. Тозығы жеткен киіз үй, оның жанында балшықтан соққан аласа тоқал там. Тоқал тамның иесі қонақ келгенге қуанған рай білдіріп, күлімсіреді. Екі қолын бірдей ұсынып, сәлем берді.

- Түсіңіздер, түсіңіздер.

Шұрық-тесік кигіз үйдің төрінде тулақ. Тулақ үстінде қырық құрақ көрпе. Үй иесінің ықыласына риза болған Шөже ақын көңілі тасып, жайлана бастады. Кимешегінің етегін беліне қыстырған әйел дастархан жазып, еріне караған.

- Әкел.

- Әйел үшке бөлінген дәу лақа балықты табағымен ортаға қойды.

- Сөге жамандамаңыздар, біздің құдайы қонаққа ұсынарымызосыдан басталып, осымен аяқталады, - деді тершіген үй иесі.

- Пейіліңе тойып отырмын, інішек. Осыдан артық дәм болмайды. — Шөже лақаның дәмді етін асықпай ала отырып әңгімеге шақырды. - Көл жағасына да орыстар иелік ете бастаған ба?

- Несін айтасыз, балықтың да көбірек баратын тұсына солар ие. Әзірше осы жерге ие боп отырғандаймыз, түбін кім біледі. Қажетсінген күні мылтығын шошайтқан орысын ерте келіп, қуып шығады. Біз қуалаған киік тәрізді боп қалдық қой. - Үй иесінің уайымы Шөженің жанына батты. Жеп отырған асы тамағына тірелгендей болып, әйелдің ұсынғаншалабынан жалғыз-ақ рет жұтып, дем қайырды.

- Рұхсат болса, біз жүрелік, жол қашық еді.

Балықшының үйінен көңілі жабырқаулау шыққан Шөжеге осы айнала барқырауықтар қаптаған жат әлем, сасық дүние боп көрінді. Жат иіс қолқасын қапқандай есеңгіреді. Сонан соң бұрылып Көктіңкөліне қарап еді, жарқыраған айдын да көңілін ашпады.

Бел астынан ауыл көрінген. Шымқай ақ боз үйлер қаз-қатар тігіліп, ен жайлауда тізіліп кетіп бара жатқан қазды елестеткен.

- Сағал байдың ауылы осы, - деді жолбасшы жігіт.
Түс ауа келген құдайы мейманды жөнімен қарсы алғандай болмады. Кермеге аттарын байлай салып, ортадағы еңселі үйге бет алған бұлардың жолын бөгеген жігіт:
- Мұнда, мұнда, - деп қақпалап іргелес тігілген үйге енгізген.
- Кім өзі? - деген жақтырмаған үн шықты ақ үйден.
- Сұрамадым.
- Қара жорғаны қайдан мініп жүр? Аяулы атты кім көрінгенге беріп. - Құлаққа жағымсыз кейіген үн дүңк-дүңк естілді.
- Сапақ байдың ауылынан шыққан сияқты. Сол кісі берген шығар.
- Көрінгенге ат мінгізіп... - дауыс иесінің Сағал екеніне дау жоғын Шөже біліп отыр.
- Әй, анаған кім екенімізді айтшы! - деп жолбасшысын жұмсады. Іле ақ үйден:
- Кім дейсің? Шөже... Әлгі соқыр Шөже ме? Е, ол болса қайтейін? — деген дауыс жетті.
Шөженің есімін естіп, көрші үйлерден бері беттегендер болса да қонақ үйге тым таяна алмай орта жолда іркілген.
Бәрі де Сағалдың қабағына қарайлайтын сияқты. Жұрт жиналды-ау деген шақта Шөже жігітіне:
~ Домбырамды әперші, - деді.
Домбыраны күмбірлете ойнатып-ойнатып алды да, қағып-қағып жіберіп, дауысын көкке өрлетіп алды.
- Ойпырым-ай, дауысы неткен зор, - деген құлағына жетті:

Оу-ей-и...
Көктің көлі байлаулы биесіндей,
Лақа балық байлардың түйесіндей,
Әкең байғұс балыққа қақалғанын,
Ұмытпасаң, Сағалжан, білесің ғой?

Есіктен жүгіре шыққан Сағал бай Шөженің алдына қалай келгенін өзі де сезбеген.
- Шөже, Шөже, тоқтаңыз. Шөже, жазық менен.
- Ә, не дейсің? - Шөже ақын естімегенсіді.
- Құдай атып... Сізді танымай...
- Кісі танымайтын ауруға ұшырап па ең?
- Осы айтқаныңыз да жетер. Өлім болды. Енді жұрт естімесін.

- Қалай естімейді?
- Астыңызға ат, үстіңізге шапан айыбым болсын.
- Оны не қылам?
- Өзім... Өзім жеткізіп берем.

Әңгіменің осы тұсына келгенде тыңдаушылар ду күлді. Шортекең жай басын изеп, тірідей өлтіріп кеткен екенсіз деді.

Болған жайды қаз-қалпында жеткізіп отырған Шөже ақынның жүзінде дұшпанын таба еткен масайрау да, ат мініп, шапан киіп қайттым деген қуаныш та жоқ. Қайран дала деді іштей Шортанбай жырау. Қайран дала сенің кеңдігің мен сұлу келбетің ғой осындай халықты да, халықтың ешкімнің беті-жүзіне қарамай айтарын жеткізетін ұлдарын өсірген. Дала елі ақынның сөзінен, шешеннің тілінен сескенеді, билердің билігіне мойынсұнады. Батыс елдерінің қолы жетпей жатқан жақсылық дала елінде бағы заманнан бар. Тек осыны бүлдірмесе де. Орыстың орнатып жатқан мына заңы қазақтың осы тірлігімен қарама-қайшы. Сыйыспайтын екі түрлі бірлік. Күш мұжықтар жағында, заман да ауып барады. Сонда бұл халқының келер күні не болмақ?

- Шөке, Сағалға айтқаныңызды елдің білгені осы ма? - деп күлді Бозбай. - Ертең-ақ қапталда отырған Кәрсөн-Керней өлеңдетіп шыға келер.

- Ә, мейлі.

- Шөке-ау, Сағал енді сізге атаған ат-шапанын бермей кетер.

- Сағал сөйтеді екен деп ауымды жауып отырамын ба. Ауымды жапсам, бұл сөз к...нен шығып кетеді. Сөз жатушы ма еді, Сағалдың тізесі батқан сол ауылдың қоңсыларының өзі-ақ ендігі айтып жүрген шығар.

- Осы жолы, тап осы өлеңімен, Шөкең Сағалдың атақты Ырғайдың бір жүйрігін мінетін шығар деп едім, оның ауылы алыстап бара ма, қалай? - деп Бөрібай өкінгендей болды.

- Сол Ырғайыңның тұқымын Сағал өзінен басқаға таратпай жүр ғой. - Бозбай басын шайқап атақты жүйріктің бір ауылда ғана болуын жақтырмайтынын сездірді.

Е, онысы несі? - Шөже басын кілт көтерді. - Өзімнен басқада болмасын деген, өзіммен бірге өлсін, тұқымы

құрысын деген сөз. Қазақ қай уақытта өйтіп еді? Естуімше, ана ішкі Ресей жағындағы байлар атақты жылқы тұқымын өзіғана өсіріп, сатып пайдасын көреді дейді. Даланың қазағына бұл да жат.

- Ырғайдан басқа жүйрік жоқ па, сонша бұлдайтын, - деп күні бойы сөзге араласпай отырған Мұсақожа сөзге араласты.

- Білгені сол болған соң қайтеміз, - деп Бозбай сөзден бойын аулақ салған.

- Осы Бесатада Байсейіттің Кері, Түйтенің Көкшағыры деген жүйріктер бар ғой. Олар неден кем осы. - Мұсаның ренжіген жүзі күренітіп кетіпті.

- Күржібайдың Құласы... - Бөрібайдың сөзін тағы Мұсақожа бұзды.

- Тоқырауын жағында Бесқасқыр деген жүйріктің аты шығып жүр. Ол неден кем.

- Бесқасқыры қалай?- Бөрібай таңдана қарады.

- Екі күнде бес қасқыр соқты деседі ғой. Жүйрік деп, тұлпар деп соны айт. Ырғайдың тұқымын кемсітейін деп отырған жоқпын, ұрпағын таратпағанына ренішім ғой.

- Шөке, өзі бізді біраз әңгімеге қандырдыңыз. Осы жолы Қара бидің де ауылына соғып өтіпті дегенді өзіңізден бұрын естідік. Ұзынқұлақ көк дөненнен жүйрік. Осы жағында мына жастар тәлім алатын әңгіме болса, айта отырыңыз, - деп Шортанбай жырау Шөжені тағы бір қияға тартты.

Қара бидің ауылына да түс ауа жеттік. Қаракең қозылақты енесінен бөлгендердің арасында жүр екен. Кісі келді деп бізге қарамады да. Есік алдындағы тайтеріні иемденіп біз отырмыз. Шаруасы бітті-ау деген шамада үйге беттеді.

Сәлемге ернін жыбыр еткізген. Қоса кіріп, төрге жайғастық. Онда да, бізде де үн жоқ. Сонан Қара бидің Кенесарыға қосылғанын айтып біраз мақтадым. Оным шыным еді. Қара би сонда да түсін бермеді. Сонан бір ауыз өленді төгіп жібергенім рас.

- Әлгі "Тап өзіңдей керенді көріп қайттық" деген сөзіңіз рас па, деді-Бозбай күліп.

- О кісіні жамандайын деген ниетім жоқ еді. Солай шығып кеткені.

- Адам бір ғана жамандықтан, не жақсылықтан тұрмайды. Қараны мына орта жүз түгілі кешегі өткен

дәуренді шақта онтүстік жақта би деп таныған. Қара бидің ояздың жиналысына кешігіп келіп, ояз "неге кешіктің?" дегенде, "сағатымыз жоқ болса қайтеміз", "сағат неге сатып алмайсың?" дегеніне, "танымасақ қайтеміз", "хат танымасаң неге би боласың?" дегеніне, "халқымыз сайласа қайтеміз" деп жауап беріп, ұлықты күлкі етіп кеткенінің өзі не тұрады. Қисық мінезі де жетерлік ол ақсақалдың, - деп Шортекең тыңнан төрелік айтты.

- Әй, текті адам сол кісі. Мен жамандап болған соң бәйбішесіне "мынаған қақсатпай бір сөлкебай берші" дегені жаныма батты. Осы қайтер екен деген сынау екенін түсініп тұрмын. Сөлкебай жинайтындай қайыр сұрап келген адам емеспін. Бәйбішесі алақаныма сөлкебайды салғанда қысылғанымнан тер шықты. Сонан онысын таска орап:

- Ал, қай жеткенің ал, - деп балалардың басынан асыра лақтырдым. Құтылдым ғой дедім. Біреу артқы жақтан мыр етіп күлді.

- Сөлкебайдан құтылғанмен, сөзден құтылған жоқсыз, - деді күлкі иесі жігіт. Өзі нұрлы адам екен.

- Жарқыным, сен кімсің? - дедім жарқын жүзінен көзімді ала алмай.

- Қараекеннің қырсыққан күніне дәл келіпсіз бүгін. Ол кісі естіп қырсығамын деп атакты Серіктің шауып алуына да ұшырай жаздаған.

- Оны қайдан білесің?

- Мен сол Қара бидің баласымын. Есімім Өскен болады, Шөке.

- Е, солай деші.

Өскеннің ауылы жеке екен. Үш күн мейманы болдым. Дос-жаранды екен. Әңгімесіне де тойдым. Сонан қайтарда Қара биге айтындар деп мына өленді айтып кетіп едім.

Өскенің өскен екен, өнген екен,
Ес білгелі дұшпаның жеңген екен.
Жазулы дастарханы, достары мол,
Шіркіннің пейілі де тым кең екен.

- Қазақтың азаматы осындай болсайшы.

- Шөке ел аралаған сыншы, ағаш аралаған үйші деген бар. Бір елде кемістік көп, біреусінде жетістік мол. Аумалы-төкпелі өмірде әр істің қисыны кейде түзу, кейде қисық. Ақынның көңіліне ұнайтыны да, жақпайтыны да бар.

Қайрақты бойындағы елге сын айтып кетіпті деген сөзді де естідік, - деп Шортекең Шөжені жаңа әңгімеге тартты.

~ Е, ол өзі кейде айтылып қалады ғой. - Шөже ақын қипалақтап, арғы жағын қозғағысы келмегендік танытты.
~ Дұрыс болмай жатса, тағы ыңғайсыз.

- Депті ексеннен гөрі өз аузыңыздан естіік.

- Айтып жіберіңіз.

Көп қолпаштап болмаған соң Шөже аз-кем ойланып, домбырасын шертіп, баяу қоңыр дауыспен:

Таң қалам Қаракеңнің мінезіне,
Ашуы туысканның тежелімде,
Кәкең санға қосылмай қор болып жүр,
Жетеді батыр рудың жаны өзіне,

- деп салды да, домбырасын керегеге сүйеді.

- Естуіміз бұлай емес еді, ата-ананың атын атап тұрып, мінін бетіне басқандай еді, - деп Бозбай жан-жағына жалтақтады.

- Иә, иә. - Мұсақожа басын изеді.

- Шөкең әр атаның атын атамай бұрып кетті, - деп Бөрібай тікесінен салды.

Шөжеде үн жоқ. Қалай жорысандар да мейілдерін дегендей, жалт еткен күлкіні миығына жасырып, жастығын шынтактай жатқан. Шортекең Шөженің сөз ретін әдейі бұрып отырғанын біліп отыр. Шөже ақын сендер туралы былай деген деп, бірін-бірі мүйіздемесін, ел арасы ұсақ сөзбен бүлінбесін дегенін де танып отыр. Оның несі айып.

- Шөкеңнің қай сөзін ұстадық, естігеніміз басқа еді.

- Ашуы Қарашаның, - деп естіп едік.

~ Санға қосылмай жүргені қотыр емес пе?

- Батыры Итқара ғой, - десіп отырғандар әлі де дуылдасып жатқан. Шөже кенеттен:

Қаракеңмен жұғыспа,
Қамшы алсаң қағып ал,
Жүген алсаң жуып ал,
Итқараның ұлы көп,
Алтыбақан ұрысқа, -

деген кім осы деп басын көтеріп, Шортанбайға қарады. Су тас жарады деген осы-ау, бекер айтылып қалған екен деп Шортекең жирендеу шокша сақалын ұстап, іштей өкінді.

- Е, ондай-ондай көп қой. Мына сарынға сіздің айтқаныңыз, Кәрсөнге Кемпірбай айтыпты деген жетерлік. Қайсысын тізе береміз, - деп Мұсақожа тоқтам айтқандай болды.

- Мұса дұрыс айтады, - деп Шөже қайта көтеріліп отырды. - Әр атаның бір кемшіні бар, оны тере беріп қайтеміз.

- Қыздарбек неге кешікті? - деп Шортекең Бозбайға қарады.

" Кешікпеспін деп еді. Жанында Кәрібек те жүрген. Бегімсалды да ертеміз деген еді.

- Бегімсал., ол кім? - деп сұрады Бөрібай.

- Ол әлгі, бес жасында Қыздарбектің тізесінде отырып, домбыра тартқан бала. Сонан үміт күтеді. Әлі жас, оңға толған жоқ, бірақ ағып тұр-ау, ағып тұр.

Шортекеңнің ымдауымен шығып кеткен Аязбай кешігіңкіреп, оралмай қойды. Келінінің дүйім жұрттың алдына келуге ұялып отырғаны белгілі. Қайыра кісі жұмсады. Ендігі отырыстың бетін байқағандар "ән-айтылсынға" ауысқан.

- Құлақтың құрышын бір қандырайық та.

- "Жиырма бес". Шортекеңнің "Жиырма бесін" тыңдайық.

Есіктен сызылып келген жыраудың әнші келіні Жанғұттының Қасенінің қызы еді. Иіліп сәлем беріп, бір тізерлей отырды да күйеуі Аязбайға қарады. Аязбай домбыраны келіншегінің қолына ұстатты.

- Шырағым Шортекеңнің "Жиырма бесін" шырқап жібер, - деді Шөже ақын.

Атасына көзінің қиығын тастаған келіншек домбыраны шертіп ойнап, жай ғана қоңыр дауыспен бастап, бірте-бірте шырқау биікке көтеріле берді.

Ит қызыл болғанымен түлкі алмас,
Ойнақтап сиыр үркіп, жылқы болмас,
Мысалы, әр нәрсенің бәрі сондай,
Ағашқа саясы жоқ бұлбұл қонбас.
Ах-ау, өтті-ау заман,
Хош бол аман, жиырма бес.
Қайта айналып,
Келмес маған.

- О, шіркін жиырма бес, - деп Шөже ақын күрсініп қалды.

Жабыдан жүйрік шықпас баптағанмен,
Жаманнан асыл шықпас мактағанмен.
Ителігі қайырсаң да түлкі алмайды,
Алтындап томағасын қаптағанмен.
Ах-ау...

Келіншектің жүзі балқып, манағы ұяндығы тарап, әнмен тербеліп, алыс-алыста қалған қай-қайдағыны шақырып, кобыздай сызылып отыр. Ақынның сөзі мен әні жүрегіне сіңген жұрт іштей езіліп, өткен күнді сағынған.

Жаксы атка жасық темір таға болмас,
Иттері илегенмен жаға болмас,
Үлгісіз үлкендерді үрлесен де,
Қарны кампиғанмен аға болмас.
Ах-ау, өтті-ау заман,
Хош бол аман, жиырма бес.
Қайта айналып,
Келмес маған.

- Ой, өркенің өссін, қарағым. Көп жаса, - Шөже батасын беріп, алақанымен бет сипады.

- Келінжан, шырағым, сыйлағаныңа рахмет, - Мұсақожа жайласа отырды.

Сол қалпы түрегеліп, артымен жылжып әнші келін есіктен шығып кетті. Іле дастархан жасалып, аласа үстелдің екі шетіне екі келіншек жайғасқан. Шай мен кесені алма-кезек қолдан қолға жүгірткен екі келіншекте маза жоқ. Кензелері кеуіп қалғандай шайды жарыса тартып жатыр. Әлдене уақытта барып қаймақ қатқан қою шаймен балқаймақты көмейге қоса жүгірткен жұрт есесі кеткендей ортадағы қуырдақты да еңсеріп тастап барып, тоғайғанын танытты. Қос келіншек те білдірмей маңдай терін сүртіп, уһ деген. Сонан Шөженің тақымдауымен, ауылдың алты ауызы десіп, шетінен ән айтып шықты.

Әннен де, шайдан да жалықты ма, өткен-кеткенді біраз қақпақылға салып отырған. Әңгімешіл Шөже ақын:

- Біздің жақта осы Керней ішіндегі бір әңгімені айтады. Соның дұрыс-бұрысын осы отырғандар білмесе кім біледі? - деген.

- Қай? Қай әңгіме? - деп Бозбай өзінің де талай оқиғадан хабары барын сездіргендей болды.

Шөже әңгімесін асықпай бастады. Құлық Жаңабатырдың малы із-түссіз жоғалыпты. Мал иесінің

бармаған жері, баспаған тауы қалмаса керек. Сабылып шаршап, күдерін үзіп, енді іздеуді қойдым деген. Сол күні нағашылы-жиендігі бар Олжабай да сол ауылдың қонағы екен. Мал иесінің қажыған түрін көріп:

- Осы малдың ендігі жоқшысы мен болайын. Басынған ұрының шаңырағын ортасына түсірмесем де кегінді аламын, - деп рұхсат алыпты.

Олжабайдың ел түзегенін күні бүгін ешкім көрген емес. Қайда барса, қиянқылық, дау-дамай, бүліншілік. Елдің үлкендері "осындай адамға істі тындыруға беруге бола ма?" деп Жаңабатырға да реніш білдірген.

Жоқшылықты алған Олжабай екіленіп кіріскен. Ұры қонысы жақын рулардың бірі, алыстан келген жоқ деп түйді. Жер ыңғайы жақын Керней тұр, оған іргелес Кәрсөндер жатыр. Ендеше ұры осы екі рудың бірі, не екеуі де кінәлі. Оған дәлел іздеп әуреленбеді. Жігіттерді жасырын бастап барып, Кәрсөннің жылқысынан бір үйірін қуып әкетті де көзін жойды. Құғыншы бола қоймаған соң Кернейден де мал алды. Ұрының қай жақтан келгенін шамалай алмаған Кәрсөн мен Керней мұны Қаракесек-Қуандықтың ескі дауы санап, Қуандық жағынан барымтаға барды. Ел арасы ушықты. Малдың дауы, жанның қамы. Бітім болмаса екі жағы да жер сипап, құрық ұстап қалады.

Араға ағайын жүрді. Ара ағайынға да оңай тимеген. Ең қиыны бітім болатын ауылды таңдау еді. Үстінде бітім жүретін ел кінәлідей болып та есептелетін. Кімнің жорыққа көбірек жүргені, кімнен ойсырата мал алғаны қағазда болмаса да, елдің көңілінде тізулі.

- Бітім Түйте балаларының үстінде болсын, - депті Тобықты бітімгерлері.

- Неге ол ауылды қырларыңа алдыңдар? - Керней туласа, қалған Бесата да оны қолдаған. - Әуелгі кінәлі кім? Соны тапсын.

Есептесе келе Жарылғап балаларының Қуандықтан көбірек алып жібергені белгілі болып, бітім қырбас ауылында өтетініне келіскен. Қырбаспен бірге туысатындардың ішінде Сәдібегі жуастау болғанымен, қалғандары ешкімге теңдік бермейтіндей. Жәнібегі атакты ділмар, Баубегі орыспен соғысуға дейін барған батыр.

Дау әлдененше күнге созылыпты. Бітім айтардай жағдай жоқ. Әркім өзінің сөзін қуаттаған. Әсіресе риза емес Бесата

жағы. Осы бүліншіліктің басы Олжабай екенін білсе де амалдары таусылған. Ашулы ел Олжабай оңаша қолға түссе өлтіріп жібермесе екен деген қауесет тараған. Олжабай осы бітімге келуін келсе де, енді аман құтылудың жағдайын ойлап, Құлық жағының сөзін ұстаған Едігенің маңынан күні-түні шықпауға бекінді.

Қуандық жағының сөзін ұстаған Айту шешеннің неше күннен жағы талды. Айтыса-айтыса отырған жұрт та әбден ығыр. Қай жақтан келген сөз болса да Жәнібек қағып тастап, өздеріне дарытатын емес.

- Әңгіме осылай болып па еді? - деп Шөже сөз арасында сұрап қалды.

- Біздің де естуіміз осылай, - деп көпшілік үшін Шортекең жауап берді.

Сонан бесінші күн бе, әлде жетінші күн бе даудан қажыған жұрттың үстіне келіп, мәселенің бір шетін тыңдаған бір жолаушы:

Едіге сенде бір мін бар,
Көпке тізгін бермейтін,
Жәнібек сенде бір мін бар,
Көлденең неге бермейсің,

- деп жүріп кетіпті.

- Осы сөз, әділ сөз, - деп Айту шешен орнынан тұрыпты да ақсаңдап өтіп бара жатқан кәрі түйені алдырып, Едігеге;

- Осыған не айтасың? - депті.

Сонда Едіге "мұның жүнін бояп сары қылған ғой, тісін егеп кәрі қылған ғой" деп Жанабатырдың жоғалған малы осы дегенге келтіріпті. Бітім әділ болмаса да Жәнібек тоқтапты, Қырбас көніп, Қуандық жағының малын Кернейлер қайырыпты.

- Жәнібек, көңілінде дық қалды-ау? - депті Айту.

- Дық қалды, дық нық қалды, - депті Едіге де Жәнібекке қарап.

Едіге еліне барған соң Олжабайды қолға алып, Керней мен Кәрсөннің бар малының көзін, жоғының орнына тұяқ бергізіпті. Баубек сонда ғана:

- Е, міне, іс жаңа оңалды, - деп қаруын тастапты деседі.

- Шөке, сіз тіпті біз естігеннен де әрман қылып жеткіздіңіз ғой, - деп Бозбай көтермеледі.

- Бұрынғы барымта барымта ма, ендігіні айтсайшы, - деп Мұсақожа қапаланды. - Ендігіге билік айтар да жоқ. Әділін айтар би қайда, сөзге тоқтар жұрт қайда?!

-Ұлық бар емес пе? - деп Бөрібай мысқылдап езу тартты.

- Орысқа жүгінсең, өлгенің. Бірінді біріне айдап салып, қида-қиданды шығарады, - деп Мұсақожа ренжіді. - Осыны әлі түсінген жоқсың ба?

Шортекең жиі араласып жүрсе де Мұсақожаны бүгін танығандай болды. Арабша оқуы ғана бар, біртоға жан ғой деп ойлаушы еді, мұның ішіне де түйгені мол екен ғой. Заманның бетін дәл түсінгеніне риза болып:

Мұсакең дұрыс айтып отыр. Қазақтың қамын қазақ ойлағанда ғана ісіміз оңалады. Шығыстағы шүршіт, батыстағы мұжық бізге жақсылық әкеле жатыр деу - әбестік, - деді.

Тыстан әлдекімдердің сәлемдесіп, абыржып сөйлескен дауыстары естілген. Шортекеңнің кенжесі Алдаберген есік ашты. Сау етіп кіріп келгендер "ассалау" десе де төрге озып кете алмай аялданқырап қалған. Келгендердің екі үлкенін жырау танып отыр. Бұл үйге бас сұғулары да алғашқы рет емес. Абыржығандары тілі мірдің оғындай дейтін Шөженің төрде отырғаны болар.

- Төрлет! Төрлетіндер, неге аялдадыңдар? -деген үй иесінің сөзінен кейін ғана сәлемдерін жалғастырып, жағалай қол беріп шыққан.

Жаңа келгендерге сусын алдыртты. Шөлін басып, отырғандармен көңілдері сиысты-ау деген шақта Шортекең амандық сұрасқан. Екі үлкеннің жетелеп келген екі баласы жандарында. Жетеленбей келген Қақпан ғана. Су қараңғы болса да шолақ таяғымен түртінектеп төрге озып, Шөжеге жақын отырған. Шөже ақын да оған ыңғай бере, сәл сырғып орын ұсынды.

Екеудің үлкені мұрты мен сақалы жарасқан Бейбіт те, оның ерткені бозбалалыққа жеткен Төлеубек. Жастықты қимай мұртты енді ғана қойған Исаның жанындағысы - баласы Тәжен.

- Шортеке, мұсылманның баласысыз, бар мұсылманның Меккесі біреу, ол Алланың назары түскен жер. Сондада әр пенденің көңілінде тағы бір Меккесі тұрады екен, - деп күлді Бейбіт. - Мына баланың іздегені - сол Мекке.

- Құдайдың жазуымен, Алланың әмірімен сонау қияннан әркім жоғын іздейді да. Мал болса, табылар, мұнда көңілдің іздегенінен қиын істі көрмедім, - деп түйді Иса.

- Шөкеннің осы ауылда екенін аттан түсіп жатып қана естідік. Қонақ үстіне қонақ болайық деген ниетіміз жоқ еді. Шөке, сіз де айыпқа бұйырмаңыз. - Бейбіт майда тілмен жорғалата жөнелген.

- Иә, сонымен қай Меккені іздеп жүрсіздер? - деп Шөже ақын сөзге араласты. - Жалғанда жасаған күнәмізден арылу үшін Меккеге біз де бара алмай жүрміз. Кір-кір көңілмен көрге түсіп, жаратқанның алдын қалай көреміз деп жабырқап жүрген пенденің біріміз. Реті келсе, сол Меккеге бізді да сүйрей кетіндер.

Шөже ақын лекіте күлді. Шөкенің қалжың аралас сөзінен кейін жадыраған жұрттың пейілі жазылып сала берген. Шөже ақынның сөзіне мына отырған Бейбіт пен Исаның қысыла қоймайтынын Шортекең де біледі. Әсіресе Исаның жатыпатары жеткілікті.

- Әй, Бозбай, - деп қалды Бөрібай.

- О не?

- Меккені іздеп таба алмай жүрсек, өзі жанымызда екен ғой.

- Мына екі ақсақал тауып келіп отырғандай, - деп Бозбай да жарастықты күлкіге айналдырған. - Сен қу аузың көпіріп, бірді-бірге соғушы ең, енді күнәнді жуып ал.

- Осы дініміз бір болғанымен түсінігіміз басқа боп, сен екеуңді біздің Мекке қабылдамай жүрмесін, - деп Иса да қағытты. - Аузы жеңіл адамға онда орын жоқ деуші еді.

- Аузымыз жеңіл болғанмен, артымыз ауыр, ұзай алмай жүргеніміз содан да, - деп қалды Бөрібай.

- Әй, сол Меккені біздің іздеп табар жағдаймыз жоқ, мынау болмаса, - деп Иса баласын нұсқады.

Домбыраның тілі жоқ,
Құлағыш бұрап, күйлемесе.
Қызыл тілде буын жоқ,
Қауасын тауып сөйлесе, -

деп отыр осы балам.

- Е, мұнысы жап-жақсы сөз ғой. Балаңның тілге икемі бар екен, - деп Шөже ақын көтеріліп қалды. - Мұндай баланы тежемеу керек.

- Шортеке, - деді Иса. - Осы балалар өткен жылы сіздің алдыңызды көріп, тіл ұстартып еді. Өлеңдері де ширап, өздері де ашылды.

- Біз емес-ау, балалардың іздеп жүрген жүрек Меккесі осы жер боп тұр ғой. Өнер қуып жүрген сияқты, - деп Исаның сөзін Бейбіт тиянақтай түсті. - Осылары жастық желіктен аулақ тәрізді.

Былтыр аз уақыт алдында болып қайтқан екі баланың ауылдарына барған соң да шыңдала түскенінен Шортекен де хабардар. Әлтеке Исаның Тәшені болыстары қайтыс болғанда Ербекейге айтқан көңілі дегеніне көңілі толып қалған. Жәлменде дегеннің тойында бір қызбен айтысып, жеңіп кетіпті дегенді де естіген. Айтушы жұрт "мұның бәрі сіздің жасаған ықпал-шапағатыңыз" дегенді де білдіретін.

Сөз сөйлейін әуелі,
Халыққа келген жарадан,
Өзің онда, иә, Алла,
Үмітім көп панадан,

- деді ғой балам, - деп Иса Шортекенге қарады. - Бұл баланың ойына келер сөз бе? Ұстазынан алған үлгісі демеске не шара.

- Ал, сенің балаң Төлеубектің не айтары бар? - деп Шөже ақын Табын Бейбіттің бетіне қараған. - Жас шамасы Тәшеннен үлкендеу екен. Мұның түйгені де молдау шығар.

- Мен қайсын жаттай берейін, ауылда Бекем деген құрдасы бар еді. Соны түлкімен айтыстырып:

Қалмадың қыр сонымнан Бекен пұшық,
Шықпадым қызыл тастан к... қышып,
Иіскелеп санғырықты ере бердін,
Ізіммен, аңшы атанған пұшық-пысық,

- дегендері бар.

- Мына мысал өлеңі тәп-тәуір екен. Қалжыңға жарасымды, - деп Бозбай да қара өлеңге қатысы барын білдіріп қалды.

- Ойбой, ондай-ондайы көп қой. Кейде біреулер ренжіп қала ма деп те қысыласың. Әнебір ақбас досына:

Ақбас жолдас, малдымыз,
Төлеубала, қалы қыз.
Оңдырсын ба құдайым,
Кемпір болды-ау алдымыз,

- дегенше, осы сен тыныш жүрмейсің деп өзім де ренжідім.

- Мақсат Мекке дедік, - деп сөз қосты Иса. - Ол мына сіздің алдыңыз. Осы балалар біраз уақыт осы тәлім-тәрбиенізді көріп, өнерден сусындаса деп әкеліп отырмыз.

- Ә, бәрекелді!

Отырғандардың сөзіне ерекше көңіл бөліп, дауыс қай жақтан шыкса, соған қарай бұрылған Қақпан жақын отырған Шөже ақынды да танып алайын дегендей бірер рет алақанымен денесін сипалақтап өткен. Бір көзінің кемдігі үшін өзін соқыр деуші еді, нағыз су қараңғы жап-жас жігітті көріп, қатты аяды. Көз - өмірдің айнасы. Қанша зерек болсаң да айнасыз ғұмыр қалай болар екен. Қақпан есімдісоқыр бала ақын бар деп естуші еді, бүгінгі көргені соқталдай жігіт.

- Екеуің екі баланы жетелеп жетіпсің, Қақпан қалай келді? - деп сұрады Шөже.

- Боқай болыстың ауылында кезікті. Боқай қара сөздің білдісі, ақын болмаса-да кей-кейде айта салатын балдыр-батпақты да құр емес. Сонысынан ба, ақын деген адамға үйірсектігі бар.

Боқай болыстың, - сөз ретінің өзіне ауысқанын біліп Қақпай әңгімеге қосылды, - мынадай өлеңі бар:

Жылпоссынып әркімнің,
Жалап жүрсін құсығын.

Кімді болса да ондырмапты ғой мына болысың, ~ деп Шөже ақын қарқылдай күлді.

~ Сонан соң ғой, менің де ол ауылға барғыштап жүргенім.

Қақпанды қамқорлығына алғанына он шақты жылдан асқан. Шортекеңе кездестірген тағдыр шығар. Ағайынның арасындағы кішігірім астан қайтар жолында Жәңгір төренің ауылына соғып, бірер күн аялдап аттанған. Кеш батып бара жатқан шама еді. Талмау дауыс құлағына естілгендей болды.

- Бұл не? - деп жанындағы жігітке қараған.

- Ұлығандай болды, ұялы қасқыр бар шығар.

~ Қой, сен де айта бересің. Бұл уақытта ит-құс ұлымайды.

Атты аяңға түсіріп, айналаға жіті көз салған. Бұғылының биігіне қонған бұлт бірте-бірте қоюлана түсіп, етекке қарай сырғып келеді екен. Бұлт тұман болып, тауды ешкінің түтілген түбітіндей көмкере ораған шақта, биіктің жалтыраған басы теңіздегі су жуған аралдай қайта көзге шалынды.

- Тұман биыл ерте көрініп жүр, қыс ерте түспесе, - деді Шортекең.

- Жұлдызшылар қар ерте түссе де, қыс жылы болады деседі.

Манағы дауыс құлаққа тағы жетті. Енді тіпті айқындала түскендей. Созылып-созылып барып, қайта үзіледі. Жылаған адамның дауысына ұқсай ма, қалай. Қақпанға түскен суырдың ініндей екен, - деді жігіті.

~ Қармыстың бойында суыр болмаушы еді ғой?

- Тесіктас жақын, сонда шығар.

Шортекең аттың басын дауыс естілген жаққа бұрып, Қармыс өзенінің бойын жағалай жүрді. Тоқтап-тоқтап, дауысты қайта-қайта бағдарлаған. Жақындаған сайын адамның үні екеніне еш күмән қалмады. Жылаған әйел ме, бала ма? Ұшқан құс, жүгірген аңнан басқа тіршілік иесі көрінбейтін жерде жүрген бұл не адам? Сорлының басына не күн туды екен деп өзі де іштей қынжылады.

Құлама жардың астында бала отыр екен. Зарлап әлденені айтқан бала жанына келіп тоқтаған аттыларды байқар емес. Өзек арнасын қуалай соққан жел де баланың сөзін естіртпеді.

- Құдай-ау, бұл кімнің баласы? - деді Шортекең.

- Қайдам.

- Бұл жерде неғып отыр? Үсті-басы да жұқалау екен.

Аттан түскен жігіті баланың алдынан көлденең өтіп еді, бала назарына алмады. Жігіт еріксіз жөткірінді.

- А? Кім? Кім бар мұнда? - деп бала апарактап орнынан тұрды.

Зарлап отырған баланың көз жасы көкірегін жуыпты, кірлеу көйлегінің омырауы су-су. Аш та болар деп түйді Шортанбай.

- Шырағым, абыржыма, біз ғой.

- Ағатайлар кімсіңдер?- деген баланың қолы ербең-ербен.

- Ауыл., ауыл адамдарымыз, - деген Шортекең екі көзі жарқырап тұрған баланың өздерін көрмей тұрғандай екі қолын созып, айналшақтанғанына танданды.

- Шырағым, бері.., бері қарай келші. Жардан бері шық.
- Шыға алмаймын ғой, ағатай.
- Қорықпа, жар аса биік емес қой.
- Көзім көрмейді ғой, ағатай.
- ha, - деп қалған Шортекеннің жүрегі лықсып кеткендей болды. - Шырағым-ай, қандай кәпке ұшырап едің? Неден жаздың?
- Жеті жасымда шешек шығып, сол пәле екі көзімді де алып кетті.

- Әттегең-ай, - Кезінде шөптен дәрі жасап, қызыл жүйрік қосып емдейтін тәуіпке әкесі неғып көрсетпеді екен деп өкінді.

- Кімнің баласысың?

- Тастемір боламыз. Әкем аты Жиренбай.

Шортанбай Жиренбайды білуші еді. Тәп-тәуір азамат, бес баласының біразын үйлендіріп, дүниеден өтіп кеткен-тін. Сонда кенже ұлы тым жас қалып еді. Шешесі де іле марқұм болды. Мына бала жетім. Жетімге араласқан шешек ауруы аларын алып тынған. Жеңге дегені де әйтеуір қатын есебінде жүрген ұрғашының бірі еді.

- Шырағым, сенің атын Қақпан емес пе?

- Иә, ағатай, оны қайдан білесіз?

~ Шырағым, жападан-жалғыз бұл жерде неғып отырсың?

- Тастап кетті ғой мені. Қал деді осында.

Қақпанның бір мүшесінің кемдігін жаратушы етінің пысықтығымен толтырғандай екен. Жеті жасқа дейін зердесінде жатталған әлемнің суреті әдемі қиял, өмірге деген құштарлығы. Баланы сол көкірек әрқашан жетелегендей. Ауыл түгілі, айналадағы жаңалықтан, шілдехана, сүндет той дегендерден біреуге ілесіп, не өзін-өзі сүйретіп қалмады. Онысынан үйінің іші де ығыр. Әуелде күнкілден аспаса, кейін жеңгесі:

- Осы соқырға не керек? Бергенді ішіп отырмай ма, бесік тербетіп, - дейтінді ашық айтты.

Екі көзден басқаның бәрі бүтін, үйде жантайып жатып ажал күтетін кәрі емес, дені сау зерек балаға бұдан артық қорлық бар ма. Адуын жеңгенің айтқанына көнбеді. Жеңгеден иіс алмас ағасы аспады. Талай жекіру естіді, тұшы етіне таяқ та тиіп қалды. Осы білгенім білген, осыман айнып айтқандарыңа көнбеспін дегендей бұл да қайтпады. Ақыры...

...Ақыры бөтен ауылдағы асқа басқаларға ілесіп бұл да жеткен. Көзі көрмесе де қай шаңырақтан ән шықса, таяғымен түртінектеп жүріп соған барды. Есіктен телмірген балаға "кіре ғой" деген де шамалы. Ең аяғаны:

- И.., и.., мынау әлгі Жиренбайдың соқыр ұлы ғой. Қайтсін-ай сорлы, бір кескен ет бере салыңдаршы. Аш жүр ғой бейшара, - дейді.

- Мына неме, неғып жүр аяққа оратылып, - деп итеріп жығып кететіндер де табылады.

- Әлгі ит ағалары қайда? Баланы неге тентіретіп жүр.

- Жеңгесі ит қой, үстін қараңдаршы баланың, киімі кірден көрінбейді.

Үсті-басы сауыс-сауыс інісінің келгенін көрсе де көрмегендей болған ағалары маңына жоламай, айнала қашқан. Жеңгелері "бұл соқыр менің үйімде емес, ананың тәрбиесінде" деп біріне-бірі сілтеп безген. Бірде ток, бірде аш. Қақпан бала ас күндері кез-келген үйдің іргесіне түнеп, астың өзін көрмесе де қызығын естіді.

Ас та бітті. Ел тарап жатыр. Мұны іздеген ешкім жоқ. Ас иелерінің:

- Мына балаға ие бар ма?- деген айғайы шықты.

"Соқыр иттен" құтылғандарына асыққандай ағалары күні бұрын кетіп қапты. Қайда барса бірдемені іле кетуге құмар қатын шіркін емес пе, айналшақтап жүрген жеңгесі ас иелерінің қолына ілікті.

- Әкет, мына қайыңды!

- Мен әкелген жоқпын, өзі келді, - деп безектеді жеңгесі.

- Онда шаруамыз жоқ, бала сендердікі.

- Осы жетпегір соқыр-ақ пәле болды, - деп долданды қатын.

- Әй, шырағым, тіліңді тарта сөйле, - деді ұрыстың үстінен шыққан ақсақал - Кімнің не болатыны құдайдың ісі. Тап осы кешке дейін өзіңнің, не балаңның басына не іс түсеріне көзің жете ме? Кімнің пәле, кімнің бақ әкелері Алланың қолында.

- Е, сөйдесеңізші, мына бес биенің сабасындай болған қатынға, - деп ас иесі риза.

- Жүр, кәне, - деп желкелеген жеңгесі "жетпегірін" естіртпей айтты.

- Құлаймын ғой, жайырақ жүрейікші.

- Енді құлап көзің шықпайды, сен с...с., - деп біреу естіпқалмасымен жеңгесі айналаға жалтақтаған. - Сен соқырдың.

Желкелесе де жетелеген жеңгесі осы араға дейін әкеліп:
- Қал осында, - деді де жүре берді. "Қайтіп келермізін" кимады.

Сонан да бері үш күн өтіпті. Бүгін түнде түсінде әуелі әкесінкөріпті. Не дегені естілмейді, әлде нені ымдап тұрғаны ғана есінде. Таң алдында түсіне өмірі көрмеген ақсақал енді басынан сипады, бауырына қысып еркелетті.

- Көген аласың ба, өлең аласың ба? - деді.

- Өлең... өлең.., - деп жатып оянды.

Түсіне кірген ақсақалдың жылы құшағы өнінде зарықтырып, кеудесіне ашы запыран тірелді. Сонан бері зарлапотыр еді.

Шортекең Қақпанды артына мінгестірді. "Мен алайын" деген жігітіне;

- Жок, өзіммен бірге барсын. Қайырымның үлкен-кішісі болмайды, біреу тартып кетсе де біздің кемтардан кашпайтынымызды көрсін, - деді.

Шортанбай жырау келіпті деген соң ауылдың естияры тегіс жиналған. Қақпанды жаңа көргендей бәйек боп жатқандар да жеткілікті.

Өзімізбарыпәкелейікдеп жатыр едік, - дейді күмілжіп ағасы.

Бала-шағадан қол тимей..., - жеңгесіернінсылпеткізді.

Кемтарына қамқор, жетімін жетелеп өсіріп, алдына мал салып берген қазақ деген халық едік, мана Қақпан баланың жұртта жалғыз қалғаны көңілге қаяу түсіріп тұр. Естіген ел не дейді?

Құдайдан қорыққан мұсылман,

Қарауыл қояр сөзіне.

Құдайдыңбарынбілмеген,

Айтқан жөнге жүрмеген,

Менменсіген зор кеуде,

Қиық жүріп кете алмас,

Аспанменен өте алмас,

Алдындағы жолығар,

Құдайдың құрған тезіне.

Жігерлі туған жігіттің,

Кім қой дейді талабын.

Жалғыз аяқ бар болса,

Кісі үшін де шалабын.
Атасы топқа кірмеген,
Сөзге салмас құлағын.
Құдайдан қорыққан мұсылман,
Қонаққа сояр лағын.
Өткен соң қайтіп келмейді,
Өлгенге мал ермейді.
Бұл - дүниенің шолағы,

- деп Шортекең төгіп-төгіп жіберді.

Қарадай қысылған Тастемірдің үлкен-кішісін тағы да Шортекең Қақпан баланың көрген түсіп айтып жадыратты.

- Қызыр ғой, Қызыр.

- Өлең қонған екен, - деп дуылдасты.

Міне, содан бері нешеме жыл өтсе де бала ақын Қақпанды Шортекең көзден таса етсе де, көңілден таса еткен емес. Жылына сан келіп, тәлімін естіп, тәрбиесін көрген бала ақын енді соқталдай жігіт.

- Ә, бұл баланың сырына біраз қанғандаймыз. Ақын болам деген жастың ұстаздық алдынан өтуі - ертеден келе жатқан рәсім. Енді мына Қақпанның лебізін тындасақ қалай болар еді? - деп Шөже ақын әңгімені бұрды.

Қақпан кішіректеу қарағай домбырасын алып шерте бастаған. Салалы саусақтары перне қуып, қалықтаған бозторғайдың шырылындай әдемі дірілдеген дыбыс шығарып, тыңдаушыны біраз еліктірді. "А-у-ей-ии" деп бастаған Қақпанның дауысы зор екен.

Нәсілім Қояншытағай, атым Қақпан,
Жүйрікпін шығанақтан шыға шапқан.
Құдайым жеті жаста көзімді алып,
Дүния қызығынан мені қаққан.
Жиренбай әкем аты, Қақпан атым,
Қыранмын қиырдан жем ап қалатын.
Сонадай қадалатын бір қу ма деп,
Сырымды білмеген жан сақтанатын.
Басынан жарық дәурен өтті жалған,
Өлген соң неге керек іштегі арман.
Бардың деп біреулермен сондағы асқа,
Қамшының ағаларым астына алған.
Жөнелді мені тастап айдалаға,
Құладым жүріп барып биік жарға,
Үш күндей жардың астын паналадым,
Сөйлетті мені ақын қып Қыдыр Алла.

Пендеге нәсіп берер хақтың өзі,
Тозбайды бұрынғының айтқан сөзі,
Айлакер Аплотондай болсаң дағы,
Адамның тіршілігі екі көзі.

- Паһ! Паһ, - деп Шөже ақын қозғалақтап кетті. - Мына
Қақпан жай өлең шығарғыш емес, ақын болайын деп тұр
екен.

Қақпанның дауысын естіп, есік жаққа ауылдың талай
кәрі-жасы жиналған. Кимешегін түзеген бір кемпір
ағаларының зорлығын естіген сәтте көзіне жас алып:

- И...И, - деп көзін сұрткен. Алдындағы сусыннан жұтқан
Қақпан әрі қарай созды:

Сөйлеткен қызыл тілді таңдай екен,
Дананы танытатын маңдайы екен.
Шіркін-ай, жалт етіп бір көрер ме едім,
Халықтың алтын жүзі қандай екен.
Ен салдым белгі кылып қара керге,
Айқайлап атақ үшін шықтық өрге,
Мырзалар ұят қайда, ынсап қайда,
Түбінде бір түсерсің қара терге.
Көзіммен көрмесем де сезіп жүрмін,
Адамда надандар бар сақтанатын,
Қиянат, әділетсіз істеп алып,
Ақылсыз, есерлер бар мақтанатын.
Орынсыз тентектігі бастан асып,
Әуре боп жол іздеп жүр ақталатын.
Жігіттер, өнер үйрен заманыңда,
Денсаулық, әлің бар да, аманыңда,
Жайылып Сарыарқада босқа жүріп.
Қалыппыз надандықтың табаныңда.
Болғанда мұндай күйде заманымыз,
Жай жатып сау арада қамалымыз.
Болыс би ет пен майға мәз болуда,
Қай кезде тура жолды таба аламыз.
Болыс би әділетсіз салды жара,
Не қылсын озғаныңды жеке дара.
Ел кезген бір кедейді олар қайтсін,
Менсінер өзі тендес болсаң ғана.
Сарыарқа кейін қалдың кер бетеге,
Дариға мекенінен ел кете ме
Дін аман, ел де аман, мұжық кетіп,
қазақтың өз баласы ер жете ме.
Бұл заман болыс би мен байлардыкі.
Кедейдің айтқанымен сөзі өте ме.

- Пәлі, пәлі! Мына шәкіртің болайын деп тұр екен. Сөз саптасынан Шортанбайдың өзінің мәнерін естіп отырмын. Елдің мұнын айтқан ақынды айт ақын деп, әйтпесе күйкі тірлік үшін бірімізді-біріміз сөзбен қажап болдық қой, - деп Шөже Шортекенен қарады.

- Шәкіртсіз ұстаз тұл деген бар емес пе. Біз жетпегенге осылар жетсе, біз көрмеген жақсылықты осылар көрсе, арман не? - деп Шортекен ризалығын да, үмітін де білдірді.

- Қақпанның Көшкінбай би дүниеден қайтқан соң айтқанын естіп пе едіңіз? - деп қалды Бозбай.

- Айта отыр, жұрт естісін.

- Көшекеннің артында Қанатай, Дуанбек, Бағзибек, Тайкөк, Бөргөк деген балалары қалған ғой. Көшкінбай би заманында аса бай болмаса да ырысты, дастарханды кісі еді. Сол ырыс би қайтыс болған соң ортайыңқырап, бұрынғы дастархан сәл кемшін тартыпты. Сонда мына Қақпан:

Бағы тайса жігіттің қалмайды есі,
Игіліктің болмайды ерте-кеші,
Кірсем шықкым келмейтін қайран үйім,
Байласан да тұрғысыз болған несі,

- деп шығып кетіпті.

- Осы рас па? - деп Бөрібай Қақпанға қараған. - Айтып па ең осыны?

- Көшекеннің ерекше құрметін сағынғаннан айтып қалғаным рас еді. Әйтпесе, балалары ешкімнен кем адам емес қой.

- Ел аралап жүргенде іздейтінің ішер ас, киер киім емес қой. Қанша кедей болсақ та бала-шағаның ырыс дастарханы бар. Құдайға шүкір, есігімізден елу-алпыс тұяқ, оншақты жылқы мен үш-төрт емшекті кеткен жоқ. Іздейтінім, өзімізден кейінгі жастың талпынысы не екен? өз қатарымыздағы ақындардың жеткен межесі қандай? Сонда мына Қақпанның да бір айтқаны көңіліне қонған, - деп Шөже аздап езу тартты. - Сөзі тіліп түседі екен, соған риза болдым.

- Шөке, дінкелетпей енді соны бізге естіртсеңізші, - деді Бөрібай.

- Ол әлгі Шуға барғандағысы.

- Иә, иә, - деп қостады Бозбай. - Осыдан екі жыл бұрын барғанын білеміз.

Қақпан әңгіме өзі туралы болып жатса да, сырт адамдай жайбарақат. Селт етпеген қос жанарын ашық есіктен көрініп жатқан маң далаға тігіп, өзімен-өзі.

Оның жүзіне көзі түскен адам бұл неге осыншама қадала көз тастап отыр деп бұрыла қарағандай еді.

- Сонда осы Қақпан сол жақтың Бармақ деген ақынмен айтысыпты деп естідім. - Солай ма дегендей Шөже Қақпанға көз тастады.

- Иә, Бармақ деген ақын бар деп естиміз.

- Бармақ ә дегеннен қарпып тастағысы келіп, соқырсын деп тиісіп, біраз өзін-өзі мақтап бұлданыпты. Елім бай, адамым көркем десе керек. Сонда Қақпан:

Көкектен басқа құсың жоқ,
Көкпектен басқа шөбің жоқ,
Көкнәри ішкен адамдай,
Адамынның түсі жоқ,

- деп түйген екен, соның арты жанжал бопты деп естідім, солай ма? - Шөже Қақпанға тағы қарады.

- Адамына тиісіп нем бар, болмады ғой өздері, болмады. Соқыр, соқыр дей берген соң, "пәлелі көтке бармағынды сұқпа" деген мәтел бар, сен сол бармақсың ғой деп едім, қолымнан біреуі домбырамды жұлып алды.

Тап, әкеңнің... - деп біреуі ұмтылғанын естідім, жауырыныма қамшы тиді.

Сенің әкеңнің...

- Ақын көрмеген иттің баласы...

- Қақпанның тілі өтеді десеңдер неге айтыстындар.

- Осындай қым-қиғаш ақырып-жекіргеннің астында қалдым. Сөздері болмаса кімнің кімге ұмтылып жатқанын көруді маған жазбаған.

- Қақпан, шырағым, бері қарай жүрші, ~ деп біреу қолымнан тартып тұрғызды.

- Домбырам, домбырамды беріндер? - деп қолымды жаямын.

- Мә, - дегенді естіп қолымды созып ем, қамшы орап өтті. Біреу іштен тепкендей ышқынды. Сірә, соны біреу сілейтіп жіберді-ау деймін. Сонан соң:

- Мә, домбыра, - деп қолыма ұстатты.

- Әй, қойсаңдаршы, - деген Бармақтың үні қатты шықты. - "Пәлелі көтке" десе мені айтты, тап саған келіп-

кетері шамалы. Сенің басың көтке кірген жоқ кой, қысқарт енді.

- Түү, өзі әжептәуір оқиға болған екен ғой. - Шөже басын шайқады.

- Бармақтың сөзінен кейін тоқтады ғой бәрі. Бармақ кісілігі бар адам екен, "бала сөзің мірдің оғындай екен, ризамын" деп иығыма шапан жапты.

- Бармақ сол ортадағы ақындық өнерін мықты ұстаған адам. Әлденеше кездескенім де бар еді. Өзі де біздің жаққа келіп, Арқа ақындарының сөз саптау өнеріне ден қойғанын байқадым. Оның ішінде бізден бұрынғы Бұхар жырауды қатты қадірлейді екен. Бұхарекең айтты деген сан сөзді жырлап отырады. Заманымыз бір болса да Дулат ақынның жері шалғайлау ғой, Дулаттың да осы біздің қым-қиғаш дәуірге деген ащы сөздерін біледі екен. Ондай адам қиянатқа бармаса керек еді. Бәсе, Бармақ неғып Қақпанды сабатып қойды деп отыр едім, - деп Шортекен.

Қазақ сөзге тоқтаған, сөз өнерін басқадан ілгері қойған халық еді. Сөздің қисынын Бармақ түсінді, көнді. Көнбеген Қарабайыр қамшысын сілтеді. Ақынның басына қамшы үйіру түбі салт болып кетпесе игі еді деп іштей қынжылды жырау. Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ деген халықтың сүйенгені - даланың дәстүрі. Даланың дәстүрі - заң. Дәстүрді бұзған адам көшпелі елдің арасында өмір сүре алмайды, оны осырған сиырдай етіп қоғамның ішінен қуып шығады. Шешек шыққан үйдей жеке қалып, ел айналып өтеді, малын бағысатын, туысқан боп қарайласатын ешкім болмаған соң да ондай неме дала заңына мойынсұнады. Енді ше? Ендігінің мына өзгерген заманында баймын, болыспын дегеннің сүйенері - бар. Дала дәстүрі аяққа басыла бастады. Ендігінің сүйенері - қаладағы орыстың ұлығы. Ұлықтың сонау ішкі Ресейден сүйретіп әкелген заңы. Ендігінің ақынының да тілі байлауда болар.

Аяқты қия бастырмас,
Орыстың салған заңы бар,
Ендігі туған жігіттің,
Маңдайының соры бар.

Шортекен күрсінді. Байлығына мастану салт боп бара жатыр-ау. Өмірдің өлшемі - мал, сылдыраған теңге. Соның да салдары шығар, мына іштегі Құсқанбас дегеннің бала

Қақпанға әуелі өзін мақташы деп өлең айтқызғаны. Саған шын мастанып, енді жамандай алмас деген оймен:

- Әй, соқыр, енді мені жамандашы, - дегені.

Өлгенде ала тақтак, ала тақтак.
Жүрсін ғой әр ағаштың басын боктап,
Дуа жоқ, бәтуа жоқ, сөзің тырқыл,
Құсқанбас қайғырасың нені жоқтап,

- деп салыпты Қақпан.

Құсқанбастың әуелі тілі байланып қалған. Естіген жұртта үн жоқ. Кісі өлген қаралы үйдей бәрі мелшиген. Мелшиген тыныштықты Құсқанбастың барқыраған үні бұзды.

- Саба, саба, мына қу соқырды.

Сабап тастар ма еді, қайтер еді, жол жүріп келе жатқан Шортанбай жырау үстерінен түспегенде. Бұзақы ісімді елге жаяр деді ме, Құсқанбастың бұрқұрағаны су сепкендей сөнді. Шортекеннің есіне осы Қақпанның Мұхатай қажыға айтқаны түсті.

Сайлау. Тағы да елді бүлдірген болыс сайлауы. Сайлаушының бірі Алланың ақ жолына басын иген Мұхатай қажы. Дүниауы істе оның не шаруасы бар еді десейші. Соны дәл басқан Қақпан:

Ақжанның күнде жейсің омыртқасын,
Ішесің шөлдегенде томыртқысын,
Қажыеке, құдай жолын тастай беріп,
Орыстың қолына алдың жұмыртқасын,

- деп салған.

- Осы біздің Бозбай әңгімеден қалыс қалып отыр. - Бөрібай өзімсініп Бозбайды иығынан қақты. - Бозбай ақынның да айтыстарын ел жырдай қып айтып жүр ғой. Шөке, соны арнайы келгенде естітпейсіз бе?

- Қайдағы? - деп Бозбай жалтарған болды.

- Бозбай, сен осындайда тартынба. Ақын осындай ортада өседі. Сенің айтқаның мына отырған жастарға үлгі, - деп Шортекен де Бөрібайды қостады.

- Құлтаймен айтысын айтсын. - Бөрібай тақымдап қояр емес.

Құлтай деген ақын қыздың есімін естігені болмаса, Шортекен жүзін көрген адам емес. Естуінше, осы Бесатаның Танабайы Нілдібай дегеннің қызы. Көрген жұрт "жанып тұрған от еді" деп мақтайды. Көркі де ақылына

сай болса керек. Ақынның ақылы болмаса, зарлаған тіл қайда апарады.

- Иә, ол бір от тілді қыз еді, - деп бастады Бозбай.

... Осыдан біраз бұрынғы қыз қайда, қызық қайда деген есер шақтың кезі еді. Айтыса кетуге қара таппай, көрінгенге соқтығып, "ойбай, Бозбай ақынның тіліне іліктім" деп әркімнің желпінткеніне мәз кезі. Нілдібайдың Кұлтай атты қызы бар екен, алдынан өткенді сөзбен буып тастайды екен деген дүңк-дүңк сөз жатқызбады. Іздегені сол емес пе? Әкесі Базардан да сөз артылмаған кісі. Осы ел әкесін жақса би санап, жақмай қалса аз атаның адамы болған соң ба, түсіріп тастап жүретіні бар. Сол Базардан Бозбай, Бекетай, Сыпатай, Жұматай. Өзі сияқты Жұматай да сөзге үйірлеу.

Жұматайды ертіп жолға шыққанда таңғы салқынның лебі енді-енді ғана басылып, ауаның аздап қыза бастаған кезі-тін. Таңмен таласа қана ішкен қымыз да жайлы аттың жүрісімен тербетіп, есінетіп бақты. Дегенмен де осы кезді пайдаланып, жолды өндіріп алайық деген оймен ат басын тартып, аял жасамады.

- Ат шалдырып алсақ қайтеді? - деді көзін уқалаған Жұматай.

- Келесі бұлаққа тоқтармыз. Маңайда үп еткен жел жоқ. Арқан бойы көтеріліп қалған күн бұл маңайды тағы да күйдіретінен хабар бергендей, тас төбеге қарай ақырын жылжып келеді. Күн ысыған сайын аттардың пысқырынуы да, шөп арасындағы шегірткенің ысқырынуы да көбейе түскен. Пана болатындай аспанда шөкімдей бұлт жоқ. Жұматай бөркін шешіп, тершіген маңдайын желпіп еді.

- Киіп ал. Кисең ғана мына ыстықта пана болады, - деп ескертті Бозбай.

Тосыннан қыр үстіне шыға келген қос аттыдан ауыл сескеніп қалған. Бұл заманда не көп, жау көп. Малды қуа жөнелетін барымташы, әлденені сылтау етіп мылтығын шошайтып жетіп келетін казак-орысы да жетерлік. Қос атты жүрісін баяулатып, аяңға түсірді. Аузымен ауа қауып, жалқау арпылдаған төбеттер бейбіт пейілді танығандай көлеңкелерге жабысты.

Төменгі жақтағы шіліктен қозы-лақ айдаған қыз аттылардың жолын кеспейтінін танытып, қырын қарап тұрып қалған. Қызыл көйлекті қыздың қолтығының бармақтай жері сөгілгені Бозбайдың назарынан тыс қалмады.

- Қалқам, ақ қолтықты қызыл танам жоғалып, іздеп жүр едім, көзіне түспеді ме?

Қыз естімеген болды. Қыздың жауап бермегенін жеңілдіге санап Бозбай сұрағын қайталаған.

- Несін сұрайсыз оның? Тана сиіп, бұқа жұтып, тана сиіп, бұқа жұтып бара жатыр екен, - деп қыз екі рет қайталады.

Бозбай тіл қата алмады. Атын тебініп қап, оза жөнелген. Шеткі үйден бұл Нілдібайдың ауылы екенін білді. Манағы өзін бір ауыз сөзбен тотитып кеткен қыздың кім екенін біле алмай дал. Сусын келді. Сапырған сары қымыздың дәмді иісі мұрынды жарған. Екі-екі тостағаннан тастап жібергеннен кейін тершіген маңдайларын сүртті. Жөн сұрасты.

- Базар деген бидің баласы боламыз.

- Ә, е, естуіміз бар ол кісіні.

~ Барысымыз осы ауыл.

- Ендеше асығатын ештеңе жоқ екен.

Есіктен марқаның басын көрсетіп бата тіледі. Үйге ауылдың ересектері, жер ошақ маңына әйелдер жиналған. Үлкендер жағы Базардың екі баласы бірдей келгені тегін емес дегендей сыңайда.

- Базекең ауылда ма? - дей отырып, келген жұмыстарының бетін білді.

- Осы ауылда ақын қыз бала бар деп естіген ек.

- Ол Нилдіекеннің Күлбайы ғой. Жақсының аты жатпайды деген осы-ау. Базардың да бір баласы ақын деп естуші едік.

- Сол жігіт мына менің ағам Бозбай, - деп Жұматай сөз ретін келтірді. - Өнер қуған жаспыз ғой, сол Күлтаймен сөз жарыстырып көрсек деп едік.

Дәм ішілді. Сонау күнбатыстағы етекке қарай жылжыған күннің манағы аптап ыстығы да басылғандай екен. Сонда да ортадағы үйдің көлеңкесіне сырмақ төселіп, көрпе тасталған. Сол көлеңкеге ауыл үлкендерімен бірге Бозбай да жайғасты.

- Ал біздің баланы шақырындар.

Домбырасын кеудесіне қыса ұстап, майысып ізет білдіре сәлемдескен қыздың екі бұрымы алдына түсті. Бұрымын жинап, Бозбайға көз жүгірткен қыздың жүзіне күлкі үйіріліп өтті. Бозбай да таныды. Манағы өзін сөзден сүріндірген

қыз. Күлтай осы екен ғой. Күлтай сөз бастау сіздің жолыңыз дегенді танытып тағы басын иді.

Домбырасын шертіп-шертіп жіберіп аруағын шақырғандай дауысын көкке өрлетіп барып бастаған Бозбай әуелі өзі мен айналасын таныстырған ізеттен озбады. Күлтайдың жауабы сол сарында еді. Манағыдай өзін тіліп тастар сөз айтпағанына Бозбай еркінсіген. Осы тұста әрнені сылтау еткен Нілдібай да жұрттан жырылып шығып кетті. Қыз әкесінің кетіп қалуы да тілдің күрмеуін ағытқандай еді. Бозбай інісіне қарады. Нілдібайды көзімен ұзатып отырған Жұматай енді айтуға боладының ишарасын жасап, бас изеген.

Жыртық үй кейде болар баспаналы,
Бұл Күлтай ақынсынып мастанады,
Тоты болып бүгінде сайрасан да,
Бәрібір бір шал сені жастанады,

- деп салды.

- Ий...й, қыздың көрген күні құрысын, өз үйінен кеткен соң сол да, - деп қартаң әйел көзін сықты.

- Әй, мынау не деп отыр? Шалы несі? - деп біреу қызбаланып еді

- Жайыңа отыр. Айтысқа түскен екен, бәріне шыдайсың, - деп оны басқасы тыйды.

Жаксының ел-жұрты бармастанатын,
Бозбайда болып жүр ғой асқан ақын,
Кемпірге көзің түсіп жүр ме сенің,
Қатарың қабыл алмай жастанатын.
Жаманның түрі жаксы, сөзі жаман,
Қорқауға ұқсап тұрар бас салатын,

- деп Күлтай жол берді. Жұрт у-шу. "Қатырды, қатырды. Өзіне де сол керек" деген дауыс басым.

Қыздың сөз саптауынан ашына да, ашыла да түскенін байқап Бозбай енді бір қауып тастамаса ие бермей кетер деп түсінген. Осы ауылдағы жалғыз жанашыры Жұматай көзін жұмса да басын изеп отыр екен. Домбырасын аз-кем шертіп барып:

Күлтайжан шымалдығың түрілді ме,
Тұншығып бетіңе дем үрілді ме,
Бұйымтай артық болмас сұрай қалсам,
Көрер ме ем сондай сәтте түріңді де.

Кеп кетті дейді ұрынға күйеу бала,
Болды ма сол бір ісі әлде шала,
Жайрандап күннен күнге бара жатсың,
Есігіне кетпес пе қадап тана,

- деп Күлтайдың бетіне қарады.

Қостай қойған дауыс естілмеді. Жұматай ғана көзін ашты да қайта жұмды. Қартаң әйел кимешегін түзеп, сілкініп, айналасына қарады. Сонан соң:

- Пішту! Осы да сөз боп па? Күйеуі ұрын келмеген қазақтың қатыны бар дейсің бе?!

- Жайрандамағанда, енді байға тиеді екенмін деп өле ме.

Қатындардың сыпсынын Күлтайдың қаттырақ шертіп-шертіп жіберген домбырасының үні тоқтатты. Қыздың соңғы айтарын күткендей бәрі аңырылған. Домбырасын қатты шертсе де Күлтайдың үні қоңыр шықты:

Бозбайына дегенде; Бозбайына,
Бозбай неге жүрмейді өз жайына,
Біреудің үйде отырған қызын қорып,
күйып ішпекпе борбайына,

- деп Күлтай қысқа қайырып тоқтады да домбырасын керегеге сүйеді.

- Енді не дейсің? - деп миығынан күлген шал Бозбайдың бетіне қарады.

Енді айтар да қалмаған. Енді қиқылдасып жату арсыздың ісі де. Сол ауылда сол күні алтыбақан құрылды. Ауыл жастары Бозбайды ойын-сауықтан кенде қылған жоқ. Ақсүйек ойыны үстінде де Күлтай екеуі бір жұп боп шыға келген. Алысқа лақтырылған ақсүйекті іздеп жастар кетті жапа-тармағай. Бозбай мен Күлтай алтыбақаннан ұзамады. Күлтайдың айттырылған жеріне ұзатылуы да жақын екен. Қыз мұңдымын деп те, мұңсызбын деп те тіс жармады.

- Ата-баба салты ғой, біз оны бұзпш қайда барамыз, - деп өзін күткен тағдырға біржола мойынсұнғанын білдірген де қойған.

- Болашақ күйеуіңді бұрын көріп пе едің? - деп сұрады ақын қызды әлдекімге қимаған Бозбай. - Әлі де таңдау өзінде емес пе?

~ Бір көргенде нені айырасың. Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады дегендей, жігіттің де бәрі сері, бәрі батыр. Қорқақ пен ынжық қайдан келеді?

- Желпінген серілік, өркөкірек батырлық жастықтың дыз етпе дәуренінде ғана. Сүйекпен біткен мінезден қайсы озар дейсің. Көбі қатын алды, қазан-ошаққа қарады емес пе.

- Боз-аға, сіз маған қатты ренжіп қалған жоқсыз ба?

- Неге, Кұлтайжан.

- Манағы айтыстағы сөзім тым ерсілеу болды-ау деп өзім де қысылдым.

- Ол айтыс қой, қалқам. Ол боғауыз емес, өнердің бір көрінісі. Қазақ баласы оған өкпелеп көрген емес. Ел де, мен де өрескелдік деп түсінген жоқпыз.

~ Рахмет онда.

Тағдырына көніп жүрген Кұлтай тап ұзатылар сәтте сәл мінез танытқан. Ұзатылар мерзімін бір аптаға шегертті. Өскен ортасын, туған ордасын қимағандай шыр айналып, алыс-жақын дос жаранға сәлем айтқан. Кұлтайдың ұзатылу тойына Бозбай да барды. Баратын жері Алтай елі. Алтайдың бетке ұстарының көбі осында келген екен. Артында қалып бара жатқан шаруасы шамалы Бозбай ақыры осы жақтың жақсы азаматтарымен Кұлтайды барар жеріне апарысып салып қайтқан.

- Қош, аға, - деді Кұлтай көзіне келген жасты іркіп.

- Жақсы күнде жолығайық, қарындасым.

Сол жаққа Бозбайдың құлағы түрулі еді. Естуінше, ақылды келін ол жақта да абыройлы екен. Той атаулының арнаулы қонағы да, қиыстырып сөз айтары да өзі бопты. Ауыздыға сөз бермеген келінді сүріндірудің жолын іздегендер де болса керек. Соның бірі жақын қайнағасы жігітіне:

- Түнде малға жау тиіп, бір жігітке оқ тиді. Оқ алынбай жатыр. Бақсы-балгерлер "етегін күйеуінен басқа ешкім аспаған әйел үстінен аттасын, сонда оқ өзінен өзі түседі" деп бал ашыпты. Соған саған келсін деп жатыр деп Кұлтайды шақырындар. Бұл келінді осымен ғана кішірейтіп ұстауға болады, - деп ақыл үйреткен.

Түнгі ұрыстан шаршағандай болып, дегбірі кеткенсіп келген жігіт үйреткен ақылды Кұлтайға жеткізген. Кұлтай саспады. Мұның артында өзін кемітерлік айла жатқанын түсініп, мырс етіп күлді.

- Оу, неге күлесің, кісі өлейін деп жатқанда? - Жігіт қабағын түйіп, ашуланғансыды.

- Алтайдың бір ақымағына оқ тиді екен деп сұлу астына қарауыл қоя ма? - деді Кұлтай. - Осыны айта бар жіберген кісіне.

- Ойбай, - деді жауапты күткен қайнағасы. - Мына сөз тарап кетпесін. Ауыздарыңды жабыңдар. Енді қайтып бұл келіннің алдынан да шықпандар.

Әңгімесін бүгіскен Бозбайдың іштей күрсінісін осы отырғанның көбі түсінген. Көрмесе де ақын қыздың сөз саптауынан алғырлығын, айтыс болса да қатты кеттім бе деп Бозбайдан кешірім өтінуінен ақылдылығын, жас-желең боп ақсүйек ойыны үстінде жігітпен оңаша кетпеуінен пәктігін таныған Шортанбай да қызды іштей аяды. Бірақ тағдыр солай ғой. Ата-бабадан келе жатқан дәстүр солай. Сол дәстүр қазақтың басынан не қиындық өтсе де шаңырағын шайқалтпай ұстап келеді. Сол дәстүрге мойынсұнған қазақ келіншегі азбай-тозбай қазақтың түтінін түзу шығарып отыр екен. Иә, Күлтай айтулы ақын. Қазақ өнерден шаңырақтың беріктігін бұрын қойған. Жастық шағында ақын да, әнші де болдың, қызым. Енді шаңырақ иесісің. Ендеше соның камын ойла деп өнеріне, таза тыймаса да, шектеу қойған. Шектеу тағы да еріне деген зайыбының адалдығы, дүниеге келер баланың пәктігі, қара шаңырақтың желбауының үзілмесі үшін қажет болған да. Ата-баба бәрін ойластырған. Сол дәстүр тап мына келе жатқан заманда аса қажет-ау.

Шортекең өзін іштей мүжіген осы ойларын шым-шымдап ортаға салды.

Қайнаған ой ортаға салсаң пісіп-жетіледі. Әркім керегін алады. Ілім іздеп, жол іздеп жүрген жастарға бағдарлама болады. Әсіресе толқын-толқын мына біздің заманда даланың рухын айтып жеткізу сауабы зор болар, - дептүйіндеген Шортекең.

- Орыстың салып жатқан жолын қайда қоярсың. - Басы кеудесіне түсіп жыраудың ойын үнсіз тыңдаған Шөже ақын еңсесін көтерді. - Ол, енді, өзіңнің тілегіне, дәстүр-заңына қарай аттап өткізбейтін терең ор боп бара жатыр ғой. Өзіңнің:

Кейін келер заманда,
Қойнында қатын жатпайды,
Ұрса тілін тартпайды.
Күнәсі асқан бұл пенде,
Құдайдан әсте қорықпайды,

- дегенінді ел аузынан естігенмін.

- Көзіміз ұйқыда жүр екен-ау. - Бар әңгімені үнсіз тыңдаған қонақ Иса сөзге араласты. - Заман не боп барады

өзі? Сонда мына балалардың күні не болады деген уайым жаңа кірді маған.

- Сонда адам баласы аза береді ме? - деп Бейбіт шошынғанын жасырмады. - Алла өзі оңамай ма оны?

- Алла пендесіне ақыл берді, ой-сана берді, өз жолыңды тап деп. Құдай сенің күзетшің бе еді қойыңа қасқыр шаптырмайтын, - деп Шөже ақын шарт кетті.

- Адам баласының дамып-өсуі де түрлі-түрлі, - деп Шортекең туып келе жатқан даудың алдын алды. - Адаспасын десек, соны да білген жөн.

- Е, соны айтсаңызшы бізге. - Иса тағы қатты кетте ме деп Шөжеге жалтақтаған.

- Мына орыста да кемеңгер бар. Жазушы, пәлсапашы Толстой деген. Сол кісі "батыс елі құдайдың емес, сайтанның жолымен кетіп бара жатыр" деп жазып жатыр.

- Астағапыралла, - деді Бейбіт. - Сайтанның жолымен деген не сұмдық?

- Жарықтық, ақылды адам ғой, естуім бар еді, - деп қалды Шөже. - Соның сөзін тыңдап түзелейік деп жүрген ешкім бар ма өзі?

- Ақылды алтын, тірлікті ақша билеген ел жөн сөзді тыңдаушы ма еді. - Шортекең сақалын тарамдап, жастарға зейін сала қарады. - Біз кетерміз осыны айта-айта, ендігі үміт келер ұрпақта ғой. Сол ұрпақтың көкірегі соқыр болмаса де.

- Жақсының сөзі өлмейді деуші еді ғой.

- Дұрыс айтасыз, Шөке. Толстой өмірдің қисығына түңіле келе, мұсылман дініне бет бұрған адам.

Тыстан біреулердің сәлемдескен дауыстары жетті. Қомақты дауыс Шортекеңнің бар-жоғын сұрады. Бұл кім екен дегенше болған жоқ, қос қолын ұсынып Көпбай болыс үйге енген.

- Бір тамаша отырыстың үстінен түстім-ау деймін. - Көпбай жарқылдай күліп айнала отырғандарға тағы көз тастады. - Шөкенді білемін, мынау отырған екі баланы танымадым. Естуімше Қақпан ақын осы ауылдың жиі қонағы. Бозбай да осында екен, бәсе өнер ордасына тап келдім дедім ғой. Ояздың осы жолғы шақыруы дұрыс болды-ау өзі. Әйтпесе орталарыңызға дәл келер ме едім.

Сусын ішіп, жайласып отырғаннан кейін де Көпбай:

- Шөке, сіздің әңгімеңізді де сағындық. Осы Балта ақынмен қақтығысып қалған деседі. Сонда кім жеңді өзі?

- Балта ұшпа мінез танытпайтын сабыр иесі ақын. Мәселе сен жендің, мен жендім де емес, кімнің не айтқанында ғой. Айтыстың ғибраты сол, - деп Шөже Көпбайдың сауалына тіке жауап бермесе де, тәлімді пікір айтты.

- Осыңыз дұрыс. Мойындамасқа шара жоқ. Сіз бұл Бесата еліне келгенде өз аузыңыздан кейбір түткіл әңгімені естіп қалсақ дейміз, - деп Көпбай да қояр емес. - Балта ақын мен Құнанбай да сөз жарыстырыпты деседі.

- Көпбай болыс дегенге қара жаяу екен десем, өзін әңгімешілекенсің ғой, - деп күлді Шөже ақын. - Сол айтқаныңның ішінде жүргенмін. Балтамен дос-жаран адамбыз. Бір қызды алып қашып келді. Қызбен арасы әлі жеті атаға тола қоймаса керек. Сонан Қарқаралыда, оның басында отырған Құнанбайды сағалап біраз жүрді. Құнанбай екеуінің құрдастығы да бар, қалжыңдары да орынды. Соның үйіне бір шаруамен келген Балтаға Құнанбай:

Бұрынғы хақиқаттың сөзін жырлар,
Қарындасын қатын ғып алып қашып,
Еларалап жүреді арсыз мұндар, -

деген.

Оған Балта саса ма, Құнанбайдың да мінезін біледі. Қүнекең ауылға таяу орманнан ағаш кестірмейді. Қи жоқ, ағаш аралағаныңды көрсем, сол балтамен өзіңді тураймын дегені бар. Ұзақ жолдан келе жатса орманның ішінен балтаның дыбысы шығады. Қанына қарайып, тура сені көріп алайын деп жетіп келсе, әкесі екен деген сөз бар. Шындығы әкесі емес, жақын туысы екен. Сонан Балта соны тілге тиек етіп:

Ақ құрлар, кара құрлар, құрлар, құрлар,
Бұрынғы хақиқаттың сөзін жырлар.
Баласы әкесіне балта жұмсап,
Шешен жынды қатын ғой, бәдік-мұндар, -

деп салғаны бар.

- Әп, бәсе, солай екен ғой. Бізге кейбіреулер әкесіне қол жұмсапты деген өтірікті де қоса жеткізген еді. Бірін-бірі к...ке шұқып жүрген қазақ-ай, - деп Көпбай жадырай түсті.

- Көптен бері осындай ортаға тап бола алмай сырттым жадырағанмен, ішім құрысып жүргендей едім, жаным да, тәнім де рахатқа батқан күн болды, - деп Шөже әңгімені бастады. - Біздің жасырақ шағымызда ақындардың осындай ортасы болушы еді, мына мұжықтар жапа-тармағай қоныс теуіп, жерінді ластап жатқанда, ондай ортаға елді орын жоқ-ау деп қайғырушы ем, құдайға шүкіршілік екен.

- Пәлі. - Бозбай шалқайды. - Осы отырғанымыз Шортекеннің алдын көріп жүрген үмітті жастың біршамасы ғанамыз. Өткен жылы Керней ішіне барғанда бұл кісінің отырған орнына әруағы мен өнері жұғысты болсын деп Бабас, Диа деген жеткіншектерді әкелері аунатып алғанын көзім көрді. Осы жақында ғана Сәрінжіп деген бала мен Дианың осы ауылда апта болып кеткенінің күәсімін.

- Солардың бірі мына менмін. - Көпбай мол денесімен Шортекенге бұрылды. - Енді ақын болып жетістірмеспін, бірақ бұл кісінің айтқанын жаттап, елге жеткізу қолдан келеді ғой.

- Уа, бәрежелді. Жақсы сөз, жарым ырыс деген осы. Біз мына Шортанбай сияқты жазуды меңгермесек те құйма құлақпыз ғой. Естігеніміз көкейде жатталады да қалады. Шортанбай мен Орынбай ақынның айтысын тегіс білемін, орынды жерде айтып та жүрмін.

- Япырай-ә? - деп ойлады Шортекен. Сол айтыста жанында атқосшы Әбеу ғана болған еді. Жол түсіп Жамантай ханның ауылына соққан еді. Биліктен кеткеніне талай-талай жылдар өткен Жамантай кәрілікке бет бұрып қалған екен.

- Көрінбей кеттің ғой, жырауым, - деп құшақтап амандасты.

- Ретінің өзі осы болып жатыр да.

- Кешегі хан ба еді, бірдене болып жүргенде ат құрғатпайтынның талайы таза көрінбей кетті ғой, - Жамантай кешегі билігінің өзін бүгін менсінбей, "бірдене" деп салды. - Адамның күні адаммен деген де өлшеу бар ғой. Бүгін тату, ертең тату қазаққа тән емес қой.

- Ол билікті аға сұлтан деді. Оның да өткінші екені көрінді.

- Иә, иә. Ел-жұртың аман ба? Жанғұтты, Дүйсенбайлар қалай? Байсейіттің Нұрланы шатылған ісінен құтылыпты деп естідім.

Озіңіз де ел ісіне қанық екенсіз ғой, Жәке.

Менен сәлем дерсің бәріне. Естуімше, Дүйсенбай болыс сайлауын ырың-жырыңға салдырмай, елдің бір білікті адамына "енді болыс сен бол" деп белгілеп қояды екен.

Өте дұрыс. Сайлау деп елді бөле-жару елдің бірлігін бұзу үшін жасап жүрген орыстың айласы. Елдің дуалы ауыз ақсақалы өстіп болысын өзі тағайындап жатса, бірлік те, тірлікте болады.

- Ұлық тағайындап жатса ше? - деп Шортанбай Жамантайдың пікірін білгісі келген.

- Жо-Жоқ. Өкімет болыс-әкімді тағайындаса, олар оның қолшоқпары болады. Өкіметті айтқанын істеп, айдағанына жүретін итаршысынан аспасын десең, болыс-әкімді ұлықтатағайындата бер. - Жамантай ой түбіне берілгендей иегін сүйеп, біраз отырды.

- Осы ойыңыз дәл көңілімнен шықты.

- Солай ма? Болдық қой сайлауда. Аға сұлтан, хан боламыз деп ұмтылды. Аға сұлтан болғанда билік тиер, орысқа жауаңдамаспыз деп үміттендік. Бос қиял екен. Тізгін солардың қолында тұрғанда қадамыңды қия бастырма. Тіпті, орыстың айтқанын істетемін деп елге жек көрінішті де екенсің. Тапқанымыз да, жеткеніміз де сол. Ол неме керек.

Иә, тап сол жолы, осы Жамантай хан ауылында Орынбаймен ұшырасып қалды. Айтыс Жамантайдың алдында өткен еді.

- Шөке, сіз ол айтыста болған жоқ едіңіз ғой, - деп сұрады Шортанбай жырау.

- Естідік. Сенен кейін сол ауылға барғанмын. Жамантай хан да құйма құлақтың бірі, өзі айтып берді. Өзіне аса риза екенінде жасырмады. Сен:

Жаратқан бәрімізді бір құдайым,
Падиша пендесінің білер жайын,
Атына анық, түсіне танық едім,
Жолың болсын, жүрмісің, Орынбайым, -

деп бастағанда, Орынбай:

Дуана Қожа атасы барар Мекке.,
Мейрамға имам болған жалғыз, жеке.
Жолың болсын дегенің жақсы лепес,
Құдай берсе, мол болсын, е, Қожеке, -

деген.

Сол айтыста Шортекең Орынбай ақынның да қожалар шежіресінен хабары мол екенін аңғарды. Түбі хазірет Әліден тарайтын өзінің осы Арқаға келген бабаларының бірі Мәді Дуана Қожа. Бұл бабасының зираты Мойынты-Киікті жағында. Көне зират әлі біразға шыдайтындай екен. Мәді Дуана қожаның бәйбішесінен Қозжан мен Қылыш қожа, Қарақалпақ қызынан Бақмұхаммед қожа, тоқалынан Пірзада қожа.

Мәді Дуананың Қылыш атты ұлынан Смайыл, Жакып, Дәуіт, Көшен, Баба, Әуезбек. Көшеннен Таспа мен Күдері. Күдеріден Нүреке. Ал, өзі Смайылдан тарайды. Смайылдан Қанай, Қанайдан Шортанбай.

- Айта, айта түсіңіз, - деп отырғандар Шөжені қыздыра түскен.

Орынбай Тұрлыбекке ерген екен,
Әркім-ақ сұрамшаққа берген екен.
Елімді өзім жоқта койдай шауып,
Бұл мұндар сонан дәндеп келген екен, -

деген Шортанбайға Орынбай:

Қожеке, соны сөз деп айтармысың,
Қуанып бердірмесен қайтармысың.
Мейрамның қарлығаштай малын қорып,
Қызғанған тәңір малын сайтанбысың, -

дейді ғой.

Әй, осы Орынбай да тегін ақын емес, мына сөзін қарашы деп Шөже тағы өлеңдете жөнелді.

Қожеке көп сайтанмен алыспаңыз,
Қараға төре тұрып таныспаңыз.
Айтамын жаным ашып, ақсүйекке,
Жасыққа шар болатты салыспаңыз.

Мен де естігенмін, бұл айтыстың соңғы жағы ғой. Шортекең былай деп тәмамдапты, - деп Көпбай болыс сөзге араласты.

Өтерін дүниенің ойламасам,
Алдында хан, қараның сайрамас ем,
Орынбай елге келген мейман еді,
Әйтпесе бұған жолда байламас ем.

- Жоқ, жөн. - Шөже ақын Көпбай болысқа риза болып, ұртынан жымиды. - Өзің шынында да болыстықтан гөрі

әуейі бізге жақын екенсің. Қалаға барсаң бізді ұмытып,
ұлықты маңайлап кетесің, тар жерде кездесуімізді қарашы.

- Оу, Шөке, тар жеріңіз не, сағым ойнаған құла дүз жетеді де. Осыдан кейін қыр соңыңыздан қалмаспын. Құтыла алмай жүрмеңіз.

- Ол жағын көре жатармыз. Осындай өзі болыс, өзі әуейі біреуді кездестіре гөр деп құдайға ақсарыбас шалып едім, тым кештеу болғанын қарашы. Соңыма екі ай ертсем, болыс екенінде ұмытып кетер еді, - деп Шөже қалжыңға қарай ойысты.

- Шөке, бұл Көпбайдың болыс деген аты Бесатаның ішінде ғана, кісілігі Арғыннан асып Үйсінге жеткен. Аты дардай ініңізден Шудың бойын жағалаған Әжі төренің ат сұратқанын естіп пе едіңіз? - деп Шортекең тың әңгімені қозғады.

- Ә, солай ма?

Көпбай үндей қоймады. Осы оқиғаның түйінінде шешуі кезінде дәл табылмаған жұмбақ жатқанын бәрі біледі. Қақпан жөткірінді.

- Әжі төрені білуші едім. Ауылында болғаным бар. Әжі төренің сондағы айтқаны мына сөз еді:

Көпекене сәлем айт, бір ат берсін,
Құйрық жалы төгілген құр ат берсін.
Боздығы Бұхардың бөзіндей болсын,
Естілігі көненің көзіндей болсын.
Елшілдігі Шортанбайдың сөзіндей болсын.
Жорғалығы Жанғұттының тезіндей болсын:
Семіздігі Көпбайдың өзіндей болсын.

- Пай, пай-ай! Мына Төрең қырғын ғой өзі, Арқаның бар жақсысын атап-атап айтуын қарашы. Тұлпар емес, арғымақ емес, қайдағыны сұрапты. Табылды ма, онысы?

- Оңайға түспеді-ау, - Көпбай күмілжіді.

- Жалғыз Қабекең бе, баршамыз сабылдық. Он сегіз мың жылқы біткен Адамбай-Тұрсыннан не жүйірік, не жорға шықса да бір кінәраты келмейді. Сонан он жеті мыңды айдаған Жәңгір төреге бардық. Төре "мынау ел намысы екен, қалағандарыңды алыңдар" деп жылқыны апта бойы аралатты, - деп Бозбай сөзін растатуға Көпбайға қарады. Сонан да шықпады ма?

- Ол жақта Бәжең мен Қара би жүрген, бұл жақта Жанғұтты мен Дүйсенбайлар іздеу салды. Арада ала өкпе боп біз шапқыладық.

- Иә, сонан...

- Табылды ғой. Кәрсен Мәті-Дәуленнің жылқысынан. Мәті-Дәуленге үш мың қара көк біткен екен. Соның ішінде бір үйір шымқай боз да бар екен. Біз таңдап алған жылқының боздығына теңеу таппайсың. Оның жанында жаңа сауған сүт қоңырқай боп көрінер еді.

- Паһ! Паһ!- Шөже рахаттана күлді. - Шаңқан боздың шаңқаны екен-ау.

- Пәлен жыл мінілмеген құр ат. Семіздіктен жарылайын деп тұр.

- Ал..

- Су төгілмес жорға. Төрт аяғы бірдей тайпалады. Шіркіннің көркіне көз тоймайды.

- Апарып бердіңдер ме?— Шөженің арқасы ұстап, делебесі қозғанына Шортанбай қызыға карап, күлімсіреді де:

- Шөке, әңгіменің артын бағыңыз. Көпбай ендігісін өзін айт, - деді.

- Әлгі Төренің сәлемін жеткізген жігітті ат табылғанша қайтармадық. Біздің елді көрсін, таныссын деп сол уақытта өткен той-томалақтың бәріне қатыстырдық. Атты да сол жігіттің сын көзінен өткіздік.

- Е, дұрыс болған екен.

- Бозжорғаны жетегіне алған жігіттің жанына біреу-міреуден қастық болмасын деп тағы екі адамды қостым да, семіз малды қинамай салқынмен ғана жүрулерін тапсырдым.

- Көпбай мүдіріп, ар жағын айтқысы келмегендей болды.

- Иә, сонан, ~ деп Шөже ақын да қояр емес.

- Айтқанымды орындап, баяу, бабымен жылжып, аптадан асқанда Хан тауына да жетіпті. Сондағы бұлақтың басына түнеп, аттың да бабын тауып, әрі қарай жылжыған екен. Шуға таяй бере Әжі төренің жігіті "ат бабына келді, енді жорғалатып көрейін" деп ер салып, тайпалата жөнеліпті. Сонан көп ұзамай сере шыққан малдың қазысы қабырғасынан бой-бой сәгіліп, сол жерде өліп кетіпті.

- Қап! Әттеген-ай. - Шөже ақын санын соқты.

~ Өкініш мол болды ғой. - Көпбай осымен біттім дегендей теріс айналып отырды.

- Мал көрмеген немелер ме? Қой көрмеген қуалап өлтіредініңкері ғой. - Шөже ақын әлі өкінішін баса алмай қозғалақтай берді. - Милау екен ғой өздері.

- Шөке, әңгіме әлі біткен жоқ.

Шөже ақын енді айтар не қалды дегендей Шортанбайға жалғыз көзін қадады. Сонан соң қозғалақтаған бойын тежеп, тыңдауға дайынмын дегендей малдасын құрды.

- Әжі төре жұмбақ адам екен.

- Енді несі қалды?

- Сұрағаны ат емес екен. Ал, жалға, Көпбай, - деп Шортекең сөз ретін тағы Көпбайға жүктеді. Көпбай қайта оралып, әңгімені жалғаған.

- Әжі төренің сұрағаны қыз екен.

- Сонша...

- Сонша жұмбақтағаны, - деп Көпбай Шөженің сөзін бөлді, - біздің елдің бір қызы. Ертеден Қаракесекпен құдалығы болса керек, сүйек жаңғыртуға исі Қаракесектің бір қызына құда түспек ниеті болыпты. Аттың жолда өлгенін естіп, қатты қапаланыпты.

- Мисыз, - деп жігітін сабатып тастапты.

- Жолдарың, - деп біздің ауылдан барған екі адамға екі жорға мінгізіпті. - Мен малсыз емеспін, ызғып жатыр. Не керек, бір жанына бәрі табылады. Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе деген бар ғой, көңілдің жүйріктігіне салып едім. Сөздің түйінін байқар деп едім. Көпбай ел билеген болыс, ар жағында қысасын өзіміз жаттап жүрген Шортанбай, Жанғұтты, Дүйсенбайлар бар екенін де білуші едім, - депті.

- Сонда бұл қалай? Ел болып сөзін екшедіңдер ме?

- Содан ұтылып отырмыз ғой. " Құйрық жалы төгілген" дегені сүмбіл шашы тобығына түскен қыз болсын дегені екен.

Көпбайдың сөзін табалдырықтан сәлем бере аттаған үшеубөліп жіберді. Сәлемшінің үлкені Қыздарбектің бұл шамада Арқа өңіріне күйшілік өнерімен аты шыққан. Қыздарбек Кәрсөн-Таңабай ұрпағы, жанына ерген жас жігіттің бірі Рысбектің Әбдиі, Шортекенен жақындау келіп жайғасқан жыраудың жалғыз қарындасы Қалаулыдан туған Кәрібек. Қалаулы Кәрсөн-Қозыбақ Бейсенге ұзатылған. Осы келгендердің ішінде еркінсі отыратын да Кәрібек.

Ұстайкірген домбырасын да нағашысы Шортанбайдың

тізесіне сүйей салған. Өнер құған Қыздарбектің манайына топтасқан осы екеуі ғана емес, Ақмолда, Сембек, Кенжеқара, Мақаш дегендер де Шортекең үйінің жиі қонағы. Ондайда осы манай болып жиналып, ауылдан-ауыл, үйден-үйге шақырып, апталап жібермей қоятындары бар.

- Ал, сонымен, - деп Шөже ақын тағы Көпбайға қарап, үзіліп қалған әңгіменің жалғасын сұрау ниетін білдірді.

- Иә, - деп жалғады Көпбай, - қолан шашы төгілген қыздың көркі қара түнді қақ жарған аппақ айдай болуын Бұхардың бөзіне теңеп, ишара жасаған екен. Қыздың қазақтың көне дәстүр, салт-сананы терең білуін "естілігі көненің көзіндей" болсын дегенмен білдіріпті.

- Тұу, мына Әжі төрең естіген сайын ұнап бара жатыр, - деп Шөже жадырай түсті.

Мынау орыс араласып, Шортекең айтқандай:

Кейін келер заманда,
Ұлсыйламасатасын,
Қыз сыйламас анасын, -

дегендей уақытта қазағының қасиетін танып, сонан айнымастай болуын "елшілдігі Шортанбайдың сөзіндей болсын" дегені өмірде ақымақ пен қисық көп, солармен бет жыртыспай ебін тауып сөйлесе біліп, Жанғұттыдай тезге салып, түзеп жіберсін дегені екен.

- Семіздігің Көпбайдай болсыны несі? Қызға семіздіктің керегі не? - деп қалды Бөрібай.

Көпбай жауап орнына мырс етіп, жантая кетті. Бетіне күлкі үйірілген Бозбай Көпбайдан қысылып, алақанымен танауын уқалады.

- Ей, Бөрібай-ай. - Көпбай дауысын созды. - Ей, Бөріжан-ай! Семіз деп ой-санасының толықтығына дененің де саулығын, екі мүшесінің бүтіндігін айтқаны емес пе.

- Шіркін, қазақтың сөзге жүйріктігі-ай. - Шөже тәтті дәм аузына түскендей тамсанды. - Ойын осылай астарлап жеткізетін біздей халық жер бетіде бар дейсің бе.

- "Өнер алды қызыл тіл" деп бағалаған біздің халық сөз өнерінің сұлулығына, ойлылығына аса ыждаһатпен қарап, мәдениетті сөйлеудің шыңына жете білген ғой. Айтыста ғана кездесетін анайы атаулардың өзін өнер деп түсінуге деңгейі жеткен халық осы қазақ қой, - деген Шортекеңнің түйінінен кейін бір сәт тыныштық орнаған.

- Кәне, Қыздарбек, енді сен айтшы, - деді Шөже акын.
- Соңына ерген, өнеріңді жалғастырсақ дейтін жастар бар екен. Өзің ше? Өзің кезінде кімді ұстаз тұттың?

- Шөке, бұл өңірдің тарихынан канша хабарыңыз барын білмедім. Ағыбай батырмен қоныстас қыпшақтың бір ауылы бар. Сол қыпшақ ішінде Итаяқ деген күйші болған еді. Менің он үш-он төрт жас шамасы кезімде сол қарт күйшіәкемнің өтінішімен айлап қона жатып, өнерімді ұштап берген-тін. Бүгінде марқұм ұстазымның мазары Тайатқан-Шұнақтан арғы Шалғынбай мазарынан әрі қарай жиырма шақырымдай жерде. Жанында кішігірім бұлақ бар. Жылына арнайы барып, дұға оқып қайтамыз.

Шөже акынның өтінішімен Қыздарбек арша домбырасын қабынан суырды. Бостау бұралған шегінің құлақкүйін тағы тексеріп, әр шекті жайлап шерте бастаған еді, аздан соң тамылжыған үн бойды балкытып, көз алдыңнан нелер бейне елестеп өте бастады. Сары даланың күзі жетіп, аударылып қаңбақ барады. Тойлы ауылдың дүркірі де, тау етегіндегі бұлақтан су ішкен топ киіктің үркуі де жүректі елегізтікен. Күй шегін тартады, тылсым үн өкінеді. Бебеу қаққан қиялда маза жоқ. Жөңкіліп жау келеді, қамшысын білегіне іліп, қаруын асынып, қазақ қарсы аттанады. Ұлы дала дүркіреп жатыр, қайдан маза болады дейді күй.

- Бұл "Өткінші жалған" деген күй, - деп ұстазының күйіне Кәрібек түсінік берген.

- Мынау, - деді Қыздарбек жүзі жадырап. - Бұл Шортекеңнің өзінің күйі. "Шортанбай" деп тартып жүрміз. Күй тағы есіліп сала берді. Шортекең жүзін төмен салып, үнсіз тындаған. Әнші, күйші болайын деген ерекше ынтасы да жоқ еді, өмірдің бір сәтінде домбыраға төгілген жүрек шертісі де. Иә, өзімен сан кездесіп жүрген Жабайдың Жамбылы акынның "Шортанбай" күйі деп өмір бойы шертіп өтетінін кім білген.

"Бестөрені" Кәрібек нақышына келтіре шертті. Домбырадан бес үн, бес түрлі наз айтты. Біреуі дегбірсіз, біреуі уайымшыл, бірі сабыр шақырады, қомақты үн тағдырдың жазғанын ер жүрекпен қарсы алуға, шыдамға үндейді.

- Осы кімнің күйі? - деп сұрады Шөже акын.

- Бұл Наурызбайдың күйі ғой. Қырғыз еліне ағасы Кенесарымен бірге бес туысқаны түскенде, елді сағына отырып тартыпты, - деп қалды Қыздарбек.

Өткінші өмір. Кімді қапы қалдырмаған. Түрулі іргеден соққан жел ошақтың маңында кішкене ғана құйын боп үйіріліп тұрды да сөнді.

БҰРЫН-СОҢҒЫ БИЛІК

Таң бозынан тұрған. Өзен бойын асықпай аралап келгенінше күн арқан бойы көтеріліп қалыпты. Бетін кіреукедей бұлт шалмаған аспан мөлдіреп тұр. Мөлдіреген аспандағы күн іліп қойған алтын табақтай мейірін төгіп, ерекше елжірегендей көрінді. Үп еткен жел жоқ еді. Кенет ойыны қанбай, балақтан алған күшіктей баяу үрлеген жел шалғынның басымен жүгіріп өтті. Соңынан тағы біреуісі... тағы біреуісі боп шалғын басын баяу тербей жөнелген.

Таңғы шайын ішіп, былғары сөмкесін ашқан Шортанбай жырау дәптерін ашып отырып күлді де, зайыбы Маликеге қарады:

- Осы Асан Бұғы екеуміздің айтысымыз бітпей қойды. Замандас, құрбылас болған соң кейде артық та кетіп қалып жатамыз, - деп қағазының бір бетін аударып тастады.

- Соны жұрт дұрыс та түсінбей жататын сияқты. Сіздің "әндіжандық сарт болдың, қай елдің ен қожасы" дегеніңізді бұрмалап әкетушілер бар көрінеді. Оның несі жақсы деп уайым төкті зайыбы.

- Енді мынаны тыңда, мен оған:

Арканы алған мына жау,
Сені де қоймас түбі сау.
Саудамен тапқан тиынға,
Әулиедей сиынба.
Мұсылманның баласын,
Хан, ақсақал данасын,
Қыспаққа алған кәпірге,
Сенің-дағы малыңды,
Тартып алу қиын ба, -

деп жазған едім.

- Алла одан сақтасын, - деп Мәлике тағы шошынды.

- Енді Асан Бұғының жауабының мына жерін тыңда.
Ол:

Сөзіне жұрт ұйыған,
Дес бермеген ақынсын.
Кереку, Семей барғыштап,

Ат, арғымақ алғыштап,
Ойлап кеттің бақ ісін.
Сен пайғамбар тұқымы,
Мен Әндіжан қожасы,
Тек сен ғана жақсы боп,
Бәрімізден озбақсын.
Саудамен дүние жиды деп,
Бұл орыстың ісі деп,
Алдымызға тосасың, -

депті.

- Қанша құрдасың, ойын-қалжыңымыз жарасты дегенмен, Асекең көңіліне кейде ауыр алатын сияқты. Осы жерде де соның лебі есіп тұр ғой, - деген Мәликенің уәжіне Шортекең еріксіз тоқтап, шежіреден сыр шертуге тура келді.

- Ұлы пайғамбар бабамыздың орынын басқан төрт шадияр болған. Соның ең үлкені Әбу Бәкір Сыдық. Біз пайғамбарымыздың күйеу баласы хазірет Әліден тараған ұрпақ, бабамыз Мұхаммед с.ғ жалғыз қызы Фатима анадан туып, ұлы бабамыздың бір түйір қаны бойымызда жүргенін мақтан етеміз. Әбу Бәкір Сыдық пайғамбарға туыстық жағынан жақын адам. Асан Бұғы осы Әбу Бәкір Сыдықтан өрбіген ұрпақ. Мұсылман елі оларды да, бізді де Қожа деп таниды, бір-бірімізден айырмайды. Бәріміз де Құрайыш руынан тарағанымыз, туыс екеніміз рас.

- Онда неге әндіжандық сарт болдың дейсіз?

- Сарт деген ұлт жоқ. Қазақ халқы сауда істеген Тәжік, өзбекті сарт деп атап кеткен. Біздер, қожалар, қазақ еліне мұсылман дінін жай ғана насихаттау үшін емес, нығайтып, мәңгілікке бекіту үшін келгенбіз. Бұл бізге Алланың мойынымызға артқан міндет-парызы. Асан Бұғы осы парызды тастай беріп, ішінара сауда жасап қоятынын естіп, қожалығыңды ұмытпа деген мен "әндіжандық сарт болдың" дегенмін.

- Біздің қазақтың бір сөзге бір сөзді қосып әкететіні болушы еді. Түбі солай болып жүрмесе, - деп Мәлике есіктен кірген баласы Алдабергенге қарады.

- Сенің осы уайымыңның Асан Бұғы алдын алған тәрізді. Міне, мынаны тыңда, - деп Шортекең Асан Бұғының жазғанынан оқыды.

Мені бүгін сарт дейсің,
Қалжақтан ауыз жимайтын,

Дуалы сөз ішке сыймайтын,
Алыпкашпа, көк езу,
Сені атайды қызыл бас.
Пір болған соң тантыққа,
Қалай заман бұзылмас.

- Осы Асекең де тегін адам емес. Балалары да шетінен оқыған, сөз жаттаған, - деп Алдаберген сөзге араласты. - Сіздің осы айтқандарыңызды да біледі екен.

- Ренжіп жүрген жоқ па екен олар?- Мәлике баласына қарады.

- Ондайларын байқамадым.

- Ал, Асан Бұғының осы айтқанына мен жауап жазып едім. Соның соңын оқып берейін.

Бұл айтқаным - ақылым,
Аталас туған жақыным,
Қиямет күн кез болса,
Пайдасы болмас қапынын.
Ағартты құдай басынды,
Өлшеп те берген жасынды.
Сауда деген елді арбау,
Қоярсың енді осынды.

- Балаларын қайдам, ал Асекең "Шортанбайдың мені сартқа жатқызғаны несі?" деп ренжитін көрінеді. - Алдаберген алақанын жайып әкесіне қарады.

- Имм...

- Ағайынның арасы осындай өкпеші болмаса не қылсын. Өзіне бір дәм берсек деп жүр едім, - деп Мәлике де Шортекеңе бұрылған.

Таңғы астың үстіне Жанғұттының жігіті келді. Бір-екі шыны шай ішіп, балқаймақтан қарбытып-қарбытып, іштегі жыланның бетін қайтарған соң ғана Шортекең елдің аман-саулығын сұраған.

- Жәкең сізге арнайы жіберді.

- Ал, онда айта отыр.

- Қозыбақ Жақсы Айтжанның ауылына барамыз дейді.

- Жөн екен. Жайшылық па?

- Ол жағын білмедім.

Жанғұтты би күтіп отыр екен. Дастархан үстінде бұл жүрістің мәнісін айтты.

- Болыс сайлап, ағайынмен алақөз болып шабылдық. Енді, міне, әр елдің биі болсын деген де шығып, енді соны

сайлап аламыз десіп, ел бөрігіп жүр. Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді деуші еді. Сол қақпақ ел ұстаған, ел әділдігіне сенген қазақтың биі еді, оны да жұлып тастап, әр атадан бір-бір адамнан ұсынып, әркімді қойға шабатын қасқырдай етіп қойды, - деп Жанғұтты іштегі ренішін ақтарды.

- Бұл бір нәубет боп тұр ғой. Тұтас жатқан елді бөлек-бөлек етіп, бір-біріне айдап салудың мына жандарал-ұлық дегендер шебер әдісін тапқан. Жау өзінің ішінен табылған соң, шетінен жаға жыртысып жатқан ендігі жұрттың елдің ертеңін ойлауға мұршасы келе ме? - деп Шортанбай да қостады.

- Жаксы Айтжан Қозыбақтың бір тәуірі еді. Билікке таласқан жұрт азып кетер, қолдан келгенше бұл пәленің алдын алайық деп сәлем айтыпты. Соған тілеулес болуыңызды өтініпті.

Ауылдан шыға бере атының тізгінін тартып, көзін сығырайтып, ойлана қалған Шортанбай жыраудың балдызы Әбеу кенеттен әлдебір істің шешімі басына сап ете түскендей, үркек торыны сегіз өрім қамшымен сипай тартып өтті. Онсыз да еліріп тұрған торы ышқына ытып кеткенде, бұл күнде бойы аса ұзарып өскен Әбеу ердің артқы қасына шалқалай құлап барып түзелді.

- Мына жігітіңнің мұндайы жоқ еді ғой, - деді Жанғұтты күліп.

- Жастық қой.

- Ат үстіне онтайланып қайта отырған Әбеу өрескелдеу ісіне ұялыңқырап, атын мойнынан қақты.

- Нағыз қазанат қой. Үркегі үркек. Бір мінезсіз бола ма. Мұндай текті малбапкерлердің қолына түссе ғой, сөз жоқ, оны айрықша баптап, бәйгеге қосып қарық қылар еді. Менде ондай ниет жоқ - деп Әбеу ақталғандай болды.

Жанғұтты бидің ауылынан асықпай аттанған аттылар Сарыадырды жоталап өтіп, Қотан бұлаққа ат шалдырды. Үлкендердің атын екі жігіт оттатып әкеліп, алдарына тартқан. Биыл жаңбыр да мол. Жаз ортасынан асса да сайын дала көкпең-көк. Сай-сайдың шалғыны үзеңгі қаққан. Құлпырған неше алуан бәйшешек гүлді басып өтуге аяп Шортекең жиі-жиі ат басын да бұра берген. Аттылардан үркіп әр сайдан қашқан түлкі-қоян жыртылып айырылғандай. Құлықтың Ақшоқысынан аяқ астынан тұра

қашқан қасқырдан Әбеудің аты үркіп, жығып кете жаздады. Екі жігіт үлкендердің бетіне жалтақ-жалтақ қарасты да, "қойыңдар" деген ниет танытпаған соң "шу" десіп тізгін босатып, бөрінің соңынан қуа кетті. Қасқырдың қашқан беті Ботагөз бұлағы, Орташоқы тауы сияқты.

- Қараған да ат бойы боп өскен екен, - деді Шортанбай.

- Иә. Бел асса болды ғой, итқұс адастырып кетеді, - деді Шортанбайдың айтпағын түсінген Жанғұтты. - Көзің сәл тайып кетсе, жасырынып үлгереді ғой пәлекет.

Үлкендер қасқыр қуып кеткен екеуге қарайлап тоқтамады. Аттың аянымен Қасқабиені бетке алып, тарта берген. Бие сауымындай уақыт өте екі атты да ақ тер-көк тер етіп екі жігіт қуып жетті. Үлкендердің сұраулы жүзі екеуінде.

- Арлан екен. Инге жоламады, — деді Әбеу.

- Нағыз безер. Мен қарасын ғана көріп отырдым, Әбеудің торысы да жүйрік мал екен, алдын орап-ақ алғанын, құтылмасын біліп тасқа шығып кетті.

- Тастан қуып түспедіңдер ме?

- Сайы толған жыңғыл. Қайда кіріп кеткенін таба алмадық.

Аттылар Қайрақты өзеніне жақындап келіп қоныстанған Қара бидің ауылына кеш түсе жетті. Әдеттегісіндей малының жайғалуын көзімен көрмей үйге де енбейтін, келген қонаққа да бұрылмайтын Қара "бұлар кім" деп те сұрамастан қотанның арғы шетіне шығып кетті. Жанғұтты мырс етіп күліп жіберді.

- Ауру қалса да әдет қалмайды-ау, ә.

- Қаракеннің берері жоқ, жаны ашиды деген осыдан қалған шығар-ау, - деп қостады Шортанбай.

- Мына Қара би қараңғы түскенше оралмас, - деді Жанғұтты.

- Бөденің Серігіне ұқсатып шалап ұсынып жүрмесе.

- Біз Серік емеспіз "шауып алам" деп қорқытатын. Қой, бұл тұрысымыз жараспас. Тілдесейік, - деп Жанғұтты Қараға жігітін жұмсады.

Қара жігіт таянған сайын әрірек жылжып, мал ішіне кіріп, біраз таянтпады. Сонан соң жігіттің сөзін анық естиін дегендей бас киімін шешіп, құлағын тосқандай болды да, бері қарай емпеңдей ұмтылды. Орта жолда тұра қалып, тағы бірдемені бұйырған. Қотаннан екі қой ұстаған екі жігіт екі үйге қарай сүйрей жөнелді.

- Апыр-ай, сіздер екенсіздер ғой. Ауылдың еріккен біреулері екен деп, - Қара би айнала қашқанына кешірім сұрағандай пейіл танытты.

- Жол түсіп келіп қалдық.

Қара тағы артына бұрылып:

- Әй, - деп айқайлады. - Біреуін... семізін осында әкеліңдер. Анасын ана ақсақалдың үйіне апарып жайғандар.

- Ел аман ба, Қареке? - деді Шортекең.

- Аманбыз.

Қара өз үйіне екі үлкенді түсіріп, екі жігітті ортадағы, өз үйіндей болмаса да тігілу сәні онан кем емес, ауыл ақсақалының үйіне жайғастырды.

Қонақтарды төрге жайғастырып, қабат-қабат көрпе үстіне жайласып отыруларын сұрап, қос-қос жастық тастатқан Қарада маза жоқ. Манағы қонақтан қашқандай жайсыз көріністі осы пейілімен жуып-шайғандай.

- Ел аман. Өз халімнің де еш айтары жоқ. Әйтеуір елдің бір қажетіне жараймын ба деп ұлық ұсынған билікке барып едім, басыма артық жүк артқандаймын. Онда бар, мынаны бұйт дегені көп. Қатын-баланың қасына қонудан қалармыз.

- Е, не көрінді соншама, ұлыққа елпектей беретіндей, - деп Жанғұтты таңданды.

Кешегі өткен заманда Кенесары ханмен қоныстас болған Қара биді орыс естіп қыспаққа алып жүр ме, әлде сол бір өткен дәуренінен өзі сескеніп, "ұлық бір пәлесін басыма төге сала ма" деп қорқып, елпектеп қалды ма деп ойлаған Шортекең Қараның жүзіне бажайлай қарады.

- О жағын айтпа, және. - Қараның мол көйлегінің кең екі жеңі көз алдында желпілдеді. Көйлек иесі жөткірінді. - Мына менен гөрі орысқа бұрын жағынған бар ғой, солардың иттігі өтеді де.

- Е, не істеймісің дейді.

- Орыс орманның қай шаһарын білеміз. Өздері де орманға ұқсап өсе бере ме деймін. Не деген көп халық. Осылармен соғысып жүрген Кенесарының жүрегіннің түгі бар.

- Біздің ауылға қашып келген татар "шошқа он табады, мәтүшке он бір" дегенді айтушы еді, - деп Жанғұтты әлденені еске алғандай сөз аяғын сырғыта салды.

- Сол көп шаһардың бірінен қазақтан салық жинаңдар деген пәрмен түсіпті. Кең далада құдайдан басқаны танымай өскен қазақ жандаралдың салығын қайтеді төлеп. Соның салмағын маған артқысы келеді.

- Кісі қолымен от көсеу деп осыны айтады.

- Көсеу бола қоймаспыз.

- Бәсе, - деп Шортанбай риза боп қалды. - Жатқан арыстаннан да қорқау шошиды. Ұлықтардың мұнысы арыстанның арқасын сипап көргісі келгені болар. Қайтер екен деп. Қолына найза ұстаған адам жауының көсеуін ұстап, қазанын қайнатар дегенге сене алмай отырмын.

- Жаудан түк тартсаң да пайда деуші еді. Тартып көрсем, түбінен өзіне жұғатын пәлекет шығатын түрі бар. Онысын денеме дарыта қоймаспын.

- Пәлі, пәлі, - деп Шортекең ризалықпен күлді.

- Е, Қара биім, бағың аспандап тұр екен, - деп Жанғұтты сөз аяғын қалжыңға бұрды.

- Енді қайтерсің. Құдайдың берейін десе, бағы аз ба, жіберейін десе, пәлекеті жетпей ме. Соның қайсын таңдар едініз, Жәке, - деп Қара би сөз аяғын Жанғұттының өзіне бұрды.

- Не таңдайтыны бар? Бәрін өзіңе үйіп-төгіп беріпті ғой. Ең болмаса біз келеді деп бақ жағынан бірдемесін қоймадың ба.

- Менің ана сақалды патшамен ілгі ерте-ертедегі аңызда айтатын, орыс құл, біз мырза боп жүргендегі кезімізден алыс-берісіміз бар еді. Соны ұмытпай, бақ ұсынып жүргені-ай, - деген сөзіне бәрі қосыла күлген.

Үлкендердің күлкісі жақындау тігілген Әбеу отырған үйге де жетті. Екеуі елең етіскен. Үй иесі сақалына ақ кірген, өзінің айтысына қарағанда, алпысқа енді жеткен ақсақал тағы бірдеме естігісі келгендей құлағын түрді.

- Біздің Қарекен шығар, қалжақ айтып отырған, - деді.

Ет піскенше деп қымыз ұсынған. Балдай тәтті қымызды сапыра құйған келіншектің құлаштап сапырғанда көрініп-жасырынып отырған ақ білегіне екі жігіттің де еріксіз көзі түсе берді.

- Кім екен? - деді Жанғұттының жігіті Сайын сыбырлап.

- Келіні шығар.

Осыны естіп қалғандай үй иесі ақсақал:

- Әй, жөндеп құй сусыныңды. Осы тоқал дегеннің көзі аспанда бола ма деймін - деп өктемдігін сездірген.

Сайынның екі көзі үлбіреген келіншекте. Табан астынан әңгімешіл. Көрген-білгені көп, оқығаны бар азамат боп шыға келген. Өтірік араласып бара жатқан кездерінде аса қысылмай Әбеудің санын басып қойып соғып отыр.

- Жақсының жанында жүргеннің пайдасы міне, - деп ақсақал ырза.

Екі сөзінің бірінде Сайын да ел жақсыларының атын атап қалудан кенде емес. "Сол кісі сөйдеп еді" дегеннің өзі аңқау әйелге кітап сөзіндей. Басындағы орамалының бір шетімен бетін бүркеп отырған келіншектің де қапылыс тауып, бұрылып қалуы жиілеген.

Ет те келді. Семіз қойдың бар жақсысы табақта. Бабына келтіре пісірілген бастың тұмсығын Сайынға қарата салыпты. Сайын "жол сенікі еді ғой" дегендей Әбеуге қарады.

- Ал, ал басты. Осы жолы сенің ретің, - деп Әбеу шегіншектеді.

Үйме табақ етті жаймалаған болып, кәкпірмен ысырған келіншек Сайынға мөлдірей қарады да отағасынан жасқанып, бетін бұрды. Ас ішілді. Сорпа ұсынған келіншектің қолынан тостағанды Сайынға жеткізбей отағасы өзі алып, қол жалғады.

Тысқа ұзай шыққан Сайын іштегі тұтанған құмарлығын Әбеуден жасыра алмады. Қайдан көрдім осы әйелді деген ой енді сыртқа шықты.

- Уылжып тұр екен. Кепкен тарамыстай шалға қалай бұйырған.

- Тағдыр да.

- Малым болса, тап осындай тоқал алар едім деп қиялдады Сайын.

Киіз үйдің төрінде екі жігіт. Ақсақал мен келіншек сол жаққа қарай ысырылып орын теуіпті. Келіншек ірге жақта екен. Сайын түнімен дөңбекшіді. Ол дөңбекшіген сайын отағасының жөткірінуі де жиі. Мұндайда жаздың қысқа түніде ұзарып кетпей ме.

- Түү, азап-ай, - деді Сайын

- О не?- Әбеу Сайынға қараған.

Таң ата көзі зорға ілінген Сайын күн шыға шошып оянғандай басын көтеріп, аттарды қамдауға кіріскен. Таңғы ас артық-ауыз сөзсіз ішілді.

- Осы бүгін әңгімең бітіп қалды ма? - деп отағасы мырс-мырс күліп шығарып салған.

Ертеңгі жүріске Қара би де ілескен. Ауылдан ұзай бере Қаракең аттың басын тартып, пұшпақ бөркін түзеді де:

- Әй, мырзалар, осы менің патшамның бұйрығын орындауға шыққан алғашқы сапарым-ау, сірә. Осыным қалай, - деп қуақыланды.

- Қайдам, қайдам. Ұлығың би сайла дейді, сен ондай ғадет елді бұзады деп барасың. Осы жерден ши шығып жүрмесе, - деген Жанғұттының сөзіне бәрі жабыла күлген.

Сол күні көз байлана Айтжанның ауылына жеткен. Сусындап алғаннан кейін жолүсті қаза болған намаздарын ұзақ оқыды. Айтжанның сегіз қанат үйінің іші имамдық еткен Шортекеңнің күңгірлеген үніне толып, дұғаның шапағаты сыртқа асып төгілгендей көрінді. Мешіті жоқ, мұсылманмын деген әркім өз төрінің алдында күбірлеп, сәждеге бас ұрғаны болмаса, мұндайды естімеген ауылдың үлкен-кішісі тұра қалып тыңдап, жапырылып үлгермеген шалғынға отыра кетіп қол жайысқан.

Намаз соңынан да Шортекең өмір мен дінді қабыстыра отырып, уағыз айтты. Діннің ұлттың тірегі екенін, кең далаға мұжығын тықпалаған сары патшаның мақсаты қазақты әуелі діннен бездіру екенін, ол үшін моллалардың өзін ұлық-орыстың таңдап қоюға мүдделі болып отырғанын айтқан еді. Мұндай әңгімені бірінші естіп отырған ауылдың қара сақалының бірі:

- Е, сонда бізді енді шоқындырмақшы ма? - деп шошынып, етегін сілкіді.

- Естімеп пе ең? Ана Қызылжар, Көкше жақта әуелі қыз-қатынды шоқындырып жатыр дейді.

- Орыстың бір Қара Иван деген патшасы бопты. Сол бар татарды күздің қара суығында өзенге айдап тығып, шоқынғанын ғана тірі шығарыпты.

- Астағапыралла, не сұмдықты айттың.

Маң далада малын ғана өсіріп, жайбарақат жатқан ауыл қаннен қаперсіз. Атам қазақ талай ғасыр осылай өмір сүрген, осылай бола береді деген тірлікте. Жөңкіліп келіп, қылышын жалақтатып жүрген мұжықтар ауған киік тәрізді ертең тағы өзі үркіп жөнелетін сияқты ойда. Орыс ұлығының түпкі ойының бір шетін естіп еді, міне осы үйде отырғандар шулап қоя берді. Жүрегі шошынып, Аллалап жатқаны да бар.

- Осы елдің миына бірдеме кірген сияқты, Шортеке, - деді Қара.

- Орыстың амалын санаға сіңіргендей болдык. Бірақ.., Шортанбай мүдірді. - Бірақ, мен танитын қазақ болса, бір сүндет тойдың қызығынан кейін, атқа шауып жүлде алған соң-ақ бәрі ұмыт болады ғой. Әлі қаперсізбіз.

- Осы елге не болған сонша?

- Не болғанын білмеуші ме ең?- Жанғұтты осы сенің шының бадегендей Қарағатесіле қарадыда, сөзін жалғады.

Қазақта әр ру жеке қауым болып өмір сүрді. Сол қауымды не ақсақалы, не батыры, не шешені басқарып, баласын молланың алдына жығып оқытып, әлемнен хабар алғызды. Қисығын түзеді, ақыл қосты. Енді ше?

Ендігісі белгілі емес пе? - деп Қара би де жалғаған. - Ендігісі бас-басына би болған қиқым.

Шортекең Қараның әуелгі сауалы "мына жұрт естісін" деген ниетпен қойылғанын түсінді. Бәсе, Қара сонша таяз адам емес сияқты еді. Айтжанмен бірге қарсы алғандардың ішінде болған Байсейіт би сөзге араласпай, жастыққа жантайып, бөркін көзіне түсірсе де сығалап қарап жатыр. Бәжең осы отырғанның бәрінен үлкен. Үлкендігін ойлап, бой сақтап отыр ма, әлде мінезі тіктеу адам еді, сөзге келіп қалмайын дей ме, әзірге үнсіз.

Ескең қайда? - деп Жанғұтты Есбергенді сұрады.

Келе ме деп үміттеніп едік. Ауырыңқырап жатыр дегенді де естіп отырмыз.

Көпбай ше?

Көбекеңді Қарқаралыға ұлық шақырып кетіпті. Оны да "айтқанды сол қалпында орындамайсың" деп ұлығы қысып жатқан болар, - деп Айтжан ел ағаларының қайсысының қайда жүргенінен хабардар екенін танытты.

- Осы Күркереі Көпбайдың кәндәләті ме? - деп сұрады Қара.

- Әйтеуір соңына ертіп жүр ғой. Сол кісінің тәрбиесінде. Өзінен кейін елге болыс болса екен деп тілейтін тәрізді. Онысына орысын көне қойса.

- Е, Шортекең айтқандай, "орыс бүркіт, біз түлкі" заман ғой, - деді тағы Қара.

Байсейіт бөркін шешіп басын көтеріп:

- Оу, ар жағын, ар жағын, - деді де өзі жалғады.

Орыс бүркіт, біз түлкі,
Аламын деп талпынды.
Орыстан қорлық көрген соң,
Отырып билер алкынды.

- Осы отырысымыз ғой, бұдан артық не деуге болады,
- деп Айтжан басын шайқады.

- Айтжеке, мені қатардан қалдырғаныңыз қалай? Мына жиынды Жәкеңнен естімесем келмес те едім. Аға сұлтандығын орыс маған қимас, сонда да осы елдің жақсылығын ойлаудан қалған емеспін, тұғырдан түскен жоқпын, - деп Қара өкпесін де жеткізді.

- Кінә бізден. Есі дұрыс-ау деп бір жасқа тапсырма берсең, су аяғы құрдым жасайды. Сіздің естімегеніңізді де, міне, өзіңізден біліп отырған пендеміз.

- Уа, бәрекемді, - деп жадырады Қара. - Сізді ел ағасы деп базына-назым ғой айтқаным. Көңілге ауыр алмаңыз. Сізбен бірге туған Айнабекпен де сырлас едік. Мына Талдыеспеден өтіп бара жатып, мазарына бұрылып, бата жасадық.

- Е, Айнабек те дүйиеден өтіп, қанатымыз қайырылғандай болдық. Көп жасамады ғой. Отыз жастан жаңа асқанда бұл жалғанмен қоштасты. Сонысын білгендей Қаратау асып, ілім іздеп, дін оқуын тауысып келіп еді. Мешіт-медресе салмақ та ойы болған. - Айтжан күрсініп, төмен қарап, орамалымен бетін сүртті.

- Қол шайындар, - деп есіктен басын сұққан бала шәугім мен шылапшынды аралатып шықты. Әркімнің батасын алған бала мәз болып, кері аттаған табалдырықтан екі жігіт қос қолдап көтерген ұзын астау да еніп, дастарханның ортасынан орын тапты.

Ертеңіне Жақсы Айтжан ауылы көлденең көк аттыға да, көкейін билік тескен кердеңбайға да толып кетті. Шабаланған ит әркімнің атының құйрығына, жаяудың шапанының шалғайына жармаса берген соң, Айтжан ауылдың маң төбетіне дейін байлатып тастады. Мұндайда кедейдің сөзі ете ме, биліктен дәмесі бар біреудің шашпауын көтеруге қасақана ерткен бірен-саран жыртық шапан болмаса, мына жиынға келгеннің бәрі малы барлықтан сыйлымын дегендер. "Бай құт емес, би құт" деуші еді қазақ, қоянның түріне қарап, қалжасынан түңіл дегендей мына кеудесін кергендерден Шортанбай елге ие

болар, елдің түп мақсатын көздер деген бар ма деп уайымдады. Елге бас болар адамның орнына байлық сөйлеген заманда би деген мансаптың абыройын дуалы, асын қадірлі еткен мал болып тұр-ау.

Келгеннің көбі сасық бай. Мал мен ақылдың арасын айыра алмаған, не қатарынан асқан оқуы, не өмірдің тезінен өткен тоқуы жоқ бейшараның билік қолына тиген ертеңгікүні ердің намысына тиім-ау деген, не жұрттың қарғысына ұшыраймын-ау деген ойы бар ма? "Сен анадан кемсің бе" деген дүрмек жел сөзбен бидің қамшысын ұстаймынныңүмітімен жаға жыртысуға келгені аз емес шығар.

Шортекең күрсінді. Орыс ұлығының күткені де осы емес пе. Мына би сайлауы араға тастаған сүйек. Сүйекке азаматпын деген итше таласып жатса, бергі ояз-жандаралы да, арғы сары сақал патшасы да қуанбай ма.

Билікке құмарлардың беті ашылып қалды. Әр атадан біреудің дәмесі бар екен. Әділет ұғымын белден басқан, күнбатыстың заңына сүйенген заманның айтқаны болып келе жатқан тұста көптің мүддесінен шықпай жексұрын атанамын деген ой осыларға кірді ме екен. Осы елде талай жыл би болып, ақ-қарасын анықтаған Базар бар еді. Ол енді жақпай қалыпты. Жақпайтыны, сойыл ұстар азаматы кемшін аз атадан екен. Үміткердің бірі болып Жақсы Айтжан түсті. Күні бүгінге дейін не болыс, не би болайын деген адам емес, көлеңкеде жатып-ақ би-болыстың аузына сөз сала білген азамат екенін Шортекең жақсы біледі.

Оу, ағайын, - деді Айтжан көпке қарап. - Бидің бір адам кәнделеті болсын. Ауру бар, ажал бар дегендей, ертең біреуміз әжетке жарамай қалсақ, ол орнымызды басады.

Дұрыс-ақ.

Сөз-ақ, - десіп үміткер атаулы құптай жөнелді. Көбінің би атанған мансапқа өтпей қалса, кәнделетке ілігуге үміті бар. Ең болмаса ауылына "кәнделетпін"деп кодырайып бармай ма.

Желдің қай жақтан соғатынын күні бұрын сезетін тектінің тұқымының өзі болар деп Шортекең жорамал жасаушы еді, даурықпа көпті жанды жерінен басып, айтқанына көндіргеніне іштей сүйсінді.

- Менің кәнделетім Базар болады.

- Базар ...

Кешегі биді кәнделет қыла қояды деген ешкімнің ойына кірмегендей. Дауыс алу үшін сірескен көп атаның бір адамын атар деген үміт қияли екені көптің санасын тілгілеген.

- Оу, ағайын, осы біздің ортаға Бесатаның ел жақсылары да келіп отыр. Солардың да бізге айтары бар екен, соны тындайық, - деген Айтжанның дауысы көтеріле берген гуілді басты.

Көк шалғынға алқа-қотан жайғасқан жұрттың төріне таман отырған Шортекең, Бәжең, Жақсы Жәкең мен Қараға елдің назары ауды. Жәкең қозғалақтап қойып сөз бастаған.

- Ағайын, ойлағанымыз ел намысы. Азғантай ғана мансап үшін таласып, жаға жыртасып жатсақ елдің арасынан бірлік кетіп, азамат ала көз болғаннан басқа табарымыз жоқ. "Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді" деген тегін айтылған жоқ. Ел арасындағы алалық өзінің дегенін істеу үшін оязға жақсы. Мына жалпақ жатқан Қояншытағай - Бесатаның бірі. Сол елдегі аузы дуалы Дүйсенбай би болыс сайлауының өзін бақталастыққа салмай, ел басқару қолынан келеді-ау деген азаматқа кезекпен-кезек беріп отыр. Осындай жақсы үлгіні айтпаққа келіп отырмыз. Ауыздыққа таласа берсе, ат бұзылады, билікке таласқан ел азады.

Көп үнсіз қалды. Сөз жетесіне жеткендер жер шұқыды. Осы айтқаныңыз дұрыс деп ешкім белсене шықпаса да санасын сәуле шалған үміткердің біразының беті қайтқан сияқты еді, кенет:

- Онда біз несіне жиналдық, - деді қабағын жапқан майдан екі көзі сығырайған біреу дүрдиген ерінін зорға қимылдатып. - Онда біз...

- Қырсық шалған ел болмасақ, жар астында жау бар деп түсінбеген қаперсіз болмасақ, елдіктің сөзі айтылған тәрізді еді ғой. Онда біз осы жырды несіне созамыз. Әлде осы жиналғандар шетімізден елдіктен бұрын құлқынымызды ғана ойлайтындар болдық па? - деп Байсейіт би дүрдиген еріннің аузын жапты.

- Менің де бір айтарым бар еді, - деп Қара би қозғалақтады. - Айтарым, Шортекеңнің мына сөзінің реті келіп тұр.

Есіткендер ұмытпа,
Қайсында сана бар.

Жаксың аттан жығылса,
Жаманың тұрып табалар.
Жақындап келген бұл кәпір,
Жылдан-жылға камалар.
Ендігі сорлы бейшара,
Корыққанға барып паналар.
Қария қалды ақылдан,
Қастықшықты жақыннан.
Ендігі күнің кем болар,
Ит кәпірге жақындап,
Билік кетті басыннан.
Тәуба қылмай қапы өттік,
Әуелгі бұрын жасыннан.

- Оу, пәлі, айтқан-ақ екен, - деген Айтжанның сөзі.

- Рас-ау, рас. Осы бізді не желік түртті, - деген құптауға ұласты.

Осыдан ай шамасы бұрын Айтжан жаздың аптап ыстығы қайтқан соң, кешкі намаз алдында бірге туған бауыры Аталықты, марқұм інісі Айнабектің бала-шағасын шақырған. Мұндай бас қосу Айнабек дүниеден өткеннен бері болған емес еді. Сол жолы Айтжан інісі мен өсіп қалған балаларға Айнабектің ақыреттік сапарын өткізудің жол-жобасын айтып, бата оқырға келген ағайынды қалай қарсы алу керектігін, сойыс, марқұмның бой киімін көзіндей көр деп ет жақынға беру сияқты қиындығы мол жұмыстардан мүлт кетпрудің жол-жорасын айтып, ақыл-кеңес құрғанын.

Ендігі кеңестің не мәселе екеніне көздері жетпеген. Кеңескен екен, тапсырыс береді және оның орындалысын ыждаһатпен тексереді. Олар Айтжекенің сабырлы болса да тіктеу, кімнің болса да бетіне айтар мінезі барын, көнбей бара жатқанға тентектік жасап жіберетінін бақылап өскен. "Әшейінде сен де кісі, мен де кісі, жау көргенде сен кісі, мен қай кісі" деген мәтел осы Айтжаннан қалған. Әнебіреу жылы Айтжанның көшіне бес-алты адам табан астынан тиіскен. Қас қылғандай көшпен бірге келе жатқан азаматтар жер шоламыз, жайлау қонысты көреміз деп ілгері озып кеткен еді. Айтжанның астында атақты Алшаңкер. Қолындағы дырау қамшымен мына тигендерге қарсылық ете алмасы анық. Көштен бірбақанды жұлып алып, қарсы келіп қалған екі аттының бірінен соң бірін түсірген. Теңнің

үстіндегі әйелі шалма тастап жіберіп, біреуін аттан жұлып алды. Қаша жөнелген үшеуді Алшаңкер құтқармап еді.

Әкесінің осындайын білетін балалары енді не айтар екен деп күтулі-тін. Үнемі ат үстінде жүретін Айтжекеңнің қазан-ошақ басында болуы да сирек. Апталап кетіп қалғанда, қайда жүрдің дейтін де ешкім болмайтын. Інілері мен балалары үшін Айтжекең асу бермес асқар тау. Балаларым деп еміренбесе де, айтқаны - ақыл, мензегені - нұсқау.

Сол қалыпты бұзып, етжақынды жинап, төрде малдасын құрып, жайбарақат отыр. Май шамның жарығы іргеден соққан баяу желмен әрі-бері қозғалып, Айтжанның жүзін де сан құбылтып тұр. Жел желпіген сайын шамның жарығы түскен адамның көлеңкесі де бір ұзарып, бір қысқарып, бала біткенді мәз еткен.

Айтжекең қойны-қонышына енген немерелерін бетінен қақпады. Әсіресе інісі Айнабектің балалары мойнына асылып жатыр. Ас келді. Қысқа қайырып дұға оқып, бет сипады. Құлақты балаларға ұстатты. Інісі Аталық ет турады. Ас желініп, сорпа ішіліп болған соң осы жиналыстың жөніне көшкен.

- Исі Кәрсөнге би қажет бопты, - деп бір тоқтады.

- Базар бар емес пе? - деді Аталық ағасының бетіне қарап.

- Бары, бар-ау. - Айтжан ар жағын айтқысы келмегендей тағы мүдіріп отырды.

- Базекеңнің дені сау сияқты еді ғой, - деді үлкен ұлы.

- Иә, соны айтам.

- Қарқаралының оязы биді сайлап қою керек деп пәрмен шығарып жатқан көрінеді. Болыс сайлап шабылдык. Ел арасы жау тигендей әлі араз. Ағайын сәлемдесуден қалып барады. Енді би сайлап қай ұшпаққа жететінімізді орыс білмесе, мен білмедім.

- Мұнысы тағы ерен шығын ғой, - деп Аталық жақтырмағанын білдірді.

Айтжан інісінің тыржия қалған жүзіне қарап, шақшасын саптама етігінің өкшесіне қағып біраз отырды. Шақса ұстасада күні бүгінге дейін насыбай атып көрген емес. Бірақ әрқашан шақшасы жаңа үккен насыбайға толы. Сұрағанның меселін қайтармайды. Шақшасының тығынын ашты да мұрынына таяп иіскеген болып, қайта жапты. Дінге көбірек бой ұрған інісі Аталық:

- Мұсылман дінінде насыбай ату қателік. Құран құмарлық атаулының бәріне тыйым салады. Біздің Айтжекеңсоны дұрыс ұстап жүр, - деп ағасының бұл ісін қалған жұртқа өзінше түсіндіріп жүр. - Апиын құмар, арақ құмар, мұның бәрі адамды аздырады.

- Шығыны шығын-ау, кесапаты онан да артық, - деп Айтжан тағы тоқтады.

- Кесапаты қалай? Шоқындырмақ па? - деп Аталық шошыпкетті.

- Әй, інім-ай. Кесапаттың сан түрі бар-ау. Нендей жамандық болса да соның алдын алу керек. Ағаң Айнабек исі Кәрсөннің ортасына мешіт салсам деуші еді. Сондағы көңілге қонымдысы сол жерде дін оқуымен қоса дүниәуи ғылымды да оқытсақ дейтін. Әуелі екі-үш жыл балалардың арабша сауатын ашып, есеп-қисап үйретіп, сонан соң дүниелік оқуды жүргізсе дейтін.

- Оның сабағын жүргізер ұстаз қайда?

- Ондай ұстаздар Түркістан, Бұхар жағында бар. Бірақ оларды осы ортаға "келтіруге орыс ұлығы, жандаралдар қарсы екен. Қазақ-өзбек бірігіп кетеді деп қауіптенеді білем.

- Онда өздері бермей ме ондай маманды.

- Өздері де жетісіп тұрған жоқ. Осы жүргеннің бәрі орыс емесекен. Іштерінде көп оқыған неміс, ағылшын бар деседі. Солар патшаға қарсы деседі. Ондайларды бала оқытуға әсте жібермес. Түбі шоқынып кетпеу үшін бізге мешіт керек. Сен, Аталық, осы сенің мықтап есінде болсын. Осы кәпірдің ойы бізді дінсіз етіп құрту сияқты.

- Өзім де осылай шығар деп ойлаушы едім.

- Ал, ендігі кесапат мына сайлау. Қазақ әдеп-ғұрыпты, салтты білетін әділ адамды би деп танушы еді. Әділін айтпасам, Алладан кетем дегенді билер ұстаным еткен. Енді мұнысы қалай? Шортанбай жырау айтқандай:

Шошала деген үй шығар,
Шоштандаған би шығар
Өзіне өзі ерік алып,
Көрінгеннен би шығар.
Тамағы болса өзі ішіп,
Бір-бірінен сый шығар, -

деген заман келіп қалғандай.

- Енді не амал, - деп тосылды Аталық.

- Осының алдын алып көрейік деп Бесатаның жақсыларын сол күнге жинап отырмын. Мына әрқайсысы қоқаңдап би болғысы келетіндерге ел сөзін айтсын деп отырмын. Орыс сайлаған би орыстың ғана мүддесіне жұмыс істейтінін түсіндірсе, ел жөнге көшер.

- Бұл да жөн екен.

- Би сайлауы осы ауылда өтсін деп, оның шығынын да өзіміз көтеріп алуға бел шештім. Оңай болмас. Жиналған елде шек болмас, - дей келіп, Айтжан бар шығынның қалай жұмсалатынын айтып, әрқайсысына тапсырма берген-тін.

Айтжан өстіп би сайлауының алдын алып, дайындық жасаған еді. Бұл ауылға бүгін жиналған жұрт та, Бесатаның жырауы мен ел көзіне түскен билері де Айтжанның сол әрекетімен келіп қалған. Би сайлауының не екенін осы ел түгілі, енді соны жасамақ болған ояз, жандаралы да, сол ұлықтарға "қазақты бүйтсең тез билейсің" деп кеңес берген қазақтан шыққан "советник" те біліп болды ма екен. Көздегендері - қазақты әйтеуір бір тұқыртып тастау. Қарқаралының қалың Қаракесегіне, оның ішінде Бесатаға мың құбылып, жүз түрленіп жеткен осы шараны жүзеге асыруға ояздың өзі де емес, бір өкілі мен қылыш асынған мұрты едірейген уряднигі жетіпті. Ғасырлар бойғы қазақтың салтын төңкеріп тастауға алакөз урядник жетті деген не сұмдық. Кешегі Кеңесарының сонын аяусыз тазалап, осыдан ши шығады-ау дегенді не атып, не Сібірге айдап, елдің жүрегінің отын, бала-шағаның "ойбай, орыс келе жатыр" деп зәресін ұшырған тірліктің арты осы болса керек. Ендігі жұрттың орыс өкіметіне қарсы тұрар қауқары болмаса да, патшаның, жандаралдың атымен үркітіп, басына түссе баспақшы кейіпке енген "уа, құдай, көпірден өзің сақта" дегеннен әріге бара алмай қалған қазақты өстіп бір көгендеп көргісі келетін сияқты.

- Бұнысы тіпті басынғаны ғой, - деп Шортанбай жанындағы Жанғұтты мен Байсейітке іші толы өкініш пен ызасын ақтарған. - Мына бетінде орыс шапан киген қазақты жау санап, өз даласында еркін жүргізбес. Қазақтың Алтын орда атанған мемлекеті орысты өзіне бағындырып, батыстың үрейін алған еді. Соны құрған қазақтың әруағы әлі өліп қалған жоқ.

- Пай, пай! Шортеке-ай, тереңге кеттіңіз ғой, - деп Жанғұтты тамсанды.

- Жыраудың айтқанының бәрі дұрыс. Өлмегенімізді көрсетейік деп келіп отырған жоқпыз ба осында, - деп Байсейіткөтеріліп қалды.

- Басынған дұшпанның меселін қайтаратын екі жол бар еді, - деп тоқтады Шортанбай жырау.

- Меселін қайтаратын.., - деп Байсейіт Шортекеңе қарап сөзін жұтты.

- Оның бірі қолға қару ұстап, жан аямай соғысу еді.

- Соғыстық қой, - деді Қара би жай ғана.

- Иә, соғыстық. Қазақтың жасықтығынан емес, жаудың басымдығынан жеңіліс таптық. Шүршіті мен орысы осы қазақты әлсіретіп алайық деп әуелі бізге қалмақты айдап салды. Ғасырдан артық солармен алыстық. Қалмақтың ар жағынан шүршіті дем беріп жатса, Сібірді алған орыс қалмаққа қару-жарақ бергенін жазба кітаптардан оқыдым.

- Бәсе, біз неге қирай бердік десем, - деп таңданды Қара би. - Осындай сұмдығы бар екен ғой. Әйтпесе қалмақ деген тіресуге тұратын жұрт емес қой.

- Қалмаққа орыс зеңбірек жасап беріпті ғой, - деп Жанғұтты сөз қосты.

- Өстіп жан-жақтан жабылған жау қазақтың еңсесін көтертпеді. Үнемі жорық, қат-қабат соғыста жүрген ел көрші бөтен жұрт зауыт салып, өркендеп жатқанда, ондай жағдаймен айналысуға мұршасы келмеді.

- Осының бәрі рас. Сонан ғой осы күйге түскеніміз. - Байсейіттің онсыз да түкті қабағы түйіле түсіп, көзінің астымен сүзе қараған.

- Иә, Бәжең дұрыс айтады. Қару ұстап Кенесары шықса да жеңіліс таптық. Енді, әзірге мұрша жоқ оған.

- Енді ше? - деді тағы Қара би.

- Ендігі жол іштей қарсылығымызды білдіре білу, жұртты соған ұйытып, жүрегіне от салу ғана ма деймін.

Айтжан жиналған жұртты ортадағы үлкен үйдің алдына жинауға шақырды. Далаға, есік алдына жақын екі жәшік қойылыпты. Ояздың өкілі би мансабын алуға үш адамның түскенін хабарлады. Заң бойынша жиналғандар жәшікке шар салуға тиісті. Үміткердің үшеуі үшін үш түрлі шар белгіленген. Ақ шар Айтжанға бұйырыпты. Қара шар мен қызылы бәсекелестерінің иелігінде.

Ақ патшаның жарлығын қалт жібермеймін, қате кеткеніңнің жазанды табамын дегендей жәшіктің жанында

қылышын суырып уряднигі тұр. Басына кигені сенсен бөрік, тыртия киген шымқай кара киімінің үстінен айқыш-ұйқыш тартпа тартқан

- Стройся, — деп ақырған болды ол көзін ежірейте түсіп.

- Мынау не дейді? - деді бет аузын май басқан дүрдік ерін.

- Мен түсінсем, бір қатарға тұр дейді. - Тарпаң бай түсіндіріп, орышаның жобасын ұқтырды.

- Е, өйтіп бізді қойша суға тоғытпақ па екен. Онсыз да бармаймыз ба шар салуға.

- Орыстың заңы солай да.

Әркімнің қолында үш шар. Мол-мол шапанның ұзын-ұзын жеңдерінің ішіне қай шар жасырылғанын әуелі құдай, онан соң қателеспесе өзі ғана біледі. Тезірек салмаса бірдемеден құр қалатындай кимелей жөнелгендер урядниктің қаһарына іліккен.

- Вон! Вон! - деп қылышының ұшымен түртпектеп, ондайды еріксіз сапқа кіргізді.

- Бұны несі-ей мына..., деп ар жағын "иттің" деп айтуға жасқанып, сөзіне шашалған сайлаушы жан-жағына қарады.

- Ең болмаса сақалымызды сыйламай ма.

- Ондай сақал ешкіде де бар деді ғой жаңа ана қылыш асынған, - деді бір қалжықбас.

- Қашан?

- Жана айтты. Естімегенсіз ғой.

- Ой, әкеңнің... - Сөз иесі ар жағын тағы айта алмай алақтады.

- Е, бәсе, сізден ондай ерлік шығады. Өзін әкесінен бір құлатыңызшы, айызым қансын.

- Өзінің төбесі тесік емес пе екен.

Шар салынып болды. Ояздың өкілі енді ешкім қалған жоқ па дегендей мойнын созды.

- Бітті ме? - деді.

- Бітті.

Екі жігіт шар салған жәшіктерді көтеріп үйге енген. Оның артынан өкіл мен урядник ілесіп, санауға көмектесіңдер деген үш ақсақал да ішке кірді. Сыртта қалған жұртқа көді-сөди босалқы әнгіменің азық болатыны белгілі. Кәрі-жасы оны айтып, мұны бір қозғап, әр шаруаның басын шалып біраз отырды.

Ағыбай батыр ауылы осы болыстықтан да, биліктен де тысқары қалады деген әңгіменің ұшығы Жанғұттының құлағына жетті. Осынысы рас-ау деп ойласа да, Шуыртпалының келген азаматы жоқ па екен деп ол да жан-жағын жіті шолып өтті. Жанғұтты мен Ағыбай батыр құйрық-бауыр жескен құда. Өмірдің талай қияметін басынан өткерген Ағыбайдың алдында әлі де орыстың құрған тезі жетерлік екенін біледі. Батыр да соны ұққандай Арқа елінің арасына сұғына кірмей, өзін сыртқары ұстайды. Мекені Тайатқан, онан арғы құпиясын өзі ғана білетін қу медиен шөл. Малың Тасаралға айдап тастайды деп естиді.

- Ағекеңе хабар жетпеді ме? - деп сұрады Айтжаннан.

- Естіген. Мен орыстың билігінде жоқпын деп шорт кесіпті. Көнбейді ғой ол кісі.

- Көнбес, көнбес... - Жанғұтты да риза болғандай басын изеді.

Шар санау да аяқталған екен. Тысқа шыққан ояздың өкілі жұртты аузына қаратып, маңғазданып біраз тұрды. Тіпті, осы ауылға жаңа келгендей тігілген үйлерді көзімен ұзақ шолды. Мынау неге үндемейді деген әркімнің ішінде. Сарғайтып барып аузын ашқан өкіл:

- Билік Айтжанға өтті, - деген хабарды зорға айтты.

- Бәсекелестерінен кара шар екі дауыс, қызылы жалғыз дауыс алыпты.

- На көй, - деді дүрдигеп ауыз ызадан жарыла жаздап. Онысы "бұл қалай" деген орысшасы еді.

- Сен, казах, не айтты? Кімді боқтады? - деп урядник жалаң еткен.

- Боқтағам жоқ, - деп атына міне қашқанның артынан қызыл шардың иесі де безді.

- Көрдің бе? Бұлар сатып алған өкілді. Бізді ұстатқысы келіп тұр, - деп ол да аянбай-ақ іштегісін сыртқа құсқан.

Қалған елді Айтжан дәмге шақырды. Үйге сыймағаны қатарлас тігілген Аталықтың шаңырағына кірген. Төрдегі Бесатаның ел жақсыларына тізе түйістіре жайғасқан Тарпаң бұлармен етене жақындығып білдіргісі келгендей ниет танытып отыр. Осы келісін:

- Мына Айтжанның хабары құлағыма тиген соң дегбір қалмады. Оның үстіне сіздер келедіні де естідім. Мұрындық

болмасам да тілеулеспін ғой, - деп түсіндірді. - Шортекеңнің сөзін Қара бидің аузынан естіп ел ес жиғандай болды ғой.

- Біз де өзіндей тілеулеспіз. Жүрісіміз елдің қамы, солай емес пе, Шортанбай, - деп Байсейіт би үлкендігін де білдіріп, әрі айтарың болса кезегі келдіні сездіріп, сөз ретінде тастаған.

- Бәженнің сөзінің қателігі жоқ. - Шортекең кен маңдайына түскен тақиясын кейін қарай сырып, шалқайыңқырай отырды да, үйдегілерді көзбен шолып өтті. - Орыстың ұлығы осы бір жайсыз істі бастаған екен, енді осымен тоқтала қояды деуге болмас. Қазақтың арасына ши жүгіртіп, дауластырып коюдың, қазақтың осал жерін тапқан тәрізді. Бөлінгенді бөрі жейді дегенді бабаларымыз айтып кеткен. Бөрі боп кімнің тиіп отырғанын және көріп отырсыздар.

- О жағын түсіндік. Сіздерге рахмет, - деп қалды Тарпан.

- Алжаса жаздаппыз.

- Айтқандарына көне жаздаппыз.

- Мұндайда қалғаны бір-ақ амал. Биі ме, болысы ма, ұлық, әйтеуір алақөз ету үшін сайлау өткізеді да жатады. Бүгін, міне, ауызбірлік болды. Осы сіздерден шет қалған ана қаша жөнелген екеу ғана. Осы бірлікті сақтауға тырысу керек.

- Күні бұрын өзара келісіп алып, бір-ақ адамды ұсынып отырсақ болды ғой, - деп сөз қосты Айтжан.

- Шортекеңнің көкейіндегісін тап басып айтты Айтжан, - деп Жанғұтты Айтжанға ризалығын білдіріп, иығынан қысты. - Осы ғой біздің де қосарымыз. Ел бүлінбесе екен, орыс ұсынған қамытқа дұрыс-бұрысын айырмай басын сұға бермесе екен деген тілектеміз.

- Осыны айтпасақ, кешегі біз соңына ерген Кенесарының әруағы бізге риза бола ма?! - деп Байсейіт сөзді бір-ақ кесті.

Ас келді. Бүгінгі істің қайырын тілеп Шортекең ұзақ дұға оқып, Алладан елдің амандығын сұрап, жұрт қол жайысты. Астың соңында ояздың өкілі би деген мансабы бар алақандай жезді Айтжанға ұсынды. Жұрттың алдымен қайтқан да сол өкіл. Қос дөңгелекті арбаға жегілген ат жұла жөнелген. Оның артында ұзын сирақты атқа мінген урядник қоқаңдап кетіп бара жатты.

Құтты болсынның ниетін танытып соңында қалған жұрта тармақшы еді. Жүгіре жеткен балаң жігіт:

- Айтжекең аз аялдасын, үйге кірсін деп жатыр, - деді.

Айтжан қымыз сапыртып отыр екен. "Жол жүресіңдер, сусындап алыңдар" дегенді емеурінмен танытып, баршасына орын ұсынған. Кешеден бері ішкен қымыздан бұл ерекше дәмді көрінді. Тостағандар бір-бір жүгіріп өткеннен кейін барып Айтжан:

- Ағайын, бүгінгі істеріңе өте ризамын. Бірақ, әлі де айтарым бар, - деген.

- Енді не айтпақсың? - деп күлді Тарпаң.

- Мен, өз басым, билік үшін жаратылған жан емеспін. Алла пендесін дүниеге жібергенде әрқайсысына тек соған бұйырған жүк артып жібереді. Менің жөнім басалқы айту ғана. Ел ісіне ыңғайым да шамалы. Сөзді де басымнан асырғым келмейтін адаммын.

- Е, онда сайлауға неге түстің? — деді тағы Тарпаң.

- Биге сабырлылық, шыдамдылық әрі шешендік керек.

- Өзі бәрін біліп отыр екен ғой, - деп Қара би күлді. -

Ендеше солай боласың да.

- Мына Базар талай жыл ел сөзіне ұйыған би еді, - деп сөзін созды Айтжан. - Мына ояз "ондай болмайды, би сайлансын" деген пәлені шығарғанда би мансабына ие болғысы келгендер қаптап шыға келді. Базар аз атаның баласы. Оны енді басынан алтын ағып тұрса да билікке таласқан көп ата би етіп сайлай қоймайды.

- Кәнделетің еттің ғой, ~ деп қалды біреу.

- Иә, кәнделетім еттім. Ондағы мақсатым... - Айтжан кідіріп, шақшасын өкшесіне қаққыштады.

- Иә, енді айтарыңды айтсайшы, созбай, - деді Тарпаң.

- Ондағы мақсатым өзім билікке өтсем де, сол би мансабын халықтың көңілінен шыққан осы Базарға қайта тапсыру еді.

Шортанбай да, басқалар да жұмыстың бұлай ауарын күтпеп еді. Жұрт үнсіз қалған. Осы рас па дегендей әркімнің көзі әркімді тінтілеген. Байсейіт басын шалқайтып, үнсіз сылқ-сылқ күлді.

- Пәлі-пәлі! Мынау керемет шешім болды. Елге үлгі іс деген осындай-ақ болсын. Бірлік, бірлік деп келгендегі ойымыздан Айтжанның мына ісі асып түсті, - деп әуелі тіс жарған Шортанбай болды.

- Уа, Айтжеке, жарадың, - деп Тарпаң құшағын жайды.

Құтты болсын айтқан жұртта шек жоқ. Айтжан өз қолымен өкіл берген алақандай жезді бұл шамада сақалына ақ кірген Базардың кеудесіне тақты. Сол Базардың осыдан биліктен өзі бас тартқанша тұғырда боларын кім біліпті. Айтжанға риза болған Базар атақты Сарыала атын ер-тұрманымен Айтжанның белдеуіне байлады.

Қой, мұның дұрыс емес, деген Айтжанның сөзі өтпеген соң ол да балаларына ым қағып, бір жақсы атты Базарға ұсынып:

- Менің сыйлағаным болсын, - деп еріксіз алдырған.

- Біздің ел жөнін тапқан сияқты, - десе де, Тарпаңның көңілі алаң екені көрініп тұрған. - Мына бізге іргелес жатқан Қуандық іші лаң көрінеді. Ондағы Ескене мен Күшікбайдың араздығы асқынып кетіпті.

Ол жағдайдан да Шортанбай жыраудың хабары мол еді.

Көсемсіз ел - көсеусіз пеш, бықсиды да жатады. Бықсықтың қаңсыған исі ық жақтағы елдің көзін аштырмай, танауын бітеп жатса да мұның қалай деуге мұршасы жоқ. Бықсыққа үйренген жұрт көк түтінге оранған күнін де тірлік деп түсінетіндей. Ауыздығымен алысқан арғымақты күні-түні бас-көзге сабап, үстінен түспесең ыңыршағы шыққан есектей болмас па.

Ел ық жағында. Бықсық әлде түтін, әлде өсек. Жел жақты алып алған дұшпанға өсек айтты не, өтірік айтты не, пайдасы түгел. Қазақтың арасында бағы заманнан келе жатқан нағашы-жиеннің қалжыңы, құрдастың әзілі болушы еді. Қарға тамырлы елміз дейтін осы жұрт жамандасып жатса да бірін-бірі өлімге қиған емес. Сондай қалжыңның кейде орынды, кейде орынсыз айтылатынының бірі - Өскен Ескенелердің Күшікбай аталатындарды "жаман тымақ" деп әзілдейтіні-тін. Күшікбай көп болғанымен, аса байып кеткені де шамалы. Оның үстіне орыс келгеннен бері болыс, би деген мансап көбіне-көп байлығы да, параға берері де молдау Ескене жағына тиіп жатады.

Қазақтың арасына сұғына еніп, енді осы жұрттың осалдау жағын көбірек аңдыған ұлығы болсын, мұжығы болсын, тұтас елдің арасына жік салуды билігінің баянды болуының кепілі санаған. Реті келсе, атаны атаға айдап салуды, өтірік те болса біреуін қолпаштай қоюды күнделікті ісіне айналдырғаны қашан.

Ескенелердің ауылына келген мал санаушысы ма, жан санаушысы ма, қайсы болса да;

- Күшікбай "жаман тымақ". Әй, әйбат айтылған сөз. Во! Во!- деп бармағын шошайтып, айызы қана күледі.

- Әй, мына орыс та Күшікбайдың жаман екенін түсініп қойыпты, - десіп оны естіген қазақ өзінше мәз.

Қойындар. Ағайынмен өйтіп араздық жолын іздемендер, - деген көпті көрген көнекөз ақсақалдардың сөзі әуеліде біраз тыйған еді, кейін жел беруші молайған сайын үдеп сала берді.

- "Жаман тымаққа" қыз бермейміз, - деген де шықты.

- Қыз бергенің не, олардан қыз да алмаймыз деп, өзін аспаннан түскендей көрген желбаудың сөзі өтімді шықты.

Ел арасының қалжыңы ақыры дұшпанның көздегеніне жарады. Осыны қаскөй біреу әдейі өршітіп жүр-ау деген ешкімнің ойына келмегені де. Осы ушығу болыс сайлауында да өрши түсті. Талайдан кемсітушілік естіп жүрген Күшікбай жағы болыс сайлауы тұсында есесін алып қалуға тырысқан. Болыс Мұстапа еді. Күшікбай жағының мықтымын дегендері озара пәтуаласып, ауызбірлікке ант ішкендей болды.

Ескенеге қашанғы есемізді жібере береміз, тап осы жолы болыстықты тартып алу керек. Мұстапаның қылғаны жетеді. Бізді де тапқанда шешеміз бір тостаған май ішкен шығар, кімнен кембіз, - десті.

Күшікбайлардың мал сойып баталасып, бабаларының басына барып дұғаласып жатқаны ертеңіне-ақ елге тараған. Мұнысы дұрыс деген де, "е, бұлар да өскен екен" деп мысқылдаған да жетерлік. "Жаман тымақтың" мына қылығын Ескене жағы да естіген. Ескененің де өз ішінде болыс Мұстапаға өкпесі барлар да жеткілікті еді.

- Оу, у ішсең руыңмен, - деп күні өтіп бара жатқан жалған намысты қоздырып шыға келуге әуелі Мұстапаның өзі себепші болды.

- Осы жолғы - қатер. Мына күшікбайлардың құтырысы жаман, - деді нағашысы. - Біз де қамсыз қалмайық, ақсақал, қарасақалды жинап, ақыл-кеңес қосайық.

Осы тұжырыммен Мұстапа жаз ортасында жылқы сойып, сөзі өтімді дегенді ауылына жинады. Табан шыққан семіз етке бөккен, болыстың асты-үстіне түскен күтімін көрген сөз ұстарлардың сөз ыңғайы да өзгеріп шыға келген.

- Е, намыс қайда? Аруақ қайда? Біз тұрғанда "жаман тымаққа" есе тие ме? Ағайынның арасында кей-кейде өкпе де жүреді. Біз бауыр емеспіз бе? Бауыр тұрған жерде өкпе бола ма? Мұстапаның бірер қателігі болса кешірім етейік.

Ел тарағанда сөз ұстаған ақсақалға шапан жауып, "соғым менен" деп құлағына сыбыр еткен. Онан соң өкпесі бар-ау деген атаның азаматына "менен кеткен қателігім үшін" деп байтал жетектетілді. Ұсақ-түйек сый-сияпатсыз аттанған ешкім жоқ десе болады.

Айдың-күннің аманында түп атасы бір елдің арасында тартыс басталды да кетті. Күшікбай жағы Мұстапаның елге істеген зорлығын жіпке тізгендей етіп, әуелі оязға, онан жандаралға арыз айдаған. Оның өзін келіп-кетушіден емес, арнайы адам жіберіп, "сізден басқа қорғаушымыз жоқ" деп ұлықты мадақтап, қолына табыс еткізген. Мұжық орыстың көктен сұрағаны осы еді, онысы жерден табылды. Оязы да, басқасы да бір арызбен екі бірдей ұпай жинап отыр. Мына туземецтер өзін нағыз қорғаушы деп таныса, бұл арыздың мәтінімен танысқан өзінен жоғары бастықтар мұны ең дұрыс правитель деп түсініп, беделі өседі екен. Оның үстіне өзінің көздегені де ел ішін ушықтырып қойып, берекелерін алып, енді сол туземецтердің қателігін түзеп жатса, тағы пайдасыз емес. Қазақтың құрғақ қасық ауыз жыртар деген мәтелін бұл да естіген. Ең азы матушқасына не құндыз, не бұлғын ішік. Ал, өзіне... өзіне... иә, ол жағын еске алмаса да болады.

Ұлықтан арызды тексеруші келді. Ел тағы дүрлікті. Беті қатты дейді, жанында солдат бар дейді. Айдап кетуі мүмкін дейді. Алып қашпа өсек күннен күнге түрленіп, жұртта зәре жоқ.

- Осы пәлені әкелген Күшікбайлар. Тап осыдан аман құтылсақ, итаяқтан сарысу ішкізбесем бе? - деп Мұстапа болыс кіжінген.

Іші қайнағанмен, сырты бүтін, жүзі жайраң. "Ләббайлап" мұрты тікірейген орыстың алдына түсіп, лыпыл қағады. Өзіне кәкір келеді-ау деген қағаздың шетін көрсе, орыстың сусынын тауып, басыртқысына төрт аяқтының бірін жұтқызып жіберіп, бас амандап жүр.

Қалтасын қалыңдатып, қалғанын трашпенкесіне тиеп орыс та қайтты. Уһілеп дем алған Мұстапа болыс есін жиып, айналасына қарауға мұршасы келді. "Қап, бәлемін"

ұмытқан жоқ екен. Есін жиған күннің ертеңіне іздегені пәле. Күшікбайларды мұқатудың жолы осы деп, әркім ақыл қосып, "бұлар ұры, пәленше-түгеншенің малын сіңіріп бермей отыр" деген домалақ арызды домалатты да жіберді.

Тексеруге басқа орыс келіпті. Ақырып-жекiрyі бұрынғысынан асып түспесе, кем емес. Күшікбайлардың пәлен үйінде түр-түсі осындай ұрлық жылқы тұр дегеннің көбі дәлелденбей жатыр. Тексеруші орыспен қызмет бабына орай Мұстапа болыс та қоса жүр.

Ойпыр-ай, осындай жайдасыз өтірікті кім жазды екен? деп таңданғансиды. - Ел іші бүлініп болдық-ау өзі. Анада бізді анау қырғын жойық жасағаны.

-Ну.., ~ деп ар жағын орысшалап боқтаған бастықтың кiжiнyі бiр басылмайды.

Мен білемін ғой, бұл ауыл ұрлық істемейді, - деп Мұстапаның ара түсіп, жаны ашиды. - Ана ұрлық деген көк биені нағашысы бергенінің куәсімін.

Былай шыға бере Күшібайларға "бұл орыс өстіп бір жыл жүріп алады, істі тезірек қысқартудың амалын қарастыру керек" деп ақыл қосады.

Дау өршіп, жел көтерген өрттей қаулай берді. Болыс сайлуы да жақын. Екі жақ ел жақсыларын кезек-кезек аралап, Аралбай, Қалыбек, Естемес, Жетімектің ауыл-ауылына тегіс барған. Осының сөзі өтеді-ау деп Аралбай Құтжан қажыға барғандардың меселі қайтты.

Ағайын естіп отырмын дауынды. Алла да, адам да құптарлық іс емес жасап жүргендердің. Адамның жаны сүйсінбейтін істеріңе Алланың хақ жолына түскен адамды араластырам дегендерің қай сасқандарың. Қасиетті Меккеге барып, қажы атанып келгенде енді мені арам істеріңе қоспақсыңдар ма? - деп қатты ренжіп, үйінен қуып шыққандай жасаған. - Пәлелі істеріңді ауылыма жуықтатпандар.

Айна, Зейне кожалардың ұрпақтары Тоқа елінің пірі саналады. Күшікбай батыр кетпен тұяқ деген атақты атымен сонау Түркістан жаққа барып, елді мұсылмандыққа үйретер, шариғаттың хақ жолымен жүргізер қожа ұрпағын іздеген екен. Сол жолы осы Айна қожаға жолығып, Арқаға шақырыпты. Келер жылы Айна қожа баласы Зейне мен інісі Мойнекенді ертіп келген. Онан кейін інісінің баласы Ермекті Токаның Дәулетбикеден тараған ұрпақтарының арасына

жібереді. Оның үстіне жалғыз үй болмасыншы деген оймен өзінің екінші әйелінен туған Аймағанбет, Баймағанбетті де қосады.

Тоқа елінің Айна, Зейне ұрпақтарына деген сыйы да бөлек. Айна қожаның қасиеті туралы айтар әңгіме де күні бүгін ел арасында жетерлік. Бірде Айнекеңе мал атаса керек. Ол кісі берген малды нокталап, жетектемейді екен.

- Қарақтарым, үзеңгімді иіскетіндерші, - депті.

Үзеңгісін иіскеген мал, сонынан қалмай ауылына келгенін көрген жұрттың қожаның қасиетіне, Алланың дұғасына деген құрметіне шек қалмаса керек. Оның үстіне сол жылдары атакты Қорысбай қаза болды. Оның мұсылман екеніне ешкімнің шәгі жоқ. Жаназасына Айна қожа шақырылған. Айнекең Қорысбаймен бірер жүздескені болмаса, аралас-құраласы болған емес.

- Қорысбайдың намазға жығылғанын көргендерің бар ма? - деді имам Айна қожа.

Солай еді деп үн қатқан ешкім болмады. Әркім-ақ ертеңгі соңғы сапарын ойлап басын қасыған.

- Намаз оқымаған адамның жаназасын шығаруға шарифат қоспайды. - Айнекең шегіншектеп кеткен.

Қорысбайдың әйтеуір бір жанашыры табылып, "намазға жығылғанын көрген едім" деп күнәсін мойнына алғаннан кейін ғана, жаназасы оқылған.

Күшікбай батыр дүниеден өтерде елді жинап "қожаларды мәңгі пір тұтыңдар, қарсы келмендер, олар туралы ғайбат айтпаңдар. Сыйламағандарына қарғыс айтамын, қабірімде тыныш жатпаймын" деп өсиет айтқан.

Ескене, Күшікбайдың өршіген дауына енді ендігінің пысықтары қожаларды араластырып, бата алмақ ниетте еді. Айна, Зейне ұрпақтары қайсы келсе де малын сойып, ақ пейілмен қарсы алса да іштерін бермеді.

- Шар салу- кәпірдің ісі. Біз Алланың жолындағы адамдармыз. Оны тастай беріп қолымызға орыстың жұмыртқасын алып, күнәға батар жағдай жоқ, - деп шығарып салған.

Сабылған екі жақ жақтас іздеп елге аса беделді Тоқа Тойымбекке де жетті. Тойкең сері сусынын ұсынып, алдарына бас тартып-ақ қарсы алған. Кезек-кезек келген Ескене мен Күшікбайдың сөзін естіп, домбырасын шертті де отырды.

-Тойке, не айтасыз?

Тойымбек серінің өзі үнсіз. Домбырадан шыққан шерлі үн құйқанды шымырлататындай. Жауап ала алмаған жаушылар не дерін білмей аттанды. Ертеңіне Тойымбек серісөзгешебер екі жігітін шақырып алып, Шортанбай жыраудың сөзін жаттатып, екі атаға аттандырған.

Жабырқап осы жалғаннан,
Жанға көңілім қалып тұр.
Жан дүниеге салып тұр.
Төнге көңілім қалып тұр,
Тән шыдамай арып тұр.
Жұртқа көңілім қалып тұр,
Жұрт залымға нанып тұр.
Өтірік өрлеп күшейіп,
Шын жеңіліп, талып тұр.
Бақ дегенде байлау жоқ,
Оны адам танып тұр.
Тағдыр шіркін тап беріп,
Тамағынан алып тұр.
Жала деген аңдушын,
Тақымыннан шалып тұр.

Сауысқан, қарға, қара құс,
Жемтігін аңдып, бағып тұр.
Көре, алмаған күшілдер,
Көңіліне мұның жағып тұр.

Жаны шығар жақынның,
Көзінен жас ағып тұр.
Айыруға амал жоқ,
Арты қалай болар деп,
Жүрегі от боп жанып тұр.

Дұрыс-ау, дұрыс. Дұшпанның айызын қандырып-ақ жатырмыз, дегеннен дауласқан да, жауласқан да аспады. Етек алған өрт сөнетін пейіл танытпаған. Болыс сайлауы да өтіп, Мұстапа жаны шығар-шықпас халге жетіп, Естемес-Жетімектің екі дауысымен болыстыққа зорға іліккен. Қолампаланған өрт бықсып жатыр.

Мұстапаның бұл бұрында мінген тағы. Өзінің өлшемінде хан тағынан кем емес. Судай жаңа көрпені төр алдына салдырып, оның үстіне қалың-қалың қос бөстек тастатып,

ата қаздай қақшиып біраз отырды. Әйтеуір жеңді-ау. Ашық есіктен сағымды далаға үніліп, мазасыз көңіл қобалжи береді. Анда-санда болмашы затқа айқай көтеріп қояды. Бүгінгі билігі осы. Оның зілсіз бөстекі айқайына "о не" деп бас көрсеткен әйелінен басқа көңіл бөліп жатқан ешкім жоқ. Қабат-қабат бөстектің үстінде қаздыып отырудан да жалығып, қос-қос жастықты қолтығына қысып бір жамбастап жатты да, қонышынан алғаш болыс болғанда біреу сыйлаған мүйіз шақшасын суырып, жаны қалмай тықылдатты. Өзі ұмтылып бір іске кіріссе, өзгені жан иесі екен-ау деп аямайтын Мұстапаның қатыгездігіне айнала қанық еді. Мынау отырысы сол қырсық қимылының қозғала бастағаны ма деп, зілі өзімізге тиіп кете ме деп ойлаған есіктегі жігіті ғана.

- Әу, қайдасың?

Ентігін баса алмай есіктен басын сұққан жігіті табалдырықтан бір аяғымен ғана аттап, ұры итше төрге көз тастады.

- Осы сенің тапсырысты ұмыта қалатының қалай?

- О не дегеніңіз, бәрі дайын. Аттар ерттеулі дегендей.

Мұстапа өзіне қарасты елді андаусыздау жортып, тамырын басып байқап шықсам деген. Сайлау өтті, дау бітті десіп алаңсыз отырған жұрт та бар, "ә, сені ме," деп іштей әлі де тісін қайрағандардың ендігі бетін елеусіз жүріп көрсем дейді. Мұндайда ертер сенімді жолдасы да осы жігіт. Бастығы Мұстапа болыстың қиянат-зорлығы болса соқыр, айғайы зілсіз шықса - саңырау, ащы естілсе аяғы аяғына жұқпас жүрдектің өзі.

- Кесіп алса қан шықпастың өзі, - деп Мұстапа оған риза.

- Сіз үшін ғой, - дейді ол да міз бақпай.

Екеуі жортып кетті. Қайда баратындарын да айтқан жоқ. Шаужайына жармасқан тағы ешкім жоқ. Осы даланың жалғыз биі де, болысы да бір өзі.

- Болысеке, сізді сұрағандарға...

- Е, мені жер жұтар деп пе ең, келем, - деп кесіп айтып, бетін қайырып жөнөп берген. - Келсе, жатсын. Біз де ойнап бара жатқан жоқпыз.

Аяң-бүлкілге кезек салып келе жатқан Мұстапаның ойы әрі-сәрі. Осы сайлауда өзіне қарсы шыққан "жаман тымақтарды" жанды жерінен тиіп, қан қақсатса болар еді

көңілінен бір кетпеді. Соның ретін қалай ойласа да алмай дал. Ретін таба алмаған сайын іші қыз-қыз қайнайды. Шіркін, енді басын көтертпейтін етіп сілкілеп тастаса.

Осы мына жоталар кімнің жері? - деп атының басын тартты.

Бұл ма? - Жігіті Мұстапаға таңдана қараған.

Болысекеңнің шыны ма, өтірігі ме? Тап осы жерде өткен жылы бір келіншекті зорлаймын деп...

Тілің байланып қалды ма?

Осы жерде былтыр.., - деп бастай берді де болыстың жүзіне қарап, тілін тарта қойды. - Осы жерде күшікбайлар мекендейді ғой.

Жігіттің тілін тарта қойғанына іштей риза боп, Мұстапа атының жалын сипап тұрып мырс етті. Е, мына жаман да ұмытпапты ғой. Тәуір келіншек еді. Айғайына анабіреусі келіп қалғаны.

Күшікбайлардың қайсыныкі?

Әбдісінікі. Солардың жайлауы.

Е, солай десейші. Өздері көп қой, өзі.

Естуімше, Әбдінің бәйбішесінен он екі ұлы бар деседі. Қызын кім санап көріпті, болысеке. Оған біз қауқарсызбыз ғой, - деп сөз артын Мұстапаға арта салған.

- Тіліңе шоқ түссін.

- Жай, сөз реті ғой, болысеке.

- Әбдінің қатыны қанша?

- Естуімше, тоқалы бар. Тоқалының өзі тоқтанқырап қалған сияқты. Жігіті Мұстапаның көңілі кетіп тұр ма деп болыстың бетіне бажайлай қарады.

~ Ей, оныңды қоя тұр. Тоқалынан нешеу?

- Ә, онан жалғыз деседі.

Тамыздың бұлты ойнақтап өтті де, жаңбыр сіркіреді. Төбенің басына шығып, аттан түсіп отырған екеуінің көзі қоныс аударып қонға Әбдінің жұртында. Мынау Әбдінің бәйбішесі қонған жер, тоқалының ауылы қыр астында болушы еді. Он екі ұл тапқан бәйбішенің тоқалға қарағанда малы да артықтау, жағдайы да келісті екенін сан көрген. Кенет жігіті бүйірінен түртті.

- Ананы қараңыз.

- Жардың бойын жағалаған жалғыз атты әр жерге үңіліп, жоқ іздегендей болып келеді.

- Кім екен?

Жалғыз аттымен бәйбішенің жұртында түйісті. Жалғыз атты Әбдінің тоқалынан туған жалғыз екен. Әлі үйленбеген жас жігіт, қақ-соқты да тани қоймаған, болыс Мұстапаға атынан түсіп сәлем берді.

- Иә, не іздеп жүрсің?

- Құрттаған тоқты бар еді, кешеден жоқ. Соны қарап кел деп еді.

Жігіттің аңқаулығын көріп, Мұстапа да іш тарта жылы-жылы сөйлесіп, шаруа жайынан ақыл қосқансып бақты. Болыстың осыншама елжірей ниет танытқанына Әбдінің баласы да аса разы боп, екі сөзінің бірінде:

- Рахмет, аға. Үлкен адамсыз ғой, біздің көргеніміз аз, - деп ризалық танытқан.

- Е, солай де шырағым. Жөн, жөн. Өзің апталдай азамат боп қапсың. Нағашың тәуір еді, сол кісіге тартып, елге сыйлы, жөн білетін де адам боларсың түбі. - Мұстапа осы жігіттің нағашысын білмесе де өзін Бодық атаған жігіттің астына көпшік қойып жіберді. - Ал, шырағым, шешене сәлем айт.

Төбініп қалып, атын бұра берді де бірдемесін ұмытқандай оқыс жалт қарап:

- Осы қыс та келіп қалды-ау. Бәйбішенің қыстағында сары қи үюлі тұр екен. Апырмай, көз тоймай жинай береді екен. Мына жұрттағы қотанның қиы да қалың сияқты, біреу-міреу қағып кетпей тұрғанда ойып алсайшы, - деп жанашырлық танытты.

- Оныңыз рас. Осы ойыма келмепті, - деп Бодық елпен етті.

Былай шыға Мұстапа жақын кел деп жігітіне ымдады. Сонан соң ен далада біреу естіп қалатындай сыбырлап:

- Жаңағы ашық ауыз айтқанға көнді ме? - деді

- Артын төсеген байталға дер кезінде сәуірлікті салғандай жасадыңыз.

- Сонда да.

- "Көн тартса, қалыбына" деген, бұра тартып қайда барады.

Кепкен ындының басарына сарылтып қойып жауап берген жігітіне алара қарап, жарылып кетердей болып, шақшасының ернеуін емген бұзаудың аузындай дүрдиген ерніне салып барып басылды. "Әп, бәрекелді", жанды

жерінен тиген шығармын осы жолы деп күлімдеп,
ырзалықтан тершіген мандайын сипап, шырт-шырт түкірді.
Екі күннен кейін Әбдінің тоқалының баласы бәйбішенің
жұртында қара ки ойып жатыр екен деген хабар да жетті.

Иә, сәт, - деді Мұстапа жаны жадырап.

Ей, қайдасың?

Болысеке, мен мұнда.

- Әй, сен осы табан асты жоғалып кететінің-ай.

~ Жеңгем жұмсап...

- Әй, сенің жеңген де... аттар қайда?

Ауылдан былай шыға атының басын тартып, ойланып
тұрып қалды. Бірде тебінген болып, тізгінді қайта тартқан
болысекеңе қарап, оның әрі-сәрі ойының ұшығына жете
алмай тұрғанын жігіті де ұққан.

- Осы Әбдінің қойын кім бағады?

- Тоқалы бақпайды, - деп жігіті қалжыңға бұрғысы
келген.

- Әй, аузыңа ит сигір, жөніңді айт, - деп алакөзденді
Мұстапа.

- Болысеке, аузымнан шығып кетті байқамай.

- Әй, сөйдесеңші.

- Баласы бағады деп естігем.

- Қай баласы?

- Кезекпен дескен.

- Е.

- Ешкімге малын сенбейді ғой, бірі ертемен, келесісі түс
ауа дегендей.

- Ендеше тарттық.

Сырымта жасайтын ұрылардай жыра-жыра, сай-сайды
қуалай жүріп, түске жақын Әбдінің ауылының желкесіндегі
шоқыға келіп, аттан түскен. Болыс-екең, шоқының
басындағы тасты бетке ұстай отырып, ауылды шолды.

Ауылүсті жым-жырт, бөтен-бастақ қонақтың ыңғайы
білінбейді. Мұндайда артық көздің де болмағанына не
жетсін. Сонан соң жайлаудағы малды бағдарлады да жі-
гітіне:

- Енді абай бол, - деп тапсырды.

Сүт пісірімдей уақыт өте ауылдан шыққан атты қиыстау
жатқан табынға беттеді. Жылдамдата атқа қонған
болысекеңде жайылымдағы малдан қиыстап өтіп бара
жатып, мал баққандарға жолыға кеткен болып бұрылды.

Әбдінің үлкені Мұстапаны таныса да сәлемін қырсықтана берген.

-- Ә, жігіттер, ауыл аман ба? Әбдекеңнің халі жақсы болар?

- Шүкір, - дегенді үлкені зорға айтты.

- Жол жүріп бара жатыр едік, ауылға соқпады деп Әбдікең өкпелемес.

Кетсең жолың анау дегендей қырсық мінез танытып тұрған ағасының жөнсіздігінен ұялды ма, інісі ағасының бетіне бір қарап барып:

- Сусын ішіп кетпедіңіздер ме? - деді.

- Шырағым, Елеген, жол алыс қой. Айыпқа бұйырмас. Ауыл өзіміздікі, келе береміз ғой. Әнеу күні кіші інілеріңді де көргем. Ескі жұртта жүр екен.

Ескі жұртта, - деп күңк етті үлкені

- Е, сонда қи ойып жатыр екен.

- Қи ойғаны қалай? - деп үлкені көзін ақитты.

- Өздеріңнен рұқсат алған шығар.

- Естіп тұрғанымыз осы.

- Әй, осы күнгінің жастары-ай, үлкен сыйлауды білмейді. Үлкені сен емесің бе, Әбдекеңнің? Сенен өтіле салмай ма?

- Басынған екен, тоқалдан туған шірік ит, - деген үлкенінің дауысы осы жолы ғана басымдау шықты. - Сен не қарап жүрсің?

Сау болындарды да айтпастан Мұстапа болыс атын тебініп қалып, жорғалата жөнелген. Жортаққа салған жігіті іші-бауыры солқылдап күрең жорғаның жүрісіне зорға ілесіп келеді. Болысекең талай қырдан асып барып, ат тізгінін тартты. Өңі кісі өлтіргендей суық екен. Аттан түсе қалып:

- Ойпырым-ай, - деп ішек-сілесі қата күлген жігітіне:

- Сенікі не күлкі? - деп жекіді.

- Аналарды айтамын. Ендігі жау келділеп жатқан болар.

- Екі қатынның баласы екі рулы ел деген осы. Оның несі күлкі.

- Жоғә, анау үлкені нағыз мисыз. Елеген дегені ортаншысы. Келер-кетерді білсе, сол білер еді, бірақ ол да дүрмекке осы жолы ілеседі ғой.

- Әй, іс әлі біткен жоқ, жаңа ғана басталды.

Болысекеңнің іс жаңа ғана басталда дегені жігітінің есін жиғызды. Сонда қалай? Бәйбіше, тоқалдың балаларының

арасына от тасталды. Қазір айқаспаса да ұстаса кетуге дайындалып жатқан шығар. Әбдінің екі ауылы үлкен араздыққа кетті емес пе. Бұл, енді, Әбдінің басын қатырып бағады. Жастау токалына бұрайын десе, он екі ұлы өзіне қарсы болып шыға келеді. Не онымен, не бізбен деп бәйбіше отыр он екісін астыртын айдап салып. Бұдан артық болысекеңе тағы не керек?

Жігіттің сұрауы көп болса да үндеген жоқ. Болысекеңнің ендігі ойлаған ісіне өзінің даяр емес екені анық. Мұстапаның сазбеттенген жүзінен жасқанып, ендігі істі білгісі келсе де бұқпантайлап келеді. Бір істің қиюы келді, Әбдінің ауылына араздық оты енді, ендігінің қажеті қанша екенін түсінбеді. Мидай далада Әбдінің екі қатынынан туған ұлдар айқасып жатқан шығар, енді оның өздеріне қатысы қанша. Мұстапаның жігіті ой шетіне жете алмай, болысекеңнің тайпалған жорғасының бұлаң құйрығынан көз жазбай, жосылтып тарта берген.

Әбдінің үлкені ауылға аттандай кірді. Мына шіркінді пері қакты ма деп тыжырынған шешесі мән-жайды ұққаннан кейін көк айылданып шыға келді. Ағайынның шаруасымен жол жүріп кеткен Әбдінің де ауылда болмауы долы қатынды да, әпербақан ұлдарды да еркінсітіп жіберді.

- Барып көрмейсіңдер ме? Бұл не басынғандық, менің жұртыма келіп сиіп-тышқаны, - деп шаптыққан шешесінің дауысы сембеді.

Он екі ұл он екі сойыл сүйретіп ескі жұртқа жеткенде тоқалдан туған Бодық та ойған қиды жел қақсын деп беттестіріп жатыр еді. Ағаларын күліп қарсы алған. Сәлеміне жауап бермеген, түстері бұзылып кеткен ағаларының өңіне қарап, жүрегіне қорқыныш енді.

Жағың қарыссын сенің. Ағалар дейді ғой, бізді басынып, тоқалдың шірігі. — Үлкені ысылдап тұр.

- Шешемнің жазығы не? Ол кісі де сіздерге шеше емес пе?

Иттен туған, қара мұны.

Иттен туса, әкеміздің ит болғаны да. Онда сіздер де итсіздер.

Мә, саған ит. - Бәйбішенің үлкені сойылын сілтеп қалған еді, Бодық қолындағы күрегімен қағып жіберді. - Ұр, ұр итті.

Бодық сатыр-сұтыр сойылдың астында қалды. Күрекпен жасқанып, айнала қашқан. Үстіне мінердей төнген біреуінің атын омыраудан ұрған еді, ол тулап иесін аударып тастады.

- Ағатайлар-ау, бұларын не? Не жаздым? - деп айқайлайды.

~ Жазғаның ба сенің... Мә, саған

Жанталаса қашқан Бодық үш қаданың басын қосып тіккен күркесіне жете бергенде, қос жауырынның ортасына тиген соққыдан жалп ете түссе де енбектей жылжып, ішіне кірді. Еліріп алған он екі күркенің жабуын жұлып тастаған. Бодық сүйретіліп орнынан тұра берген. Біреуінің сойылы қадағы ілінген жанторсыққа тиіп, ұшырып түсті. Бодықтың басына құлаған жанторсықпен бірге ол да етпетінен түсті. Бодықтың басында жанторсықтың қымызы ақтарылып жатыр. Соның сыртынан торс еткізіп тағы біреу салып өтті. Қимылсыз қалған денені біреу аударып көрді. Қайсы қан, қайсы қымыз екенін айырып болғысыз денеден түршігіп, кейін секірді.

- Мынау өліп қапты.

- Ойбой, бауырым-ай, - деді Елеген

- Тәйт!- Үлкені ызғар шаша ақырған. - Енді... Осыны біреу өлтіріп кетті дейік.

Бодыққа тамақ әкеле жатқан бозбала бозжонның үстіне шыға келгенде бұлар аттанып жатыр еді.

- Әбдінің ауылында кісі өлімі болыпты, - деген әңгіме ертеңіне Мұстапаға жетті. Мұстапа қолма-қол Ескене-Күшікбайдың аяқ жетер жердегі ақсақал-қарасақалын жинады. Болыс оқыс іске шақырып жатыр дегеннен кейін қалашылап кеткен Әбдіден басқасы тегіс келген.

- "Қилы-қилы заман болады, қарағай басын шортан шалады" депті ғой әлгі Шортанбай жырау. Адамның жүзіне қарауға бет шыдамайтын іс болды бұл, - деп күңіренді болыс Мұстапа. Кеше болыстыққа таласып қырылып қала жаздадық. Әйтеуір кісі өлімі болған жоқ. Бүгін ескі жұрттың қиына таласып, кісі өлімі болып отыр. Не болды, ағайын? Тоқ тірлік, тыныш өмірді көтере алмай жүрміз бе? Өкіметтің құрығы ұзын, ертең-ақ әскер келеді.

Ұлықкісі өлтіртіп отырмайды.

Ескене де, Күшікбайлар да уһілесті. Айтарға сөз таппады. Болысекеннің айтып отырғанының бәрі дұрыс.

Кісі өлтіргенді қалай қорғамақ, пәлекеттен аулақ. Өздерінің елге пәлесі жұқпаса игі еді.

Болыс Мұстапа Әбдінің он екі ұлын кісі өлтірді деп пірғауарлады. Осы жиналғандар осыны рас деп қол қойды.

Сол сәтінде болыстың мөр басылған қағазын алып қалаға кісі жөнелтілді. Жалғыз кеткен жоқ, он екі бұзық жол тоспасын деп топ адам аттанды.

Екі күн өткен соң Әбдінің тоқалының аулынан жаңа хабар келді. Екі күн есінен танып жатқан Бодық есін жинапты. Басы жарылған екен, аузында да сау тіс жоқ дейді.

Бейшара, әйтеуір тірі қалыпты.

- Пірғауарымыз қате болды-ау, - деп Ескене-Күшікбайдың ешкімі келмеді. Бәрі бәйбішенің он екі ұлының тоқалдан туған жалғызға жасаған ісінен шошып, іштей тынған.

- Көріп едік қой, өліп-ақ жатқан. Тірілсе, Алланың ісі, - дескен көп.

Кейін келер заманда,
Ұл сыйламас атасын,
Қыз сыйламас анасын.
Арам сідік болған соң,
Атасы бермес батасын, -

деп Шортанбай жыраудың айтқанын естіп едік. Сол заманның келіп-ақ қалғаны ма? Бір жалғызды он екісінің жабыла сойылдағаны арамдығы да. Әйтпесе, бәрі бір әкенің баласы емес пе, - деп түңілісті.

- Қаладан әскер шығыпты, - деген хабар дүңк ете түсті.

- О несі-ей?

- Әбдінің он екісін атады дейді.

- Мылтығы шошайған орыс кімді аяйды, қосақ арасында кетпесек игі, - деп шошынғандар Әбдінің ауылынан алыстау-алыстау жаққа қоныс аударып қонып жатты. Қаладан келген Әбдіде үн жоқ, қысқы ұйқысына ініне кірген борсықтай тырп етіп далаға шықпай жатыр. Қолынан келгені, тоқалының ауылына барып, қона жатып, жылап-сықтауын естіпті. Жаралы баласына емші алдырыпты. Сонан соң бәйбішесіне қайта келіп, сол күні оны өлтіре сабапты. Көрші-қолаң болмағанда жазым етуі де мүмкін екен деген әңгіме тараған.

Қаладан келеді деген әскер де асықпады. Әскер кешіккен сайын Мұстапа болыстың да жүрегі күпті. Оның

үстіне "өлді" деп пірғауарлап тастаған Бодықтың да тіріле қалуын қарашы. Әйтеуір дәтке қуаты пірғауарға Ескене-Күшікбайдың бар бетке ұстары қол қойғаны. Әйтпесе, кім біледі, көмейі кең ұлық "неге өтірік жазыпсың" деп өзіне де бас салуы мүмкін. Енді сол сөзді біржолата бекітіп тастау үшін сол ел жақсыларын тай сойып, арнайы қонақ етті. Елдің бірлігі мына жалаңдаған орыстың жалаң қылышының астында қалмау жағдайын баса айтып, бас шұлғысып тарасқан. Енді ел ішіне араздық кірсе, Ескене-Күшікбай болып тізе қосып, басып тастауға уағда байласқандай болды..

Әскер кешіккен сайын жұрт та шошынулы. Кім біледі, заты бөлек тілсіз жау бас салып ойрандап кете ме деген қауіп те мол. Оның үстіне Мұстапа болыс та қарап жатпай, өзіне сенімді деген адамдар арқылы мылтық асынған әскер туралы неше түрлі әңгімені қоздыртып жіберген.

- Е, Алла, кәпірдің тұзағынан сақта, - деп жалбарынады үйдегі шал-кемпір.

- Мұстапажан ғой, әйтеуір осы елдің қамын жеп жүрген, - деп қырда мал баққан отағалары болыстың тілеуін тілейді.

Айдан аса уақыт өтіп барып, болыстың бұзықтарға шара қолдану керектігін қайта-қайта қазбалауының арқасында, ылғи көк мылтық, қылыш асынғандардың шыққаны туралы хабар жетті. Жаздай ел бетін көрмей, түнделетіп қана азығын алып жүрген Әбдінің он екісі жанын қоярға жер таппады.

- Қолға түскен жерде атып тастайды екен.

- Әрқайсысын жеке-жеке сойылдап өлтіреді екен.

Бірінен бірі өткен алып-қашпа сөз ақыры он екісін елден бездіріп жіберді. Әбдінің ұрпағынан қалған жалғыз Бодық қана. Жап-жас жігіттің күрек тісі опырылып, кемиек болғанда қалған. Бодықтың ағаларына деген кегі мықты. Түнеукүні көңілін сұрай келген Мұстапа болыс та:

- Бірге туған иттің де мұндай айуандығы болады екен, - деп түңіліп кеткені бар. Сол күні өліп те қалар ма еді, кім білсін, тамақ әкелген бала ауылға қайта шауып, талып жатқан жерінен қазақы ем қолданбағанда. Естіген жұрт бауырымдап жатқанда, бәйбішенің он екісі бас көрсетпеді.

- Жатқанынан тұрмасын, - деп тепсініпті бәйбіше.

- Жай жатыр да, кім оған тиіпті, - деп күңкілдепті үлкені. Әуелде Бодықты өлермен етіп сойылдағандарын мойындарына алғысы жоқ еді, жонның үстіне шығып

тұрып, бар ойранды қолмен қойғандай етіп жеткізген
бозбаланың сөзінен кейін он екісі де тілдерін тістеген.

Бұзықтарды іздей шыққан әскер әуелі Мұстапа
болыстың ауылына түскен-тін. Талайдан көз таныс
бастығымен болыс әмпей-жәмпей. Бірдемені атап жіберді
ме, әлде қалтасына салып үлгерді ме, ол арасына куә жоқ,
әйтеуірекеуі ауыз жаласып шыға келген.

Көрдіндер ғой, мына әскер менің өз ауылымды қамап,
бұзақыларыңды тап, - деп, әптер-тәптерімді шығарып
жатыр. Оу, халайық-ау, осынша мен не жаздым? - Мұстапа
болыс келген-кеткенге күңіреніп, назын жеткізуде. - Бүйтіп
елге ие, болыс болғаны құрысын.

Ертеңіне жолда кезіккенді сабай жүріп, әскер Әбдінің
ауылын қамады. Шырылдаған бала, қатын-қалаштың зар
илегені құлақ тұндырса да Әбді есігінен аттап далаға
шықпады. Тістеніп, онсыз да қарасұр жүзі қап-қара боп
түнерген қалпында қалған. Арсылдаған ауыл итін атқан
әскердің мылтық дауысынан шошынған немересінің бірі
"аталап" келіп, бауырына тығылған.

- Көрермін сені де. Шаңырағыңды ортана түсірермін, -
деп әлдекімге кектенгені тіс арасынан ысылдап зорға
естілген.

Ауылды тінткендер ойранды салып жатыр. Ешкімді
шашау шығармай ауылды қоршап алған. Әр үйдің жиюлы
жүгі, әбдірәсіне дейін ақтарып, быт-шытын шығарған.
Әбдірәтүбіндегі сақина-жүзік дегендер қайтып сандыққа
түспеген.

- Тап, - деп әкіреңдейді шегір көз бастық.

Қалай табам. Ол кетіп қалған.

Бәрінен де әйел біткенге қиын болды. Әбдінің он екісі
қатынның киімін киіп қашып кетеді деді ме, әрқайсының
көйлегін түріп, қатын екенін растап, қыз атаулының төсіне
кол жүгіртіп, қарқ-қарқ күліп мәз. Бұл мазаққа шыдамаған
тағы Әбдінің долы бәйбішесі боп шықты. Көйлегін
көтермек болған орысқа.

Тарт қолыңды. - Арс етті де ышқыран алып, ауының
сол бір тұсына қолын жүгіртіп-жүгіртіп жіберіп, - мә,
іздегенің осы ма? - деп алақанын түк басқан аузына
жапсыра салған. Орыс шалқалап, құлай жаздады.

Во, қатын, ~ деп қалғандары қыран-топан.

Тойған шығарсың.

- Дәмді шығар.

Орыс шытынап, қылышын суырған еді, бастығы ақырып қалды.

- Иттің ғана баласы, қатынның көтін тексергені несі. Осы жерден шыққан олар. Қайта кіріп кеткен жоқ ол жерге, - деп Әбдінің бәйбішесі әлі бұлқан-талқан.

Ортадағы Әбдінің үйіне жеткенше жан-жақ азан-қазан. Ермек үшін анда-санда ит атқан мылтықтың гүрсілінен үріккен бұзау бел асып кетсе, желідегі құлын атаулы шыңғырып құлап жатыр. Билік өздеріне тиген соң аянсын ба, мылтығын шошайтқандар қымызды қанып ішіп, дәмдісін жеп, аяққа іліккенін теуіп тастап, мықтыларын көрсетіп-ақ келеді.

Әбді үйінің сықырлауық есігі бес-алты адамды бөтенсігендей ойбайын салып қарсы алды. Төрде екі жамбасына кезек ауысып жатқан үй иесі қолақпандай трубкасын ашы темекіге толтырып, будақ-будақ түтін атқылаған орысты жақтырмаса да еріксіз орнынан тұрды. "Здрәсти" деп жалпандамады. Кегін ішіне түйіп, тесіле қараған көзін бастық орыстың жүзінен аудармады.

- Әбді сенсің бе?

- Иә. - Тіс арасынан шыққан сөзі ысылдап естілді.

- Бұзықтарың қайда.

- Біздің елде бұзық жоқ.

- Кісі өліміне жете жаздаса да ма? - деп ақырды бастық.

- Оны қасақана ұйымдастырған.

- Оны балаң Сібірге айдалғанда айта жатарсың. Әзірше сені тұтқындаймыз.

Бастық иек қаққан еді, жабыла түскен басқалары Әбдінің қолын артына қайырып байлап, аяғына кісен салып үлгерді.

- Жазығым не?

- Он екі бұзығың ұсталмаса, сені соттаймыз. Бәрін ұйымдастырып жүрген сенің өзің болуың мүмкін. Ресей заңы қатты да әділ. Ешкім жазасыз қалмайды.

- Өз баламды өзім сабататын маған не көрініпті. Осы да әділ заң ба?

- Заңға тілінді тигізбей байқап сөйле. Ақ-қарасын Сібірде сүйегің шірігенде айта жатарсың.

Ұлықорыс Әбдіге жеке күрке тіктіріп, қамады да, алдына күзет қойды. Жылап-сықтап, бір көруге зар болған

қатын-қалаш, бала-шағаны мылтық атып маңына жолатпады. Артына қайырулы қолы ісіне бастаған соң оны шешіп, есесіне аяқтағы шынжырға шынжыр жалғап, мойнына асуға ұлық қайырым етті. Тәулігіне екі мезгіл әкелетін тамақтың өзін қолмен бергізбей, сонадай жерге қойғызып, күзетші орыс қана апарады.

~ Әбдіні ит-қорлықта ұстап жатыр дейді. Ататын болыпты.

- Босқа кетті-ау. Бар пәлені ұйымдастырған...

- Жап аузыңды. Пірғауарда сенің де қолың бар. Өзің кетейік деп пе ең?

Ел ішіндегі сыбыр-күбір әңгіме осы. Ескененің естиарларының да, ісі күшікбайдың жақсылары да бұл уақиғаның қалай өрістегенін сезсе де, "қап, әттеген-ай" дан аспай, іштей күрсініскен. Көздерімен көрмеген іске қол қойғандарына талайы өкінулі. Бір бет қағаздан аса алмай,

Әбдіні қаматып тастап, енді істер қайран не деп алақан жайғаннан озған ешкім жоқ.

Әкесінің қамауда жатқаны Бодыққа қатты батты. Жолыққысы келіп, бір-екі рет келіп еді, мылтық ұстаған мұжық ұңғысын кеудесіне тіреп жолатпады. Амалы құрыған Бодық опарылып қалған тісін көрсетіп, ымдаған.

- Әх, сен.., - деп былдырлаған әскер ішек-сілесі қата күлді.

- Мен... мен.., - деп орыстың күлгеніне дәмеленген.

- Пошел, вон. Мұрты едірейіп, көзі ежірейе қалыпты.

Жаны қиналған Бодыққа үйде де маза жоқ, шешесі байғұскөз жасын көлдей төгіп, қай-қайдағыны айтқанда төбе құйқасы шымырлайды. Қайтсын, ата-баба салған жолмен тоқалдыққа келді. Әбдіден көрген қиянаты жоқ.

Бір кісідей сыйласып өмір сүріп келе жатыр еді, ендігісі мынау. Әбдіні шынжырлап тастапты дегенді естігенде ауылды басына көтеріп жоқтау айтты. Сонан соң баласына:

- Бар, - деді. - Бар. Сен үшін отыр қапаста. Айт орысқа. Босатсын оны.

Әкесін қамаған күрке бәйбіше ауылында. Бұл ауылда бәйбішенің бетіне қараған еркегі де, ұрғашысы да жылы көңіл танытпайды. Оның үстіне ашулы бәйбіше:

- Қаңғыған ит, - деп бастап, түгін қоймай сыбап, тілін сұғып-сұғыпалады. Бірауылды айғайымен басына көтерген долы қатынның шаңқылынан құлағы тұнып, жұртта

қалған иттей аулақтау жерде шоқиып отырып-отырып-қайтады.

Әбдінің он екісін іздеген әскер де сабылып жүр. Күнара соғып, тұтқындағы Әбдіні бірер түйгіштегені болмаса, бітіргені шамалы. Ол он екі елден жырақ кеткелі қашан. Жасырынған жерін Бодық білсе де айтпауға бекінген. Ит те болса ағалары емес пе, енді оларға жамандық жасап, ел бетіне қалай көрінеді. Онан да ұлық орыспен сөйлесіп көрмек болды. Келесі бір сапарынан оралып, шалдығып отырған бастықтың қабылдауына барды.

- Ал, не айтасың? - деді бастық қарлығыңқы үнмен.

- Сізді алдап жүр.

- Кім? Не деп алдайды?

- Олар ешкімді сабаған жоқ. Кісі өлді деген бекер сөз.

- Бері таман кел, - деп бастық шақырып алды да мұның опырылып қалған аузын ашты. - Иә, сонда мынау не? Тісінді өзің шайнап, жұтып қойдың ба?

Қарқ-қарқ күлкіден құлақ тұнған. Бодықтың арт жағына тепкі тиді. Өзін желкелеген біреу есіктен шығара бере тағы құйрықтан көститті. Сүрініп барып, зорға бой түзеді.

- Заң, заң бар бізде, - деп айқайлады біреуі. - Адвокатын мұның.

Даладан он екі бұзықтың өзі түгілі ізін таппаған әскербасы ендігі өшін Әбдіден алды. Екі күн қатарынан тергеуге алды.

- Айт шыныңды!

- Нені айтамын?

- Бұзықтар қайда жасырынып жатыр? Сен оны білесің!

- Білсем де айтпас едім.

- Ә, солай ма? Мә, ендеше.

Әбдіні таяқтап-таяқтап алып, өзінің де сілесі қатқан бастық жүз граммен әл шақырды. Сонысы қуат берді ме, қайта тергеуге кірісті.

- Ал, енді тілің шыққан шығар. Балаларың қайда?

- Баламнан садаға кет, сен орыс.

- Ендеше өзің өлесің.

- Өлсем, шейітпін. Балаларым қалады артымда.

Әбдіні тергеуге алып жатқан жақтан ашы дауыс та, ыңыранған үн де жетіп жатты. Ауыл құлағын басты. Жылаған баланың аузын алақанымен жапты. Ышқынған үн құлағына жеткен келіндер бетін басып, үнсіз сынсыды.

Екінші күннің кешінде аяғы басуға жарамаған Әбдіні екі әскер күресіне дырылдатып сүйретіп апарып тастаған.
Әйтеуір тірі сияқты. Күзетші күрешкемен су апарып берді.
Енді қаншаға шыдар дейсің, өліп тынады да. Бодық бұдан өріге шыдамады. Ұлық орысқатағы келді.
Әкемнің жазығы жоқ еді, - деді.
Бар. Од әлгі бұзықтардың жатқан жерін біледі.
Олар ұсталса атасыздар ма?
Неге атамыз? - Бастық тандана басын көтерді.
Атады деп жүр ғой.
Жоқ, әуелі соттаймыз.
Сонан соң ше?
Сен, жігіт, қызықсың. Бізде заң бар. Кісі өлмесе, атпаймыз. Бұзақы деп соттап жер аударамыз. Мүмкін бес, мүмкін он жылға барып келеді.
Атпайсыздар ғой.
Әрине.
Мен көрсетсем әкемді босатасыздар ма?

Босатамыз. Ой, молодец.

Шала-жансар Әбді сол күні үйіне апарылды. Көкала қойдай ісіп кеткен денесінде сау-тамтық жоқ. Ауыл емшісі семіз жабағы сойдырып, денесін соған орап тастаған.

Ертеңіне есін жиған Әбді Бодықтың шешімін естисе де, "Әй, балам-айдан" аспады.

Он екі қашқын Ортаудың күнбатыс жақ бетіндегі бұлақтың маңын сағалап, екі талай күн болса, тасқа шығып кетерміз деп жатқандарына жарты айға жуық уақыт болған. Күн өткен сайын қауіп-қатерді еске алу да сейіліп, қаперсіздікке бой алдырған. Ортаудың бар қиясын дүрбімен шолып, қашқындарды қайтіп қолға түсіруді ойлаған әскербастығы бұлақтың маңына күрке тігіп, кіріп-шығып жүргендерді де көрді. Қашқындардың осылар екеніне де күмәні қалмаған соң жыра-жыраны бойлата, бой жасыра жүгіртіп тау жақты алды. Сонан соң қалған адамымен тура бұлаққа беттеген.

Ойбай, кеп қалды, - деген дауыстан шошынған қашқындар үрпиісіп тысқа шықты. Әуелі көздеріне түскені өздерінің інісі Бодық.

Қап! Иттен.., - деп кіжінген біреуі араларындағы жалғыз шиті мылтықпен Бодықты басып салды. Шиті

мылтықтың жалғыз оғы табан астындағы тасты қапты. Оның есесіне тау жақтағы әскер шетінен түрегеліп, гүрсілдетіп берген. Қашуға айла таппаған он екі қашқын үріккен малдай бір-біріне ұйлығысып, кезеулі мылтықтарға жәутендеп қарай берген.

Сол күні бас жарылып, көз шықпаса да, біраз тепкіні көрген он екісін де ояздық қалаға алып кетті. Бұл жолы "өкімет адамдарына қарулы қарсылық көрсетті" деп жаңа пірғауар жасалып, болыс тағы мөр соқты. Жалғыз қару шиті мылтықтың да екі-ақ рет оқтар дәрісі мен қорғасыны бар екен. Соның өзі мықты айғақ боп шықты.

- Қап!- деп өкінді заңнан хабары бар қаладағы туысқаны. - Мылтық болмағанда осы он екісі де біраз уақыт жатып, босап кететін еді. Енді іс қиынға айналды.

Қару ұстап, қарсы келгендерге заң да қатал екен. Күніне бір күрешке су мен қара нан ғана беріп, сілелерін қатырды. Абырой болғанда, ұрлық істеді деген айыппен түскен екі қазақ бар екен, ендігі күн көрісті солар ашты. Қарға тамырлы қазақ ептеп-септеп жүріп мұнда да танысын тауып, тамағынан қысыла қоймаған. Сол екеуі барымен бөлісіп, қарайған өзекті жалғады. Таныстық әуелі кімсіңдер деп басталған.

- Көрші қаракесектен мал алып едік.

- Е, онда тұрған не бар? Ара ағайын ондай дауды баспаушы ма еді?

- Соған мына орыс өкіметі заң бар деп көнбеді ғой.

- Ұлықтың көмейін жібітпедіңдер ме?

- Соны енді ғана қолға алып жатырмыз.

- Е...

- Өздеріңіз не үшін қамаққа түстіңіздер?

Он екісі бір-біріне қарады. Осы, шынында, не үшін қамауда отыр? Бәріміз бірігіп барып тоқалдан туған жалғыз інімізді сойылдадық деуге ауыздары бармайды. Осы сауалдың алдарынан шыға беретініне енді күмән жоқ. Не демек керек?

- Төбелесіп қалып едік.

- Е, ол үшін бәріңді қамамаса керек еді ғой.

- Арашашыға мылтық атылып кетіп, - деп күмілжіді Елеген.

- Ойбұй. О пәлені қайдан алып едіңдер. Мылтық көрсе бұлардың жыны қозады. Қазақта қамшыдан басқа болмауы керек дейтінін қайтесің.

Ояздық қалада көп ұстамады. Әскерге қарсы мылтық атқан деген айыппен кесіген естіртті. Сол күні Әбді де балаларын көрді. Әке жалғыз келмеген екен, шеткерілеу тұрған Бодық етігінің тұмсығымен жер тұрткілеп, бауырларына бас көтеріп қарай алмады. Бар болмысы кінәлімін, кешіріндердегенді айтқандай. Кісендеулі балаларын көріп Әбдінің иығы селк-селк етті.

Құлындарым-ай, - деп әрқайсысын құшақтап, алақандарына бірдемесін қыстырған.

Әй, Бодық! - деп дауыстады Елеген.

Аға, - деп кемсеңдеді Бодық. - Мен кінәлімін.

Енді қай-қайдағыны қазбалама. Біз де онып тұрғанымыз жоқ.

Айдап салғанын енді түсіндік қой болыс Мұстапаның, деп теріс айналды үлкені.

Бодық, сенен басқа сенеріміз қалмады. Мына әкенді күт. Артта қалған қатын-қалаш, бала-шағаның бар ауыртпалығы енді сенің мойнында.

Аға, оған қам жеменіз. Өлсем, солардың жолында өлемін.

Енді сен тірі бол, бізді қайдам...

Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді деуші еді ғой үлкендер. Аға, біз сіздерден үміт үзбейміз.

Бірде жаяу, бірде арбаға отырғызып айдалған топ өліп-талып, әйтеуір, Сібірге жеткен. Әр жерге тоқтаған сайын орыс, қазағы, татары бар топтан біразын санап алып қала береді. Оның да не үшін екенін түсінбей сепкіл бет татардан сұраған.

Приискіге ғой.

Ол не?

Не, сен ондайды естімеп пе едің?

Оллаһи, білмеймін.

Приискі деген алтын іздейтін жер.

Оны қалай іздейді?

Оны енді, шырағым, басыңа түскенде көресің. Мен қазақ арасында өскен адаммын. Есімім Ибрагим. Қазанда да оқығаным бар. Кісі өлтіргенім жоқ, бірақ онан да жаман статьямен соттады. Осыны ғана саған айтамын.

Соншама ол не статья?

Оны да жата-жастана білесің. Менің таңым - сенің біздің қатарымызға тап болуын. Ауылдан озбаған, қаланы көрмеген қазақсың. Сонша не бүлдіріп қойдың?

- Төбелесіп, - деп Елеген басын қасыды.
- Қой. Төбелес үшін бүйтіп соттамайды.
- Әлгі пристав дегеннің адамдарына қарсы мылтық атылып кетті.

- Е, солай десейші. Мылтық өзінен-өзі атылып кетті десейші, - деп Ибрагим біраз әжуалап күліп алды. - Мылтық де... Енді, міне, жөніне келді.

Келесі бір аялдамадан соң бес адамды санап алып қалды. Бесеудің үшеуі - Елеген мен екі інісі, төртіншісі, Ибрагим татар. Бесіншісі, күрк-күрк жөтелген орыстың шалы.

- Келдік міне. Біздің бақытымызға жаралған жер осы, - деп күрсінді Ибрагим.

- Приискі ме? - деді көксау шал.

Солқылдақ баспалдақпен айдап әкеліп, тас баракқа қамай салды. Тас барактың есігі темір, босағасы шойын. Қиқулап ашылған темір есік сықырлап барып тарс жабылды да, босағаны мықтап тістеді. Тістеген есік енді жалғанның қызығын ұмыт, енді базарлы шақ бітті, енді көрерің осы, енді... енді деп ышқынғандай еді. Әлдекім қаракөлеңкеде ышқынды. Өксіп-өксіп ышқынды. Ышқынған Елегеннің інісі екен. Өксіп-өксіп локсиды. Елеген жүрегі сыздаса да үн қатпады.

- Ой, жігіт, мұның не? - деп тіл қатты Ибрагим.

- Ө... ө.., - деп тағы локсыды.

- Мұндай-мұндай болады. - Ибрагим жақындау жылжып отырып, аркасына қолын салды. - Әлі-ақ үйреніп кетесің.

- Мұнда өлетін шығармыз.

- Тәйт, - деп ұрысқан болды Елеген. - Тағдыр не жазса, соны көреміз. Қайдағыны айтпа.

Екі қабат нардың қуыс-қуысы толған қандала екен. Мұндай пәлені тумысында көрмеген Елеген жыбыр еткен сайын шоршып, тулап маза таппады. Бір жабылып қалғанын уыстап ақ өлтіріп еді, кәпірдің иісі мұрнын жарды. Өзі өстіп тыр-тыр қасынып жатқанда екі інісінің каннен-қаперсіз ұйықтағанын атаң қалды. Онан соң ұйқысы қатты Ибрагим бе деді. Секпіл бетінің бір бұлшық еті жыбыр етпей, андасанда маса қаққандай қолын сермеп тастап қорылдағаны аласа тамның ішін толтырған.

Аласа тамның жыртыған торлы терезесі бар екен. Елеген жан сауғалап соған қарай жылжыды. Торлы терезеден соққан желге бетін төсей жатып барып жаны жай тапты,

Тапосы тұстың қандаласының аздығына таң қалды. Жыртыған терезеден аспан алақандай, жер тебінгідей боп көрінді. Алақандай аспанның өзіне жақындау-жақындау өскен қарағайдың ұшы таласып жатыр.

Сонан соң ауыл есіне түсті. Дала қандай кең. Ұшы-қиырсыз аспанда жөнкілген бұлттардың өзі жарыса көшкен көштей сәнді екен ғой. Бозбала шағында тай, дөненге мінген жастар көшке ілесе жүріп сай-сала толы бөктергі мен құладынды жарыса қуалайтындары еске түсті. Онан кейінгі шақта қаршыға-лашын ұстаған ағаларына ілесіп, көш бойы өзен бойын аралап, үйрек аулаушы еді. Әкесі шаруашылыққа баулыды.

- Мына мал да, ендігі өсер ұрпақ та сендердікі. Соны бағып-қағуды үйрен, - дейтін.

Жаз ортасында қолдарына шалғы беріп, сай-сайдың шұңқыры, қарамотау өскен неше алуан бытқылды қоймай шаптыратын. Жаңа шабылған пішеннің иісі қандай. Пішен шауып жүріп тәтті айранға сарымсақ турап ішкеннің ляззаты неге тұрады. Әкесі байғұс... Иә, әкесі байғұс он екі ұлын құтқарып қалам ба деп малын оңдырмай шашқанын естіді. Ауылда әйтеуір аштан өлмейтіндей ғана тұяқ қалыпты. Дүниенің түбі шолақ деуші еді, осы екен ғой. Осыдан аман барсам... Жамандығымды көрсетпес едім, жапанда жатса да тірлігін сездіріп мал жияр, ес жияр кәсіп етіп, ауызды асқа, аяқты көлікке жарытар еді. Келіншегі де қой көрген ауылдың қызы ғой, тапқанын ұқсатып, үйді де ұстап, сауынның да бабын келтірер еді. Көзі ілініп кетіпті.

- Тұрындар! - деген ащы айқайдан шошып оянды.

- Кісенім қайда? - деді астыңғы қабаттағы інісі.

- Тұу, сен де, - деп Ибрагим күліп жіберді. - Туған бауырын бүйтіп іздемес.

Жол бойы аяғынан бір түспеген кісенін ұйқылы-ояу іздеген інісінің халі тағы өзіне белгілі. Бір жақсысы осы тас баракқа қамарда кісен атаулыны сыпырып алған.

Барактың сыртқы қақпасы бір болғанымен іштегі бөлек-бөлек есіктен шыққан жұрт әжептәуір екен. Бәрін шұбырта айдап апарып биік таудың шатқалындағы үңірейген үңгірге әкелді. Алдын бес-бестен топтап, үңгірге кіргізген. Үңгір аузындағы ырсиған-ырсиған тастар аждаһаның ақсиған тістері сияқты жүректі қобалжытқан.

- Қарғыс атқыр, - деп күбір етті Ибрагим.
- Мынаған шынымен кіреміз бе? - деп інісі жыларман боп тұр.

- Осымен үшінші рет осы приискіге тап болдым. Мені осы аждаһа жұтатын шығар, - деп күрсінді көксау шал. - Сырылдап тұрмын ғой, сырылдап.

Қолдарына қайла берді. Он адамның артында бір бастық. Оны нәзірәтел дейді екен. Қолында шыбық пен дорба. Дорбасына алтыны өте бай кенді салады. Бесеудің ортасында бір қол арба. Бос тасты да, кені барын да сыртқа кезек-кезек сүйретті. Өлеусіреген шамның жарығымен жалт еткен тасты қайламен ұрғылай-ұрғылай Елегеннің алақаны күлдіреуге айналды. Мұның жұмыстан қайтыңқырап қалғанын көрген нәзірәтелі:

- Тоқтама! - деп әкірендеп шыға келген.

Бір қалтарыста Ибрагим қайланы ұстаудың әдісін көрсетті. Сонан соң:

- Құлаштап ұрып, күштеме берме. Онда өзіннің тамтығың қалмайды. Әркім өзін сақтамаса, бұл жерден тірі шығу жоқ. Қайланы еппен сілтеп, тастың жігіне қадауға тырыс, - деп ақыл үйретті.

Қопарылған тастың шаңынан айнала көзге түрткісіз. Оның үстіне төгілген ашы тердің иісі де қолқаны қапқан. Бір сәт тұруға мұрша жоқ. Қайлаң қисық сілтені бастаса бақылаушының шыбығы не жонына, не тасқа шарт ете қалады. Бір сағат бойы дамылсыз қимылдан соң сәл тыныстауға уақыт береді. Қалжыраған жұмыскерлер отырған-отырған жерлерінде тасқа сүйенген қалпы көз жұмып, ұйықтап кеткендей болады. Шахтаның іші де құлаққа ұрғандай тып-тыныш. Осы тыныштықты тағы да жөтелген көксау шал бұзады.

- Өлеші болдым-ау, - дейді қиқылдап.

- Су ішіп жібер, - деп Ибрагим құтысын ұсынған.

- Осы енді мені соттағанда не таппақ? Онсыз да өзім елетін едім ғой.

- Бастықтарға тым қадірлі адамсыз ғой. Сізді көрмесе отыра алмайтын көрінеді, - деп Ибрагим қалжақтаған. - Сонан сізді жер-көктен іздетіпті ғой.

- Халықтың қанын сорып отыр ғой олар. Түбі бір зауал келеді оларға.

- Соны көрсем дейсіз ғой.

- Оны қайдам, сен болмасаң...

Күндегі әңгіме осы. Орыс, татаршаға Елеген мен інілері сөзден сөз жаттап тіл сындырып қалған. Әнебір өзі де сапсары, киімі де сары ала бастық келгенде бәрі тік тұрады. "Гражданин начальник" дегеннің не екенін де біліп қалған. Оның пәмиласы Боныш болуы керек. Ол осы алтын орынының қожайыны емес екен. Нағыз қожайыны алыста, түүРесейдің ішінде деседі. Мұнда қожайынның көзі-орынбасары бар. Ал, Боныш, осында сотталып келгендерді тәртіпкесалатын сақшылардың бастығы. Кімді жазалаймын, кімді босатамын десе де соның еркінде болса керек.

- Ну, он безжалостный. Давно знаю, - деді көксау шал.

Сотталып келген бейшараларды каторжник дейді екен. Малды да аяушы еді, бұларға келгенде оның шеті де көрінбейді. Тіршіліктері өлтіріп алмастың алдын да ғана. Қырылып қалса, шахтасы тоқтап, пайдасынан қағылатыны ғана аздап адамшылық еткізетін сияқты. Таң бозынан шахта деген көрдей қараңғы қуысқа түсіп, кеш түсе сілесі шығажер бетіне көтерілгенде ғана аспанды көреді. Жұлдызды қапастың жыртыған терезесінен ғана санайды. Алты күн бойы осылай. Жетінші күні түске дейін басқа жұмыстарға жетіп, түс ауа кір-қондарын жууға рұқсат.

Күн артынан күн ауысқан сүреңсіз тірлік. Айлар да жылжып өтіп жатыр. Жалғыз жаңалық - көксау шалдың қол арбаны сүйреп бара жатып өліп тынғаны. Оған қайғырып жатқан тағы ешкім жоқ.

Қыс өтті. Жетінші күннің түс шамасы еді. Кір-қоңын жуып жатқандарға күзетшілердің бірі келіп:

- Ал, қайсың барасың? - деген. Үні жақсылық жасап тастайтындай көтеріңкі. - Мәртебелі бастықтың аттарын бүгінше күтетін адам керек.

Каторжниктердің көбі орыс. Ат күтуден аулақ адамдар. Күзетшінің көзі Елегенге түскен.

- Сен барасың!

Мәртебелі бастық Боныштың өзі екен. Ат қорадағы екі сәйгүлігі арқырап тұр. Елеген кезек-кезек өзенге апарып суарып, үсті-басын жуып әкеліп байлады да, ешкім айтпаса да тезегін шығарып, алдарына жем салды. Сонан соң ат қораның қисайған тұстарын қас қарайғанша жөнделді. Жұмыс істеп жүріп терезеден өзін бақылаған мәртебелі бастық пен әйеліне көзі түскен.

- Жарайсың, - деді кетерінде бастық. - Келесі аптада да кел, Маруся мынаған берер тамағың қайда?

- Бастық, - деп күмілжіді Елеген. - Рұқсат болса, інімді де ерте келсем. Жұмыс көп екен.

Мәртебелі бастықтың нақсүйерінің бергені лагердің көк аяз кара наны емес, кәдімгі ақ бөлке, бір тілім сиыр еті екен. Нардағы бесеуі бөліп, қауғандасып, әжептәуір көңілденіп қалған

- Сен барып тұр, Мұндағы киім-кешек, оны-пұныңды біз жөндеп қоямыз, - деді Ибрагим. - Бастық өзі шақырған екен, енді оның жұмысынан аянба.

- Енді соның құлы боламыз ба? - деп ренжіді Елегеннің інісі.

- Не дейсің?- Ибрагим жақтырмай жалт қараған. - Сен әлі шикі екенсің ғой пайданды білмейтін. Сендердің статьяларың да түкіруге тұрмайтын жағдай.

- Онда бізді неге соттады? — деп қарсыласты інісі.

- Ол әншейін нәрсе, бас араздық тәрізді. Әрі пара өтіп кеткен ғой.

- Ал, сонда...

- Танысып, араласып, іштеріне кіре беріңдер. Сендердің ана статьяларыңды бұзып, басқаша ете салу - ана Боныш бастыққа түкіргеннен жеңіл. Осыны ұқтың ба, мисыз, - деп ұрысты Ибрагим. - Өзіңнің осы қапаста шірігің келмейтін шығар.

- Ұқтық, ағасы, ұқтық, - деп Елеген інісі үшін жауап берген.

- Ендеше, осыдан қапы қалмаңдар.

Әр жетіде Елеген інілерін кезек-кезек мәртебелі бастықтың үй-жайын түзеу үшін ертіп баратын болды. Қора-қопсысын ретке келтіріп, отынын жарды, суын тасыды. Осының бәрі үнсіз, ешкімнің ескертуінсіз істелетін Байбатшаның трашпеңкесіне аттарды жегіп, серуендетіп қайту, апарып таста дегенін тапжылтпай орындаумен мәртебелінің үйіне сіне берді.

- Мен де серуендегім келеді, - деді бір күні мәртебелінің жұбайы.

Баласы мен екеуін трашпеңкеге мінгізіп, көл жағасына апарып, қармақпен балық ұстап беріп қайтқан. Марусяның қуанышында шек жоқ. Балықтарды қуырып, күйеуінің алдына тосты.

- Бейшаралар, бейшаралар, тап осылар қылмыскер емес. Момынның момыны ғой, - деп алғаш рет Елеген мен інілеріне аяушылық білдірді.

Жетінші күн Елегеннің сағына күтер уақытына айналды. Алты күнгі азапты жетінші күн ұмыттырады. Өздеріне деген мәртебелі бастықтың көзқарасының да өзгере бастағанына көз жеткен.

Тағы қыс келді. Жетінші күні бастықтың үйіне құшақтап жарылған ағаш тасып жүрген. Саусағына киген жүзікке қараған сайын іші удай ашиды. Алғаш отау болып шыққанда келіншегіне арнайы алып, өз қолымен саусағына салған еді. Әкесімен соңғы жолыққанда келіншегі "менің мәңгі күтетінімнің белгісі болсын" деп беріп жіберіпті. Енді міне... Иә, енді осы жүзік бір кәдеге жараса деп тұр.

Ауыз сенекке ағашты қойып жатып, Марусяның аяғының астына байқамай түсіріп алғансыды. Мәртебелінің әйелінің алтын жүзікті көргенде көзі жайнап кеткен.

- Бұл кімдікі? - деді кекештеніп.

- Менің әйелімнің жүзігі еді. - Елеген мұңайғанын жасыра алмады. - Енді оны көру қиын ғой. Енді маған бәрібір. Рұқсат етсеңіз, сізге сыйлағым келіп тұр.

- Па... пажалыста, - деді әйел.

Шахтадағы жұмыста да бұрынғыдан гөрі өздеріне қысымшылық азайды. Кейде артығырақ дем алып қалса, бақылаушы да көрмегенсиді. Дегенмен жалғыз жүзік беріп қапастан құтылмастары анық. Кен қуалап қазғанда кейде таза алтын түйіршіктері де кездесіп қалатын. Жүзік алған әйел алтыннан да қашпас деді Елеген. Әрі байының бар күзетті басқарғаны болмаса, осы алтыннан оған тиіп жатқаны жоқ. Ендеше осыны неге пайдаланбасқа деп Елеген іштей түйді.

- Қалай алып шығамыз? Шығар ауызда шешіндіріп тексереді, - деп зар қақты інілері.

- Аса үлкенге жоламаңдар, кішкенесін былай, - деп Елеген құйрығының қуысын көрсеткен.

Құйрықтың қуысына саусақпен итере тығып жіберген шынашақтың басындай алтынды ат суарып жүріп, қайта түсіріп, қармақ ұстап отырған Марусяға ұсынған.

- Ой, қандай тамаша.

- Сіз үшін.

- Қайдан... - дей берді де әйел тына қалды.

Алтын алған сайын мәртебелінің де райы біржолата өзгерді. Үшінші жыл да өтіп бара жатқан. Бұл жағдайдың қашанға созыларына көз жетпейтіндей еді. Бір жолы

- Сендер туралы ойлау керек екен, - деді мәртебелі бастық.

Сендер туралы ойлаудың ар жағында өз камы жатқан. Бұл тасымалдаудың түбі беті ашылса, өзінің де аман қалуы екіталай. Ендеше, әуелі осы қазақтардан құтылған жөн. Статъялары да босаңдау бірдеңе. Ең дұрысы, соны пайдаланып, әрі жақсы жұмыс істегені үшін деп босатып жіберу деп шешкен-тін.

Ауыл кешкі асына қамданып жатыр ма, секектеген бала да көрінбейді, жым-жырт. Азғантай ғана қойдың өзін қотанға ертерек жатқызып тастапты. Ыңыранған, күйіс қайырған соның үні ғана. Кешқұрым баяғыдай шаптыға шығатын бәйбішенің үні семгелі қашан. Тірі демесең, айқайдан қалған, момынның момыны. Әбдінің екі ауылы енді осы бір-ақ орында. Тоқалының үйі шеткерілеу тігілгені болмаса, осы ауылмен бірге. Азын-аулақ малды бөлетіндей жағдай да жоқ.

Ала төбет қотанды бір айналып келді де, енді қауіп жоқ дегендей керіліп жата кетті. Күні бойы жайылып, оты-суы қанған кер ат қана кермеге байланған. Бұл күндегі әдет, сақтық шарасы. Тал шарбаққа жағалай ілінген қылдыбақыр, шелек, көнек, жанторсық атаулы жан-жаққа қисайып, үй менен екі ортаны толтырып, самсап тұр.

Омбыға дейін қағазын көрсетіп, қазақ ішіне кіре асқа жарыған Әбдінің қаторгадан босаған үш ұлы, тағы бір тығындыларына ат сатып алып келе жатқан беттері еді. Жаздың осы бір мезгілінде ауылдың қай жайлауда отыратыны өздеріне белгілі. Келе жатқан хабарын да білгізбей, бейтаныстау ауылдардың үстімен өтіп, жетіп қалған беттері. Ауылдың кешкі түтінін көріп, жүрек шым етті.

- Тірі ме екен? - деп қалғанын Елеген өзі де байқамады. Әкесі қажырлы сияқты еді, шешесі байғұс күйгелек, даукестеу еді, күйік ішіне түсіп кетпесе.

- Жосылтып шауып барғым келіп тұр, - деді інісі.

- Ол ненің жосығы? Ауылда кісі өлгенде, не жау шапқанда шауып кіреді. Ондай жаманшылыққа бастар бізге не көрініпті, - деп тыйып тастады.

Көңіл шіркін алып ұшқан. Қанша асықса да атты қаттырақ аяңнан асырмай ауыл шетіне кірді. Арсылдап тұра ұмтылған ала төбет үзенгіге бірер секірді де қыңсылап, ұлып бәйек болды да қалды.

- Ит үруін қойды ғой, таныс адам сияқты, байқап келші, - деді Әбді де елегізіп.

Тысқа шыққан бала аттылардың жанына бара беріп:

- Көке, көке, - деп бақыра жылаған.

- Не дейді? ~ деп үй іші өре түрегелді.

Балаларын дауысынан танып, орынынан үш ұмтылып, ұшжығылған бәйбіше киіз үйдің ішін күңіrentкен. Әбді сақалынан алты тарам жас ағып тұрып, ұлдарын бір-бір құшақтады да кейін сырылды.

Әбдінің балалары аман-есен келіпті деген лезде тараған. Әзірше келгені үшеуі екен, қалғандары енді босайды екен. Анау жоғарғы жақтағы ең мықты ұлықтың өзі бекер сотталған деп жатқан көрінеді. Ақ-қарасын тексермейсің деп осы жақтағы ұлықты да, сотты да қысып жатқан көрінеді деген алып-қашпа әңгіме гу-гу. Құтты болсын айтып келгендерде де шек жоқ.

- Бізден бір қателік кетті, - деп әуелі пірғауарға қол қойған Күшікбайлар жетті. Қателігін мойындағанның ар жағында "осы ұлық пәле салып, енді өзімізге тиісе ме" деген қауіп те жатқан.

- Ағайынның арасы болмашыға ушықты, - деп Ескене жағы да келіп жатыр.

Бас көрсетуге жарамаған Мұстапа болыс қана. Болыстықтың мансабы үшін ағайынның арасына жеті жұт келсе де келмейтін жамандық жасап, өзі де, ел де бір-бірінің бетіне түзу қараудан қалған жағдай еді. Оның үстіне осы мансабы құрғыр орыстың қазаққа салған құрығын ұзартар амал екен. Жылына өзгеріп, айына төңкеріліп неше алуан салық деген пәлесін қаптатып жіберген. Сол салықтың көзін тауып беруші де болысекен. Салық көзі - халықтың малы. Әуелде, мал барда, онысы ойыншық тәрізді еді, енді әр үйде бірді-екілі қара, азығына жетер-жетпес тұяқ қалғанда жанға батты.

Болысекеңнің басқан ізіне шөп шықпауға айналды. Ұлыққа жаққан мансабы өзіне жақсы. Салық орындалмаса, өкіметке "қырын қарау" боп есептеліп, қаладан казак-орысы жетіп келеді. Дүреленіп қалып жатқандар да

жеткілікті. Ел наразы, қит етуге жағдай және жоқ. Мұстапаға ендігі керегі ел шырқы емес, ел алдында өзін ақтар ілгешек қана. Сол ілгешек те табылған. Жаны күйзелген, ұлық орыстан запы болған ел, ендігі ұрпағының қамын ойлап мешіт сала бастаған. Мұстапа тым араласып кетпесе де, бұдан жырақ қалмады. Сонан соң ауыл молдасынан бірер аятты жаттап алып, дұға оқитынды шығарды.

- Болысекең дінге қатты бой ұрыпты.

- Е, арғы аталары сондай кісілер еді ғой, - дескен әңгіме де жанына жаққан.

Жұма сайын қосақталып, көппен бірге намазға жығылатынды шығарды. Аяқта мәсі, басында сәлде. Аппак сәлдені алдына жайып салып мінәжат еткенде басқаларға үлгі. Киіз үйдің босаңдау тағылған уығының бірі иығына сарт ете түскен біреу:

- Ойбай, - деп түрегелген еді, ауыл молласы

- Намаз үстінде басыңа қылыш төнсе де бұрылып қарама, - деп қатты ұрысты.

- Моллекең дұрыс айтады. Кешегі өткен пайғамбарымыздың сахабалары кәпірдің қылышынан қорықпай, намаз үстінде жан тапсырғаны кітапта жазылған, - деп Мұстапа да біліктілігін танытып қалған.

Әбдінің он екісінің үшеуі босап келіпті дегеннен бері көңілден маза кеткен. Қалай босап келгенін ұлықтан сұрауға жасқанды. Елдің айтып жүргені рас болса, түү, жоғарыдағының өзі айыпсыз деп қапастан шығарыпты. Енді ондай істі қайта қозғап, басына пәле тілейтіндей ақымақ емес. Не болса да артын күтеді де.

- Ағайын ғой, неге қайырлы болсын айтып шықпайсың, - деп әйелі де ызың-ызың.

- Ағайындықты олар түсіне ме? Орыстың арасында болып, әбден бұзылып келген де.

- Әбдінің қалған балалары да келеді деп жүр ғой.

- Онысын қайдам? Көре жатармыз.

Аға-інілерін қай жақтағы шахталарға алып кеткенін Елеген де білмейтін. Оны кімнен сұрамақ? Сұрау салам деп жүріп қайта шатылары да анық еді. Қапастан босағаннан кейін аз уақыт қарайлап көріп еді, жобалы ештеңе таппады. Сібірдің анау алыстағы қысы қақаған жағына алып кетсе, онан адам тірі келмейтінін

каторжниктерден сан естіген. Бас аманында інілерін ертіп, ел тапқанын жөн санаған.

Үш ұлы келгеннен бері Әбдінің мойны қамыттан босады. Ендігі тірлікті өздерің істендер деп Елегенді бас, Бодықты қос қылып бар шаруаны тапсырған да үйдің төрін босатпай жатқан. Төрт қанатқа төрт канат қосқызып қайта тіккен үйінің тап ортасына ошақ орнаттырып, шәугім астырып қойған. Шәугімде шай ызылдап қайнайды да тұрады. Әбді тысқа шығады, қайта кіреді. Қос жастықты жұмарлап қолтыққа басып, шаңыраққа үніледі де жатады. Іштей он екісінің үшеуінің аман келгеніне де Аллаға шүкіршілік еткен. Қатын-қалаштан аулақ оңаша отырыста босанып шығу жағдайына Елегеннен қанған. Ана қалған тоғызы осындай есеп, айла тапты дейсің бе деп өкінеді.

Өкініш арты қор болған ұлдарының кегін қалай алсамға ауысқан. Мұстапа болыстың іргесін түріп қойып, малын шауып алса, тағы кінәлі өзі болып шығады. Оңашада ұстап алып сабаса, ол өкімет адамы болыс, өкіметке қарсылық деп табылады. Кісі өлтіру... Астағапыралла, ол қайдан есіне келді. Қан жүктесе, оның кесірі жеті ұрпағына кесепат болып жабысады екен. Құдая сақтай гөр.

Осы биыл Мұстапа болыс мешітке барғыштап жүр, ұзақ-ұзақ зікір салады екен дегенді естіген. Әбдінің үш баласы келгеннен бері тіпті зікірден босамайды деген де жетті.

- Жоғалған тоғыздың мойнына артылған күнәсін өстіп жумақ та, - деді айтушы.

- Апырай-ә, - деп таңданғансыды Әбді.

- Ораза басталғалы түнін қайдам, таңнан қара кешке дейін зікірде екенін көрдім.

Әбді ұзақ ойланды. Қайтпек керек. Дінге қатты беріліп кетті деп арыз жазса, Алланың алдында өзі күнәкар болмай ма. Бірақ Мұстапа болысты сүріндірер басқа жағдайды да көріп тұрған жоқ. Елегенге шет жағасын айтып көріп еді:

- Әке, қайтесіз итпен ит болып. Ол өз жазасын өзі алады, - деді.

Баласының сөзіне тоқтай алмады. Кешегі қара басына бұлт үйірілген шақ, он екісін жоқтап қан құсқан күндер, бала-шағаның өксікті жылауы көз алдында тұрды да қойды. Сонан қапы кеттік, алдауға түстік деген ағайынның қолын қойдырып, оязға арыз кетті. Мұстапа болыс міндетін адал

атқармайды, қай-қайдағы Түркістан, Бұхар жақтан келгендермен сыбайлас. Биыл жаз бойы солармен бірге зікірге қатынасып, елді де соған тартып, болыс, өкімет жұмысын тастады. Өткен жылы да осылай еді. Арыздың соңына мөр де, бармақ та басылды. Дер кезінде жетсін деп, арнайы адам жіберіп, ұлық ояздың өз қолына тапсыр деп, қатты тапсырды.

Ұлықояздың табалдырығын аттау үшін есік күзеткен, босағада тұрғандарға ақшаның шетін көрсетіп жүріп, зорға дегенде рұқсат алған.

- Бір ерекше жағдайды айтпақ екен, - деп қалтасына қомақты бірдеме түсіп кеткен ояздың көмекшісі де жақтасы болып шыға келді.

- Ондай жағдай болса, - деп ояз мейірім етті.

Қолына тиген арызға мәртебелі ұзақ шұқшиды. Оқыған сайын түсі де қуқылдана түскен. Сонан соң таныс деп көмекшісіне беріп, қолын артына қайырып, бөлме кезді.

- Сволоч, - деді тіс арасынан.

Сонан соң көмекшісіне қарап:

- Дереу шара қолдану керек. Ресей империясы мен Бұхар әмірінің мүддесі қиыспайды. Оның ар жағында ағылшындар тұр. Зікір деген бос сөз, елді бізге қарсы азғырып жатыр. Бұған төзуге болмайды, - деп сұрланып, кителінің жағасын тартқыштап, қоңырау соқты.

Өз үйіне өзі сыймай күпті болып жүрген Әбді қаладан қайтқандардан ояздың қалай қабылдағанын естіп, иығынан ауыр жүкті сыпырып тастағандай сергіді. Осы жасқа келгенше, талай таңды атырса да, тап бүгінгідей түшіркене ұйықтап, мейірлене тұрғаны болмаған шығар. Түске жақын алыстан құйғытып келе жатқан шаң көрінгенде:

- О, тәңірім, бере гөр, - деп босағадан сыртқа үңілген.

Құйындатып жеткендердің басшысы ояздың көмекшісі екен. Сусын ішті де жолбасшылыққа біреуді алып, Ақмешіт қайдасын деп шапқылай жөнелген.

Ақмешіттің ішіндегі жұрт шаңдата жетіп, есіктен үңілгендерді көрмеді. Зікірге қатынаскандар мақамның еркіне беріліп, теңіздей толқып отырған. Солардың ең алдында Мұстапа болыс. Келгендердің қақырынып-жөткірінгеніне ешкім мойын бұрмады.

- Мұстапа, - деп ақырды көмекші.

Мұстапа мойнын да бұрған жоқ. Амалы таусылған көмекші аспанға мылтық атқан. Гүрс еткен үн көбінің есін жиғызды. Далаға атып шыққандардың ортасындағы Мұстапа болыс жасанған казак-орысты көргенде есі шығып кетті.

- Сен ит не істеп жүрсің? - деп ақырды көмекші. - Енді сен болыс емессің. - Көмекші болыстың белгісін Мұстапаның мойнынан жұлып алған. Мөрді де таптыртты. Әлгінде ғана болысекең болып, айбыны асып тұрған Мұстапа сүтке тиген күшіктей сүмірейді де қалды.

- Болыстың ісі мұнымең бітпейді екен, қылмысын тергейді екен.

- Анау он екі үшін өзін соттайтын бопты-мыс.

Көрші елде болып жатқан қат-қабат оқиғаларды естіп, Шортанбай жырау түйіліп біраз отырды. Уай, дүние-ай, - деп басын көтерген.

~ Ұйып отырған халық едік, арты не болып барады. Бетеге кетсе, бел қалар, бектер кетсе, ел қалар. Жаратушы ұлы Алла, елімнің берекесін кетіре көрме.

ҚЫМ-ҚИҒАШ ТІРЛІК

Ала таңнан бозторғай көкке самғап қатты шырылдап, қалықтап тұрып алған еді, бүгін күн де қуыра шықты. Жұқаның тасы мен Қаракемердің сай-сайына бұққан тұман тазыдан үріккен түлкідей бұлаңдай ирелеңдеп саймен өрлеп, таудың биігіне шықты да, тұмшалап біраз тұрды. Тесіктастан төменірек қонған ауылға өзеңнен салқын ұрып, тынысты кеңейтіп тұрушы еді, бүгінгі қапырық ерекше. Таңғы салқын әп-сәтте жоғалып, таңғы шықтан із де қалмаған. Ит біткен үйдің көлеңкесінен гөрі аз да болса сыздауыты бар биік қарағанның ішіне жасырынған.

Шортекең жырау сағымдана қалған көз жетер көкжиекке телміре қарап ұзақ отырды. Удай ашыған жауырын қақпағын күнге тосқан сайын, кеудесінің құрысқаны жазылғандай болды. Сонау... сонау алыста қалған жылдардың бірінде Аюлының құбыла жағындағы көлденең қырдың үстіндегі көнеден қалған тас обаның жанында ат шалдыртып отырып, көзі ілініп кеткені бар. Жер сыздау еді. Қанша жатқаны да есінде жоқ. Түс көріпті. Түс пе,

әлде елес пе. Үсті-басы көз қарықтырғандай жарқыраған киім киген екі адам өзімен сөйлесіп тұр екен. Сонан есінде шегеленіп қалғаны:

- Шортанбай, жаратушы саған қалаған тілегінді берді. Айтқанын халқыңның жүрегінде жатталады, келер ұрпақтың есінде сақталады, - дегені ғана.

Астынан сыз өтсе де денесі бусанып жатыр екен. Көргені түс пе, елес пе, әйтеуір бұл өмірде көрмеген жандары. Астынан өткен сол сыздан кеудесін қысар бір жөтел қалған-тын. Кей-кейде, осындай тұманды күннің артынан соның белгі беріп қалатыны бар.

Тымырсық күн тіршіліктің тынысын тарылтып қана қоймай, дыбыс біткенді тұмшалағандай, күнде үй айнала шикылдап жүретін торғай да, зын-зып етіп жер бауырлай ұшқан қарлығаш та көрінбейді.

Кешегі тіршіліктің жалғыз белгісі, сонадай жерге апарып тіккен қарақшы ғана. Қаракемердің ит-құсы жетерлік. Түн баласы ұрланып келіп, малға шабатынын қайтерсің. Сонан көз байлана күні бойы тұрған қарақшының орынын ауыстыра қояды. Күні бойы ауылға көз тіккен қасқыр алжассын деп қарақшының орнын да, бейнесін де өзгертеді. Бүгінгі қарақшыға шолақ тон іліп, басына ескі тымақты милықтата кигізіп қойыпты.

Қазақ үшін бұл өзгермес тірлік. Атам заманнан солай болған, осылай бола беретін сияқты еді. Ендігінің бәрі күмән. Орыстың қораға баққан бес қойының жүнін қазақтың он бес қойы бермейді. Орыс қойының жүні жібектей. Онысына қысқа деп пішен жинайды, қыс қардан, жаз жаңбырдан қорғайды. Тұрған бейнет. Қазақы қой қыста түнде ықтырмада жатады, күндіз жайылымда. Жүні аз демесең, бейнеті де шамалы. Әрі етті. Орыс қазақ қойының етіне қызығады. Ендігі заман қойын санаудан жалыққан қазақы тірліктің заманы емес, тиын санаған қулыққа ауысып бара жатқандай. Сонда бұған енді қазақ ілесе ала ма.

Малды Қызыр берді, мол ырысты ақ пейіл, адал көңіліме, жетім-жесірге жасаған қайырым мен мейіріміме берді деп түсінеді қазақ. Қазақы қайырым мен теңгені дөңгелеткен қулық қалай сиыспақ. Елден мейірім мен қайырым кетсе, қазақ деген ұлы даланы мыңдаған жыл бойы мекендеген ұлы халықтан не қалады. Оу, осы арасын кім шешеді деп

күрсінді Шортекен. Бұғалық салып, тақымдап тартып бара жатқан бүгінгі күннің алапаты мынау, оған ере алмаған елдің халі не болады.

Мәмбетқұл Төбет байдың әр баласы қайыр-зекеттен басқа, өз беттерімен әрқайсы он-он бес қойды малы азға береді екен. Сонан бір жылы үлкен баласы мал бағып отырса, еріні кезерген бір жігіт келіп, қойыртпақішіп отырып:

Барсың ғой, барсың. Бірақ біздей жоқ-жітікке еткен қайырымың қайда? Алла берген нәсіптен маған да қарайласаңшы? - деген екен.

Ал, ендеше, - деп Төбет байдың баласы жайылған қойдың аулақтау кеткенін бөліп тастапты. Кешке малды түгендеген Төбет бай үш жүзге тарта қойдың кемдігін көріп, болған жайды естіпті де басқа балаларына:

Ағаларың биыл сендер үшін де беріп келіпті, сендер қоя тұрындар, - деген екен.

Жылдар өте сұлу киінген, сұлу атқа мініп, сондай бір келісті атты жетегіне алған жігіт Төбет байдың ауылын іздеп келіпті. Ол сол баяғы мал сұрап алған жігіт екен.

Сіз жомартсыз ба, әлде балаларыңыз батыр ма? - депті жігіт оқиғаны бастан аяқ тізіп айтып, өзінің де сый әкелгенін алдыға сала отырып.

Төбет бай мен бәйбішесі бір-біріне қарап күліпті де қойыпты. Сонан тамақ ішіп, жайланған соң Төбет бай:

Мал - Алланың елге берген ырысы. Мол ырыстан жоқ-жітікке қарайласуда - Алланың бізге артқан міндеті. Менің балаларым мұсылмандықтың парызын, хақ пайғамбар айтып кеткен жолды ғана атқарды, - деген екен.

Ендігінің байы елі үшін осындай парызын өтей ала ма? Мынау заман қатты өзгеріп барады. Адамның пейілі тарылған сайын, табиғаттың да мейірі азайып бара жатқандай. Мына Қатпар тауының ішіндегі ана бір бұлақтың суы көкке шапшып, он-он бес қадам жерге атқылайды. Әкесі Қайнай:

Ой, шырағым, бұл біздің жас шағымызда елу-алпыс қадам жерге атқылайтын. Азайды ғой, азайды. Мына кәпір жердің де мейірін қашырмаса игі еді, - дегенін сан естіген.

Ұзын аққан Сарысудың басы Қайрақты өзені жаздай күмбірлеп ағып жатушы еді. Енді байқаса, ол да ағысынан жаңылып, жылап жылжып жатыр екен. Нұра ше? Қайран

Нұра. Жанғұтты бидің ауылы қоныстанған әнебір түбекке өтетін жалғыз-ақ өткел болушы еді, енді оның да қадірі кете бастапты. Нұраның ықылым замандағы аты Талдыеспе екенін ендігі жұрт біле ме? Едіге батырдың баласы Нұралы дүниеден осы маңда өтіп, Нұраның Талдыеспе атанған осы саласының бас жағына қойылыпты. Сонан " қай еспе?" дегенде Нұралының еспесі, Нұра атанған екенін бұрынғының үлкендері жырдай жеткізуші еді.

Түскі астың кезінде кермеге ат байлап жатқан адамның дыбысы естілді. Іле сәлем берген Аязбай қолын сүрте салып, асқа отырды.

- Барған жерің аман ба? - деген сауалға

- Аман, — деп қысқа қайырған да қойған.

Баласының асықпас мінезін жақсы білетін Шортекең де онан әрі қазбаламай, қуырдақты қарбытқан Аязбайдың жүзіне қарап қойып, кесесін төңкерген. Үй іші, бала-шаға ұсақ әзіл айтып, шұрқырасып мәре-сәре.

- Барған жұмысыңның беті қалай? - деді Шортекең Аязбай қолын сүртіп, шегінген соң.

- Жаман емес. Жолда шуылдақ ауылға соқтым.

- Иә?

- Өздері төбелесіпті.

- Ағайынның арасы бірде тату, бірде қату ғой, сол шығар.

- Сонан бір кісісі өліпті.

- Не дейсің? - деп Шортекең осы әңгімені аспай-саспай айтып отырған баласына бір жағы таңдана, әрі ренжи де қараған. Әке дауысы қатқылдау шықса да Аязбайдың түсі өзгермеген, әңгімені енді ғана жалғастыра бастады.

...Ол ауылда мал жоғалу әдетке айналған. Күнара он-он бес үйдің біреуінің түн баласы тоқты-торымы жоқ болып шығады. " Әй, - сені ме" деп кіжінісіп күзет те қояды. Ұры да жырынды неме болса керек, ұстатпайды. Өз ауылының біреуі алып жүр деуге еш дәлел, күдік жоқ. Қанша жырынды болса да сойған малдың қан-жынын, көмген теріні ит алып шықпай қоймайды.

- Сонда бұл не?~ десіп дағдарысқан.

Жол жүріп кеткен Исабай жұрт қалың ұйқыға кеткен шақта оралса да, атын тұсап жіберіп, тың тыңдап біраз отырды. Осы ауылды торыған ұры барын да біледі. Мүмкін сол жырындыны ұстау тап өзіне бұйырып тұрған шығар.

Айсыз қараңғы түнде мұның аңдып жүргенін ол да байқамас. Ауыл үйдің ту сыртымен айналып, кейде отыра қалып үніліп, өзінше әуретін. Ортадағы үйдің көлеңкесінен біреу қараңеткендей болды. Еңкейе жедел басып, сол үйдің қотанына жақындаған.

Ә, ит қолға түстің бе? - деп қамшымен тартып жіберді.

Сен ит, - деп бұл да қолындағы шыбығын сілтеген.

Ұры! Ұры мында, ~ деп бақырды ол

Мынау не деп тұр? Өзі, өзі ұры.

Жүгірісе жеткеннің қолында таяқ пен қамшы. Төбелесіп жүрген екеуін айыратын да ешкім жоқ. Исабайдың дауысын таныған бауырлары оны жақтап, қалғаны

Еренбекті қолдап қып-қызыл төбелес басталғанда кеткен. Кімді-кім ұрып жатқаны да жеті қараңғы түнде белгісіз.

Ой, бауырымдап қалған дауыс бәрін тоқтатты.

Дауыс иесі Түгелбай ағасының үстінде өкіріп жатыр.

Ет қызумен бірін-бірі сабап тастаған жұрт алара қарасса да, енді жапырыла құлап дауыс салған. Исабайдың денесін үйіне жеткізгенше жаздың қысқа түні де өтіп, үй тіккенше күн арқан бойы көтерілді.

Ұйыпотырған ағайын екі арада алақөз. Адамын жоқтамайтын туысқан бола ма, осы маңның ел сөзіне тоқтар азаматына кісі шаптырған. Аяқ жетер жердегі

Сарым, Қояншытағайдың, Әлтеке, Керней, Кәрсөннің адамының " Ой, бауырым" деп келмегені аз. Түс ауа Иман-жолбарыс ауылының адамдарын ертіп Баймұрында жеткен. Жылап-сықтау тоқталып, ендігі шара әңгіме болды. Исабай жағы:

Бәке, осы істі сізге тапсырдық, ақ-қарасын шешіп беріңіз, - дегенге келді. - Мына Еренбай жазықсыз адамды өлтіріп отыр.

Оны кім айтты? Жасырынып қотанға келген мен бе, ол ма? Пәленді жаппа, ағайын, ұрыңды неге тыйып ұсгамайсың.

Ұрыдеуге қалай аузың барады? Қой аузынан шөп алмас нағыз момынның өзі емес пе еді. Көзің көрген, мінезін білетін адамға осыны айтасың, сенің ұры емес екеніңе кімнің көзі жетеді.

Әй, не дейсің?

Мен осылай деймін. Кісі өлтірдің, орыстың заңына барсақ, түрмеде шіритін иттің өзісің.

- Уай, тоқта, ағайын, - Баймұрынның дауысы қатты шықты. - Жоқты айтып барасыңдар ғой өздерің. Ағайынның ісін орыс заңына беріп, өлгеннің де иманын орысқа шығартайын деп пе едіңдер? Не сұмдықты айтып кеттіңдер? Шортекең жыраудын:

Енді алмаған нең қалды?
Қораны санап малды алды,
Қазаққа қамқор ханды алды.
Кетейін десен жерің бар,
Кетпейін десен кәпір бар.
Сандалғанның белгісі,
Берекет кетті ісіңнен. -

дегенін естімеген жұрт бар ма?

- Қайран, Шортекем-ай, айтпағаның қалмапты-ау.

- Сол кісіге хабар жіберейік.

- Әй, тағы тоқтаңдар, - деді Баймұрын. - Осы кісіні осындай ауыл арасының ұсақ-түйегіне салып қажытпайық. Біздің өскендігіміздің, ол кісінің айтқанын санамызға сіңіргендігіміздің белгісі осындайда көрінбегенде, қайда көрінеді.

- Бәкең дұрыс айтады. Ендігісін өзіңіз айтыңыз.

- Мұса қожаны шақырыңдар.

- Ол кісі осында, үлкен үйде отыр.

- Қос Омар бар ма?

- Олар да келген.

- Ендеше осы істі Қос Омар мен Мұса қожаға тапсырдым.

Қос Омардың бірі Кенжебай, бірі Шуыш атадан еді. Ол екеуінің жылпостығы елге аян.

Мынадай даулы істің басына Баймұрынның сол екеуін таңдауын жұрт түсіне алмады.

- Бәке, неге бұлай еттіңіз? - деді ол екеуіне сенбеген Түгелбай.

- Ол екеуі,.. - деп мәселенің артынан қорыққан Еренбек сөзінің артын жұтты.

Баймұрынның жауабы да әзір екен.

- Ол екеуі, Қос Омарды айтам, сайтан жағында еді. Сайтан хақ пайғамбар ұрпағы ата піріміз қожадан қорқар. Сайтан сескенсе, іс әділіне барар, - деп Баймұрын қамшысын тастап, мойнынан ауыр жүк түскендей сергіді.

Ас ішіп болған үй ішіндегілер әрқайсы өз шаруасымен кеткен. Арқасын керегеге сүйеп, әкесінің ендігі айтарын

күткен Аязбай ғана тіс шұқуыш жасаған боп отыр.

Шортекең сүйеулі домбырасына қол созды. Домбыраның астыңғы шегінен дың еткен жалғыз дыбыс шығып, дірілдеп біраз тұрды. Жалғыз шектің үні ойланғандай тербеліп барып-барып сөнді де шанақтан арманға толы, қол жетпес қиялға көкірегіңді ашытқан сиқырлы әуент төгілген. Баппен, баяу шерткен қос ішек алма-кезек ауысып, бірде шексіз үмітке жетелей жөнелсе, қайта айналып соғып, арманның ақша бұлтынан түңілгендей шаршап аһ ұрады. Осы бір күйін жырау көңілінің аса бір мазасызданған шағында шертетінін жұрт біледі. Керегеге арқасын тіреген Аязбай да бәкісін алдына тастай салып, көзін жұмып мүлгіп отыр. Анда-санда басын болар-болмас изеп қалғаны ғана оның да ішкі тербелісін танытқандай.

Ұрлық өрістеп барады, енді оны тұзақтар тыйым қайсы. Малсызданған қазақтың барар жері, басар тауы қалмағандай. Аштан өлген қазақтың моласы жоқ дейтін қазақ, малы азайған сайын тойып ішуден қалған. Бірен-саран қарасын бүгін жығып алып, бүгін тойса, ертеңі не болмақ. Далада кәсіп жоқ. Кәсіп жоқтық, пайдалы тіршілік көзінің болмауы да біраз жұртты ұрлыққа итермелегендей. Оның үстіне кедейдің шарасыз күйін таныған кей атқа мінер, болыс дегендер оларды өзінің қол шокпары, барып шауып кел, жымысқы ұрысы еткен де жағдай бой көрсетіп қалғандай.

Шортекең домбыра бетін қаттырақ шертіп қалды. Ау, осы не болып барады? Елге аузы дуалы Дүйсенбай бидің ауылының жігіттері ұрлық еткен соң айтарға не қалды. Сол ауылдың ендігі пысықайлары көрші отырған Естемес-Жетімектен байтал үйірін қуып кепті. Дүйсекеңнің сол жағдайды естіп, үлкендерді жинап, қатты ренжіп отырған кезі еді. Үстеріне келген қонақтардың жүрісі де, сұсы да басқа. Төрге өрмелей іргені жағалай отыра кеткен. Сусын ішкен соң ғана тілге келді.

- Жоқшымыз. Үйірлі малымыздың ізі осы ауылға тірелді.

Сізді ел біледі, біз де сізді жамандыққа қимаймыз. Дегенмен, малды таптырып берсеңіз.

Дүйсенбай бидің маңдайынан тер шықты. Бұл өмірінде ешкімнің ала жібін аттап көрмеген еді. Жаман аты шықпаған адамның ауылынан ұрланған мал табылыпты дегеннен сұмдық сөз бар дейсің бе. Бұдан қалай құтылмақ. Иә, Алла,

күнәмді кешіре гөр. Жеңнің ішінде отырған бізді жерге қадады.

- Біз алсақ, Алланың қаһары бізге, бізге болсын, - деп Дүйсенбай жең ішіндегі бізді жерге бұрап-бұрап жіберді.
- Ал осы маннан табылса, қайтарын беруге уәде етейін.

Дүйсенбай бидің тоқтамды сөзін естіген жокшылар шыға жөнелген. Олар аттарына қонған сәтте Дүйсекең де етік тігетін жуан бізді босағаға атты. Босағаға шаншылған бізбен бірге Дүйсекеңнің;

- ...Соларсың, - деген қатты үні естілген. - Ана ұрыларға аямай дүре салыңдар мына кергішке байлап тұрып. Көтін биыл жаз атқа отыра алмайтындай етіп жара салыңдар. Ал, ана байталдарды бүгін түнде апарып жылқысына қосыңдар.

Шортекеңнің есіне анау бір жылғы оқиға түсті. Осы манның кедейі Құрманбайдың жалғыз түйесі жоғалған. Құрманбай көмек тілеп Жанғұтты биге келген. Жәкең мен Шортекең Құрманбайдың жоғын іздейтін екі топ құрып, Қатпар, Бесшоқы, Үкіжарқын, Сарыадыр, Аюлыны бөліскен. Жоқ іздеудің екінші күні Аюлының бытқылын сүзіп, жоқтың табылуынан үміт үзіп, жанындағы серіктерін қайтарып, Үкілішаттың аузындағы қалтарыста ат шалдырып отырған.

- Шу-шу, - деген дауыс естілді.

Түйе айдаған екеу қалтарыстағы Шортекеңнің үстіне бір-ақ келді.

- Мынау Шортекең ғой, - деді сасқалақтаған Тәтибек.

Тәтибек пен Жанғұттының үлкені Сәтбектің ұлы Көкіш аттан түсіп сәлем берді.

- Әй, мыналарың не?

Екеуінде де үн жоқ. Тентектігінің үстінен түскен қияс баладай бастары салбырап кеткен. Көздерінің астымен ғана бірін-бірін сүзеді. Жамандыққа үйір болмау керектігін, заманның қисық дүрмегінен аулақ болуын, жақсы әкеінің атына кір келтірмеуді ойлауды айтып:

- Мына жағдайды менен басқа ешкім білмесін. Түйені түннен қалдырмай апарып тастаңдар, - деп екеуіне жөн айтқаны бар еді.

Тәтибек мұнымен тыйылмады. Басқа ұсақ-түйегін кім білсін, келер жылы Кәрсөн Бегалының жылқысынан он шақты малды алып келген жерінен қуғыншылардың қолына түсті.

Мөрлетіп, ояздың заңына береміз, - десті мал иелері.
Ол жолы да ара ағайыншылыққа өзі барып еді. Айыбын төлетіп, құтқарған. Тәтибектің соңынан ерген Көкіштің ісі де түңілдірерлік. Жиырма мың қой біткен Ботпай ауылынан қуа жөнелетін қыл құйрық таппай, отардың шетінен жүз қаралы қойды айдап кете берген ғой. Қой жылқы емес бір күнде көз көрмеске кететін, күннің ыстығында бір қойнауа иіріліп тұрған жерінен іздеушілер қолға түсіріп, тұлыптай қылып сабап жіберіпті.

Бүгінгінің жағдайы осы. Пысықпын дегеннің кәсібі ұрлыққа бет алғандық. Иә, пірім, өзің сақта осы жамандықтан. Қазақ мұндай емес еді ғой. Есей батыр жауға аттанарда Жалаңаяқ әз әулие Әжі қожадан бата алып кетеді екен. Әз әулие әрқашан жолының болатынын айтып, "бір буырылтай кезігер, соны маған бересің" депті. Сол буырылтай бесжылда айтулы ат болыпты. Батыр бір жорыққа мінуге сұраса, Әз әулие бермеген екен, оны өзі шешіп алып, мініп кетіпті. Үйіне келсе, әйелі дауыс салып отыр, бес ұлы да өлген.

- Не істедің? Қандай қарғысқа ұшырадық, - деп еңіреген әйелі. Батыр қателігін түсініп әулиеге жедел жетіп, кешірім өтінген.

- Мен құдай емеспін, атқан оқ қайтпайды, өлгенге енді тірілужок. Бірақ ұрпақсыз, атаусыз қалмассың, - деген екен әулие.

Қазақ ырыстың жаратушыдан екеніне, кесір мен кесапаттың барлығына сенген ел еді, ендігі жолың қандай болмақ? Аязбайға былғары сөмкесін алдыртып, Шортекең тасқындап келген ой мен сөздің бірін жақап, бірін жақамай қаламының ұшына қарап біраз отырды да, жаза бастады.

Азаматтар, әлеумет,
Мұның несін сөгесін!
Жас сыйламас ағасын,
Алып жыртты-ау жағасын.
Біріне-бірі көпсініп,
Қуат қылар баласын.
Шыдай алмай ызаға,
Кәпірден іздер панасын.
"Қой" деп айтса, тіл алмас,
Ақсақалдан ұялмас,
Жүгірісер қалаға,
Қалтасы толып жалаға.
Қандырып иін кәпірдің,

Алып та шығар далаға.
Дұшпанын кім деп сұраса,
Алып та келер ауылына,
Өзінің туған бауырына.
Келген соң кімді аясын.
Жығып салар дүреге
Қызыққан соң параға.
Көшіп кетер жерін жоқ,
Жау айбынар ерін жоқ,
Сөйтіп қалды, амал жоқ,
Біздің қазақ пәлеге.

Тәтибек тынбады. Ақсақал айтқан ақыл қонбады. Жанашырдың көз жасына иілмеді. Тәтибектің айналасына жырындылар ұйлыға түскен. Алыстан емес, осы Бесатаның малына қырғидай тиді. Ұрланған малдың бірі табылса, бірі із-түзсіз жоқ. Бірінен бірі көріп, жағаласып та, ағаласып та жүрген жұрт. Жұртты алжастырған жоғалған малдың ізінің әр ауылдың желкесіне келіп, жер жұтқандай болуы.

- Малымды тап!

- Неңді айтып тұрсың? Ұрың мен бе?

Жағаласа-жағаласа шаршаған жоқшылар болыс атаулыны да жағадан алған. Естулерінше, болыс тәртіп орнатып, ұры-қараны тыйып ұстау керек. Сөйткен болыстың бірі Боқай еді. Боқайға біткен шымқай боз жылқы болатын Даланың көкжалы емес, ауыл ішінің жырындысы Боқай ауылын екі рет шулатып кетті. Із кескендер Тәтибектің жұртына тірелген соң, Боқай бармағын тістеп қала берді. Боқай да шуаш, Тәтибек те шуаш. Біреуі Абайла, екіншісі Ботантай. Аралары да қашық емес. Шауып алудың да, орыстың заңынан берудің де реті жоқ.

Адамбай Тұрсынның қалың жылқысынан мал жоғалыпты дегеннің ұшығы іздеушілердің осы жаққа келуін жиілетті. Шуаш ата жағы ауылға кір жуытқысы келмей

- Адамбай Тұрсын он сегіз мыңын санай алмай шатасып жүрген болар, - десті.

Көшкінбайдың жылқысын алып жатқан жерінен ұрылар ұсталыпты. Сабаған екен, "бізді аттандырған Тәтибек" депті деген жайсыз әңгімелер ел ішін гүлеген. Бірлі-жарым "алып кетті", "жоқ болып кетті де" есеп жоқ.- Ашынғандар енді болыстың билігін қоя салып, Қарқаралының оязына шағымданды. Ояз Сарым, Қояншытағай, Кернейдің ел билеген үш болысын қысып берген.

Ұрыны тыюға шамалары келмеген үш болыс Боқайдын үйінде бас қосты. Осы іс басталғаннан бері мазасы кеткен Боқай шалшыққа аунап тұрғандай тітіркеніп, Кернейдің болысы Құлжанбек пен Қояншытағай болысы Нарымбекті киыс қабақпен қарсы алды. Осы істің оң шешілуінің жөнін таппаған Құлжанбектің де көңілі пәс емес еді. Дүниеде бір нәрсеге риза болып, бір іске пейілімен құлап көрмеген адамдай тыжырынып, етігін күрсіне отырып шешкен Нарымбекке қарап:

- Неменеге күшенесің? Бар істі оңап тастағандай, - деп тиісті.

Нарымбек Құлжекеңнің үлкендігін сыйлап, алара қарады да қойды. Боқай Құлжанбек болыстың ақ шалған қауқиған сақал-мұртына шүкшиып, күреңіткен қызыл-шырайлы жүзінен көз тайдырды да, мырс етті.

- Ашулы екенсіз. Арты қайырлы болғай.

- Ненің қайырын сұрайсың, азаматты айдатайын деп отырып. - Құлжанбек теріс айналды.

- Айдату үшін бар старшындардың да қолы керек қой, деп Нарымбек соза тартты.

- Ол жағы жасалды ғой. Енді осы үш болыстың бекіткен қағазы ғана қалды, - деп Боқай істің жайын ашып салды.

Қазақ қашан ұрлық қылмап еді, жеткен жері осы шығар.

- Қазаққа жала жаппай отыр, - деп Құлжанбек тіке кетті.

Қазақ қай заманда жөн-жосықсыз өз ауылын тонап еді. Айтшы кәне? Неге үндемейсің? Ауыл ішіндегі алған тоқты-торымы өзара қалжағы, әжуа-мазағы ретінде жүретін. Оны елбілетін. Онан ешкімнің ырысы ортайып қалмайтын.

Бірен-саранбасқа жақтан бөтен мал келсе, іздеушісіне қайтарып беретін. Осы еді ғой тірлігіміз.

- Барымта ше? - деді Нарымбек.

- Екі елдің арасында ерегіс болса, жесір, жер дауы дауы дегендей, бірінің малын бірі айдап әкететін. Айдалған мал шығынға ұшырамай бағылатын. Екі жақтың дауын ара ағайын шешкенде, айдалған мал қайтарылатын.

Барымтаның бары осы ғой. Ал осыдан қазақ не жамандық көріп еді? Мал да өсті, жан да өсті. Енді мынау, орыстың

заңына беріп, азаматты айдатып отырғанымыз. Осы жамандықтың басы-қасында болғаныма өкінемін. Елді айдау жолына салдық қой. Осы өнеге бола ма деп ішім қан

жылайды. Шортекен жырау осыны зарлап айтып-ақ келеді. Біздің түріміз мынау.

- Енді не істе дейсіз? Амалын айтсаншы, - деді Боқай.

- Көшпен жүріп, өз қисығымызды тез түзеген ел едік, ендігінің қисынын таппадым, - деп Құлжанбек болыс алақанын жайды.

- Тәтибекті алып қалуға шама жоқ. Көкішті ше? - деп қалды Нарымбек.

- Не? Тұқымымен құртамыз ба? Ол болмайды, - деп шар ете түсті Боқай болыс.

Үш болыс тың және елдің болысымен старшындардың мөрі мен қолы Тәтибекті Қызылжардың түрмесіне тықты. Кескені бес жыл. Қапасты естігені болмаса, көргені осы. Көрінгенге ыржандап, әлсізге сес көрсетіп өткізген қайран күндердің қадірін енді білді. Өткен күндердің енді оралмас тәтті сәттері көз алдындағы елес. Ерке балалық, шолжан бозбалалық, ақыры тентек жол - артағы өмірдің есебі. Ендігі шактың мәні не? Өткенге өкінеді. Кешігіп келген өкінішке кешірімді кім берер. Ендігі ғұмырды Алладан тілесе, оның да бала-шағаға қайырлы болуын ғана өтінер еді.

Біс басып, ішін зәрдің ащы исі қапқан түрменің барағынан тұншыққанда барып Тәтибек қайран даланың кеңшілігін аңсап, лоқсыды. Ес білгелі ырбандап өсіп, әкенің сөзін құлағына ілмей, еңбекпен тер төгіп көрмепті. "Қой" дегенді жалынғаны деп есептеген ауылдың сотқары еді, енді соның есесіне қайдан тауып алатыны белгісіз күнде арақ сасыған жүнді ауыздармен бір қоныстас болғаны қайғы екен. Бұл қасіретті бес жыл арқалайтынын ойлағанда, аза бойы қаза. Әттең, осыны ертерек ойламапты. Пәлен жерде оңай олжа бар, иесі де малын іздей қоймайтын мәнжубас десе, тұра шапты. Тыртыңдап жоғын іздеп келгеннің талайына есе бермеді. Мына отырыс - соның аяғы. Түрменің итаяғынан жүнді ауыздармен бірге ас ішеді.

Кім білген? Кесіктілердің өз болысы болады екен. Онысын атаман атапты. Атаман дегенді естуі бартын, онысы казак-орыстың басшысы. Сонда түрме атаманының да әскері болғаны ғой деп ойлаған. Осы түрменің атаманы құя салған үйіндідей тақырбас мұртты сары. Алғаш келгенде-ақ Тәтибекті іштен бір теуіп, тамағын тартып алған. Кіржиіп, ішін басып біраз отырды. Елден талғажау болады деп алып шыққан майлы шұжық пен қазыны

қасқырша жұлып, жүнді ауыздарына тықпалап жатқанын көргенде шыдамай кетті. Орыстың жалғыз боқауызын білуші еді, соны айтып, тұра ұмтылған.

Атаман орнынан да тұрмады. Денесі өзі құралыптас мұртсыз қараға иек қаққан. Қара жігіт қос жұдырығын түйіндеп тұра қалған. Тәтибек оны құлаштап жақтан ұрғанша, ол іштен түйіп жіберді. Есін жиғанша иектің астынан соғып, шалқасынан түсірген. Енді төбелесудің пайдасыз екенін ұғып, орнынан да тұрмады. Мыналардың әдісі мол екен. Бір кісіге әлі келетін сияқты еді, тіпті маңайлатпады ғой. Шіркін, сойыл болар ма еді. Ең болмаса кеспелтек ағаш та жоқ. Онда осы отырған бес-алтауының жонынан таспа тілгендей етер еді.

Қап, кім көрінгеннің басынғаны-ай. Енді қашанға дейін бұлар қыр соңынан қалмайтыны анық. Әнебір атаман деген жәдігөйінің түсі тура албастының өзі тәрізді. Тұрғандағы бойы атан түйенің өркешіне жетерлік. Енді байқады қос жанарының бірі тұздай көк, бірі қара. Тумысында шағыр адамды көргені осы. Жын ба, пері ме. Өздері тойып болған соң:

- Әй, ~ деп бір боқтықты бұрқыратты шағыр атаман.

Басын көтере қоймап еді, өзімен төбелескен қара құйрығынан тепті. Татаршасы бар екен:

- Ғафу!- деп қолын кеудесіне қойып жылмиды. - Мархабат етіп, астан ауыз тиіңіз.

- Кетші, әрі.

- Сіз, ағасы, атаман шақырғанда "ләббай" деп, орныңыздан тұратыныңызды ұмытпаңыз. Ондай-ондайды ескетісіріп тұратын бізде мықты амал бар, - деп қолағаштай жұдырығын көрсетті. - Тәрбиелей білеміз біз.

Күні үшін айтқандарына көнбеске шара жоғын түсінді. Табақтай тақтайдың үстінде елден келген дәмнің жұқанасы қалыпты. Өз дәмім ғой деп қалғанын жеді.

- Ең дәмдісі, - деп біреуі қазыны айналдырған шекті әлі сорып жүр.

- Әй, сен мынадайды давай заказывай, - деді татаршасы бары.

Ел қайда, Есіл қайда. Қызылжар мен Аюлының арасы мың шақырымнан артық. Соншама жерден бұған мұндай дәмді кім әкеледі. Соңынан қалмай дәм таситындай мұның өзінің елге қандай жақсылығы өтіпті. Өз обалы өзіне.

Жұртты қан қақсатып еді, мұны да ұры иттей етіп, қаңғытып жіберді. Мына түрмесінен гөрі Бетбактың шөліне тастап кеткені артық еді. Сасыған жүнді ауыздардан аулақ, киікпен оттасып, қасқырмен отасып, саршұнақ ауласа да күнін көрер еді-ау. Ауасын айтсайшы, ауасын.

Елде жүргенде мол, етжеңді денесі бар еді, алты айда ысылып-ақ қалды. Күн шыға апыл-ғұпыл тамағын беріп жұмысқа айдап, күн еңкейе сасық қапасқа қайта тыққан тірлік тез қажытты. Оның үстіне ашыған қапустадан жасаған көжесі өмір бойы ет жеп өскен адамның жұмырына жұғын болмады. Тапқан-таянған деген және жоқ. Жыл өткен шамада ауырып, лазарет дегеніне түсіп шыққан. Онысының өзі ауылдағы емшінің емінен де төмен үшкірудің бір түрі екен. Әйтеуір жұмыстан босап, аз күн дем алғаны болмаса, септігі шамалы.

Қапасқа қайта оралғанда тапқаны - баяғы татаршасы бар қара. Бірі кетіп, бірі келіп жатқан түрменің сапырылыс өмірі. Атаманның көзі баяғыда құрыған. Басқаларының да өлі-тірісінен хабары жоқ.

- Сен, - деді бір күні мұртсыз қара, - сен елден тәуіп шақыр, шо-то, сенің түрің маған ұнамайды. Кесел бар сенде, кесел.

Күрк-күрк жөтелден көз жазбайтын болды. Оның үстіне түрменің көжесымағын ішсе, асқазаны бұзылады. Шіркін, бір жұтым қымыз болар ма еді деп сағынады. Осы кеткеннен бері сонынан іздеп келген де ешкім болмапты. Осы тағдыры сонау-сонау қызықты шағын, артында қалған шиыр-шиыр жолын біржолата өшіріп кеткен сияқты. Ендігі өмірі көң-қоқыр сұрықсыз уақыт боп көзіне елестейді.

Үшінші жылы лазареттің тұрақты тұрғыны болуға айналды. Кеудеде сырыл, көкіректе өкініш. Арканың ауасын бір жұтсам деп армандайды. Соңғы кезде басын көтеруден де қалған. Лазареттің төсегінде көзін жұмған Тәтибекті кесіктілер жерленген зиратқа апарып, бұл дүниден жасырған.

Тәтибектің өлімін ел айға жуық уақытта ғана естіді. Тіке хабаршы болмағандықтан, бірден бірге айтылып, зорға жеткен жаманатқа жұрт сенер-сенбесін білмей дал болды. Сөйтіп жүргенде Қарқаралыға кеткен осы елдің азаматы ояздың кеңсесінен де осы жағдайды естігенін айтқан. Енді сенбеске лаж жоқ.

"Ой, бауырымдап" ат қойып Тәтибектің шаңырағына ағылды.

Ажалың өз босағанда да болмады-ау деген біреудің сөзі енді осы ажалға кінәліні іздеткен. Кінәні күнәкардан емес, бөтеннен іздеу мұндайда көзі тұнған ағайынның борышы тәрізді. Осы Тәтибекті айдатқан кім деген сауал көлденең тұра қалды. Старшын біткен қалыс қалып, Бесатаның үш болысының аты аталды.

Оу, ондайды қойындар. Ол өзінің жаман ісі үшін кетті, деген ақсақалдың сөзін тындар жан жоқ. Осы сәтте бәрі де Тәтибектің туыстарының алдында жақсы көрініп қалуды ғана ойлаған.

Қояншытағай мен Керней болысында жұмысымыз жоқ, бұған жауапты өз болысымыз Боқай. Нағыз жаулық еткенде сол. Оның аты ғана туыс.

- Жанашыр болсаң үш жылда сонынан неге бір рет іздеп бармадың?- деген жер ортасынан асқан адамды ту сыртынан біреу салып өтіп, алған бетінің дұрыстығын өзінше дәлелдеді.

- Кінәлі Боқай. Мөр басқан сол. Керегесін түріп қойып шауып алу керек, - деген сөз құлаққа ілінді. - Ол аямағанда, бизоны неге аяуға тиіспіз.

Көкіштің күткені де осы сияқты. Талайдан жараулы атын ерттеп, көптен жұрт көзіне көрсетуге жасқанып жүрген қақ сойылын белдеуге іліп қойыпты. Төбелес десе қайдалап тұратын, қалаға барып шашы өскен орыстың жасын көріп, соған еліктеп шашын жіберген бозбала болушы еді, енді соларда Тәтибек үйінің маңына жинала қалыпты. Қақ сойылдарын көлденең ұстаған жиырма шақты жігіт кеш түсе жортуылға тартып берген. Беттері - Боқай болыс ауылы, соның жылқысы.

Боқай болыстың шымқай боздан тұратын мыңын ерекше күзету жылқышыларға бүгін мықты тапсырылған еді. Нұраның жоғарғы саласында жатқан жылқыға түн ортасыауа ұрандап тиіп берген жиырма аттыға қарсы келуге төрт жылқышының шамасы келмеді.

- Қайт! Қайт!- деп қарсы ұмтылған еді.

Сатыр-сұтыр соғылған сойылдың астында қалып, төртеуі төрт жерде құлады. Исі шуаш бірін-бірі ұрып жығып, бірел қақ жарылды. Айғай-үйғайдан қалың жылқы үркіп, жан—жаққа безген. Түн де айсыз қараңғы. Көзге

түрткісіз түнде жылқының қайсы қай жаққа кеткенін біліп болмайды. Әрі Боқай ауылының азаматтарының келіп қалуынан сескенген аламандар алдына түскен елу шақты малды тасырлатып қуа жөнелген.

- Әзірге осы да жетеді, - деді Көкіш соңынан ергендерге.

- Кейін тағы көреміз бе? - деді мал алуды оңай олжа көрген жасөспірім жігіт.

- Әлі сан қан қақсатамыз.

Барымтаға түскен мал күн көтеріле ауылға жетіп, шетінен ұсталғанша, осы елдің желіге құлыны да байланды. Барымта малға ие Көкіш. Көкіштің бүгін ақ дегені алғыс болып тұр.

- Мұны не істейміз? - дегенге бір-ақ жауап.

- Шетінен соямыз. Тәтибектің құнына тұрмайды бұл мал.

- Құнды билер көрсетпеуші ме еді? - деді ауылдың бірі жасқаншақ дауыспен.

- Кімнің бии? Сандалып жоқты айтасың. Төреші де, би де менмін.

Тегін малдың сұраусыз етін кімнің жегісі келмеген. Ноқтасын ұстап;

- Маған әнебіреусін, - деп келушілер басталды.

Көкіш ешкімнің меселін қайтарған жоқ. Раң майы үстіндегі ту бие ме, төрт аяғына теңселген жорға ма, жалы жер сызған айғыр ма, бетіне карамады.

- Ал! Ал! Бұл сенің ырысың.

Бозбиетшыңғыртып соярға сүйреген-тін. Жануар шу асау екен, аяғын тұсатпай аспанға қарғып әуре етті. Бұғалықты қыл мойынға салып, буындырып барып құлатқан. Терекке байлаған шағыр боз айғыр арқырап, жер тарпыды. Келесі кезекке келген аларман:

- Мынаны, - деп мәз болып мама боз биені көрсетті.

Боз бие қанды көріп тұр екен. Көзі қанталап кетті. Жарық дүниемен қоштасқысы келгендей құлақты тұндыра кісінеді дерсің. Демін сарка беріп тағы қайталағанда аспанға секіріп, жұлқынған боз айғыр теректі қақ бөліп, жұла қашты.

- Әй, анау кетті. Ұстандар жібермей.

Құйрығын тігіп, бұғауына сүйретілген теректен үріккен айғыр ауылды бір айналып, маң далаға безген. Соңынан

жүгіргенит пен шапқан аттыда есеп жоқ. Қайырып алмақ болып алдынан шыққан аттыға аузын аша тап бергенде, жан сауғалаған жігіт көлігінің бауырына түсіп барып құтылды.

Тәтибек ауылына қазаға көңіл айтуға келе жатқан Мұса қожа қашқан мал, қалың қуғыншыға тап болды. Еліріп алған біреуін зорға тоқтатып жөн сұраған.

- Мұнау бір сұмдық екен, - деп атын қамшылай жөнелді.

Тәтибек ауылына Мұса қожа жеткенде қанды-қасап қызып тұреді. Әуеліде "осының арты не болады" деп тартыншақтағандардың өзі енді ноктасын ұстап жеткен. Сойылған жылқының саны отызға жетіпті.

- Ой, ағайын, тоқтаңдар!- Мұса қожа ат үстінен айғай салған.

Көкіш мына кісі қайдан кеп қалып еді деп, шегіншектеп қалды. Өз басы аса ұстамды адам деп Мүсекеңді қатты сыйлаушы еді. Қолындағы дырау қамшысын саптамасының қонышына тықты.

- Ағайын, мұның не білместік, не жаулық? Бұл Боқайдың малы емес, Бесатаның ортасында жүрген айғыр үйір ырыс емеспе еді? Жетім бала, жесір қатынның да ішер асы, кісе киімі осыдан. Алланың өзі берген ырысты шашып, қан жоса етіп, құдайға қарсы қылық еткендерің не керемет? Кімге өкпелейсің? Дұшпаның кім, неге соны танымайсың? Өкпе өз алдына, даубасқа. Оны шешерел бар. Ата-баба жолынан кеткен бұл не масқара. Тоқтат! Тоқтат!

Мұса қожаның жетесіне жеткізе, жер-жебіріне жете айтқан сөзі тұрғындардың санасына жеткен екен. Жұрт сөгіліп, теріс айналып тарасып кетті.

Боқай болыс ертеңгілік шайын ішіп үлгермеді. Шығып-кіріп, өріс жаққа жиі көз тастап, алаңдап жүрген көршісі.

- Жылқы жақтан бір жаяу келе жатыр, - деді.

- Жылқышының біреуі атынан айырылып қалмаса, - деген де қойған. Басқадай ол жақтан жаяулатып келер ешкім болуға тиіс емес еді. Абалап үріп, тұра ұмтылған иттер жаяуға жете бере үндері өшіп, шоқиып-шоқиып отырған, қайтуға ерініп, сол маңның шиінің түбін сағалаған.

Қаптап келіп алып кетті, - деді жылқышы жігіт. -

Төртеуіміз төрт жерде қалдық. Ана үшеуінің басы жарылып, тобығы шығып кеткендері бар.

Боқайдың жүзі күреңітіп кетті. Жылқының бәрін айдап әкеттіме, әлде басқасы қайда, ол жағы белгісіз. Жауша

тиіп жүрген Тәтибекке жақындар, жанашыр дегендер екеніне күмәні жоқ. Тәтибек те шуаш, Боқай да шуаш. Тәтибектің Қызылжарда қайтыс болғанын бұл да естіп отыр. Тәтибектің өліміне мұның қатысы қанша? Ол айдалып кетпей тұрғанда ағайыншылық жасап бақты. Өз басына тілеп алған жамандыққа арашашы болмады деудің қисынын да көре алмай отыр,

- Жиналындар!- деген - Қолына сойыл ұстай алатыны атқа қонсын!

Сол екі ортада өтіп бара жатқан жолаушы жаңа хабар бастап кетті. Аламан ағайынның айдап кеткені елу жылқы екен. Айдалған малға ие Көкіш, соның пәрменімен жылқының алдын сою да басталыпты.

Бұл не жаулық? - десіп Боқай жағы түңілісті. - Барымтаға түскен мал қайтарылмаушы ма еді. Екі ауылдың арасы да күншілік жер емес, жолда біреуін арнайы ас етті дейтін. Сонда бұлардың көрсетіп жатқан қыры несі?

Ауылда қалған тай-құнанға міне шапқан бала-шаға біраздан сон үркіп, жан-жаққа бытырап кеткен жылқының денін тауып, айдап келді. Олай өткен, бұлай өткен жүргіншіге қолды болып кетпесін деп атқа отыруға жараған шал-шауқан қалған малды іздеуге кеткен, Боқайдың жылқысын түре айдап кетіпті дегенді естіген жақын-жақын қонған ауылдардың жігіттері енді осы ауылдың азаматтарына қосылып, атқа қонды. Барлығы отызға жуық сойыл ұстаған Боқай бастаған топ суыт аттанды.

- Ашулы аңдамас деген. Олар кісісі өліп қаралы болып, оның жауабын таппай ашулы еді ғой. Ағайынды бас салып сойылдың астына алып жүрмендер, ~ деген ақсақалдың сөзі әуелде құлаққа да кірмеген. Сол жортқан бетінде тоқтаған жері Ақтас.

Алдағы жазықтағы Нұраның бойында қаз-қатар тізіліп Тәтибек ауылы тұр. Ұрандап тиіп берсе, сайланып келген мына топтың ол ауылдың жүгіре шыққанын ұрып жығып, қазан-ошағын аударып кететіні анық. Ауылдың бер жағында Тәтибекке жақын-жуықтың малы да жатыр. Тиіп алса, есесі қайтары да белгілі, Боқай қатты ойланды. Өз басының жазығы болмаса да Тәтибекке жанашыр дегендердің жасап отырған жаулығы мынау. Қорлау ғой, қорлау. Осыны ойлағанда намыстан жарылып кете жаздайды. Қаны басына шауып, көзі қарауытып, орнынан

үш тұрып, үш отырады. Мына ауылды бас салса, қаралы ауылды шауыпты деген жаманаттан жаман не бар дейсің.

Тұра береміз бе? Малы бер жақта жатыр ғой. Алдыға түскенінтегіс айдап кетейік, - деді сойылгерлерінің бірі.

Неменесіне ошарылып тұрмыз?

Жігіттердің арасынан күңкіл шыға бастаған. Жотадан асып келе жатқан бес салт атты бері бұрылды. Ылғи сойыл ұстағандарды көрсе де сескенетін түр байқатпады. Алдағы шұбар атқа мінген Иман-Жолбарыс ауылының азаматы Баймұрынды Боқай жазбай таныды. Екеуінің жастары да шамалы еді.

Ау, бұл не жүріс, не тұрыс? - деп Баймұрын жігіттердің ау-жайын түсінсе де білмегенсіп, аттан түсіп, бәрімен қол беріп амандасып шықты.

- Оның несін сұрайсың? Бәрінде естіп-біліп отырсың ғой, - деді Боқай.

Иә, жаманшылық жатпайды ғой.

Жаманшылық жасау қолдан келеді, жақсылық жасаудың амалын таппай тоқырап, аттан түсіп тұрмыз ғой.

Сөз-ақ, - деп Баймұрын риза боп қалды. - Бұдан артық не айтарсың.

- Ақ адал малымның алдын қан-қасап жасап, сойып жатқанын да естіп отырмын. Шапсам, ауылы да, малы да міне, алдымда жатыр.

Шаппай тоқтағаның да дұрыс болған. Жаңылыспайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ деген, Тәтибектің туыстарының бір жаңылыс басқаны болар. Оған да кешіріммен қарайық. Енді бір ақыл айтсам, ренжімейсіңдер ме?

Ол көңілге қонымдысына, ойға оралымдысына қарай ғой.

Осы бетте осы Ақтасқа сойылдарыңды тегіс тастап, Тәтибек ауылына бауырымдап барыңдар. Бөтенің емес қой. Ақымаққа ақылды іс жасаған дұрыс.

Олар оны түсінсе жақсы. Төбелесіп жүрмесек, - деп біреу қауіп айтты.

Сендер жеткен соң, біз де біраздан соң барармыз. Ағайын бізден де ұялар.

Осы сөзің көңілге қонымды. Шабыса жату қашпас, бауырымдап барайық, бізге не істер дейсің? - деп Боқай Баймұрынның сөзін қостай кетті.

Ақтастан бері шыға "бауырымдап" аңдыздап шапқан қалың аттыны ауыл да көрді. Аттының алды Тәтибек үйіне таяғанда оның Боқай екенін танып, біреу жыласа, біреу іштей тынды. Боқайдың малына ие болып жүрген Көкіш бір тұрып, бір отырып байыз таппады. Аттан түсе "бауырымдаған" Боқайды біреу арқасынан қамшымен тартып өтті. Оған қарамаған Боқайға Көкіш құшағын ашып, еңіреп жіберді. Біреуді біреу итеріп, кеудеден түйіп қалып жатса да Боқайдың адамдарының дені ішке кіріп, ағайынмен көріскен. Жыласқан жұрттың соңын ала кірген Қасқарудың Әбіші Сәбит старшынның жанына келіп отырған еді. Старшынға қайта-қайта алара қарап отырған Әбіш:

- Сен Тәтибекті айыптап мөр басқанда осы көзіңмен көріп бастың ба? - деп Сәбитті кезге құлаштап ұрды.

- Ойбай, көзім, - деп бетін басқан Сәбиттің кейін бір көзі кем боп кететінін кім білген.

- Әй, Әбіш, - деген Баймұрынның дауысы санқ етті. - Сені жөн білетіннің бірі ме десем, жүгенсіз екенсің ғой. Ағайынның арасына енді от тастайтындай саған не көрінді. Бар, өз жөніңді тап.

Сырттан келгендер "бір топ адаммен Шортекең түсіп жатыр" десті. "Бауырымдаған" жұртпен бірге енген Шортекең Тәтибектің ет жақын туыстарымен қол алысып, төс түйістіріп өтіп, төрге озған. Жылап-сықтау басыла бере:

- Оу, ағайын, - деп бастап:

Жаббардың екі болмайды,
Әмір қылған жарлығы.
Құбылаға бас қоймақ,
Мұсылманның тарығы.
Ораза, намаз қылғанын
Көңілде құдай барлығы.
Жаяулық пен жалғыздық,
Жалғанның жаман тарлығы.
Түшіркенген ұйқы жоқ,
Қайғының асқан зорлығы.
Қолыннан құсын қашырсаң,
Қайтып қонбас қолына.
Ісің түссе жаманға,
Жағаңнан алар сорыңа.
Көп ішінде аз болсаң,
Әрнеме түсер ойыңа.
Ел ішінде жоқ болсаң,

Мін тағылар бойына.
Жолдас болсаң жақсымен,
Қолың жетер Қырымға.
Топқа кірсең әркіммен,
Таласарсың орынға,
Текті құс қарар Қырымға,
Ит айналар жырымға.
Паракорлар қызығар,
Бір қалаштық тиынға.
Күдіреттің жарлығы,
Биттей нәрсе қалсайшы,
Бұрынғы жаннан ырымға, ~

деп ұзақ сілтеп барып тоқтап, қазақ жолымен ағайынға көңіл айтқан. Жұрт сілтідей ұйып тындады. Осы іске көбінің кінәсі бардай төменшектеп, иек астынан ұрлана көз тастаған. Өлімнің жалғанның жазуы екенін айта отырып, дүние боққа қызыққанның арты ши түбін тіміскілеп, шіріген жырымға айналшақтаған иттің ісіндей екенін де түйрепөткен. Жыраудан соңғы үнсіздікті:

- Иә, дүниенің түбі шолақ қой, - деген Баймұрынның даусы бұзды.

- Отырмыз ғой, соның артын ойлап, - деп Боқай қостады.

- Ағайын дауға берсе де, жауға бермес деген ел емеспіз бе? - Шортанбай жырау айналасына зер сала қарады. Жыраудың сөзінен жасқаншақтаған Көкіш мінімді бетіме басама деп қауіптенгендей қозғалақтай берді. - Енді дауға да, жауға да бердік. Үлкеннің тілін алмай, бас-басына кикым би болғанның салдары осы. Оның ақыры ағайыннан бірліккетті. Бірлік кетті дегенше, береке кетті десейші.

Бірлік қайдан болады, бауырымдап келгенде көргеніміз мынау, - деп көзін таңған Сәбит реніш білдірді. - Малымызды қуып әкеліп, қырып жатқанына не дерсің. Кеше қалмақтың малын да бүйте қоймаған шығар.

- Оу, ағайын, өлімнің үстінде кеткен қылмысты, өткен қателікті термейік. Өткен өтті, енді ол айналып келмейді, - деп Мұса қожа сөзге араласты.

- Мүсекең дұрыс айтады, қоялық ондай білместікті, - деп Баймұрын да қостады.

- Бәрі жөн-ау. Осы сөзден шығайын деп отырғанымыз жоқ. Бірақ мына қан-қасап сойыстың арты не болады? - деп Боқай іштегі қыжылын ортаға салды.

Жұрт осыған келгенде айтарға сөз таппай іркіліп қалған. Орыстың заңына салса, тағы Сібірге кісі айдау, салмаса, енді осының түйіні қалай шешілмек.

- Шортеке, - деді Баймұрын. - Осының шешімін мен айтсам қайтеді. Риза болмаған жақ көкейіндегісін айта жатар.

- Айтсын, - деді Боқай. Шортекең де бас изеген.

- Мен айтсам, Тәтибектің бауырлары сойған мал төлеусіз болсын. Бұл Боқайдың ағайын ретінде осы өлімге қосқаны боп есептелсін. Басқаның үйіне сойылған мал тұяғына тұяқ болып қайтарылсын.

Шортекең Баймұрынның төрелігіне іштей риза. Осы азаматтан жұртқа дұрыс сөз айтатын адам шығады-ау деген ой бұрын да келген. Өткен жылы Керней Бейсеннің асының соны тоқсан ат қатынасқан бәйгемен аяқталған. Күншілік жерден жіберілген тоқсан жүйріктің алдында Баймұрынның Көкаласы оқ бойы жеке келді. Бірінші бәйгеге он жеті ат пен жамбы тігілген еді. Сонда осы Баймұрын:

- Бейсеннің ұрпағы бәйгені малына емес, арына тікті, - деп малы аз Бейсен балаларына қорған болып, жүлдені ешкімге алдырмаған еді. Сонан бері осы Баймұрыннан үміткер-тін. Бүгінгі терелігі де дұрыс.

~ Дұрыс-ақ, - деді жырау осыны күткендей.

- Баймұрынның төрелігіне қосыламыз, - деп шықты көпшілік. Малы кетіп отырса да Боқай да бұдан басқа жол таппаған.

- Енді, - деп ол да жұрттан кетпейтінін айтып, алақанын жайды.

Қандай жағдайда дүниеден өткенін кім білсін, қара жердің құшағына қалай берілгеніне де куә жоқ десіп Ыбырайым жожа мен Ботпай қалпеге Тәтибекке арнап құран аудартты. Сонан соң жетісі деп, қыркы деп мал сойылып, ел шақырылып, тағы да үсті-үстіне бата жасалды. Көптің ыңғайы:

- Қызылжар деген мына қала ғой, елден жөн білетін бірер адам барып, Тәтибектің жерленген жерін көріп, басына дұға оқып қайтса, жөн болар, - еді дегенге ауған. Елдің ұйғарымы Аманбек пен Сыздыққа түсті. Бесатаның, оның ішінде Сарымының жол біледі, жөнін табады, ісі де пысық деп ұйғарғаны осы екеуі. Қалталарына біраз қаржы, қоржындарына біразға жетер ас салып аттандырған.

Аманбек пен Сыздық Бесата жұртының ұзатылған қыз, келін боп түскендердің төркіндерін жол бойы іздей жүріп қонып, жата-жастанып, ыңғайлы ауылдардан көліктерін де ауыстырып мініп, жиырма шақты күнде Қызылжарға да жетті. Жөн сұраған еді, кезіккен қазақ осындайда үйін жалдайтын Әбзиді тауып берді. Қақпасын ашса да үйіне енгізе қоймаған, қырма сақал татар мән жайға әбден қанып барып:

- Е, жөн екен, кіріндер, - деген.

Үй иесі ертеңінде де қала ішінде жолбасшы болды. Қызылжар бұрын екеуінің де аяқ баспаған қаласы. Өздері жиі баратын Қарқаралыға қарағанда жатқан бір байтақ. Көшелері де көп, ығы-жығы жұрты да жетерлік. Орысы татарша, татары орысша сайрап тұр. Қазағының тіліне біраз татарша да сінген сияқты.

- Туысқандарыңның өлгенін растайтын қағаз болады. Әуелі соны көрейік. Мүмкін ол тірі шығар, бұзақылығы үшін алысырақ жерге, Сібірге айдап жіберген болар, - деп Мағзұм татар көңілге күдік те, үміт те ұялатып қойған.

Мағзұм татардың жетелеуімен ертеңіне түрмеге барысты. Сыбырлап жүріп, жыбырлап жүріп, алақандарына қыстыра кетіп, үлкен бастықтың да есігін ашқан. Түсін суытып, әлдене жазғансып отыр екен. Келгендердің мән-жайын естіген соң тіпті ширатылып кетті.

- Біз ондай адам туралы мәлімет беруге міндетті емеспіз. Түрменің өзінің құпиясы болады, оны ашуға хақымыз жоқ, - деп есілді.

Мағзұм "мәртебелім" деп бастап, орысша біраз кесіліп, бастықтың үстеліне жақындап, ашулы тартпасына шыртылдақ ала қағаз тастаған еді, бастық ойланған сыңай танытты.

- Жарар енді, - деді түсін жылытып. - Алыстан келген екенсіздер. Көмектесейін, - деп көмекшісін шақырып, біраз қағаз аудартты.

- - Рахмет, рахмет, - деп бұлар да мәз болысып, жетісіп қалған.

- Міне, ~ деп бастық бір қағазды нұсқады. - Міне, өлгені туралы ісперепке.

Тәтибектің өлгені туралы ісперепкені көшіртіп берген. Сол бет қағазда оның жерленген жері де көрсетілген екен. Мұны естіп Аманбек пен Сыздық ұрланып кеткен мың жылқысы табылғандай қуанды.

- Құдайдың мына Әбзиді жолықтырғанын қара. Әйтпесе мынау бір қиямет іс екен. Мына орыс есігін де ашпайды ғой бізге, - деп Сыздық желпінді.

- Иә, елге мына бір бет қағазды көрсетсек, абыройымыз асады. - Аманбек желпілдеп тұрған Сыздыққа қарап, мысқылдап күлді. - Абырой ақшада болып тұр ғой. Шортекең жыраудың:

Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты,
Жеткізе алмай онысын,
Қалтыраумен жан шықты, -

деген осы емес пе.

- Ол рас. Әбзиді бізге туыс еткен де, қағазды бергізген де сол теңгенің күші боп тұр ғой. - Сыздық сабасына түсіп күрсінді.

Моланы күзеткен шала татар, шала орыс біреу екен.

- Мен оны қайдан табамын. Ол қазақ өлгеннен бері де талайы ол жаққа аттанды. Қым-қиғаш қабірге толы мұның іші, - деп бет бақтырмап еді. Тиын-тебеннен соң, осылар-ақ шаршатып бітті. Көрейік ендіге басты.

- Құдайдан қайтсын.

- Ал, ендеше жүріндер.

Тәтибектің қабір топырағы әлі жас екені көрініп тұр. Түбінде бір іздеушісі болар, онан түсер табыстан да құр қалмаспын деді ме екен, бас жағына сұр тасты көлденең қоя салыпты. Сыздық ұзағынан қайырып дұға оқыды.

Дүниенің қызығына құмарлығынан кәнігіп шыға алмай, ақырғы жолы мынау болды деп ойлады Аманбек. Қолдағы барға, тағдырдың жазғанына медет тұтқанға не жетсін. Тап дүниеден өтерде елге, отбасына деген сағынышы көз алдына мұң боп толған шығар. Ол да өзімен бірге кеткен мәңгілік бір сурет те. Тәтибек қайтыс бопты дегенді естігенде қимастықтан өкінсе де, ерекше қабырғасы сөгілгені есінде жоқ. Қағынан жеріп жүргенде тапқаны осы да деген. Атадан келе жатқан қара шаңырағының ырыс қасиеті де сарқылмаса керек еді. Соны азсынды ма, күреп табамның жаман жолына түсті. Онысы тағы күректелп шашылды. Онысымен жебір топтың ындынын бітей алған жоқ. Терлемей келген мал, бұл қайда деген сұраусыз

тергелмей кетіп, ырысқа ырыс қоспады. Алды-берді. Алса да, берсе де жұртты өз ыңғайына жыға алмапты. Бергені жомарттыққа жатпаса, алғанын жұрт тақымы кеппес аламандыққа жатқызыпты.

- Оу, қалғып кеткеннен саумысың, - деген Сыздықтың дауысынан селк етті.

- Тірлік деген сайқал-ау, соның көзін табам деп...

- Оның көзін сайтанның жолымен кім табар дейсің.

- Әзәзілғой аздырған.

- Әуелде пенде Әзәзілге жүректен орын беріпті ғой. Соған әуелі азатын әйел екен, - деп Сыздық ерініндегі насыбайды алып тастады.

- Бәрін әйелге арта бермейік. Еркек ие болмаса, қатын шіркін өзінше істейді. Әуелі отбасына да, сонан соң айналаға да ие бола алмай қалатын өзіміз ғой. Сонан кейін өзімізді жұрттан кем, қор тұтынуға да етіміз өледі. Болсақ екендеп талпынбаймыз. Қолымыз жеткені арзан ұрыс, пысығымыз орысқа арыз жазамыз. Осы ғой тірлігіміз.

- Иә, осыдан ғой Шортанбай жыраудың:

Екі кісі ұрысса,
Қалам алар қолына,
Зәкөннің түсер жолына.
Өте қусаң оралдың
Орыстың салған жолына.
Мал бағып тыныш ұйықтаған,
Талапты туған ерлерім,
Абакты түсті сорына,
Күнәкар болма жігіттер,
Алланың жазған хаты бар,
Кәләм-шәріп құранда,

деуі деп Сыздық тақпақтап кетті.

- Ол кім? Мұны айтқан кім? ~ деп Мағзұм да ежіктеді.

- Ол біздің елдің адамы. Есімі Шортанбай жырау. Айтқаны - Алланың сөзі, насихаттағаны елдің - бірлігі, татулық, - деп қалды Сыздық.

- Ә, ол кісінің атын естуім бар. Бірақ сөзін тындағаным осы алғаш рет. Ғажап айтқан екен, ғажап, - деп Мағзұм басын шайқай берді.

- Пәлі, - деді Аманбек. - Ол кісінің мынадай да сөзі бар.

Жаманнан басың сатыпал
Тарылған мына заманда.

Тыйыш үйде жатып ал.
Атқа мінген адамын,
Жұрты қолға алады,
Сотқа таман шабады,
Келедей істі көлдей ғып,
Өтірікайттыпжаласын,
Мойнына әкеп жабады.
Өз қолыңды кесе алмай,
Шиелегенді шеше алмай,
Осы шығар, әлеумет,
Дүниенің қауіп жаманы.

- Ай, ай! Бұл кісі әулие боп туған адам екен ғой. Мына айтқаны мен көрген қазақтың басындағы жағдай ғой. Қалаға шапқылап жететіннің көбінің қолындағысы арыз. Мұндағы бастыққа да керегі арыз. Арыздың түбі ақша, ақшаның түбі билік. Осыны айтыпты ғой мына жырау кісі.

- Бізді де жетелеп келген осы жағдайдың бір ұшығы ғой, - деп Сыздық жөн айтқан.

-Түрме бастығының қолындағы қағазға көзім түсіп еді, сонда мына сіздің туысқаныңызды ұры, ел тонады деп жазыпты. Онысы қалай? - деп сұрады Мағзұм.

- Ондайдан да құр алақан емеспіз.

~ Қазақ ел тонады дегенді білмейтін халық сияқты еді, - деп ежіктеді үн иесі.

- Ол енді бұрынғының адамдары ғой...

- Қазір заман өзгерді, - деп Аманбек сөзге араласты. Адамның құны ақшамен өлшенетін уақыт туды емес пе. Даланың қазағы ақшаны қайдан алады. Ендігінің ақша табу жолы мал ұрлау боп тұр ғой.

- Онда бар қазақ мал ұрласа не қалады? Өздері аштан қырылып қалмай ма? - деп Мағзұм татар таң қалды. - Онысы қалай?

-Бәріміз ұры емеспіз, - деп Аманбек күліп жіберді. - Бірақ әр ауылда соған бет алғандар бар. Оны тыю қазақтың өзжолымен мүмкін болмай барады, ал өкімет соза тартпақтап шешіп тастамайды, өзіне қолайлысын ғана жасайды.

- Им, бізде де солай болып еді, - деді Мағзұм. - Мен Қазанның маңында туып-өскенмін, Өкімет орысқа жаққанын ғана істейді. Біз де бір кезде өздерің сияқты үйірлеп жылқы ұстаған ел едік. Аздап егін де салдық. Соның бәрінен ада болдық қой.

~ О қалай?

- Әуелі мұжығын әкелді. Сол мұжығына тандаулы жерді кесіп бере берді, бере берді. Татар ауылдары тауға, тасқа тығылды. Мал ұстайтын өріс қалмады. Пайдалана бер деп жердің бәрін келімсектерге кесіп беріп, танауды таңқитты. Ал, келімсектер ата-бабасынан қалған жер болмаған соң ағашын опырды, анын босытты, ойына не келсе, соны істеді.

- Сіздер не істедіңіздер?

- Қолдаң не келеді? Ұрыстық, төбелестік. Соғысын та көрдік. Жеңілдік қой кәпірден. Сонан көз көргенге жүрек шыдамай, елден безіп кеткеннің бірімін.

- Қайда бардыңыз?

- Қырымға қоныстатпады. Ондағы татардың өзінің көбейгенін жақтырмайды. Сібір ендігі отаным болып жарытпасын түсіндім. Токтаған жерім осы Қызылжар-тын. Әуелде бұл жақ тыныш тәрізді еді. Соңынан бізге жасағанын сіздерге де жасап жатқанын көз көріп отыр. Түбіміз бір туысқан мұсылман ел едік, түбі не боларына көз жетпейді.

Мағзұм татар өзін мазалаған жәйтқа жауаптың бұл екеуінен болмайтынын біліп отыр. Ол жауапты даланың Шортанбай жырауы айтып жатыр екен. Оған да шүкіршілік де. Даланың көкжалы Кенесары опат болған соң бас көтере алмай қалған дала жұрты орыс ұлығының илеуіне көніп, айдағанына жүріп, өз кейпін жоғалтып ала ма деп қаланың оқыған татары уайым жеуші еді, олай емес екен. Жер-жерде мешіт салдырып, медресе аштырып жатқандар - ұлтын сақтауға ұмтылған қазақ. Оның үстіне Шортанбай сияқты жыраулары күңіреніп елінің жоғын жоқтаса, анау дала толы ескі күмбездер күңгірлеп, дала жұрты тағы әруақ шақырып шыға келмей ме.

Түн жарымға дейін ой тербеген Мағзұм жатын бөлмесіне кетті. Ұйқысы қашқан Аманбек дөнбекшіп біраз жатты.

- Мына татар сұңғыла екен, - деді.

- Айтары жоқ. Біздің халді де біліп отыр.

- Өзі орыстың да тілін таба біледі екен.

- Өмір есіктен кіріп, тесіктен шығуды үйреткен де.

- Біздің қазақтың пысықайы осындай болса ғой, - деп өкінді Аманбек.

- Онда малды кім ұрлайды? Кім сен екеуміз сияқты босқа тентіреп жүреді? - деп мысқылдады Сыздық. - Өстіп әлі талай уақыт жүрерміз.

Қызылжарда кәкір-шүкір шаруамен аптаға жуық уақыт өткізіп барып, Аманбек пен Сыздық елге бет бұрған. Қайтарда да тым асықпады. Түстенген, қонған жерінде көрге-білгендерін екеуі кезек-кезек жырдай қылып айтып, әңгімеге сусып отырған елдің құлақ құрышын қандырған. Ақмолаға да жетті. Шеткі үйдің біріне осы көлікті күтуге ыңғайлы болар деп түсінген. Екеуі де ат соқты боп, ел шетіне жақын қалдық қой десіп, осы жерде бірер күн ес жиып, дем алсақ деп те ойлаған. Қаржыға ие Сыздық қалтасын қағып, жөнді ештеңе таппады. Көрінген есікке жалтақтап, иіс алған иттей тіміскілегеннің қолына қыстырып жүріп тиын-тебенді сарқып алыпты. Амал жоқ, ертеңінде қайта аттанбақ болды. Қырсыққанда қымыран іридi дегендей, ертеңінде байлап қойған жерлерінен аттарын таппады. Алдына қойған жемнің жартысы ғана желінген. Алған адам қақпаны қайта жауып кетіпті. Үй иесі де шыр-пыр болды да қалды. Ұры таптыра ма, қаланың халқы да көп, бұларда таныс та жоқ. Екі күн қала ішін кезіп, сұрастырып, сандалып кеп жатқан.

- Мына бетімізде Қызылжарға бардық, Тәтибектің басына дұға оқып қайттық дегенімізге ешкім сенбес, - деп уайым төкті Сыздық.

- Әрі жаяу, әрі ұсқынымыз кетіп, табанымыздан тозып барсақ, елге қарауға да жүзіміз шыдамас. Бергенімізді өздері ішіп-жеп қайтыпты деуден тайынбас.

- Абыройсыз қалдық-ау.

Теріс қарай аунап түскен Сыздықтың іші шұрылдады. Аманбектің де жетісіп отырғаны шамалы. Сонда да Сыздыққа қарап:

- Біздің Бесатаның Әлтекесінің жаурыншы екенін білесің ғой. Сол ауылдан оңай олжа тапқысы келген екеу алысырақ жерден мал алуға барса керек. Сөйтіп жүріп өздері қолға түсіп қалыпты. Ұрыны аясын ба, сабап-сабап, киімдерін шешіп алып, тұттай жалаңаш қоя беріпті. Екеуі елден ұялып түнде жүреді. Күндіз өскен шілік, қалың қарағай ішін паналайды. Сөйте-сөйте өз ауылының желкесіндегі қарағай ішіне де ілігіпті. Тападай тал түсте жап-жалаңаш, абырой ашып баруға елден ұялып жатады ғой. Сонда біреуі:

- Әй біздің ауылда бақсы-балгер көп еді. Олар қарап отыр ғой, құр қол келеді демесін, ең болмаса құлағыңды ұстай отыршы деген екен, - деп күліп алды.

Әй, сен де қайдағыны айтасың, - деп Сыздық та ыржаң етті.

Кеше ішкен қара шайдан басқа татқан нәрлері жоқ. Барлы-жоқты тауысқан. Аш құрсаққа қосылған меңіреу тыныштықтан бас айналып, көз қарауытқандай. Әйтеуір Сыздықтың анда-санда аһылап-уһілегені ғана тіршіліктен дыбыс береді. Шіркін, дастарханы майысқан дәмнен ауыз да тимей тұрып кеткен сан жағдай еске түседі. Аманбектің де іші ұлып жатыр. Ашыққан сайын көңілдің дәмге шаппайтыны да қызық екен. Ішінің ұлығанына да сенбейді. Ұлып жатқан іш емес, көкірек шығар. Неменеге барды, не деп ел бетін көреді. Күрсініп еді, кеудеден бір ыстық дем шықты. Сонан соң іргесі тұрулі үйдің керегесі арасынан кесіртке басын сұғып, таңдайын қағып тұрып алды. Тақ-тұқ еткен таңдай бұларды мазақ етіп тұрғандай екен. Шыдай алмай қолға түскенмен жіберіп ұрды.

- Не істеп жатырсың? - деді Сыздық.

- Әшейін. Ана бір кесіртке мазаны алып.

- Төбелесетін нәрсені тапқан екенсің.

Қашанғы жата берсін. Бұларды іздейтін бәрібір ешкім жоқ. Сонау бір жылы кірешілерге ілесіп осы Ақмолаға келгені бар-тын. Осы қалада байлығын картаға салып, ермек еткенді де сол жолы көрген. Өзі ойнаған, олжалы да болған.

- Әй, Сыздық, ең болмаса қалған тиын-тебенің бар ма, байқашы. Босқа өлмейік те, - деп өзінің картада бақ сынағысы келетінін жеткізді.

Сыздық осы шын айтып отыр ма деп Аманбектің бетіне бажырайып қарады. Аманбектің ауылда да елден жасырын карта ойнайтынын да білетін. "Бар, жоқ" демей қалталарын қақыштап отырып, бір шеті сөгіліп кеткен қалтасынан етегіне түскен үш сомдықты суырып алды.

- Ал, Сыздық, мен қала ішіне кеттім. Карташылар бір күн, бір түн ойнаушы еді. Құдай сәтін берсе, елге жөнімен оралар жағдай болар.

Көз көрген жерден карташылар табылды. Ойын қызып тұр екен. Артық-ауыз сөз жоқ, бір-біріне қарау да жоқ. Жан алысып, жан беріскен қимыл, үнсіз майдан. Қолайы келіп қалған біреудің кей-кейде картамен үстелді соққаны ғана ерекше. Ондайда соның жүзі ғана бал-бұл жайнап, жан рақаты бетінде ойнайды. Ұтылып қалған біреу сөлмірейіп шыға берді.

- Ә, бұ қалай? - деп өзіне-өзі сенбей барады.

Бос орынға отыра кеткен Аманбекке басқасы бір-бір сынай қарап өтті. Осылардың ішіндегі мықтысы алакөз сары тәрізді.

- Көн қаншадан? - деп сұрады.

- Жайлап бастайық.

- Бәрекелді.

Аманбекті шошытып алмайық әрі қалтасын да байқайық деді ме, алғашқыда реті келіп тұрса да алакөз сары жол берді. Онан кейін де екі рет оның қасақана ұтылғанын көрді. Карта ауады деген осы шығар, сонан соң-ақ Аманбектің қолы шығып жүре берді. Алакөз бен сыбайластары қанша тырысса да ұтылған үстіне ұтылған.

- Міне, ойыншы, - деп қалды алакөз бір жолы алақанын ысқылап.

Ұтқан олжасын шүберекке түйіп, саптама етігінің қонышына сүнгіте берген. Кім біледіні ойлап қамзолының, жасырын қалтасына тықты. Алған сайын:

- Иә, сәт, - дейді іштей.

Түн жарымда көбі ұтылып, алакөз екеуі ғана қалған. Таратып отырған алакөз карта берді. Қолына қарады да тағы сұрады.

- Осы жолы күйген шығарсың, - деп мырс етті алакөз.

- Көруіңе болады.

Алакөз қып-қызыл боп тершіп кетті. Өз көзіне өзі сенбей қайта-қайта қараған.

- Мен ұтылдым, ~ деп орнынан тұрды.

Бір тәулік дем алып, осы арада тағы кездеспек болып тарасты. Таң қараңғысында жатын үйше жақындаған Аманбек әрлі-берлі теңселіп, қараңдаған кісіні көріп, қауіп те ойлады. Қараңдаған кісінің сұлбасы таныс тәрізді. Бұрыш айнала беріп көз тастап еді, мойнына кісесін салып, күбірлеп жүрген Сыздықты тани кетті.

- Неғып жүрсің?

- Сені тосып, Аллаға жалбарынып. - Сыздық мойнындағы кісесін енді ғана қолына алған.

Аманбек жауап қатпай саптаманың қонышынан екі уыс ақшаны алып, Сыздықтың қолына ұстата салды. Сенер-сенбесін білмеген Сыздық ақшаны ұстаған қалпы қақшиған да қалған.

мес қымыз, қой сатып алып сойып, ас пісірт мен дем алғанша, - деп тағы ақша ұсынды.

Таң ат жатса да, көп ұйықтамады. Басын көтерген шамада жас марқаның еті де дайын болып қалған екен. Үйге көрші-қолаң дегендей біраз адам да жиналыпты.

~ Көз шырымын ғана алдың ғой, - деп Сыздық бәйек боп жатыр.

Астан соң Сыздық пен үй иесіне ақша беріп, қос ат жеккен пәуеске, бала-шағаға көйлек-көншек, шай-қант алдырып, кеш түсе қаладан шығып кеткен.

- Неге асықтық? - деді Сыздық.

- Карташылардың ертеңге дейін не істейтініне көз жете ме. Олар бүгін бөлтірігін алдырған бөрі сияқты, қауып та алады, реті келсе шауып та алады. Біздің бір келген қонақ екенімізді мана түсінген.

Аманбек пен Сыздық Тәтибекті іздеп барған хабарын жеткізген тұста елде сайлауға дайындық та гүрілдеп жүріп жатқан. Жұрт қақ жарылыпты. Бесатаның Сарымы түгілі оның ішіндегі шуаштың өзі екі топ. Екі партиямыз деп езулері құлаққа жеткендей. Намыстың төрі - болыстың мөрі. Ел болайық, бір болайық, жатқа кеткенімізді жоқтайық деген сөз екі партияны бастап желпілдеп жүргендердің бірінің аузына іліккен емес.

Болыстыққа түскеннің басы Боқай болыстың өзі. Шуаш атаның ең мықтысы. Сөзге де шешен, іске де шебер. Ұрысын деп Тәтибекті айдатып жібергенінің өзі тұтқаны мықтап ұстағанының белгісі болса, әрі әлсізді ұры-қарыдан қорғаушы әділ етіп те көрсетіп, беделін арттыра түскен.

Боқайға қарсы түскен Арыстанбек. Ол да шуаш. Ағайынның арасы жеті атадан асып, қыз алысатын жағдайға жеткен жоқ. Арыстанбектің інісі Сүлеймен ағасымен ұстасып, Боқайдың жақтасы болып шықты.

- Қаның бір емес пе еді, ағана неге қарсысың?- дегендерге:

- Боқай менен алыс па еді? Ол да шуаштың баласы. Туған ағам Арыстанбек Боқайға ел намысын жоқтап түсіп отыр ма еді, көздегені болыстық қана.

Шуаш екі жарылды Тәтибек үшін, мен соның басын қосам дейді. Сонда болыстыққа таласып, ел арасын бір-біріне айтақтап басын қосам дегенге сенейін бе, - деген.

- Ойпыр-ай, қазақтың бір тәуір азаматы едің, тәуір дегенің үшінші секірісте бір сүрінуші еді, - деп Мұса қожа Боқайдың бұдан бұрын да екі рет болыс болғанын еске алып өтті.

Арыстанбекті жақтаушының басы Көкіш. Тәтибектің ұры деп ұсталып, сонау Қызылжарда қайтыс болуын кек санап, екі сөзінің бірінде "тап осы жолы Боқайды қара жерге отырғызбасам ба" дегенді аузынан тастамайды.

Табан астынан Көкіш құдайы дәм беретін болды. Мұсылманның арасы да емес, жүнді ауыздардың жанында қайтыс болған туысына арнайы құран оқытпақ екен. Онысын халық дұрыс та санаған. Шақырғанның көбі елге ие деп жүрген ақсақал мен шала бастық старшындар екен. Төрдің төбесінде бар жақсысын үстіне ілген Арыстанбек. Астың соңында тағы дұға оқылып, сөз Арыстанбекке тиген. Ел бүлдірген Боқай болыс екен. Жаламен кісі айдатып, өлімге душар еткен де сол. Ендеше ол болыстыққа лайық емес, осыған баталаспаққа осында келіпті.

- Сөзің рас та шығар. Ал, енді Қояншытағай мен Керней болысының да мөрі тұр ғой ол қағазда. Оны не дейсің? Жиырма шақты старшынның қолы қойылған, оны да жала дейміз бе?- деген старшын Сәбиттің сөзін тыңдамауға тырысты.

Асқа қатысқан Аманбек пен Сыздықта үн жоқ. Шыққаннан соң да біраз жер тіл қатыспай барған. Көргендерінен көңілге медеу тұтатын ештеңе таппаған.

- Мыналар кімді мұқатпақ? - деді Сыздық.

- Естіген елден ұятты. Өзім кірерге тесік таппай отырдым.

Кімнің тойы, не шаруасы деп айтқан жоқ, жараулы торы айғырға қарғып мініп Сүлеймен жөнелген.

- Ащы терін алайын деп пе ең? - деп сұраған жеңгесіне,

- Иә, - деп бас изеді.

Сол бетінде талай ауылдың итін шулатты. Барған жерінде Көкіштің ағасына деген асының соңы баталасу екенін айтып, олардың ісін теріске шығарған.

- Япыр-ай, ә, - десе де Сүлеймен Арыстанбектің інісі болған соң арғы жағын айтпай қалғандар да жеткілікті. Бірақ, сол бір ауыз сөздің өзі жұрттың Арыстанбекті құптамайтынын жеткізген сыр еді.

Талай ауылды аралап, қырға шыққан Сүлеймен Торы айғырдың тізгінін босатқан. Құтырып тұрған жарау айғырдың үстінде өлемін-ау деуді ойламайтын жігіт балақ пен жеңнен соққан желмен бірге көңілі гулеп есіп, мейірі қанды. Еті қызған айғыр маң далаға ала қашқан сайын үстіндегі Сүлеймен де есірді. Сонан соң ауыздығын тістеп алған айғырды бір езулеп тартып, Нұраның қалың құмына салып, қарқынын басты:

- Айғырды осыншама сүмектетіп қайдан келдің? - деп ағасы алара қарады.

- Ащы терін алып.

~ Онан да ағаны жағадан алдым де.

Жауан қайырмай өз үйінің есігін ашып, әйелі ұсынған шараны басына көтерді.

- Енді екі үй қатар отыра алмаспыз, - деп жылады әйелі.

- Мен бе екем осы сайлау дегенді шығарған.

- Ағаның үйіндегі абысыным күнде ұрыс шығарып, балалардан да береке кетті. Сұмдық қой мынау, арты не болады.

Болыс сайлауы бұл жолы да Қармыс өзенінің жағасындағы Сайлаутаста өтті. Болыстық деген шыққаннан бері Бесатаның әр болысының сайлауы осында өтіп келе жатыр. Бұл да соның жалғасы. Жиналған жұрт нөпір болса да болыс сайлайтынның тізіміндегілер елдің беделді адамдары мен старшындар ғана. Далақтап шауып, көрінген үйдің есігін ашып, ас пен қымызға тойып жүргендер тамашапаздар.

Сайлауастың екі бетін алып, партияласып қақ жарылған жұрт етекке түсті. Ағайынның арасы ушығып, арты бүліншілікке айналып кетпесінді ойлап Қояншытағайдан Кәдір, Дүйсенбай би, Кәрсөн Есберген, Көпбайлар, Керней Құлжанбек те осында келген. Сайлауастың алдындағы шалғынға малдас құрған жұртқа қарап, орнынан тұрған Кәдір тамағын кенеді. Кешегі бір айқасты күндерде, жаумен жұлысқан кезеңде туымыз жығылса да келешектен түңілмеген ел едік деді Кәдір. Ата-бабалардың ең біліктілері ғана хан сайлауға қатысқан екен. Енді елдің берекесін кетіріп, ұйытқысын бұзған мына сайлау шықты. Күні бүгінге шейін ауызбірлік жасап, біреуімізді ғана бәйгеге қосып келіп едік. Енді ұсақталып барамыз. Бас-басымызға би болған қикымдыққа жол бергендейміз. Ағайын бір-

бірінің жағасынан алып тұр. Жаман үлгі ұрпаққа жетпесін десек, әлі де кеш емес. Екеуінің бірі жол бергені дұрыс. Осыған не айтасың?

Жұрт гуілдеп барып басылды. Бұл дұрыс екен, мен қоямын деп Арыстанбек айтпады, болыстықты өз бетімен тастай салуды Боқай да жөн көрмеді. Партия-партия боп, ұзын жең шапан киіп, екі қолын да екі жәшіктің екі ұясына тыққандар өзінше қулық жасағансыды. Бұдан қалыс қалған жалғыз Ыбырайым қожа ғана.

- Мен қалыс қалам. Екеуіне де шар салмаймын, - дегенді ертеден айтып жүрген.

Дауыс беріп шыққанды былайғы жұрт қолтықтап сүйрей жөнеліп жатыр.

- Сен қайттің? Кімге бердің?

- Бердім ғой.

- Кімге салдың шарды?

- Қайтесің оны? Пәлен пәленшеге шар салыпты дегізіп, ел арасына алакөз етіп, - деп ақылдысынғандар да жетерлік.

Шар санауға асықпаған ояз ғана. Жұмыртқасын бауырына басқан тауықтай екі жәшікті екі жағына қойып, тойғанынша ас ішкен. Қымызға қанып барып, жәшіктерді аштырды.

- Бір дауыс артықшылығымен Боқай тағы да болыстыққа өтті, - деп жүрегі күптілерге хабарлама жасап, үйге кіріп кетті.

- Бұ қалай? Жөн емес шығар? - деді сасқалақтаған Арыстанбек.

- Оязды сатып алған шығар.

- Арыз, арыз жазу керек.

- Иә, ояздың үстінен жазып, иттжеккенге айдалып кетейін деп пе ең?

Болыстың мөрін қалтасына қайта салған Боқай дүрілдетіп той жасады.

- Ту бие сойыпты, - десті.

- Енді оның реті келіп тұр ғой. Бөкең болыс елге құт боп тұр.

Кеше Арыстанбекті жақтап шауып жүргендер бүгін Боқай болыстың үйіне қарай ағылған. Ағасының жалғыз аттанып бара жатқанын көзі шалған Сүлеймен ғана сонадайдан соңынан ілесіп, тым жақындай да қоймай ауылына қайтты.

Жарым айдан соң Боқай болыс Жарас өзенінің бойында Ыбырайым қожаға кезікті. Сәлем де бермей, сәлемді де алмай, қырсыққан мінез танытқан. Шақшасын суырып, насыбайынатып барып, терісі кеңігендей болып:

- Сен маған дауыс бермедің ғой? -деп қыжыртты.

- Қалыспын. Ел екі жарылып, орыстың мөрі үшін таласып жатқанда қостамақпын ба? Ағайын, шоқ-шоқ, төбелесе түс демекпін бе? Не деп тұрсың, өзін. Әркімнің ісі ақ болғай, оған Алла жақ болғай.

- Іім, - деп созды зілденген Боқай. - Сен дауыс бермесен де өттім. Ал, пірім, қателік сенен, - деп Ыбырайымның басындағы сәлдесін қамшысымен көтеріп-көтеріп қойып, шиқ-шиқ күлді.

Боқайдың жанындағы жандайшабы болыстың көңілдегісін түсініп, ердің үстінде шалқалай құлап, қарқ-қарқ күлкіден дем ала алмай жатыр.

- Әй, Боқай, - деген Ыбырайым қожаның дауысы зілді естілді. - Кесір басайын деген екен сені, кесапат алдында тұр. Сәлде сенің қарақшыға кигізер тымағың емес, ақ жолдағы адамға Алланың берген киімі. Алланың назары түскен киімге қамшы жұмсап, мазақ еттің, ендігісін Алладан тап.

Ыбырайым қожа теріс айналып, дұға оқып, құбылаға бет бұрып бетін сипады. Жүрегі әлденеден шошынып, зырқ еткен Боқай да жөнep берген.

Жаңа ай туа Боқай науқас екен деген хабар жетті. Жаз өте Боқай да бұл жалғанмен мәңгі қоштасқан. Болыстыққа талас қайта басталып кетті. Дүрліккен жұрттан жас Төлеубек акын түңілді.

Ақ иық Боқай едің Нұрадағы,
Алысты жақындатқан қиядағы.
Орнына екі жасық таласып жүр,
Артында болмаған соң тиянағы.
Соңынан орыс мизам шығармаса,
Айтуға бір-біріне мұрадағы.
Әуелден шошушы едім қос Омардан,
Бітпейді бұзылған іс тіпті онайдан.
Жыланның тумай жатып тілін біліп,
Уытын туа сала жұртқа жайған, -

деп салды Төлеубек.

- Е, бұл Төлеубек Шортанбай жыраудың шәкірті емес пе? Карашы, әне, сөз саптасын, - деп жұрт жаттап алып, Төлеубек айтты деген өлең бірден-бірге тарап кетті.

СОҢҒЫ САПАР

Майда жүрісті ақбоз ат шақ келтірмей сырғытып келеді. Жүрісі аяңнан гөрі жорғаға келетін ақбоз аттың үстінде күніұзын жүрсең қалжырамайсың. Баяу тербеп, шайқайды да отырады. Шіркіннің осы жүрісіне қызығып қайынжұртынан балдызы Әбеу арқылы алдыртқан. Енді, міне, қалың бетегелі даладағы ескі сүрлеуді тауып алып, есіп келеді. Семейден шыққанына бүгін екінші күн. Ендігі бет алысы Құнанбай ауылдары.

Пыр етіп табан астынан ұшқын бөдене ақбоз аттың иегін қанатымен сабап өте жаздады. Бөдененің осыншама бейқамдығы қалай екен, ат тұяғының астында қала беріп, шошына ұшады ғой. Мұндай да секемі көп жас жылқы иесін аударып тастардай да болады.

Жаз ортасы да өтіп бара жатыр. Үркер туған соң шілденің ыстығы да сәл басылып, үркер толғағының жауын-шашыны өткеніне де көп болған жоқ. Көз жетер жердің ақселеуі желмен тербетіліп, теңіздей толқып жатыр. Дала тамылжып тұр. Бозторғайлардың көкке өрлеген шырылы біріне-бірі қосылып, айналаны ерекше әнге бөлеп жіберген. Сол әсем ән жүрегінді тербеп, мүлгіп кеткендейсің. Осы сәттен биіктен құйылып түсіп, саршұнақты іле жөнелген бөктергінің шалт кимылы шығарады. Онан соң құладының жер бауырлай ұшып, қайқан етіп көтеріліп, жалп етіп қайта түсуінің әсемдігі еріксіз көңіліңді бұрады.

Ақбоз атты анда-санда сипай қамшылаған Шортанбай жыраудың есіне Семейдегі Камали хазірет түсті. Осы өмірінде Семейге келуі де сирек. Жол алыс, шалғай жатқан қалаға келудің де бейнеті оңай емес. Бірақ келген сайын Камали хазіреттен анау Еуропаның, мына жатқан мұсылман әлемінің қажетті кітаптарын алып кетеді де, көбіне Ниханбайдан қайыра беріп жібереді. Камали хазіреттің де білімі зор адам. Арабын да, парсыны да оқиды. Орыс арқылы батыстың да алуан-алуан пікірлерінен хабары да бар. Камали хазіреттің тарих пен шежіреден аса мол

хабары бары өзін тәнті етті. Қазақ арасының, қожалардың шежіресін бір кісідей-ақ білуші еді, хазіреттің білімі тіпті тереңде екен. Бірде хазіреттен:

- Тоқтамыс алтын орданың ханы еді ғой, Әмір Темірмен неге жауласты? - деп сұрағаны бар. Камали хазірет иегін ұстап, аз-кем ойланып барып жауап берді.

~ Пендешілік қой. Адам кейде асқанын білмей қалады. Екеуі де түбі бір қазақ-өзбектің намысын жоқтар ерлер еді. Тіпті, ол заманда сен өзбек, мен қазақ деп бөлінген, айырған сөз де жоқ еді. Екі туыстың намысын бірге қорғаудың орнына, жауласып кеткенін пендешілік демегенде не дейсің.

- Араларына қай мысық жүгіріп өтті екен?

- Тоқтамыстың елден қашып жүрген шағында оған қол ұшын берген Әмір Темір еді. Әуелі Отырар, Сауран маңын билетіп қойды. Темірдің көмегімен Алтын орданың хандығын да алды. Енді соны нығайта беру керек еді. Осы жерде оны айналасындағылар пендешілікке ұрындырды. Темірдің қарауындағы Кавказдағы бір өңірге, Хиуаға Тоқтамыстың әскерін кіргіздіртті. Сонан арада араздық басталып, кейін жаулыққа ұласты.

- Бекер-ақ болған екен.

- Екі туыстың араздасуынан, пендешіліктен орыс қана ұтты. Тоқтамыстың онсыз да бағынып отырған мұжық жеріне билігін нығайта берудің орнына, бері қарай неге бұрылғанына, Әмір Темірге шалалау болса да бағынып отырған Хиуаға тиісуіне өз басым түсіне алмадым.

- Әмір Темір сол заманның өзінде-ақ діннің тазалығына қатты көңіл бөлген екен. Сол кезде дүмшелердің шарифатты бұра тартуынан сақтану үшін Темір "маған ұлы пайғамбарымыздың таза әулеті керек", деп Сейд қожалар ұрпағы Жолды қожаны алдырыпты, - деп Шортекең де бұл мәселеге біраз шұқшиғанын білдірген.

- Иә, иә. Анау созақтағы Шахиахмет сол Жолды қожаның ұрпағы. Оның баласы Шәкәр Аягөз мешітінің имамы ғой.

Шәкәр мен Шортекең сонау жас шағында, Түркістандағы Қожа-Ахмет Иассауи мазарын аралап жүргенде танысқан еді. Кейін Аягөзге де арнайы барып, апталап жатып қонақ болып, сырлас болған адамы. Шәкәрдің діни сауатының молдығына, ел арасындағы

беделінің барлығына риза болып қайтқан. Шахиахметтің арғы атасы қазақ-қалмақ соғысы кезінде қалмақтың билеушілерінен зорлық көріп, Уфа қаласына қоныс аударып кеткенін де білетін. Ұзаққа созылған соғыс қалмақтың қырылуымен аяқталып, Қожанын бұл ұрпағына қайта жол ашылған. Шахиахмет сол Уфада тұса да, әкесінің тапсыруымен қазақ еліне қайтқан Әкесі Жамали;

- Есің барда еліңді тап. Әуелі Сарыарқаға барып, сол жерде есіңді жи, сонан соң оңтүстікке барып, туыстарыңды табарсың, - деген екен.

Шахиахметтің туған еліне келіп, ел арасында беделінің өсуі де күншілдік туғызыпты. Оның осы беделінің өсуін көре алмаған төре "Сейд тұқымы, әулие адам" деп орыс өкіметіне қарсы дегенді айтып түрмеге алдыртып, Үркіт шаһарына жер аудартып жіберген. Мұндай жолсыздықты естіген Ақтайлақтың немересі Жарқынбай қатты ренжіген.

- Не істемек керек? - деп көп ойланады.

Бұлай істесек жөн болады деген тағы ешкім жоқ. Жазықсыз Хазіретті біреудің жаласымен түрмеде отырғызу елдің намысына жат іс қой деп қанша айтса да ақыл қосатын жан таппай қиналады. Сонан бірде:

- Дініміздің құрметіне, пайғамбардың құрметіне Хазіретті осы азаптан құтқаруға барар адам бар ма екен? - дейді.

- Ол адам бар. Ол мен, - деп Керейбай сопы орнынан тұрыпты.

Жарқынбай Керейбайдың жол қаражаты үшін үш жүз қой беріп аттандырған екен. Апталап емес, айлап жүрген Керейбай Үркітке жетіп, ебін тауып Шахиахмет Хазіретті босатып әкелген екен.

- Бастан кешкен осындай да оқиғалар бар. Әкем марқұм дін үшін осындай азап көрдім деп ренжігенін керген емеспін, - деген Шәкәрдің талай әңгімесі Шортекеннің есінде.

Шортекең осы жолы да тым асықпай, Аягөз жаққа соғып Шәкәр мағзұммен біраз әңгімелесіп, сыр алысып қайтсам ба деген. Бұл бетінен қайтарға бір күн қалғанда айныды. Таңға жақын еді. Түсіне әкесі енді. Әкесі марқұм түсіне өте сирек, өз өміріндегі бір белесті сәттерде ғана кіретін. Бұл жолы тіпті айқын:

- Қайтқаның жөн, - дегенін анық естіді. Әкесі қол бұлғағанын да көрді.

Түсін жорыған Камали Хазірет тіксініп қалғанын байқады:

- Ауылда бір оқыс оқиға бар ма, қалай? Жолда көп бөгелмегеніңіз де дұрыс шығар, - деген Хазірет те.

Құлағының түбі тершіген ақбоз жүрісіне жүріс қосты. Тізгінді сәл босатса, тіпті есе түсетіндей. Жанындағы екі жолдасы Ниханбай мен Әбеу ақбоздың жүрісіне зорға ілесіп, анда-санда жортып-жортып алады. Алыстан сағымданып көрінген Шыңғыстаудың жоталары жеткізер еместей.

- Ақбоздың мына жүрісін-ай, - дейді Ниханбай солығын баса алмаған өз атына қарап.

- Осы атты әкеп берген өзіме де обал жоқ, - деп күледі Әбеу. - Ілесеміз деп құйымшағымыз түйгіштеліп бітті.

Тас арасынан ата жөнелген түлкі қуғыншы болмаған соң бұлаңдай жортып, қайта-қайта бой көрсетіп барып, кейін қалды. Заманың түлкі болса деген бар-ау, осы.

Заман... Қара қытайдың қозғалуы ақырзаманның басы деген де бар. Солардың күздігүнгі шегірткедей жолындағысының бәрін жапырып, жайпап өтетін алғашқы екпінін де басқан араб әскері еді-ау.

- Түркі халықтарының арғы аталары сайын далада еркін өмір сүріп, саны көп болса да басы бірікпеген, ері түркінің атты әскерінің жойқын күшіне төтеп бере алмаған қытайларға дегенін жасатқан. Сонан соң олар көшпенділерден қорғану үшін иен далаға ұзындығы пелендей мың шақырымға созылған қорған салған, - деген еді Камали Хазірет.

- Заман аумалы деген сол ғой. Сол қорғанның арғы жағында жатып, құмырсқадай қаптап шыға келді. Сөйтті де кешегі көшпенділердің жерін тартып ала бастады.

- Дұрыс айтасыз. Қытайдан сокқы жеген Ғұн деген халық туып-өскен ата-баба жұртын тастап безді. Содан көңілге дәл келер қоныс таппай, сонау Еуропа жерін шарлап кетті ғой. Камали Хазірет әлдебір кітапті аударып бастаған.

- Ол жөніндегі көне жазбаларға көзім түскен, - деді Шортанбай жырау да.

- Таластағы соғысты естуіңіз бар шығар. Мына араби кітапта сол туралы кезінде аздап жазып та кеткен екен.

- Ғалымның хаты өлмейді деген осы ғой.

- Осы заманғы жыл санау бойынша 751 жылы көшпенділерді әбден тықсырған Қытайдың жүз мыңнан

асатын қолы Таластың бойына жеткен. Баяғы заманғы тұтастықтан айырылып қалған түркілер жеңіліс үстіне жеңіліске ұшырап, осы жерге дейін келген. Енді бұл ақырғы шайқас еді. Осы жерге мұсылман дінін насихаттап келе жатқан араб қолы да жеткен екен. Түркі тілдерге арабтар қосылған. Ұрыстарда әбден шыныққан араб әскері қытай қолын талқан еткен. Жаудың жүз мың әскерінен оң мыңға жетер-жетпесі ғана қашып құтылған. Міне, осыдан шошынған қытайлар күні бүгінгіге дейін батыс жаққа қозғалған жоқ, - деп Камали Хазірет кітабын жапты.

- Сол Қытайдың қолының қаптауынан әлі талай жұрттың жүрегі шошулы ғой. Өзінен басқа жұрт жоқ, басқа тұрмыс-салт, мәдениет жоқ деп аждаһаша қылғи беруден жаман апат жоқ шығар, - деп түйіндеген Шортанбай жырау.

Осы жолғы кездесуде Камали Хазірет қазақтың да, Қожаның да шежіресін жинап жүргенін айтқан. Қолында ұлы пайғамбардың ұрпағы саналатын Хазірет Әлінің балалары Хасен мен Құсайыннан тарағандардың шежіресі де бар екен. Бұл қазақ даласына Құсайыннан өрбіген Сейд қожалары көп тараған. Құсайын ұлы Зейнелғабиденнің де балалары көп болған. Соның бірі Мұхаммед Қанапия. Сол кезде Мұхаммед Қанапия есімді екі адам болған. Оның бірі Рум патшасының қызы Әнәпиядан тарайды. Оның әкесі де Хазірет Әлі. Екіншісі де Хазірет Әлінің ұлы Зейнелғабиденнен өрбіген екен.

- Сізге алыстау жатыр ғой, Қабанбай батыр шежіресінен хабарыңыз қалай еді? - деп сұраған Камали Хазірет.

- Соның хатқа түскен шежіресін көре алмай жүрмін.

- Ә, ендеше ол бізде бар, - деп Хазірет күлімдеп келіп, тағы бір қағазды ашқан ~ Ол, міне.

- Қаракерей Қабанбай қазақтың хас батыры. Абылай ханның бас қолбасшысы.

- Иә, ол кісі де Қожа. Оның ішінде Сейд қожа.

Қабанбай батырдың бабасы Токтар қожа Қожа ұрпағының мойнына артылған міндет мұсылман дінін насихаттап, бекіте түсу үшін Түркістаннан шығып, Найман тайпасының Төртуыл руына келген екен. Сөзге шешен, өмірде ұстамды, дін жолын берік ұстаған жігіт елге қатты ұнаған. Шариғат жолын уағыздаған Токтардың насихатын әлденеше рет тыңдаған Байыс батыр бұл жігіттің елге аса қажеттілігін де түсінген.

- Біздің өңірде қанша уақыт болу ойыңда бар? - деп сұраған Байыс батыр.

- Бірер жыл бала оқытып, елдің сауатын ашсам деп едім.

Көп кешікпей Тоқтар мен Байыстың қызы Мақтаның көңіл қосып жүргені де естілді. Мұны жөн көрген Байыс батыр екеуін қосып, басына үй, алдына мал салып берген. Тоқтар қожа Найманның Қаракерейінің ішіне осылай сіңді. Он шақты жыл өтті. Тоқтар мен Мақтадан Жанжігіт, Байжігіт деген екі бала дүниеге келді. Осы шақта Тоқтар қожа да еліне қайтуды ойлаған еді.

- Балаларды алып Қаратау жаққа баралық, - деген ол жұбайы Мақтаға.

- Әкемнің басқа да балалары бар, бірақ сенгені мен едім. Оны қайда тастап кетемін, - деді қиналған Мақта да. - Өзің бар. Қайтып ораларсың. Қашан келсең де үйің-үй, төсегінді де адал сактаймын.

Тоқтар қожа Жанжігітті алып Түркістанға кетті. Байжігіт Мақтаның қолында нағашыларымен бірге қалды. Арғы жақ тегінде батырлық та, шешендік те бар, әрі дала тәрбиесін көріп өскен Байжігіт ерте көзге түсіп, он төрт жасында билік айтқан да кейін Ұлыс биі атанған. Байжігіт биден Жұмық, Тоғас, Мәмбет туған екен. Қаракерей Қабан батыр осы Мәмбеттен дүниеге келген.

Арыстандай айбарлы Қабанбай батыр жаумен жолбарысша жұлқысып жүріп, жоңғар шапқыншылығының бетін қайтарған Абылай ханның бар қолын басқарған еді. Дүние өткінші. Ол да өтті жалғаннан. "Жауым көп еді, мүрдемді қорламасын. Осыны ойлап жерлендер" деген соңғы өсиеті жұрттың құлағында қалған.

Жол түсіп, осы Семей шаһарына соққан сайын көңілі іздегенін тауып қайтатыны бар. Ол да жапан дүздегі жалғыз жолаушыдай болып жүрген пендесіне Алланың жасаған қамқорлығы шығар. Осы қалада Құл Мұхаммедпен де жүздескеніне риза. Құл Мұхаммедтің әкесі Шейхул Сейдтің де дін жолындағы парызы осы Шәуешекке баруға жетелегендей екен. Ол жақтағы өзін мұсылман санайтын дүнгендердің арасына бұрыннан сіңген қожалар хақ жолынан гөрі дүнгеннің саятына ауысыңқырап, шарифат шетіндеу қалғандай екен. Міне, осы жағдай Шейхул Сейдті қапа етсе керек.

Құл Мұхаммед Қаратаудағы Баба Ата медресесін тәмамдап, онан кейін оқуын Бұхарда жалғастырғанын да

білетін Бұхар медреселерінде дін дәрістерінен басқа көне тарих, ақындар жырлары, аспан шырақтары, есептің неше алуан саласы тәрізді дүниәуи сабақтар да жүретін. Бұл жағынан Құл Мұхаммедтің білімінің аса тереңдігін көріп, сөйлескен сайын оның қисынды әңгімесі көңілдегі кірді жуғандай рахаттанған.

- Әлемнің иесі Алланы танудың сан қилы жолы бар. Оның ішінде екеуін аса қастерлі дер едім. Бірі - жаратушыны жүрекпен тану. Ол ата-ананың баланы жас кезінен тәрбиелеуімен келетін жол. Екіншісі білім-ғылым жолы. Пенде неғұрлым терең білім алған сайын, ғылымның құпия сырына бойлаған сайын, ұлы жаратушының барлығына, Құран шәріптің Алланың сөзі екеніне сенеді. Дүмбілез оқу дүмшелікті туғызады. Дүмшелік Құран сөзін жеріне жете түсіне алмай, әртүрлі діни ағымның тууына себеп. Дүмшеліктен құтылу жолы Құран салған жолды жете меңгеріп, дүниәуи ғылымды да байқайшағына дейін жете білуде. Олай болмаса, алжасудан құтыла алмаймыз, - деген Құл Мұхаммед пәлсапасы қатты ұнаған.

Шортанбай да Құл Мұхаммедті Арқаға, туған жерге шақырған. Құл Мұхаммедтің жалғыз-ақ рет ат ізін салуға реті келді. Сонау Шәуешектен Қызылтау, Бесшоқы, Тағылы-Бұғылыға жету оңай шаруа емес екені белгілі. Құл Мұхаммедтің келуіне орай Жалпақсаздағы үйіне осы маңның білікті қожалары Ыбырайым, Мұса қожа, Жәнібек, Ермұхаммед, Дүрмұхаммед, Текмұхаммед, Айна қожалардан басқа, Жанғұтты, Кәдір, Дүйсенбайлар да келген. Сөз арасында Құл Мұхаммед:

Ей, мұхмин!
Құлшылықкылсаң не етеді,
Ажал қуып жетеді.
Мінезге бағым табылмас,
Ғадетіне кетеді.
Тақуа болған ғалымдар,
Бұл жалғанды не етеді.
Баяны жоқ шіркінді,
Бір күнтастап кетеді.
Малдың көзін сүйгендер,
Мінбей, кимей өтеді.
Бір кісі емес, әркімнің,
Басында бар сөйтеді.
Дүниенің сүйсеңдәуірін,

Басылар сөйтіп әуірің-
Иман-жанның жарығы,
Кешуі тар сол жолда,
Хабардар бол, а, пірім, -

деп барып тоқтаған.

- Бұл кімнің сөзі? - деп қалды Айнамен бірге келген Оразбек.

Жаңыла айтып, ұятқа қалмайық дегендей, отырғандар біріне-бірі қарасқан. Сол үнсіз қиналысты тағы Құл Мұхаммед бұзды.

- Жыраудың жыры өлмейді де жатпайды. Шортөкеннің талай сөзі қазақ даласын көшіп өтті, сонау Шәуешектегі туыскандардың көңілінде жатталған. Дұшпанның табанына түскен елдің намысын осы кісідей-ақ қорғаса болар еді, - деді Құл Мұхаммед.

- Иә, жақсының атын ауылынан үш күншілік жерден есті деген осы да, - деп Кәдір Құл Мұхаммедтің сөзін қостады.

- Жүзін күнде көрген соң, арамыздағы жайсаң ғой деп жүре беретін ғадетіміз емес пе. Қолда бардың қадіріне кім жеткен, - деп Жанғұтты іштегі өкінішін білдірді,

- Оқу-тоқуы жоқ жұртқа әу деген ақынның бәрі алтын боп көрінетіні рас емес пе. Солардың ішінде бәйтеректей боп өзіне шақырып, өлең-жырының саясында жанына да, тәніне де пана болып, өмір деген өткінші уақыттың әр мезгілін еріксіз ойлантатын туынды осы Шортөкеннің жырлары ғой, - деп Дүйсенбай бас изеп, кең шапанын шешіп, тершіген маңдайын сұртті.

Ұзынаққан Сарысуды,
Өзің жайлап, жағала,
Жүйрік пенен жорғанды,
Өзің мініп, бағала.
Балаң менен малыңды
Аузына бір алған соң,
Алмайды деген немене.
Айдамай тұрып солдатқа,
Зар қылмай тұрып жалды атқа,
Жаланаң мініп жауға шап,
Ажалдан бұрын өлер ме?
Нокталы басқа бір өлім,
Өлмей де пенде жүре ме?
Қатын-бала қамы үшін,

Қарсы шап та, мылтық құш,
Құр жабырқап, жүдеме. -

деп Құл Мұхаммед Шортанбай сөзін біраз айтып-айтып барып тоқтаған.

Жолшыбай кезіккен бұлаққа ат шалдырып, қайта жолға шыққан Шортанбай жыраудың есіне жазмышта жазылған осы өмірінің ішінде қазақ даласының сан түкпірін аралағаны орала береді. Көңілінде ерекше жатталғаны

Ұлытау сапары екен. Ол жақта Бағаналы елінің аға сұлтаны Ерденнің заманында келген Қорасан қожаның Құрбан атасынан шыққан Әлқожа Шейхтың ұрпақтарына жолыққан. Хазірет Әліден тараған Әбдіжәлил баптың ерлігі аңыз боп тараған. Ол кісінің ерен тәуіптігі де бар екен. Сол тұста халық арасына қорасан ауруы тарап, көп шығын болса керек. Әбдіжәлил бап қорасан ауруын тоқтатудың алғаш емін де тапқан екен. Соған аса риза болған ел ол кісіні Қорасан ата деп атап кеткенін Шортекең бұрыннан да білетін

Әлқожа Шейхтің ұлы Смайылдың баласы Райс екеуі қазақтың қасиетті жері Ұлытауды бірге аралады.

Ұлытаудың әсем биігі Едіге шыңында Едіге батыр жатыр. Шаншылған биікке шығу да оңайға түспеген.

- Түстік жақтан шығу жеңілдеу, бірақ тым ұзақ жүруге тура келеді, - деген жолбасшы жігіт. - Шыға берісі және тіп-тік.

- Ендеше терістік жағынан көрейік.

- Бұл жағы жып-жылтыр тастақтау екен, - деп Райс өкінгендей болды.

Едігенің шыңына шыққанда күн де кешкірген. Көлбеу түскен күннің шапағы Ұлытаудың жоталарын сан құбылтып, түрлендіріп әкетеді екен. Қиналып шыққан тәннің шаршағанын тау сілемдерін қуалай ескен майда леп суырып әкетіп жатты. Сонау алыста әмір Темір әлденені қорыту үшін салдырған өртек пештердің қалдығы жатқан Алтын шоқы көзге елес береді. Күн батыста Кіші тау жатыр. Айнала жұмақтың төріндей бір әлем. Едіге батырдың осы жерді мәңгілік орыны етіп таңдауы тегін емес-ау. Тап шоқының басында, жап-жалаңаш тастың үстінде тастан үйілген қос қорым тұр. Айтуларына қарағанда, батыс жақтағысы Едіге батырға салынған қорым.

" Тасқа да, қияға да өрмелеуге ыңғайлы екі аяқты біз зорға шықтық. Батырдың мүрдесін мына биікке қалай

жеткізді екен? - деген көңілге оралған сауалды Шортекен айтып та қалды.

Жас та болса да Райстың осы сұраққа іздеген жауабы бар екен.

- Осы жайды мен де үлкендерден сұрастырып едім. Адам жеке басын алып шыға алмайтын шыңға мүрдені жеткізу маған да кісі сенбес қиялдай болып көрінген.

~ Шынында бұл сұмдық қой, - деп жолбасшы да костады.

- Едіге батырдың өзінен басқаға жалын сипатпайтын асау мінезді аты болған екен. Соған мүрдені теңден, атты қаумалап, биікке қарай айдаған екен, сол жануар осы биікке алып шығыпты.

- Иә, адамның айласынан ештеңе аспаған, - деп Шортекең таңданыс білдірді.

~ Түйе мына биікке аяғын баса алмас еді, - деді Райс.

Әрнеге көңіл бөліп жүрген жігіт Шортекеңе ұнады. Түбі сен де сөз ұстаған азамат боларсың деп іштей топшылаған.

~ Райс, Әлқожа Шейхтан қалай-қалай тарайсындар? ~ деп сұрады.

~ Әлкеңнен Смайыл туған. Смайылдан Құрайыш, Райс, Уәйіс боп келеміз.

Осы бір тәтті елесті ойдан Ниханбайдың:

~ Шыңғыстау етегіне де іліктік, - дегені бөліп жіберді.

Әуезханның үйіне ат басын тірегенде көз әлі байлана қоған жоқ еді. Ит үргенге шыққан Әуезханның өзі екен.

~ Ассалаумағалейкум, - деп аттан түскен Шортекеңе қос қолын ұсынған.

- Уағалейкумассалам. - Екеуі қауышып, төс түйістірді.

~ Әй, Омархан, атты байла.

~ Шырағым, Омархансың ба? Бері келші, бері, ~ деп Шортекең жігітті шақырып, маңдайынан иіскеді. ~ Көрмегелі қай уақыт, соқталдай жігіт болыпсың.

Төрге озған жырау мен серіктеріне әуелі қымыз әкелінді. Үлкен тегенедегі қымыз ұзақ сапырылды. Сапырған сайын көбіршіктенген қымыздың иісі танауды қытықтап, сілекейінді жұтындырған. Бірер шара сусынды тастап жіберген соң ғана;

~ Иә, Шортеке, жол болсын, - деп Әуезхан жөн сұрады.

- Бірге болғай. Осы жолы Семейден оралған бетім.

- Барарда біздің үйімізден қалай өтіп кеткенсіз? - деп танданды Әуезхан. - Ауыл жолдың үстінде. Қанымыз бір туыспыз, сыйлы ағамызсыз.

- Өкпең орынды. Бұл жолмен жүрсем, әрине соқпай өтпеймін ғой. Осы жолы Баянауылдатып шығып едім. Ауыл жақтан ерткенім мына Әбеу. Қарқаралыдан Ниханбайдың өзіммен бірге жүргенін жөн көрдім.

- Ә. Онда дұрыс екен. Әй, - деп дауыстады Әуезхан.

Әуезханның ынғайын таныған Шортекен:

- Әй, Әуезхан тоқтай тұр. Бір малды жығатынынды танып отырмын. Күн де кеш, оның үстіне атсоқты боп та келген жайымыз бар. Дайын дәмді ғана істет. Бас мүжу қашпас, - деп тоқтам айтты.

- Онда айтқаныңыз болсын. Арнайы асты бәрібір жасатамын, оны ертемен ұйқыны қандырып тұрып барып жерміз.

Қонаққа деп тігілген жеке үйдегі Шортекеннің ұйқысы келмей біраз жатты. Әбеу де дөңбекши берген. Ұйқыға кеткен Ниханбай ғана.

- Бұл жаққа туысқандарды Құнанбай әкелген деседі ғой? - деп сұрады Әбеу.

- Иә, ол рас сөз. Алғаш келген Бердіқожа деген кісі.

- Оған не себеп болды екен?

- Орыстың мақсаты қазақты шоқындыру ғой. Қай халық дінінен айырылса, үстем болған ұлттың айдауына көніп, айтағына жүреді де, ақыры тілін де ұмытып, жоғалып тынады.

- Өй, сұмдық-ай, - деп танданды Әбеу.

- Құнанбай аға сұлтан орыстың осы айлсын күні бұрын түсінген ғой. Сол себептен сол өзі тұстастарымен ақыл қосып, қазақты сақтаудың қамын ойлаған. Қаратау, Түркістан жақтан ұлы пайғамбар ұрпақтарын шақырған, мешіт-медреселер салдырған.

- Құнекен де көрген екен.

- Тегін адам емес Құнекен. Мына Әуезханның әкесі Берді қожа Қарнақтағы мешітте имам болған кісі. Балалары Әуезхан да, басқалары да дін оқуына өте жетік адамдар. Елге де беделді, сыйлы.

Ертеңгілік асты астауға салып, екі жігіт көтеріп әкеліп ортаға қойды. Шортекен асқа бата жасады да алдына жеке табаққа салған марқаның басын реттеуге көшті. Әуезхан

бұл дастарханға бар баласын да, немерелерін де шақырған екен. Жабыла сәлем беріп, жүгініп отыра қалғандарға қарап

- Шортекең аталарыңды көріп алыңдар. Енді кездескенде өздерің жүгіріп келіп сәлем беріп, аттан түсіріп алатын болыңдар, - деген.

- Мен аттан қорқам ғой, - дейді кішкенесі.

- Ал, сен қорықпа. Үстінде ата отырғанда ат саған тиіспейді.

Бұйырғанына құлақ, басқасына жілік-омыртқадан үлес беріп, Әуезхан қонақтардың енді мазасын алмасын деп, шығарып салған. Аяғын апыл-тапыл басқан ең кішкенесі ғана атасының алдында жіліншіктің майлы басымен бет-аузын сипалап отыр.

- Сіз бен біз мәңгілік емеспіз ғой, Шортеке. Мына балалар көрсін деп әдейі кіргіздім. Ертең өскенде жырау атаны осылай көргенбіз, қолымызға жілік ұстатқан деп, айта жүреді ғой, - деп Әуезхан сыртқа шығып кеткен балалардың соңынан жалтақ-жалтақ қарады.

Шортекеннің қай уақтан асты тартына жейтін әдеті. Марқаның еті толық асылған екен, астаудың шеті ғана кеміді. Шортекенге қарап Ниханбай мен Әбеу де тым сұғына жемеуді әдетке айналдырған.

- Лақ сүмбіле туды ғой, қазір лақтың еті ғой нағыз сіңімдісі, - деп қалды Омархан.

- Осы лақ сүмбілесі қайсы, - деп сұрады Әбеу.

- Шілденің соңында Үркер туатынын білуші ме ең?~ Шортекең қолындағы етті тарап жеп, Әбеуге қарады.

- Оны көрдік қой.

- Үркер шоқ жұлдыз ғой. Сонан сәл теменде кішірек жалғыз жұлдыз тұрады. Соны Лақ сүмбіле дейді біздің ел. Көшпелі жұртпыз ғой, аспан әлемінің жұлдыз атаулары мал баққан елдің шаруашылығына қарай аталған.

- Солай-ау осы, - деп Ниханбай да таңданыс білдірді.

- Сонан кейін Таразы туады. Қыркүйекте үш Арқар көрінеді. Үш Арқардың соңына Сүмбіле атты жалғыз жұлдыз ілеседі. Оның көрінуі қыркүйектің жиырма бесі шамасына келеді. Сүмбіленің суы жүріп пе деген сөз бар ғой. Сүмбіле туғанда жауын-шашын болса, көденің түбі көгеріп, қыста малдың арымай шығуына сеп болады.

- Қамбар дегенде жұлдыз бар ғой. Осыны түгендеп беріңізші, - деп Омархан Шортекенге қарады.

- Ас ала отырыңыз, - деп Әуезхан дәмдісін Шортекеңнің алдына қарай сырмалады.

- Ә, мұның дұрыс. Білуге құштарлығыңды құптаймын, - деп Шортекең Омарханға ризалықпен қарады. - Ондай шоқ жұлдыздың бары рас. Қамбар - жылқышы атаның есімі ғой. Сол шоқ жұлдызға барлай қарасаң, жылқы бейнесін тапқандай боласың. Бұл жұлдыз қарашаның орта шамасында туады. Сол кезде жауын болып, түнгі суықта шөп басына мұз тұрады. Оны сірге дейді. Сол сірге жылқының ішіндегі төлге қауыпты. Биенің ішіндегі төл сол кезге дейін көлденең жатып үлгермесе, шөппен бірге жұтқан мұздан мал іш тастайды.

- Түу, аспан әлемін де бір ғалымдай зерттеген екенсіз, - деп Әуезхан риза болды.

Сорпа әкелінді. Құрт қосқан сорпаны бір ұрттап, Шортекең кесесіне тағы қосымша құрт салдырып, әбден араластырды.

- Қой еті қорғасын дегенді естіген шығарсындар?

- Естідік қой, - деді тағы бір әңгіменің шеті шығарын болжаған Омархан Шортекеңе қарап.

- Асты беру де, асты дайындау да ғылым. Сол ғылымға қазақ өз үлесін қосқан.

- Ас ішу де ғылым ба? - деп танданды Әбеу.

- Енді қалай. Анау күнбатыстың ағылшын, прансоз, неміс деген халықтары деннің саулығын асты дайындаудан бастап, ғылым қылып өрбіткен.

~ Ауру астан дейді ғой қазақ, - деп Әуезхан Шортекеңді қостады.

- Мына біз ішіп отырған құрттың асты тез сіңіріп жіберер қасиеті бар. Кейде майлы ас асқазанда кілкіп тұрмай ма. Сонда құртты сорсаң, лезде тарап кетеді. Міне, қазақтың ас қамына қосқан үлесі.

- Рас-ау, рас. - Әуезхан басын изеді.

- Қой еті қорғасын десе де қазақтың денсаулығына қосқаны - осы құрт қосқан сорпасы.

- Ас алмадыңыздар ғой. Қазақ бір қойдың етін бір өзі жемеуші ме еді, - деп қалды Омархан.

- Оның да жөні бар екен, - деп Әуезхан Шортекеңе қарады.

- Ол ерегісте ғана. - Шортекең әбден араласқан сорпаны ұрттады.

- Иә, ерегiсте. Оған да дайындалғанын көрдім. Обыр, бір койға тоймайды деген бір жігіт бар еді. Сол ертең сондай ерегiске барарда койдың құртын бұлақтың суына езіп, екі-үш тостағанын ішкенін байқадым, - деді Әуезхан. - Мұның қалай деп едім

- Ішімді тазалайды. Асқазаным ертеңгі егесте бірер кой етін сағынып тұрғандай үгітіп, сіңіріп жібереді, - дегенін естідім.

Ас ішіліп болды. Шортекең ұзағырақ дұға оқып, дәм қайырды. Сонан соң Құнанбай ауылына барып, сәлем беріп шығатынын айтып, рұқсат сұраған.

- Бірер күн жатып дем алмадыңыз ба? - деп Әуезхан қимастығын білдірді.

- Елге қайту қажеттілігі болып тұр. Амандық болса тағы келерміз.

- Онда...

Шортекең жиналып, шапанын кие бастаған.

- Иә,-деді Әуезхан Омарханға. - Мына кішкене ұлды Шортекеңнің орнына аунатып алшы, қасиеті жұғысты болсын.

Шортекеңнің буын-буыны босады. Жолыңыз деп талай адам ат сыйлады, құрметтегенім деп талайы түйе берді, шапан кимеген жері жоқ. Мына ырымның жөні бөлек-ау. Бұдан артық құрмет болар ма деп іштей егіліп, қазағының осы қасиеттеріне риза болды.

Құнанбай ауылына барып, апасы Нұрғаныммен амандасып қайтпақ болып, Әуезхан да бірге жүрді. Шыңғыстау бүгін қол созымдай жерде боп көрінді. Шыңғыстың Ханы да, Қарауылы да бір-біріне жалғасқан жоталардан бөлек те, ерекше.

Сол жақтан ескен самал жел ақбоз аттың жалын желбіретіп, жүрісті жылқының басын шұлғығанына қосылып, сусылдатып жіберді. Шортекең боз аттың сұйықтау боз жалына қызығып ат үстінен тарамдады.

Иә, Құнанбаймен сапарлас та, сырлас та болған. Сонау-онау жылдары қазақ даласын орыс патшасының мұрагерінің бірі аралайтын болғанда, осы Құнекең Шортанбайды болыс-билерге қосып, өзімен бірге ала жүрген. Сол сапары ұзақ уақыт ойдан кетпеген. Ертістің бойындағы шұрайлы жерді мұжықтар басып қалыпты. Ертістің суына қазақтың малы етіп, қанып ішуі де қиынға

айналған екен. Осындай жерді мұжық иеленіп қалғанын көріп, патшазаданың аса риза болған көңілін де таныған. Сонда Шортанбай қазақтың Қара Ертісін дұшпанға қимай:

Ертістің басы кара дөң,
Енкейе біткен кара адыр.
Арка деген құба жоқ
Айнала біткен көл екен.
Атты керденестірген,
Арканың тарлау шөбі екен.
Жігітті керден өсірген,
Ат пен малдың демі екен,

- деген.

Бұл кезде жетпістің жуан ортасынан асқан Қүнекең ел ісіне араласуды қойған. Ағайынның билігін Тәкежан, Абай, Ысқақтарға беріп, сырттай ғана бағады. Ақыл сұрап келген ағайынға жөн айтып, ақсақалдық танытқаннан аспайды. Баяғы бір кездегідей малдас құрып, ұзақты күн дау-шарға билік айту да жоқ. Қүнекеңнің әділ билігі деп арнайы іздеп келушілер де жоққа тән. Билік болыста, не одан жоғары орыстың заңына қарай ауысқан, ата жолынан ада қалған жұрт та сол жаққа қарай телмірген.

Орданың төрінен сол жаққа қарай жиналған төсекке арқасын сүйей отырған Құнанбай сәлемшілерге анықтай қарап, Шортанбайдың қолын ұзағырақ ұстады. Төрге орын нұсқап, келгендер жайғасқан соң:

- Ә, Шортанбай, көріспегелі талай уақыт өтті, елің аман, денің сау ма?- деген.

- Шүкір, Қүнеке. Әдейі бұрылып, сізге сәлем берейін деп келдім.

- Онына рахмет.

Шортекеңді енді ғана жыға таныған Нұрғаным да туысқандық ниет танытып:

- Үй-ішіңіз аман ба? - деп жылы сәлемдесті.

Күтуші әйел әкелген қымызды Нұрғанымның өзі сапырды. Күміс ожаумен ағаш шараға құйылған қымыздың алды Қүнекене, онан кейін Шортанбай мен басқаларына кезегімен ұсынылды. Қымыз балдай екен. Жұрттың сүйсінгенін таныған Нұрғаным да:

- Сабаға кеше ғана қырдасын салдырып едім, - деп қалды. Қырдасын деп бұл жақтың торсық, саба тіккенде пішуден қалатын ысталған терінің қиындысын айтатынын

Шортекең білетін. Оның қымызға ерекше иіс беріп тұратын қасиеті де бар. - Қымыз тамаша екен. Тіпті ішкен сайын, сіңе беретін, - деп шараны қайыра ұсынды.

Сәлем бере кірген Шортекеңнің қолын алып тұрып:

- Әркім туысқанын іздейді ғой, жырау аға. Құдайылығына келсек, Нұрғаным шешеме амандаса кетуге келген шығарсыздар, - деп әзілдеді.

~ Беу, Абайжан, сен екенсің ғой. Әзілің жарастықты, - деп күлді Шортанбай да.

- Көрші ауыл, мына Әуезкеңнің үйіне келіп жатыр дегенді де естімеп едік. Сізге сәлемді іздеп барып беру бізге борыш қой.

- Жүрістің де, сәлемнің де реті осылай боп тұр, Абайжан. Тек елдің амандығын айт.

Қымызын асықпай ішкен Құнанбай жырау мен баласы Абайдың арасындағы жарастықты қауышуды танып, қозғалақтап барып:

- Ел қамын айтқан сан сөзіңді естіп жүрміз. Ел разы өзіңе

Әуелгі қорлар зор болды,
Сондай зорлар қор болды.
Әуелгі барлар жоқ болды,
Сондай жоқтар боқ болды.
Жөн білмейтін жамандар,
Ел билейтін бек болды.
Көтере алмай билігін,
Ұласқан үлкен кек болды.
Ниетіне қазақтың,
Тым-ақ тәуір еп болды.
Заман ақыр болар деп,
Сол себептен қорқамын,

- дегенің бүгінгі күннің анық шындығы ғой. Осыны сен айтпағанда кім айтады. Осы жамандықтың алдын аламыз деп уақытыңда біз де біраз арпалыстық. Сол үшін аға сұлтан болдық, болыстық еттік. Бәрінен қайран болмады. Уақыт жат жұрттар үшін жұмыс істеді. Билік, тізгін солардың қолында болды. Енді, міне отырғанымыз, - деп Құнанбай шарасыздық танытып, алақанын жайды.

- Е, Құнеке, соншама шаршайтындай сізге не болды? Әлі де сізді тыңдайды, әлі де сөзіңіз өтімді. Әлі де кәрі-жасқа жөн сілтейтін жағдайыңыз бар. Әлі де сізден үлгі алады, - деп Әуезхан ел ниетін жездесіне жеткізіп қалды.

- Оның дұрыс кой, бірақ заман да өзгерді ғой, - деп уәж айтты Құнекең.

- Шортекеңнің жаңағы бір сөзінің жалғасы былай емес пе еді, - деп Әуезхан жалғады:

Қыс көбейді - жаз аз боп,
Бай таусылды - мал аз боп,
Ағайыны көре алмай,
Атаға бала араз боп,
Әр нәрсенің болжалы,
Келе жатыр жақындап.

- Осылай еді ғой.

- Паһ, айтқан-ақ екен, - деп Абай Шортекеңе қарады.

- Сөз-ақ екен, - деп Ниханбай қопаңдап, жамбас ауыстырды.

Құнанбайдан рұқсат алып, тысқа шыққан қонақтарды Абай өз үйіне шақырған. Шортекеңнің Абаймен жүздеспегеніне де үш-төрт жылдың шамасы болып қалыпты. Әкесінің тапсыруымен Қоңыр төреге барып, келе жатқанда Тағылы мен Бұғылының арасына жете қою қараңғылық басқантын. Айсыз қараңғы түн еді. Қараңғы түнде осы бір ойпандау жер жап-жарық болып жатты.

- Мынау қалай? - деген таңданған Абай.

Осы жер өстіп қараңғы түнде жарқыранқырап жатады, - деді жолбасшы жігіт. - Содан болар, жергілікті халық бұл жерді Жарық деп атайды.

Еш ауылға соқпай түннің бір уағында Тесіктасқа жақын отырған Шортанбай ауылына келіп түсті. Шортекең жолсоқты боп келген Абайды жібермей үш күн қонақ етті. Әңгімелері шығыс пәлсапасы, шығыстың ғұлама ақындары Хафиз, Рудаки, Науаи. Ислам мәдениеті жеке әңгіме. Соның бірінде Шортекең Абайға:

- Омар һәямды естуің бар ма? - деп қалды.

Абай күліп жіберді де парсыша:

Паш аз ману ту лайлу нахоре будаст,
Гарданда фалак бар сари коре будаст
Зинхор, кадам ба хок охиста хихи,
К-он мардумани ғашми нигоре будаст,

Ал мұнысы біздіңше "Ғайыптан күдік, жолымыз қайда барады, өмірдің мәнін кім қалай ұғады, тамаша жандар ертеңі тағы күл болған, кім бұған жауап береді" дегенге

саяды ғой деді. Өзі де парсыша жетік білетін Шортекен Абайдың Омар һәямнің өлеңін келістіре оқып, қисынын келтіре тәржімалағанына тебіреніп, тамаша рубайдан сусындағандай көзін жұмып біраз отырған. Сонан соң:

- Осы ақындардың бастауында Хазірет Әлі бабамыз жатқанынан хабарың бар ма? - деді.

Отызға жаңа іліккен Абай:

- Солай ма еді? - деп таңқалысын жасырмады.

Шортекең қағаздарын аударыстырып, қолжазба кітапты қолына алды да әуелі күбірлеп оқыды.

- Хазірет әлі төрт шариярдың бірі. Ол кісі батыр да, ақын да болған адам. Хазірет Әлінің өлеңдерін араб тілінен Науаи аударған екен. Міне, тыңда мына өлеңін.

Жарлық хатты жазарда жаның ашып,
Ашуының тасқынын алғын басып,
Буырқанған өзенге аққан тасып,
Өзің түсіп кетпегін қара басып.

Бұл кісі ойын жеке-жеке шумақтармен тізген ғой, - деп Шортекең әрі қарай жалғастырған.

Қарабеттің өз ісі өзіне ұнар,
Жай жүргенді бұзық деп ғайбат қылар.
Жаман әдеп көрсе, оның көңілі тынар,
Жақсыны жамандауға жаны құмар.

- Хазірет Әлі бабамыздың мына сөзі бүгінгі күнгі дәл бізге айтылғандай екен. Осы күнгі өсекшіл, арызшыл жұрт қой мынау. Оқи түсінізші, - деп өтінді Абай.

Хақбердіелге ілім сыбағасын,
Күн нұры, саялы бақ ғұламасын.
Ілімнің алған биік дәрежесін,
Кісі бар хандай сыйлар қара басын.

Өмірберген, ой берген, сымбат берген,
Сымбаттыға сай киім сыйлап берген.
Тіршілікте жанға азық жинап берген,
Жаратқан өлмек берсе, тұмақ берген, -

деген шумақтарды оқып, Шортекең кітабын жанына қойған. Абай қолын созып;

- Рұхсат етіңіз, - деп кітапты алып, аударыстырып қарап шықты да оқи жөнелді:

Елден ел қашканының жаманын біл,
Ақуалдың бақытсыздық самалын біл,
Ұлы статус болудың амалын біл
Ғаламдағы халықтың хабарын біл.

Дүниеге көзін тігіп, атып өтті талай жан,
Бақылдақтың батпағына батып өтті талай жан
Азғындықтың азапты уын татып өтті талай жан,
Дүниеге бірін-бірі сатып өтті талай жан.

Шаттанған әділ кәсіп еңбегіне,
Кім кепіл, саған қасірет келмегіне.
Өзіне міскіндікті жөн көргін де,
Соңынан менмендіктің ерме мүлде.

Абай Хазірет Әлінің кітабын тәуәп еткендей көкірегіне
басып, сәл отырды да

- Күнбатыстың ағылшын, прансоз, немісінің бүгінгі
жеткен пәлсапалық ойын төрт шариярдың бірі Хазірет Әлі
мұсылмандықтың бастау кезеңінде-ақ айтып кеткен екен
ғой. Бар жақсылықтың бастауы жатыр ғой мұнда, - деп
тебіренді.

- Әрбір жүректің өзіне лайықты ісі бар, - деп кеткен
екен Хазірет Әлі ғұлама, - деп тағы бір ойға жетеледі
Шортанбай жырау.

- Мұсылман дінінің адамзатқа ақырғы пайғамбары
арқылы жеткеніне де мың жылдан аса уақыт өткен екен.
Ізгілікке бастаған сол ілімнің қазақ еліне сол заманнан бері
әсері барына дау жоқ. Сізден бұрын өткен Шалкез, Мөңке,
кешегі Бұқар жырау, замандасыңыз Дулат, Мұрат, мына
сіздің өзіңізге тәлім берген, ізгілікті аңсатқан сол ілімнің
асқақ пәлсапасы дер едім, - деп Абай тың ой қозғаған.

Шортекең сол жолы жас Абайды ерекше танып, аса
ризалықпен аттанған еді.

Енді, міне, Құнекене сәлем бере келіп ұшырасқанына
іштей аса қуанды. Абайдың бәйбішесі Ділда жырауға иіліп
тұрып сәлем берді. Қонақтарды жайғастырып барып Абай:

- Балалар қайда кеткен? - деді Ділдаға.

Шешесі жауап беріп үлгергенше есіктен көрінген екі
бала қонаққа қарап сәл бөгеліп, қос қолдарын ұсынып,
сәлемге ұмтылған.

- Әбіш, Мағыш деген жігіттер осылар болады, - деп
Абай да оларды көтермелеп қойды.

Ауылдың жырауға сәлем берейікші деп келгендерінде жік жоқ десе болады. Солардың ішінде Көкбай сияқты бірен-сараны, Шәкәрімдей інілері ғана "әнгіме тыңдаймыз" деп қонақтардан төмендеу отырысты.

- Мына жұрттың ниетін таныдыңыз ғой, жырау аға. Осы ауылда біраз күн аялдатпай жібере қоймас, - деп Абай алдағы күннің қамын да айтып қалған

- Абайжан, осы жолы соның реті келмейін деп тұр. Топырақтан тысқары болсақ, көп кешікпей қайта айналып келеріме уәде берейін.

Шортөкеннің қызыл шырайлы жүзі күреңітіп, нұрлы кезі солғынданып, бір жайсыздық барын сездіргендей. Жыраудың өңіндегі өзгерісті байқаған Абай:

- Қап! Айтқаныңыз болғай, - деді. Сонан соң жұртқа қарап, - мына Әуезхан әуелі Нұрғаным апасына соққан екен. Сонда Қүнекен де, Әукен де жыраудың бір жырын айтып еді, аяғын мен жалғайын.

Ағашты тауға үй салып,
Алды көпір алқымдап,
Елді еркіне қоймады,
Буыршындай тақымдап.
Дуан басы, болыс тұр,
Көпірдің сөзін мақұлдап.
Бейшараның пұлы жоқ,
Қорыққаннан қақылдап.
Жарыса кірген жақсылар,
Аша алмассың көзің деп,
Сол себептен қорқамын.

- Біздің Абай жыраудың жырын жаттап алған-ау, сірә,
- деген Әуезханның үнінде мақтаныш жатқан.

- Менің ағам кітапты көп оқиды, - деп Әбіш бала да әкесі мен жиналғандарға жалтақ-жалтақ қарады.

- Жыраудың осы сөзінің жалғасы бар еді, - деп Көкбай іле жөнелді.

Жарлы, кедей, жоқ-жітік,
Қорлықпенен күні өтер.
Таңда-махшар күн туса,
Таразыны аударар.
Жаһаннам деген дозақта,
Шайтан болар жолдасы.
Құбыласын білмей құл,
Сонда тартар жазасын.

Кешірмейді құдайым,
Бес намаздың қазасын.

- Қорлықпен күні өткен жоқ-жітік күндердің бір күнінде таразыны аударар деп отырсыз-ау, абыз аға. Тап осындай ойды батыстың ойшылдары жазды дегенді жер ауып келген Семейдегі бір орыстан естіп едім, - деп Абай жырауға жалт қарады.

- Байлыққа жақындаған сайын, мақсаттан алыстай түсесің деген Хазірет Әлі бабамыздың сөзі бар. Байдың кедейге қарайласуы - мұсылманның парызы.

- Бәсе, сіздің:

Байлар ұрлық қылады,
Көзіне малы көрінбей,
Билер жейді параны,
Сактап қойған сүріндей.
Заманың сенің құбылды,
Текеметтің түріндей
Ойлағаны жамандық,
Жарадан аққан іріндей,

- дегеніңіз осыған саяды, - деп Абай тақпақтап барып тоқтады.

Шортанбай жыраудың жүзіне күлкі үйірілді. Сонан соң:

Бай алады кезінде көп берем деп,
Жетпей тұрған жерінде тек берем деп.
Би мен болыс алады күшін сатып,
Мен қазақтан кегінді ап берем деп,

- деп өзің де айтып жүрсің ғой, Абай-ау, - деп жырау мейірлене күлді.

Абайдың:

Ел бұзылса, табады шайтан өрнек,
Періште төменшектеп, қайғы жемек,
Өзімнің иттігімнен болды демей,
"Женді ғой" деп шайтанға болар көмек,

- дегені де бар деп Көкбай да Абай сөзін ортаға салды.

- Иә, - деп күрсінді Шотекең. - Ел бұзылса, табады шайтан өрнек... Тауып айтқансың, Абай. Елдің бұзылмасына не шара? Жау алқымдап алған соң, енді елде не қайран. Айғыр айтып сойсаң да бұрынғы заманың келер ме. Келмесе елге не жол бар? Мың сауал. Ендігі үміт сендерде ғой, Абай.

Сап, сап көңілім, сап көңілім!
Сарка берме санасын.
Бәрін өзін білсең де,
Әлі-ақ өзін танасың.
Өргенесін, жанасың,
Өз-өзіңнен бейнетке,
Өз басынды саласын.

- депсің, Абай. Сабыр түбі сары алтын, соны көруге жазсын сендерге.

- Шіркін-ай, Шортеке-ай, сізді ұғар сұлтан да, болыс-би де жоқ қой, - деп өкінді Әуезхан.

- Падишаның сыйдығынан қара халықтың сынағаны абзал, деген екен Хазірет Әлі батыр. Менің тірлігім, барым, болашағым өздеріңмен, халқыммен бірге.

- Адамды үміт жетелейді екен, Шортеке. Сіздің бізге артқан үмітіңізді менің әкем Құнекен де, оған оның әке-бабасы да сеніммен жүктеген сияқты. Сонда көксегендері шексіз-шетсіз даланы жайлап жатқан халқының ешкімнің боданы, құлы болмай, еркін өмір сүруі екен. Сіздің

Өлмей адам жүре ме?
Қатын бала қамы үшін.
Қарсы шап та мылтық құш,
Құр жабырқам жүдеме,

- дегеніңіз де сол бостандықты аңсаудан туған ғой, - деп Абай тың ой тастады.

- Тереңге сүйредің-ау, Абай, мені. Бостандық құл болып, құрын кетпеу үшін қажет. Біреуге бостандықты тағы біреу әкеп бере алмайды. Бостандықты түсіну оның өзінің ішкі көкейінде болмаса, ол бәрібір құл Көкірегін меңіреу болса, Алланың берген сыйы еркіндікті өзін аяққа таптап, өзінді құл көріп, еркіндікті аңсаған басқаны сол құлдыққа мәжбүрлейсің.

- Сол еркіндікке ұмтылу керек емес пе? "Қарсы шап та, мылтық құш" деп сол жолға шақырып тұрған жоқсыз ба? Еркіндік өз-өзінен келмейді деп және айтып отырсыз.

- Еркіндікке ұмтылу да бар, және оның астары да бар. Соны ұға білу қажет.

- Хан Кене кеше сол үшін жанын пида етті емес пе, - деп сөзге Көкбай қосылды.

- Хан Кене ат ойнатып қазір келе қалса ғой, - деп қалды жастардың бірі.

- Онда да өкініш басым болар, - еді деп жауап қатты Шортөкен.

- Неге? - деп Көкбай жырауға бұрыла қарады.

- Кенесары ханның соңына сол кезде де бар қазақ бірден қосыла алмады. Лауазым-билік үшін орысқа бас иген де болып бақты. Иә, оның артының не екенін халық бүгін түсініп, көріп отыр. Әлі де көрешегі алда.

- Иә, иә! Біздің де айтып отырғанымыз осы, - деп Көкбай үстей түсті.

- Бүгін бар қазақ бір күнде бір кісідей атқа мініп, хан Кененің соңынан ерсе де, дұшпанның қыл дұзағын үзіп кете алмаймыз.

- Шортөке, соншама не көрініпті бізге? Ата-бабамыз дұзаққа көнбеген ел емес пе едік, - деп Ниханбай өкпелегендей болды.

- Заман өзгерді. Ата-бабамыздың айқасқан жауы да өзіміз сияқты сойыл-шоқпар, найза-қылыш ұстаған. Ол келмеске кетті. Жүз батыр қазақ бір мылтықтың, жалғыз зеңбіректің аузына сыйған мына заманда оған жалаң сойыл, найзамен не істей аларсың. Мыңын қырылып, жүзің өлімші боп, зеңбірекке жалғыз жеткеніңмен, оны қылышпен турап тастай алмайсың. Міне, ұтылған жеріміз осы.

- Енді сонда... Сонда өстіп мына кәпірдің табанын мәңгі жалап өтпекпіз бе? Бұл деген не сұмдық? - деп ашынды Көкбай.

- Жок. Енді елді сақтаудың да, еркіндікке барудың да тәсілі басқа болуы керек.

- Еркіндікке ұмтылудың астары бар дедіңіз, ол осыған саяр, - деді Абай.

- Дәл түсініпсің, Абай. Ендігі тәсіл оқу мен өнерде. Мына іргеде жатқан өзбек бауырлардың қаласына барып, шыт тоқығанына таңбыз, түйеге артар бір кісілік зеңбірегі барына бас шұлғимыз. Ана күнбатыстың халқы мұхиттарда жүзетін алып-алып кемелер, сан қилы зат жасайтын зауыттар салып, бізден көш ілгері кетті. Бұған қол жеткізген оқу, білім. Өнердің негізі білімде.

- Осы айтқаныңыз менің де көңілімнен шығып тұр, абыз аға, - деп Абай Шортөкене риза бола қарады. - Шыңғыстың Шоқанынан да басқа талай жастың оқу іздеп жүргенінің куәсіміз ғой.

- Иә, әзірше орыс өзіне қажеттісін ғана оқытып жатыр. Түптің түбінде бар қазақтың баласы өнер атаулының бар

көзін игеруі керек қой. Сонда біздің озық елмен тереземіз тенеседі. Терезесі тең ел құлдыққа бас ұрмайды.

- Мұжықтың оқуын оқимыз деп балалар мұжық боп кетпей ме? - деп Көкбай ойдағы қаупін тағы тосқан. - Сол оқуында орыстың дінін дәріптейтін көрінеді деп естиміз.

- Дұшпанның көздегені сол болғанымен, біздің ойлағанымыз басқа ғой. Жер-жердегі мешіт-медреселер де баланың көкірегін мұсылмандықпен толтырып, ата-бабаның салт-дәстүріне мықтап негіздемесек, Көкбайдың бұл қаупінің де шеті көрініп қалады. Құнекең бастаған үлкендер әр жерде неге мешіт салдырды дейсің? Олар да осы қауіпті ойлаған, - деп түйген Шортөкен.

- Мәселе рухты асқақтатуда, соны бекітуде деп отырсыз ғой? - деп Абай да қостағанын білдірді. - Білімді тәліммен ұштасақ деген ой барын әл-Фарабидің жазбасынан көріп едім.

- Дұрыс айтасың, Абай. Бізден бұрынғы ғұламалардан сөз қалған жоқ. Жаңалықтың кебі бұрынғыны жаңғырта білуде ғой.

- Ай-ай! Мына орыс өзіне пайдалысын ғана көздейді ғой. Сол біздің көздегенімізге жол бере қойса, - деп Көкбай тағы өкінгендей болды.

- Басына туған күннің ауыр екенін түсінген, тапқан несібесінің бала-шағаға қандай қиындықпен барарын көзі көрген халық сол қасіреттен құтылудың жолын да өзі іздейді. Бүгін есенгіреген халық ертең есін жинап, өз тізгінін өзі ұстауға тырысады, - деген Шортөкеннің уәжіне бәрі тоқтаған.

- Иә, - деп Көкбай күрсінді.

- Біз басар жер, біз көтерілер мұнартқан шың енді біліммен, өнермен ғана әдіптелмек. Сол биікке халқым қалай барады деп қамыққан сізді абыз дегенді еліңіз айтқан. Ақыл қазына, өнер ертеңгі күн ғой, - деп тоқтады Абай.

- Бұл пәни дүниенің біраз күндік қонағымыз да, - деп жырау қысқа қайырды.

Бір қонып, ертемен аттанған қонақтардың соңынан ұзағырақ қарап тұрған Абай:

- Абыз! Қазақтың соңғы абызы боларсыз, - дегенін жел естіп, елге жеткізді.

Бұл кезде таңғы салқын ауаның жеңілдігін пайдаланып қалмақ болған Шортанбай жырау да ат тізгінін еркінірек

босатып, жүрісті үдете түскен еді. Жырау артта қалған ауылды қимағандай ат ізіне бұрылып қарады да, іштен ауыр демін шығарды. Неге асықты осы жолы, оны өзі де білмейді. Талай жылда бір соғатын осы Құнанбай ауылдары көңіліне ыстық көрінетін. Құнекене сәлем берген соң, анау Тәкежан, Абай, Ысқақ ауылдары кезекпен-кезек шақырып, апталап жататыны да бар еді. Осы жолы олар өзінің келгенін де білмей қалды.

- Арнаулы бір малыңызды жеп кетіңіз, - деген Көкбайдың ауылына да ат басын бұрмады. Көкбайдан кінә жоқ, шақыруын екі айтты. Бірақ, өз ауылыма жеделдете жетсем екен деген бір тілек байыз таптырмады.

Талай белден асып барып, қазақтың көрікті мекені Шыңғыстаудың біржолата артта қалып бара жатқанын іштей сезеді. Жүрегі шым еткен. Атты бір жүйіткітіп жіберіп еді, әлі де ыстық көтерілмеген ертеңгі ауа сергітіп сала берді. Бетеге арасынан үркіп ұша шыққан бозторғайлар таяқ тастам ұзамай қонақтап, қайта ұшып, қанатын көз ілеспейтіндей жылдамдата қағып, көкке көтерілді. Шырқау биікке шығып алып сайрағаны қандай әсем. Орманды бұлбұл әнге бөлесе, даланы бозторғай күйге кенелтеді ғой. Шіркін, жалған, осысымен де тәтті ғой.

Ақбоз аттың атылатын жолбарыстай жылмандай майда басқан киік жорға жүрісіне Ниханбай мен Әбеу зорға ілесіп келеді. Артта қалыңқырап қойып, анда-санда шоқытып-шоқытып та алады. Күн арқан бойы көтеріле ыстықтың лебі білініп еді, біраз уақыт өткен соң шынымен жанып кетті. Айнала қапырық, аттың да, адамның да дем алуын қиындата түскен. Мөлдіреген көк жүзінде шөкімдей бұлт жоқ. Таңғы шық бу болып көтеріліп, айнала сағым теңізіне кірген. Көз көрім жер ғана ат тұяғына ілігетін топырақ тәрізді, басқаның бәрі жайымен ырғатылып, тербетіліп жатқан шетсіз-шексіз көл. Түс ауа сол қол жақтан көрінген осы теңізде жүзген шошақ кеме осы маңның жалғыз биігі Жорға тауы екенін Шортекең зорға таныды. Жорға мұнартып, сағым пердемен бетін бүркеп, ол да көз ұшында қала берді.

Бұлақ басына ат шалдырған. Ақбоз қана су ішті де, ішін тартып біраз тұрып барып, отқа бас қойды. Сонда да бұлақ басындағы шалғынның көк майсасынан өзіне керегін ғана таңдап жұлып жеп жүр. Әбеу бұлақтан еңкейіп су ішті, аузындағы құртын сорған Ниханбай беті-қолын ғана жуды.

- Шіркін, қымыз болар ма еді, - деді Әбеу.

- Қымызды ертемен, ыстық көтерілер алдында ішеді. Сонда ол қарын да ашырмайды, шөлдетпейді де. Қазір ішсең, тіліңді маңдайына жабыстырып, берекенді кетіреді, - деп Ниханбай жөн айтқан.

- Жолдағы ауылдарға соқпай келеміз ғой, - деп Әбеу тағы "асықпай жүрсекті" танытты.

Күнтөбеден ауып кеткен. Аюшатқа жалғас жатқан белеске шыға бере ат тізгінін еріксіз тартты. Қарсы алдында құлжа бастаған бір топ арқар өзіне қарай жөңкіліп келе жатыр. Бетпе-бет келіп қалған табын бұларды таптап өтердей. Шаңырақ мүйізін қайқайтып желкесіне салып, сатырлатып жетіп қалған құлжа аттыларды көріп, орғып жалт берді. Екпінімен келе жатқан табын да қол созым жерге жете бере, көздері шатынай пысқырып, бірін-бірі соға еңіске қарай салған. Табынның үрке қашқаны аян. Балта сабындай айналымнан қара ат мінген мұртты жігіт шыға келген. Ол да анырып, ат басын тартты. Жарау қара ат танауы делдиіп, еңтіге дем алған. Тілдесе кеткен Ниханбай:

- Құлық жігіті екен. Жоқ іздеп шыққанына біраз күн болыпты. Енді ауылдарына қайтқан беті екен, - деді.

- Қызығып кетіп, тұра қуғаным, - деп ақталды жігіт ұзап кеткен табынның соңынан қарап тұрып.

Алыстан көрінген Қызыларайдың шыңын сол қол жаққа тастап, Қушоқыны бетке алып жүріп кеткен. Осы жерде Ниханбай рұқсат сұрады. Қарқаралыға беттеген Ниханбай сонадай жерге ұзап барып, қайырылып қарап тұрып қалғанын көріп, Шортекең де ат басын сәл бұрып, қоштасу ишарасын жасады да Ақбоздың тізгінін босатты. Жолшыбай қосылған жоқшы жігіттің ауылы да осы жақта болған соң бірге ілескен. Қара ат та жүрісті мал секілді. Құлақты қайшылап, қанша барына салса да Ақбоздың жүрісіне шыдай алмай, ара-арасында бүлкілге де басқан.

Қушоқыға іліге күн де ұясына таянған. Кештің майда шуағы жолаушыларды аялап тұрғандай әсем еді. Жуықта, Үркердің толғағында, жердің ындынын қандыра жауып өткен жаңбырдан соң бұл жердің көдесінің түбі көгере түсіп, шалғыны қоюланғаны байқалды. Аттар жүрісінен жаңылмаса да сыр бергендей ме, қалай, деп қалды Шортекең. Тізгінді ұзарта түсіп еді, тізеден келетін шөпті бір екі рет жүре жұлып өтті.

- Кеш түсіп кетті, - деді Әбеу.

Оның ар жағында жуық мандағы бір ауылды тауып, дем алмаймыз ба деген сөз жатқаны ұғынықты. Мана күнбатыстағы бұйра-бұйра бұлттардың бауыры алқызыл шоқ болып тұр еді, олар да баяу сөнген. Айсыз қараңғы түнде жер бағдарын аса танымаса да біраз жортқан. Осы манда ауыл бар-ау деген жерден жолаушыға үрген иттің дауысы естілмеді. Жеті қараңғы түнде Ақбоз да үркектей басып, жиі-жиі секем алып келеді. Көз алдында қаруытқан биік тас шоқы екен, Ақбоз орағытып өтіп, пыскырынды.

- Бұйырған жер осы болар, ал түселік, - деп Шортанбай жырау Ақбоз аттың басын тартты.

Жоқшы жігіттің жанторсықтағы қымызын бөліп ішіп, тоқымды төсек, ерді жастық етіп жата кеткен. Жолсерік болған екеуі жамбасы жерге тие қорылға басты. Күні бойы шақырайған күннің аспаны да шайдай ашық. Шайдай ашық аспанның жұлдыздары да бүгін ерекше жыпырлай қалыпты. Жетіқарақшының сабындағы Үркектің қызы да ап-айқын. Неткен аңыз десейші. Жеті қарақшы Үркектің қызын ұрлап алып, енді Темірқазыққа арқандаулы Ақбоз бен Көкбоз атты ұрламақ екен. Сол сәтте таң ата береді. Жайшылықта көзге көріне бермейтін Қосақтың қос жұлдызы да бүгін анық көрінген. Жанында қой-қозы қамайтын Шеген тұр. Өрмекші жұлдызы көкке өрлеп қалыпты. Әне, әнебір жарқырағаны Өрмекшінің көзі. Аса биікке өрлемейтін Қарақұрт қана.

Кенет терістік-шығысқа таяу, Қарақұрт жұлдызының маңынан тағы бір жұлдыз жарқ етіп көрінді де, шамдай жарқырап, таяй бергендей болды. "Бұл қалай" дегендей ой кірген жыраудың жүрегі селк етті. Сол-ақ екен, шамдай жарқыраған жұлдыз кейін серпілгендей болып, көмескілене берді де сөнді.

Талығып барып көзі ілініп кеткен еді, ұйқылы-ояу, есеңгіреген халге түсті. Қасына түсі суық екі адам келгендей. Бұл жалғанда көрмеген адамдардың киімі де ерекше, жалт-жұлт етіп жарқыраған, өмірі қолына ұстап көрмеген мата. Жырау есеңгіреген қалпы "кімсіңдер?" деуге тілі зорға келген. Түсі суық кісі үстіне міне түссе де салмағы сезілмеді. "Мен Ғазрайыл, бұл жалғандағы уақытың бітті" дегені құлағында. Бір күн рұқсатқа аял сұрағандай болды. Үстінен түрегелген түсі суық кісі "ажалың ертең кешке болады" деп жүре бергені ғана есінде.

Сілкініп, орнынан тұрған Шортанбай жырау есенгіреген қалпын сылып тастағандай, ойы да сергек. Япыр-ау, осы мен не көрдім? Әкемнің қол бұлғап шақыруы да тегін емес екен деп ойлаған еді, манағы бір өң мен түстің арасындағы жағдайдың анық болғанына сенді. Сенді де, жолсеріктерін оятты. Таң да атып қалған екен. Аттарды ерттетіп, суыт жүріп кетті.

Жарастың Нұра өзеніне құяр тұсына жақын отырған Жанғұтты би ауылына күн көтеріле жетті. Астындағы Ақбоздың аламан бәйгеге қосылғандай ақ көбік болып келгеніне көзі түскен Жанғұтты да бұл келістің жайсыздау жағдайы бар-ау деп түйген. Әрі құдасы, әрі құрдасы Шортанбай жырауды қолтықтап түсіріп алып, жеке үй тігілгенше өз төріне оздырған. Сусын алдырған еді. Шортанбай жырау бірер жұтты да, рахмет айтып қайтарып берді. Жыраудың жанына ерген әрі атқосшысы, әрі балдызы Әбеудің де түсі өзгеріп кетіпті. Жайшылықта бір тегене қымызды басына төңкере салатын. Әбеу де бір шарамен ғана тоқталды.

- Барған жеріңіз аман ба? - деп Жанғұтты жайлап қана сауал тастаған.

- Тек құдайдан қорық, басқасын ойлап әуреленбе деген екен Хазірет Әлі бабамыз. Алланың ақ бұйрығынан хабар бар, - деп бастап Шортанбай жырау көргенін айтып шықты да. - Өз үйіме жете алмаспын, оларға да, дос-жаранға да хабар жіберерсіз. Жауыртауды қыстаған Асан Бұғы Қожаға арнайы адам барса, дұрыс болар еді.

- Айтқаныңыздың бәрі болады, - деп Жанғұтты жыраудың салқын тартқан жүзіне барлай қарап, шынтағына қос-қос жастық тастатты.

- Ал, Жәке, мен айтайын, қағаз ал да жаза беріңіз.

Жатқанда екі кісі түсіме енді,
Қасыма түсі суық кісі келді.
Кісінің сипатынан қорыққаннан,
Жапанда мен көрмеген кімсің дедім.
Өлгенде имансызқұл жолда қалған,
"Мен Ғазрайыл", пенденің жанын алған,
шүкір қыл, иман айтып Шортанбайым,
Құдайдан жетті бұйрық, келдік саған.

Жанғұттының жүйрік қаламы арабтың сұлу әріптерін ақ қағазға маржандай етіп төгіп отыр. Жырау да би үлгеріп жазсын дегендей асықпай жыр төгіп, жиі-жиі дем алған. Шортанбай жырау Жақсы Жәкеннің үйінде екен.

Жалғанмен қоштасып, өсиет айтқан сөзін айтып жатыр екен дегенге келген адамда жік жоқ. Жақын ауылдардан шауып келіп, аттан түсе салып, үйде орын жетпеген соң іргені түргізіп тастап, тыңдаған жұрттың өзі бір қауым ел

Жаралған Жөкем едің асыл зат кып,
Өзгеден бір кісі едің ақылы артық.
Алладан ажал жақын келді білем,
Кетейін енді сізге ғарыздасып.

- Япыр-ай, шынында да жырау бетін түзеген екен.
- Көрініп келіп алды деген осы, - десіп жұрт өзара сыбыр-сыбыр.
- Бізге бір насихат айтыңыз, - десті жырауға жақын отырғандар.

Адамның жалған дүниесі,
Дүние - жолдас кимасы.
Дүние жолдас демендер,
Көп болар оның күнәсі.
Өлгеніңше тою жоқ,
Түңілмей ырза болу жоқ.
Жалғанның арты жақын деп, жегенін казак кою жоқ.

- Рас-ау, рас. Боқ үшін жаға жырттысқан заман болды ғой бұл.

- Үй іші көре алмайды-ау, жыраудың өткенін.

Ауызды жиып алғанша болған жоқ, асығыстау аттан түсіп жатқандардың ішінен Аязбай көзге түсті. Келгендер Қояншы Кәдір, жыраудың қайынжұрттары Жәнібек, Текмұхаммед, Айна, Керней Қара би мен Дүйсенбай билер екен.

Жетім болып, ұл қалды,
Жесір қатын тұл қалды,
Ал көшіріп қасыңа.
Арканың дәмі жегенім,
Қазақтың сөзі дегенім.
Жүйрік болса сүйсем деп,
Сұлу болса сүйсем деп,
Күннен-күнге сәндендім.

Ауыл адамдарының біразы келгендерге орын босатып сыртқа шықты. Бір тізерлеп отыра қалған Жәнібек жыраудың сөзін әрі қарай жаза жөнелді.

Билер пара жемендер,
Жалғанды жолдас демендер,
Ақырет камын іздендер

Жалғанды бекер кезбеңдер.
Кісі ақысын алмандар,
Аузына харам салмандар,
Дүние жиып өткен жоқ.
Бізден бұрынғы пайғамбар
Старшын, болыс болам деп,
Ысырап қып малды төкпендер.
Ендігі туған балалар,
Атаның сөзін бұзбандар.
Үлкендер саған айтайын,
Тентек болма балаға.
Безер болма келінге.
Қадірің кетереліне.
Қарауыл кой сөзіне.
Қанша нәрсе ереді,
Өлгеннен соң өзіне.

- Пай-пай-ай, осыны ұғатын адам болса ғой, - деп Қара би басын шайқады.

Заман ақыр белгісі
Бірге туған бауырын,
Тату да болып жүре алмас.
Дұғай сәлем айтайын,
Төшкен менен Бұхарға,
Мұсылманның баласы,
Қор болмасын дұшпанға.

Шортанбай жыраудың жеделдете айтқан арғы сөзін тегіс жазып алуға Текмұхаммед пен Қара би де қосылған. Бесатаның бар баласына атап-атап сәлем жолдаған жырау Тобықты Құнанбай, Қияштың Нұрланы, Шорманұлы Мұса, Қуандық, Қоңырға арнап біраз насихат төкті.

Сәлем бере табалдырық аттаған Асан Бұғы төрге өрлемей тұрып қалды. Жайшылықтағы жыраудың қызылшырайлы жүзі ерекше қуқыл тартып, от шашып тұратын жанарының нұры басылып, төмендеп қалған екен. Қимады. Туысқан болса да ғұмырдың сан кезеңінде айтысып, өлеңмен бақ сынасып қала беретіні болушы еді, енді сол уақыттың да біткеніне көзі жеткен. Отырған жұрт "мына Асан Бұғыға не айтасың?" деп, осы жолы да жырауды айдап салғандай болды. Халі кетіп жатса да жырау басын көтеріп, күлімдеп, тағы да Асан Бұғыға тиісті.

Шортеке, ажал Алладан. Ажал болжаусыз. Енді осы соңғы сәтте сөздің жөнін айтып, қожа қанымыздың таза екенін мына жұртқа естірт, - дейді Асан Бұғы жырау дем алған сәтте.

- Ә, оның дұрыс, Асан Бұғы Қожа. Сауда істеген сон сені сарт деген едім. Оған енді ғафу.

Ойнап түбін сарт дедім,
Мені атадың қызылбас.
Екеуміз өстіп қаржассак
Екеумізді пір тұтқан
Ел қалайша бұзылмас.
Бұл айтқаным ақылым,
Аталас туған жақыным,
Қиямет күні кез болса,
Пайдасы болмас қапының, -

деген де орнына қайта қисайған. Іле Асан Бұғы да:

Қызыл сөзді Шортанбай,
Шындықты өстіп айтсаңшы,
Сүйекті қорлап, дақ салмай, -

деп келіп, жырауды құшақтап, көзіне жас алды.

Екі туысқанның кешу айтысып жатқандай болған жағдайы талайдың көзіне жас үйірді. Орамалымен маңдайын сұрткен болып, көзінің айналасына жүгіртіп өткен Дүйсенбай би:

- Алланың айт дегенін айтасыз ғой. Енді бізге келер заман қандай, сол туралы, соның сипатын жеткізсеңіз, - деп тілек қойды.

Шортанбай жырау аз-кем тыныстап барып, басын көтеріп, сөйлеп кетті:

Сауысқан, ала қарға - құстың құлы,
Басталар ақыр заман Жылқы жылы

- Не дейді? - деп шошынды біреу. - Жылқы жылы деген жақын ғой.

- Сөзді бөлмей отыр, - деп ренжіді Қара би.

Кейін келер заманда
Патшасы өліп орыстын
Күнболарқарсытұрысқан
Құл мен күні ту ұстап
Мұжығы сабар байларын,
Осыны да ойлағын.
Адамдары бір елдің,
Жауығысар жақ-ыжақ боп,
Қан төгілер тізеден.
Аман қалар бір жан жоқ,
Бірін-бірі күзеуден.

- Мынау бір сұмдық заман ғой, - деп Қара би жалтақтады.

Аздап дем алған Шортанбай жырау айналадағыларды сүзе қарап:

- Бәжең қайда? - деп сұрады

- Қарқаралы асып кеткен екен, қос атпен адам жібердік, - деді Жанғұтты би.

Иә, Байсейіттің де біраз жыл өте Байауырған деген жерде дүниеден өтерін кім біліпті. Бәженнің сонда Ботпай қалпеге "Құлашұнақ" атты саған тапсырдым, мені Аллаға тапсыр" деріне кімнің көзі жетіпті.

Шортекең жырлап кетті:

Отызыншы-отыз бірінші жылдары
Елдің ері еренде,
Жалғыз-ақ қара қалады,
Ұялмастан бұл кәпір,
Оған да салық салады.
Айналдырып бір күні,
Малдың еркін алады.
Сол уақыттың кезінде,
Ұмытпасаң тәубанды,
Түтін салар соқпаққа,
Түзу жолдан киялсан,
Жолығарсың күрзі менен тоқпаққа.
Келеуі жоқ кей білгіш,
Сол заманда шығады,
Құр жағдайын таппаққа.
Айтуға сөзің жетпейді,
Арызың тіпті өтпейді,
Жапалақтап көзің тұрарсың,
Не айтамын деп ақымаққа.

Сумен аузын жуған жырау бір сәтте:

Күйіп бір күймей немене,
Құр қызады делебе.
Сактасын жалғыз қайғыдан,
Көппен көрген-селебе.
Селебені елеме.
Айғыр айтып сойсаң да
Бұрынғы заман келе ме. -

деп кетті.

Жан-жақтан ағылған жұрт іргені жоғары түріңкіреп тастап, керегеге соғылысқан. Үй сүйегі сықыр-сықыр. Осы келгеннің бәрі де жыраумен қоштасып қалғысы келсе де

оған мүмкіндік жоқтықтан кезек-кезек керегенің көзіне
телмірген. Жұртқа жыраудың:

Кейінгі бір заманда,
Елдің басы аманда,
Доңыз ұстап, болыс әкімдер
Ел жақсысын дуалы,
Тірсектен алып тақымдар.
Дінін сатқан сол көпір,
Апатына өзі жақындар, -

дегені естілді.

Демі тарылған жырауды Жанғұтты би өз қолымен
сүйемелдеп жастыққа басын қойған.

- Жәке, - деді жырау. - Нағашымның іргесіне
жерлетерсің. Маған мазар салмандар, қитұрқы заман келе
жатыр. Менің жатқан жерімді білсе, сүйегімді де қорлауға
тырысар.

- Шортеке, оныңыз қалай? Ауру қонақ қой, - десе де
Жанғұтты іштей дұға оқып, жырауға дем салып жіберген.

Жырау көзін сәл ашып:

Мына заман қай заман?
Азулығы бар заман,
Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі,
Жақсы - жаннан түңілген,
Жаман - малдан түңілген,
Мұның өзі зар заман
Зарлығының белгісі:
Бірін-бірі күндеген
Жай-жайына жүрмеген
Мұның өзі - бар заман.
Тарлығының белгісі:
Мұсылманнан хал кетті,
Тәңірім болғай деместен,
Анты жұқпас бойына,
Әр не түсер ойына,
Жалмауыз болды үлкенің,
Қазақ, сенің сорына, -

деп барып, дауысы әлсірей берді.

Ертеңіне түс ауа "бауырымдап" жеткен Байсейіт би
жыраудың қабір топырағынан бір шөкімін алып, маңдайына
басты.

МАЗ МҰНЫ

Тымырсық шақ.....	3
Кез.....	56
Талас.....	104
Жер емген.....	131
Аста.....	152
Жәңгір ауылында.....	178
Саятшылықта.....	207
Өнер ордасында.....	232
Бұрын-соңғы билік.....	282
Қым-қиғаш тірлік.....	337
Соңғы сапар.....	372

Әдеби-көркем басылым

Кәмел Жүністегі

СОҢҒЫ АБЫЗ

Роман
(Қазақ тілінде)

Редакторы *Қ.Назырбаев*
Суретшісі *Ж.Қазанғапов*
Техникалық редакторы *С.Бейсенова*
Компьютерде беттеген *С.Назырбаева*
Корректорлары *Г.Аймұханбетова*
Г.Амрешева

ISBN 9965-18-179-9



9 789965 181795

ИБ № 184

Теруге 10.10.2006 ж. жіберілді. Басуға 10.12.2006 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108¹/₃₂ Қағазы офсеттік. Қаріп түрі "Таймс".

Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы 21,42.

Есептік баспа табағы 18,58. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 32

010000, Астана қаласы, "Аударма" баспасы, Ш.Айманов көшесі, 87/1.

"Фолиант" баспасының баспаханасында басылды.

010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 87/1